

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ

**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

III

1995-1998

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР



Акчана-2014

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

**III том
1995–1998**

Астана – 2014

УДК 323/324 (574)
ББК 66.3 (5қаз)
Н 17

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді

Н 17 Назарбаев Н. Ә.

Таңдамалы сөздер.

– Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014.

ISBN 978–601–277–183–1

Т. III. – 1995–1998 жж. – 644 б.

ISBN 978-601-277-189-3

«Н. Ә. Назарбаев. Таңдамалы сөздер» көп томдық басылымының үшінші томына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1995–1998 жылдарда жұртшылық алдында сөйлеген өзекті сөздері енгізіліп отыр.

Бұл кезеңде 1995 жылғы Конституция негізінде саяси, экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық салалардағы жүйелі жаңғыртулар одан әрі жалғастырылды, «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы қабылданды, астананы Алматыдан Ақмола қаласына көшіру жүзеге асырылды, 1998 жылғы конституциялық реформа жүргізілді.

УДК 323/324 (574)
ББК 66.3 (5қаз)

ISBN 978-601-277-189-3 (Т. III)
ISBN 978-601-277-183-1

© Назарбаев Н. Ә., 2014
© «Сарыарқа» баспасы, 2014

РЕФОРМАЛАР ЖОЛЫМЕН

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Таңдамалы сөздерінің» 1995–1998 жылдарды қамтитын үшінші томы Мемлекет басшысының 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдум қорытындылары бойынша қабылданған Қазақстанның жаңа Конституциясын ресми таныстырудың салтанатты рәсімінде сөйлеген сөзімен ашылады.

«Біздің Конституциямыз, – деп мәлімдеді Н. Ә. Назарбаев, – көптеген демократиялық мемлекеттер конституцияларының үлгісімен, жалаң сөз түрінде емес, қайта күллі құрылымдық және техникалық-заңдық негізде, қатаң мемлекеттік, саяси және құқықтық категориялардың жүйесі арқылы осы заманғы мемлекет пен әлеуметтік бағдарлы нарықтық экономика құрудың және дамытудың сенімді алғышарттарын жасайды».

1995 жылғы Конституция біздің мемлекетімізді дамытудың жаңа белесін ашып беріп, шын мәнінде Қазақстан тәуелсіздігі қалыптасуының бастапқы кезеңін түйіндеді және қоғам өмірінің барлық салаларындағы жүйелі реформалардың бастауы болды.

Бірінші кезекте, мемлекеттік билік жүйесінің пішін үйлесімі түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Конституцияда республикадағы мемлекеттік билік біртұтас және ол бір-бірімен тежемелік пен теңгермелік жүйесін

пайдалану арқылы ықпалдасатын заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары қағидатына сәйкес жүзеге асырылады дейтін идея тиянақ тапты. Конституция биліктің әр тармағы қызметінің конституциялық аясын айқын көрсетті.

Президенттік институт билік тармақтары құрылымындағы өзіндік бір төреші қызметін өз міндетіне алып, мейлінше жаңа мәртебеге ие болды. Мұндай жағдай биліктің үш тармағына да әсер етудің пәрменді тетіктері арқылы, ең алдымен Парламентті тарату құқы мен Үкіметтің Президент алдындағы жауапкершілігі арқылы қамтамасыз етілді. Сот жүйесін реформалау жүргізілді, Конституциялық кеңес құрылды. Бұрынғы кеңестік өкілдікті органдар жүйесінің орнына келген қос палаталы Парламент жұмыс істей бастады.

1996 жылғы 30 қаңтарда бірінші сайланған Парламенттің алғашқы сессиясын аша тұрып, Сенат пен Мәжіліс депутаттарының бірлескен отырысында ел Президенті былай деді: «Сіздер мен біз Қазақстанның жылнамасында, оның мемлекеттілігі қалыптасуының тарихында айтулы кезең күйінде қалуға тиісті оқиғаның қатысушысы болып отырмыз. Шын мәнінде, біз өзінің шынайы, өркениетті мағынасындағы қазақстандық парламентаризм пайда болуының басы-қасында тұрмыз. Мемлекеттік құрылыстың тәжірибесінде Парламент тұңғыш рет төменгі және жоғарғы палаталарға бөлініп отыр. Енді Парламенттің өзінде теңгермелік жүйесі бар, ал бұл, әлбетте, депутаттардың өзара жауапкершілігін арттыруға септесетін болады, сол арқылы «дүмбілез» заңдардың қабылдану ықтималдығы кемиді. Парламенттің қабылданатын заңнамалық актілерде дәйекті

түрде іске асуға тиісті басты саяси міндеті өркен жая бастаған оң үрдістерді баянды ету, еліміздің ілгерінді даму кезеңіне шығуы үшін саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайды біржолата тұрақтандыру болмақшы».

Сөйтіп, 1995 жылғы Негізгі заң және соған сәйкес түзілген билік үлгісі мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етті.

1990 жылдардың екінші жартысы экономикада аса маңызды макроэкономикалық индикаторлардың дәйектелуімен және озық құрылымдық өзгерістерді серпінді түрде жүзеге асырудың, ұлттық экономиканы көтеру мен Қазақстанның жаһандық шаруашылық байланыстарына кірігуінің алғышарттарын жасаумен есте қалды.

Елде өндірістің құлдырауы тоқтатылды, инфляция деңгейі едәуір төмендетілді, бірталай жылдардан бері ІЖӨ өсімі қамтамасыз етіліп, ол 1997 жылы 2 %-ға, ал өнеркәсіп өндірісінің көлемі – 4 %-ға жетті. Қазақстандық теңге негізінде ұлттық ақша-қаржы жүйесі толық қуатымен жұмыс істей бастады. Электр энергетикасы мен мұнай-газ салаларын қосқанда, экономиканың стратегиялық салаларында, сондай-ақ әлеуметтік салада – денсаулық сақтауда, білім беруде, ғылым мен мәдениетте секторлық бағдарламаларға көшу басталды. Тартылған шетелдік инвестициялар көлемі бойынша Қазақстан ТМД-дағы алдыңғы шептерге шықты, сөйтіп, сараптық бағалау бойынша, Орталық Азияға түскен шетелдік тікелей инвестициялардың 80 %-дан астамына ие болды.

Қазақстанның ұлттық экономикасының беріктігі алғаш рет азиялық қаржы дағдарысында және соған ілес 1998 жылғы Ресейдегі дефолтта сынға түсті. Біздің экономикамыз соққыға лайықты түрде төтеп беріп, дағдарыс жағдайында өзінің дербестігі мен тұрақтылығын паш етті. Сірә, жүргізілген экономикалық реформалардың ең маңызды нәтижесі осы болар.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан ушыққан экономикалық және әлеуметтік қиындықтармен ғана емес, сонымен қоса бірқатар елеулі сыртқы саяси сын-қатерлермен де бетпе-бет келгені белгілі. Солардың аса күрделісі ең әуелі Қытаймен арақатынастағы шекара мәселесі болды. Бұл проблема жас республикаға талай ондаған жылдар бойы оның шешімін таба алмай-ақ қойған бұрынғы Кеңес Одағынан мұраға қалған еді.

Проблеманы реттеу үшін Қазақстан өзара мүдделілікті ескеретін пәтуға негізделген келіссөз жолын таңдады. Осыған байланысты құрамында кеңестіктен кейінгі республикалар – Қазақстан, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан бар біріккен делегация шеңберіндегі барлық мүдделі тараптардың қатысуымен көпжақты тұрпатта Қытаймен шекара ауданында сенім шараларын талқылау жөнінде шешім қабылданды. Соның нәтижесінде КСРО-ның ыдырауына дейінгі ҚХР шекарасы бойынша аумақтық мәселелерді шешудің тетігі ретіндегі «Шанхай бестігі» дүниеге келді.

1996 жылы бұл мәселеде нағыз ілгері басушылық болды. Ұзаққа созылған келіссөздерден кейін 1996 жылғы 26 сәуірде Шанхай қаласында аталған 5 мемлекеттің басшылары халықаралық қатынастарда теңдесі

жоқ қадам жасап, салтанатты жағдайда шекара ауданындағы сенім шараларын нығайту туралы келісімге қол қойды. Қазақстанның Қытаймен қарым-қатынасындағы өзара сенім мен ынтымақтастыққа негізделген жаңа кезеңі нақ сол сәттен басталды деп айтуға болады.

1997 жылғы 24 сәуірде бес мемлекеттің – Қазақстанның, Ресейдің, Қытайдың, Қырғызстанның және Тәжікстанның – президенттері шекара ауданындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы жаңа келісімге қол қойды. Сөйтіп, 2020 жылға дейінгі мерзімге жасалған екі келісім шекарадағы тұрақты жағдайды қамтамасыз ету мақсатымен Азия құрлығында әскери саладағы ынтымақтастықты бастап берген алғашқы әскери-саяси құжаттар болды.

Қазақстанның кеңестен кейінгі кеңістіктегі интеграциялық күш-жігері де табысқа жеткізді. 1996 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Беларусь Республикасы арасында «4+N» формуласы дейтін атпен белгілі Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы шартқа және Алматы декларациясына қол қойылды. Бір жағынан «4+N» Н. Ә. Назарбаевтың содан екі жыл бұрын ұсынған Еуразиялық Одақ туралы идеясының іске асуы болды.

Сондай-ақ Қазақстан Президентінің БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші мерейтойлық сессиясына (1995 жылғы қазан) және ЮНЕСКО-ның 50 жылдығына байланысты осы ұйым Бас конференциясының XXVIII сессиясына қатысуы да (1995 жылғы қараша) жарқын сыртқы саяси оқиғалар еді.

Бұл кезеңде Қазақстанның өзінде де бірқатар мерейтойлық шаралар болды. Еліміз Ұлттық ғылым академиясының 50 жылдығы, Жамбылдың 150 жылдығы, Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығы, Құрманғазының 175 жылдығы және басқа да айтулы даталарды салтанатпен атап өтті.

* * *

Елде қанат жайған реформалар ел дамуының жаңа бағдарлары мен көкжиектерін белгілеп берген «Қазақстан – 2030» стратегиясы атты іргелі құжатта өзінің қисынды жалғасын тауып, теориялық тұрғыдан дамытылды.

Мемлекет басшысы Стратегияны 1997 жылғы қазанда өзінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан – 2030». Барлық қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» Жолдауының шеңберінде жариялады.

«Қазақстан – 2030» бағдарламасы – менің қоғамымыздың болашағы мен мемлекетіміздің борышын пайымдауым, – деп мәлімдеді Н. Ә. Назарбаев. – Бұл – қасаң қағида емес, жұрттың бәрі қатаң орындауға тиісті заң емес. Бірақ мақсатсыз өмір сүруге болмайды, онда өмірдің өзі бар мәнінен айрылады. Сондықтан «Қазақстан – 2030» біздің болашақты пайымдауымызға, болмысымыздың бағыт-бағдарына айналды. Біздің басты мақсатымыз – өзіне либералдық құрылысы, ұлттық бірлігі қуатты демократиялық институттары, әлеуметтік әділеттілігі және барша халқының экономикалық әл-ауқаты тән тәуелсіз, өркендеген және саяси тұрақты Қазақстан құру».

Стратегияның негізгі мазмұнын 7 негізгі басымдық құрады, олар:

- ұлттық қауіпсіздік;
- ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы;
- шетелдік инвестициялар мен ішкі жинақ қаржының жоғары деңгейі бар ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу;
- Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі және әл-ауқаты;
- энергетикалық ресурстар;
- инфрақұрылымның, көлік пен байланыстың дамуы;
- кәсіби мемлекет.

Қазақстан халқының кең қолдауына ие болып, халықаралық қоғамдастықтан жоғары баға алған «Қазақстан – 2030» стратегиясы бірден-ақ іске асырыла бастады. 1998 жылдан бастап Үкімет үшжылдық стратегиялық жоспарларды жасап, жүзеге асыруға кірісті. Стратегия негізінде Елді индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясы, Мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасы, ауылдық аумақтарды, денсаулық сақтау мен білімді дамыту, халықты әлеуметтік қорғау жүйесін реформалау, «Мәдени мұра», тұрғын үй құрылысы және басқа да бағдарламалар жасалып, қабылданды.

Стратегия мұраттарын нақты жүзеге асыру жолындағы алғашқы аршынды қадамдардың бірі астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру болды.

Астананы көшіруді геосаяси, экономикалық, әлеуметтік-демографиялық сипаттағы бірсыпыра жағдайлар талап етті. Ал бүгінде өткен жылдардың биігінен

қарасақ, мұның стратегиялық дұрыс қадам болғанын көреміз.

Бұл идеяны Н. Ә. Назарбаев тұңғыш рет сонау 1994 жылы айтқанын атап көрсету керек.

Бұдан соңғы 1995–1997 жылдарда ел Президенті Ақмоланы дамытуға бағытталған: астана туралы, Ақмола арнаулы экономикалық аймағы мен бюджеттен тыс «Жаңа астана» қоры туралы, Ақмоланы Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия университетін құру туралы, жоғары және орталық мемлекеттік органдарды көшіріп орналастыру туралы және т. б. бірталай аса маңызды жарлықтар мен өкімдер шығарады.

Алда болатын көші-қонға байланысты барлық мәселерді мемлекет басшысы өзі қадағалап отырды. Ол Ақмола қаласына бірнеше рет қатынады, соның ішінде мемлекеттік рәміздерді Алматыдан Ақмолаға жеткізуді бастап және болашақ астанада Қазақстанның туын көтеру үшін барды.

1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Президент, Парламент пен Үкімет жаңа астанада жұмыс істей бастады. «Бүгін біз, Қазақстан Республикасы өкіметінің жоғары органдары, 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Ақмола біздің мемлекетіміздің астанасы екенін салтанатты түрде мәлімдейміз. Бүгіннен бастап және ғасырлар бойы осында, ұлан-байтақ елдің ортасында, халық үшін тағдыршешті мәні бар шешімдер қабылданатын болады. Отанымыздың жүрегі ендігі жерде осында соғады. Үшінші мыңжылдықтың табалдырығын аттар тұста алдында Қазақстан өзінің тарихи тағдырын осы

жерден айқындайды. ...Осы таңдауға лайық болайық!» – деді Елбасы Қазақстан халқына арнаған үндеуінде.

Бүгінде Астана біздің жас мемлекетіміздің шынайы нышанына және табыстарының нақты көрсеткішіне айналды.

Сонымен бірге, мемлекеттік құрылыс міндеттері, соның ішінде «Қазақстан – 2030» стратегиясын іске асырумен байланысты міндеттер де, саяси жүйені одан әрі демократияландыруды табанды түрде талап етті. Осыған байланысты 1998 жылғы қазанда Президент бұрын өзі 1998 жылғы 30 қыркүйектегі «Елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: қоғамды демократияландыру, жаңа жүзжылдықтағы экономикалық және саяси реформа» атты Қазақстан халқына Жолдауында жариялаған Негізгі заңға өзгерістер мен қосымшаларын ұсынды.

Мемлекет басшысы саяси ырықтандырудың 7 басымдығын белгілеп берді. Олар – сайлау жүйесін жетілдіру, әділ және еркін сайлауды қамтамасыз ету, саяси партиялардың рөлін арттыру, Парламенттің өкілдіктерін кеңейту, азаматтық қоғамды жан-жақты дамыту, баспасөздің бостандығы, тәуелсіз сот жүйесі мен қоғамдағы әйелдің орны.

Осы аталған бағыттар шеңберінде 1998 жылғы 7 қазанда Парламент «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен қосымшалар енгізу туралы» Заң қабылдады, ол 19 түзетуді қамтыды. Атап айтқанда, Парламенттің Үкіметті бақылау жөніндегі өкілдіктері кеңейтілді, алқа билер соты құрылды, Президенттің, Мәжіліс пен Сенат депутаттарының уәкіл-

дік мерзімі ұзартылды, Мәжіліске сайлаудың аралас мажоритарлық-пропорционалдық жүйесі енгізілді, саяси партияларға пропорционалды өкілеттік негізінде партиялық тізім бойынша сайлау үшін 10 орын бөлінді және т. б.

Конституцияға енгізілген өзгерістерге байланысты президент пен парламент сайлауын мерзімінен бұрын өткізудің орындылығы туралы мәселе туды. Осындай жағдайда Президент 2000 жылы өзінің өкілеттік мерзімі бітпей тұрып сайлауға түсетіні туралы шешім қабылдады. 1998 жылғы 22 қазанда Н. Ә. Назарбаев тиісті мәлімдеме жасап, 1999 жылдың 10 қаңтарында болатын сайлауға президенттікке кандидат болып дауысқа түспекші болған шешімін жариялады.

Бұл томның мазмұнын құраған мерзімнің негізгі кезеңдері осындай.

Қазақстан Республикасының жаңа
Конституциясын ресми таныстыру
салтанатты рәсiмiнде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1995 жылғы 6 қыркүйек

**Қымбатты отандастар!
Құрметті меймандар!**

Бүгін сіздер мен біз шын мәнінде тарихи оқиғаны бастан кешірудеміз – еліміздің халқына және кұллі адамзатқа Қазақстан Республикасының енді ғана іске қосылып, жұмыс істей бастаған жаңа Конституциясын ұсынып отырмыз.

Ашығын айтайықшы – бізге, Қазақстан азаматтарына, кей-кейде халыққа ешқандай қатысы жоқ мерекелерді атап өту тықпаланумен келді. Ресми насихат дүниедегі ең демократияшыл және ең әділетті деп жариялаған 1936 жылғы сталиндік Конституцияны еске

алсақ та жетеді. Соның қабылданғанына біз қуанып па едік? Сірә, сөйткен де шығармыз, бірақ ол алданған үміттерге айналған бұлдыр қуаныш болып еді ғой.

Бұрынғы державаның үнемі «тағдыршешті» деп аталған баршаға аян конституциялары да есімізде. Насихаттық дақырт жетіп артылатын, бірақ оларда ең басты нәрсе жетіспейтін – қоғамның саяси және экономикалық жүйесін жаңғыртудың, құқықтық мемлекет құрудың, парламентаризмді орнықтырудың, басқа да өмірлік маңызы зор мәселелерді шешудің негіздері болмайтын.

Айтпақшы, Қазақстанның 1993 жылы қабылданған тұңғыш Конституциясы да, бұрынғы мемлекеттің теориясы мен практикасынан жарты қадам ілгері-легенімен, сол кездің объективтік және субъективтік жағдайларына байланысты даусыз шындықтарынан бәрі бір толық арыла алмаған болатын.

Қазақстан басынан өткеріп жатқан серпінді өзгерістер жаңа конституциялық бағдарларды талап етті.

Сондықтан елдің Президенті ретінде, оның болашағына, әрбір қазақстандықтың, біздің балаларымыз бен немерелеріміздің болашағына деген жауапкершілікті сезіне отырып, мен осынау күрделі қадамға тәуекел еттім – елдегі ауқымды саяси үдерістерді, бүгінгі күннің шындықтарын бейнелейтін және алдағы болашағымызды айқындайтын жаңа Конституция жасауды бастауға ұсыныс бердім.

Жасыратыны жоқ, менің алдымда, Негізгі заңды жасаушылардың бәрінің алдында оның тұжырымдамасын айқындау барысында аса қиын проблемалар тұрды. Біздің экономикамызды әлемдік шаруашылық қызметіне қалай кіріктіруге болады? Ал мұндай астастыру

болмайынша, біз шетте қалып, жұрттың ең соңында ілбіген елге айналуымыз сөзсіз еді.

Болар-болмас, бірақ кепілді мемлекеттік азық-түлікке үйреніп қалған адамдарды өз күшіне, ақыл-ойы мен қабілетіне сенетіндей етіп қалай оятуға болады? Өйткені адам өз тағдыры мен отбасының тағдыры үшін жауапкершілігін сезінбейінше, біз шынайы игілікке ешқашан қол жеткізе алмаймыз.

Түбегейлі әлеуметтік реформалардың негізгі құралы болып табылатын осы заманғы әрі күшті мемлекеттілікті қалай құруға болады?

Қазақстанның әрбір халқының қайталанбас мәдениетін, ұлтшылдық пен оқшаулануға жол берместен, қалай сақтап қалуға болады? Біз енжарлықтың, сонымен бірге төзбеушіліктің де, мәдени тоқырауға апарып соқтыратынын түсінуге тиістіміз.

Қазақстан қоғамының күрделі этностық құрамын оның тектік, зияткерлік, экономикалық және демократиялық артықшылығына қалай айналдыра аламыз? Онсыз біз саяси тұрақсыздықтың тұңғиығында қала береміз.

Қоғамда руханилықтың, ұлтаралық татулық пен азаматтық келісімнің мұраттарын қалай баянды етуге болады? Сайып келгенде, қандай да бір қуғын-сүргін шараларына бармастан қылмысты қалай ауыздықтап, қоғамда, өкімет билігінің барлық қабаттарында заңның үстемдігін қайткенде баянды етуге болады?

Қысқасы, сұрақ бастан асатын. Ал Конституцияны мұқият оқып шығу осы және басқа да көптеген сұрақтарға жауап береді. Біздің Конституциямыз, көптеген демократиялық мемлекеттер конституцияларының өнегесі бойынша, мұның бәрін жариялап қана

қоймай, керісінше, өзінің бүкіл құрылымдық және техникалық-заңдық негізі, қатаң мемлекеттану, саяси және құқықтық категориялар жүйесі арқылы осы заманғы мемлекет пен әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономика құрудың сенімді алғышарттарын жасайды.

Болашақ Қазақстан мемлекеттігінің жалпы сұлбасы оның жаңа Негізгі заңының алғашқы бабында-ақ айқын белгіленген. Ол сөздер мынау: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазыналары – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары».

Сонымен бірге жаңа Конституция мемлекеттік өкіметтің пәрменділігін оның барлық тармақтарының өкілеттіктерін нақты ажырату есебінен күрт нығайтуымызға және арттыруымызға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, барлық билікті Кеңестердің қолына шоғырландыру идеясы өткенге кетеді. Кеңестік мемлекеттік жүйенің қалған белгілерін толық жоюдың және қазіргі заманғы парламентаризмге көшудің нақты мүмкіндігі жасалып отыр.

Конституция адам құқықтарын дұрыс және дәйекті түрде заң жолымен бекітеді. Олардың тізбесі жеке меншікке деген құқықтың, мұрагерлік құқығының, заңды түрде алынған кез келген мүлікке меншік құқығының есебінен елеулі түрде кеңейтілген.

Біз алдағы уақытта да елімізде адамның, тұтынушының және тауар өндірушінің құқықтарын қорғай отырып, демократиялық негіздерді нығайта бермекпіз.

Сондай-ақ бұрынғы сот пен прокуратураның қызметі де келмеске кетті. Белгілі сарапшылар Қазақстан

ТМД елдерінің ішінде алғашқы болып өркениетті сот әділдігін құрудың конституциялық алғышарттарын жасағанын атап өтуде.

Негізгі заң конституциялық емес мемлекет билігінен қазіргі заманғы басқарудың президенттік түріне көшуді ресімдеп берді. Мұның өзі Қазақстан халқы мемлекет басшысының өкілеттігін 2000 жылғы желтоқсанға дейін ұзартуды жақтап дауыс берген жалпыұлттық референдумның қорытындыларына толық сай келеді.

Біздің жаңа Конституциямызға қазір түрлі бағалар берілуде. Мұның өзі де жақсы нышан. Бұған неге қуанамыз? Демек, қазір Қазақстандағы демократиялық үдерістер оның азаматтарын ғана емес, сондай-ақ жақын және алыс көршілерді де толғандырады деген сөз. Сондықтан осы бағалардың бәріне біз құрметпен әрі зор ықыласпен қарауымыз керек.

Алайда Конституцияның халық пен мемлекет үшін шынайы құндылығы оның мазмұнымен ғана айқындалмайды. Осы Негізгі заңның нақты өмірде, қоғам мен мемлекеттің демократиялық институттарының жұмысында, азаматтық іс-әрекеттердің күнделікті іс жүзінде қалай іске асатынының маңызы бұдан еш кем емес. Міне, бұл арада уақыт өткен сайын Конституцияға деген шынайы бағаны өмірдің өзі, біздің алға жүруіміздің іс жүзіндегі сипаты беретін болады. Біз өз қолымызбен жасайтын Қазақстанның тарихы ғана жаңа Негізгі заңға түпкілікті бағасын беретін болады.

Мен алда тұрған міндеттердің табысты шешілетініне сенімдімін. Сондықтан Қазақстан халқының еркін білдіретін жаңа Конституция біздің қоғамымыздың серпінді дамуын қамтамасыз ететін қуатты нормативтік құрал болатыны сөзсіз.

Мынаған ой жіберіңіздерші: біздің еліміздің тарихында тұңғыш рет өзгерістер жолымен, өркендеу, еркін де тең құқықты қоғам құру жолымен ілгерілеу немесе бұрынғысынша өткен мен болашақтың арасындағы қысылтаянда қала беру жөніндегі таңдау мүмкіндігі халықтың өзіне берілді. Ал халық біздің қоғамымыздың алға ілгерілеуін жақтаған пікірін мәлімдеп, өзінің егеменді ерік-жігерін білдірді.

Міне сондықтан да біз толық сеніммен мыналарды айта аламыз:

– барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар, парламент пен үкімет, партиялар мен кәсіподақтар, діни және басқа да бірлестіктер Конституцияны сақтауға міндетті;

– кез келген лауазымды адам, әрбір мемлекеттік қызметші Конституцияның баптарын бұлжытпай орындауы керек;

– Қазақстанның әрбір азаматы өз елінің Негізгі заңын құрметтеуге және сөзсіз орындауға тиіс;

– Қазақстанның кез келген тұрғыны және оның мейманы Қазақстан Республикасының Конституциясын орындауға міндетті.

Конституцияны бүкілхалықтық қолдау ең алдымен Президент ретінде маған аса жоғары жауапкершілік жүктейтінін, бүкіл ел аумағында иландыру, сондай-ақ мәжбүрлеу шаралары арқылы да Конституцияны сақтауды қамтамасыз ету міндетін артатынын жақсы сезінемін.

Қазір біздің халқымыз талай қиындықтарды бастан өткізуде. Бірақ жаһандық дағдарыстан шығудың оңай жолы болмайтынын, жанға батпайтын реформалар-

дың, сондай-ақ қате жібермейтін реформашылардың болмайтынын тарих әлі көріп-білмегенін түсінген жөн. Бағымызға қарай, біз ең үлкен қателікке – әлеуметтік тұрақтылықты қадағалай отырып, қоғамды реформалаудың тарихи мүмкіндігін қолдан шығару қателігіне ұрынған жоқпыз.

**БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші
мерейтойлық сессиясында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

АҚШ, Нью-Йорк қаласы,
1995 жылғы 22 қазан

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Біз аласапыран өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп отырмыз. Бүгін таңдағы халықаралық құрылымдар жаңа шындықтарға үнемі үйлесе бермейді. Әрі бұл орынды да.

1914 жылғы дүниежүзілік соғыс Ұлттар лигасын туғызды. Екінші дүниежүзілік соғыс БҰҰ-ны өмірге әкелді. Биполярлық дүниенің күйреуі мен геосаяси және экономикалық жаңа шындықтар халықаралық органдарды жаңғыртуды қажет етті. Мұны бізге тарихтың өзі үйретіп отыр.

Версаль қауіпсіздік жүйесі құрылған кезде жиырма шақты жылдан кейін адамзат тарихындағы ең қан-қасап

соғыс болып, соның салдарынан ынтымақтастықтың тұңғыш дүниежүзілік құрылымы тас-талқан боларын кім ойлапты?

БҰҰ-ны құрған кезде екі дүниежүзілік жүйенің арасында ұзаққа созылатын «қырғи қабақ соғыс» боларын, ақыры олардың бірі ойда жоқта құлап тынарын кім ойлаған?

Бұдан 10 жыл бұрын блоктарға қосылмау қозғалысы көшбасшыларының бірі, Еуропадағы өркендеген мемлекет – мен бұрынғы Югославия туралы айтып тұрмын – бір сәттің ішінде талқаны шығып, еш кінәсіз адамдардың қанына бөгеді деп кім ойлаған?

Бүгін БҰҰ-ның 50 жылдығын мерекелей отырып, біз жалпыәлемдік құрылымдар дамуының жаңа кезеңінің табалдырығында тұрмыз. Батыс Еуропадағы, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы және Солтүстік Америкадағы жаңа күш орталықтарын қалыптастыру қазірдің өзінде қылаң беріп келе жатқан жаңа жаһандық тепе-теңдіктерді ескермейтін болса, ХХІ ғасырдың басында ешқандай халықаралық құрылым ғаламдық қауіпсіздік пен әлеуметтік-экономикалық дамудың проблемаларын пәрменді түрде шеше алмайды.

Бүгін біз жемісті күш-жігері ХХ ғасырдың екінші жартысында баршамыздың дүниежүзілік ауқымдағы ықтимал апаттардан аман қалуымызға көмектескен БҰҰ-ға алғыс айтуымыз керек. Бұл – БҰҰ-ның және оның негізгі органдары мен құрылымдарының шүбәсіз де талассыз еңбегі. Әрі осының өзі бізге мерекелік сессиядан кейін іле-шала жаңартылған БҰҰ-ның тұжырымдамалық үлгісін жасауға күш-жігерімізді шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Мұндай үлгі БҰҰ-ны реформалаудың негізгі қағида-даттарын ғана емес, сонымен қатар ХХІ ғасырдағы БҰҰ-ның жаңа мақсаттарын, атқаратын қызметтерін қамтуы тиіс. Олар – бейбітшілік, тұрлаулы даму, адамның қауіпсіздігі және халықтар мен ұлттардың бірыңғай шаңырағын құру жолындағы жоғары халықаралық органдарды шынайы демократияландыру.

Біріншіден, заманымыздың жаһандық проблемаларын шешуде Қауіпсіздік кеңесінің рөлін күшейту қажет. Бұл үшін, ең алдымен, Германия мен Жапония оның толық құқықты мүшелері болуға тиіс. Сонымен бір мезгілде барлық өңірлер мемлекеттерінің пікірлерін осы орғанда барынша кеңінен ескеру үшін шаралар қолданған жөн.

Екіншіден, бұл – жаһандық және аймақтық қауіпсіздік жүйелерінің өзара іс-қимылы. Бүгінгі таңда біз қауіпсіздіктің халықаралық жүйелері тек жоғарыдан ғана емес, сондай-ақ төменнен, өңірлік деңгейлерден де құрылуы мүмкін екенін ескеруге тиіспіз.

Орталық Азиядағы біздер өңірлік бастауларды күшейтудің осындай қажеттігін қатты сезінудеміз, Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру мен Еуразиялық Одақ туралы бастамалары да, Экономикалық ынтымақтастық ұйымындағы біздің белсенді жұмысымыз да осыдан туындап отыр. Ол ол ма, бүгін мұнда Азияның, ТМД мен Еуропаның көптеген елдерінің ықтимал қатысуымен құрылатын аса ірі өңірлік рыноктың сұлбасы пайда болуда, әрі өңір дамуының көптеген проблемалары ғаламдық маңызға ие болып отыр. Бұл осы өңірдің мұнай және газ ресурстарын ХХІ ғасырда әлемдік экономиканы дамыту мүддесіне сай тиімді тасымалдау

міндетіне, есірткі заттардың транзитімен қарсы күреске және дүниежүзілік қоғамдастықтың Аралды құтқару жөніндегі күш-жігерін біріктіруге қатысты. Арал апатының экологиялық зардаптары, шұғыл шаралар қолданбаса, таяу арада бүкіл Еуразияның проблемаларына айналуы мүмкін.

Бұдан мынадай аса маңызды сұрақ туады: жаңа БҰҰ өңірлік және құрлықтық қауіпсіздік пен ынтымақтастық жүйелерімен өзара іс-қимылын қалай құрайтын болады?

Бұл арада БҰҰ-ның әртүрлі екі рөлі болуы мүмкін.

Олардың бірі – шешімдері барлық өңірлік жүйелер үшін міндетті болатын дүниежүзілік қауіпсіздіктің біртұтас орталығының рөлі. Мұндай орталықтың кемшілігі мынада: БҰҰ өзі үшін байқаусызда жанжалдасушы тараптардың бірінің жағына шығып кетіп, басқа өскелең әлемдік күштер орталықтарының табиғи дамуын тежеуі мүмкін.

Екінші нұсқа бойынша бұл – өңірлік құрылымдар арасындағы дау-жанжалдар мен қақтығыстарды шешуде жоғары тәуелсіз төреші рөлін өз мойнына алатын бүкілдүниежүзілік үйлестіруші орган. Ал мұндағы кемшілік мынада: мұндай орган пәрменді шараларды дер кезінде қолданып, жанжалды тоқтата алмай қалуы мүмкін.

Үшіншіден, мұндай проблемалар тек әскери-стратегиялық салада ғана емес, сонымен қатар адамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларында – мәдени, ақпараттық, ғылыми-техникалық және қаржы-экономикалық салаларда туындайды.

БҰҰ ХХІ ғасырда қандай болуға тиіс? Ол шешімдері барлық мемлекеттер мен халықаралық құрылымдар

үшін міндетті болатын жоғарғы құрылым бола ма? Немесе біртұтас дүниежүзілік үйлестіруші тетік, теңдестірілген өзара іс-қимылдың, делдалдық пен жоғары төреліктің құрылымы бола ма?

Бұл проблемаларды шешуге бүгіннен бастап-ақ адамзаттың ең таңдаулы ақыл-ой иелері бағдарлануға тиіс. Бұл орайда БҰҰ-ға қатысты ағат іс-әрекеттер қолдануға болмайды, өйткені олар халықаралық қатынастардың қалыптасқан жүйесін бүлдіруі мүмкін. Сондықтан БҰҰ-ның жаңа үлгісін таңдау дүние жүзінің барлық халықтарының нақты ерік-жігерін білдіруі жолымен дәйектеліп жасалуға тиіс.

Егер біз ғасырдың аяғына қарай БҰҰ әлемдік жанжалды әлеуетті айтарлықтай төмендете алатын және бейбітшілік пен дамудың мүмкіндігін арттыруға көмектесе алатын болсын десек, бұған тек бір ғана жол бар: біздің әрқайсымыз БҰҰ-ны реформалаудың игілікті ісіне саналы түрде мүмкін нәрсенің бәрін молынан жасауға тиіспіз.

**ЮНЕСКО-ның 50 жылдығына арналған
Бас конференциясының XXVIII сессиясында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Франция Республикасы, Париж қаласы,
1995 жылғы 15 қараша

Құрметті Төраға мырза!

Құрметті Бас директор мырза!

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Сіздерді ЮНЕСКО Бас конференциясының осынау сессиясы мінбесінен құттықтау мен үшін үлкен мәртебе. Бұл жыл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмірінде адамгершілік, рухани биіктік мұраттарының, адам құқықтары мен бостандығының орнығуы аясында өтіп жатыр. Бұл проблема осыдан 50 жыл бұрын, білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымын құру туралы тарихи шешім қабыл-

данғандағысыңдай, Жер шарының жүздеген миллион адамдарының назарын аударумен келеді.

Жарты ғасыр ішінде ЮНЕСКО жалпыәлемдік даму үдерістеріне пәрменді ықпал етіп отырған беделді халықаралық ұйымға айналды. Ол жариялаған «бірлесіп үйрену, іздеу және жасау» дейтін үшбірлікті міндет текетірес кезеңін басынан өткерген, интеграциялық күш-жігермен біріккен және, сонымен бірге, әлі де өңірлік жанжалдардан арылмай келе жатқан қазіргі өзара тәуелді әлемнің елдерінен барған сайын көбірек қолдау табуда.

Осы сессияға қатысушыларға ұсынылып отырған ЮНЕСКО-ны дамытудың таяу келешекке арналған стратегиясы, оның қызметінің жаңа байыптамасы қазіргі күннің рухы мен ақиқатына сай келері және жуырда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған бейбітшілікке ғаламдық үндеуін жүзеге асыру жолындағы ірі қадамға айналары сөзсіз.

ЮНЕСКО-ның гуманистік бағдарламалары мен жобаларынан мемлекеттер мен халықтар өзін-өзі жетілдірудің, өзара түсіністік пен қарым-қатынастың, ұлттық ғылым, мәдениет, білім қазыналарын адамзаттың осы заманғы жетістіктерімен толықтырудың жолдарын іздейді.

Бірақ бұл орайда, әлбетте, әрбір ел стратегиялық гуманитарлық құлшыныстары мен шығармашылық ресурстарының ерекше үйлесімі бар өз мәдениетімен, өз тілімен және өз тарихымен өмір сүреді.

Қазақстан да сол қатарда. Біздің стратегиялық мақсаттарымыздың мәні неде? Егер қысқаша айтар болсақ, онда кең әрі алысты көздегіш прагматизм бізден ішкі проблемалардың шешімін жалпыәлемдік көзқарастармен нақты ұштастыруымызды талап етеді.

Қазақ халқы мен оның арғы аталарының жазба деректерде таңбаланып қалған екі жарым мың жылдық тарихы Шығыс пен Батыстың көптеген мәдениеттерімен тығыз өзара байланыста болып келді. Философтың әлемдік тұтастықпен бірліктегі ырғақты қозғалыс деп атаған тұжырымына бейімділік қазақ мәдениетінің негізгі сипаттамаларының бірін құрайды, оның саналы ашықтығының, сыртқы құбылыстарды қабылдағыштығының, лайықты рухани әріптестікке әзірлігінің айрықша өлшемін айқындайды.

Осы қасиеттердің қалыптасуына көп ретте даңқты Жібек жолы ықпал етті. Жүздеген жылдар бойы осы жол арқылы тауар артқан керуендермен қатар білім мен идеялар таратылып, халықаралық байланыстар орнатылды. Осынау «рухани күретамырдың» мың жылдық бүлкілі қазақтардың дүниетанымында терең із қалдырды.

Нақ сондықтан да болар, тәуелсіздікке ие болғаннан кейін рухани қайта түлеуді басынан өткеріп жатқан біздің республикамыз Ұлы Жібек жолының мәдени және бітімгерлік дәстүрлерін қайта жаңғыртуға ұмтылуда. Еуропа мен Азияның ортасындағы аралық жағдайға ие болып, экономикалық және саяси байланыстардың қайнап жатқан аренасына айнала отырып, Қазақстан екі ұлы өркениетті байланыстырушы буынға айнала алады.

Ханымдар мен мырзалар!

Қазір әлемдік дамудың айқындаушы үрдісі – жаһандық интеграция екені біз үшін айдан анық. Еуропалық

Одаққа мүше елдердің жігерлендіруші өнегесі планетаның түкпір-түкпірінде қолдау табуда.

Бірлесу үдерістері Латын Америкасы, Оңтүстік-Шығыс Азия, Таяу Шығыс елдері үшін тән сипат болып отыр.

Біз ұсынған және қазірдің өзінде Қазақстан мен одан тысқары жерлерде көптеген жақтастарын тауып отырған кеңестен кейінгі кеңістікте Еуразиялық Одақ құру идеясы да осы арнада жатыр. Ол әбден түсінікті экономикалық мақсаттарды ғана емес, сонымен бірге бұрынғы кеңестік республикалардың ғылым, мәдениет пен білім беру, ақпарат саласында ықпалдасуын көздейді.

Бірін бірі байыта алатын ұлттық мәдениеттердің өркендеуінсіз тұрақты экономикалық даму да, әлеуметтік прогресс те, берік демократия да, Жер бетінде бейбітшілік те болуы мүмкін емес дейтін көрінеу шындықты бүгінде жұрттың бәрі мойындағанға ұқсайды. Сонау 1988 жылдың өзінде ЮНЕСКО-ның мәдениетті дамытудың 10 жылдығын жариялауы кездейсоқ емес. Шын мәніндегі осы игілікті бағдарламаның асқақ мақсат-мүддесін ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен республикада ұлы ойшыл әрі ақын Абай Құнанбаевтың 150 жылдығын мерекелеу кезінде бүкіл қазақстандықтар мейлінше толық сезінді.

Осы салтанаттарды өткізуде ЮНЕСКО-ның Атқарушы хатшылығының және, ең алдымен, Бас директоры Федерико Майор мырзаның сіңірген еңбегі ерекше зор. Ол мерейтойға қатысу үшін Қазақстанға арнайы келді. Оның сапары республикада үлкен желпініс туғызды. Көптеген қоғамдық ұйымдардың ұсынысы бойынша ЮНЕСКО-ның басшысына жыл сайынғы Татулық және

рухани келісім сыйлығы берілді. Мұндай сыйлыққа Қазақстанда ұлтаралық тұрақтылық пен Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтуға зор үлес қосқан көрнекті қоғам қайраткерлері ие болады. Федерико Майор мырзаны осынау жоғары наградасымен шын жүректен құттықтаймын.

Қазір саясатшылар мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы бірінші кезекке шығуда. Әлемдік тәжірибе мемлекеттік қайраткерлердің қоғамдық даму эстетикасына ықпал ете алатынын және белсенді түрде ықпал етіп келе жатқанын көрсетіп отыр. Олар елдер мен халықтар арасындағы байланыстардың мәдени деңгейін айқындайтын нәрсенің бәрін қолдап отыруға міндетті. Ашығын айтайық: бүгінге дейін әртүрлі субъективтік факторлардың салдарынан мұндай ықпалдың деңгейі мен қуаты тежеліп келді, ол үздік-создық сипатқа ие. Осы заманғы саяси қайраткерлерге арналған әлдебір меморандумның шеңберінде ЮНЕСКО осынау берекесіз үдерісті бір ізге сала алар еді деп ойлаймын.

Мемлекеттердің басшылары мәдениетті зерттеу мен дамыту жөніндегі ЮНЕСКО-ның өңірлік қызметіне елеулі қолдау көрсете алады. Орталықазиялық өңірге келетін болсақ, біз сіздердің қамқорлықтарыңызбен Қазақстанда Еуразиялық зерттеулердің орталығын немесе институтын – халықтарымыздың бірегей рухани мұрасын кешенді зерттеу базасын құру идеясын қолдаған болар едік.

Қағидатты, неғұрлым ауқымды тұрғыдан айтар болсақ, жоғары дамыған мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар, өтпелі экономикасы бар елдерге қолдау көрсете отырып, олардың мәдени дамуының ерекшеліктерін міндетті түрде ескерулері тиіс. Бұл үшін, әлбетте, ЮНЕСКО-ның тиісті ұсыныстары қажет.

Ханымдар мен мырзалар!

Интеграцияға, дүниені көпкіндікті дамытуға ашылып отырған мүмкіндіктер, Батыс пен Шығыс арасындағы нығайып келе жатқан байланыстар білім беру саласында жаңа көзқарастар мен идеяларды талап етеді. Тоталитарлықтан босаған елдер бұл салада міндетті түрдегі реформаларды бастан кешуде. Бұл әбден түсінікті, өйткені жаңа әлеуметтік орта біліми деңгейді өзгертуді қажет етіп отыр. Міне осы арада, білім берудің сыннан өткен және өзін жақсы жағынан көрсеткен жүйелерін зерттеп, енгізу кезінде, ЮНЕСКО-ның көмегінсіз болмайды.

Атап айтқанда, Қазақстан үшін, басқа да көптеген елдердегі сияқты, интеграциялық деп аталатын пәндер едәуір ықылас туғызып отыр.

Салыстырмалы тарих, мәдениет, әлеуметтану секілді пәндер жаңа бағдарламалардың маңызды бөлігіне айналуға тиіс. Мәдениеттердің өзіндік қасиеттері мен жалпы адамзаттық құндылықты бойына жинаған тіл мен әдебиетті зерттеу де бұл орайда өзінің лайықты орнын таба алады. Келешекте мұндай бағдарламалар қолдан жасалған тарихи және саяси кедергілерден ада, осы заманғы әлемнің жаңа тарихи мәнмәтінін қалыптастыруға қабілетті деп ойлаймын.

Қазір Қазақстанда түбегейлі реформаларды жүргізу барысында бетпе-бет келіп жатқан проблемаларды ескі білім беру негізінде шешу кейде мүмкін болмай қалады. Іс жүзінде, олар бұрын біз кездеспеген, осы заманғы әлеуметтік-саяси шындықтың ажырағысыз бөлігіне айналған. Осыған сәйкес жалпы еуропалық қана емес, азиялық, басқа да өңірлік проблемалар бойынша мамандарды дендете даярлаудың қажеттігі

артып келеді. ТМД елдері ғана емес, сонымен бірге интеграцияны тереңдете түсуге ұмтылып отырған барлық мемлекеттер әлемдегі тез өзгеріп жатқан ахуалды ескеретін осындай мамандандырылған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға мүдделі. Біз бұл істе де ЮНЕСКО-ның қолдауына үміт артуға хақылымыз.

Осыған байланысты ежелгі бір кеменгер: «Кім елдің бүгін туралы ойласа – күнделікті ішіп-жеміне қам-қарекет жасайды, ал ертеңін ойласа – адамдардың жүзіне үңіледі», – деген екен. Бұл рас, біздің бәріміз келешекте адамзаттың тарихын жасайтын жас ұландардың көзіне жалтармай қарауға тиістіміз.

Ғылым мәселесі де ЮНЕСКО-ның басты назарында болғандықтан, мен осы саладағы мейлінше көкейкесті проблемаларға тоқталсам деймін. Ең алдымен әңгіме ғалымдардың күш-жігерін ядролық сынақтардың салдарын жоюға жұмылдыру қажеттігі туралы болып отыр. Семей полигонының 40 жыл дерлік жұмыс істеуі Қазақстан халқының денсаулығы мен қоршаған ортаға орны толмас зиян келтірді. Мұның өзі кеңестік тоталитарлық тәртіптің өресіз билеушілері адамзаттың пікірін сұрамастан жерді ажал себуші қару-жарақпен толтырғаны үшін адамзатқа қандайлық қымбат өтем жасауға тура келгенін күллі әлемге жариялауымызға толық құқық береді.

Біздің мемлекетіміз мұндай қарудан бас тарту жөнінде саналы түрде таңдау жасады. Қазақстан оны таратпау туралы Шартқа өз еркімен қосылып, ядролық қаруды сынау жөніндегі Семей полигонын алдын ала жапқанын естеріңізге сала кетейін.

Біз алған ащы сабақ – бүкіл адамзатқа жасалған қаһарлы ескерту, сондықтан біз барлық мемлекеттерді

1996 жылдан кешіктірмей ядролық сынауларға толық және жаппай тыйым салу туралы келісімге қол қоюға шақырамыз.

ЮНЕСКО-ның осы проблемаға ерекше назар аударуы өткеннің қателерін қайталамауға, халықтарды ядролық жарылыстардың ажал себуші ықпалынан қорғауға көмектескен болар еді деп ойлаймын. Атап айтқанда, біз Қазақстанда ядролық сынаулардың адамға және айналадағы ортаға тигізетін салдарын зерттеу жөніндегі халықаралық ғылыми-зерттеу орталығын құруға дайынбыз.

ЮНЕСКО осылайша планетада бүкілғаламдық экологиялық апаттар туғызуы мүмкін құрып бара жатқан Арал теңізінің проблемаларына да ғылыми жұртшылық назарын аудара алар еді.

Ғылыми қызметтің тағы бір келешегі бар бағыты – ғарыш кеңістігін бірлесіп игеру. Қазір «ғарыш клубына» мүше болған елдер саны барған сайын көбейіп, белгілі бір түрде жер төңірегіндегі кеңістікті зерттеуге қатысуда. Олардың қатарында орбиталық стансалардағы ұшуларға екі бірдей азаматы қатысқан Қазақстан да бар. Марсқа ғарыштық экспедиция ұйымдастыру да алыс еместігін ескерсек, бүгін таңда ғарышты игеру ісінде халықаралық ғылыми кооперация қажеттігі түсінікті болады. Өйткені мұндай ауыр жүкті, алайда ғылыми-техникалық ілгерілеу жолымен қарыштап алға басуға қажетті жүкті бірде-бір елдің жеке өзі көтере алмайды.

Біздің осы бір ауқымды проблеманы шешуге мүдделі елдер ең озық ғылыми күштердің жұмысын үйлестіріп, ұлттық әуе-ғарыш бағдарламаларын өзара келісе алар еді дейтініміз осыдан. Ал үйлестіру қызметін атқаруға

ЮНЕСКО секілді көрнекті халықаралық ұйым толық қабілетті.

Сонымен, ғылым, мәдениет және білім саласындағы интеграция, бейнелеп айтқанда, есік қағып тұр. Көкейкесті гуманитарлық проблемаларды шешуде әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіру дүниені жаңа, әділетті негізде қайта құруға қуатты серпін беріп қана қоймай, менің кәміл сенімім бойынша, XX ғасырдың кеселдерімен күрестің тиімділігін де елеулі түрде арттырады. Мен экстремизм, халықаралық лаңкестік, өңірлік тұрақсыздық туралы айтып тұрмын – бүгін таңда көрнекті саяси қайраткерлер де, планетаның қатардағы азаматтары да солардың құрбаны болуда.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Адамзаттың ілгерілеуі үшін өмірлік қажеттілікке айналған ұйым – ЮНЕСКО-сыз қазіргі дүниені көзге елестету мүмкін емес. Джавахарлал Неру оны «дүние-жүзілік қоғамдастықтың ақыл-ойы» деп бекер атаған жоқ.

ЮНЕСКО-ның ізгі мұраттары, оның әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар үдерісіндегі ұстанған пәрменді бағыты бүкіл дүниенің лайықты құрметіне ие болады әрі демократиялық жаңа қоғам құру жолымен келе жатқан Қазақстанда да қызу қолдау табуда.

Жалпыға бірдей бейбітшілік, ізгілік пен әділеттілік қағидаттарына адалдығын қуаттай отырып, Қазақстан осы беделді халықаралық ұйыммен жемісті ынтымақтасу ісіне барлық күш-жігерін жұмсайды.

ЮНЕСКО Бас конференциясының осы сессиясына қатысушыларға адамзат игілігі үшін жемісті жұмыс атқаруды тілеймін.

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі
күніне арналған салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1995 жылғы 16 желтоқсан

**Құрметті жиналысқа қатысушылар!
Құрметті қазақстандықтар!**

Тәуелсіздік күні біздің күнтізбемізде қызыл түске боялған. Бірақ бұл 1991 жылы Қазақстанның өз мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған күнді жәй еске салып қана қоймайды. Қазіргі дүние құрылымындағы көптеген оқиғалар тарихтың бедерлі белгілерін сақтап қалған. Жаңадан бірқатар елдердің тәуелсіздік алуы, сөз жоқ, осындай оқиғалар қатарына жатады. Олардың қай-қайсысы да өз азаттығына ұзақ та соқтықпалы жолмен жетті. Ал бұл жолды ақырына дейін түгел жүріп өттік деп, шамасы, ешкім де сеніммен айта алмайтын болар.

Әсіресе дүниежүзілік қауымдастыққа жаңа ғана енген біз олай дей алмаймыз.

Бірақ біз ұмытшақ емеспіз. Бәрі де есімізде – қазіргі тәуелсіздігіміз қазақ ұлтының өз тағдырын өзі шешуге деген сан ғасырлар бойғы ұмтылысының жемісі екенін жақсы білеміз, ал бұл ұмтылыс қоғамдық ой-пікірдің қалыптасуымен, халықтың жан-жүрегімен қалаған қажырлы іс-әрекетімен нығайтылып отырды. Біз 1986 жылдың желтоқсанында Қазақстан жастарының тоталитарлық тәртіпке жүрек жұтқан әрі теңдесі жоқ ерлікпен қасқайып қарсы шыққанын ұмытпаймыз. Оның үстіне, біз бостандық көп ұлтты республикамыздың азаматтары жасап жатқан қазіргі тарихтың мазмұнына сай келгенде ғана нақты шындыққа айналатынын айқын сезінеміз.

Мемлекетіміздің егемендік жолымен дамуының алғашқы жылдары біз өтпелі кезеңнің қандай қиыншылықтарын басымыздан кешірсек те, халқымыздың, қоғамымыздың, саяси күштеріміздің бойынан жас мемлекетімізді нығайту, экономикамызды реформалау, құқықтық демократиялық қоғам құру, онда рухани бірлесу мен ұлтаралық келісім ахуалын қалыптастыру жөніндегі жұмысты қолға алуға ерік-жігері мен ақыл-парасаты қаптал жетті.

Қазақстан бүгінде ілгері қарай қозғалыс үстінде, өзінің дәйекті дамуының тиімді жолдарын қарастыруда. Біз қысқа мерзім ішінде өтпелі кезеңнің экономикалық саясатын қалыптастырып, шаруашылық кешенін қайта құрудың бірқатар ұлттық бағдарламаларын іске асыруға кірісіп, экономикалық тұрғыдан тәуелсіз мемлекеттің негіздерін құра алдық.

Қазір, сөз жоқ, мемлекетімізге де, бүкіл халқымызға да қиын тиіп жатыр. Өйткені шикізат өндіруге ғана негізделген орасан зор ауыр әрі икемсіз бұрынғы экономиканы оның құрылымын жетілдіру, көп укладты нарықтық қатынастар орнату жағына қарай бұрып әкете қою тіпті де оңай емес, оның үстіне, жаңа әлеуметтік ортаға бейімдеу де қиын. Бірақ біз күш-жігерімізді барынша жұмылдырып, бәріне де төздік және бұдан әрі ілгері басуымыздың алғышарттарын жасай алдық.

Қазақстан ақшаның шектен шыға құнсыздануы сияқты экономикалық ауыр дерттен небәрі бір қаржы жылы ішінде ғана айыға алды. Біз экономикалық егемендіктің ұлттық валюта сияқты аса маңызды атрибутын енгізіп қана қойған жоқпыз, сонымен қатар оның сенімділігіне, тұрақты да берік айналымға түсуіне қол жеткіздік. Соның арқасында біз отандық экономикамыздың бет-бейнесін айқындайтын, экспорттық секторды қалыптастыратын, дүниежүзілік рынокқа алып шығатын жолдарды ашатын жетекші кәсіпорындарымызды экономикалық тұңғықтың тереңіне қарай құлдыраудан аман алып қалдық. Қазіргі Қазақстан шетелдік капитал, инвестициялар, технологиялар, экономикалық жаңалықтар мен дүниежүзілік шаруашылық тәжірибесі үшін әлдеқайда тартымды бола түсуде.

Биыл қазақстандықтардың басым көпшілігінің қолдауымен қабылданған еліміздің жаңа Конституциясы жұмыс істей бастады. Халықтың ерік-жігер білдіруінің ең қуатты күшімен мемлекет билігінің тарихи тұрғыдан қажетті жүйесі бекітілді. Нарықтық реформалардың заңдық негіздері айқындалды. Атқарушы биліктің бел-

гіленген бағдарламаларды жүзеге асырудағы ұйымдас-тырушылық рөлі мен жауапкершілігі елеулі түрде арттырылды. Ертеңгі күнімізге қарай ілгері басудың ой елегінен өткізілген нақты бағыты конституциялық негізде белгіленді.

Егер біз шынында да мемлекеттілігімізді нығайтуға, экономикадағы, қоғамдық-саяси өмірдегі тұрақтылыққа қол жеткізуге ұмтылсақ, онда республикамыздың болашағы үшін, оның тұрақты дамуы үшін қоғамымыздағы барлық әлеуметтік топтардың күш-жігерін бір арнаға бағыттаудың маңызы ерекше зор екенін білуіміз керек.

Бұл әсіресе тұрақты даму проблемасы дүниежүзілік көлемде жалпылама қойылып отырған қазіргі кезеңде ерекше маңызды. Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл пробле-маны бүкіл планета үшін де, әрбір жеке мемлекет үшін де бірінші кезекте деп айқындайды.

Бүгін, Тәуелсіздігіміздің 4 жылдық мерекесін атап отырған кезде, мен еліміздің тұрақты дамуына қол жеткізу үшін қажетті кейбір шарттар туралы да ойларымды ортаға салсам деймін. Бұл тақырыптың, бәлкім, маңызы тіпті де кем емес басқа да қырларын қозғамай-ақ, мемлекеттік егемендік жөніндегі өз көзқарасымды елді демократияландыру, оның рухани өмірі, біздің интеграциялық басымдықтарымыз, мемлекетіміздегі, Орталықазиялық өңірдегі және бүкіл дүние жүзіндегі тұрақтылықты сақтау мен нығайту сияқты жаһандық проблемалар тұрғысынан баяндап беруді мақұл көрдім. Яғни XX ғасырға енудің шешуші шарты ретіндегі тұрақты дамудың негізін қалайтын проблемаларға тоқталмақпын.

Демократиялық дамудың өктем талаптары

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін саяси лексикамызда тек жалқаулар ғана сан саққа жүгіртпейтін бірнеше жаңа ұғым пайда болды. Бұл жерде, әрине, бірінші орынды әркім өзінің шама-шарқынша түсінетін «демократия» ұғымы алуы тиіс.

Бірақ Қазақстандағы саяси өмірдің жай-күйіне америкалық немесе еуропалық демократия өлшемдері тұрғысынан баға бергенде, біз кез келген саяси категория дегеніміз әлдебір қатып қалған және барлық уақытқа бірдей жарамды мәңгілік нәрсе емес екендігін ескере береміз бе? 1990 жылдардың үлгісіндегі еуропалық демократия мен ғасырдың бас кезіндегі демократияның екеуі екі басқа екенін ойлаймыз ба?

Ал демократиялық игіліктердің әмбебаптығына қатысты күмәнді пікірі бар деп әсте ойламайтын Ален Турен сияқты осы заманғы әйгілі әлеуметтанушының өзі: «Демократияны оның алдында тұрған мақсаттарға, яғни ол адамдар мен әлеуметтік топтардың арасында орнататын байланыстарға қатыссыз түрде айқындауға бола ма?» – деп сұрақ қояды да: «Қазір, – деп жазады ол, – беделге негізделген толып жатқан авторитарлық режимдер тас-талқан болып жатқан кезде, біз демократияның мазмұны жөнінде терең ойлануымыз керек...»

Егер демократияға баға беруге осы тұрғыдан келетін болсақ, онда демократиялық даму мәселелерінде бір рет қана берілген және барлық уақытқа бірдей жарамды әмбебап шипашақтың болуы мүмкін емес дегенді мойындауымызға тура келеді. Әсіресе ондаған жылдар бойы демократиялық институттардың ырымы да жоқ диктатураның қатал қыспағы жағдайында өмір

сүрген тоталитарлықтан кейінгі мемлекеттер туралы сөз еткенде солай.

Иә, біз демократиялық өзгерістер жолына біржола түстік. Әрі демократизмді өзіміздің өркениеттілігімізді бүкіл әлемге паш етіп, жан-жақты қолдау көру үшін орнықтырмаймыз. Жоқ, біз бұл жолға өзіміз ділгер болып отырған игіліктердің нақты үлгісін демократияның бойынан көргендіктен түстік. Бірақ уақыттан озып кетуге, оқиғаларды жасанды түрде шапшаңдатуға тырыспаймыз, өйткені, егер барлық азаматтарға лайықты тұрмыс жағдайлары қамтамасыз етілмесе, онда саяси бостандық туралы әңгімелер бостекі, тіпті қауіпті сөздерге айналатынын естен шығармаймыз.

Демократияны орнықтыру үшін сөзсіз екі түрлі алғышарт – экономикалық тепе-теңдік пен қоғамдық тұрақтылық қажет екені жалпыға мәлім. Егер біз экономикалық тепе-теңдікке енді ғана ұмтылып отырсақ, онда Қазақстанның демократиялық игіліктер жасаумен ғасырлар бойы айналысып келген еуропалық елдермен бой теңестіріп қатар тұруға әзір екендігі жөнінде мәлімдеуге қақысы бар ма? Бұлайша пайымдау социализмді түпкілікті орнату жөнінде кезінде жасалған жосықсыз мәлімдемеден өзге ешнәрсе де болмас еді.

Мен Қазақстанның экономикалық дербестігі неғұрлым күшейген сайын елімізде демократиялық бостандықтарға деген қажеттілік артқан үстіне арта түсетініне кәміл сенемін. Ал біздің қазіргі міндетіміз – азаматтардың саяси белсенділігін өркениетті түрде көрсету үшін барлық жағдайлар туғызу яғни демократиялық мәдениет дағдыларын тәрбиелеу. Демократия қоғамдағы азаматтардың экономикалық бостандығы кеңейген сайын сол қоғамның қойнауынан табиғи түрде өсіп шығуы тиіс.

Біздің көптеген таптаурын ұғымдардан бас тартуымызға тура келеді. Тоталитаризмнің күйреуі кезеңінде адамдардың санасында демократияны озбырлықтан, жеке басқа табынудан, номенклатураның шексіз билігінен құтылу құралы деп түсіну қалыптасты. Кезінде бұл дұрыс та еді. Алайда қазір біз демократияның жасампаздық мүмкіндіктері, оның әлеуметтік арқауы туралы ойлануға тиіспіз. Өйткені біз демократиялық институттар құруға енді-енді ғана кірісіп жатырмыз, сондықтан бұл құрылыстың барысында қоғамдағы қандай күштерге арқа сүйеу керек екендігін дәл айқындау ерекше маңызды.

Осы бір қиындығы мол жұмыста қоғам шын мәніндегі демократиялық институттарды құруға және ең алдымен парламентаризмді қалыптастыруға ерекше үміт артады. Кешегі одақтық кезеңдегі Жоғарғы Кеңестердің қызметі іс жүзіне келгенде заң шығарушылық салада ешқандай да мұра қалдырған жоқ, өйткені олардың қызметінің мәні жалған еді. Басқаша болуы да мүмкін емес еді, себебі, белгілі қисынға сайсақ, «нақты нәрсенің бәрі (партияның мемлекетке монополиялық үстемдігі және мемлекеттің экономикаға монополиялық үстемдігі) конституцияға сай емес, ал конституцияға сай нәрсенің бәрі (құқықтар мен бостандықтар, демократия туралы нормалар) нақтылыққа сай емес еді».

Қазақстан өзінің заң шығару базасын қалыптастыруды тәуелсіздікке қолы жеткеннен кейін ғана бастады. Алайда бұрынғы үлгілерге сай құрылған алғашқы Жоғарғы Кеңестің үлгісі сапалық жағынан жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда іске алғысыз болып шықты. Оның орнына келген Жоғарғы

Кеңес те сол баяғы сарынмен жұмыс істеді, оның үстіне заңсыз да болып шықты, сөйтіп өзінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.

Енді заң шығарушы биліктің жоқтығы кезінде туған, елдегі демократизмді дамыту туралы ой толғаныстарға азық болған жағдай туралы бірер сөз. Мұның өзі елімізде демократизмнің дамуы жөнінде ойланып-толғануға негіз бола алады. Елдегі қалыптасқан жағдай үшін бүкіл жауапкершілікті толығымен Президенттің өзі алуына тура келді. Ашығын айтайын, демократияны тұқырту мен диктатураға қатер төндіру жөніндегі алып-қашпа әңгімелер мені тіпті де абыржыта қойған жоқ. Абыржытпаған себебі – егер демократия дегеніміз халықтың атынан, халықтың қамы үшін халықтың өзі жүзеге асыратын билік болса, онда демократияға төнген қауіп жөнінде халықтың өз атынан қойылған сұрақтарға оның өзі ғана жауап беруі тиіс болатын. Сөйтіп халық Президенттің өкілеттігін ұзарту мен жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі референдумдардың барысында елімізде жүзеге асырылып жатқан өзгерістерді қолдап шықты. Қазіргі іс үстіндегі Негізгі заңымыз уақыт талабына толық сай келетініне мен кәміл сенемін. Ең бастысы онда билік жүйесінде пайда болатын шиеленістердің барлығы да тұрақтылықтың іргесін шайқалта алмайтындай мемлекеттік құрылыс көзделген.

Тұтастай алғанда мен бұл кезеңді заң шығарушылық тұрғысынан мейлінше жемісті болды деп санаймын, өйткені заңдық күші бар жарлықтармен қысқа мерзім ішінде-ақ құқықтық реттеу саласындағы орны үңірейген олқылықтарды жоюдың, нарықтық шаруашылықты қалыптастыру үшін мейлінше қажетті экономикалық заңдар топтамасын қабылдаудың сәті түсті.

Адам саны жағынан шағын әрі кәсіби парламент құру жөніндегі идея тап осы жаңа Конституция қабылданғаннан кейін салтанат құрды. Жуықта жаңа Парламентті – Сенат пен Мәжілісті – сайлаудың екі кезеңі болып өткені мәлім. Сайлау заңға сәйкес өтті және, жергілікті, сондай-ақ шетелдік бақылаушылардың атап көрсеткеніндей, көрінеу бұрмалаушылықтар болған жоқ. Сайлаудың өту үдерісінің өзі, менің көзқарасым бойынша, республикамызда қазір қалыптасып отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайға толық жауап берді. Ең бастысы – халықтың таңдау құқы болды және ол сол таңдауын жасады.

Бәлкім, белгілі бір уақыт өткеннен кейін Қазақстандағы демократияны дамытудың қазір біз сөз етіп отырған мәселелері елеусіз нәрселер ғана болып көрінуі және бірінші кезекке демократиялық тетіктерді жетілдірудің, шын мәніндегі көппартиялықты дамытудың басқа проблемалары шығуы мүмкін. Бірақ біз өзіміз таңдаған жолға енді ғана түстік, сондықтан, әлбетте, демократияны дамытудың жалпылама талаптары туралы ғана сөз етіп отырмыз.

Тұрақтылық – мемлекет дамуының кепілі

Қазақстан өзінің тұрақты дамуын ең алдымен мақсатты және белсенді сыртқы саяси қызметі арқылы қамтамасыз етеді. Саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды ойдағыдай жүзеге асыру тұрақтылық ахуалы жағдайында ғана мүмкін болатынын жақсы түсіне отырып, біз қарусыздану және халықаралық қауіпсіздік жүйесін құру үдерістеріне белсене атсалыстық. Семей полигонын жабу мен ядролық қарулардан бас тарту жөніндегі шешімдер, Страте-

гиялық шабуыл құралдары шартына (СПЖ-1) қосылу, Ядролық қаруларды таратпау жөніндегі шартты ұзартуға бағытталған бастамаға сөзсіз қолдау көрсету біздің елімізді дүниежүзілік қауымдастықтың сый-құрметіне бөлеп қана қойған жоқ, сонымен қатар оның қауіпсіздігін де нығайтты. Ресей, АҚШ, ҚХР, Ұлыбритания және Франция тарапынан берілген тиісті кепілдіктер арқасында аумақтық тұтастығымызды да қамтамасыз етті. Қазақстан мен Қытай арасында шекараны заңды түрде бекіту жөніндегі келісімге қол қойылды.

Қазақстан қауіпсіздіктің халықаралық жүйелері ең алдымен ол жүйеге кіретін мемлекеттердің жалпы экономикалық және геостратегиялық мүдделері негізінде пайда болады деп санайды. Нақ осы бірінші кезектегі басым жағдай республиканың сыртқы саяси бастамаларының бәрінің де негізін құрайды. Атап айтқанда, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру туралы ұсыныс осы арқылы пайда болды.

Бүгін таңда АӨСШК идеясын Азияның көптеген елдері қолдап отыр: кеңесті әзірлеу жөніндегі арнаулы жұмысшы тобының мәжілісіне қазірдің өзінде 15 мемлекеттің өкілдері қатысуда. Алдын алу дипломатиясының осы бір күрделі қалыптастыру үдерісі қыруар күш-жігер мен уақытты талап ететінін біз, әрине, жақсы түсінеміз. Сөйтсе де құрлықтағы барлық халықтардың мүддесіне сай келетін ондай кеңесті шақыруға деген ынта-ықыласымыз барған сайын арта түсуде.

Ал дағдарысты жағдайлар мен қарулы қақтығыстар мәселесіне келетін болсақ, оларды еңсеру үшін шұғыл шаралар қажет. Біздің еліміздің, Қырғызстан мен Өзбекстанның арасында БҰҰ қолдаған бітімгерлік күштер батальонын құру жөніндегі келісімге қол

жетті. Бұл құрлықты Орталық Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін пайдалану жоспарланып отыр. Осы келісімге келудің өзі де, сөз жоқ, жағдайды тұрақтандырушы фактор болып табылады.

Сонымен қатар біз дағдарысты жағдайларды күш қолданусыз шешуді жақтаймыз, өйткені күш қолдану тәсілі бір қарағанда тиімді сияқты көрінгенімен, проблеманың өзін шешпейді. Сондықтан да біз шиеленісті жағдайларды барлық мүдделі жақтардың қатысуымен, халықаралық ұйымдардың арағайындығы арқылы өтетін сындарлы саяси үнқатысу арқылы шешу жағындамыз.

Тәжікстан үкіметі мен оппозициясының арасындағы жүргізілген келіссөздер мұндай тәсілдің дұрыс екендігін дәлелдеп берді. БҰҰ Қазақстанның бұл шиеленісті бейбіт жолмен ретке келтіру жолдарын іздестірудегі күш-жігеріне, атап айтқанда, оның тәжікаралық келіссөздердің Алматыда болып өткен төртінші кезеңінде қабылдаушы жақ ретіндегі рөліне жоғары баға берді.

Тұрақты дамуға және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жету тек әскери-саяси шаралар арқылы ғана шешілмейді. Бұл арада экономикалық, мәдени, экологиялық және басқа да жайлардың маңызы ешбір кем емес. Сондықтан Қазақстан бұл бағытта да белсенді қадамдар жасап келеді. Атап айтқанда, неғұрлым беделді халықаралық құрылымдармен өзара қарым-қатынасты нығайтып, ынтымақтастық ауқымын кеңейте түсуде. Олардың қатарында Біріккен Ұлттар Ұйымы, ЮНЕСКО, ЭСКАТО, БҰҰДБ, ЮНЕП, ДДСҰ және басқа да көптеген құрылымдар бар.

Егер екі жақты қарым-қатынастар саласындағы басымдықтарымыз жайында айтатын болсақ, онда

Қазақстан үшін Ресей Федерациясымен қарым-қатынасты дамытудың маңызы өте зор. Мұның өзі Ресейдің дүниежүзілік қауымдастықтағы саяси және экономикалық салмағына, біздің ортақ шекараларымыздың мейлінше ұзақтығына байланысты. Ресей – біздің республикамыздың аса ірі сауда әріптесі. Алуан түрлі халықаралық мәселелер бойынша біздің көзқарасымыз көбінесе сәйкес келеді. Ақыр соңында, біздің елдеріміздің азаматтарын миллиондаған туысқандық дәнекерлер жалғастырады. Ал бұл Ресейді біздің мемлекетіміздің табиғи одақтасы етпей тұра алмайды.

Мына бір жайды жұрттың бәрі түсінгенін қалар едім: Қазақстанның егемендігі өмірдің барлық саласында да Қазақстан-Ресей байланыстарынан бас тартуды емес, қайта, керісінше, оны нығайтып, дамыта беруді көздейді. Біздің экономикалық, саяси, әскери салалардағы өзара тығыз байланысымызды жоққа шығару, әсіресе ондай байланысқа қарсы күресу – барып тұрған ақымақтық. Міндет – екі елдің ортақ мүдделерін тиісті шарттық-құқықтық негізге келтіру және оны жүзеге асырудың тиімді тетіктерін жасау.

Әрине, Қазақстан мен Ресейдің өзара қарым-қатынасында проблемалар да болып тұрды және олар әмісе оңай бола бермейді де. Мұның алабөтен ештеңесі жоқ. Мұндай жағдайлар кез келген мемлекеттердің қарым-қатынасында кездесе береді. Бірақ мен ондай кедергілерді жеңуге болатынына және барлық уақытта жеңе алатынымызға кәміл сенемін, өйткені біздің екі мемлекетіміз де біріне-бірі қарсы тұруға емес, ынтымақтастыққа ұмтылумен келеді. Өзара сенім біздің халықтарымыз бен мемлекеттеріміздің мүдделеріне толық жауап береді.

Біздің стратегиялық мүдделеріміз таяу шетелдердегі басқа да елдермен жан-жақты қарым-қатынасты дамытуды көздейді. Ал бұл жерде Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасты жақсарту түсу бірінші кезекте тұр. Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, өңірдің басқа да мемлекеттерімен экономикалық және саяси қарым-қатынастарымыздың барған сайын нығайтып, дамып келе жатқанын айрықша атап айтқым келеді.

Қазақстан – өзінің қарым-қатынасын дүние жүзінің ең ірі мемлекеті – Америка Құрама Штаттарымен серіктестік дәрежесіне дейін көтерген Орталық Азиядағы бірден-бір мемлекет. Мұның өзі заң жүзіндегі демократиялық серіктестік туралы Хартияда бекіді, ал іс жүзінде – АҚШ-тың Орталық Азиядағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі ретіндегі тәуелсіз, демократиялық және қауіпсіз Қазақстанға, біздің еліміздегі нарықтық және демократиялық реформаларға деген шынайы мүдделілігінен көрінеді.

Біздің стратегиялық серіктестеріміздің бірі – серпінді дамып келе жатқан, орасан зор өнеркәсіптік, әскери және зияткерлік мүмкіндіктері мол Қытай. Биылғы күзде менің Бейжіңге барған сапарым кезінде біздің елдеріміз арасындағы ұзақ мерзімді тату-тәтті көршілік қарым-қатынастарды, достастық пен өзара ынтымақтастықты жан-жақты қолдап, дамыта беру екі елдің де түбегейлі мүдделеріне сай келеді, Азияда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті, тұрақтылықты сақтау мен нығайтуға ықпал етеді деп танылды. Мұның өзі сауда-экономикалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық туралы бірқатар бірлескен құжаттарда беки түсті.

Еуропада Қазақстанның Германиямен, Ұлыбританиямен, Франциямен, басқа да ЕО елдерімен қарым-қатынасы қарқын алды. 1995 жылдың қаңтарында мен «Бір жағынан – Еуропалық Одақтың және оған мүше мемлекеттердің, екінші жағынан – Қазақстан Республикасының арасындағы серіктестік пен ынтымақтастық туралы» келісімге қол қойдым. Ал осы жылдың желтоқсан айында Еуропалық Одақпен сауда жүргізу туралы уақытша келісім жасалды. Бұл біздің сауда жасауымыз бен ынтымақтастығымызға еуропалық рынокты ашады, қазақстандықтардың Еуропадан оқып үйреніп, онда жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар біз Шығыс Еуропамен – Балтық маңы елдерімен, сондай-ақ бұрынғы Экономикалық өзара көмек кеңесіне (СЭВ) қатысушы елдер – Венгриямен, Польшамен, Болгариямен және басқа да елдермен байланысты белсенді түрде қалпына келтірудеміз.

Республика Түркиямен, Иранмен, Үндістанмен, Пәкстанмен, Оңтүстік Кореямен, Израильмен, АСЕАН мемлекеттерімен жоғары дәрежеде саяси үнқатысулар жүргізуге, олармен экономикалық қарым-қатынасты дамытуға ұмтылуда.

Қазақстанның барлық сыртқы саяси іс-әрекеттерінің негізінде, мейлі ол екі жақты байланыс немесе халықаралық ұйымдардағы жұмыс болсын, дайым өзінің ұлттық мемлекеттік мүдделері көрініс табады. Оларды табандылықпен қорғау – егемен мемлекетімізде саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатын көздейтін сыртқы саясатымыздың негізгі қағидаттарының бірі.

Республиканың интеграциялық басымдықтары

Тұрақты даму тұжырымдамасы дүниежүзілік қоғамдастықты одан әрі топтастыруды, оның мүшелерінің осы заманғы өзекті проблемалар бойынша көзқарастарын жақындастыру мен үйлестіруді, өңірлік және жаһандық интеграциялық құрылымдар жасауды көздейді.

Міне, сондықтан да Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін көп ұзамай-ақ ең алдымен бұрынғы одақтас республикалармен қарым-қатынасын дамыту бағдарламасын жасады. Оның негізіне егемен жас мемлекеттердің бір кезде біртұтас халықшаруашылық кешенінде пайда болған, байырғы байланыстар барысында қалыптасқан экономикалық интеграция қағидаты алынды.

Бізді ақылға қонымды мақсат пен қарапайым тиімділік, бір-бірімен өзара байланысты экономикалардың, өңіраралық кооперация мен еңбек бөлісі жүйелерінің іс жүзінде қалыптасқан және өзін жақсы жағынан көрсете білген құрылымдарының, ортақ тауар рыноктарының, қызмет түрлері мен жұмысшы күштерінің болуы қызықтырды. Шынында, мұның бәрін тас-талқан етіп бұзып тастап, содан кейін қайта жасап жату шаруаның көзін тапқандық болар ма еді?

Оның үстіне біз, сөзсіз, проблеманың таза адами тұрғыдан алғандағы жақтарын да – адамдардың бір-біріне деген табиғи ықыласын да, олардың жаңа мемлекетаралық шекараларды атышулы «темір пердемен» ұқсатуды қаламайтынын да, сондай-ақ толық және сөзсіз түрдегі өзін өзі билеу құқығының бағдарламаларымен мейлінше нашар үйлесетін қыруар туысқандық пен достық байланыстарының сақталуын да есепке алдық.

Ақыр соңында, бізді бұған дүние жүзінің демократия мен прогресс жолындағы ынтымақтастықты ойдағыдай өрістеткен және соның арқасында дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқықты әрі беделді мүшелері болып отырған көптеген өркениетті елдерінің тәжірибесі де жігерлендірген еді.

Қазақстан өзінің интеграция саясаты ТМД шеңберіндегі бұрынғы серіктестері тарапынан толық түсінік табады деп ойлады ма? Әрине, ойлады. Оның басты себебі – біздің ортақ стратегиялық мақсаттарымыз болды, ол мақсаттарға бірлесе отырып жету де ыңғайлы еді, өйткені экономикалық тұрақтылықты және қоғамның шын мәніндегі демократияландырылуын, өктемдікке емес, заңдардың басымдығына негізделген, өркендеген мемлекетті орнатуға әбден болатын еді.

Біз интеграцияны декреттің күшімен енгізу мүмкін емес екендігін жақсы түсіндік. Бұл – бірте-бірте пісіп-жетіліп, адамдардың ақыл-ойына қонатын эволюциялық үдеріс. Сондықтан да біз жаңа интеграциялық байланыстар орнату барысында күдікке, созбұйдаға және тіпті белгілі бір күштердің тарапынан оқиғалардың объективті дамуына кедергі жасау әрекеттеріне де душар болуымыз мүмкін екеніне әзір тұрдық. Бірақ бұл, қазір жұрттың бәрі білетіндей, жалпы дүниежүзілік демократиялық үрдістер арқылы қол жететін артықшылықтарды таңдауымызға кері әсер ете алған жоқ.

Осының бәрін де таразы басына сала отырып, Қазақстан халықтардың талқысына Еуразиялық Одақ құрудың жобасын ұсынды. Содан бері екі жарым жылға жуық уақыт өтті, енді оны қалыптастыру идеясы өзін-өзі ақтамапты, өйткені оны нақты іске асырудың сәті түспепті-міс деген сөздерді естуге де тура келіп жүр.

Бұған келісу қиын. Өйткені интеграциялық үдерістердің бірте-бірте жүзеге асатыны заңды болғандықтан, ТМД шеңберіндегі әрбір мемлекеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін мейлінше мұқият ескеретін еуразиялық жобаны іске асыру әуелден-ақ кезең-кезеңімен, біршама уақыт бойы жүргізілетіні белгілі болатын. Тіпті саясаттан мардымды хабары жоқ адамның өзіне де, мысалы, ұлттық заңдарды бір-бірімен жақындастыру, басқарудың жалпыұлттық органдарын құру, экономикалардың бірін-бірі толықтыруына қол жеткізу сияқты жұмыс бір немесе екі жылда біте қоймайтыны түсінікті.

ЕАО-ны қалыптастыру қағидаттарының бірі болашақ қатысушылардың оған түрлі жылдамдықпен кіруі болып табылады. Кеңестен кейінгі кезеңдегі барлық мемлекеттердің алдында, ортақ міндеттерден басқа, өздерінің ұлттық-мемлекеттік міндеттері тұр, сол міндеттер шешілмейінше, олардың тең құқылы альянсқа қандай да бір қатысуы туралы сөз болуы мүмкін емес. Бұл бүгінде Достастықтың барлық елдері бастан кешіп отырған өтпелі кезең үшін әсіресе маңызды, ал олар сол өтпелі кезеңге әртүрлі әзірлік дәрежесімен келіп кірген болатын. Осыдан барып әлдеқайда тығыз интеграцияға әзірліктің дәрежесі де әртүрлі болып отыр.

Ақыр соңында, Еуразиялық Одаққа мүше болу оған қатысушылардан өз аумақтарында азаматтық татулық пен ұлтаралық тұрақтылықты сақтауды талап етеді. Өкінішке орай, бүгінде мемлекеттіліктің қалыптасу үдерістерін бастан өткеріп жатқан республикалардың бәрі бірдей бұл шартты әлі де қамтамасыз ете алмайды: бұрынғы КСРО-ның кейбір өңірлерінде осы кезге дейін алауыздық пен ұрыс-керіс ошақтарының шоғы бықсып

тұрғаны, шекара сызығын қайта жүргізу әрекеттері жасалып, адам қаны төгіліп жатқаны белгілі.

Дегенмен ЕАО заңдық тұрғыдан әлі ресімделмесе де, іс жүзінде Достастық қалыптасу кезеңі мен жаңа біріктіру құрылымдары жұмысының алғашқы сатысына қадам басты. Қазақстанның интеграциялық идеялары ең алдымен ТМД ішіндегі экономикалық проблемаларды шешуді көздейтіні белгілі. Бұл бағытта әлеуетті, соның ішінде ұсынылған бастамаларды толықтыру мен анықтау, оларды нақты жүзеге асыру есебінен жинақтау толық мәнінде жүріп жатыр. Тұрақты жұмыс істейтін орган ретінде Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитеті құрылды. Оған айтарлықтай кең өкілеттіктер, соның ішінде күнделікті мәселелерді жедел шешу жөнінде өкілеттік берілген.

ТМД мемлекеттерінің арасында өзара есептесу мен валюталарды еркін айырбастау проблемаларын шешуге тиісті Төлем одағының ережелерін іске асыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізуде.

Егер мәселеге риясыз қарайтын болсақ, онда біз ұсынған еуразиялық жоба, химиялық реакциядағы катализатор секілді, бұл үдерістердің бәрін едәуір жеделдеткенін атап айтпасқа болмас.

Бірақ Қазақстан барлық ТМД мемлекеттерінің еуразияшылдыққа «пісіп-жетілуін» күтіп отыра алмайды. Біз түрлі бағыттар бойынша интеграциялық байланыстарды ұлғайтып, кейін сол атқарымдарымыз ЕАО қаңқасын құрайтын болуын қарастырып жатырмыз.

Біздің кеден режимін жетілдіру, тауарлар мен қызметтердің кедергісіз қозғалысы жөніндегі бастамамыз Ресей Федерациясы мен Беларусьте түсіністік тапты. Үш мемлекеттің арасында, тегінде, болашақ

ЕАО құрылымдарының бірінің алғашқы үлгісі болып табылатын Кеден одағын құру туралы келісімге қол қойылды. Бұл ұйым ТМД-ның басқа мемлекеттерінің оған кіруіне ашық және олар бұл құқықты пайдаланбай қалмайтынына сенімдімін.

Осылайша, интеграцияның жаңа кезеңінің «еуропалық» бағыты анықталды. Жақындасудың басқа полюсі деп біз «орталықазиялық бағытты» санаймыз. Әңгіме Қазақстанның өңір бойынша ең жақын көршілері – Өзбекстанмен және Қырғызстанмен жан-жақты ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдету туралы болып отыр.

Біздің елдеріміздің әлдеқайда тығыз экономикалық ынтымақтастыққа табиғи ұмтылысы олар қол қойған «Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық кеңесі және оның институттары туралы келісіммен» бекітілген. Жарғылық қоры 9 млн доллар болатын Орталық Азия ынтымақтастық банкі құрылды, нақты өндірістер белгіленіп, оларды акционерлер ретінде қатысушы елдер жолға қоятын болады. Қазір 50-ден астам жоба қарастырылуда.

Көпкіндікті интеграциялық ізденісті өрістете отырып біз, бейнелеп айтқанда, Еуразиялық Одақтың үлгісін кішігірім сынақтан өткіземіз. Мейлі толық көлемінде болмаса да, ол құрылды және өмірге әбден-ақ икемді көрінеді.

Бәлкім, нақ сондықтан болар, бүгінде базбіреулер, деректер мен қисындарға қарамастан, жаңа интеграциялық құрылымдарды ТМД-мен қақтығыстыру арқылы демесек те, оған Орталық Азия одағын қарсы қоюға тырысу арқылы күнкөрісіне нәпақа тауып жүр. Қол

қойылған барлық келісімдерде олардың ТМД шеңберінде әрекет ететіні, ал мұның өзі Достастық қағидаттарына ешқандай да қайшы келмейтіні, демек, оның дамуына жәрдемдесетіні ашық айтылса да, бұл интеграцияның қарсыластарын тоқтататын емес.

Желікпелікті оның «авторларының» ар-ұятына қалдырайық. Қай кезде де интеграцияны қуатты локомотивтер секілді көшбасшы елдер жүргізген. Олар басқалардың алдында жүрді және басқалардан гөрі алысты көрді. Егер осындай көшбасшылардың бірінің рөлін тарих Қазақстанға ұсынып отырса, біз соған лайық болуға тырысамыз.

Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын

Шынайы тәуелсіздік қосылғыштарының бірі ретіндегі тұрлаулы дамудың тағы бір бағытына тоқталғым келеді: біздің ортақ үйіміздегі татулық пен келісімді нығайтпайынша, алға қарай жылжу мүмкін емес. Маған бұл проблеманы шешудің жолдары мәдени құндылықтарды орнықтыру мен қоғамымыздың рухани бірлігі арқылы өтетін сияқты көрінеді. Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы мәселе қозғалған кезде бірінші кезекке нақ осы міндет – көптеген этностардың рухани түлеуі мен дамуына, өзара сенім мен құрмет ахуалын қалыптастыруға, еліміздің халықтары арасындағы достықты нығайтуға жәрдемдесуге қабілетті тұтастырушы орган болу міндеті ұсынылды.

Бұл міндетті Ассамблея табысты атқаруда. Аз ғана уақыт аралығында оның бастамасы бойынша қоғамды демократияландыруға және мемлекеттік құрылымды жетілдіруге зор ықпал еткен екі референдум өткізілді.

Ассамблея мен оның жергілікті органдары демократиялық құндылықтарды қалыптастыру, мәдениетті, тілді, ұлттық дәстүрлерді дамыту жөнінде тынымсыз жұмыс жүргізуде. Бұл жұмыстың даңғазасыз, үйреншікті есеп берулер мен баянаттарсыз жүріп жатуы маған ұнайды. Алайда мен мұндай қызмет тиімділігін анықтаудың өте-мөте дәл өлшемі бар екенін білемін, – ол республикадағы қоғамдық-саяси тұрақтылық. Ал ол берік сақталуда. Бұл бізде бар нәрсенің ең құндысы. Айналамызда не болып жатқанын біле отырып, біз еліміздегі тыныштықты сақтауға міндеттіміз.

Жуырда Париждегі конференцияда БҰҰ бас хатшысы Б. Бутрос-Гали балалар туралы айта келіп былай деп атап көрсетті: «Өткен 12 айда планетада соғыс қақтығыстарында 500 мың бала өлім құшты, 5 млн бала босқындарға арналған лагерьлерде тұрады, 12 млн-нан астам бала баспанасыз қалды...» Ал тек жақын шетелдердегі ересектер қандай күй кешіп жүргенін біз жақсы білеміз. Түрлі мәліметтер бойынша, Шешенстанда ғана бір жылда 30-дан 50 мыңға дейін адам опат болыпты, оның ішінде әскерилер 10–11 мыңнан аспайды.

Осындай күрделі уақытта даналық танытып, ең бір жауапты сәттерде тыныштық пен төзімділік сақтап отырғаны үшін Қазақстан халқына ризашылығымды мен әлденеше рет айтқанмын. Бірақ бұл ретте біздегі ұлтаралық қатынастардағы барлық мәселелер шешіліп қойғандай тоқмейілсу ешқашан болған емес. Мәселе тіпті де олай емес. Бұл сала сондайлық нәзік, оның жүрек қылы сондайлық сезімтал болғандықтан, қоғамның көңіл күйін барынша мұқият зерттемеу, оған дер кезінде құлақ аспау – кешірілмес жәйт.

Өйткені осы жылдың басында бізде тіл, азаматтық туралы мәселелерде қоғамдық ширығушылық байқалып тұрған еді.

Алайда азаматтықтың мемлекеттік-құқықтық мәселелерін реттейтін маңызды Қазақстан-Ресей келісімдерін жасап, орыс тіліне ресми мәртебе беріп, осы ширығушылықты дер кезінде әрі демократиялық, конституциялық жолмен тарқата алдық деп ойлаймын.

Қоғамдағы келісім, азаматтық татулық көптеген факторларға, соның ішінде түрлі қоғамдық-саяси күштердің ұстанымына да байланысты. Айтпақшы, біздің республикада 500-ден астам қоғамдық бірлестіктер тіркелген. Олардың кемелдігіне ең жақсы сыншы – уақыт. Терең идеялары мен бағдарламалары жоқ саяси ұйымдар қоғамның өзі талап етпеген ұйым ретінде сахнадан кетеді. Олардың орнына Отан тағдыры үшін жауапкершілікті басты нәрсе деп білетіндер келеді. Алайда қазақстандық қоғам өте-мөте ділгер болып отырған жасампаздық бағдарламасын бір ғана партияның немесе көшбасшының талдап жасай қоюы екіталай. Партиялық тұғырнамалар ұсынатын парасатты және пайдалы нәрсенің бәрін бірыңғай жинап, озық ойдың алтын қиыршықтарын бір құймаға балқыту керек.

Қоғамда «миграциялық мәселе» де ерекшеленіп тұр. Бұл бүгінгінің, тіпті кешегі күннің де проблемасы емес. Егер миграциялық үдерістерге тұтастай қарайтын болсақ, онда 1960-шы жылдардың соңынан бастап республикадан кетіп жатқан халық саны көбеюінің жалпы динамикасы байқалды да, оның шарықтау шегі 1994 жылға келді. Осы жылы миграциялық ағымның төмендеуі тұрғысындағы үдеріс байқалды.

Бірақ мәселенің мәні мұнда да емес. Бізде Қазақстаннан адамдардың кету себептері туралы пікір жарыстырғысы келетіндер жетіп жатыр. Ал бұл туралы халықаралық статистика не дейді екен? ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша, қазір дүние жүзінде 60 млн адам «қозғалыста» көрінеді. Оларды бұған не итермелейді? Бірінші орында соғыс әрекеттерінің немесе азаматтық қақтығыстардың аймақтарын тастап шыққан босқындар тұрады. Өздеріңіз де білесіздер, бұл үдерістің Қазақстанға қатысы жоқ. Одан кейін саяси қуғын-сүргіннен, табиғат апаттарынан, аштықтан қашқан адамдар тұрады. Мұндай құбылыстар да республикада байқалмайды. Ақыры соңғы орыннан тәуір тіршілікті іздеп жылы орнынан жылжығандарды көреміз.

Бәлкім, осы себептен болар, біреулер республиканы тастап кетіп жатса, өзгелері, керісінше, қайтып келуде. Адамдардың еркін жүріп-тұруы – қалыпты, көп ретте демократиялық үдеріс.

ЮНЕСКО-ның бас директоры, қазақстандық татулық пен рухани келісім сыйлығының лауреаты Федерико Майор «адамдардың еркін жүріп-тұруы әркімге өзіне тән өмір салтын және өзін-өзі таныту тәсілін таңдап алып, жеке өз тағдырының және өз халқы тағдырының қожайыны болуына мүмкіндік береді» деп санайды. Бұл, Ф. Майордың пікірінше, «негізгі төрт тұжырымдаманың: азаматтықтың, төзімділіктің, білімнің, идеялармен және адамдармен еркін алмасудың синтезі жүретін кеңістік» болып табылатын демократиялық мәдениеттің қалыпты үлгісі. Олай болса, осы норманы басшылыққа алып, сан түрлі ұлттардың көптеген адамдары үшін шынайы Отанына айналған Қазақстаннан азаматтар тәуір тіршілік таба алатындай болуына ұмтылайық.

Мәдениет пен руханиятты қайта түлетейік

Менің бұл тақырыпты сөз етуіме рухани құндылықтардың жүйесі ретінде ғана емес, сонымен бірге саяси үдерістердің индикаторы ретінде де барған сайын жиі көрініп отырған мәдениет феномені себепші болды. Өзіне тән абыроймен және әдептілікпен ол саяси мекерлікке бармайды, қайта, «ақиқат сәтін» айқындай отырып, болып жатқан оқиғаларға бейнелі түрдегі дәлме-дәл бағасын береді. Мәселен, ұлтаралық қатынастардың жағдайы тұрақтылық кезеңінде де, әсіресе қақтығыстар кезінде қоғамның мәдени деңгейіне байланысты екені түсінікті емес пе? Мәдениетсіздіктің, надандықтың ахуалы жайлаған жерде лаңкестік пен озбырлық билік жүргізеді. Ондай жерде демократия мен еркіндік қажет емес. Ондай жерде жақсы тұрмыс пен өркендеуге ұмтылудың қажеті жоқ.

Мәдениет қоғам ішіндегі, халықтар мен мемлекеттер арасындағы қатынастарда негіз құраушы факторға айналады. Елдер мен құрлықтарды жақындастыруда, ұлттардың жақсы мағынасында өзін танытуында оның рөлі қандайлық зор екеніне біз күн сайын көз жеткізудеміз. Тәуелсіз мемлекет болу, беделді халықаралық ұйымдарға кіру, түрлі келісімдер жасау аздық етеді. Бұл әлемде сені мойындағанынан гөрі танығаны қажеттірек. Өркениеттің шетсіз-шексіз мұхитында нақ сол мәдениет халықтардың жолбасшысы рөлін атқарады әрі елдің өзін әуелі оның таңдаулы перзенттерінің – философтардың, жазушыларының, ғалымдарының, музыканттарының, әншілерінің қызметі арқылы таниды.

Біздің бәріміз осы жылы әлем Қазақстан халқының тарихын, мәдениетін, тілін, жан дүниесін Абай даналығы арқылы жақсырақ біле түскенін мақтан етеміз.

Ұлы ақын әрі ойшылдың ЮНЕСКО аясында ұйымдас-тырылған 150 жылдығын мерекелеу оның шығар-машылығын тану және жаңаша ой елегінен өткізу, оның философиясының терең қатпарларына бойлау рухында өтті. Абайды, басқа да ұлы жазушылардың, компози-торлардың, ғалымдардың еңбектері мен шығармаларын танып, тарихтың, өнердің, сәулеттің таңғажайып ескерт-кіштерімен таныса отырып, әлем Қазақстанды барған сайын тереңдетіп танытынына біз сенімдіміз.

Алайда мәдениеттің сөнбес жарығын өткеннің ұлы туындылары, философиялық немесе діни ілімдер ғана шығармайтынын ескеру керек. Қазіргі әлемде мәде-ниет кей ретте қоғамның әлеуметтік және саяси сұра-ныстарына жауап ретінде қарастырылады, өйткені ол қоғамның құндылықтар жүйесі мен өмір салтын, адам-ның негізгі құқықтарын, дәстүрлерді, дінді қамтиды. Қазақстанның нақты жағдайын ескере отырып, мен бұл ұғымдардың әрқайсысына «көп ұлтты халықтың» деген сөзді қосар едім. Шынында, біздегі өмір салты да, құндылықтар жүйесі де, дәстүрлер мен діндер де олардың кейбір ұқсастығы жағдайында, қайталанбас ерекшеліктерімен дараланады.

Әр халықтың өзіне тән қайталанбас мәдени даналығы бар екені әлдеқашан белгілі болған. Бұл даналықты құрметтеу, мейлі олар жеке ұлттан тұрсын немесе көп ұлтты болсын, барлық өркениетті елдердің рухани қағи-дасы. Кімді де болсын өз дініне немесе, керісінше, ате-измге тартуға тырысу, өзінің мәдени құндылықтарын, тілін күштеп тану – мұның бәрі зорлық-зомбылықпен қолсұғушылық, Қазақстанның жуырдағы тарихынан білетініміздей, ол кейде қасіретке айналады.

Алайда тәуелсіздік алғаннан кейін қасында басқа мәдениеттер өмір сүріп, тіршілік етіп жатқанын ұмытып, тек өзінің дертімен болушылықтың қасіреті одан кем соқпас еді. Өзгелерден оқшауланып, тек өзінің «ерекшеліктерін» қызғанышпен қорғаштайтын қоғам әрдайым өз дәуірінен аласталып қалуға душар болмақ.

Өз мемлекеттілігімізді құра отырып, біз ұлттық құндылықтарымызды әмбебап құндылықтармен салыстыра қарауға, еліміздің мәдени алуан түрлілігіне арқа сүйеуге, оның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге, сол арқылы халықтарды жақындастыруға, олардың өзін және басқаларды тануына көмектесуге міндеттіміз.

Құранда осынау ізгі ой көрегендікпен былай деп айтылған: «Ей, адамзат! Бір-бірлеріңді біліп жүрулерің үшін біз сендерді еркектер мен әйелдер етіп жараттық және халықтар мен ұлыстар етіп жасадық».

Біздің мәдениет өрісін демократия қағидаттарында қалыптастырудан басқа жолы жоқ, өйткені барлық халықтардың мәдениеті өздерінің табиғи көрінуін табатын, мәдениетаралық үнқатысуы жолға қойылатын, төзімділік психологиясы орнықтырылып, біртұтас мәдениет кеңістігі жасалатын ортаны тек демократиялық институттар ғана қалыптастыра алады.

Біздің өмірімізде мәдениеттің нақ осындай жоғары міндет-парызын түсінушілік орнығып келе жатқаны мені қанағаттандырады. Қазақстанда Абай салтанаттарының өткізумен қатар славян жазуының күндері болды. Бұрынғы ел ыдырағаннан кейін өзімізбен достас мемлекеттермен екі арадағы үзіліп қалған мәдени байланыстар қалпына келтіріле бастады. Атап айтқанда, классикалық музыканың «Ермек Серкебаев шақырады» және классикалық балеттің «Дәстүр сыйлығы»,

«Шығыс маусымы» халықаралық фестивальдері Ресейден, Өзбекстаннан, Украинадан, Беларусьтен, басқа да шетелдерден әлемдік өнердің көптеген жұлдыздарын жинады. Кинематография шеберлерінің республикалық екі және Алматыда өткен I халықаралық кинорыноктардағы үнқатысуы жемісті болды. Орталық Азия мәдениет қайраткерлерінің жуырда Ташкентте өткен форумы халықтардың рухани өміріндегі маңызды оқиғаға айналды.

Бүгінде Қазақстанда тұратын халықтардың Мәдениет күндерін өткізу бұрынғыға қарағанда мүлде басқаша қабылданады. Бәлкім, олар кейде даңғазалыққа айналып кететін бұрынғы салтанаттылығын жоғалтқан болар, бірақ әйтеуір мәдениет шенеуніктерінің араласуынсыз, толық демократиялық негізде өтіп, өңірлердің мәдени өмірімен табиғи астасып жатады.

Тегінде мемлекеттің мәдениет және өнер саласымен өзара қатынасы мәселелерінің өзіндік ерекшеліктері бар, олардың төңірегінде пікір таласы жиі болып тұрады. Алайда «өкімет және суреткер» тақырыбының мейлінше қарапайым шешімі бар: мәдениет саласындағы саясат оны сақтау, оның қызметкерлеріне қолдау көрсетіп, дамуына жағдай туғызу, олардың әлеуметтік тұрғыда қорғалу құқығын мойындау үшін мемлекеттің жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді. Тек шығармашылық еркіндікке қол сұғушылыққа, саяси қысым жасауға жол берілмейді. Біз нақ осы қағидаттарды басшылыққа алып келдік және алдағы кезде де басшылыққа ала береміз. Айтпақшы, қазір республикада мәдениет пен өнерге қолдау көрсету конвенциясы

талдап-жасалуда, онда осы мәселелер толық мәнінде ескерілетін болады.

Қай кезде де өткір болып келген мәселе – мәдениетке материалдық қолдау көрсетуге келетін болсақ, Қазақстанда оны қалдық қағидасы бойынша қаржыландыру еңсеріле бастады. Осындай үдерістер білім, денсаулық сақтау және ғылым салаларында да жүріп жатыр.

Демократиялық мәдениеттің әмбебап формуласының бір қыры – төзімділік. Толеранттылық ұғымы, әлбетте, кең екені сөзсіз, әр елде, өңірде оның өзіне тән нәсілдік, ұлттық, діни реңктері бар. Бұл тұрғыда 100 ұлыстың ғана емес, сонымен бірге көптеген нанымдардың елі болып табылатын Қазақстан үшін дін ұстану еркіндігі проблемасының көкейкесті мәні бар.

Біздің Конституцияда ождан бостандығына құрмет орнықтырылған. Ресми түрде мәлімделген бұл норма өмірде нақты жалғасын тауып отыр. Әрі біз барлық діни нанымдағылардың талаптарына құрметпен қараушылық республикада өзара түсіністік пен тұрақтылыққа жағдай жасайтынының да куәсі болу-дамыз.

Бізде дінге сенушілердің саны өсіп келеді әрі бұл түсінікті де. Қазір Қазақстанда 1300 діни бірлестік, 30-дан астам конфессиялар мен деноминациялар жұмыс істейді, мешіттер, шіркеулер, ғибадатханалар салынууда. Діни ғұрыптық ғимараттарды діндарларға қайтарып, жаңаларының салынуын шіркеуге қатысты мемлекеттің саясатты жүзеге асырудағы маңызды қадам деп санаймын. Қазір астанада Орталық мешіт, Ислам мәдени орталығы салынып жатыр. Менің өкіміммен сәулет өнерінің бірегей туындысы – Әулие Вознесенский

кафедралы соборы Алматы және Семей епархиясының пайдалануына берілді.

Шетелдерге ресми сапарлар барысында Мекке мен Ватиканда болуым мен үшін ерекше мәнді сипат алды. Біздің шақыруымыз бойынша Қазақстанға Мәскеу және Бүкіл Русь Патриархы Алексий II келіп қайтты.

Әлбетте, Қазақстанның діни өмірінде ислам мен православие ерекше рөл атқарады. Бірақ бұл өзге конфессиялар назардан тыс қалды дегендік емес. Мұнда тек бір жәйтті бөліп алу қажет. Әлеуметтік арқауы мен өз қызметінің сұранысы бар конфессиялардың болуы табиғи да заңды. Бірақ біздің халықтарымызға бұрын белгісіз діни секталарды тықпалауға, басқа сөзбен айта да алмайсың, тырысушылық орын алып отырғаны алаңдатады. Ал олардың қызметі, көптеген елдердің қайғылы тәжірибесі дәлелдегеніндей, әрдайым болжап боларлықтай емес. Мұнда біз еліміздің Конституциясы мен оның заңдарын қатал басшылыққа алуға тиіспіз.

Кейбір күштердің діни негізде партиялар құруға ұмтылысы туралы осыны айтуға болады. Мен бұл мәселеде дін мәңгілік, ал барлық партиялар өтпелі, сондықтан дін саяси күреске қатысуға тиіс емес, барлық оқиғаларды имандылық пен адамгершілік тұрғысынан бағалауға қақылы деп санайтын дінбасыларды қолдаймын.

Қазақстан аумағында әрекет ететін конфессиялардың басым көпшілігі мемлекетке қатысты саяси адалдық танытып отырғанын, оның бейбітшіл бастамаларына қолдау жасап, қоғамда мейірімділіктің, ізгіліктің, қайырымдылықтың жоғары қалыптарын орнықтыруда екенін қанағат сезіммен атап өткім келеді.

Бүгінде егемен Қазақстан, оның бүкіл көп ұлтты халқы толық негізде үміт кезеңі деп атауға болатын кезеңді бастан кешуде. Әлбетте, бүкіл жақсылыққа деген – жеке, отбасылық өмірдегі ізгі өзгерістерге және қоғамдық өмірдегі ілгері басушылыққа деген үміт кезеңі.

Тегінде, кері кетушілік инерциясы әлсіреп, біздің әрқайсымызда барлық қиындықтарды еңсеріп, жағдайды түзей алатынымызға және алға қарай жылжитынымызға деген сенім өсе түсіп келеді.

Бұл бос сөздер емес. Менен еліміз өзінің тәуелсіздігі жылдарында қол жеткізген басты нәрсе не деп сұрағандарға ойланбастан: «Ол – адамдардың сана-сезіміндегі өзгерістер» деп жауап беремін. Мұнда көлгірсудің ныспысы да жоқ: біз енжар бақылаушыдан және әлеуметтік масылдардан өзіміз де байқамастан осынау таңғажайып, бірақ әлі тіпті де кемелденбеген дүниені өз қолымен қайта жасай алатын жігерлі, шебер, ұсынықты адамдарға айналдық.

Дегенмен де біз уақыт талабына лайықты жауап бере аламыз ба, өмірімізді түбегейлі қайта құрып, тұрақты ілгерілеу дәрежесіне жете аламыз ба? Бір сәттік және өткінші құндылықтардың соңында жүріп, өз мүмкіндігімізді жіберіп алмаймыз ба? Мен бір кезде философ Альбер Камю айтқан: «Олар сондайлық көп істі атқара алатын еді, бірақ сонша азына тәуекел етті...» деген сөздерді кейін немерелері өздеріне айтсын демесе, барлық қазақстандықтар тіпті де еріккеннен қойылмаған әлгі сұрақтарға байланысты байыппен ойланғанын қалар едім.

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері
басшылық құрамының алдында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1995 жылғы 21 желтоқсан

Генерал мен офицер жолдастар!

Сіздермен бүгінгі кездесуді мен республика Қарулы Күштерін құру барысы туралы әңгімелесудің мүмкіндігі ретінде бағалаймын. Бұл аудиторияда біздің осы саладағы басымдықтарымызды жөнсіз жіктеп-жіліктеп жату, сірә, артық болар деймін. Дегенмен қазір біз стратегиялық ойлауды, ұлттық мүдделерімізді түйсінуді қалыптастыру сатысында тұрғанымызды атап өту керек. Олар әрбір елде бар және Қазақстан да сол қатарда. Біз өз қауіпсіздігімізді қамтамасыз етуге қамқорлық жасамай тұра алмаймыз, онсыз мемлекеттің өмір сүруінің өзі неғайбіл жағдайға ұшырап, белгілі бір сыртқы

немесе ішкі бүлдіргіш күштер тарапынан ықтимал қауіп-қатерге тәуелді болып қалар еді.

Жаһандық тұрғыдан алғанда, біз бүкіл дүние жүзінде және, атап айтқанда, өзіміздің өңірде қауіпсіздік ахуалының орнауына, бүкіл әлемдік қоғамдастықпен экономикалық, саяси, мәдени, ғылыми және басқа байланыстарды дамытуға мүдделіміз. Қазақстан планетадағы тұрақтылықты нығайтуға ықпалдасатын халықаралық және өңірлік ұйымдарға қатысу және сондай жаңа ұйымдарды құру жағында.

Біздің еліміз бір елдің немесе бір топ елдердің басымдығы мен өктемдігіне емес, әлемдік проблемаларды БҰҰ аясында ұжым болып шешуге арқа сүйейтін әлемдік құрылымды жақтайды.

Біз Азия-Тынық мұхит өңірінде «күшпен ойнаудың» көрінеу белгілері орын алып отырғанына көзжұмбайлықпен қарай алмаймыз. Оның сценарийі мемлекеттердің экономикалық қарқындауы негізінде дамуда және сол елдер армияларының қыруар қаржылық қолдау алып отырғанына байланысты қауіпті шекке ұласып барады. Біз өңірдің кейбір елдерінде қарулы күштердің қысқару фактісіне жайбарақаттанбауымыз керек. Олардың жауынгерлік әлеуеті қарулы күрестің неғұрлым осы заманғы құралдармен жарақтануы мен жергілікті және өңірлік жанжалдарға тез әрекеттесуші құрылымдарын құруы арқылы өсе түсуде.

Осындай жағдайда біздің өңіріміздегі белгілі бір қайшылықтарды шешіп, қандай да болсын әскери-саяси мақсаттарға жету үшін күш қолдану ықтималдығын теріске шығаруға болмас. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көптеген соғыс жанжалдарының пайда болуы осыны дәлелдейді. Әрі солардың бәріне, қашанғысын-

дай, экономикалық, аумақтық, діни және басқа сипаттағы қайшылықтар себеп болды. Бұл қайшылықтар өңірде қазір де бар.

Қазақстан үшін қауіп-қатер, соның ішінде соғыс қаупі де бар екені және жақын арада жойыла қоймайтыны туралы қорытынды жасау қажет. Осы қатерді бейтараптандыру, өңірдегі жанжалдардың алдын алу үшін біздің белсенді сыртқы саяси әрекеттерге барып жүргеніміз – өз алдына әңгіме.

Әрі осы бағытта көп іс тындырғанмызды да айту керек. Қазақстан – дүниедегі жетекші державалармен стратегиялық серіктестікке кірген Орталық Азиядағы бірден-бір мемлекет екені де көп жайды аңғартса керек.

АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Ресей мен Қытай тарапынан Қазақстанға қауіпсіздік кепілдіктерінің берілуі – соның дәлелі. Осы ядролық мемлекеттер Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін, шекараларының қол сұғылмастығын құрметтеуге, біздің мемлекетімізге экономикалық қысым көрсетпеуге, күш көрсетіп, қоқан-лоқы жасамауға және қарудың барлық түрін, соның ішінде ядролық қаруды да қолданбауға міндеттеме қабылдады. Егер Қазақстан агрессия құрбанына айналатын болса, БҰҰ ең шұғыл әрекеттерді қабылдайтын болады.

Қазақстан-Қытай декларациясының осындай ережелерге және Қытаймен шекараның өтуі туралы шарттың мазмұнына сәйкес бізде іс жүзінде сыртқы қауіпсіздіктің берік негізі қаланған.

Бүгінде әрбір елдің аймақтағы жанжал әлеуетін азайтуға, халықаралық консультациялар тетігін жасауға күш жұмсауға міндетті екені айдан анық. Атап айтқанда, біздің еліміз Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шара-

лары кеңесін шақыру идеясын дәйекті түрде ұсынумен келеді және ол дүниеде барған сайын түсіністік табуда. Біз НАТО-ның «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасына қатысамыз, көптеген мемлекеттермен әскери саладағы ынтымақтастықты орнықтырудамыз. Осының бәрі біздің Қарулы Күштеріміздің қалыптасуына көмектесетіні сөзсіз.

Мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайтуда ТМД шеңберінде ұжымдық қауіпсіздік жүйесін жетілдірудің мәні орасан зор. Осы саладағы өзіндік бір кезең болған «Ұжымдық қауіпсіздік туралы» Ташкент шарты Достастық мемлекеттерінің қорғаныс күш-жігерінің интеграциясы тереңдей түскенін көрсетті. Бұл тұжырымдама тұрақтылықты қолдау, жанжалдарға жол бермеу және ұжымдық бітімгершілік жөніндегі бірлескен күш-жігер түрінде оңды қадам бола алады. Оның үстіне, ТМД-дағы ұжымдық қауіпсіздік жүйесі біздің елдеріміздің экономикалық интеграциялануының жанама түрдегі, бірақ табиғи нәтижесі болуы мүмкін.

Қазір бізді не нәрсе алаңдатып отырғанын әскери адамдар түсінеді. Ол – Тәжікстандағы жағдай. Әрине, жақында біздің Ислам Каримовпен және Асқар Ақаевпен Жамбылдағы кездесуіміздің нәтижелері сіздерге белгілі болуы керек, онда біз Орталықазиялық өңірде БҰҰ-ның қамқорлығындағы коалициялық бітімгерлік күштерді қалыптастыру туралы шешім қабылдадық.

Сіздердің бәріңіз өңірдегі және әсіресе тәжік босқындары лап қойған Өзбекстандағы жағдайдың күрделілігін толық мәнінде түсінулеріңізді қалар едім. Оқиғалардың бұлайша бет алысы, сарапшылардың пікірінше, дүмпуге соқтырып, Орталық Азияны жаңадан қанды қайта бөліске апарып тіреуі мүмкін. Біз жағдайдың

бұлайша дамуына жол бере алмаймыз және нақ осы себепті ұзаққа созылған жанжалды тоқтату үшін күш-жігерімізді біріктіруге бардық.

Маңызы бұдан кем түспейтін проблема – республиканың соғыс қауіпсіздігіне ықтималды қатердің сипаты мен ауқымын ескере отырып, өзіміздің Қарулы Күштерімізді құру.

Әрине, қазір біз оперативті бағытта қажетті әскер топтарын ұстай алмаймыз. Әрі, сірә, қазір мұның қажеті де бола қоймас. Біздің бұрынғы әскери доктринамыз көбінесе соғысты бастаудың негізгі әдісі тұтқиыл агрессия болады дегенді басшылыққа алатын. Соған сәйкес бейбіт кезде ықтимал соғыс қимылдарының негізгі бағыттарында әскерлердің қуатты топтары құрылатын. Бұл ретте: неғұрлым көп болса, солғұрлым қауіпсіз болады деген қағидат басшылыққа алынатын.

Әрине, біз тұтқиылдық факторын ескеруіміз керек, бірақ соның өзін нақты жағдайға байланысты бағалау қажет. Осыған байланысты қазіргі кезеңде республика Қарулы Күштерінің құрамы, адам саны, оларды реформалау мен құруды екі кезеңге бөлу керек.

Біріншісі – өтпелі кезең, мұнда Қарулы Күштердің құрамы мен саны қорғаныс толықтылығының қажетті деңгейінен әлдеқайда аз болады. Бұл негізінен біздің экономикалық мүмкіндіктерімізге байланысты. Бұл ретте әскерлердің жалпы жауынгерлік мүмкіндіктерінің төмендеуін Әскери-әуе күштерін, Әуе шабуылынан қорғану әскерлерін, барлауды, байланыс пен радио-электрондық күрес бөлімдерін – жинақтала келгенде қауіп-қатерді ескерту және тежеудің негізін, жүйесін құрайтын әскерлерді басым дамыту есебінен толтыруға болады.

Екінші кезең – республиканың әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұтқыр, жақсы жарақтанған және жаттыққан әскер құру.

Әлбетте, бізде әскери құрылыс саласындағы проблемалар жетіп артылады. Солардың біразы тұжырымдамалық сипатта.

Осыған байланысты Қарулы Күштердің алдағы кезеңдегі міндеттеріне ерекше тоқталсам деп едім. Ең басты міндет – әскерлердің, күштердің жауынгерлік және мобилизациялық дайындығын республиканың егемендігін, аумақтық тұтастығын, мемлекеттік мүдделерін қорғауға кепілдік беретін деңгейде ұстап тұру деп есептеу керек. Осы міндетті орындау қолданыстағы заңнамаға, халықаралық құқық нормаларына және әскери саладағы шарттық міндеттемелерге толық сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Қарулы Күштерді одан әрі реформалауға, жергілікті сипаты бар агрессияның қайдан шыққанына қарамастан кепілді тойтарыс беру жөніндегі әскерлерге мүмкіндік жасауға бағытталған шараларды жүргізуді қамтамасыз ету қажет. Әрі, әскерде жаңғыртулар жүргізе отырып, сол мақсатқа бөлінген қаржының қалай жұмсалып жатқанын қадағалау керек. Реформалау ісінде идея деген жеткілікті, бірақ солардың біразына «маниловшылдықтың» салқыны тиген. Бүкіл қоғам сияқты, армия да шама-шарыққа қарап өмір сүруі тиіс. Реформаларды жүргізе отырып, қалтаға да жиірек қарауды ұмытпау керек. Бізде реформалаудың Президент бекітетін нақты ілгерінді жоспары болуы тиіс деп ойлаймын.

Әскердегі жаңғыртуларды жүргізудің маңызы кем соқпайтын тағы бір қыры бар. Ниетіміз қаншалықты ізгі болғанымен, ресейлік Қарулы Күштермен неғұрлым

тығыз, достық және әріптестік қатынастар орнатпайынша, біз реформаларымызды жеріне жеткізе алмаймыз. Олардың мамандарының көмегі біздің жаттығулар өткізуімізге, кадрлар даярлауымызға, нормативтік құжаттарды жасауымызға көп пайдасын тигізген болар еді. Казармаларда қамалып жатып алмай, күні бүгінге дейін арылмаған кеудемсоқтықты қойып, әскери құрылыс мәселелеріндегі тәжірибе алмасуға батыл баратын болайық.

Айтпақшы, мұндай ынтымақтастық ресейлік мүдделерге де сай келеді. Ондағы ірге ажыратуға ұмтылушылық әлдеқашан-ақ сенімді одақтастар іздеуге орын берген. Ресейдің қорғаныс доктринасына қарасаңыз, Қазақстанға Орталық Азияда перспективалы одақтастың рөлі берілгенін көресіз. Өкінішке қарай, біздің дереккөздерден емес, ресейлік баспасөзден білгенім: Ресей ТМД елдерінің бітімгерлік операцияларға белсендірек қатысуы қажет деп санайтын көрінеді. Ресей шекаралары жарактанбайтын тек екі-ақ ел – Қазақстан мен Беларусь айқындалған. ТМД-ның сыртқы шекаралары толығымен Достастық шекарашыларының күзетуіне ауыстырылмақшы. Мәскеу кеңестіктен кейінгі кеңістікте бейбітшілікке жол іздеуде өзін бұрынғысынша жетекші күш санайды, бірақ оны одақтастарына сүйеніп істемекші. Оны және ескеру керек.

Бәріңіздің естеріңізде болатын нәрсе: әскери қызметшілер – қатардағы жауынгерден офицерге дейін – қоғамның мүшелері, сондықтан елдің барлық конституциялық нормалары, құқықтары мен бостандықтары, міндеттері соларға да қатысты. Ал маған кейде әскери ортаның өзінде әлдебір төменшіктік, өздерінің азаматтық қажетсіздігі секілді сезім қалыптасқандай көрінеді.

Мұндай құбылыстың тамыры едәуір тереңде. Бұрынғы державаның бір кездегі біртұтас қорғаныс кешені соңғы жылдары орасан зор күйзелісті бастан кешірді. Бірақ армия, ақыр соңында, еңсесін көтеріп, елдің қорғаныс қабілеті үшін жауапты екендігін сезінуі тиіс.

Өз тарапымыздан біз әскери қызметшілерді әлеуметтік қорғау, оларға қызметін атқаруда да, тұрмыста да лайықты жағдай туғызу үшін барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз. Менің заң күші бар жарлықтарыммен Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы, жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызмет туралы, әскери қызметшілердің мәртебесі, оларды және олардың отбасы мүшелерін қорғау туралы заңдарға өзгерістер енгізілгенін, сондай-ақ әскери қызметшілерге, қатардағы және басқарушы құрамдардағы адамдарға ақшалай үлес төлемдерін ретке келтіру туралы қаулы қабылданғанын сіздер білесіздер. Жеңілдіктер едәуір өсті. Алдағы жылдан бастап бұл салада қосымша шаралар қабылданатын болады.

Біз алдағы уақытта да өз күшімізбен әскери кадрларды, әсіресе ұлттық кадрларды даярлауға айрықша мән беретін боламыз. Қазірдің өзінде-ақ Алматы жоғары жалпыәскери командалық училищесінің оқу-материалдық базасы мен курсанттар даярлау бағдарламасы едәуір жетілдірілді. Ақтөбедегі азаматтық авиация жоғары ұшқыштар училищесін әскери-авиациялық етіп қайта құруға шешім қабылданды. Азаматтық авиация академиясының негізінде әскери факультет ашу туралы мәселе қаралып жатыр.

Қысқасы, шаруа жетерлік. Біз ұлттық қауіпсіздігімізді және Қарулы Күштер түріндегі оның негізін бұдан әрі нығайта береміз. Сіздер қоғамымыздың

өміріндегі өз рөлдеріңіз бен алда тұрған міндеттерді шешудің күрделілігін толық мәнінде сезінетін боларсыздар деп сенемін.

Сөзімнің соңында сіздерге және сіздер арқылы Қарулы Күштердің барлық генералдарына, офицерлеріне, прапорщиктері мен мичмандарына, старшиналары мен сержанттарына, солдаттары мен матростарына Отанды қорғаудың игілікті ісінде табысқа жете берулеріне тілектестік білдіргім келеді.

Қазақстан Республикасы Парламенті бірінші
шақырылымы І сессиясының ашылуында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1996 жылғы 30 қаңтар

Құрметті депутаттар!

Бояуын ешқандай қалыңдатпай-ақ айтатын болсақ, осы отырған баршамыз Қазақстан шежіресінің беттерінен, мемлекеттілігіміздің қалыптасу тарихынан лайықты орын алатын оқиғаға куә болып отырмыз. Тегінде біз шынайы, өркениетті қазақстандық парламентаризмнің бастауында тұрмыз. Өзіміз өмір сүріп отырған уақыт пен біздің болашағымыз әрқайсымызға жүктеп отырған жауапкершіліктің бар салмағын сезінуіміз керек.

Әрине, бізде өкілетті билік органдары бұған дейін де болған, олардың жұмысын ұйымдастырудың өзінше бір тәжірибесі де болды. Оларға көбінесе «парламент» және «парламентаризм» деген түсініктерді де таңып жүрдік, бірақ бұл істің шын мәніне сай келе қоюы неғайбіл еді. Тарихтан белгілі, біздің республикамызда тек 1938 жылы ғана бірінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі жұмыс істей бастады. Бірақ ол, содан кейінгі «кеңестер» секілді, бар білетіні өзі де тоталитарлық жүйенің сәндік бетпердесі болған одақтық Жоғарғы Кеңестің шешімдерін көшіруден аспайтын саяси атрибуты болды.

Тек Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін ғана республикалық өкімет органдары үшін заң шығарушылық қызмет өрісі ашылды. Алғашқы кездердің өзінде-ақ біз КСРО ыдырағаннан кейін қоғам мен мемлекеттің аса маңызды салаларында пайда болған құқықтық бос кеңістікті біршама ойдағыдай толтырып, егемен Қазақстанның алғашқы буынының негізгі заңнамалық ауқымын қалыптастыра алдық.

Бірақ тәуелсіздік жағдайында жұмыс істесе де, бұрынғы үлгілер бойынша құрылған Жоғарғы Кеңес сапалық жағынан мүлдем жаңа, күн сайын өзгеріп отырған экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес тиімді жұмыс істеуге дәрменсіз болып шықты. Ол нарықтық экономика мен құқықтық мемлекет құруға байланысты ең өзекті мәселелерді дәйекті түрде шеше алмады. Сондықтан он екінші сайланған Жоғарғы Кеңестің өзін өзі таратуы болмай қоймайтын құбылыс еді.

Оның орнына келген он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес те осы таптаурын жолмен жұмыс істеп, пәлендей

ілгері баса алған жоқ. Оның үстіне, Конституциялық соттың шешімі көрсеткендей, ол заңсыз болып шықты. Осының бәрі оның өз жұмысын мерзімінен бұрын тоқтатуына соқтырды.

Сонымен бірге депутаттардың алмасып отыру тетігінің жоқтығынан жоғары өкілетті органның жұмысы сабақтастық пен іркіліссіздікке қабілетсіз екендігі де анықталды. Өткен жылдың бас кезінде біздің жоғары өкілетті органымыздың кінәраты тіпті де кездейсоқ емес, принципті сипат алғаны айқын болды. Керек десеңіз, аталған кінәрат сол уақытта жүйелік сипат алып, реформаның ырғағына, қоғамдық-саяси жағдайға зиянын да тигізе бастады.

Шын мәнінде біз кеңестік идеология мен практикадан толық арыла алмаған барлық мемлекеттік жүйенің дағдарысын басымыздан кешірдік. Бұл дағдарыс 1995 жылға қарай өзінің шарықтау шегіне жетті де, оны дереу конституциялық жолмен шешуді қажет етті, өйткені мемлекеттік құрылым тиімді, кідіріссіз жұмыс істеуге қауқарсыз болып қалды. Осыдан кейін мемлекеттік биліктің барлық салаларын, соның ішінде оның заңдылық тармағын конституциялық жолмен реформалау туралы саяси шешім қабылданды.

Заң шығару билігінде бос кеңістік пайда болған кезде мемлекеттегі барлық істер үшін жауапкершілікті Президенттің өз мойнына алуына тура келді. Уақыт көрсеткендей, бұдан демократияға титтей де нұқсан келген жоқ, кейбіреулердің айтқанындай, диктатураның қою бұлты үйірілген жоқ. Керісінше, еліміз үшін сол бір қиын-қыстау шақта халық Қазақстандағы мемлекеттік биліктің қайнар көзі мен бірден-бір иесі ретінде, референдумда еліміздің жаңа Конституциясын

қабылдап, өзінің шешуші сөзін айтты, реформалардың алға жылжып, қоғамдық-саяси тұрақтылықтың сақталуын қамтамасыз етті. Біздің демократияға деген өзгермейтін құлшынысымызды танытқан жаңа парламент сайлауы өтті және ол, базбір сәуегейліктерге қарамастан, қазақстандықтардың жоғары азаматтық белсенділігін көрсетті.

Осы кезеңде заң күші бар жарлықтармен құқықтық реттеу саласындағы кем-кетіктердің орнын толтыруға, мемлекеттің шиеленіссіз дамуына, экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыртулар жүргізуге тәуір алғышарттар жасайтын пәрменді заңнамалық негіз құрылды. Бұдан басқа, конституциялық нормаларды тезірек іске қосу мақсатында президенттік жарлықтармен конституциялық заңдардың басым көпшілігі қабылданды. Осы уақыттың ішінде заң күші бар 134 жарлыққа және біздің халықаралық келісімдерімізді бекіту туралы 60-тан астам жарлыққа қол қойылды.

Біздің бәріміз парламент болмаған кезде елімізде өте күрделі жағдай қалыптасқанын түсінгеніміз жөн. Әрі реформаның, тұрақтылықтың және қоғамдық келісімнің барысында қол жеткеннің бәрін тәуекелге салуға болмайтын еді. Сол кезде мен жұртқа аса жаға қоймайтын шаруаларға саналы түрде барып, кейбір сарапшылар мен журналистердің бағалауында «таза демократиялық рәсімдерді» жақтаушылардың тарапынан кінәлауға түсетініме іштей әзірленген де болатынмын. Бірақ дәл сондай дәрежеде сол шаралардың қажеттігіне сендім және таңдап алған жолмен батыл түрде ілгерілеуді қамтамасыз ету, басталған өзгерістердің кейінге шегерілуіне жол бермеу үшін өзіме халық берген және Конституцияда бекітілген өкілеттіктерді пайдаландым.

Осы кезеңде қабылданған заң күші бар жарлықтарды өзіндік бір топтамаларға бөлуге болады. Әрине, олардың ішінде экономикалық реформаға, қаржы, банк және басқа да шаруашылық қызметінің мәселелеріне арналғандары ең үлкені болатыны заңды да еді. Олардың ішінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы», «Акциздер туралы», «Банкроттық туралы», «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы», «Лицензиялау туралы», «Құнды қағаздар мен қор биржасы туралы», «Жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды тіркеу және олармен келісімдер жасау туралы», «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы», «Қазақстан Республикасындағы салықтық реттеу туралы», «Мұнай туралы», «Жер туралы», «Жер қойнаулары және оларды пайдалану туралы» іргелі жарлықтар бар. «Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» Жарлық қабылданды, яғни біз үстіміздегі қаржы жылына өз бюджетімізді алғаш рет дер кезінде бекіттік.

Мемлекеттік құрылыс мәселелеріне арналған жарлықтар мейлінше үлкен топты құрап отыр. Олар – «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі туралы», «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы» және басқа да бірқатар құжаттар.

Мен соттар мен құқық қорғау органдары қызметінің мәселелеріне жіті назар аударуды қажет деп таптым. Сондықтан «Қазақстандағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы», «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы», «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдары туралы» маңызды жарлықтар шығарылды. Олар, сайып келгенде, ел Конституциясы белгілеген сот және құқық қорғау жүйелерін реформалауды бастауға мүмкіндік берді. ТМД-да әзірге мұндай үлгі жоқ екенін бүкіл жауапкершілікпен айтуға болады.

Әрине, өткен кезең ішінде халықты әлеуметтік және құқықтық қорғау мәселелеріне талай рет көңіл аударуға тура келді. Мәселен, «Қазақстан Республикасы халқы тұрмысының әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы», «Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген адамдардың жеңілдіктері мен оларды әлеуметтік қорғау туралы», «Азаматтарды медициналық қамсыздандыру туралы», «Азаматтардың өтініштерін қараудың тәртібі туралы», «Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлерін әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы», «Дәрі-дәрмектер туралы» жарлықтар қабылданды.

Заң күші бар көптеген жарлықтарды шығара отырып, мен өмірдің өзі қажет етіп отырса да, бұрын заң тұрғысынан қамтамасыз етілмеген қатынастарды реттеуге ұмтылдым. Сондай жарлықтардың қатарына жоғарыда аталып өткен «Мемлекеттік қызмет туралы», «Республикалық референдум туралы», «Мұнай

туралы», «Жылжымайтын мүліктің ипотекасы туралы» және басқа да бірқатар жарлықтарды атауға болады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту туралы жарлықтар еліміздің сыртқы саяси бағытын жүзеге асырудың құқықтық базасын дамытуға бағытталды, ал оның негізіне игі көршілестік және ынтымақтастық, әсіресе ТМД елдерімен тату көршілестік және ынтымақтастық қағидаттары алынған.

Ең бастысы қарқынды жоғалтып алмай, тіпті билік құрылымдарының, ұйымдардың, бүкіл қоғамның дағдарысты еңсеру және экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі қызметі үшін қажетті құқықтық арналарды жасауды едәуір ширатуға қол жеткізгенімізде болып отыр. Қазір енді біз жалпы алғанда реформаларды тепе-тең ілгерілетуді қамтамасыз ете алғанымызды, барлық билік тармақтары органдарының қысқа мерзімді міндеттерді шешу жөніндегі жұмысында нақпа-нақ өзара ықпалдастыққа қол жеткізгенімізді толық сеніммен айтуға болады.

Өткен жылы, қолымның тигеніне қарай, барлық мемлекеттік органдардың жұмысын қадағалап, олардың қызметін жалпы стратегиялық мақсаттар арнасында бағыттап отырдым. Жіберілген кемшіліктер үшін үкіметтің басшылығы, министрлер, облыстардың әкімдері мен басқа да басшылар менің тарапымнан бүкпесіз сынға ұшырап отырды. Сөйтіп, жалпы алғанда біз өткен жылдардың кейбір елеулі олқылықтарын жөндеуге, реформалардың заңдылық арқауын құрудағы артта қалушылықты жоюға, оларды неғұрлым сындарлы арнаға бағыттауға және тіпті жеделдетуге қол жеткіздік.

1995 жылы қол жеткен оң өзгерістердің шындығы бірқатар объективтік классикалық көрсеткіштер

арқылы расталып отыр, ал мұны қазір елемеу тіпті де мүмкін емес. Біз инфляцияның деңгейін 8 есе дерлік қысқарта алдық – өткен жылғы 1260 %-дан биылғы 160,3 %-ға түсірдік. Ішкі жалпы өнімнің жылдық көлемінің құлдылау қарқыны 25,4 %-дан 8,9 %-ға дейін, яғни үш есеге дейін кеміді.

Өткен жылдың соңы өнеркәсіп өндірісі құлдырау қарқынының біртіндеп кемуімен сипатталды. Ал индустрияның химия, мұнай химиясы мен газ өнеркәсібі, қара және түсті металлургия тәрізді маңызды салаларында өнім шығарудың өткен жылғы көлемі тіпті 1994 жылғы осындай көрсеткіштен асып түсті. Айталық, түсті металлургияда өндірістің нақты көлемі бір жылдың ішінде 2 % дерлік, химия және мұнай химиясы өнеркәсібінде – 3,4, ал қара металлургияда 17 %-дан астам өсті.

Экономиканың аграрлық секторында Мемлекеттік азық-түлік өзара шарт комиссиясының және Ауыл шаруашылығын қолдау жөніндегі мемлекеттік қордың жұмысы кеңінен өрістеді. Өндірушілер өнімдерін биржаларда еркін баға бойынша өз бетінше сатуда. 1996 жылдан бастап ауылға елеулі қаржы көмегі, әсіресе шикізатты ұқсатуды дамытуға көмек көрсету белгіленіп отыр.

Экономиканы реформалауды бастай отырып, біз кәсіпкерлердің жеткілікті түрдегі қуатты тобын құрмайынша, нарыққа қарай ілгері басу мүмкін емес екенін ұдайы айтып келдік. Бүгінде республикамызда 17 мың жеке кәсіпорын және 29 мың шаруа қожалықтары құрылып, белсенді жұмыс істеуде. Бұл біздің халықаралық қаржы институттарының қатысуымен және жәрдемімен талдап жасаған бағдарламамызды жүзеге асырудың нәтижесі.

Қызметтің басым бағыттарының бірі, бұрынғысынша, сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту болып қала береді. Өткен жылдың қаңтар-қараша айларында біздің мемлекетіміздің сыртқы сауда айналымы 8 млн доллардай болды, мұның өзі осының алдындағы кезеңдердегіден бір жарым есе көп. Бұл орайда оң сальдо 1 млрд доллар болды.

Біз алтын валюта қорын ұлғайтуының үнемі қамын ойлап келеміз, бүгін таңда ол 2 млрд долларға таяу.

Және, ақыр соңында, халықтың ең аз қорғалған жіктеріне аяушылығымыз бен олардың тағдырларына алаңдаушылығымызды білдіретін әлеуметтік сәла туралы айтайын. Инфляцияны ауыздықтауға орай тұрақты төлемақы алатын адамдардың нақты табысының құлдырауы тоқтатылды. Доллармен есептегенде орташа айлық жалақының мөлшері бір жылдың ішінде 1,6 есе өсіп, өткен жылдың желтоқсанында 105 доллардай болды. Ал қаңтарда ол небәрі 62,5 доллар болған еді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі атқару органдары, экономикалық құрылымдар, еліміздің басқа да билік тармақтарының органдары 1994–1995 жылдарға арнап қабылданған бағдарламалық құжаттардың негізгі көрсеткіштерін орындау үшін көп іс тындырған деп айтуға негіз береді.

Бірақ бұл өзімізді өзіміз алдарқату үшін ешқандай негіз болмақ емес. Егер белгіленгеннің бәрі толық жүзеге асырылса, оның үстіне Үкімет, әрбір ведомство мен әрбір әкім ойдағыдай жұмыс істесе, онда Қазақстан экономикасы, оның халқының тұрмысы, әрине, бұдан бір саты жоғары болар еді.

Президенттің талай берген тапсырмаларына қарамастан, Үкімет пен Ұлттық банк қазірдің өзінде келеңсіз құбылысқа айналып отырған бірқатар аса маңызды проблемаларды шеше алған жоқ.

Бұл – ең алдымен төлем дағдарысын жою. Мен Үкіметтің есеп беруі кезінде оған ең таяудағы уақыт ішінде шешімін қажет ететін ірі ауқымды, басты міндеттердің бірі осы екенін айттым. Осы бағытта еліміздің қуатты күштері де, үздік ақыл-ойы да шоғырлануы тиіс. Әйтпесе біз бір орынды шиырлап, зор күш-жігермен жасалған өсу резервтерінен айрыламыз.

Үкімет қолайлы және тұрақты инвестициялық ахуалды жасау міндетін өте баяу шешіп келеді. Осы ерекше маңызды сала біресе ұйымдық тұрғыдан, біресе құқықтық қамтамасыз ету жағынан, ал тіпті кейде инвестициялық жобалар мен кепілдіктерді хаттау рәсімдері тұрғысынан сансырап, кемшіліктерден арыла алмай-ақ келеді. Үнемі жаңа ойлар мен әдістер туралы айтылып, пікірталастар өрістеп жатады, бірақ бұл орайда сындарлы, практикалық ұсыныстар өте аз енгізіледі.

Үкіметтің, оның мекемелерінің, билік пен басқарудың басқа да органдарының жұмысында өзге де олқылықтар мен кемшіліктер аз емес. Бірақ ең бастысы – әлеуметтік сала. Үкіметтің тарапынан жалақы мен зейнетақыны төлеуде борышкерліктің келеңсіз практикасы жалғасып жататын болса, мен ешқандай да ақталуды қабыл алмаймын. Өткен жылы біздің жүздеген мың отандастарымыздың бірден-бір және тым қарапайым тіршілік көзі болып табылатын сомаларды төлеуді ұзақ мерзімге кешіктірудің көптеген фактілері орын алды. Қаржысы бола тұрып жалақыны дер кезінде төлемейтін және төлемдерді өтемеу проблемасын қолдан жасайтын

кез келген меншік түріндегі кәсіпорындардың басшыларына Үкімет шара қолдануға тиіс.

Халық тұрмысының әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселелері жөніндегі мен қабылдаған заңдар мен жарлықтардың орындалуына бақылауды Президент Әкімшілігінің аппараты мен Бас прокуратура жүзеге асырады. Қадағалау қатаң әрі тұрақты болуы тиіс.

Реформаның барлық бағыттары, экономиканың әрбір саласында және секторында жүргізіліп жатқан күллі шаралар, сайып келгенде, халық табысының өсуінен, оның материалдық игілігінің жақсаруынан көрінуге тиіс. Бұл – басты буын, тіпті реформалардың бүкіл түйіні. Әйтпесе біз тіпті реформаларды несіне жүргіземіз және бүкіл мемлекетті несіне толығынан қайта құрамыз? Әрбір кезеңде барлық өзгерістердің жүзеге асу тиімділігін осы басты өлшеммен және көрсеткішпен салыстырып отырған жөн.

Реформалардың одан әрі дамуын айқындау үшін менің тапсыруым бойынша Үкімет үш жылдық орташа мерзімді бағдарламаны талдап жасады, оны мен өткен жылдың аяғында бекіттім. Ол өзінің басты мақсаты етіп 1998 жылға қарай инфляцияның жылдық қарқынын 9–12%-ға дейін төмендетуді қойып отыр. Ал үстіміздегі жылға келетін болсақ, онда инфляцияның деңгейі 26 %-ға дейін жеткізілуге тиіс.

Құрылымдық-инвестициялық саясат едәуір күшейтіледі, тиімділігі жоғары және бәсекелестікке қабілетті өндіріске сыртқы және отандық инвестициялардың тасқыны үшін қосымша ынта туғызылатын болады. Атап айтқанда, 1998 жылға қарай осы жылмен салыстырғанда банк кредиті үшін нақты пайыздық мөлшерлемені шамамен алты есе төмендету көзделіп отыр.

Айтқандай, біздің еліміз Халықаралық валюта қорынан және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарынан алған мемлекеттік кредиттер мен қарыздар бойынша 1995 жылдағы өзінің берешегін толық өтеп шықты. Ал бұл анау-мынау емес, бақандай 249 млн доллар. Мұндай ұқыптылық іскерлер әлемінде жоғары бағаланады. Енді Қазақстанның үлкен бизнес әлемінде сенімді әрі сөзге берік серіктес ретіндегі беделі ешқандай да күмән келтірмейді, ал мұның өзі біздің шетелмен іскерлік байланыстарды одан әрі өрістету үшін жақсы кепіл болып табылады.

Үстіміздегі жылы өндірістік кәсіпорындардың реформасы жүзеге асырылады, ал жүргізілетін өзгерістердің салмағын макроэкономикалық деңгейден микроэкономикаға көшіру көзделіп отыр. Біз, былайша айтқанда, жоғары деңгейдегі түсініктермен және категориялармен жұмыс істеп, басқаруға үйрендік. Енді күнделікті істермен етене айналысып, кәсіпорындарымыздың қызметін жандандыруымыз қажет. Мұның өзі мемлекеттік те, жеке де кәсіпорындарға, әсіресе ішкі жалпы өнімнің негізгі бөлігі жасалатын материалдық өндіріс салаларының кәсіпорындарына қатысты. Біздің мемлекетіміздің, тәуелсіздігіміздің негізін құрайтынның бәрін көтеріп, тиімді, нақ сол тиімді нарықтық экономика арнасына салу қажет.

Бағдарламаның басқа да өзекті қырлары – нақты орташа жалақының және тұтастай алғанда халық табысының өсуін қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерін атаулы қолдауды күшейту. Оның «Әлеуметтік саясат» деп аталатын тарауында, бір жағынан, тұрмысы нашарларға көмек көрсетуге, екінші жағынан, кірістерді тежеу мақсатында табысты реттеп отыруға баса көңіл бөлінген.

Үкімет ең кедейлер мен ең байлардың табыстары арасындағы алшақтықты қысқартуға ұмтылуда. Алайда халықтың жеткілікті түрде қамтамасыз етілген, әдетте орта тап деп аталатын едәуір көп әрі бұқаралық жігін қалыптастыруға қамқорлық жасаудың маңызы ерекше. Оған ұсақ және орташа бизнесмендер ғана емес, сонымен бірге мамандар, білікті жұмысшылар, ғалымдар, басқа мамандықтар мен әлеуметтік жіктердің өкілдері кіруі тиіс.

Тұрақты қоғам өзінің дәл осындай орта табымен күшті және соған сүйенеді. Мұндай тап болмаса, кез келген қоғамның тепе-теңдік пен тұрақтылық алуы өте қиын. Бізде мұндай жік әлі жоқ. Ол үшін Үкімет, жергілікті билік орындары оны қалыптастыруға көмектесетіндей шаралар қолдануы қажет. Сондықтан мен әлеуметтік-саяси ахуалды бағалаудың негізгі көрсеткіштері қатарына орта тапты, әсіресе өндіріс саласындағы шағын және орташа бизнестің дамуы есебінен құралатын орта тапты қалыптастыру үдерісін сипаттайтын көрсеткіштерді енгізгім келеді.

Мұнда біздің депутаттық корпусымыз да едәуір маңызды рөл атқаруға тиіс. Біздің «Кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» Заңды жәй ғана қайтадан қарап қоймай, сонымен бірге бүгінгі күннің шындығын ескере отырып, қабылданған заң актілерін түзетуіміз және жаңа заңнамалық актілер топтамасын әзірлеуіміз керек. Мемлекет жеке кәсіпорындарды құру және тұтастай алғанда кәсіпкерлік жолындағы барлық төрешілдік тосқауылдарды алып тастауға тиіс.

Өтпелі кезеңде, барлық қиыншылықтарға қарамастан, азаматтық татулық пен қоғамдық келісімді қолдау ерекше маңыз алады. Басқару және әлеуметтік

бақылау институттарын бүлдірместен қоғамдық өзгерістерді қамтамасыз ететін саяси тұрақтылық – қоғамдық жаңғыртулардың табысты болуының ең бірінші шарты. Сондықтан бүгінгі Қазақстандағы ұлтаралық үйлесім мен әлеуметтік тыныштық – демократияның басты құрамдас бөлігі. Экономикалық өзгертулер мен халықтың әл-ауқатын жақсартудың табыстылығы да осыған байланысты. Ал тұрақтылықты бүлдіруге қызмет ететіндер демократиялық нормалар мен экономикалық реформалардың бағытына кереғар әрекет етеді. Міне, біздің Конституциямыздың мұндай әрекеттерге тыйым салатыны да сондықтан.

Республика үшін бұдан бұрынғы жылдарда саяси саладағы басым бағыт мемлекеттің егемендігін нығайту, саяси жүйенің ұтымды үлгісін таңдап алу болып келді. Бұл жалпы міндетті біз ойдағыдай орындап шықтық, енді өз күш-жігерімізді жекелеген, бірақ бәрібір маңызы айрықша проблемаларды шешуге – демократиялық талаптар рухында адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге жұмылдыра аламыз.

Өткен кезеңде еліміздің жаңа Негізгі заңында жарияланған бұл нормалар нақты мазмұнмен толығы бастады, діни сенім еркіндігі, саяси пікір алуандығы біздің өміріміздің шындығына біржола және түбегейлі енгенін ешкім жоққа шығара алмаса керек. Жаңа Конституцияның жобасын басым көпшілігі сөзсіз қолдаған саяси партиялар мен қозғалыстардың беделі бірте-бірте өсе түсуде. Олар мен Үкімет арасындағы үнқатысу неғұрлым сындарлы сипат алып келеді.

Бұл – демократияның дамуы үшін жақсы алғышарт, сондықтан қол жеткенді баянды етіп, одан әрі ілгері басу үшін бәріміз ойдағыдай жұмыс істеуіміз керек. Ал бұл

үшін биліктің барлық салаларының, қоғамның барлық саяси субъектілерінің саналы ынтымақтастығы қажет.

Елдің серпінді даму кезеңіне шығу үшін, біз пайда болған оңды нышандарды бекітіп, саяси, экономикалық және әлеуметтік ахуалды біржола тұрақтандыруға тиіспіз. Мұны Парламенттің негізгі саяси міндеті деп қараған жөн сияқты және бұл оның қабылдайтын заң актілерінде дәйекті түрде жүзеге асырылуы керек.

Осы орайда мен бір жайды айтпасам болмайды. Елдің Конституциясы Парламенттің заң шығарушы құзыретінің шегін белгілегені мәлім. Бұл дұрыс қадам, өйткені әрбір мемлекеттік орган тек өзіне ғана тән өкілеттіктерді жүзеге асыруға тиіс. Алайда бұл құзырлықтың мазмұны өте кең, сондықтан депутаттардың жұмысы бастан асатын болады, өйткені заңдар біздің мемлекеттігіміз бен қоғамдық өміріміздің барлық негіздерін реттейтін болады. Сонымен бірге Үкімет актілерінің беделі де елеулі түрде өсуге тиіс.

Жаңа заң актілерің, былайша айтқанда, екінші буындағы актілерді қабылдау жөнінде орасан зор жұмыс алда тұр. Бұл, ең алдымен, жаңартылған кодекстердің үлкен бір тобы, оның ішінде Қылмыстық кодекс және Азаматтық кодекстің ерекше бөлігі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы, Неке және отбасы туралы кодекс, Еңбек және Тұрғын үй кодекстері бар. Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу жөніндегі іргелі кодекстерді қабылдау алда тұр, бұлар арқылы сот реформасын жетілдіру қамтамасыз етіледі. Бұларды жай тізіп шығудың өзі төтенше маңызы бар қоғамдық қатынастарды саралап реттейтін осы актілерді қабылдау ғана кез келген заң шығарушы органның абыройын көтеретінін түсіну үшін жеткілікті.

Негіз қалаушы конституциялық нормаларды, ең алдымен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормаларды дамытатын және іске қосатын заңдар тобын тынымсыз, мұқият әзірлеу және қабылдау қажет. Олардың қатарында Парламенттің қолдауына ұсынылған «Митингілер мен шерулер туралы», «Саяси партиялар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдер туралы» және басқа да заңдардың жобалары бар.

Үкімет ұсынған және елімізде нарықтық өзгерістерді одан әрі ілгерілетуді қамтамасыз етуге тиісті экономикалық заң жобаларының тізбесі де едәуір ауқымды. Олардың ішінде «Шаруашылық серіктестіктер туралы» (жаңа редакциясында), «Жеке кәсіпкерлік туралы», «Бюджет жүйесі туралы», «Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы» жобалар бар. Біздің салық жөніндегі заңымызды жетілдіретін, экономиканың басқа да көптеген проблемаларына көзқарасты қайта қарайтын кез жетті.

Парламент әлеуметтік қатынастарды реформалау жөнінде де маңызды рөл атқаруға тиіс. Мен Үкіметке зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалау жөніндегі, жұмыстылық, өндірістегі жазатайым жағдайлардан және кәсіби аурулардан міндетті түрде сақтандыру туралы, әлеуметтік серіктестік туралы, азаматтарды міндетті әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамаға, басқа да көптеген актілерге түзету жасау жөніндегі заң жобалары бойынша ұсыныстар әзірлеу туралы тапсырма бердім.

Парламенттің заң шығарушы қызметінің елеулі бөлігі мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қамтама-

сыз етуді реттейтін, біздің мемлекеттік және қоғамдық институттарымызды ұйымдастыру мен олардың қызметін реттейтін заңдардың жобаларын талқылаудан тұруға тиіс екені табиғи нәрсе. Бұл арада табиғатты қорғау, өрт және жол қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс, атом қуатын пайдалану, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың қызмет етуі, жергілікті өзін-өзі басқару, нотариат және адвокатура органдарының жұмысы, дипломатиялық және консулдық қызмет пен басқа да мәселелер ескеріліп отыр. Оның үстіне бұрын қабылданған заңдарды еліміздің жаңа Конституциясына сәйкестендірумен байланысты қызметтің орасан зор көлемі алда тұр.

Жаңа жағдайда біздің заңнамамызда орын алып отырған жайды бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің дамуының ұзақ мерзімді үрдістері мен келешегін ескеруге, болашаққа деген өзіндік бір болжамды қамтуға, көпұлтты халқымызды болашақ ұрпақтардың игілігі үшін қарқынды жұмыс істеуге бағдарлауға, азаматтардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеуге тиіс.

Парламенттің мемлекеттік биліктің басқа тармақтарымен өзара қарым-қатынасының сипаты маңызды мәселе болып қала береді.

Дүниежүзілік практика, сондай-ақ біздің қазақстандық тәжірибеміз де бұл проблеманың қашанда көкейкесті болып келгенін және болып қала беретінін көрсетіп отыр. Оны шешудің іргетасы – тежемелік пен теңгермелік жүйесі арқылы жүзеге асырылатын билікті бөлу қағидаты. Бұл қағидат билік тармақтары дербес әрекет ететін, біреуінің есесінен екіншісін күшейтуге және бір-бірінің құзырлығына араласуға жол

бермейтін өзара бірлескен іс-әрекетті көздейді. Парламенттің биліктің басқа тармақтарымен, ең әуелі атқарушы билікпен қатынастарында тепе-теңдік пен конституциялық шеңбердің сақталуына Президенттің жеке өзі қамқорлық жасайтын болады, ал оған мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөнінде конституциялық міндет жүктелген. Мен үшін биліктің барлық тармақтарына деген бірдей көзқарастың болғаны, Парламенттің де, Үкіметтің де жоғары мәртебесін қолдау, оларға деген еліміздегі құрмет өте маңызды.

Билік пен қоғамның арасындағы өзара қарым-қатынастың даусыз шындығы мынаған саяды: билік және, атап айтқанда, оның заң шығарушы тармағы тиімді әрекет етсе, қабылданған заңдар шындыққа сай келіп, бір-біріне қайшы келмейтін болса, онда азаматтардың бастамашылығына кең өріс ашылады, сонда ғана қоғамның табысты дамуына, оның экономикалық және әлеуметтік кемелденуіне үміт артуға болады. Ал бұл ретте мемлекет, өзінің заңдарымен қоса – қашанда қоғамдық келісімнің нәтижесі әрі соның өнімі, демек – кез келген қоғамда әрқашан болып жататын түрлі бағыттағы үдерістерді үйлестіретін өзіндік бір мәміле.

Өкінішке орай, бұл шындық дәйім дер кезінде игеріле бермейді. Әсіресе басым бөлігі қағидаттарға ойсыз бас ұру, «көнбіс зиялыларға» деген немқұрайды көзқарас, алуан түрлі мәмілелерге жек көріп қарау ахуалында тәрбиеленген біздің қоғамда солай. Қазір біздің көпшілігіміз үшін осынау ымырасыздықтың салдарынан қаншама көп рухани құндылықтардан, қаншама көптеген адамдардан айрылғанымыз түсінікті

болар. Мұның салмақты да өкінішті айғақтарының бірі – кеңестік және социалистік дәуірден кейінгі кеңістіктегі «ыстық нүктелер».

Біз тек қазір ғана барынша лайықты, тіпті қазіргі заманғы адамзат қоғамдастығының бірден-бір ықтимал күйі ретіндегі мәміленің мәнін түсініп бағалай білуді, баяу болса да, үйрену үстіндеміз. Сондықтан заң шығарушы адамдар бір мезгілде білікті заңгерлердің де, данағөй әлеуметтік сарапшылардың да, сезімтал психологтардың да, ісі мен әрекетінде еш мін жоқ шенеуніктердің де қасиеттеріне ие болуы тиіс екені әбден айқын.

Ағымыздан жарылып айтсақ, мұндай мұраттардан әлі де алыс екенімізді мойындағанмыз жөн. Ежелгі және қалыптасқан демократиялық дәстүрлері бар елдердегі азды-көпті пәрменді әрекет етіп отырған сайлау үдерісінің тетіктері мен ресімдері біздің жағдайымызда заң шығару жұмысы үшін барынша қабілетті адамдарды іріктеп алуды әзірше қамтамасыз ете алмайды. Қоғамдық сананың жайы да, саяси институттар да біздің заң шығарушыларымыздың шын мәніндегі кәсібилігін қамтамасыз ететіндей деңгейге жеткен жоқ және жете қоюы да мүмкін емес еді.

Дегенмен бұл ахуалда түңілетіндей ештеңе жоқ. Күллі адамзат бұған сан ғасырлар бойына үйреніп келеді, біз де үйренеміз. Оның үстіне бізге, бәлкім, оңайлау тиер, өйткені біз басқа елдердің, әлемдік қоғамдастықтағы бауырластарымыздың тәжірибесіне ие болып отырмыз. Үйрену айып емес, қараңғылықта қалып, одан құтылып шығуға әрекет етпеу айып.

Біздің жаңа Парламентімізге жасы, кәсібі, әлеуметтік және саяси бағдары, кәсіби даярлық деңгейі жағынан

әртүрлі адамдар келді. Бұл оларға оңай да жарқын өмірді бере қоймас. Бәлкім, мұның өзі жаман да болмас. Шынайы парламентаризм халықтың түрлі жіктерінің мүдделері тоғысқан, пікірлерінің сан алуан бояулары үйлескен, еркін шығармашылық ахуалы үстемдік еткен жерде ғана туындайды. Оның үстіне сапалы заң шығару үдерісі үшін сындарлы саяси оппозицияның болғаны да пайдалы, өйткені ақиқат айтыста ашылады ғой. Парламент шаңырағының астында қызу айтыс пен пікір сайысы буырқанып жатсын, бірақ олардың қоғамымызды шайқалтатындай толқынның туу себебіне айналмауы маңызды.

Егер саяси айтыстар Парламент қабырғасынан көшеге шығып кетсе, сол жаман. Олар кенет Үкіметті де шарпыса, бұл да жаман. Үкімет – атқарушы орган, ол саясаттан тыс болуға тиіс. Үкіметтің ойдағыдай жұмыс істеуі үшін бекем де кемел құқықтық арқау, заңдардың тұрақтылығы және қандай да болсын саяси күрестен аулақ болу аса қажет. Оның өз мақсаттары бар: елдің заңдарын сақтай отырып, экономика мен әлеуметтік қатынастар саласындағы нақты міндеттерді шешу жөніндегі күнделікті жұмысын атқару. Осы жұмыста Үкімет өзінің күш-жігерін қолдауға ділгер.

Биліктің екі тармағының әрқайсысы – заң шығарушы және атқарушы тармақтары – өзара байланысты болса да, мүлдем өзгеше міндеттерді атқарады. Олар бір-біріне кедергі жасамай, қайта көмектесіп отырса, арқан тарту ойыны тәрізді әрекетке бой алдырмай, ортақ жүкке жегілсе, онда іс қалыпты әрі ойдағыдай жүретін болады.

Таяуда мен Ресейдің алғашқы Мемлекеттік думаларының стенографиялық есептерін қарап шықтым және

XX ғасырдың аясындағы қазіргі проблемалар осы ғасырдың басындағы проблемаларды айнадағыдай қайталайтынына қайран қалдым. Олар Ресейдің мемлекеттік құрылысының, негізгі заңдардың жаңа редакциясының мәселелері екен және олар елдің жоғарғы, жарлықшы және заң шығарушы биліктерінің өзара қарым-қатынасының сипатын және елдің саяси құрылысы мен жер қатынастарының сипатын айқындаған. Заң шығарушы екі жиналысты таратумен және Мемлекеттік думаның әлеуметтік-саяси бейнесін өзгертумен байланысты туындаған ұйымдық-саяси проблемалар да және сол кездегі атқарушы билікпен оның жанжалдары да ұқсас.

Осы материалдарды оқи отырып, осының бәрін енді бүгінгі өзіміздің өмірімізден көріп-біліп жүргеніңді ұдайы сезінесің. Заң шығарушы биліктің мақсатқа сәйкестігі мен пәрменділігі туралы сол баяғы бітпейтін даулар. Мынадай ұқсас мысал келтірейін: 1908 жыл, III Мемлекеттік думаның – толық мерзімінде жұмыс істеген Думаның – бір депутатының сөзі. Ол былай дейді: «Өкілетті мекеме енгізілген жағдайда алғашқы палаталар әдетте жұмысты жаман істейтіні баршаға белгілі. Германияда тек 9-шы Рейхстаг (парламент), Италияда тек 11-ші палата іске ойдағыдай кірісе алды, біз Австрияның палатасы да жұмысқа мүлдем қабілетсіз екенін көріп отырмыз».

Осының бәрі бұдан 90 жыл бұрын болып өткен. Бірақ бұл бұқаралық ақпарат құралдарында біздің жаңа Парламентіміздің тиімділігі жөнінде көтеріліп жатқан бүгінгі науқанға қалай ұқсайды десеңізші.

Дегенмен, бізді тарихтың дөңгелегі сол бір проблемаларға қайта-қайта оралтқанымен, алыста қалған өткен

күнге көз жүгірте берудің қажеті жоқ. Ең алдымен жоғарғы өкімет қызметіне ие болмақшы саяси институт ретіндегі парламенттің негізсіз талаптарына қайтып оралтады.

Біз биліктің түрлі тармақтары арасындағы тепе-теңдік мәселесіне қайта-қайта орала береміз. Әр ретте осы тепе-теңдікті бір жағына қарай ауытқытып алудың қаупі туып отырады.

Мемлекеттік биліктің түрлі институттарының өз өкілеттіктерін кеңейту үшін жанкешті күресі көптеген елдерді өткенде және қазірдің өзінде елеулі сілкіністерге және апаттарға әкеліп соқты және әкеліп соғуда.

Мысалы, 1917 жылғы Ресей мен Мемлекеттік думаның осы үдерістегі рөлін алайық. 1930 жылдарда Германиядағы Рейхстагтың саяси балаң бойкүйездігі, өкіметтің әлсіздігі фашизмнің келуіне әкеліп соқты. 1993 жылғы қазандағы Ресейді алайық. Беларусь пен Украинадағы парламенттердің бүгінгі таңдағы тайталасы ше? Бұл тізбені одан әрі жалғастыра беруге болады.

Бізге мұндайдың қажеті жоқ. Әрі мен өз міндетімді қалай болғанда да осындай келеңсіздікке жол бермеу деп білемін – ол мейлі Парламентті тарату немесе Үкіметті орнынан түсіру болсын – бәрі бір. Мұның екеуі де Қазақстан Республикасының қазір қолданыстағы Конституциясында көзделген.

Иә, елдің Негізгі заңында Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіру құқы көзделген. Бұл – заң шығарушы және атқарушы билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастардың тежемелік және теңгермелік жүйесінің ажырағысыз элементі, жағдай талап еткен ретте депутаттар атқарушы билікті жауапқа шақыра алады. Сонымен қатар мұндай құқының болуы олар-

дың иесіне өз ісі мен әрекеттеріне мейлінше жауапкершілікпен қарауды міндеттейді. Осыған байланысты мен депутаттардың атқарушы билікпен тіл табыса жұмыс істейтініне сенемін. Оның үстіне енді Үкімет те Парламентке ықпал етудің конституциялық тұтқаларына ие. Ол Президент арқылы бірінші кезекте қаралуға тиіс заңдарды айқындай алады, өзіне сенім көрсетілуі туралы мәселені көтере алады, мұның өзі Парламентті белгілі бір жағдайға тірейді. Және, ақыр соңында, Парламент бюджет қаржысының жұмсалуды туралы мәселені тек Үкіметтің келісімімен ғана қарауға ұсына алады.

Республика Конституциясы өкілетті органдардың бұрынғы біртұтас кеңестік жүйесін түпкілікті жойды, сонымен бірге Парламенттің заң шығарушы қызметінің өңірлік қырларын ескере отырып, жергілікті өкілетті органдар ретінде мәслихаттар Парламенттің жоғарғы палатасын құрады деп көздеді. Бұл орайда бәрі де – сенаторлар да, Мәжіліс депутаттары да – жалпы мемлекеттік мүдделерді ойлауы, олардың өңірлік мүдделермен жарасымды ұштасуын көздеуі маңызды. Сол арқылы Парламенттің республика жергілікті өкілетті органдарымен қарым-қатынасындағы қатар бағыныштылық қағидаттарына ешқандай қатысы жоқ, мүлдем өзге жүйесі қалыптастырылуда.

Елдің жаңа Конституциясынан туындайтын сот билігі жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер Парламент пен сот органдары арасындағы қатынастарға да өзгерістер енгізді. Ендігі жерде депутаттар корпусы судьяларды сайлау кезінде, бұған дейінгідей ойланбастан дауыс бере салмайды, Жоғары сот кеңесі мен Әділет біліктілік алқасы арқылы судьялар корпусын қалыптастыруға нақты және пәрменді түрде қатысатын болады.

Соттарда бос орын санының айтарлықтай көп екенін және сапалы жаңа судьялар корпусын қалыптастыру қажеттігін ескеріп, аталған органдарға Парламент өкілдерін жіберу мәселесін көп ұзатпай шешу қажет. Бұл – Конституцияның талабы. Онда Жоғарғы сотты сайлау Сенаттың құзырына берілген, ол Президенттің ұсынысы бойынша жүзеге асырылады. Бұл сот билігінің жоғары буынын қалыптастыруға Парламенттің құқықтық мемлекет үшін дәстүрлі қатысуын қамтамасыз ету қажеттігімен байланысты.

Конституция жаңа мемлекеттік орган – Конституциялық кеңесті құрды. Қазақстандағы мемлекеттік құрылыс практикасы мен қазіргі шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, конституциялық сот үлгісі Конституцияны сот тұрғысынан қорғау органы ретінде өзін дәйім ақтап отырған жоқ. Елдің тағдыры бүкілхалықтық сенім мандатын иеленбеген бір топ адамның ерік-жігеріне толайым тәуелді болмайды және болуға да тиіс емес. Конституциялық кеңес елде конституциялық заңдылық тәртібінің қамтамасыз етілуіне жәрдемдесетін болады. Ол қабылдайтын шешімдердің әділетті болуы үшін, осы мемлекеттік органды қалыптастыруға Президент те, өз палаталарының басшылары арқылы Парламент те қатысады.

Мәртебесі мен ұйымдастырылуы бойынша елдің мейлінше жаңа заң шығарушы органының орнауы заң шығару бастамасы құқығының институтында өзгерістер туғызды. 1978 жылғы Конституция бойынша бұл құқыққа кім қаласа соның бәрі ие болғаны белгілі. Бірақ ешкім де оны жүзеге асыра алмады. 1993 жылғы Конституция осындай құқыққа ие субъектілер тізбесін шектеді, алайда проблеманы ақырына дейін шешкен

жоқ. Нақ осы себепті елдің жаңа Конституциясы заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асырудың өзге тәртібін белгілейді. Үкімет заң шығарушы бастаманың субъектісі ретінде тікелей парламентшілермен жұмыс істейтін болады. Конституция мемлекет басшысының заң шығару үдерісіне ықпал ететін тиісті тұтқаларының болуын көздейді, сондықтан мен, мемлекеттік қажеттілікке қарай, оларды пайдаланатын боламын. Бұдан басқа, Парламенттің екі палатасына менің өкілдерім тұрақты қатысып отыратын болады, солар арқылы мен депутаттар корпусымен байланысты қамтамасыз етпекшімін. Мен шығарған «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Жарлық жалпы алғанда елдің жаңадан сайланған жоғары заң шығарушы органы қызметінің негізгі ұйымдық мәселелерінің көпшілігін шешеді. Бұл оның ұйымдық қалыптасуы кезеңінің мейлінше қысқа және мүмкіндігінше жеңіл өтуіне жәрдемдесетін болады. Мен депутаттарға қалыпты жұмыс пен тұрмыс жайын ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлардың барлығы жасалуын қадағалап отырдым. Мүмкіндік шегіне қарай мұндай жағдайлар жасалды – кабинеттер, тұрғын үй, көлік әзірленген, еңбекке ақы төлеу айқындалған және тағы басқа мәселелер шешілген.

Егер тағы қандай да болсын мәселелер туындап жатса, олар жұмыс барысында бірлесіп шешіледі. Ал ұйымдық тұрғыдан алғанда, мынадай елеулі жәйт бар: палаталардың заң шығару үдерісі барысындағы тиімді де үзіліссіз өзара іс-қимылын әу бастан жолға қою аса маңызды. Депутаттар жұмысының түпкі нәтижелілігі де осыған байланысты. Белгілі бір заң шығару міндеттерін екі жақтан да шешуге тиіс Парламент палаталарының

ішкі алауыздық пен айтыстарға белшесінен батып қалуына жол беруге болмайды.

Еліміздегі биліктің барлық жүйелері, олардың қайсыбір тармағын алып қарасаңыз да, көпұлтты халқымызды бейнелейді, оның мүддесі мен үмітін білдіреді. Биліктің барлық тармақтарының мақсаты бір және басталған істің нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында бірдей жауапты.

**Ресей, Қытай, Қазақстан, Қырғызстан және
Тәжікстан арасындағы шекара ауданында әскери
саладағы сенімді нығайту туралы келісімге қол
қойылуына байланысты**

МӘЛІМДЕМЕ

Қытай Халық Республикасы,
Шанхай қаласы,
1996 жылғы 26 сәуір

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Бүгін бес мемлекеттің басшылары қол қойған шекара ауданындағы әскери салада сенімді нығайту туралы Келісім Азия-Тынық мұхит өңіріндегі осындай әскери-саяси деңгейдегі және географиялық ауқымдағы тұңғыш құжат болып отыр. Осынау бірегей Келісімнің әрекет аясына өзара бақылауға алынуға, ал болашақта қысқартылуға да тиісті орасан зор әскери әлеует тартылған. Әлбетте, бұл сияқты әрекет Азия-Тынық мұхит өңірінде және тұтастай жер бетінде бейбітшілік пен

тұрақтылықты сақтау мен одан әрі нығайтуға оң ықпал етері сөзсіз.

Бұл Келісім біздің елдеріміздің арасындағы екіжақты және көпжақты байланыстарды дәйекті әрі жемісті түрде дамыта берудің берік құқықтық негізін жасайды.

Бұл қадамның бірегейлігі 5 мемлекеттің ұзаққа созылған келіссөз үдерісінің барысында әскери саладағы сенім шаралары бойынша пәтуға келу сияқты шетін проблеманы шешудің тұжырымдамалық ортақ көзқарастарын таба білгендігінде. Бүгін толық бейнесін тауып отырған мәселелердің кең көлемдегі шеңберін келістіруде жоғары кәсіби біліктілік таныта білген барлық 5 мемлекет делегацияларының да мүшелеріне алғыс айтқым келеді.

Бұл құжаттың тағы бір артықшылығын атап көрсету маңызды деп білемін. Құжатта оны орындау мен өзара бақылау жүргізу рәсіміне байланысты барлық мәселелер мен мерзімдер мейлінше толық бейнеленген. Осының өзі Келісімге атқарушылық және пәрменділік сипатын береді.

Орайлы сәтті пайдаланып, Қазақстанның Азия құрлығындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған сыртқы саясатының дәйектілігі мен өзгермейтіндігін, ал біздің ҚХР-мен достық және тату көршілік орнату жөніндегі мызғымас саясатымыз осыған қызмет ететінін атап айтқым келеді. Сондай-ақ бұрын-ақ ұсынылып, көптеген мемлекеттердің қолдауына ие болған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру туралы қазақстандық бастама да осы мақсатқа жетуді көздейді. Бұл идеяны қолдаған барлық 4 мемлекеттің де басшыларына шынайы риза-

шылығымды білдіргім келеді. Бүгінгі тарихи құжатты дайындау кезіндегідей бірлескен күш-жігер арқылы ғана бейбіт, қауіпсіз және тұрақты Азияны құрып, біртіндеп азиялық ортақ рынокқа қарай қадам басуға болатынына сенімдімін.

**Қазақстан халықтары Ассамблеясының
III сессиясында «Қоғамдық келісім –
Қазақстанның демократиялық дамуының
негізі» тақырыбында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1996 жылғы 29 сәуір

**Құрметті Қазақстан халықтары
Ассамблеясының сессиясына қатысушылар!**

Бүгін Президенттің өкілдіктерін ұзарту жөніндегі жалпыхалықтық референдумға тура бір жыл толды. Ал одан 4 айдан соң елдің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде референдум өткізілген болатын. Осы тарихи оқиғалардың екеуіне де Қазақстан халықтары Ассамблеясының шешімімен қолдау көрсетілген-ді.

Сондықтан бүгінгі күннің өте маңызды мәселелерін талқылауды бастамас бұрын барлық қазақстандықтарға,

Қазақстан халықтары Ассамблеясының бүгінгі сессияға қатысып отырған, сондай-ақ республиканың барлық түкпірлерінде еңбек етіп жүрген өкілдеріне елдегі саяси және құқықтық жағдайды өзгерткен қиын-қыстау 1995 жылдың сол бір күндерінде көрсеткен қолдаулары үшін шынайы алғысымды білдірсем деп едім.

Әдетте біз жоғалтқан нәрсемізді ғана бағалайтынымыз бар. Әрине, саясат шартты рай дейтінді білмейді, бірақ осыдан бір жыл бұрын Қазақстанда тұңғыш референдум өтпеген болса, бүгін не боларын көз алдымызға елестетіп көрейікші.

Біріншіден, біздің алдымызда, әрі Парламенттің жоғында, сайлау алдындағы 2 жылдық талас-тартыс күтіп тұрған болар еді. Бәріміздің де экономикалық реформалар мен әлеуметтік проблемаларға қарайтын жағдайымыз болмас еді. Ел әншейін сайлау алдындағы ұзақ алашапқынға түсіп, оның барысында орындалмайтын уәделер үйіліп-төгілер еді.

Екіншіден, біз жаңа Конституцияны қабылдай алмас едік, неге десеніз, Президенттің бағытын халық қолдамайынша, күллі мемлекеттік-құқықтық жүйедегі іргелі өзгерістерді ұсыну саяси жағынан дұрыс болмас еді.

Үшіншіден, Қазақстанның нақты және дәйекті интеграцияшыл бастамалары мүмкін емес еді.

Біздің ықпалдасушылық проблемалары жөніндегі табанды ұстанымымыз елдегі ішкі саяси тұрақтылықтың арқасында ғана мүмкін болды. Нақ соның себебінен Қазақстан интеграциялық қиялдарға да берілмей, дезинтеграциялық шамшылдыққа да салынбай, кез келген келісімге байыпты, іскерлік тұрғыдан қарайды.

Ақыр соңында, сыртқы жағдайларды да ескермеуге болмайды. Ресейдегі сайлау алдындағы тайталас пен

Президент сайлауына бағытталып, жоғары деңгейде, соның ішінде Мемлекеттік дума деңгейінде қабылданатын шешімдер әртүрлі себептермен Қазақстандағы да қоғамдық көңіл күйге әсер етеді.

Бүгін біздің республикамыз да сайлауалды алашапқының қызған шағында тұрса, онда КСРО-ны қалпына келтіруді көксеушілер желікке жел бере түсу үшін жағдайды барынша пайдаланып қалары даусыз еді.

Сондықтан бұл шешімді қабылдарда мен жеке басымның қамын ойламағаным баршаңызды батыл түрде сендіре аламын. Меніңше, бұл енді жұрттың көбіне түсінікті болар деймін.

Конституция бойынша референдумға келер болсақ, оның ел үшін іргелі маңызы болды. Бұрынғы Конституция өте қайшылықты болатын. Мейлінше өркениетті біртұтас қағидаттарды жария еткенде, ол сонымен бірге іс жүзінде экономикалық және саяси қатынастардың кеңестік құрылымын сақтауға тырысқан еді. Ал жаңа Конституция, шын мәнінде, күллі мемлекеттік-құқықтық жүйені өзінің негізгі өлшемдері бойынша қоғамның нақты жағдайымен сәйкестендірді. Бүгін бізде мемлекеттік биліктің құрылымдарындағы кез келген қайшылықтарды шешудің айқын рәсімдері бар. Тәуелсіздіктің алғашқы 4 жылында қоғам тіл, мемлекеттілік сипаты, жерге меншік мәселелері бойынша алауыздықта болғанын ұмытпау керек. Елдің жаңа Негізгі заңында осы мәселелердің бәрі барынша жөнді шешіліп, соның арқасында бұл проблемалар бойынша шиеленіс жойылды.

Конституция іс жүзінде барлық билік тармақтарының, азаматтық қоғам мен мемлекет институттарының арақатынасының осы заманғы негіздерін салып берді.

Осының бәрі – орасан зор мәні бар мәселелер, дегенмен ең бастысы – біз нарықтық және құқықтық мемлекет құрылысының құқықтық іргетасын дер кезінде қалай алдық. Мемлекеттік-құқықтық реформаны ілгері бастырудың қарқынынан айырылудың салдары бүгінде өте ауыр болар еді.

Егер құқық аясындағы өзгерістер жанама түрде және кешеуілдеп білінсе, онда экономикадағы жағдай біздің миллиондаған отандастарымызға жалма-жан әсер ететін болады.

Бүгінде социализмге қайта оралуды аңсаған үндер жиі естіліп қалады. Қане, егемендікке енді ғана қолымыз жеткен 1990-шы жылдардың соңын еске түсірелік. Салыстыру толығырақ болуы үшін, 1991 жылдың аяғы мен 1992 жылдың басында «бос сөрелер экономикасы» деп тауып айтылған экономика қандай күйде болғанын да еске түсірейікші.

Ол созылмалы ауруға ұрынған, ақшаның өзі шын мәнінде түкке тұрмайтын, инфляция жабық түрден ашық түрге көшкен, барлық қолданылып жатқан шараларға қарамастан, баға әкімшілік бақылаудан шығып кеткен кетеусіз экономика болатын. Ақшасы бола отырып, халық та, кәсіпорындар да қажетті тауарлар мен өнімдерді сатып ала алмайтын.

Өмірлік маңызы бар тауарларды алу үшін, ұзыннан-ұзақ адамдар кезегі күнделікті және барлық жерде де үйреншікті жағдайға айналды. Бұл кезектерді милиция топтары үнемі қоршауға алатын. «Қара» базар, тауарларды жабық бөлу жүйесі жосықсыз өршіп кеткен-ді.

Өнімдерді қор арқылы бөлудің бұрынғы тұтқалары ұдайы істен шығып, тауарлар халықтың көптеген топ-

тарына жетпей жатты. Ақша мен тауар массалары арасындағы сәйкессіздік экономиканы қопару қаупін туғызды. Енді осының бәрін неге тез ұмытамыз?

Ал қазір жағдай мүлдем басқаша, рынок алуан түрлі тауарларға толы. Магазиндердің желісі күрт өсіп, кезектер жойылды. Азық-түлік пен киім-кешекті, шын мәнінде дүние жүзінің кез келген нүктесінен келген электроника мен жиһазды сатып алу қиын емес.

Ақшаң болса болғаны, бірақ қазір оған байланысты проблема көп. Мемлекет бюджеттен алынуға тиіс төлемдерді, еңбекақы мен зейнетақы төлеуге байланысты мәселені шешеді. Бұған аздаған уақыт керек.

Ал басқалар үшін бұл қағидатты түрде жаңа сападағы экономикаға, нарықтық экономикаға тән проблема, онда әрбір адам өзінің тұтыну қабілеті қаржы таба ала білу қабілетіне, іскерлігіне, білігі мен еңбексүйгіштігіне байланысты екенін жақсы түсінуге тиіс.

Соңғы жылдары еліміздің макроэкономикалық тұрақтану үдерісінде қол жеткен табыстарын айтпай кеткен жөн болмас. Бұл орайда есте болатын нәрсе: Қазақстан реформаны шын мәнінде 3 жылға жетпейтін уақыт ішінде, яғни теңгенің айналымға енгізілген күні – 1993 жылғы қарашадан бастады.

Өткен жылы инфляцияның деңгейін едәуір төмендетіп, біз оны басуды үстіміздегі жылы табысты түрде жалғастырып келеміз. Биылғы бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша Қазақстанда ол ТМД елдерінің ішінде ең аз мөлшерде болып отыр. Инфляцияның қарқынын тежеп, біз ең бастысы – тиянақталған табысы бар адамдарды әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың негізгі тұтқасын іске қостық. Ал бұл санатқа негізінен халықтың кедей топтары: зейнеткерлер, студенттер,

бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері жатады. Ең алдымен инфляциядан зиян шеккен кімдер? Нақ осы адамдар, өйткені табыс инфляция өскен қарқынмен бірдей өсе алған жоқ.

Оның үстіне, биылғы жылы бюджетке байланысты жағдайдың өткірлігіне қарамастан, біз бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуді екі еседей арттыруға бардық. Ал мұның өзі болжамды инфляцияны ескергенде тіркелген табысы бар адамдардың нақты еңбекақысы мен табыстарын 50–60 %-ға өсіру дегенді білдіреді.

Қанша қиын болғанымен, біз биылғы жылдан бастап ақшалай салымдар мен жинақ ақшаны индекстеуге кірістік. Мұны халқымыздың ең кедей және жұмысқа қабілетсіз топтарынан – соғыс мүгедектері мен оған қатысқандардан бастадық. Үкіметтің алдында зейнетақы төлеу проблемасын шешу және келесі жылдан бастап зейнеткерлердің басқа категорияларының салымдардан шеккен зиянының орнын толтыру міндеті тұр.

Ұлттық валюта құнының тұрақтана бастауы жағдайында еліміз бойынша нақты орташа еңбекақы доллармен есептегенде ұдайы өсіп келе жатқанын атап өткен жөн. Бүгін таңда Қазақстан осы көрсеткіш бойынша ТМД елдерінде алдыңғы орындардың бірінде сенімді түрде келе жатыр. Әрі Үкіметтің жоспары бойынша бұл көрсеткіш ұдайы өсе түспек.

Мұның өзі жұмыс күшінің біздің республикадан басқа аймақтарға, ең алдымен Ресейге көшіп кетуін азайтып, шекаралас облыстардағы көптеген кәсіпорындардың жағдайын тұрақтандыруға жәрдемдесті.

Алғаш рет саудадағы оң балансқа қол жеткізу, экспорттың күрт өсуі экономикадағы қуанышты оқиғалар болып отыр. 1995 жылғы экспорт импорттан 1 млрд 250 млн долларға асып түсіп, 64 %-ға өсті. Өнім экспортын арттыруда агроөнеркәсіп кешені елеулі рөл атқарғанын ерекше атап өткен маңызды. Бұл салада өткен жылы ішкі және сыртқы сауданы күрт жандандыруға көмектесетін түбегейлі реформалар жүзеге асырылды. Доллармен есептегенде АӨК өнімінің экспорты 1995 жылы оның алдындағы жылмен салыстырғанда 2,5 еседей өсті, сөйтіп импорттан алғаш рет 1,7 есе асып түсті. Осының бәрі ұлттық валютаның құнын тұрақтандыруға, экономикадағы қаржы жағдайын жақсартуға жұмыс істеп келеді.

Инфляцияның төмендеуімен қоса алғанда мұның өзі халықтың банктердегі салымдарының өсуіне, ақша жинақтау үдерісінің басталуына, демек, өндіріске инвестиция салудың алғышарттарын жасауға, «инфляциялық» экономикадан инвестициялық экономикаға көшуге мүмкіндік жасайды. Тек 1995 жылы ғана халықтың салымдары 5,4 млрд теңгеден 12,7 млрд теңгеге артты, яғни бір жылдың ішінде 2 еседен астам өсті.

Осы әлеуметтік-саяси міндеттерді шешуге өндірістегі белең алған тұрақтану үдерісі, экономиканың барлық салаларындағы қаржы тәртібін күрт қатайту жәрдемдесті.

Кәсіпорындарды реформалау, жекешелендіру жөніндегі батыл шаралар енді үмітсіз қалды-ау дейтін бірқатар учаскелерде өндірісті жандандыруға мүмкіндік берді.

Кәсіпорындарды жандандырудың кейіннен жекешелендіру мақсатымен сенімгерлік басқаруға беру сияқты

калыптан тыс пішіні шетелдік инвестициялар мен жұмысшы капиталын тартуға ғана емес, сонымен бірге жұмыспен қамту, еңбекақыны көтеру, өндіріс пен өнім экспортының көлемін арттыру мәселелерін шешуге де мүмкіндік берді. Жүргізіліп жатқан реформалар саясатының арқасында соңғы бірнеше жылдың ішінде ғана Қазақстан экономикасына шетелдік компаниялар 2 млрд доллардан астам қаржы құйды, ал бұл биыл және келесі жылдарда өзінің жемісін береді.

Мұның үстіне, бірқатар ірі кәсіпорындарда жүзеге асырылған реформа саясаты еліміздегі макроэкономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайға игі ықпалын тигізді.

Әлеуметтік-экономикалық саладағы күрделі әрі сан қырлы проблемаларды, жіберілген қателіктер мен субъективті кемшіліктерді, халық алдындағы зейнетақы, еңбекақы бойынша қарыздарға, қылмысқа қарсы күреске және басқаларға байланысты проблемаларды жоққа шығару жөн болмас еді. Қол жеткенді жоққа шығарып, экономиканы Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасын қайта құру арқылы басқарудың күні өткен тәсілдеріне шақыру қазіргі заманғы дүниеде болып жатқан құбылыстарды мүлдем түсінбеу болар еді.

Мұны айтып тұрған себебім біздің ең жаңа саяси тарихымыздағы Қазақстан халықтары Ассамблеясының тұрақтандырушы және жұмылдырушы рөлінің айқын екеніне байланысты. Сондықтан зор қоғамдық маңызы бар проблемалар – еуразиялық интеграцияшылдықты дамыту, қоғамды демократияландыру және жаңа азаматтық біркелкілікті құру да бүгінгі жоғары форумда талқылануға тиіс.

1990-шы жылдардың басында Достастық мемлекеттерінің көпшілігінде үлкен Еуропаға немесе үлкен Азияға тезірек кіру мүмкіндігі туралы көзқарас болатын. ТМД-ның кейбір елдерінде Батысқа немесе Шығысқа тезірек кірігуге ұмтылыс, шетелдік көмекке деген үміт пен сенім сол кездің өзінде қолда бар әрі ондаған жылдар бойы пысықталған шаруашылық байланыстарды сақтаудың қажеттігін көлегейлей берді. Мұндай көзқарас Достастықтың өзіндегі интеграциялық үдерістерді тежеп, экономикалық проблемаларды тереңдете түсті.

Нақ осыған байланысты 1994 жылғы ерте көктемде Еуразиялық Одақты құру идеясы пайда болды. Түрлі күштердің – кеңестіктен кейінгі кеңістікті тезірек интеграциясыздандыруды жақтаушылардан бастап КСРО-ны қалпына келтірудің қызба мінезді жақтаушыларына дейін осы идеяға ашықтан ашық қарсы әрекет көрсетуіне қарамастан, ол Еуразияның кең байтақ кеңістігіндегі интеграциялық үдерістердің неғұрлым шынайы үлгісі бола білді.

Бүгін таңда жаңа интеграцияшылдықтың Еуразиялық Одақ атымен немесе басқа атпен дамитыны маңызды емес. Ең бастысы үдерістің мәні мен мағынасы болса керек.

Қазір біз Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей шартына ие болып отырмыз, мен оны қысқартып «4+N» шарты деп атадым. Орталықазиялық Одақ, Кеден одағы, Беларусь пен Ресей екі жақты қоғамдастығы. Осының өзі интеграцияның көп қабаттылығын, көп деңгейлігін білдірмей ме?

Біздің түсінігіміздегі интеграцияның басқаша бір шарты – тәуелсіз мемлекеттердің интеграциясы. Қазақстан өзінің саяси тәуелсіздігін қозғамайтын инте-

грацияның кез келген түріне әзір екенін мен әралуан деңгейде талай рет мәлімдеген болатынымын. Біздің республика бұрынғы біртұтас мемлекетті қандай да болсын бір түрде, ең алдымен еліміздің Конституциясын басшылыққа ала отырып, қайта құруға ешқашан бармайды.

Әңгіме мемлекеттердегі адамдар өмірінің барлық салаларын қамтитын жақын, достастық интеграциялық байланыстар туралы ғана болуы мүмкін. Ал бұл қайдағы бір беймәлім және қиялдағы федерацияның бөлшегі емес, тәуелсіз мемлекеттердің қарым-қатынасы болмақ.

КСРО-ны қалпына келтіру немесе Қазақстанды басқа бір мемлекетке қосу жөніндегі кез келген жауапсыз сөздер қазақтардың мемлекеттігін жоюға шақыру деген сөз, ал ол халықтың әділетті ашу-ызасын туғызып, елеулі шиеленіске апарып соғуы мүмкін.

Мұндай әрекеттер Конституцияға қарсы және заңға жат. Неге екені белгісіз, ешкім де Ресейді Қазақстанға қосылуға шақырмайды. Бұл түсінікті де. Ендеше қазақ халқын және оның мемлекеттілігін осындай менсінбеу мен өркөкіректік қайдан шығады? Мен мұны баршамыздың есте сақтауымызды қалар едім.

Үстіміздегі жылғы 29 наурызда Мәскеуде 4 елдің келісіміне қол қойылғаннан кейін жұртшылықтың көбі нақ осы жағдайға орай алаңдаушылық білдіріп, Қазақстанның мемлекеттік егемендігі кемсітілмей ме деген ой салды. Бұл орайда олай емес деп айқын айта аламын. Әңгіме интеграцияның жаңа сапасы туралы болып отыр, одан басқа ештеңе де емес. Біз экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету тетіктерінің негізін қаладық, меніңше,

интеграцияның жаңа, неғұрлым сындарлы проблемалары мен органдарын қалыптастырдық.

Көзқарастың мәні де осында. Ал интеграцияның өзі – күнделікті зор жұмыс, мұны көптеген жылдар, тіпті ондаған жылдар бойы жүргізу қажет. Және оның нәтижесі адамдар өмірінен күні ертен көріне қоймайды. Осындай ойластырылған және келісілген интеграцияның өнегесін бізге Еуропа беріп отыр. Сондықтан интеграциялық құжаттарға қол қоюдан бізде ешқандай масайраушылық жоқ. Иә, бастама жасалды, бірақ негізгі және неғұрлым елеулі жұмыс әлі алда.

Интеграция туралы айтқанда, біз тек экономикалық жағын ғана ескеріп қоймауымыз керек. Интеграцияның адами өлшемдері де бар. Иә, интеграция бүкіл Қазақстан халқының мүддесіне сай келеді, бірақ оның психологиялық, сезімдік қырларын да түсінген абзал. Халқының үштен бірін орыстар құрап отырған еліміздің Президенті ретінде мен үшін Ресеймен мәдени, ақпараттық, гуманитарлық байланыстарды сақтаудың маңызы кем емес. Бүгін таңда интеграция үдерісін жеделдеткім келгенде, ең алдымен өзіміздің осы азаматтарымыз туралы ойлайтынымды барынша ашық айтпақпын.

Қазақстан басшылығы өз елі азаматтарының елеулі бөлігінің мүдделерін ескере келіп, Ресеймен байланыстарды сақтау үшін шын мәнінде мүмкін болғанның бәрін жасады. Мәскеудегі наурыз келісімдері білім, ғылым және мәдени ынтымақтастықтың нақты тұтқаларын көздейді. Онда шартқа қол қойған барлық мемлекеттерде оңтайлатылған азаматтық туралы біздің ұсынысымыз қабылданды. Айтқандай, оны Ресей Думасы бекітті де.

Жақында Қазақстан мен Ресей арасында Каспий өңіріндегі ынтымақтастық, мұнай-газ кешеніндегі, «Бай-

қоңыр» ғарыш айлағындағы бірлескен қызмет жөніндегі аса маңызды құжаттарға қол қойылды.

Тағы бір сөзсіз тарихи сипаты бар оқиға туралы – өткен аптада Шанхайда Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен шекара маңында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімге қол қойылғанын айтпай кете алмаймын. Бұл Азия-Тынық мұхит өңірінде осындай орасан зор саяси ауқымда жасалған алғашқы қадам және ол бейбітшілікті, өңірдегі, сондай-ақ бүкіл планетадағы тұрақтылықты қолдау мен одан әрі нығайту ісіне оң ықпалын жасары сөзсіз.

Осындай сыртқы саяси іс-қимылдарды, көршілес Орталық Азия республикаларымен, Ресеймен, Қытаймен, басқа елдермен жақындасу жөніндегі интеграциялық шараларымызды лайықты бағалауымыз қажет және халықтарымыздың жақындасуы үшін ештеңе істемей, дүдәмал істерімен баспасөздің және теледидарлардың қаһармандары бола қалатын шала сауатты қайраткерлердің арандатуына жол бермеуіміз керек.

Қазір интеграцияны қайта қалпына келтіру үлгісі ерекше қауіп туғызады. Мұны байыпты түрде есепке алудың қажеттігі болжауға келмейтін саяси салдарға апарып соқтыруы мүмкіндігіне ғана емес, сонымен бірге қайта қалпына келтіруді көксеу белгілі бір мөлшерде халықтың кейбір топтарының арасында кең тарап отырғанына да байланысты.

ТМД елдерінің егемендігі мен тәуелсіздігі түрлі деңгейдегі халықаралық құқықтық құжаттарда бекітілген саяси-құқықтық нақты шындық болып отырғанын түсінген абзал. Қазір олар – дербес мемлекеттер.

Бірақ осының бәрінің сыртында «Шынтуайтына келгенде нені қайта қалпына келтіру ұсынылып отыр?» деген тарихи тақырып тағы бар. Проблеманың тереңіне бойламай-ақ КСРО-ның ыдырауы белгілі бір басшылардың ынтасы емес, толып жатқан себептерге байланысты болғанын ғана айтайын. Бұрынғы Одақтың геосаяси жеңілісі, ең алдымен, стратегиялық технологиялық артта қалу себебінен болғанына мен кәміл сенімдімін. Адамды жалықтыратын деректерді келтіріп жатпай-ақ қояйын, бірақ 1980 жылдардың басында-ақ біздің батыс елдерімен техникалық және экономикалық тұрғыдан бәсекелестікке шыдас бере алмайтынымыз барлық парасатты адамдарға белгілі болатын. Тек орасан күш-жігердің арқасында стратегиялық әскери тепе-теңдік ұстап тұруға ғана әліміз жетті. Қару-жарақ бәсекесіне орасан зор ресурстар жұмсалды, ал оны экономиканы жаңғыртуға жұмсауға әбден болатын еді.

Қазір мынадай қарапайым нәрсені – жүйені түбегейлі қайта құру идеясы 1986 жылдан әлдеқайда бұрын басталғанын көптеген адамдар ұмыта береді. Оны Н. С. Хрущевтің бастағысы келді және Л. И. Брежневтің тұсында А. Н. Косыгин де қолға алмақшы болған. Ал бұған жүйенің әлсіздігін байыпты бағалай білу себеп болған еді.

Тағы бір себеп – ұлттық мәселені шешуге мүлдем қабілетсіздік болатын. Бізде ұлттық мәселе түпкілікті шешіліп, бір ғана кеңес халқы құрылғаны да жалған болып шықты.

Сондай-ақ КСРО өмір сүріп тұрған кездің өзінде оның аумағында қанқұйлы ұлтаралық жанжалдардың болып өткені және кеңестік тарихтың неғұрлым ерте кезеңінде барлық халықтардың тағдырын тас-талқан

еткен этностық геноцидті айтпағанның өзінде ұлт-аралық шиеленістердің өрши түскені тағы да ұмытыла береді.

КСРО-ның соңғы жылдардағы экономикалық тарихының жай-жапсарын білмейтін адамдар өткен және қазіргі онжылдықтардың тоғысында елде қалыптасқан берекесіздік пен аласапыранды көз алдарына келтіре алмайды. Жоспарлардың жыл сайынғы орындалмауы, экономиканың құлдырауы, жабдықтардың, құрылыс материалдарының, азық-түліктің тапшылығы, шығынға түсетін ауыл шаруашылығы, экономикалық байланыстардың күйреуі және біртұтас экономикалық кеңістіктің ыдырауы. Бұл біздің бәріміздің есімізде.

Елдің саяси жүйесі көз алдымызда күйреп, аумақтардың егемендену үдерісі қауіпті шекке жетті. 1991 жылғы тамызда күштеп қайта интеграциялау әрекеті ыдырау үдерісін жеделдете түсті. Ең бастысы елдің келмеске кетуі емес, сонымен бірге белгілі бір жүйенің күйреуі болды.

Бар шындық өткен режімнің табиғаты ұлттық емес, қайта нақ әлеуметтік-тоталитарлық болғанында жатыр. Режімнің ұлты орыс құрбандарының жалпы саны әлденеше миллиондарды құрайды. Еуропадағы аса ұлы мәдениеттердің бірі – орыс мәдениеті – талай жүз мыңдаған неғұрлым білімді адамдардың көзін құртудың барысында орны толмас шығынға ұшырады.

Оның бірнеше миллион таңдаулы өкілдерінің Ресейден шетке кетуіне, анығын айтсақ, қашып шығуына тура келді. Нақ солар кейіннен Батыстың, бірақ Ресейдің емес, ғылымына, мәдениетіне және экономикасына зор үлес қосты. Кулак деп аталған миллиондаған таңдаулы

шаруалардың көзін құртқан орыс ұлтындағы этнодемократиялық күйзеліс орыс халқына тіпті дүниежүзілік соғыстармен салыстыруға келмейтін зиян шектірді.

Әлеуметтік өзгерістер кезіндегі Украинадағы ашаршылық, мамандардың бағалауы бойынша, 3-тен 5 млн-ға дейін украиндықтардың өмірін қиды, ал Ресейде құрбандықтар бұдан да көп болды.

Өлімге үкім шығару құқығы берілген «ерекше үштіктер» деп аталғандардың қызметі туралы жарияланған қасіретті құжаттарды, сірә, бәріңіз де оқыдыңыздар. Мұның өзі қуғын-сүргінге түсірілгендерді азапқа салудың өзіндік бір жарысы іспетті болатын. Мысалы, Қазақстан К (б) П Орталық Комитетінің өзі бірінші категория бойынша қуғындалатын (сотсыз және өкімге шағым жасау құқығынсыз ату) адамдардың санын 600-ге және екінші категория бойынша (концлагерь) – 1000 адамға көбейтуді сұраған. Әрі бұл бір айдың ішінде ғана.

Ал тарихта саяси партияның өңірлік бөлімшесі өзінің штабынан бекітіп берілген адамдардың мөлшерінен 600 адамды артық өлтіруге рұқсат сұрағанын қашан және кім көрген?

Міне, бұл жүйе осындай лимитті белгілеп беріп келген, тіпті әңгіме тірі адамдар – отандастарымыз, қаңдастарымыз туралы емес, саны шектен асып кеткен әлдебір жануарларды қыру туралы болған сыңайлы. Өзі тірі қалу үшін баласы әкесіне, ағасы інісіне, інісі ағасына жала жабуға мәжбүр болған. Ғасырлар бойы орныққан адамгершілік қағидаттарын жүйе осылайша талқан етті.

Осы залда социалистік заманда Қазақстанға жер аударылған барлық халықтардың өкілдері отыр. Мұнда

отырған адамдардың ата-бабаларын бір кезде туған жерінен әкеліп, жиырма төрт сағаттың ішінде бүтіндей халықтарды жер аударған.

Республиканың Ішкі істер министрлігі маған берген деректер бойынша тек соғыс жылдарында ғана Қазақстанға 393 мың неміс, 403 мың шешен мен ингуш, 45 мың қарашай, 37 мың грек, 21 мың балқар, ондаған мың корейлер көшірілген... Осынау қасіретті тізбені одан әрі ұзақ жалғастыра беруге болар еді.

Дінді қадір тұтатын мұсылмандар мен христиандар ақырып тұрған атеизм жылдарында мыңдаған мешіттер мен шіркеулердің тартып алынғанын, тартып алынып қана қоймай, арамдалғанын, халықтың руханияты қалай жойылғанын ұмыта қалғаны ма? Тіпті ең келте есепке қарағанда, КСРО аумағында ғасырдың басында болған 25 мың мешіттің 1986 жылы 376-сы ғана қалғаны, ал 25 мың христиан шіркеулері мен соборларының үйіндіге айналып, 500 монастырь жойылғаны анық. Меніңше, құдай біреуді жазалаймын десе, алдымен оның ақыл-есін алады деген сөз бағзыдан айтылған болса керек. Бабаларымыздың тағдыры туралы естелікті жадымызда сақтаудың өзі бізді өткен кез туралы тәтті ертегілерден сақтандыруға тиіс.

Қазақстандық тұтастықты қалыптастыруға апаратын жол – демократиялық мемлекетті дамыту туралы бірер сөз. Мемлекет дегеніміз аумақ пен қоғамдық құрылыс қана емес, заңдар мен экономикалық құрылым ғана емес. Мемлекет сонымен бірге өздерін оның азаматымыз деп сезінетін адамдардың белгілі бір саяси қауымдастығы.

Егер мемлекеттіліктің саяси, құқықтық және экономикалық негіздерін қалыптастырумен байланысты

мәселелерді көз алдына келтіруге мүмкін болса, азаматтың өзін-өзі айқындауы, азаматтық сәйкестендіру – өте күрделі әрі елеулі бір уақытты қажет ететін нәрсе. Азамат белгілі бір мемлекетке деген өзінің қатыстылығын саналы түрде сезініп, өз тағдырының ел тағдырынан ажырағысыз екенін ұдайы түсінуге тиіс. Әр адамның игілігі бүкіл елдің игілігімен тығыз байланысты екенін түсіну нақ осыдан туады.

Бірақ ТМД халықтары біркелкіліктің бір сәттік және бұрын болып көрмеген дағдарысын бастан өткерді. Олар өздерінің бұрынғы мемлекеттігінен бір сәтте айрылып қалды. Бұл дағдарыстың күшті болғаны сонша, олардың көпшілігі қазір мұны еңсеріп шықса да, әлі күнге естерін жинай алмай келеді.

Түрлі әлеуметтік зерттеулердің деректері еліміз халқының басым көпшілігі өздерін Қазақстанның азаматы ретінде берік танитынын айқын көрсетіп отыр.

Медицинада «елесті сырқат» деген ұғым бар – кесілген қол мен аяқ баяғыда жоқ болса да, оның орны қашанда ауырады дегендей. КСРО да мемлекет ретінде 5 жылдан бері жоқ болса да, адамдардың кейбір бөлігі өздерін сол елдің азаматымын деп санайды.

Міне, нақ сондықтан жекелеген экстремистік ниеттегі саясатшылар адамдардың, әсіресе тарихи отандары Қазақстаннан шетте қалғандардың сезімінде ойнап, түрлі қитұрқыға барады. Ал саясатшылар неғұрлым ашық болған сайын осынау «елесті сырқат» солғұрлым ертерек әрі ауыртпалықсыз өтіп кетеді. Жұртшылықтың бәріне бірдей жағымды болмаса да айтылар адал қорытынды мынау: белгілі бір қоғамдық үлгі мен географиялық пішіндегі мемлекет ретінде КСРО келмеске

кетті. Сондықтан әрбір адам осы тарихи оқиғаны тезірек қабылдап, өзін айқындай алса, солғұрлым оның өзі үшін де, ел үшін де жақсы болмақ.

Бүгін таңда адамдардың санасынан дағдылы саңылау іздеу жүріп жатыр, сондықтан өткеннің көні қатқан, бірақ соншама таныс нышандарына деген аңсарлықты сезім тұрғысынан түсінуге болады. Демократия, бостандық, пікірлер алуандығы, адам құқығы, азаматтық қоғам идеялары жалпыұлттық идеялармен үйлескенде жаңа бірегейлікті жасау табысты болмақшы. Бұл, менің кәміл сенімім бойынша, екі үлкен идеологиялық тақырыптың – Қазақстанның саяси тәуелсіздігі мен іштейгі демократияландырылуының ұштасуында ғана мүмкін нәрсе.

Жаңа біркелкілікті іздестірудің, халқымыздың өзін-өзі жаңадан айқындауының формуласы былай қарағанда оңай болғанымен, жүзеге асыру тұрғысынан ерекше күрделі. Бұның мәні тек демократиялық Қазақстан ғана тәуелсіз болуы тиіс дегенге саяды. Тиісінше, саяси тәуелсіздік болмайынша, Қазақстанда нақты демократия болмақ емес. Осы формуланың үшінші қосары республикадағы азаматтық қауымдастықты қалыптастыру бола алады. Әлде бір аңыздағы айрықша этносты емес, нақ азаматтық қауымдастықты қалыптастыру. Біздің осы маңызды мәселеде де айқындалатын кезіміз жетті.

Қазақстан халқы жаңа бір этностық қауымдастық емес, түрлі ұлттар азаматтарының қауымдастығы ретінде қаралады. Біздің дамуымыздың осы кезеңінде мәселені нақ осылай қою бірден-бір шынайы көзқарас болмақ. Айтқандай, Қазақстан халықтары Ассамблеясының өзі – түрлі этностар өкілдерін азаматтық тұтастыру құралдарының бірі. Адамдардың жаңадан өзін-өзі айқындауын, жаңа бірегейлігін қалыптастыру

үшін бүгін таңда көптеген нұсқалардан саналы түрде таңдап алу қажет. Жалпыұлттық идеяны іздестіру барған сайын көкейкесті сипат алып келеді. Ол, әрине, жанжалдастырушы сипатта емес, қайта біріктіруші сипатта болуға тиіс. Мен бұдан 3 жыл бұрын осыған қатысты пікірімді білдірген едім.

Бірігудің идеялық негіздері ретінде тұрақтылыққа, жаңғыруға, тәуелсіздік пен прагматизмге баса назар аудару өте дұрыс. Алайда бүгін таңда осы арқаулық қағидаттарды нақтылай түсу қажет. Ең алдымен халықтың тарихи санасын жаңғырту керек.

Тоталитарлық режим жағдайында халықтар тек КСРО тарихын білуге тиіс болатын. Бұл әсіресе саны аз ұлттарға қатысты еді. Сондықтан қазақтардың өздері және әсіресе қазақстандықтар біздің жеріміздің тарихын білмейтін. Әрі бұған олар кінәлі емес-ті. Ұлттық мемлекеттіліктің, жиырмасыншы ғасырдың соңындағы терминдер мен ұғымдардан мемлекеттің күллі сипаттарын тапқан осы күнгі Қазақстан тұрғындарының ата-бабаларының талай ұрпақтары жүргізген тәуелсіздік жолындағы күрестің ғасырлар бойындағы үздіксіз тарихи байланысы жаппай деңгейде ой елегінен өткізілуі тиіс.

Бұдан бұрынғы кезде қазақтардың мемлекеттілігі болмағаны туралы алуан сарындағы сыпсың пікірлерге елеулі түрде тосқауыл қою қажет. Осыған байланысты «мемлекеттілік» пен «мемлекет» деген ұғымдар бір мағынаны білдірмейтініне көңіл аударар едім. Мемлекеттілік туралы айтқанда, біз ең алдымен жер аумағын ғана емес, қайта саяси-құқықтық қатынастардың, әлеуметтік және мәдени-рухани бастаулардың бүкіл кешенін ескереміз, ал қоғам тұтас жүйе ретінде

солардың негізінде тіршілік ете алады. Бұл мағынада алғанда қазақтардың мемлекеттілігі ежелден орныққан. Қазақ мемлекетін саяси-құқықтық құрылым ретінде хаттауға келсек, бұл басқа әңгіме. Мұның өзі XV ғасырда болғаны белгілі. Алайда зерттеушілер арасында Қазақ мемлекетін құрудың нақты уақыты бойынша бір көзқарастың жоқ екені өкінішті. Нақ осы тұста идеологиялық жұмыстың орасан зор бағыты тұр. Өз мемлекетіміздің бастауын іздеуге жазылған және жазылмаған деректер бойынша осы күнге дейін адасып жүргенімізде, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру туралы қалай әңгіме айта алмақпыз? Міне, тарихи ғылымның кезек күттірмес міндеті осында.

1996 жылғы 2 сәуірде мен «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Жарлыққа қол қойдым. Адамдарға ғасырлар бойғы ұлттық дәстүрлерін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беру өте маңызды. Қазір тіл туралы жаңа заң әзірленіп жатыр. Тілді, ең алдымен мемлекеттік тілді оқып-үйренуге түзетулер енгізу және оның нақты тетіктерін жасау қажет.

Қазақстан азаматтары елдің мемлекеттік тілін құрметтеуге, оны оқып-үйренуге және білуге дайын болуға тиіс. Бұл орайда бұл тіл ел халқының басым көпшілігінің ана тілі екенін және болашақта оның мемлекеттік тіл ретінде басым болатынын ескеру орынды.

Осыған орай қазақтың жазуын кириллицаның шалғайдағы бір нұсқасы ретінде қабылдаудан бас тартқан жөн, әйтпесе ол осы тілге деген лайықты құрметтің болуына мүмкіндік бермейді.

Ал ұсынылып отырған латын қарпіне көшу қазақ тілін басқа этностар өкілдерінің игеруіне, Қазақстанның технологиялық әлеуетінің әлемдік ақпарат кеңістігіне

бейімделуіне, сондай-ақ түркі тілді дүниемен мәдени тұрғыдан кірігуіне неғұрлым тиімді жағдай жасар еді.

Мұның өзі қазақ тілді азаматтардың елдегі басқа халықтардың тілдеріне деген құрметін арттыра түсер еді. Біздің ұстанымымыз – қарсы қозғалыс, өзара құрмет. Бұдан басқадай болуға тиіс емес.

Біздің жағдайымызда этносаралық интеграцияның негізі қазақстандық мемлекеттегі тағдыры ортақ адамдардың жалпыазаматтық қатыстылығы, адамдардың саяси өзіндік айқындалуы болуға тиіс.

Былайша айтқанда, идеологиялық жұмыс негіздерінің бірі азаматтардың этностық қана емес, сонымен бірге азаматтық тұрғыдан да өзін-өзі айқындау қағидаты болуға тиіс.

Біздің саясат нақ осындай көзқарасқа – адамдардың ұлттық-мәдени мүдделерін еркін жүзеге асыруына мүмкіндік беруге, сонымен бірге азаматтық қауымдастық сезімін, біртұтас Қазақстан халқымен бірлік сезімін дамытуға көмектеседі. Қазақстан нарықтық әлеуметтік мемлекет деп анықталған республика Конституциясында бұл жай сөз емес, әлеуметтік-экономикалық үлгімен бірге идеологиялық үлгіні де таңдап алу деген сөз. Мемлекет мол табыстан салықты да молырақ төлеу керек деген кезде, үкіметті дұрыс түсіну қажет. Біз адамдардың әлеуметтік тұрғыда да кірігуіне жағдай жасауға тиіспіз.

Өзіміз өмір сүрген социализм кезінде жұмыс істегендерге ай сайын еңбекақысының үштен бірінен астамы төленбей келді (бұл тек ресми мәліметтер бойынша, ал іс жүзінде бұдан көп). Мемлекет бұл ақшаны жинақтап, зейнетақыға, тегін пәтерлерге, денсаулық сақтауға, білімге, жеңілдіктерге жұмсады да, ол үлестіріп беру

деп аталған атышулы жүйені туғызды, адамдарды толық тәуелділікте ұстауға және оларды бақылап отыруға мүмкіндік берді. Сондықтан зейнеткерлерден алынған ақша экономикада әлі де бар. Сол себепті біз оларға: «Бұл біздің ісіміз емес, енді нарық келді, өз күндеріңді өздерің көре беріңдер» деп айта алмаймыз.

Бұлар қазір жоқ мемлекеттің қарыздары болғанымен, біз аға ұрпаққа оны қайтарып беруге тиіспіз. Үкімет оған жекешелендіруден түскен қаржыны жұмсауы, мүлікке салынатын салықтан түскен соманы аударуы қажет. Осының есебінен халықтың жоғалтқан салымдарын өтеу, пайданың есебінен қаржы аудару жолымен тұрғын үй салуға қажетті жеңілдетілген кредиттер үшін арнайы қор жасау қажет. Бұл бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен соғысқа қатысушылардың салымдарының шығынын өтеуден басталды.

Өздеріңіз білесіздер, мен «изм» атаулыға қарсымын. Дүниені көп аралап жүріп, капитализм деп аталатын жүйенің де шегіне жеткен өзімшілдіктен бастап, миллиондаған адамдардың әлеуметтік жағдайының нашарлығына дейінгі көптеген өз проблемалары мен аурулары бар екеніне көзім жетті.

Сондықтан ешқандай асыра дәріптеу болмауға тиіс. Біздің ұстанымымыз идеологиялық айтыс-тартысқа емес, халықтың әлеуметтік мүдделерін мейлінше ескеруге құрылған.

Алайда біз үшін алдын ала айтарлықтай экономикалық ресурстар жинақтау қажет, ал ол тек біздің әрқайсымыз жұмыс істеп, өзімізге және мемлекетке игілік жасағанда ғана болады. Сондықтан бұл нарықтық реформалар – өзіндік әйтеуір бір мақсат емес, нақты

әлеуметтік бағыты бар тиімді экономика құрудың құралы.

Әлеуметтік бірегейліктің дағдарысы туралы айтқанда, біз түрлі топтардың әлеуметтік құрылымының мейлінше сырқаулы өзгерісін, әлеуметтік мәртебесінің өзгеруін ескеруге тиіспіз. Бұл дағдарыстың күрделілігі мен қоғамдық мәні интеллигенцияның бетке ұстар топтарының мүддесін қамтитынында. Әлемдік тәжірибе бұл проблеманы шешудің екі ғана сыпайы тәсілін біледі.

Біріншісі – мәдени, ғылыми, біліми таңдаулы топтың қайткенде нарық жүйесінің қисынына бейімделуі, яғни өз еңбегімен тапқанына өмір сүруі керек деген сөз.

Екіншісі – ұлттың бетке ұстар топтарына демеушілік жасау, жебеушілік немесе оларды мемлекеттің пәрменді қамқорлығына алуы. Бірінші тәсілдің ауыртпалығы мәдениет жаратушыларды сөзбен емес, іс жүзінде қолдаумен жойылуға тиіс. Мен бұл жерде ғылым мен мәдениеттің нағыз жасампаздары мен талантты өкілдері туралы айтып тұрмын.

Мына мәселені де атап өткім келеді. Ғылым – біздің егемен республикамыздың аса маңызды стратегиялық ресурсы. Оның үстіне бұл ресурс өзіне тән ерекшелігіне және ғылым деп аталатын аса күрделі организмнің сөздің дұрыс мағынасындағы ескілікшілдігіне орай, мемлекет тарапынан айрықша көзқарасты талап етеді. Біздің мемлекеттілігіміздің қалыптасуы мен нығаюындағы, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгеру үдерісіндегі, елдің зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы, экономиканы дамытудағы оның рөлі мен маңызын түсіну ғылымды басқару құрылымын жетілдіру мен оны нығайту жөнінде шешім қабылдауға себепші болды.

Осы шешімді жүзеге асыру тетіктерін жасау мақсатымен биылғы мамыр айында Қазақстанның ғылыми-техникалық дамуы проблемалары бойынша республикалық кеңес өткізіліп, оған жетекші ғалымдар мен мамандар, министрліктер мен ведомстволардың, аса ірі өнеркәсіп кәсіпорындары мен компаниялардың, сондай-ақ облыстардың басшылары қатысады.

Қазақстандағы саяси өзгерістердің жалпы қисынын да ескеру қажет.

Өтпелі кезеңдегі елдердің қазіргі міндеті мейлінше бірегей – мемлекеттік құрылыстың тоталитарлықтан кейінгі пішіндерін мұра етіп алған олар дамымаған азаматтық қоғамның негізінде демократиялық үдерістерді қалыптастыруға тиіс. Біз үшін бұл міндет көп ұлтты және көп дінді елде шешуге тура келетінімен қиындай түседі.

Күрделіліктің бұл деңгейін түсінетіндер аз, ал оны түсінетіндер көбінесе мәселені шешудің ең қарапайым екі тәсілін іздестіреді. Біріншісі – бұrandаны тас қылып бұрап, ешқандай «демократиялық ойындарсыз» классикалық авторитарлық тәртіпке «өріс беру». Мен бұл көзқарасты принципті екі себепке байланысты қабылдай алмаймын.

Біріншіден, ХХІ ғасырдың табалдырығында тұрғанда томаға-тұйық авторитарлық тәртіп орнату экономикалық, коммуникациялық, ақпараттық қана емес, геосаяси себептерге де байланысты ерте ме, кеш пе бір күйреуге соқтырады. Өзінің геосаяси тауашасынан бұған барабар орынды авторитарлық емес, тек демократиялық Қазақстан ғана таба алатынына кәміл сенімдімін.

Екінші себеп мұнан да елеулі. Мен авторитарлық билік технологиясының тәжірибесін біздің тым тәуір

игергенімізді, сондықтан оппозицияның кез келген өскіндерін ә дегенше-ақ көктей солдыру қиын еместігін талай рет атап көрсеткенмін. Ал міндет экономиканы, саясатты, ғылым мен мәдениетті шындап жаңғырту да болып отыр. Адамдарды биліктің жер-жердегі бақылауынан, ең алдымен жеке өміріндегі, рухани саладағы бақылаудан азат етпейінше, қоғамда жариялылық болмайынша, жаңғыртулар жүзеге аспайды. Халықтың көптеген ұрпақтары тәуелсіз мемлекетте бостандықты авторитаризм деген сияқты әдемі сөзбен ауыстыру үшін қан төккен жоқ – бұл сөздің астарында тек өзінің ұлттық бояуындағы сол баяғы тәуелділік жатыр.

Жоғарыда аталған міндетті шешудің тағы бір қарапайым әдісі – билікпен қарсылыққа келу. Иә, XX ғасырдың тарихында текетірес, өкіметті басып алудың жанжалды үлгісі әлденеше рет жүзеге асырылған-ды. Барлық саяси революциялар осы үлгіде құрылған болатын. Соңғы 5 жылдың ішінде ТМД елдерінде де әлденеше рет осындай оқиғалар болды. Оның бәрі де қантөгіспен, күш қолданумен және мейлінше арсыз жәреукелікпен жүргізілуде. Ал ең бастысы – бұл еш жерде де жаңа билеушілердің әдемі уәделерінің орындалуына және адамдар тұрмысының жақсаруына жеткізген жоқ. Әдетте, басқалардың қатесінен үйренбейді деседі. Дегенмен саясаткер үйренуге міндетті, өйткені оның жеке қателері миллиондардың қасіретіне айналады.

Мен көп ретте нақты білетіндерден дәл ақпараттар ала отырып, ТМД-ның түрлі аймақтарындағы қантөгісті саяси жанжалдардың ішкі болмысы туралы көп ойландым. Менің берік сенімім мынадай: жекелеген

топтардың саяси және экономикалық мүддесі халықтың мүдделерін қорғаумен бұркемеленген жерде, этностық немесе діни белгілер бойынша бұқаралық толқуларға бағыт берілген, халықты саяси агрессияға итермелеген жерде, ерте ме, кеш пе, қан төгіледі.

Бұдан алатын екінші сабақ мынадай – жанжал отын тұтатушылар, әдетте, судан таза, сүттен ақ болып шығады, бірақ қантөгіске жол ашатындар нақ солар болады. Сондықтан мен қоғамды тұрақсыздандыруға бағытталған кез келген әрекетке тыйым салатын мемлекеттің ішкі қауіпсіздігі туралы заңның жобасын Парламенттің қарауына енгізуді Үкіметке тапсырып отырмын. Ассамблея бұл ұсынысты қолдайды деп сенемін. Біз экономиканы түзетуді енді ғана бастадық, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға кірістік. Бізге халықтың бірлігі, достық, тұрақтылық қажет. Тек бос саясатшылық емес.

Мен Қазақстандағы партиялық пікір алуандығы жағындамын. Бүгін таңда бізде іс жүзінде саяси бірлестіктердің күллі шоғыры бар. Алайда Конституция мен заңда тыйым салынған сословиелік, діни, рулық, тағы басқа кез келген партияларға Қазақстанда жол берілмейді. Біз өзіміз жинақтаған аз да болса төтенше маңызды демократиялық өзгерістердің тәжірибесін сақтауға және билік пен саяси қозғалыстардың ұнқатуларына іс жүзінде дамыта беруге тиіспіз.

Саяси қозғалыстардың өз арасында және барлығы болып өкіметпен шарт жасасуы ең ақылға қонымды іс болар еді. Бір кезде либералдық ойдың классиктерінің бірі Джон Стюарт Милль құқық жүйесін халыққа да, үкіметке де бірдей дәрежеде жүген салу ретінде

анықтаған болатын. Егер бюрократия заңды ашық бұзатын болса, адамдардың жаңаша азаматтық құқықтық санасынан үміттенудің жөні жоқ. Бұл – қарапайым ғана тұжырым, алайда бүгінгі таңда ол біз үшін, өкінішке орай, өте маңызды болып отыр.

Алайда ең іргелі және күрделі міндет – азаматтардың құқықтық сана-сезімін өзгерту. Мемлекеттік жазалауға арқа сүйеген заңнан қорқу, заңнан жеңіл құтылып кетуге мүмкіндік беретін екі жүзді мораль – өткеннің құқықтық жалған сана-сезімінің екі жағы, міне, осындай. Адамның жеке өміріне мемлекеттің билеп-төстеп араласуы жағдайындағы заңды жаппай құрметтемеушілік – содан қалған мұра.

Бұл ұстанымды бірер жылда өзгерту де мүмкін емес. Иә, біз ілгерішіл заң арқауын құрдық, алайда оны жүзеге асырудағы бұрмалаушылық, шенеуніктердің жемқорлығы мен түрлі деңгейдегі билік орындарында қызмет бабын теріс пайдаланушылық, кез келген тоталитаризмнің бұлжымас серігіне айналатын, халыққа мұра болып қалған құқықтық көзқамандыққа қосыла келе, реформаларға деген сенімді азайтуда. Қауіп төнсе басын құмға тыға қоятын түйеқұстың кебін кимей, проблеманы анық көре білу қажет. Әңгіме халықтың билікке көзқарасы туралы ғана емес, өз мемлекеттігіміздің тағдырына халықтың сенімі туралы да болып отыр.

Қандай лауазымда отырған шенеунік болса да, жемқорлыққа араласса, заңды бұзса, сеніп тапсырылған билікті жеке басының қамы үшін пайдаланса, халықтың қамын ойламаса, онда ол жүргізіліп жатқан реформаларға қарсы жұмыс істейді, елді бүлдіреді, мемлекеттік

мүдделерін сатып кетеді. Сондықтан одан осыған сай жауапкершілік талап етіледі.

Осыдан 1 жыл бұрын ғана ұлтаралық келісімге жетудің бірегей институты – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл уақыт ішінде ол қоғамдағы саяси және этникалық тұрақтылық факторларының бірі ретіндегі өзінің мән-маңызын нақты істерімен қуаттады.

Республика халықтары мәдениетінің қайта өркендеуі мен дамуына елеулі үлес қосылды, ұлттық мәдениет орталықтарының жұмысы айтарлықтай жандана түсті. Наурыз мейрамы, корей, неміс мәдениеттерінің фестивальдары, татардың сабантойы бүкілхалықтық мерекелерге айналып, дүнгендер мен курдтардың той-жиындары тұңғыш рет республикалық деңгейде өтті. Айтпақшы, былтыр қазан айының соңында Алматыда өткізілген ұйғыр жастарының дүниежүзілік фестивалі де, Ақмолада ұйымдастырылған неміс балалары шығармашылығының республикалық фестивалі де, Қазақстан түріктерінің өмірі туралы әңгімелейтін «Халық жадының кітабы» да, тағы басқа көптеген мәдени шаралардың өткізілуі «алғаш» деген сөзбен басталады.

Этностардың мәдени тұрмысы неғұрлым толымды бола түсті, ұлттық мәдени орталықтардың бастамалары шын мәнінде барлық жерлерде мемлекеттік құрылымдар тарапынан қолдау тауып отыр. Мәселен, Павлодарда, Семейде, Жамбылда, Өскеменде, Петропавлда, Көкшетауда және басқа қалаларда шағын ассамблеялар мен ұлттық-мәдени орталықтар үшін ғимараттар бөлінген.

Ассамблея диаспоралармен ұйымдық жұмыстың орталығына айналды. Оның жұмыс органдарына мем-

лекеттік мәртебе берілуінің арқасында ұлттық-мәдени орталықтардың проблемалары жедел шешіліп, олардың бірқатары бойынша үкіметтік деңгейде шешімдер қабылданды.

III Мен Ассамблея мүшелерінің, армян және дүнген мәдени орталықтары төрағаларының қазақстандық көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері Левон Мирзоян мен Мағазы Масанчидің есіміне байланысты мерейтойлық күндерді атап өту туралы ұсынысын қолдадым. Ассамблея кеңесінің шешімімен оның республикалық қоры құрылғаны белгілі. Бұл қор ұлттық-мәдени орталықтарға қаржы және ұйымдық көмек көрсетуге арналған. Оның филиалдары барлық облыстарда бар.

Қор республикалық мәдени орталықтарға алғашқы қаржы көмегін көрсетті. Осындай жұмыстың облыстарда да атқарылатынына сенемін. Алматыда Ассамблеяның қара шаңырағына айналатын Қазақстан халықтары Ассамблеясының үйін ашу туралы мәселе шешілді. Оның шаңырағы астында барлық республикалық ұлттық-мәдени орталықтар мен қауымдастықтар жұмыс істейтін болады.

Ассамблея іс жүзінде халықтық дипломатияның органына айналды. Әрі бұл Алматыдағы елшіліктермен нығайып келе жатқан байланыс қана емес, сонымен бірге диаспоралардың тарихи отанымен алуан түрлі байланысы да.

Осы күш-жігердің арқасында қазақстандық студенттердің Ресей мен Беларусьтегі саны көбейеді, астанада корей театрының жаңа ғимаратын салу үшін жер бөлінді. Нығая түсіп келе жатқан байланыстардың тағы бір ескерткіші Көкшетау облысында тұрғызылмақ. Мұнда поляктардың Қазақстанға алғаш көшірілуінің

60 жылдығын мәңгі есте қалдыруға орай жұмысшы тәрбиесі орталығының құрылысы басталады.

Бұл мәселеде Ассамблея мүшелері – мәдени орталықтардың басшылары белсенді рөл атқаруда. Ассамблеяның көмегімен ұлттық диаспоралар өздерінің тарихи отанымен байланыстарын қалпына келтіруде. Мәселен, таяуда «Қазақстан – Украина» ұйымы құрылды, Қазақстан мен Ресей Достық және ынтымақтастық қоғамы өзінің жұмысын бастады. Біздің Ассамблея көрші мемлекеттің қоғамдық ұйымымен – Қырғызстан халықтары Ассамблеясымен тығыз байланыс орнатты.

Осы таяуда ғана Ассамблея «Ақиқат» және «Мысль» республикалық журналдарының тең құрылтайшысы болды. Оның кеңесінің, ұлттық-мәдени орталықтары мен қауымдастықтарының ұсынысы бойынша осы басылымдардың редакция алқаларының құрамына белгілі саяси және қоғам қайраткерлері енетін болады. Олар жарияланымдардың тақырыптық бағытын бірлесіп айқындайды. Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттікпен бірлесе отырып, Ассамблея Алматыда біздің республикада тұратын диаспоралардың тілінде шығатын әдебиеттер сату жөнінде «Отан» кітап магазинінің жұмысын қайта бастау мәселесін шешті. Қазақстан халықтары Ассамблеясы облыс әкімдері жанындағы шағын ассамблеялармен өзара тығыз іс-қимыл жасай отырып, ұлттық диаспоралар туралы кең ауқымды материал жинақтады.

Бұл жұмыстың нәтижесі бірегей басылымды – Қазақстан халықтарының энциклопедиясын шығару болмақ. Ассамблея сондай-ақ ұлтаралық қатынастар проблемалары бойынша бірқатар халықаралық кон-

ференциялардың жұмысына қатысты және өзі де жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі (Қазақстанның мысалы бойынша) этносаралық қатынастарды үйлесімді ету проблемалары бойынша халықаралық конференция ұйымдастырды. Бұл конференция биылғы жылы ақпан айында Алматыда ЕҚЫҰ-мен бірлесіп өткізілді.

Біздің елімізде жоғары оқу орындарына аз ұлттардың өкілдерін жіберу туралы Ассамблеяға квота беру жөнінде кеңестіктен кейінгі кеңістіктегі бірегей идея жүзеге асырылды. Биылғы оқу жылында жоғары оқу орындарына Ассамблеяның квотасы бойынша түскен 2682 адам бірінші курс студенттері атанды. Саны аз ұлттардың жастарына деген осындай ілтипат бұдан әрі де жалғасатын болады.

Ассамблея өзінің қызметінде алғашқы жылдың өзінде-ақ алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді табысты орындай алады деп айтуға болады.

Әрине, шешілмеген мәселелер бар, бірақ жалпы алғанда ол қоғамдық институт ретінде әбден қалыптасты. Ассамблеяның рөлі уақыт өткен сайын арта түседі, өйткені ол республика халқына азаматтық интеграциялаудың өзекті құралдарының бірі ретінде көрініп отыр. Біздің мемлекеттігіміз бен балаларымыздың болашағы осыған байланысты болмақ.

Биыл біз 1 Мамырды Қазақстан халқының бірлігі мерекесі ретінде тұңғыш рет атап өтеміз. Бұл – Ассамблеяның идеясы және бастамасы. Сондықтан Ассамблеяның төрағасы ретінде осы жарқын мерекемен баршаңызды және Қазақстан халқын құттықтаймын.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше
мемлекеттер басшыларының IV кездесуінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Түрікменстан, Ашғабад қаласы,
1996 жылғы 14 мамыр

Құрметті Төраға!

Құрметті Президент мырзалар!

Кездесуге қатысушылар!

Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің IV кездесуіне қатысушыларға шын жүректен сәлем жолдаймын.

Ұйым аясында өткен жоғары деңгейдегі әрбір кездесу біздің өзара іс-қимылымызды дамытудағы жаңа кезеңді білдіреді. ЭЫҰ қызметінің болашағы туралы бүгінгі пікір алмасу біздің өңіріміздегі ынтымақтастыққа жаңа серпін беретініне сенімдімін.

Қазір енді 10 елден тұратын ЭЫҰ-ның қалыптастыру кезеңі жалпы алғанда аяқталды деп айтуға болады. Оны халықаралық қоғамдастық танып отыр, ол басқа да аймақтық ұйымдармен белсене ынтымақтасып, ұлан-байтақ аумақта экономикалық саладағы интеграцияның нақты міндеттерін шешуде. Енді біз Ұйым басымдықтары шеңберінде одан әрі ынтымақтасудың нақты бағыттарын белгілеуіміз қажет.

Осыған байланысты солардың біразына тоқталып, орын алып отырған проблемаларға Қазақстанның көзқарасын білдірсем деймін.

Мен ЭЫҰ аймағында теміржол тасымалына қатысты біртұтас тарифтік саясатты әзірлеу мен қабылдауды айтып тұрмын. Осындай келісілген саясаттың болмауы өңірішілік байланыстарды дамыту жөніндегі біздің еткен еңбегімізді еш қылады. Әрбір ел өз аумағында жүктердің амандығын күзету, сондай-ақ есірткінің заңсыз айналымымен, аткезшілікпен және лаңкестікпен күресу жөнінде міндеттемелер қабылдауы тиіс.

Басқа да елдер сияқты, Қазақстан үшін байланыс пен коммуникация саласындағы ынтымақтастық – тағы бір аса маңызды басымдық. Қазіргі бар телекоммуникация құрылымды жетілдіруге және осы заманғы жүйелерді, ең алдымен сандық және оптикалық-талшықты байланысты телевизияны, радио хабарларын таратуды, пошта байланысын жетілдіруге ЭЫҰ-ға мүше елдердің бәрі де мүдделі. Осыған байланысты біздің аймақта телекоммуникацияны кеңейту мен жаңғыртудың бас жоспары әзірленуі қажет.

Аймақтық ынтымақтастықты кеңейтудің және тереңдетудің маңызды құралдарының бірі – сауда, сондықтан оған төтенше маңызды мән беріліп отыр. Алайда ішкі

аймақтық сауданың төмен деңгейі осы салада пайдаланылмай отырған елеулі мүмкіндіктердің бар екенін көрсетеді. Транзитті сауда мен ЭЫҰ-ға мүше елдердің бизнесмендері үшін визалық рәсімдердің жеңілдетілген тәртібі туралы қол қойылған келісімдер коммерциялық байланыстардың кеңеюіне қызмет етуге тиіс. Осыны ескере отырып, өңірдегі өндірістік кооперация жүйесін ойластыру ұсынылады.

ЭЫҰ-ға мүше елдердің ауыл шаруашылығы саласындағы орасан зор әлеуетін кеңінен пайдалануды қажет деп есептеймін. Сірә, өңірдегі өндіріс көлемі туралы деректердің біртұтас базасын құру мен дүниежүзілік және ішкі ауыл шаруашылығы рыноктарының аужайы туралы неғұрлым толық ақпарат жинау қажет болар. Осы негізде өнімді жеткізуді үйлестірген жөн. ЭЫҰ Хатшылығының өңір бойынша экономикалық анықтамалық әзірлеу және Ұйым деректері банкін құру туралы бастамасын қолдаған дұрыс.

Экономикалық ынтымақтастық негізінде ғылыми және мәдени бағыттардағы бірлескен іс-қимылды одан әрі тереңдете түсу қажет. Қазақстан ЭЫҰ-ның Ғылыми қор және Мәдениет институты жөніндегі жарғыларына қол қойды. Осы органдар қызметінің аясында біз жоғары білікті ғылыми және техникалық қызметкерлер резервін жасау, ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру, бірлескен ғылыми-техникалық бағдарламалар әзірлеу идеясын қолдаймыз.

Біздің кездесулерімізге қатысушылардың назарын, Экономикалық ынтымақтастық ұйымының болашағы туралы әңгіме болғанда, өзіме әсіресе маңызды болып көрінетін тағы бірқатар мәселелерге аударғым келеді.

Біздің ұйымымыздың атының өзінде негіз қалаушы идея бар. Бұл ең алдымен экономикалық ұйым және біз осыны басшылыққа ала отырып, нақ осы проблемаларды шешуге тиіспіз. Сірә, ЭЫҰ-ны шектен тыс саясаттандыру әрекетіне бармағанымыз жөн. Тек Ұйымның өңірлік тұрақтылықты нығайтуға оң ықпал жасайтын көздерін ғана ескерген дұрыс, ал ол экономикалық дамуға, яғни біздің мақсаттарымызға қол жеткізуімізге жәрдемдесетін болады.

Осы орайда Ауғанстан мен Тәжікстандағы азаматтық соғыс мені ерекше алаңдатады. Бұл соғыстың одан әрі жалғасуы ЭЫҰ-ның беделіне және оған деген сенімге елеулі нұқсан келтіруі мүмкін. Бұл – біздің бәріміз пікірімізді ашық айтатын жағдайдың нақ өзі. Бұл – біздің ортақ өңіріміз. Ауғанстанның, Иранның, Пәкстан мен Тәжікстанның құрметті Президенттері осында, осы кездесу аясында бұл шетін мәселені талқылауы қажет деп есептеймін. Ашығын айтсам, көп нәрсе соларға байланысты. Осы проблеманы шешуге біздің бәріміз өз үлесімізді қосуға әзір болуымыз керек. Осынау жанжалдар ошағын жоймайынша, ЭЫҰ-ның тиімді қызметі туралы айтудың өзі артық болса керек. Әсіресе әңгіме Ауғанстан мен Пәкстан арқылы тасымал мәселесіне келгенде.

Ендігі бір айтсам деген проблема ынтымақтастықтың ЭЫҰ мемлекеттері үшін де, дүниежүзілік қоғамдастық үшін де оңтайлы үлгісін таңдап алуға байланысты. Осы кездесуге құжаттарды әзірлеу барысында Еуропалық Одақтың, АСЕАН-ның, мемлекеттердің басқа да бірлестіктерінің экономикалық жақындасу үлгілері мұқият зерттелді. Ынтымақтастықтың аталған үлгілерінен басқа ТМД-ның мемлекетаралық қатынастардағы

кейбір тәжірибесі де ЭЫҰ үшін белгілі бір пайда келтіруі мүмкін екенін айтуым керек. Бұл өзара іс-қимыл мен экономикалық байланыстарды дамытудың неғұрлым тиімді тәсілдерін түсіну және зерттеу үшін ұлағат болмақ. Біз, жаңа тәуелсіз мемлекеттер, сыртқы экономикалық ынтымақтастық үлгілеріне неғұрлым байсалды, тіпті кейбір тұста сын тұрғысынан қарауға тиіспіз.

Мен бұл проблемаларды тегін қозғап тұрған жоқпын. ЭЫҰ-ның кейбір жобалары мен бағдарламаларының қаржыландыруға байланысты елеулі қиыншылықтарға орай жүзеге аспай қалғаны бәріңізге мәлім. Демек, тығырықтан шығатын жол халықаралық қаржы институттарын, жеке бизнесті ортақ іске тарту болмақшы. Біздің ортақ міндетіміз – олар үшін барынша қолайлы жағдай жасау деп ойлаймын. Ал оны шешу, Ұйымның жағымды бейнесін жасамайынша, мүмкін емес.

Осыған байланысты бізді ЭЫҰ-ның Біріккен Ұлттар Ұйымымен табысты ынтымақтастық жасауы қуантып отырғанын айтуым керек. Сондай-ақ ЭЫҰ мен Еуропалық Одақ, ЭЫҰ мен Ислам конференциясы ұйымы арасындағы байланыстардың нақты нәтижелері бар екенін білеміз. Сонымен қатар ЭСКАТО-ның демеушілік етуімен Азия-Тынық мұхит өңірінің аймақтық ұйымдары арасында ынтымақтастық дами бастады.

Осының бәрі дүниежүзілік қоғамдастықта Экономикалық ынтымақтастық ұйымы туралы оң пікір қалыптасуына әсер етеді.

Өңірді дамытудың көптеген проблемаларының жаһандық маңызы бар екенін атап айтқан жөн. Бұл аймақтың мұнай ресурстарын тасымалдауға, ЭЫҰ мемлекеттерінің аумағында тиімді көлік тәсімін құруға,

ғаламдық сипатқа ие болатын қаупі бар Арал мен Каспий теңіздерінің проблемаларымен байланысты экологиялық апаттардың алдын алу жөніндегі дүниежүзілік қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіруге қатысты. Ал бұл мәселелерде бізге дүниежүзілік қоғамдастықтың тиімді көмегі аса қажет. Экономикалық өзара іс-қимылымызға неғұрлым ауқымды сипат беру үшін, біз аймақтағы саяси жағдайдың тұрақтылығы бағытында ескертпелі жұмыс істеуіміз керек.

Осыған байланысты біз Азияда, соның ішінде өз аймағымызды қоса, қауіпсіздіктің үйлесімді жүйесін жасау қажеттігін көріп отырмыз. Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін (АӨСШК) шақыру туралы бастамасы осы мақсатқа арналған. Оны жүзеге асыруға қазірдің өзінде Азияның 20-дан астам мемлекеті, шын мәнінде ЭЫҰ-ның барлық елдері қатысып отыр. Жүзеге асырылуы біздің баршамызға қажетті осы бастаманы қолдағандарға біз алғыс айтамыз.

Интеграция қағидаттарына адал екенімізді білдіре тұрып, мен бәріміз жұмсап жатқан күш-жігер ЭЫҰ-ның жемісті қызметіне, әріптестік пен бір-бірімізге деген сенім қағидаттарына негізделген өңірлік ынтымақтасқты дамытуға көмектесіп, біздің мемлекеттеріміз бен халықтарымыздың экономикалық өрлеуі мен гүлденуіне қызмет етуіне шынайы тілектестігімді білдіремін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 50 жылдығына арналған мерейтойлық сессиясында «Ғылым және қоғамдық даму» тақырыбында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1996 жылғы 7 маусым

Құрметті мәжіліске қатысушылар!

Республика Ғылым академиясының жарты ғасырлық қызметі туралы айтқанда, ұшқарылыққа бармай, тарихи шындықтан ауытқымай, сіздермен бірге оның қызметіне шынайы баға беруіміз керек демекпін.

Бірден ашығын айтайын: Қазақстанның алғашқы ғылыми ұйытқысын қалыптастырған Ресейдің аса көрнекті көптеген ғалымдарының көмегінсіз біздің Ұлттық Ғылым академиямыздың бірден аяғынан қаз тұрып кетуі неғайбіл еді.

Егер біздің ғылымның майдан қажеттіктерінен туындаған проблемаларды табысты түрде шешкен соғыс жылдарындағы кезін еске алатын болсақ, онда осының өзі көбіне-көп республикаға көшіріп әкелінген ғылыми мекемелердің, Мәскеудің, Ленинградтың, Киевтің, басқа да қалалардың ғылым мен техника саласындағы таңдаулы өкілдерінің игі еңбегінің арқасы болғанын аңғармау мүмкін емес.

Сонымен бірге Академия кадрларын бұрынғы КСРО-ның таңдаулы ғылыми орталықтарында даярлап, бірегей жабдықтар мен аспаптарды ала отырып, көптеген жылдар бойы табысты еңбек еткенін де, ал республикалық негізгі ғылыми зерттеулердің ғылыми қоғамдастықта өз бейнесі мен өзіндік орны болғанын да ұмытпаған жөн.

Алматыға аса көрнекті ғалымдар – М. В. Келдыш, А. П. Александров, Б. Е. Быховский, А. П. Виноградов, Ю. А. Овчинников және басқалар жиі келетін.

Ғылымға жан-тәнімен берілген аса көрнекті ғалымдар, академиктер Сергей Иванович Вавиловты, Владимир Афанасьевич Обручевті, Иван Павлович Бардинді, Иван Иванович Мещаниновты – біздің Академияның бұрынғы құрылтайшылары мен оның алғашқы құрметті мүшелерін өз өмірлерінде тоталитарлық орталықтың саясатын жүзеге асырғандардың санатына тіпті де қосуға болмайды.

Кебек пен керекті айыра білейік те, дамудың диалектикасы өткенді мансұқтауда емес, сол өткеннен болашаққа апаруға болмайтынды мансұқтауда екенін есте ұстайық. Ал бізде қазір сондай басы артық жүктің бар екені рас.

Егер біздің ғылымымыз дербестікке ие бола алмады десек, ең алдымен басқару тұрғысынан болды. Өктемдікпен басқарылатын экономика жағдайында қабылданған ғылыми-техникалық шешімдер үшін экономикалық жауапкершілігі болатын институттарды құру мүмкін емес, ал әкімшілік жауапкершілік көбінесе кездейсоқ, субъективтік пікірлерге байланысты болады дейтін тезис толығымен осы салаға қатысты.

Дегенмен Ғылым академиясының жинақтаған орасан зор тәжірибесі мен дәстүрлерінен болашаққа алып баратын нәрселер аз емес. Оның жарты ғасырлық қызметі ғылым ғимаратының іргетасы терең әрі берік қаланғанын, ал Академияның алғашқы басшылары ірі ғалымдар ғана емес, сонымен бірге алыстағыны көре білетін саясаткерлер болғанын растады.

Бүгін таңда біз Академияның негізін қалаған барлық адамдарға, Қазақстан ғылымының дамуына лайықты үлес қосқан және қосып келе жатқан барша ғалымдарға алғысымызды білдіреміз. Олардың ғылыми қызметінің жемістерін біздің бәріміз пайдаланып келеміз және әлі де көптеген жылдар бойы пайдалана береміз.

Құрметті мәжіліске қатысушылар!

Бүгін таңда ғылым, шынында да, барған сайын қоғамның ірі өндіргіш күшіне әрі кез келген мемлекеттің қуатты әлеуметтік-экономикалық және саяси ресурсына айналып келеді. Дамыған елдерде қоғамдық қайта өндірудің зияткерлік әлеуетінің деңгейін қолдау үшін материалдық-заттық қайта өңдеуге жұмсалатын шығыннан көп шығын жұмсалатыны тегін болмаса керек.

Адамның негізгі рухани және моральдық құндылықтарын қалыптастыратын мәдениеттің ажырағысыз бөлігі де – ғылым.

Осы факторларды ескере отырып, көптеген елдер дәстүрлерінің, ресурстық қамтамасыз етілуі мен тарихының әралуандығына қарамастан, экономикалық және әлеуеттік дамуында елеулі табыстарға жетті. АҚШ-тың, Ұлыбританияның, Францияның, Жапонияның, Батыс пен Шығыстың басқа да дамыған елдерінің тәжірибесі технологиялық дамудың аса маңызды шарты ғылым мен техниканы қолдаудың экономикалық жағынан өркендеген, адамгершілік мақсаттағы, әлеуметтік жауапты және қауіпсіз қоғам құруға бағытталған мемлекеттік саясат болады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бірақ мұның бәрі дамыған немесе күрт дамып келе жатқан елдерге тән. Ал өтпелі кезеңде тұрған елдердегі ғылымның орны мен рөлі әзірге басқаша болып көрінеді. Мұның өзі, біріншіден, экономиканың алғашқы кезеңдегі дағдарысты жағдайына байланысты. Барлық нарық субъектілерінің қаржы қаражатының шектеулі екеніне байланысты олар көбіне ағымдағы міндеттерді шешуге бағыт ұстайды. Ғылыми талдамаларға деген қажеттілік кемиді, бірақ сонымен бірге, ғылыми зерттеулердің сапасына деген талап күрт арта түседі.

Екіншіден, зерттеу институттары мен орталықтары жұмыс істейтін, түбегейлі өзгеріп жатқан экономикалық орта ғылымның өзінің терең саралануын, оның мекемелері мен басқару жүйелерін жаңа жағдайға орайластыруды қажет етеді.

Өкінішке орай, өткен кезеңде ғылымның өздігінен реформалануы аса сылбыр жүргенін айтқан жөн. Оның құрылымдарын қайта құру және бейімдеу кезеңі әлі де

аяқталған жоқ. Оның үстіне, ғылыми ойдың өзі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыруға, өтпелі кезеңнің аса қажетгі әдіснамасын тұжырымдауға елеулі үлес қоса алған жоқ.

Жас ғалымдардың коммерцияға және басқа да кәсіпкерлік құрылымдарға кетіп жатқаны туралы үнемі айта беру қалыпты жағдайға айналып кеткен тәрізді. Кәне, болашақты ойлайықшы. Біздің сүйенер жастарымыз жоқ па? Ғылымға апарар жол мектептен, бүкіл білім беру жүйесінен басталмай ма. Таяуда мен республиканың түрлі аймақтарынан келген мектеп бітіруші талантты түлектердің бір тобымен кездестім. Ақынның сөзімен айтқанда: «Қандай жақсы жастар өскен бүгінде, парасаттың нұры ойнайды жүзінде!» дегін келеді. Қазіргі жастар білімді керек қылмайды дейтін жаттанды сөзге қарамастан, мен тағы да балалардың білімге деген құштарлығын сезінгенімді айтпақпын. Біздің орнымызды басар жақсы ұрпақ өсіп келе жатыр!

Қазақстанда мектептер мен жоғары оқу орындары жаппай жабылып жатыр, ал білім беру жүйесі тығырыққа тірелді деп бүкіл жұртшылыққа байбалам салып жүргендерге қолымдағы бар деректерді келтіре отырып қарсы уәж айтсам деймін. Қазір бізде 8,5 мыңнан астам мектеп жұмыс істейді. Соңғы 5 жылдың ішінде орта мектептердің саны 264-ке, жалпы білім беретін мектептер – 119-ға, ал қазақ мектептері 459-ға өсті.

Мектеп пен жоғары оқу орындарында білім беруді дамыту жөніндегі қамқорлық алдағы уақытта да мемлекет басымдықтарының бірі болатынын мен бекем түрде мәлімдеймін.

Бұл мақсатқа біз қаржыны аямайтын боламыз. Біз білім берудің қазіргі заманғы тәсілдерін енгізуге, биыл

180 мектепті компьютерлендіруге, сапалық жағынан жаңа осы заманғы оқулықтар әзірлеу мен шығаруға, мектеп оқытушыларын қайта даярлауға 1,5 млрд теңгеге жуық қаржы бөліп отырмыз.

Республикада қазір шетелдік білім беру орталықтарымен бірлескен бірталай бағдарламалар жүзеге асырылуда. Оның үстіне, келесі жылдан бастап білім беру жүйесіндегі Президенттік компьютерлендіру бағдарламасы іске асырыла бастайды.

Жоғары оқу орындарындағы мамандарды даярлау ісі де біздің назарымыздан тыс қалған емес. Иә, бізде жоғары оқу орындарында білім алып жатқандардың санын біршама қысқарту жүргізілуде, бірақ мұның өзі тек мамандарға деген сұраныстан, қоғамның оларға деген нақты талабынан туындап отыр. Бірақ сонымен бірге жастардың оқып жатқан мамандықтарының саны едәуір өскеніне назар аударыңыздар. Олар бұрынғы 180-нің орнына қазір 225-ке жетті және жоғары оқу орындарындағы қазақ топтары соңғы кезде екі есе өсті. Бұл – сан жағы. Мұның сапалық жағы да төмендемеген сияқты. Мысалы, жоғары оқу орындарындағы оқытушылар құрамының елеулі түрде күшейе түскені қанағаттандырады. Қазір мұнда 830 ғылым докторы жұмыс істейді, яғни олардың өсуі 35 пайыздан астам болып отыр.

Жалпы алғанда, егер біз ғылымның жас әлеуетін сақтағымыз келетін болсақ, оны даярлауды тереңдете түсейік дегім келеді. Әрі оны мектептен, институттың өзінен бастау керек. Біздің міндетіміз – жаңа жағдайларда қолдануға келмейтін, әбден ескірген идеяларға иек артпайтын ғылымның жаңа өркенін дайындау. Бұл ең алдымен қоғамдық ғылымдар саласына қатысты. Біз

жыл сайын мемлекет қаржысына жүздеген жастарды – оқытушыларды, аспиранттарды, студенттерді «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдерге оқуға жіберіп жүргеніміз сондықтан.

Ғылыми-технологиялық құрылыстың мемлекеттік-саяси қоғамдық сипаты болатындықтан, ғылыми ұрпақтардың сабақтастығы арасындағы үзіліс елеулі саяси проблемаға айналмауы тиіс.

Біздің ғылымымыз, оның үйлестіруші орталықтары ведомстволық басқару қағидаттарынан бойды аулақ салғаны жөн. Ал біз болсақ, алдыңғы ұлы тұлғаларымыз бастап берген Қазақстан ғылымының сәулетті қара шаңырағының орнына өздерінің жеке шаруашылығы, сән-салтанатты кіреберісі бар бір-ақ қабатты жеке-жайлар салынып жатқанының куәсі болып отырмыз. Мұндай пайдасыз қызметке қанша қаржы керек екенін түсіндіріп жатудың қажеті жоқ.

Қалыптасқан экономикалық жағдайдың еліміздегі ғылыми-техникалық саланың жай-күйі мен серпініне жасаған ықпалын саралау мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Бағдарламалық-нысаналық жоспарлау тәсілдерінің, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды жүргізудің мүмкіндіктері толығымен жүзеге асырылған жоқ.

Ғылым экономикасының өзі, оны қаржыландыру тетіктері мен осы жұмыстарға бөлінген бюджеттік қаражатты тиімді пайдалануға бақылау жасау елеулі түрде жетілдіруді қажет етеді.

Республикада жинақталған ғылыми-техникалық әлеуетті сақтау мен дамыту, әсіресе біліктілігі жоғары кадрларды даярлау ісіндегі міндеттерді шешуде ғылым мен білім беруді біріктіру әлі де үйлесімін тапқан жоқ.

Ғылыми-технологиялық саланы реформалау әлеуметтік-экономикалық өзгерістерден артта қалып келеді. Ғылым мен жаңа технологиялар экономикалық тұрақтандырудың аса маңызды факторларының рөлін атқара алмай отыр.

Инновациялық қызмет де әлі жеткілікті дамымай келеді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы әзірге озық технологияларды қабылдай алатын емес.

Осындай келеңсіз жайлар әлі де көп. Ал ең сорақысы – республиканың деңгейі едәуір биік ғылыми-технологиялық әлеуетінің нақты қайтарымы мен оның ұлттық байлығымызды арттыруға қосатын үлесі бір-біріне әлі сай емес.

Ең соңғы кезге дейін проблеманың мәні мынада болатын: 1991 жылдан кейін қалыптасқан жағдайда ғылымды мемлекеттік және қоғамдық басқарудың сақталған құрылымдарын пайдаланғанның өзінде ғылыми күштердің өрісі мен атқаратын қызметін нақты айқындау және сонымен бір мезгілде аса маңызды бағыттарда жемісті интеграциялануына жету мүмкін емес болатын. Сондықтан біз бірегей шешімге келіп, Үкімет құрамында біртұтас орталық атқарушы орган – Ғылым министрлігі – Қазақстан Республикасының Ғылым академиясын құруға мәжбүр болдық. Енді осы органның шеңберінде экономика мен өмірдің өзі алға тартып отырған мемлекеттік міндеттерді айтарлықтай пәрмендірек шешуге болады деп ойлаймын. Әңгіме, бір жағынан, ғылымның мемлекеттік саясаттың объектісі ретінде өзінің құндылығы мен дербестігі қағидатын баянды етуі және екінші жағынан, оның мемлекеттің саяси ресурсы ретінде инновациялық және технологиялық әлеуетін айқындауы туралы болып отыр.

Таяу уақытта Үкіметке, министрлікке ғылыми мекемелер мен ғылыми қоғамдастықтың жаңа жағдайдағы қоғамдық-саяси мәртебесінің, ұйымдық құрылымдарының екіұштылығын жою керек. Демек, институттық және құрылымдық түбірлі өзгерістердің болатыны сөзсіз. Мұның бәрін қысқа мерзімде және үйлестірілген жағдайда істеу керек.

Осыған байланысты ғылыми мекемелердің көптеген басшыларының нарыққа бейімделу қабілетінің жеткіліксіздігі, тақырыптық икемділіктің мүлдем дерлік болмауы, сондай-ақ қордалана түскен ғылыми артта қалушылық, ғылыми-біліми дегдарлар мен Үкіметтің ғылымды басқаратын жетекшілерінде ғылыми-технологиялық саланы дәйектілікпен реформалауға деген саяси ерік-жігердің жетіспеуі белгіленген өзгерістердің жолында кедергі болады деген қауіп бой көрсетуде.

Бұл, былайша айтқанда, объективтік сипаттағы тежеуші себептер. Алайда, сонымен қатар, жаңа мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясатты қалыптастыру субъективтік факторларды да – белгілі бір топтағы адамдардың айрықша таңдаулылар өздерін аса жайлы сезінген өткен күнді дәріптеуге, саяси және экономикалық «тұман» мен ғылыми саладағы егесушілік ахуалын сақтап қалуға мүдделілігін бейтараптандыруды талап етеді. Біздің отандық ғылымымыздың, өзіне тән ой тереңдігін жоғалтпастан, ақыр аяғында объективті ғылыми тілде сөйлегенін қалар едік.

Қазір тым көп нәрсе бәске тігіліп отырғанын түсініңіздер. Өйткені әңгіме ғылымның салалық және аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламалармен, құрылымдармен, жоғары біліммен, бизнеспен, экономикамен және жалпы қоғамды өзгертумен интеграциялануы жағдай-

ында оның өнімді «ұйтқысын» сақтап, дамытуды басты міндет етіп қойған тұжырымдаманың тағдыры туралы болып отыр.

Басқа бір нәрсені де есте ұстау керек – жұмысқа ғылыми қоғамдастықтың барлық мүшелерінің, талдаушылардың, тәуелсіз сарапшылардың, оның ішінде шетелдік сарапшылардың кең тұрғыдан ынталы қатысуынсыз ғылыми-технологиялық саясатта жоғары қайтарымға қол жеткізу мүмкін емес. Ғылым әлемдегі жаңалық атаулының бәріне ашық та сергек болуға тиіс. Ғылыми оқшаулану, әсіресе ғылыми егемендік деген – сандырақ. Бұрынғы кеңестік ғылым нақ осы себептен көрнекті ғалымдардың еңбегін құпия сақтап, өздерін өзгелерден бөле-жарып, әскери-өнеркәсіп кешенінің лабораторияларына қуып тыққаннан зардап шекті.

Академия идеялардың үдеткіші, жаңартпашылық жобалардың көшбасшысы және жасаушысы рөлін өз міндетіне алуға тиіс. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі саясатын жасау, сонымен бірге қауіпсіздік пен даму, жалпыұлттық идея мен жалпыұлттық құндылықтар, Қазақстанның қазіргі дүниедегі орны, ұлттық мүдделер, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлеуеті және басқа да тақырыптарды қоса атқару міндетін Ғылым министрілігі мен Ғылым академиясы жүзеге асырмағанда кім асыруы мүмкін.

Бізбен іргелес мемлекеттерде нақ осы бағыттардағы қарқынды жұмыс барынша қанат жайған. Қазақстан дүние жүзіне өзінің бай ресурстарымен ғана емес, сонымен қатар ТМД, Орталықазиялық Одақ, АӨСШК шеңберінде де интеграциялық бастамаларымен белгілі. Менің таяуда Малайзия мен Сингапурға барған сапарым Азия-Тынық мұхит өңірінің қауырт дамып келе жатқан елдері осындай сыртқы саяси қадамдарға қаншалықты

байсалды қарайтынын тағы да көрсетті. Соңдықтан да осы іс-қимылдарға байсалды ғылыми қолдау қажет. Интеграция ғылымға да, жалпы білімге де пайдалы. 4 мемлекет шартының арқасында тек үстіміздегі жылы ғана М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Қазақстаннан мақсатты жолдамамен 100 студентті қабылдауға келісті. Мұндай жәйт тіпті таяуда өткен кезде де болған емес-ті. Ресеймен интеграция ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың басқа да көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Ғылым министрлігі мен Ғылым академиясы таяуда өткен республикалық кеңесте айтылған ұсыныстарды ескере отырып, Ғылыми-технологиялық саясат тұжырымдамасын және Кадр әлеуетін сақтау мен дамыту бағдарламасын жасауды аяқтап, ғылымға бөлінетін бюджет қаржысының тиімді пайдаланылуына пәрменді бақылауды жолға қойып, отандық ғылымға шетелдік инвестициялардың тартылуын ұйымдастыруы қажет.

Ғылымды қаржыландыру тақырыбын қозғай тұрып, республикада болып жатқан күрделі әлеуметтік-экономикалық үдерістер қолға алынған ғылыми-зерттеулердің тиімділігіне айрықша әсер еткенін айтуға тиіспін. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі мен оларды орындауға қатысатын адамдардың саны күрт қысқарып кетті.

Солай бола тұрса да, ғылымға және ғылыми-зерттеу бағдарламаларын жүргізуге жұмсалған шығын соңғы үш жылда 978 млн теңгеден 3,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Келесі жылдың өзінде-ақ бюджет жобасына сәйкес біз бұл шығындарды кемінде 30 % ұлғайтамыз.

Ғылыми-техникалық әлеуетті сақтау мен қорғау, ғылыми-технологиялық қызметте басым және жаңа

бағыттарды дамыту мақсатында ғылымға бөлінетін мемлекеттік қаржының ішкі жалпы өнімге қатысты алғандағы тұрақты үдемелі көлемін қамтамасыз ету қажет. Мен Үкіметке бөлінген қаржыны толығымен беруді және осы мақсатқа жұмсалатын шығындарды өсіру үрдісін жалғастыра түсуді тапсырдым.

Бағдарламалық-мақсаткерлік әдіс пен ғылыми зерттеулерге мемлекеттік тапсырыс ғылымды бюджеттік қаржыландырудың негізіне алынуға тиіс.

Бұл – қатаң конкурс, ғылыми зерттеулерді жасаушылар арасындағы тендер, ғылыми циклдың барлық сатысындағы міндетті тәуелсіз мемлекеттік сараптама және зерттеу нәтижелерін міндетті мемлекеттік қабылдау.

Бюджеттің кіріс бөлігінің мүмкіндіктерін басшылыққа ала отырып, жоғары білікті ғылыми-оқытушы кадрларын ынталандырудың және қаржылай қолдаудың тиімді тетіктерін белгілеу қажет, мұның өзі ғылым мен жоғары білім мекемелерінің кадр әлеуетін тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде Үкіметке еңбекке ақы төлеу қоры шегінде ғылыми қызметкерлер мен ведомствоға бағынысты ұйымдардың қызметкерлеріне жалақының екі еселенген нормативін белгілеуге тапсырма берілді. Өздеріңіз білесіздер, жақында мен өз тарапымнан Академияның толық мүшелеріне ай сайынғы өмірлік стипендиялар тағайындадым.

Ғылыми қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесінің ескіріп кеткенін ескере келіп, Үкіметтің алдына оны жаңа жағдайларға сәйкестендіріп реформалау, соның ішінде ғылыми дәрежелер алу үшін материалдық ынталандыру жүйесін жасау міндетін қою қажет деп санаймын.

Қазақстан экономикасының нарықтық қатынастарға көшуі жағдайында ғылыми саладағы коммерцияландыру мен жекешелендіру, ғылыми талдамаларды ұйымдастыру мен ғылыми зерттеулер нәтижелерін практикалық қызметте пайдаланудың дәстүрдегіден бөлек, жаңа формаларын жасау айрықша маңызға ие болуда. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру жүйесін қайтарым негізінде, шағын жаңартпалау бизнесі, венчурлік енгізу фирмаларын, технологиялық парктер, технополистер, әртүрлі қорлар құру арқылы қалыптастыру жолымен жүру қажет.

Бұл ретте ғылыми-техникалық өнімнің шығын көлемі, сапасы мен жаңалығы, оның халықаралық стандарттарға сәйкес келуі, өнім мен қызметтің алуан түрлілігі, рентабельділігі және пайдасы сияқты өлшемдер бойынша жүйелі қаржылық және маркетингтік талдау жүргізілуі тиіс. Осының бәрі тек ғылыми ізденіс аясын кеңейтіп, ғылыми және технологиялық зерттеулерді ұйымдастырудың барынша икемді нысандарын пайдалануға ғана емес, сондай-ақ ғылыми-технологиялық саясатты жүзеге асыру үшін қосымша қаржы тартуға да мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, зерттеулер мен ғылыми ұйымдарды мемлекеттік қолдаудағы іріктеу қағидаты Қазақстанда жүргізіліп жатқан ғылыми-технологиялық саясаттың іргетасына айналады. Бұл саясат өтпелі кезеңнің экономикалық өзгерістеріне пара-пар болады. Ғылымды мемлекеттік қолдаудың бірнеше бағытын бөліп көрсетсем деймін.

Біріншіден, бұл негізінен микроәлемдегі, техно-аядағы, Жердегі және ғарыштағы желілік емес тең

салмақсыз үдерістерді зерттеуге бағытталған іргелі зерттеулердің бірқатар бағдарламалары. Қазақстан ғылымы үшін өзіне қымбат, негіз қалаушы емес, қайта бағдарлы, әлемдік іргелі ғылымды дамыту арнасында тұрған іргелі зерттеулер неғұрлым тән. Осыған орай, бізге басымдықтарды айқындап алу мен таза ғылымның қолданбалы ғылыммен байланысын сақтау оңайға түседі.

Екіншіден, бұл негізінен экономика мен технологиядағы қарқынды өзгерістерге байланысты зерттеулер. Олар макро- және микроэкономикалық өсуді оңтайландырудың, Қазақстанның дүниежүзілік экономикадағы рөлі мен орнын айқындаудың, экономикалық және әлеуметтік дамудың ұзақ мерзімді стратегиясын белгілеудің, қаржылық бағдарлаудың, экономикалық болжам жасаудың, технология диффузиясының, меншік пен басқарудың арақатынасының, әдістері мен құралдарын жасаудың, өңірлерді кешенді дамытудың, техникалық өнертабыстарды теориялық және үлгілік тұрғыдан негіздеудің, ноу-хаудың, техникалық циклдар мен өнертабыстарды енгізудің міндеттерін қою мен шешуді көздейді.

Қазір біз макроэкономикалық тұрақтану кезеңін аяқтауға жақындап келеміз және елдің ілгерілеуі үшін стратегиялық сипаты аса маңызды, экономиканың инвестициялық дамуының қарсаңында тұрмыз.

Макродеңгейдегі тұрақтылық енді орташа мерзімді келешекке көз тігуге, реформалардың жылдық емес, үшжылдық және бесжылдық бағдарламаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, дағдарысты құбылыстарды жеңу іскерлік белсенділікті де, инвесторлардың, соның ішінде шетелдік инвесторлардың

мүдделерінің өсуін де арттырады. Біз оны қазірдің өзінде сезіне бастадық.

Сонымен осы тұста дамудың ұзақ мерзімді стратегиясының, экономиканы жоспарлау мен болжамдаудың әдістері мен амалдарының, дүниежүзілік аужайды зерттеу мен Қазақстанның орнын табудың, технологиялық қарқындау бағыттарын айқындаудың, қолайлы инвестициялық ахуал туғызудың рөлі мен мәні елеулі түрде өсе түседі.

Осыны ескере келіп, мен арнайы Жоғары экономикалық кеңес құردым, ол осындай міндеттерді шешумен айналысады. Оның құрамында жетекші ғалымдар мен практиктер болады. Мен осындай міндеттерді ғылыми басқару органдарының алдына да қойдым. Жетекші ғылыми орталықтар экономикалық проблемаларды шешуге мейлінше байыпты қарайтындай болуы керек.

Ал әзірге біздің ғалымдарымыз: «Біз қайда бара жатырмыз?» деген тақырыпты қаузауды жалғастыруда. Бүкіл әлем өзінің пәрменділігін дәлелдеген қарапайым қағидатты басшылыққа алғалы қашан. Бұдан 200 жыл бұрын ғылыми экономиканың негізін қалаушы А. Смит оны былайша тұжырымдаған болатын: «Мемлекетті ең төменгі тағылық сатысынан әл-ауқаттың ең биік дәрежесіне жеткізу үшін, тек бейбітшілік, жеңіл салық және басқарудағы төзімділік керек». Бұл орайда еркін кәсіпкерлер өздерінің қамын ойлап, тауарларды көп әрі арзан шығаруға ұмтылады. Қоғамға да керегі сол.

Одан кейінгі экономикалық ілімдердің бәрі өз кездеріндегі жағдайларды ескере отырып, тек осы ойды дамытумен болды.

Үшіншіден, қазіргі заманғы технологиялардың мемлекетқұраушы салалары мен экономиканы жетілдіру проблемалары бойынша қолданбалы зерттеулер мен талдамаларды естен шығармаған жөн. Бұл – ғылымның, технологияның және өндірістің табиғи қорытпасы.

Меніңше, біз үшін оңды ұйымдық шешім – өтпелі кезеңде өздерінің өміршеңдігін танытып үлгерген ғылыми ұлттық орталықтар мен басқа да ғылыми-өндірістік құрылымдарды құру болар еді.

Төртіншіден, білікті және сындарлы тұлға педагогикасы, идеялар, ойлау мен шығармашылық теориясы, жаңа ұрпақтың азаматтығы мен пассионарлығының үлгісі саласындағы зерттеулерді қамтитын келелі мәдени-гуманитарлық пәндер кешені. Жеке адамның мәдени-гуманитарлық және кәсіби әлеуетінің қалыптасуын біртұтас үдеріс ретінде қарастыру керек. Философиялық-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және басқа гуманитарлық ғылымдар осыған бағдарлануға тиіс. Бүгін таңда, тоталитарлық-догматтық өткен кезбен қош айтыса отырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың және оларды оқытудың мазмұны мен әдістерін түбегейлі өзгерту қажет.

Және, ақыр соңында, ғылымның инфрақұрылымын сақтау мәселесі назардан тыс қалмауға тиіс. Осы инфрақұрылымның республика ғалымдары мен инженерлерінің ортақ игілігі екендігіне ешқандай күмән жоқ және оны мемлекеттік қолдау ғылыми саясат басымдықтарының өзгеруіне тәуелді болмауға тиіс. Бұл мемлекет басшысы ретінде менің де тікелей қамқорлығымда болады.

Мен осы заманғы қазақстандық ғылыми-технологиялық саясатты қалыптастыру мен жүзеге асырудың, ғылымның «шарықтау салмағын» сақтаудың және оны

нарықтық өзгерістерге қосудың мынадай айқындаушы қағидаттары мен мақсаттарын бөліп көрсетер едім.

1. Нарықтық жаңартпашылдық яғни инновациялық тетігін мемлекеттік реттеу тетігімен ұштастыру, ал бұл нарықтық таңдау қатаңдығын бәсеңдетуге және ғылыми-техникалық қызметтің жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2. Тұтынудың басымдығы. Ғылыми-техникалық прогрестің құрамдас бөліктерінің бәрі түпкілікті тұтынуға бағдарлануға тиіс.

3. Тиімді ресурс сақтау, ол қоғамдық қажеттердің барынша толық қанағаттандырылуын және тұрмыс сапасының артуын қамтамасыз етеді.

4. Әлеуметтік бағдар. Ғылыми-техникалық прогрестің арқасында материалдық өндіріс саласында босатылатын ресурстар тұрмыс дәрежесін арттыруға, денсаулық сақтауға, білімге, ғылым мен мәдениетке, айналадағы табиғи ортаны сақтау мен жақсартуға жұмсалатын шығындарды ұлғайтуы тиіс.

5. Есептеу техникасын, байланыс және ұйымдастыру техника құралдарын кеңінен пайдалана отырып, экономика салаларын ақпараттандыру, бірыңғай ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру.

6. Елдің әлеуметтік, экономикалық және ғылыми-техникалық прогресінің негізгі шарты ретінде білімнің деңгейі мен сапасын арттыру.

Осындай басым мақсаттарға қол жеткізгенде Ғылым академиясының өзінің де, ғалымның, зерттеушінің және инженердің де беделі айтарлықтай артып, халықтың тұрмыс деңгейінің өсуін қамтамасыз ете алатын ғылыми-техникалық салада нарықтық өзгерістер өмірге келеді деп үміт артуға болады.

**Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына
арналған салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1996 жылғы 23 тамыз

Құрметті отандастар!

Баршаңызды өз дәуірінің ұлы жыршысы, қазақ халқының біртуар перзенті Жамбыл Жабаевтың дүниеге келгеніне 150 жыл толу мерекесімен құттықтаймын. Жәкең сынды алыпты терең ұғыну үшін, өткен жылы ғана 150 жылдығы тойланып өткен халқымыздың кемеңгер ойшылы Абай дәуіріне тағы да көз салып, тіпті одан арғы замандарды да зерделеу қажет. Өйткені Абай жаңа қалып пен соны пішін, жаңа мазмұн мен ізденімпаз, өршіл рухы арқылы қазақ жазба әдебиетінің негізін қаласа, Жамбыл сан ғасырлық ақпа-төкпе суырып салма ақындық өнердің, жыраулық дәстүрдің көшін ілгері

апарып, осы заманға жеткізген және небір тарихи ұлы өзгерістерді сол үрдістен алшақ кетпей-ақ жырлай білген заңғар құбылыс екені мәлім. Олай болса, Жамбыл туралы айтылар сөздің мәдени-рухани өміріміздің, саяси-әлеуметтік тарихымыздың ең бір көкейкесті арналарымен ұласып жатуы заңды.

Жамбыл ғұмыр кешкен аттай бір ғасырлық уақыт қазақ халқының тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі еді. Мыңдаған жылдарға созылған көшпелі өмір салтының ішкі құрылымы дәл осы кезеңде ыдырай бастады. Ұлы жыраудың көз алдында ғасырлар бойы үстемдік еткен жүйелер алмасты, екі бірдей дүниежүзілік сұрапыл соғыстар өтті, ел өмірінде саяси-әлеуметтік түбірлі өзгерістер болды.

Ал түбірлі өзгерістерге алып келетін, тұтас жүйелер алмасу кезеңінде ғұмыр кешкен ұрпақтың өмірі қашанда күрделі. Әсіресе, Жамбыл секілді ұлы тұлғалардың тағдыры айрықша шиеленіске толы болған. Соған қарамастан, Жамбыл өзінің болмыс-тағдырымен, дарын-тегеурінімен, біртуар табиғатымен өз заманының айнымас айнасы бола білді. Ол өзінің өлмес өнерімен тұтас дәуірдің шыншыл шежіресін жасай білді, өміршең ойларымен сол дәуірді саралап берді. Сондықтан да біз оны қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірегейі ретінде ұлағат тұтамыз.

Тарихқа ден қойсақ, ел-халық тағдырындағы саяси-әлеуметтік ахуал мен мәдени-рухани өмірдің арасында ұдайы сәйкестік бола бермегенін аңғаруға болады. Құлдық қоғамда байырғы гректердің классикалық мәдениеті қалыптасса, Еуропада әлденеше ғасырлық діни мистика шеңгелінен Ренессанс – Жаңғыру заманы гүлдеп өсті. Наполеон өктемдігін бастан кешкен

кезде Германияның классикалық философиясы мен өнері шарықтаса, крепостнойлық Ресейде ХІХ ғасыр әдебиет пен өнердің «алтын ғасырына» айналды. Мұны кезінде Гегель «тарихтың тәлкегі» деп атаған.

Осынау «тарихтың тәлкегі» ХІХ ғасырда Қазақ елін де айналып өткен жоқ. Бірақ бояуын жоғалтпастан өзінің мәдени-рухани келбетін сақтай білді. Қазақ даласы Шоқан, Ыбырай, Абай, Махамбет, Мұрат, Дулат, Шортанбай, Сүйінбай, Жамбыл, Біржан, Ақан, Мұхит, Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Ықылас сияқты біртуар перзенттерін тудырды. Бұлар қазақ халқының тарихи тағдырында шын мәнінде ренессанстық рөл атқарды.

Осы тұрғыдан келгенде, Еуропа ренессансының бастау бұлағында Дантенің тұрғаны сияқты, қазақ қоғамының мәдени-рухани дәуірлеу кезеңінің жуан ортасынан Жамбылдың қайталанбас тұлғасы асқақтай көрінеді. Меніңше, бұл жай ғана әсіре теңеу емес, жан жүрегімізбен сезіне алатын тарихи ақиқат. Біз мұндай тарихи ақиқатты неғұрлым терең таныған сайын соғұрлым тарихи тұлғаларымыздың болмыс-бітімі жан-жақты ашыла түседі. Ең бастысы, ұлт мәдениетінің тарихи жетілу, шыңдалу жолдарының диалектикасы айқындала түседі. Демек, біз бүгін рухына тағзым етіп отырған Жамбыл кездейсоқ құбылыс емес, халық тағдырымен тамырлас, тарихтың толғағы дүниеге келтірген лайықты перзенттердің бірі деп нық сеніммен айта аламыз.

Өзекті жан болып жаратылған соң кімнің де болсын басына бұлт үйірілмей, найзағай ойнамай тұрмайды. Ондай жай Жамбылдың да басында болған. Әйтсе де қабырғалы жұртының ары мен намысы үшін Жамбыл мықтымсынған небір бай, шонжарлардың үш ұйықтаса

түсіне кірмеген аламан тасыр дауға да, алыстан келер, іргеден шығар «жасағы жойқын жауға да» үнемі ту көтеріп, жырымен қылыш сермеп өткен. Оған елі куә, тарих куә. Небір жан беріп, жан алысқан айқастар үстінде ол халқының сөзін сөйлеген өр мінезділігінен айнымаған. Тайсақтауды, жағыну дегенді білмеген. Бұл оның жалпы ақындық болмысының тым биік, жалын мен оттан жаралғандай аса қызулығын, айрықша айбындылығын айғақтай түседі. Бұл тек даңғайыр таланттардың ғана жаратылысына тән қасиеттер және оның бойындағы халық деген алыптың асқаралы мінезінің сәулесі. Әлсізге болысу, әлдіні әділеттілікке шақыру Жамбыл поэзиясының өмірлік қазығы, айнымас бағдаршамы болды. Елді титықтатқан, бірлігін ыдыратқан берекесі жоқ іске күйзелген ақын жыр семсерін сермеуден жалыққан жоқ.

Жамбыл өзінің әр өлеңінде халқын бірлікке, ынтымаққа шақырып отырған. Ұлы ақынның мына бір шумағына тағы да бір зер салайықшы:

Ұрпағым, іздеп келген бақытты жас,
Кімде-кім бірлік бұзса, халыққа қас.
Бірліктің берік туы тек ынтымақ,
Өсиетім: тек сол үшін құшағыңды аш!

Ардақтаған халықты, адамды сүй!
Тап бүгінгі бақытты заманды сүй,
Елдің тіккен іргесін игілікке
Соған айт әдемі жыр, сүйкімді күй.

Жамбылдың ақындық өнерінің биік шыңы, айтыс өнеріндегі іргелі табысы – Құлмамбетпен айтысы.

Әрине, Жамбылдың сайысқа шыққан ақыны бір ғана Құлмамбет емес екені әмбеге аян. Бірақ Құлмамбет өлең өлкесіндегі сол кездері бүкіл Жетісу, оңтүстік аймағында Сүйінбайдан өзгені мойындамайтын жыр дүлдүлдерінің бірегейі болатын. Жеңгендері көп, жеңіліп, опық жеген жері жоқ айтқыштардың санатында жүрген еді. Оның аса жүйрік өнер иесі екенін кезінде Жәкеңнің өзі де мойындаған.

Реті келген соң айта кету керек: атақты тарихи тұлғаларды Жамбыл тек айтыс үстінде, қарсыласының мысын басу үшін ғана дәріптеп, насихаттаумен шектелмеген. Жай ғана бас қосқан алқалы жиындарда ежелгі тарихтан, өзінің өмір сүрген дәуіріне дейінгі тұстың елеулі-елеулі жайларынан сыр қозғап, сол жайларды айтылар жырдың негізгі өзегіне айналдырып отырған. Мәселен, Өтеген мен Сұраншы батырлардың ерлігін жеке-жеке дастан етіп жырлаған.

– Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, ел бірлігін сақтаған татулықты айт, – деген Жамбыл сөзі айтыста жеңіске жетудің тетігі ғана болған жоқ, бұл ақын дүниетанымының тұтас кредосы еді. Бұл сөз – уақыт өтіп, заман өзгерсе де, мәнін жоймай, қайта асқақтап биіктей беретін жыр абызының сәулелі сөзі. Бізге жеткен өсиет. Бұл өсиет сөз бүгін де маңызын жоғалтқан жоқ, егемен еліміздің биік мұраттарының бірі болып отыр.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының бай да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез келген тарихи кінә артуларына жол бермеуге тиіс. Өйткені өткенге көз сала отырып, болашақты көре білген жөн дер едім.

Біздің ұрпағымызға жауапты міндеттер жүктеліп отыр, балаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекеттігімізді нығайту және өркениетті дүниежүзілік қоғамдастықтың талаптарына сай келетін сапалық жағынан жаңа деңгейге көшу міндеті тұр. Осы тұрғыдан келіп айтарым: біздің әрқайсымыз және баршамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілігімізді сезіне білуіміз қажет. Ұлы Жамбыл атамыздың да арманы осы болатын.

Жамбыл қазақтың ақындық өнерінің қазанында қайнап, ежелгі ауыз әдебиетінің кәусарымен сусындап, ақындық, жыраулық дәстүрдің ХХ ғасырдағы туын биікке көтерген дана қарт, ұлы жырау. Ол өз халқының сөз өнерінің ұстаханасында шыңдалған, туған топырағының төл перзенті:

Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай,

– деп Жәкеңнің өзі жырлағандай, оның Сүйінбай сынды үлгі алған ұстазының ар жағында: Сүйекеңмен тұстас Майкөт, Қабан, Бақтыбай, Құлмамбет, өзімен тұрғылас Сарбас, Қуандық, Қожантай, Әмірелер, сонау Сыпыра, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар, Базар, Ақтамберді, Үмбетейден басталып, Шал, Махамбет, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Нысанбайларға келіп ұласқан ақын, жыраулар мен жыршылар мектебінің игі дәстүрі жатыр.

Жамбыл – ғасырлық ғұмырымызда арыны басылмаған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын. Ол – өзінен кейінгі әр ұрпақтың ат басын арнайы бұрып, шөліркегенде тұнық жырларынан сусындар тұма бұлағы. Сондықтан да бүгінгі ұрпақтың Жамбылдың рухани мұраларына терең таным-түсінікпен қарап, оның шығармаларының қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы орнын зерек көңілмен бағалағанмыздың бір көрінісі – бүгінгі өткізіліп отырған жыр алыбының мерейтойы. Жамбылдың туған ел мен жеріне деген ыстық ықыласын төгіле жырлаған арнау-толғауларынан, хикаялары мен дастандарынан іздесек, онда ақынның шығармалары халық рухының қырмызы гүліндей екеніне көзіміз жетеді. Жамбыл жүрегі қашанда халқым деп соқты. Ол ең алдымен халықтар достығын, терезесі тең елдердің бірлігін, ынтымағын жырлап, шындық шуағын шарболаттай шыңдады.

Ұлы жыршы Жамбыл қазақтың дәстүрлі әдебиетінің аса дарынды, асқақ жаратылған алып өкілі болатын. Оның алыптығы сонша, өз басы халыққа берер игіліктеріне имандай сенген Қазан төңкерісінің, Кеңес өкіметінің жетістіктерін сол ежелгі ақындық, жыраулық дәстүрдегі ауыз әдебиетінің мүмкіншілігі аясында-ақ жырлап, өзін, өзі арқылы күллі қазақ әдебиетін дүние жүзіне танытты. Соның арқасында ол өзінен кейінгі Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Доскей Әлімбаев, Саяділ Керімбеков, Орынбай Тайманов, Үмбетәлі Кәрібаев секілді шашасына шаң жұқпайтын халық ақындарына игі ықпалын тигізген, өнегесін бойларына сіңірген ұстаз да бола білді.

Қазір, Кеңес дәуірі артта қалған шақта, Жамбыл атамыз Кеңес өкіметін, оның ішінде сол кездегі ел басшыларын жырлады, «сонда бұл қалай?» деген сұрақтар соңғы кездері жиі көлденеңдейтін болды. Мәселенің осы жағына арнайы тоқтала кеткен жөн сияқты.

Ұлы жырау жетпіске жеткен шағында патшалық Ресейдің 1916 жылы бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақ жігіттерін қара жұмысқа алатын тұсындағы елдегі дүрбелеңді өз көзімен көрді, қолдарына қару алып, патшалық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуға қарсылық көрсеткен ереуілші топтың істеріне тілектес болды. Биыл 80 жылдығы аталып өткелі отырған ұлт-азаттық қозғалыстың бел ортасында болмаса да, соның көшбасындағы ерлердің ерліктеріне тәнті болды, жырларымен тілектестігін білдірді, бір сөзбен айтқанда, рухани жағынан демеуші бола білді; өйткені ол өзінің туған халқының теңсіздікте кешкен өміріне іштей назалы еді. Көп ұзамай дүниені дүрілдетіп, «Халықтарға теңдік, бостандық әпереміз, құлдық езгіден құтқарамыз, өмірді жаңғыртамыз, бұрынғы билік иелерін орнынан алып, әділдік орнатамыз, жарылқаймыз» деген ұранмен өмірге келген Кеңес өкіметінің сарбаздары мен сардарларын да көрді. Бұлар, әрине, бұрынғы «шынжыр балақ, шұбар төстерді» жайпай келді. Тәуелді дәрежеде болса да, Қазақ елі республика атанды.

Қазақтың зиялы қауымы бар, қарапайым еңбеккері бар, бұл өкіметті қолын теңдікке, басын бостандыққа жеткізеді деп білді. Жамбыл да солай түсінді. Патша өкіметінің бұратана халықты басып-жаншуы келмеске кетіп, оның орнына ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік келді деп ұқты. Олай болса, сол тәуелсіздікті қолға ұстатқан жаңа қоғамдық құрылысқа, оның әділетті

аталып жүрген басшыларына қол соқпағанда кімге қол соғады? Мұндай біржақты көзқарастан, бүкіл елі секілді, Жамбыл да алыс кеткен жоқ. Сол қоғамның жетістігіне желпініп, жыр толғады.

Біздің әрқайсымыз өз уақытымыздың, өз дәуіріміздің перзенттеріміз. Біздің Жәкеңнің тар заманда, отаршылдық дәуірде немесе кеңестік дәуірде дүниеге келген шығармалары арасындағы алшақтықтан айып іздеу, жазғыру орынсыз деп ойлаймын. Заман әлі талай өзгерер, бірақ ұлы ақын мұрасы өзінің құндылығын ешқашан жоймақ емес. Жамбыл өз заманын, оның ағы мен қарасын, бір сөзбен айтқанда, өз дәуірін асқан шабытпен жырлаған ұлы сөз зергері деп білеміз. Ал зергерге шашасына шаң жұқпас асыл дүниені қай дәуірде, кімдерге арнады деп емес, қалай жасады деп баға берген орынды болар, сірә. Өйткені Жәкеңнің әрбір дүниесі өз бойынан, жүрегінің тереңінен шымырлап шыққан.

Бүкіл әлемді мойындатқан шығармалар, Жәкең шығармашылығы халқымыздың дүниетанымдық, рухани көзқарасының қалыптасып, ұшталуына ықпал жасағанын да ешкім жоққа шығара алмас деп ойлаймын.

Бүгінде біздің бетке ұстар ақын, жазушыларымыз, ғалымдарымыз өз шығармаларының көпшілігін кеңестік дәуірде, кешегі қайта құрудан бұрын дүниеге келтірді емес пе? Ол шығармалардың бәрінде де сол заманның сарыны мен талабы жоқ емес. Солай болды деп барша аға зиялыларға мін тақпауымыз керек.

Жамбылдың тұсында, тіпті одан кейінгі жылдарда сол кездің саясатын қолдап, шығарма жазбаған кімді білеміз? Француздың ұлы жазушысы Ромен Роллан Жамбылға жолдаған құттықтау жеделхатында «Жаңа

адамзаттың ұлы жыршысы» деп баға берді. Демек, бұл Жәкең және осында отырған көптеген белгілі ақын-жазушылар ғана емес, көрнекті деген зиялылар сенген идеология болды. Ал Кеңес Одағының саясаты Жамбыл үшін саясат емес, жай ғана тақырып болды. Жәкең – кез келген тақырыпты жырлауда алдына жан салмаған жырдың «Қызыл жолбарысы».

Мына жайды еске ұстайық, ағайын. Қазақ ақындарының ішінде Жамбыл бірінші болып бүкіл Кеңес Одағы оқырмандарына Қорқыт, Асан Қайғы, Абылай рухын тірілтіп беріп, рухани айналымға түсіргенін ұмытпалық. Бір сөзбен айтқанда, Жамбыл Жамбыл болып қала береді.

Жамбыл Жабайұлына да осы тұрғыдан баға берген жөн. Жамбылдың тұғыры биік заңғар халық жыршысы екендігінде ешкімнің де күмәні болмауға тиіс. Ол XVIII ғасырдың тарихи қаһарманы Өтеген батырды, XIX ғасырда елін Қоқан хандығының езгісіне қарсы көтеріп, қол бастаған Саурық, Сұраншы батырлардың есімін дәріптеп жырлаушы ғана емес, Кеңес кезеңінің ұлы оқиғаларының да жалынды жыршысы, алдына жан салмаған ақиық ақыны. Ол кімді жырласын – папаниншілерді ме, әлде Хасан, Халхин-Гол соғысында ерлік көрсеткен ел сарбаздарын ба, қоршауда қалған ленинградтықтарды ма, қай-қайсысын да селқос қабылдаған жан болған жоқ. Оның жалынды жырларын елі күтіп отырды. Сондықтан да ақын өлендері әлеуметтік мәні, қоғамдық салмағы, бойындағы күдіреті арқылы уақыт талабымен, дәуір тынысымен телқозыдай табысып, миллиондардың арман-тілегімен табиғи жымдасып жатқанын атап өту парыз. Орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай деп жазды: «Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» жыры жарияланған кез – Ленинград халінің

аса бір ауыр шағы еді. Бұл тұста немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды. Күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жәй кісі 150 грамм нан алды. Ет, май дегенді халық өте аз және сирек көрді. Басқа азықты көрген жоқ. Үйлерге кіретін су тоқтатылды, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снарядпен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды... Жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды. Осындай кезде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті көрінген бұл жырды Ленинград радиосы күніне әлденеше рет оқып отырды. Жыр үлкен әріптермен басылып, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері құлдилап ұшып бомба тастап жүргенде, бомбадан жасырынатын жерге тығылудың орнына Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алу үшін кезекте тұрған адамдарды талай көрдім».

Бұл сол кездің нағыз шындығы болатын.

Иә, поэзия құдіреті деген осы болар. Бірнеше шумаққа тұтас бір кезеңнің жүгін арта білу тек Жамбыл секілді алыптардың ғана қолынан келетін құдірет. Міне, ақын өзіне мәңгілік ескерткіштің негізін осылай қалады.

Қазақ әдебиетінің алыбы Жәкеңді көзінің тірісінде қай елге барса, халық зор ыстық ықыласымен қарсы алып, қабылдап отырды. Ақынның 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігіне, 1937 жылдың аяғында Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанының 750 жылдығына байланысты Грузияға барған сапары, 1938 жылы май айында өзінің шығармашылық өмірбаянының

75 жылдығына орай Қазақстанда өткізілген мерекелер тұсында күллі Кеңестер елі атынан көрсетілген риясыз қызмет, қуанышты қарсы алулар тарих парағына жазылды. Ақынды қай жерде де кездестірген халық «Жамбыл, Жамбыл! Жәке!» деген ерекше шаттанған дауыспен ұрандата қошеметтеген. Ақынның сол шығармашылық мерекесіне Алексей Толстой, Микола Бажан, Павло Тычина, Тоғалақ Молда, Ғафур Ғұлам, Қалық Ақиев, тағы басқа сол кездегі көрнекті сөз өкілдерінің келуі, өзіміздің Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Дина Нұрпейісова, Күләш Байсейітова, Кенен Әзірбаев, Мәриям Хакімжанова, Қалибек Қуанышбаев секілді әдебиет, өнер саңлақтарының сол тойды ұйымдастыруы, дүние жүзінің барша елінен, сол елдердің қалам қайраткерлерінен құттықтау жеделхаттардың қарша борауы да Жамбыл есімінің төрткүл әлемге мәшһүр болғандығының айғағы.

Жамбыл шығармашылығы, оның өмір жолы бір адамның емес, бүкіл қазақтың ауыз әдебиетінің, соның ақпа-төкпе ақындық өнерінің жаңа белесі, XX ғасырдағы ең ірі серпілісі ретінде қабылдануы ләзім. Ұлы Мұхтар Әуезовше айтқанда, «Миллион жол өлеңді жатқа білетін» абыз жыраудың халықтық қасиетін жанымен терең ұғынған замандас ақын інілері – Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Павел Кузнецов, Қалмақан Әбдіқадыров, Қасым Тоғызақовтар оның әдеби хатшылары болып қызмет етті. Бұл үлкенге тағзым етіп, егде тартқан адамға қызмет қылған ұлтымыздың тамаша дәстүрінің көрінісі ғана болған жоқ, өткен ғасырлардың толқынын XX ғасырға әкеліп толқытқан қарт абыз жыршыға, ғажайып қайталанбас өнерге

деген құрмет пен кейінгі ұрпақ парызы еді. Жамбыл жырларын орыс тіліне аудару арқылы ақын есімін дүние жүзіне кеңінен таратуға үлес қосқан Павел Кузнецов, Марк Тарловский, Константин Алтайский, Илья Сельвинский, Дмитрий Снегин, Алексей Брагин сынды орыс ақындарының есімдерін де бүгінгі күні ерекше ілтипатпен еске алуға тиістіміз.

Қазақта «Күн ортақ, Ай ортақ, жақсы ортақ» деген сөз бар. Бұл ретте қазақтың Жамбылын адамзаттың Жамбылы деп мақтанышпен айта аламыз. Шын мәнінде Жамбыл дүниеге әкелген ғажайып қазына, сол рухани қазынаның өн бойындағы адамды шыңдауға арналған, биік парасат пен қоғамды шыңдауға арналған шабытты, серпінді жалпы адамзаттық игілік демеске бола ма?! Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Жамбылдың қанатты жырлары әлемнің елуге тарта тіліне аударылып, миллиондардың жүрегіне ізгілік нұрын септі. Біз мұны ең алдымен Жамбыл атамыздың өлмес өнері арқылы әлем жұртшылығына қазақ халқының рухани болмысының танылуы деп білуіміз керек. Сондықтан Жамбылдың мерейтойы қазақстандықтар үшін зор мәртебе ғана емес, өзінің де бүгінгі парасат көлеміне сын. Дәлірек айтсақ, бір мақсат жолындағы көп ұлтты дербес мемлекет ретінде әлем алдында ой мен рухтың өресін танытатын, кісілік пен парасаттың өнегесін көрсететін сәт туды. Қазақстан Республикасы осы уақытқа дейін әлем жұртшылығына өзін саяси-әлеуметтік ұмтылыстарымен, демократияшыл мұраттарымен танытып келсе, енді қайталанбас рухани болмысын танытуға мүмкіндік алып отыр. Бұл ретте қазақстандықтар ұлы Жамбылдың өлмес өнері, мәңгілік тозбас құндылықтарды көксеген биік парасаты жалпы адамзатқа ортақ екенін терең сезінеді деп білемін. Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп,

ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман-аңсармен ұласып жатқандығында. Соңдықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз. Сөз жоқ, ондай арман-аңсарға ден қою арқылы біздің қай-қайсымыз да пендешіл күйкіліктен арылып, парасат-пайымымызды шыңдай түсеміз. Өміршең мен өткіншінің аражігін айырып, асыл адамгершілік жолында табысамыз.

Әрбір ұлттық мәдениетте бүкіл әлемге тиесілі есімдер, жалпы адамзаттық рухани құндылықтың өлшем-белгісі болған есімдер бар. Соған орай, олардың осындай жасампаздық істері біздің күллі адамзатпен біртұтас әрі өзіміздің өткенімізбен, қазіргі кезімізбен және болашағымызбен ажырағысыз байланысты екенімізді еске салып, ерекше мән-мазмұнмен толықтыратыны жасырын емес.

Бүгін еліміздің жұртшылығы қазақ халқының даңқты ұлы, халық поэзиясының ұлы алыбы, бүкіл келбет-болмысымен ХХ ғасырдағы өшпес тұлғалардың қатарындағы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойын кеңінен атап өтуде.

Тағдыр оған ұзақ жемісті әрі даңқты өмір сыйлады: ол өзінің 100 жылдығына небәрі екі ай қалғанда дүниеден өтті. Оның шығармашылығы екі ұлы дәуірді – ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың 45 жылын қамтиды. Осының өзі де бірегей құбылыс, өйткені ол Қазақстан мен Ресейдің тарихындағы бетбұрысты кезеңнің жылнамашысы.

Жамбыл жастайынан, өзінің халық жыршысы, жырау ретіндегі шығармашылық жолын бастаған

кезінен-ақ суырып салма ақынның даңқына бөленді. Оның бұл жолы тар жол, тайғақ кешулі сындарға толы болғаны да рас. «Жамбыл көп уақытқа дейін патшалықтың барлық қолжаулықтарын ашу-ызамен, тікелей әшкерелеп келді, – деп жазды ол туралы ұлы Мұхтар Әуезов. – Өзінің бүкіл ашу-ызаға толы ащы тілді және әділетті айыптауларға құрылған суырып салма жырларын алым-салыққа, әділетсіз сотқа, жүгенсіздікке қарсы бағыштаған ол осымен қатар халықпен бірге, бақытты ел туралы керемет арман мен үмітке толы әндер шығарып, аты аңызға айналған халық арашашысы болған айбынды батырлар туралы да жырлады»... Сөйтіп, ол әлемнің бар байлығын жинағаныңмен одан ізгілік таппайсың, тек қана сенің дүниеге әкелген жақсылығың ғана өзіңді мәңгілік әрі қасиетті даңққа бөлейді деген тұжырым жасайды.

Жылдар өткен сайын Жамбылдың ақындық дарыны жетіле түсіп, жан дүниесі байып, өмірге деген тарихи көзқарасы қалыптасты. Адам мен оның қоршаған табиғаттың бірлігі, тән және жан сұлулығы, әсемдік, күллі жанды тіршілік пен өмірді жасаушы адамға жаратылыстың өзегі ретінде сүйіспеншілікпен қарау – оның ең сүйіп жырлайтын тақырыптары болып қала берді.

Жамбыл ғұмыр бойы ең басты тақырыпты – адамдардың достығын, бірлікті, өзара көмек пен махаббатты арқау еткен. Бізге де осындай рух беретін әрі аталы сөздер кейде жетіспей жататынын да айтқан жөн болар.

Жамбылға дейін де ақындар болған. Иә, талай тарлан ақындардың болғаны рас, қазір де бар және бұдан кейін де халқының үдесінен шыға білетін тұлпарлар болатыны хақ. Сірә, одан кейін де бола береді. Алайда ХХ ғасырда – дауылдатқан ғылыми-техникалық және

әлеуметтік революциялар ғасырында Жамбыл өзіне біткен, дүние жаралғаннан бері келе жатқан көне өнерді осы заманның қызметіне өзге ақындардың бәрінен де жақсы қоя білді, сол арқылы халықтық поэзияны бұрын-соңды болып көрмеген биікке көтеріп, ғаламдық деңгейге шығара алды.

Ауыз әдебиетінің сазгерлік-ақындық жарыс жанры ретінде айтыс әлімсақтан халық үшін өз үнін білдірудің әмбебап құралы қызметін атқарып келді, оның ақылы мен жүрегіне нәр берді. Ақындардың дуалы аузынан шыққан әрбір сөз сол заматта қағып алынып, ұлы даланың күллі шаһарлары мен ауыл-қыстақтарына тарап жатты. Бұл жырлар өзінің лайықты иелеріне өшпес даңқ пен шексіз бедел болып оралғанын ұмытпаған да ләзім. Жамбылдың кеңестік кезеңдегі шығармаларына көз жүгірте отырып, біз оларда дәуірдің бүкіл күрделілігі мен қарама-қайшылығы, бар игілігі мен кемшілігі, даңқы мен абыройсыз істері өз бейнесін тапқанын айқын көреміз.

Жамбыл өз замандастарымен ғана айтысып қойған жоқ. Ол дәуірдің өзімен айтысуға, даңқ пен абыройсыздыққа толы уақытпен ымырасыз айтысқа түсуге қажыр-қайрат таба білді. Сөйтіп, бұл айтыста жеңіп шықты!

Тез арада тауып айту, қиыннан қиыстыру, көп салалы өмірдің жәйттеріне сол сәтте үн қосуға қабілеттілік – жыраудың мейлінше шығармашылық ерекшеліктерін құрайтын қасиеттер. Жамбыл қолымен жазған жоқ, тілімен жырлады. Жасы ұлғайған кездің өзінде Жамбылдың жарқын ойлау қасиеті мен шығармашылық дүниетанымының толықтығын сақтай білгені, сөйтіп Қазақстан үшін және біртұтас көп ұлтты халық үшін

мақтаныш сезіміне толы шығармаларды, жалпымемлекеттік және жалпы адамзаттық әуенде өмірге әкелгені таңданарлық құбылыс. XX ғасырдың қырқыншы жылдарының өзінде-ақ ол патриоттық поэзияның асыл маржандарын туғызып, «Халық поэзиясының алыбы», «XX ғасырдың Гомері» деген әлемдік атаққа ие болды. Ол Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндерінде көркемдік деңгейі жоғары саяси поэзияның жаратушысы болды.

Ақындық-жыршылық сипаттағы өлең туындыларын Жамбыл Пушкинге және тынық Донның ұлдарына, Солтүстік полюсті бағындырушыларға және испаниялық туысқандарға, біздің Отанымыздың батырларына және қарапайым еңбек адамдарына бағыштады. Оның мәңгі жасайтын «Ленинградтық өрендерім» атты толғауы ақындық шеберлік пен әкелік жүректен шыққан даналық сөздің асқан шыңына айналды.

Соғыс жылдарында өмірге келген бұл туынды ұлы ақынның даңқын асқақтата түсті, оның есімін дүние жүзіне әйгілі етті. Ленинград қорғанысына қатысқан Всеволод Вишневский былай деп еске алды: «Біз бұл жолдауды көзімізге жас алмай және қуанышты толқу сезімінсіз оқи алмадық. Біз бұл хатты қуатты қолдаушы күштің келгеніндей бағалап, қабылдадық. Қазақстан халқы бізге өзінің туысқандық сәлемін, сүйіспеншілігі мен достығын жолдады, сөйтіп біз еселенген күш-жігермен шайқасқа аттандық». Белгілі жазушының бұл сөздері бұған дейін де әлденеше рет қайталаңды және Жамбыл талантын құрмет тұтушылардың барлығы оның бір жарым ғасырлық мерейтойы жылында тағы да келтірілетін болады.

«Ата-бабаң баяғы
Аян еді Жамбылға.

Тұсаулы қол-аяғы,
Аударылған ауылға»

– деп жырлады Ленинград пен оның тұрғындарына сөз арнаған даланың ұлы жырауы:

«Жетсін деймін сендерге
Жыл құсындай өлеңім,
Қаласындағы Лениннің
Сайыпқыран өренім».

Біртұтас шаңырақ сезімі, тарихи тағдырлардың тұтастығы сезімі – поэзияның ұлы ақсақалы бізге осындай мұра қалдырды. Интеграция идеялары, бірыңғай әлеуметтік-мәдени кеңістік құру туралы ойлар күш алып келе жатқан қазіргі таңда өзара түсіністік пен ынтымақтастық, өзара рухани баю және ұлттық мәдениеттің жалпыадамзаттық маңыздылығы сияқты мәңгілік құндылықтар осы заманғы мазмұнмен толығуда.

«Жыр білмеген өмір де сүре білмейді» деген данышпан қағида қалдырды Жамбыл. Біз жас мемлекетімізді орнату және нығайту мақсатымен әлеуметтік, экономикалық, құқықтық реформалар жүргізіп жатқан жылдарда белсенді мәдени құрылыссыз, Жамбылдың шығармаларынсыз біздің қоғамымыз өзінің ұлттық келбеті мен қасиетін қауымдасып іздестіруде біріге алады деу қисынсыз болмақ. Ендеше оның туындыларын еске алып, бағалайтын, біздің бабаларымыз бен әкелеріміздің Отанды көркейту жолында даңқты өмір сүргенін бағалайтын болайық. Әрқайсымыз өз орнымызда белсенді жасампаз жанға айналып, тарихты, мәдениет пен өркениетті дамытатын болайық.

Бүгінгі жыр дүлдүлінің ұлан асыр тойы – егемен елімізді мекендейтін халықтар достығы ынтымағының тойы, халықтың өзінің ұлы перзентіне деген зор құрметі мен ыстық ықыласының шынайы көрінісі.

Жамбыл мерейтойына дайындық ұлы ақын шығармашылығына терең бойлап, Жамбыл поэзиясын танумен астасып жатты. Ал ұлы бабамыздың басына барып, талантты өрендеріміздің ақынның биік рухына тағзым етуі қандай сүйіншісті. Осы күндері еліміздің түкпір-түкпірінде өткізіліп жатқан ұлы Жамбылға арналған кештер, поэзия жиындары, жастар мен өнерпаздардың өнер сайыстары, ақындар айтысы ертеңгі күндері жалғасын тауып жатса, ұлы ақынға деген құрметтің шынайы белгісі сол болар еді.

Үкімет қаулысы ауқымында Жамбыл мұражайы мен мавзолейі жаңғырып, мәдениет үйі, мектеп құрылысы жүргізіліп, ақын ауылының архитектуралық келбеті өзгерді. «Жақсыдан – шарапат» дегендей, бұл атқарылған істер халықтың діттеген жерінен шығып, жұртшылық игілігіне жарауда. Бүгінгі той көптікі, абыройы халықтікі. Жамбылды құрмет тұту – қазақ халқының биік рухына, Қазақстан халықтарының патриоттық сезіміне деген құрмет деп ойлаймын.

Ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршең маңызымен қатар тарихи да мәні бар екенін естен шығармайық. Біздің бүгінгі ісімізге қарап, ұрпақтарымыз бізге баға беретін болады. Қазақстанның ХХІ ғасырға қалай кіретіні, ұрпақтарымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны осы отырған бізге байланысты. Бүгінгідей шалқыған қуанышты күнде біздің асылымызды дөп басып, ұлы жырауға жоғары баға беріп, Жамбыл күндерін атап өткен туысқан Өзбекстан,

Қырғызстан, Түркия және басқа да елдердің, туған еліміздің әдебиет сүйер қауымына зор ризашылық сезімімізді білдіреміз.

Жәкең туған халқының күнгеі мен көлеңкесін тарихи талғам таразысына салып, шабыттың шырқау биігіне көтерген ақын. Халық тағдырының күллі арналары мен тамырларын сәтті ұштастыра білгендіктен, «халықтан шыққан дана ақын» деген атаққа ие болған. Бұл – шындап келгенде, халықтың дара туған перзентіне берер ең жоғары бағасы.

Қазақ халқы барда, оның тілі мен діні аман тұрғанда, адалдық пен адамдықтың, әділеттілік пен ізгіліктің жыршысы – Жамбыл да мәңгі жасай бермек. Бүгінгі ұлы той – халқының Жәкеңе деген шексіз сүйіспеншілігінің бір көрінісі.

Жамбыл мәңгі жасай береді. Біздің алдымызда жаңа биіктер, жаңа мақсаттар тұр. Енді 3–4 жылда ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаймыз. Бұл жаңа ғасыр Қазақ елінің тарихындағы ерекше бақытты, өсу, кемелдену ғасыры болады деп кәміл сенемін. Қазіргі саяси, тарихи жағдай бұған толық кепілдік береді. Соған орай, он тоғызыншы ғасырда дүниеге келген, жиырмасыншы ғасырда ұлы ақын ретінде әлемге танылған Жамбыл осы жаңа, ХХІ ғасырда да өз халқымен бірге жасай берері анық.

Ендеше, құрметті халайық, тойларыңыз тойға ұлассын!

«Сұлу жер – береке, елді жер – мереке» деген мақал бар. Біздің тәуелсіз Қазақстанда әрқашан береке болсын, достық, ауызбіршілік, тыныштық болсын!

Жәкеңнің биік рухы баршаңызды жебеп жүрсін!

Қазақстан Республикасы Конституциясының
1 жылдығына арналған салтанатты жиналыста
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1996 жылғы 29 тамыз

**Құрметті жиналысқа қатысушылар!
Қымбатты қазақстандықтар!**

Бүгін біз Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының қабылданғанына бір жыл толуын атап өтіп отырмыз. Бір жыл деген аса көп уақыт болмағанымен, еліміздің мемлекеттілігінің қалыптасуында, реформалардың ілгері басуында оның зор мәні болды. Қазақстан тәуелсіздігі жағдайында өмір сүрген әр жылымыз көп жағдайды қамтитынын өздеріңіз білесіздер.

Біз бүгін Конституцияның алғашқы жылдығын ғана атап отырған жоқпыз. Осыдан 5 жыл бұрын, тап осы күні біздің дербестігімізді алғаш білдірген аса маңызды

оқиғалардың бірі болып, менің жарлығыммен Семей полигоны жабылған еді. Ал сол кездегі жағдайда мұндай шешімді қабылдау оңай емес-ті. Қазақстан өзінің егемендігін мәлімдегеніне қарамастан, орталықтың өктемдігі бұрынғыдан да қатая түсті. Біздің шешіміміз, әсіресе режимдік әскери нысанға байланысты шешіміміз шектен шыққан өрескелдік ретінде қабылданғаны да рас. Бірақ өткенді қайтару және адамдардың ерік-жігерін мойыту мүмкін емес. Демек, біздің полигонды жабуымыздың өзін Қазақстан халқының дербес даму жолын түпкілікті және үзілді-кесілді таңдағанының белгісі ретінде бағалауға негізіміз бар екені сондықтан. Біз бірінші болып тажал себуші сынақтарға тыйым салғанымызды мақтанышпен айта аламыз. Қытайдың сынауларға мораторий жариялау туралы соңғы мәлімдемесінен кейін ядролық мемлекеттердің бәрі бізден үлгі ала бастады.

Дербес жолмен біз 5 жылдан астам жүріп келеміз. Жеткен жетістігіміз де аз емес. 1995 жылғы Конституцияны қабылдауымыз сөзсіз тарихи оқиғалар қатарынан саналды.

Бұл акт барлық уақытта және кез келген ел үшін ерекше оқиға болып келген. Тәуелсіз Қазақстан үшін конституциялық мәселе екі ғасырдың тоғысында ерекше мағынаға ие болды. Біз үшін жаңа мемлекеттік құрылыс проблемасы қоғамды еркін экономика арнасына шығару мен соған сәйкес саяси жүйенің жолын ғаламат іздестіру ретінде көрінді.

Бүгін тарихи шолу жасамаса болмайтын шығар. Қазақстанда конституциялар 1926, 1937, 1978 және 1993 жылдарда қабылданғанын еске алсақ: тарихи осынша қысқа мерзімнің ішінде оларды соншама жиі

қабылдаудың қандай қажеттігі бар еді? – деп сұраудың реті бар. Бұған қарама-қарсы көбінесе қоғам прогресі мен жеке адамның бостандығы үшін қызмет етіп келе жатқанына үшінші ғасырға аяқ басқан америкалық конституция мысалға келтіріледі. Бұрынғы Одақта мұндай жағдай болуы мүмкін емес еді, өйткені коммунизм жолындағы әрбір кезекті белес жаңа Конституциямен аталып өтетін.

Бірақ жаңа конституцияларға енгізілген барлық өзгерістер көбінесе бет бояу сипатында болды және, керек десеңіз, қазір 1917–1919 жылдарда қолданыста болған Алаш үкіметінің бағдарламалық құжаттарының өзі кеңестік үлгідегі барлық конституцияларға қарағанда неғұрлым көбірек конституциялы болғанын кәміл сеніммен айта аламын.

Мәселен, «Алаш» бағдарламасында Ресей демократиялық федерациялық республика болуға, ал онда әрбір жеке мемлекет автономиялы болып, бірдей құқықтармен өзін-өзі басқаруға тиіс екені айқын жазылған. Заң шығарушы билікті Мемлекеттік дума арқылы жүзеге асыру көзделді, президенттік институты тағайындалуға тиіс еді. Барлық азаматтарға шыққан тегіне, дініне және жынысына қарамастан сайлау құқығы берілмек еді. Депутаттарды сайлау тікелей, тең және жасырын дауыс беру арқылы жүргізілуге тиіс болатын.

Қысқасы, Қазақстанда сол кездің өзінде-ақ конституциялық құрылыстың идеясы туындаған-ды. Алайда оның жүзеге аспағаны белгілі. 1920 жылы қабылданған «Қырғыз (Қазақ) АКСР еңбекшілері құқықтарының декларациясы» демократиялық нормалардан мүлдем шалғай болатын. Ол құжат әлеуметтік төзімсіздікке бой алдырып, тек «таптық көзқарасқа» ғана негізделген еді.

Азаматтардың бірқатар санаттары үшін сайлау құқығының елеулі түрде шектелгенін айтсақ та жеткілікті. Мәселен, жалдамалы еңбекті пайдаланатын адамдар сайлау және сайлану құқығынан айрылған болатын.

Шын мәніне келгенде, 1926 жылы қабылданған тұңғыш қазақстандық Конституция да осы Декларациядан алшақ кеткен жоқ. Ол мәні мен пішіні бойынша РКФСР Конституциясына сәйкес келді және Декларацияның барлық ережелерін қамтыды. Қазақстан кеңестік федерацияның тікелей субъектісі мәртебесін алғанымен іс жүзінде және заң жүзінде де не егемендікке, не конституциялыққа ие болған жоқ. Басқадай болуы мүмкін де емес еді, өйткені Одақ шын мәнінде федерациялық, ал кеңестік режим конституциялық болған емес.

Сондықтан кеңестік кезеңдегі қазақстандық конституциялар одақтық мемлекет конституцияларының көшірмесі болып, бәрін қамтитын партиялық өктемдікті, мемлекеттің жеке адам мен қоғамды баса-көктеуін білдірді, адам құқықтары мен билікті бөлу қағидаттарын, жеке меншікті қабылдамауды бейнеледі. Мұның өзі мемлекеттік масылдық психологиясын, қосарлы әлеуметтік стандарттарды туғызып, адамдардың іскерлігі мен бастамашылығын тұншықтырып отырды. Ал қоғам өзінің адами өлшемі мен ұлттық әралуандығы бойынша дами алмайтын жағдайға жетті.

Егемен болған Қазақстанның жаңа конституциялық құрылысының тарихи міндеті тәуелсіз елдің әлеуметтік стратегиясына сәйкес тиімді мемлекеттік тұтқаны орнықтыру ғана емес, сонымен бірге конституциялық құрылысқа деген әкімшілік-әміршілдік көзқарас дәстүрлерін түбегейлі жоюға байланысты еді.

Елдің таптық, таза ұлттық және діни тұжырымдардан ада Конституциясының қағидатты түрдегі жаңа үлгісін түзудің өзі, ең алдымен, мемлекеттің негізгі екі объективтік үдерісіне: бейімделген әлеуметтік жаңғыруға және ұлттық өркендеуге қатысты өзіндік сәйкестенуін талап етті.

Қазақстан қоғамында белең бере бастаған өмірдің бүкіл болмысы мен бейнесін түбегейлі өзгерту үрдісін Қазақ КСР-інің егемендігі туралы 1990 жылы қабылданған Декларация мен соның негізінде 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы конституциялық заң бейнелеп, едәуір дәрежеде бекітіп берген еді. Сол арқылы Қазақстанда өзінің конституциялық құрылысын жасаудың принципті жаңа үдерісі басталды да, ел ежелгі қазақ жерінде жаңа, саяси және экономикалық тұрғыдан тәуелсіз мемлекеттікті одан әрі құрудың алғышарты мен негіз қалайтын өлшемдерін жасады.

Алайда осы конституциялық актілер саясаттың қызуы мейлінше күшейген кезеңде қабылданғанын мойындаған жөн. Барлық үдерістерді бірден ой елегінен өткізу, өзіміздің жоспарларымыз бен мүмкіндіктерімізді нақты салмақтау қолдан келе қойған жоқ, біз «еркіндік» дейтін сөздің екпінінен ес жия қоймаған болатынбыз. Оның үстіне, қоғамның өзі де көбінесе коммунистік қиялдармен және қасаң қағидалармен өмір сүріп жатқан-ды. Социалистік жалған халық билігінің бұрынғы таптаурындары заман талаптарына сәйкес конституциялық тиісті ұйғарымдарға шығуға мүмкіндік бермеді. Сондықтан осы жылдардың бәрінде біз Қазақ КСР-інің ескі Конституциясын жамап-жасқап келдік.

Қазақстанның егемен мемлекет және дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі ретінде орнығуы Жоғарғы Кеңестің 1993 жылғы Конституцияны қабылдауы арқылы жүзеге асты. Ол 1990–1992 жылдардағы алғашқы конституциялық құқықтық шығармашылық толқынның қорытынды құжаты, өзіндік бір шегі болды.

Дегенмен осы Конституция қазақстандық конституциялық құрылыс жолындағы елеулі белес болғанымен, ол да неғұрлым сипатты белгілер мен ескі таптаурындардан арыла алған жоқ. Біз қоғамдық келісім үшін амалсыз көнуге тура келген тарих мәмілесі бола тұрып, Негізгі заң жұртшылықтың күткен үмітін толық ақтамады. Мұның ең басты себебі – онда біздің қоғамдық дамуымыздағы мақсаттарымыз бен басымдықтарымыз анықталған жоқ. Сол кезде біз жүйелі түрдегі өзгерістердің құқықтық берік іргетасын қалай алған жоқпыз, алға қойылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін конституциялық амалдар мен тұлқалар заңдастырылған жоқ.

Ал сайып келгенде, Конституцияны қабылдаған және сол арқылы жаңа мемлекетті құруға кіріскен халық емес, кеңестік дәстүр бойынша құрылған Жоғарғы Кеңес пен шенеуніктер арқылы оны өздеріне де, халыққа да сыйлап жатқан бұрынғыша мемлекет болып шығады. Бұл жағдайда мемлекет қажетті деңгейдегі конституциялық мемлекет болған емес, өйткені ағылшын ағартушысы Томас Пейннің сөзімен айтқанда: «Конституция мемлекеттен бұрын болатын нәрсе, ал мемлекет бар болғаны Конституцияның перзенті ғана».

Жоғарғы Кеңестің заңға сәйкессіздігін таныған Конституциялық соттың әйгілі шешімінен кейін бұрынғы

конституциялық ұйғарымдарының барша шарасыздығы әшкере етілген 1995 жылғы наурыздағы қауырт оқиғалар конституциялық үдерісті жеделдетуге түрткі болды. Сол бір аласапыран күндерде конституциялық реформаны қабылдауды кешеуілдетудің өзі Қазақстан қоғамы мен болашақ тәуелсіз мемлекеттің тағдыры үшін қатер болады дейтін пайым түбегейлі орнықты.

Конституциялық реформалау проблемасын шеше отырып, ең алдымен жаңа тәуелсіз мемлекетті өрістетуді алдын ала айқындау мүмкіндігінің өзін жоққа шығаратын көзқарастан арылу керек еді. Ол кездегі құқықтық ой-сана мемлекеттің заңдылық шекарасы болуы мүмкін емес, ал барлық билік Кеңестерге тиесілі деген қасаң ұғымды ұстанатын.

Мен сол кездерді тегін еске алып отырған жоқпын. Өйткені кешеуілдеу экономикалық реформалардың одан әрі тежелуіне, саяси өзгерістер мәселелеріндегі бөгеліске соқтыратынын түсінген едім. Сол кезде бізге Конституцияға жат іс-тәжірибеден еліміздегі шынайы конституциялықты орнықтыруға бағытталған батыл да қағидатты саяси және заңдық бетбұрыс керек еді. Қазақстанда ырықты нарықтық идеяларға жол ашатын жаңа құқықтық жүйе жасау қажет еді. Осындай алғышарттарсыз тәуелсіз жаңа мемлекетті құру үдерісі, реформаларды жүргізу әбден қиын болатын.

Сондықтан мен қазақстандық қоғамының ілгерішіл құқықтық саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылысы жолын таңдап, өз елінің болашағына деген көзқарасын алғаусыз білдірген Қазақстан халқына ризамын. Жаңа Конституция алуан түрлі әлеуметтік мүдделердің шексіздігінің өлшемі есепті болды. Ол Қазақстан азаматтарының тікелей еркін білдіруі нәти-

жесінде бүкілхалықтық дауыс беру арқылы 1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда қабылданды.

Қазақстан халқы іске асырған осынау Конституцияға деген егемен құқығы оны мызғымастай етеді және Негізгі заңға дербестік беріп, оны жоғары заң күшімен ғана емес, рухани күшпен де қамтамасыз етеді. Конституциялық нормалар өздігінен-ақ азаматтардың Конституцияны құрметтеуіне септесіп, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеудің негізіне айналады. Ендігі жерде ешқандай саяси күш, мемлекеттік биліктің ешбір тармағы өз қалауынша Конституцияны өзгерте алмайды. Бұл оның негізгі артықшылығы. 1995 жылдың наурызында тек топтық мүдделерге бағынған бұрынғы Жоғарғы Кеңес өзін сақтап қалу үшін Конституцияның көптеген баптарын өзгертуді ұйғарғанын еске алайық. Сәтін салғанда, бұл кезде ол заңсыз болып қалған еді.

Еліміздің халықаралық беделін нығайтудағы Конституцияның маңызын айтпай кетуге болмас. Оның мазмұны әлем қоғамдастығы алдында жоғары бағаланды. Конституцияны авторлық әзірлеу тәсілі, оны тікелей халықтың қабылдауы, заңдық техникасы мен саяси шешімдері, бүкіл болмысы біздің тәуелсіз мемлекетіміздің даму кезеңінің ерекшеліктеріне сай әлемдік демократиялық игіліктерді бейнелейтін өркениетті мемлекеттің одан әрі дамуы мен нығаюының көкжиектерін ашып береді. Одан әріде – Отанымыздың ХХІ ғасырдағы болашағы.

Жаңа Конституция реформаланушы қоғамда қолданылып жүрген жаңа ұғымдар мен терминдерді ғылыми және күнделікті айналымға енгізген тарихи бірінші Конституция да болды. Сол арқылы нарықтық терминология арнаулы, мейлінше теориялық кеңістіктен

қолданбалы кеңістікке ауысты, біздің тұрмысымыздың ажырамас бөлігіне айналды.

Республиканың жаңа Конституциясы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, құқық тәртібін нығайтуға, мемлекет пен оның институттарының тиянақтылығына, күллі құқық жүйесін жаңғырту мен дамытуға қызмет ететін айқын бедерленген заңнамалық басым құндылық ретінде қабылданғанда оның нақтылығы, әлеуметтік пәрменділігі қамтамасыз етілмекші. Сондықтан көпшілік қоғамдық санада Конституцияның біздің өміріміздегі орны мен рөлінің дұрыс түсінігі қалыптасуының зор маңызы бар. Ал ең бастысы – елдің барлық азаматтары Негізгі заңға бағынған кезде ғана Конституция халыққа қызмет етеді деген түсініктің қалыптасуы. Оның талаптарын орындау үшін оларды білу қажет. Республикада Конституцияның ережелері мен нормаларын түсіндіру үшін бірталай шаруа атқарылғанын айтқан жөн. Ол мейлінше қолжетімді, көп таралыммен жарыққа шығарылды, елдің барлық оқу орындарында оқып үйренуге енгізілген. Мәселен, екі күннен соң барлық мектептерде, бүкіл жоғары оқу орындарында жаңа оқу жылы Конституция бойынша сабақтармен басталатыны ризашылық сезімін туғызбай қоймайды.

Дегенмен біз Негізгі заңның барлық рухы мен таңбасы қоғамымыздың бүкіл өмірін көктеп өтті деуден аулақпыз. Ең алдымен азаматтардың бәрі Конституцияның жаңашылдығын түсінгені қажет.

Біздің Негізгі заңымыздың басты жетістіктерінің бірі – онда жер туралы мәселенің шешілгені. Конституциялық формула бойынша: «Жер және оның қойнауы, су, өсімдік және жануар дүниесі, басқа да табиғи ресурс-

тар мемлекеттің меншігінде болады. Жер сондай-ақ заң белгілеген негіздерде, шарттарда және шектерде жеке меншікте бола алады». Жер туралы Заңды біз қабылдадық. Ол – елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістердің нақты көрінісі. Өйткені қазақ халқының кейбір «қамқоршыларының» жерге жеке меншік оның басты мүдделеріне қатер төндіреді деп жүргендері – қатты адасушылық. Осындай алыпсатарлық көзқарастың жақтастары шын мәнінде қазақ халқына сенімсіздікпен қарайды, нарықтық қатынастар жағдайында дамып, өркендеуіне күмән келтіреді. Тіпті бұл – коммунистіктен кейінгі психологияның қайталамасы ретінде қарауға лайық қорлаушы көзқарас. Қалада да, ауылда да үйлер мен пәтерлерді жекешелендіруден ешкімнің бас тартпағаны неліктен? Үй маңындағы учаскелерді жекешелендіруден бас тартпағаны неліктен? Ауылдағылар ұжымшарлар мен кеңшарларды жекешелендіруден алған өз жарналарынан неге бас тартпайды? Өйткені адамдардың қожайын болғысы келеді. Ендеше, сол қамқоршылар өздері қамын ойлап жүргенсіңдерге барып, меншігіне тиген мал-мүлкін қайтартып беретін-бермейтінін сұрап көрсінші.

Ал кәсіпкерліктің кінәратсыз жағдайы орнаған жерде ойдан шығарылған ұлтаралық проблемаларды сан-саққа жүгіртуге және жерге жекеменшіктің қажет немесе қажет емес екені жөніндегі түкке тұрмайтын бос сөздерге орын жоқ.

Жаңа Конституция біздің мемлекеттігіміздің табиғаты жөніндегі мәселені түбегейлі түрде шешіп берді. Егер 1993 жылғы Конституцияда Қазақстан Республикасы «өзін өзі айқындайтын қазақ ұлты мемлекеттігінің формасы ретінде өзінің барлық азаматтарының

құқығын қамтамасыз етеді» деп белгіленген болса, қазіргі Конституцияда «Қазақстан ежелгі қазақ жерінде өзінің халқы құрған мемлекет болып табылады» деп айтылған және оның қызметінің өзекті қағидаттары «бүкіл халық игілігі үшін қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, экономикалық даму» делінген. Бұрынғы Конституцияның аталған ережесі жекелеген топтардың бұлдіргі мақсатында пайдаланылғаны және ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етпегені жасырын емес. Өйткені «ұлттық мемлекеттілік», «қазақ мемлекеттілігі» дейтін конституциялық терминдердің өзін жұрттың көбі түсіне бермейтін, ал кейбіреулер түпкілікті этностың ерекше басымдығын көрсететін ұғым ретінде пайымдаған болатын. Ал шынына келгенде, өкінішке орай, кеңестік өткен кезеңде әбден қадірі қашқан бұл ұғымдар әлемдік ғылымда және практикада үйреншікті әрі кең қолданылады.

Тарихи жағынан әдетте өзінің «құрушысы» және әлеуметтік арқауы белгілі бір этностық қауымдастық болатындықтан, мемлекет ұлттық деп аталады. Этностың даму қисынының өзі ұлттық материалдық және рухани өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттің пайда болуын көздейді. Осы тарихи және жалпыадамзаттық практикаға қазіргі кезеңде халықаралық құқық қағидатының мәртебесі беріліп отыр, ал ол ұлттың мемлекеттік өзін өзі билеуінен көрініс табады. Нақ осы себепті ежелгі қазақ жерінде мемлекеттікті құру жөніндегі конституциялық ережені жалпы жұрт таныған қағидаттар мен халықаралық құқық нормаларының аясында қараған жөн. Тарихи тұрғыдан алғанда, Қазақстан мемлекеті тек қазақтардың мүддесін қорғады, өйткені ол кезде оның аумағында өзге этностар болған

емес. Ал уақыт өте келе Ұлы дала басқа да халықтардың өкілдерін қабылдай бастады. Осыған байланысты мемлекеттің қызметі де, мәні де өзгере түсті. Жүйе құрушылық бастауы қазақ этносы болып табылатын мемлекет бола отырып, Қазақстан енді этностық тегіне қарамастан барлық тұрғындардың мүддесін білдіреді. Мемлекеттің нақ осы жаңа мәні біздің жаңа Конституциямызда атап көрсетілген.

Сондықтан республика халқының ұлттаралық келісімі, бірлігі мемлекетті одан әрі нығайту мен дамыту аясында ерекше маңыз алады. Түрлі ұлттардың өкілдерінен тұратын халықтың басын біріктіру – күрделі, бірақ орындауға болатын міндет. Қазақстанда соны іске асыру үшін барлық мүмкіндік бар. Бұл – ең алдымен ұлттық тегіне қарамастан республиканың барлық азаматтарының теңдігін бекітетін Конституция.

Конституция кез келген азаматтың немесе қауымдас­тықтың мемлекеттілікке, аумақтың тұтастығына қарсы шығуына, халық арасына қандай түрде болсын жік салуға тыйым салады. Мұндай әрекеттерге қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Жаңа Конституцияның даусыз жетістігі – тіл мәселесін бүкіл ұлттық мүдделердің алуан реңкіне сай келетін, жөнді шешуі. Негізгі заңда: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды. Мемлекеттік тілді немесе басқа тілді білмеуіне байланысты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тыйым салынады», – деп жазылған. Сол арқылы ел

халқының белгілі бір бөлігінің өз болашағы мен балаларының болашағы жөніндегі алаңдаушылығы шешімін тапты. Тіпті олардың ертенгі күнге деген сенімі арта түсті, ал бұл азаматтарды қазақстандық патриотизм сезіміне тәрбиелеу үшін қолайлы жағдай туғызады.

Жаңа Конституция біздің республикамыздағы азаматтық туралы пікір таласына да нүкте қойды. Қазақстанда қосарлы азаматтыққа жол берілмейтіні тікелей бекітілді. Сонымен, азаматтық мәселелеріне қатысты нормалар конституциялық құрылыстың үздік үлгі-қалыптарына сәйкеседі.

Бұрынғы КСРО-ның ыдырауы және жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы азаматтық мәселелерін шешуге байланысты талай проблемаларды туғызғаны ешкімге құпия емес.

Тиісті мемлекеттердің аумағында тұратын белгілі бір адамды өзінің азаматы ретінде тану туралы мәселені шешу – жекелеген әрбір мемлекеттің егемен құқығы. Осыған байланысты қандай да болсын бір мемлекет біржақты тәртіппен өз аумағында тұратын бір адамды өз азаматы деп таныса, басқа мемлекет әдетте ондай біржақты шешімді мойындамауы мүмкін. Демек, соңғысы ықпал етудің және сол елдің Конституциясын, заңдарын бұзуға жол бермеудің кез келген шараларын қолданатын болады. Адамзат өркениетінің тарихы көрсетіп отырғанындай, бір азаматтылық қағидаты деп аталған осы қағидаттың үстемдік құрғаны кездейсоқ емес. Өйткені бір адамның қосарлы азаматтығын танудың өзі жеке адамның өзіне де, сондай-ақ сол мемлекеттер үшін де қыруар проблемалар туғызады. Неліктен? Өйткені әрбір егемен мемлекет азаматтық институтын және соған байланысты азаматтардың құқықтары,

бостандықтары мен міндеттерінің ауқымын орнықтыра отырып, ең алдымен өзінің экономикалық және саяси мүдделерін басшылыққа алады. Ал бұл ретте ұлттық құқық нормалары қосарлы азаматтықты танитын мемлекеттердің құқықтық ережелерімен сай келе бермейді. Әрине, мұндай жағдайда қос азаматтығы бар адамның, әсіресе мемлекеттік және әскери қызметті атқару, салық төлеу, сайлау құқықтарын жүзеге асыру, жауапкершілікке тарту мәселелерінде өз құқықтарын пайдалану мен міндеттерін орындауы қиындықтар туғызатыны табиғи нәрсе. Осы заманғы мемлекеттердің әдетте бір азаматтық қағидасын ұстанатыны және келісімді негізде қос азаматтыққа жол бермеуге ұмтылатыны міне сондықтан. Біз де нақ осылай жасап отырмыз.

Біздің жаңа Конституциямыз соңғы 6 жыл бойы қалыптасып келе жатқан басқарудың президенттік түрін түпкілікті бекіткені айрықша маңызды болып көрінеді. Басқарудың нақ осы түрін таңдау кездейсоқ емес. Ол өткен тарихқа және бүгінгі шындыққа, біздің қоғамымыздың діліне, ықтимал әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар мен билік тармақтары арасындағы келіспеушіліктер туғызатын толқулардың шалығы тимейтін күшті әрі ынтымақты билік жүйесінің қажеттігіне негізделген.

Басқарудың президенттік түрі шеңберінде билік тармақтарынан жоғары тұратын, шын мәнінде, мемлекеттік билік органдарының үйлесімді қызметін қамтамасыз етуіне байланысты төрелік міндеттер берілген мемлекет басшысының мәртебесі Қазақстан жағдайында қоғамның саяси және экономикалық жүйелерін ойдағыдай, іркіліссіз реформалау үшін неғұрлым қолайлы алғышарттар жасауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік

тұрғыда да тап солай: көп этносты және көп конфессиялы әрі соған қоса күшті әлеуметтік жіктелу жүріп жатқан қоғам үшін азаматтық татулықтың, қоғамдық тұрақтылықтың және ұлтаралық келісімнің Президент ретіндегі кепілі болуының өмірлік маңызы бар. Өзін тағайындаған халық алдында биліктің жауапкершілігін арттырудың тиімді құралы да осы. Біздің Конституциямызда біртұтас мемлекеттік биліктің үш тармағы әрекет етуінің нақ осы жаңа тетігі бекітілген.

Мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу олардың тежемелік және теңгермелік жүйені қолдану арқылы әрекет етуін көздейді. Сондықтан Конституция, бір жағынан алғанда, олардың тығыз ынтымақтастық жасау, екінші жағынан – өзара тежеу, бір-бірінің Конституция мен заңдарда белгіленген құзыреттеріне араласуға жол бермеу мүмкіндігіне бағытталған билік құзырларын бөлісу тетігін қарастырады. Мысалы, Конституцияда «қарсы ассигнация» (Президент актілері мен Парламент қабылдаған заңдардың оларды дайындаған және заңдық мінсіздігі үшін жауапты адамдардың қолымен бекітілуі); Парламентті тарату, импичмент (Парламент пен Президент жауапкершілігінің ерекше конституциялық тәртібі); республика Президентінің мемлекеттің жекелеген лауазымды адамдарын (мысалы Премьер-министрді, Ұлттық банктің төрағасын, Бас прокурорды) Парламенттің және оның палаталарының келісіммен тағайындау институттары белгіленген.

Біртұтас мемлекеттік билікті тармақтарға нақты жіктеу жүйесінде Парламенттің қызметі анықталған, бұл оны заң шығару қызметіне жұмылдыруды көздейді. Әрине, бұл құқықтық өріс белгілі бір шеңбермен

шектелген, әйтсе де ол жеткілікті дәрежеде кең және қоғамдық қатынастарды заңдар арқылы реттеуге толық қабілетті.

Тіпті, өкілеттіктің мәні елеулі болғанымен, мәселе оның санында емес, оларды жүзеге асырудың сапасында. Бұл орайда Парламент барлық билік тармақтары секілді, өзінің құзыреті мен заң шығарушы үдерісінің негіздерін белгілеп және реттеп отыратын Конституцияның жаны мен тәніне бағындырылған. Нақты белгіленген дәрегейі бар Парламент көп ретте парламенттік республикалардың іргесін жиі-жиі шайқап отыратын саяси жүйенің тұрақсыздығынан құтқаруға қабілетті екенін де есте ұстау қажет.

Негізгі заңның проблемаларды дау-дамайсыз шешуді көздейтін және тараптарды келісім табуға итермелейтін нормаларының іске қосылуы арқылы биылғы жылдың маусым айында Парламент пен Үкімет арасындағы қарым-қатынаста туған дағдарыстың ойдағыдай шешілуі билік тармақтарының өзара іс-қимылындағы конституциялық тегіктердің тиімділігін айғақтайды.

Конституция, ақырында, қажеттілігі туралы көптен бері айтыс арқауына айналып келген қос палаталы Парламентті тағайындады. Елдің жоғары заң шығарушы органы қызметінің тиімділігін, оның депутаттық корпусының кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған бірқатар нормалар қарастырылды. Парламенттің заң шығарушы құзыретінің шегін нақты анықтау қарастырылуда, бұл, кейбіреулер қате пайымдап жүргендей, заң шығарушы билікті нашарлатпайды, қайта оның неғұрлым мақсаткерлікпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды, заң шығару жұмысының пәрменділігі мен сапасын арттырады, оны қатаң конституциялық негізге

қояды. Ал бұл, өз кезегінде, елдегі конституциялық заңдылық тәртібін нығайтады.

Өркениетті қоғамда тұрақты дамудың Парламент қолында болатын ең күшті құралдары тиімді заңдар қабылдау, мемлекеттік бюджетті бекіту, үкімет қызметінің бағдарламасын мақұлдау немесе кері қайтару, оның осы бағдарлама бойынша Парламентке есеп беруі, Премьер-министрді тағайындауға келісім беру, сенімсіздік білдіру, палаталардың Үкімет мүшелерін тыңдауы және оларды босату туралы Президентке өтініш жасауы. Және, ақырында, Президент импичменті туралы мәселені қорғау және шешу. Бақылаудың осындай дәрежелерінің бәрін біздің Конституция Қазақстан Парламентіне бекітіп берген.

Әңгіме осындай өкілеттіктерді практикалық жұмыста кәсіби деңгейде пайдалану туралы болып отыр. Сонда парламенттің «қысымға алынуы» туралы түрлі пайымдаулар да болмайды.

Бұдан басқа мақсатқа да қол жетті – Парламенттің қызметіндегі басы артық саясиландыру жойылды. Бір кезде Жоғарғы Кеңесті нақ осы жағдай екіұдай күйге түсірген болатын: былайша айтқанда, депутаттардың «талғаусыздығы» олардың жершіл жәреуекешілігіне қосыла келгенде, заң шығару қызметінің дәрменсіздігіне соқтыратын. Барлығын билеп-төстейміз, бірақ ешнәрсеге жауап бермейміз деген қағида болатын.

Ал қазіргі Конституцияда көзделген Парламент құрылымы заң жобаларын мұқият, сарабал және жан-жақты талқылау жалпымемлекеттік мүдделер негізінде түрлі әлеуметтік топтар мен өңірлердің мүдделері үйлестірілуге тиіс сапалы заңдар қабылдау қажеттігіне негізделген. Бұл орайда біздің үмітіміз қазірдің

өзінде ақтала бастағанын айту керек. Елдің жаңа Парламентінің I сессиясы жұмысының жемісті нәтижелері – осының айқын дәлелі.

Конституцияның Үкімет мәртебесі мен оның өкілеттіктерін белгілеудің жаңаша көзқарастарын орнықтырғаны да маңызды. Бұдан былай Үкімет «еркін жүзу» жағдайында болады, яғни атқарушы органдар жүйесін басқарып, олардың қызметіне жетекшілік жасап және басқарушылық шешімдерді дербес қабылдай отырып, экономика мен әлеуметтік саладағы істің жағдайына толық жауап береді.

Жоспарлаушы-үлестіруші экономикадан нарықтық экономикаға көшу – едәуір әлеуметтік шығындарға түсетін күрделі әрі ауыртпалықты үдеріс. Сондықтан Үкіметтің және одан төменгі атқарушы органдардың міндеті ел экономикасын нарықтық даму жолына жедел көшіруді қамтамасыз ету және, сайып келгенде, республиканың халқы әлеуметтік-экономикалық реформалардың оңды нәтижелерін тезірек сезінуі үшін қолдан келгеннің бәріні істеу болмақшы. Осыған байланысты үкіметтің алдында егізекі міндет тұр. Бір жағынан, меншік иелерінің қуатты табын құруға қажетті нарықтық инфрақұрылым мен жағдайларды қалыптастыруды мейлінше жеделдету қажет. Екінші жағынан, реформалардың елеулі әлеуметтік шығындарына жол бермеу үшін алдын-ала шаралар қолдану, әлеуметтік үдерістерге лайықты көңіл бөлу, ықтимал әлеуметтік жанжалдарды болдырмау керек.

Атқарушы биліктің рөлі туралы айтқанда, мемлекеттің экономикалық саясатын ұмыт қалдыруға болмайды. Бұл тұрғыдан алғанда, оның аса маңызды міндеті – кәсіпкерлік бастамаға толық еркіндік беру, өзіміз жүр-

гізіп жатқан реформалардың табысты болуының міндетті шарты ретінде жекеменшікті дамытуға көмектесу. Әрі меншік қатынастарын дамыту жекешелендірусіз және кәсіпкерлік қызмет үшін қалыпты жағдайларды қамтамасыз етпейінше мүмкін емес.

Қазір жекешелендіруде жіберілген қателіктер қатаң сынға алынууда. Алайда жекешелендіру үдерісінің өзі қажет екенін жоққа шығаруға болмайды. Кезінде өркениетті елдердің барлығы осы бір күрделі, өте ауыртпалықты үдерістен өткен болатын. Алайда оның түпкілікті нәтижесі тиімді түрде мемлекет меншігінен алу мен кәсіпорындарды жекешелендіру болып шыққан-ды. Олардың бәрінде де дәл біздегідей қиын болды, бірақ олар бұл қиындықтан абыроймен шыға білді. Ал біз үшін проблеманың бүкіл мәні – жекешелендіруде кеңестен кейінгі, социалистік қоғамнан кейінгі кезеңнің жағдайында кіріскенімізде болып отыр, ал оның халқының негізгі бөлігі болып жатқан жағдайды түсініп, қабылдағанымен, мемлекеттік меншікті сатып ала алмады, сондай-ақ инвесторлардың міндетін де атқара алмады. Сондықтан проблемалар болды және бола береді. Алайда жекешелендіру қайтымсыз үдеріс, өйткені ол мақсат қана емес, шаруашылық жүргізудің тиімді жолдарын орнықтырудың тәсілі. Оның қайтымсыздығы енді әлдекімнің еркіне байланысты емес, себебі ол көп ретте өзіміздің Конституциямызда негізі салынған нормаларды жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

Әрбір жаңа істе болатыны сияқты, мұнда кемшіліктер, тікелей заң бұзушылықтар да бар екені басқа мәселе. Алайда тәртіп орнатқан кезде тек жоғары тұрған мемлекеттік органдарға ғана сеніп қоймау керек. Қазірдің өзінде соттардың құқық қорғаушылық әлеуетін

толық күшінде іске қосу қажет, бұл жекешелендіруді заңға мейлінше сәйкес жүргізуге, осы орайда қоғамның және мемлекеттің мүдделерін толығырақ ескеруге мүмкіндік береді.

Бізде құқықтық мемлекет орнату үдерісі енді ғана күш алып келеді, сондықтан біз үшін сот-құқық жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етудің маңызы экономикалық проблемаларды шешуден ешбір кем емес.

Кеңес өкіметі жылдарындағы соттардың жұмыс тәжірибесі мен Қазақстанның тәуелсіз дамуының алғашқы жылдарындағы олардың қызметінің селқостық сипатына байланысты бізге мұра болып қалған ескі сот жүйесі соттардың құқық қорғау жөніндегі міндетін жүзеге асыруына көмектесе алған жоқ, қайта кәсіптік бастамаларға тұсау болды, ал оларсыз меншіктік қатынастардың дамуы мүлде мүмкін емес еді. Әділетті сот жүргізудің өркениетті жүйесі мен шын мәнінде тәуелсіз судьялардың жоқтығы заңдардың орындалмауын туғызып, ондай жәйттерді көбейтті.

Мұның бәрі сот жүйесін батыл реформалау қажеттігін туғызды, ал бұл, айтпақшы, біздің жаңа Конституцияда көзделген. Шешім қабылдауда шын мәнінде тәуелсіз әрі объективті, шенеуніктердің үстемдігінен азат және жемқорлыққа салынбаған сотты құру үшін біз сот реформасын жүргізіп отырмыз. Конституцияға сәйкес жалпы және төрелік сот жүйелері біріктірілді, соттар мен судьялардың мәртебесі заңды түрде белгіленіп, ол сот әдідiгiн жүргізудiң құқықтық кепiлдіктерін нығайтты. Судьялар корпусын аттестациядан өткізуге тура келді, соның нәтижесінде соттар әділет атынан әрекет етуге құқы жоқ біліксіз және ары таза емес адамдардан арылуда.

Сот реформасының негізгі бағыттарын белгілеген жаңа Конституцияның арқасында әділ сот жүйесі судьялардың заңды орындау кезіндегі тәуелсіздігін қамтамасыз етуге сенімді құқықтық кепілдіктер алды. Бұдан былайғы жерде судьялардың қызметіне араласуға жол берілмейді, олардың ісіне қол сұғуға болмайды, олар нақты істер бойынша ешкімге есеп бермейді және тек Конституция мен заңға ғана бағынады.

Сот ісін әділетті және объективті түрде атқаруға Конституцияда қарастырылған сот корпусын қалыптастыру тетігі де жағдай жасайды, ал ондағы жетекші рөл мемлекет басшысына тиесілі. Бұл жаңартылған тетікте, сондай-ақ, Жоғары сот кеңесі мен Әділеттің біліктілік алқасына да елеулі орын беріледі. Олар қазірдің өзінде қалыптастырылып, өз жұмысына кірісті.

Құқық қорғау жүйесін, ең алдымен прокуратура органдары мен тергеу аппаратын реформалау да сот-құқық реформасының құрамдас бөлігі болды. Қазір прокуратура, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың мәртебесіне қарамастан, өз күш-жігерін елдегі заңдылықтың сақталуын қадағалауға жұмылдыруда. Мұны прокуратураның тіпті Үкімет шешімдеріне де наразылық білдіріп отырған назар аударарлық фактісі де айғақтайды. Тоталитарлық мемлекет жағдайында бұл туралы қиялдаудың өзі мүмкін емес болатын. Тергеу сот пен прокуратурадан бөлінді. Осы арқылы сот әділдігінің кеңестік жүйесі де аяқталды. Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылуы қылмыскерлікке пәрменді түрде қарсы тұра алатын жүйені қалыптастыра бастауға мүмкіндік береді.

Ел Конституциясының бұрынғы Конституциялық сотты ауыстырған Конституциялық кеңес секілді мем-

лекеттік органды тұңғыш рет тағайындағаны – мейлінше назар аударарлық оқиға. Биліктің президенттік түрі жағдайында Конституциялық кеңес – конституциялық заңдылықты қорғауға арналған органның неғұрлым оңтайлы үлгісі. Ол қабылданатын заңдардың сәйкестігіне конституциялық бақылауды қамтамасыз етіп қана қоймай, елде қабылданатын заңнамалық акті-лердің сапасына кепілдік беретін өзіндік бір қосымша сүзгі қызметін де атқаруға тиіс. Бұл орайда ол саяси даудан шет тұрады. Конституциялық кеңес өзіне жүктелген конституциялық құқықтар мен бостандықтардың қорғаушысы қызметін атқара алады деп сенемін.

Жаңа Конституцияда азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұрынғы жіктелуінен, оларды нақты практикамен қамтамасыз етілмеген бостекі жариялаудан бас тартылатыны анық тұжырымдалған. Мысалы, 24-ші бап еңбек ету құқын емес, «еңбек еркіндігі, кәсіп пен қызмет түрін еркін таңдау» құқын белгілейді. Бұдан былай мәжбүрлі түрде жұмыс істеуге жол берілмейді. Денсаулық сақтау мен білім беру салаларындағы жаңа нарықтық қатынастарға кедергі болған, өзін-өзі ақтамаған мемлекеттік қамқоршылық практикасы да келмеске кетеді. Басқаша айтқанда, Конституция азаматтардың конституциялық құқықтарының, бостандықтары мен міндеттерінің мәні мен мазмұнын жеке адамның алуан түрлі мүдделерін қанағаттандыру мүмкіндігін өзінің еңбек қызметінің барысындағы нақты үлесіне (нәтижесіне) тәуелді ететін осы заманғы нарықтық экономиканың қағидаттарына сәйкес тұжырымдайды. Ал әлеуметтік қызметтің қажетті төменгі шегіне мемлекет кепілдік береді.

Жаңа Конституцияның елеулі бір жетістігі – жергілікті маңызы бар мәселелерді халықтың өзі дербес

шеше алуын қамтамасыз етуге тиісті жергілікті өзін-өзі басқару институтын тануы. Бұл конституциялық ереженің мәні адамның нақты тыныс-тіршілігі қалада, ауданда, ауылда өтетіндігіне байланысты. Адамдар аталған осы жерлерде өмір сүріп, күнделікті еңбек етеді, өздерінің өмірлік проблемаларын шешеді. Сондықтан әрбір азамат заңды түрде материалдық-заттық мазмұнмен толығуға тиісті жергілікті өзін-өзі басқару шеңберінде өзінің өмірлік жоспарлары мен ойларын жүзеге асыруға, азаматтық бастамашылығын көрсетуге мүмкіндік алуы тиіс.

Жаңа Конституция жұмыс істей бастағалы бергі бір жыл Негізгі заңның қандай пәрменділікпен іске асырылып жатқаны жайында біраз қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Өткен жылы конституциялық қағидаттар мен ережелерді жүзеге асыру жөнінде елеулі жұмыс жүргізілгенімен, Конституцияда негізделген ұланғайыр жасампаздық әлеует әлі де нашар жұмыс істейді. Өкінішке орай, көптеген мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар, соның ішінде соттар мен құқық қорғау органдары әлі күнге дейін Конституцияның мәнін түсіндіру, ал ең бастысы, оның ережелерін барлық азаматтардың орындауы үшін қажетті шараларды атқарған жоқ. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, атқарушылар үшін ең алдымен тікелей жоғары тұрған басқару субъектісі актісінің, ал жалпы нормативтік көздердің ішінде – өз ведомствосы актісінің нормативтік маңызы бар. Ең мықтағанда олар өз әрекеттерін нақты нормалары бар күнделікті заңмен өлшеп пайымдайды. Конституцияны бүкіл азаматтардың, әсіресе билік органдарының бұлжытпай орындауын қадағалау тапсырылған орган-

дардың қатаңдығы мен ықтимал қатыгездігі – мемлекетте тәртіп пен реттілік орнатудың қажетті шарты.

Алайда қалың жұртшылықтың санасында Конституцияның өз өміріміздегі рөлі мен орнын дұрыс түсіну әлі жете қалыптасып болған жоқ. Демократияға және құқықтық мемлекетке өту құқық қолданушының осындай психологиясын түбірінен өзгертуді талап етеді. Ол өзінің барлық іс-қимылын елдің жоғары заңымен үздіксіз салыстырып отыруды, ал қажетті жағдайларда оны тікелей қолдануды үйренуге тиіс. Қысқасы, біз жақсы заңдар жазу мен қабылдауды үйрендік, алайда әлі күнге дейін оларды орындауды байыптап үйрене алған жоқпыз. Адамдар өздерінің құқықтары бұзылған кезде ғана заңға жүгінетіні мәлім. Ал оны өздерінің бұзатын-бұзбайтыны туралы ойланбайды. Бірақ заңды бұзатын адам өзінің де осындай заң бұзушылықтың құрбаны болуы мүмкін екенін ешқашан естен шығармауға тиіс. Заңнаманы тез әрі ауқымды түрде дамыту жағдайында барлық құқықтық актілерді жүзеге асыру ерекше көкейкестілікке ие болады.

Біз өздерінің жұмысын қайта құра алмай отырған министрліктер мен ведомстволардан бастап барлық деңгейде құқықтық нигилизмнен әлі арыла алған жоқпыз, соның салдарынан Президенттің көптеген жарлықтары мен үкімет қаулыларының орындалуы да мүлдем баяу. Кейде адам өзінің азаматтық мүдделерін қуатты заңдар мен тәуелсіз сот қорғайтынын, мемлекетке барлық адамдардың заң алдындағы нақты теңдігін қамтамасыз ету міндеттелгенін толық сезінбей-ақ шенеунікке алданып қалады. «Еркін болу үшін заңға бағыну керек» деген ежелгі даналық қандай әділетті десеңізші.

Азаматты Президент те емес, әкім немесе министр де емес, сот қорғауға тиіс. Сотқа келген адамның абы-

ройына дақ түседі деп қарайтын көзқарастан түбегейлі арылу керек. Бұдан былай сот – әрбір азаматтың құқығын қорғайтын орган. Сондықтан судьяға қойылар талап та мейлінше жоғары.

Ел азаматтарының заңдарды білуі және оларды мемлекеттік құрылымдар мен лауазымды адамдардың қатаң орындауы бір кезде бізде болған ләппайшыл бірыңғай ойлаушылық пен дүниетанымдағы баламасыздыққа қайтып оралумен бір мәндес пе? Бұлайша қауіптенуге ешқандай да негіз жоқ. Дүниежүзілік қоғамдастық жинақтаған тәжірибе айғақтайтындай, мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасында келіспеушілік болған, болып та келеді және бола беретіні даусыз. Бұл әлемнің барлық елдерінде бар құбылыс. Бар мәселе осы қарама-қайшылықтардың мәні мен оларды шешудің тетігінде жатыр. Егер барлық мәселе құқықтық негізде шешілетін және конституциялық құрылысқа қауіп төндірмейтін болса, ортақ тіл табудың қажеттігі айдан анық. Біз түрліше ойлаудан, кез келген балама пікірден бас тартуға қақылы емеспіз, тек ол, әрине, мемлекетіміздің Конституциясы мен заңдарына сәйкес келетін болсын. Өйтпеген жағдайда демократияның қағидаттары ғана емес, адамзат тіршілігінің қарапайым ережелері де бұзылған болар еді.

Сіздерді, Қазақстанның барлық азаматтарын Конституция күнімен тағы да құттықтағым келеді. Біз заң бойынша өмір сүруді үйренуіміз керек. Өзіміздің барлық істеріміз бен әрекеттерімізді Конституциямен салыстырып отырайық. Қоғамда заңсыздық пен құқықтық нигилизмге орын қалмаған кезде ол да неғұрлым әділетті әрі үйлесімді болмақ, ал сіздер мен біздер өзара татулықта және бір-бірімізбен жарасып, бұдан да жақсырақ өмір сүретін боламыз.

Қазақстан халқына

ЖОЛДАУЫ

Алматы қаласы,
1996 жылғы 7 қазан

**Құрметті депутаттар!
Қадірлі қазақстандықтар!**

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан бергі бесінші жыл да аяқталып келеді. Тарих ауқымында алғанда, бұл – қас-қағым сәт, уақыт жиынтығы ғана, ал мұндай уақыттың ішінде мемлекеттік дамудың сапалық жағынан жаңа үлгісін қалыптастыру едәуір қиын. Тегінде қоғамдық үдерістер өздерінің табиғи жағынан баяу келеді, сондықтан саяси және экономикалық құрылыстың, қоғамдық құндылықтардың, өмірлік мұраттардың алмасуы ондаған жылдарға созылады.

Әйтсе де осынау бес жыл бұрынғы бірқалыпты тіршіліктің талай жылдарына татитын оқиғаларды бойына жинақтаған уақыт болды.

Бұрын-соңды болып көрмеген даму серпіні, бағыт-бағдардың күрт алмасуы еліміздегі істің жәй-күйін бағамдау жағынан қоғамда кең, кейде кереғар пікір туғызды. Жағымсыз баға, ең алдымен, еліміз бастан кешіріп отырған ұзаққа созылған экономикалық дағдарысқа, халықтың көптеген топтарының тұрмыс деңгейі мен жағдайының нашарлауына, қомақты нәтижелердің жоқтығы мен содан туған түңілушілікке байланысты болды.

Жағымды бағалауға келетін болсақ, олар тым аз, дегенмен ондай баға бір сәттік көңіл-күйге емес, өзгерістердің қисынын түсінуге, қол жеткен нәтижелерді өзімізге берілген уақыт ресурстарымен салыстыруға, дәл осындай реформалар жолынан өткен өзге елдердің тәжірибесін білуге байланысты.

Еліміздің бүгінгі жағдайы тіпті де соңғы жылдары қабылданған саяси немесе экономикалық шешімдердің нәтижесімен өлшенбейтінін ескеруіміз керек. Қалыптасқан ахуал – қоғамдық жүйенің күйреуінің, КСРО-ның ыдырауының, одан кейін жаңа мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға байланысты болған барлық оқиғалардың салдары.

Сондықтан да бүгінгі болмыс шындығына осы заманғы тарихтың айнасы арқылы қарау қажет, ал оның дамуының өз қисыны бар.

Нақ солай, 1 жылдың шеңберімен шектеліп, ұзақ және орта мерзімді келешекке көз салмайынша, 1997 жылғы міндеттерді де түсіну қиын. Әрбір кезекті жыл – еліміздің ұзақ мерзімді саясатын іске асырудағы қысқа кезең ғана. Оны дұрыс қалыптастырып, дамудың мәні мен дәйектілігін терең пайымдаған жағдайда ағымдағы міндеттер де мейлінше түсінікті бола түседі.

Осыған байланысты 1997 жылға арналған саясат, бір жағынан, өткеннің тәнбелгілері мен үрдістерін бойында сақтай отырып, екінші жағынан, болашақтың саясатын іске асырудағы алғашқы қадам болады. Уақыт ұштастығы да, олардың сабақтастығы да, даму философиясының өзі де, міне, осында.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына сәйкес халқымызға елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Жолдау арнай отырып, мен, Президент ретінде, қоғамда қалыптасқан ахуалға, алдағы уақытта және, ең алдымен, келесі 1997 жылы шешуіміз қажет басты міндеттерге өз көзқарасымды баяндап тұрмын.

Бұл көзқарас менің мемлекетті басқарудағы іс тәжірибемнен, сенім-нанымымнан және қалыптасқан дүниетанымымнан, әрі мемлекет басшысы ретінде қолымда бар ақпараттан қалыптасқан. Бұл – әлемнің көптеген елдерінің даму тәжірибесін, олардың тарихын зерделеуімнің, жалпыдүниежүзілік үдерістердің мәні мен серпінін өзімше пайымдауымның жемісі. Бұл, сонымен қатар, – еліміздің өзім жиі болып тұратын барлық өңірлеріндегі нақтылы ахуалды мұқият зерделеуімнің де нәтижесі.

Әрине, бүгінгі және ертеңгі күнді парықтауым үшін еліміздегі, сондай-ақ шетелдердегі саяси қайраткерлерден бастап қатардағы азаматтарға дейін жеке кездесулерімнің де зор маңызы болды және болып та отыр.

Жолдаумен танысқандардың бәрі бірдей оның қағидаларымен толығынан келісе бермеуі де мүмкін. Елдің қалыптасуы, әлемдік үдерістердің дамуы тұрғысынан алғандағы маңызды дүние кейбір адамға

онша мәнді емес немесе екінші кезектегі мәселе ретінде ғана көрінуі ықтимал. Ол түсінікті әрі әбден табиғи нәрсе.

Алайда әрбір парасатты азаматтың, Жолдауға берген бағасының қандай екеніне қарамастан, өз ұстанымын мемлекет басшысының ұстанымымен салыстырып, алдағы кезде елде болатын өзгерістердің ортасынан өз орнын анықтап алғаны абзал болар еді. Мұны адамның жеке өзінің, тіпті қара басының кәдімгі пендешілік мүддесін көздей отырып ескергені жөн, өйткені қоғамның жылжу бағытын дұрыс аңдай отырып, өзіңнің бағдарыңды, жеке басымдықтарыңды анықтап алу оңай.

Ал мемлекеттік қызметте жүрген адамдарға бұл Жолдау алдағы ісінің бағдаршысы, басшылыққа алар ақылшысы болуға тиіс.

Саясаттың 1 жыл ішіндегі бүкіл шоғырын тұжырымдау мемлекеттік бюджеттен өзінің жиынтық көрінісін табады десем, мені түсінесіздер ғой деп ойлаймын.

Осыған байланысты келесі жылдың бюджеті де өткеннің белгілі бір салдары мен үдерістерін бейнелеп, болашақ саясатты іске асыруымыз үшін алдағы уақытта қолданар шараларымызды айғақтайтын болады. Бюджетте сонымен бірге осы Жолдауда баяндалған даму басымдықтары да іске асырылуы тиіс.

Үкімет пен Парламент үшін олар келесі жылдың бюджетін әзірлеп, бекіткен, әрі басқа да заңдар мен нормативтік актілерді қабылдаған кезде тікелей саяси нұсқау болуға тиіс.

Тәуелсіздік жолымен жүріп өткен бес жыл

Қазақстан – әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі

Өткен бес жылдағы, әсіресе оның бастапқы кезеңіндегі, сыртқы саясат мемлекеттердің тоталитарлықтан кейінгі дамуының объективті факторларының ықпалымен қалыптасты. Халықаралық ауқымда танылмайынша, әлемдік қоғамдастық тарапынан қауіпсіздік, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымайтынына кепілдік алмайынша, мемлекеттіліктің қалыптасуы, егемендік, экономикалық реформалар, әлеуметтік саланы дамыту туралы әңгіме құрғақ сөз болып қана қалар еді.

Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыруға, ішкі проблемаларға жұмылуға мүмкіндік алу үшін әлемдегі өз орнымызды табу, бүкіл дүниежүзілік қоғамдастық таныған ел болуымыз қажет еді.

КСРО-ның ыдырауы, тұтас бір қоғамдық-саяси жүйенің жойылып кетуі ғасырымыздың басты оқиғаларының бірі болғанына сөз жоқ. Осы құбылыстың салдарынан әлемдік дамудың барысы түбірінен өзгерді әрі бұл әлі де ұзақ уақыт бойы әлемдегі күштердің орналасуы мен халықаралық қатынастардың дамуына ықпал ете беретін болады.

Астам державалар бастаған екі жүйенің қасарысқан қарсы тұруының орнына көпполюсті дүние келді.

Географиялық жағынан алғанда біздің еліміз аса ықпалды үш геосаяси орталықтардың: Ресейдің, Қытай-

дың және мұсылман әлемінің ортасында тұр. Оған қоса, Еуропа мен Азияның түйіскен тұсында орналасқан Қазақстан географиялық жағынан неғұрлым шалғай жатқан орталықтардың да ықпалын сезініп отыр.

Мұның өзі көп жағдайда еліміздің сыртқы саясатының мазмұнын айқындап келді және келешекте де айқындай беретін болады.

Сонымен қатар мұндай жағдай елімізге ықтималды стратегиялық артықшылықтар береді, оларды іске асыру Қазақстанның дамуына ғана емес, тіпті күллі Еуразия материгінде оңтайлы ахуалдың қалыптасуына жәрдемдесуі мүмкін.

Қазақстанның дербес дамуының бастапқы кезеңіндегі сыртқы саяси қызметінің басты қорытындылары қандай?

Қазақстан БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі болды. Бұл жағдайдың маңызына баға жеткісіз: біз халықаралық құқықтың негіз қалаушы қағидаттарына ықыласты екенімізді қуаттап қана қойған жоқпыз, жаһандағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі жұмысты өз міндетіне алған осы аса ықпалды халықаралық ұйымның өзіндік бір қорғауына алындық.

Қазақстанның Хельсинки үдерісіне қосылуы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның жұмысына қатысуы қауіпсіздік пен сенім шараларының дамыған инфрақұрылымына кірігуіне, жас мемлекеттің егемендігін едәуір нығайтуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның СШҚ-1 шарты мен Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуы әлемдік маңызы бар оқиға болды. Мұның өзі, сайып келгенде, бізге Қазақстан қауіпсіздігінің кепілдіктерін едәуір күшейтуге мүмкін-

дік берді. 1994–1995 жылдардың ішінде барлық ядролық державалар – Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, ҚХР мен Франция Қазақстанға қауіпсіздіктің бірлескен және жан-жақты кепілдіктерін берді.

Көршілерімізбен өзара қарым-қатынасын дамытуға айрықша мән бере отырып, Қазақстан ТМД және Орталықазиялық Одақты құру мен нығайтудың бастамашыларының бірі болды, біздің елдеріміздің интеграциялық әлеуетін, мемлекеттер арасындағы сенім мен достық ахуалын нығайтуды дәйекті түрде жақтап келді.

Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей арасындағы интеграцияны тереңдету жөніндегі «4+N» Шартын ерекше атап өту қажет, ол Достастықтың дамуындағы жаңа белеске шығуды білдіреді, интеграциялық үдерістерді сан-салалы тереңдету мүмкіндігін паш етеді. Мұның Еуразиялық Одақтың құрылуына серпін берері де күмәнсіз. Еуразияшылдық идеясының қарсыластары болғанына және күні бүгінге дейін болып отырғанына қарамастан, дүниежүзілік саяси және экономикалық үдерістер дамуының объективті үрдістеріне орай оның іске асары күмәнсіз.

Ресеймен арадағы қарым-қатынаста біздің мемлекетіміз тарихи қалыптасқан сан алуан байланыстардың бәрін де мүмкіндігінше сақтап қала білді, сондай-ақ Достық, ынтымақтастық және өзара көмек жөнінде тең құқылы шарт жасасып, онда егемендік пен тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты, қазіргі шекаралардың мызғымастығын өзара құрметтеу қағидаты заң жүзінде дәйектелді.

ҚХР-мен арада 1994 жылы қол қойылған Қазақстан – Қытай шекараларының өтуі туралы мәселелерді реттеу жөніндегі келісімнің Қазақстан үшін бұлжымас

маңызы бар. 5 мемлекеттің арасында (Қазақстан, Қытай, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан) биылғы жылғы сәуір айында Шанхайда қол қойылған шекара ауданындағы әскери саладағы сенім шаралары туралы бұрын-соңды теңдесі жоқ Шарт орасан зор географиялық кеңістікте тұрақтылықты нығайту үшін берік алғышарттар жасайды әрі Қазақстанның қауіпсіздігі мүдделеріне қызмет етеді.

Біз Экономикалық ынтымақтастық ұйымының жұмысына қатысуымызға, өзімізбен достас түркі тілдес елдермен серіктестігімізді дамытуға үлкен мән береміз.

1995 жылғы желтоқсанда Қазақстан Ислам конференциясы ұйымының толық құқылы мүшесі болды, мұның өзі, сөз жоқ, экономикалық дамудың отарлаудан кейінгі аса құнды тәжірибесіне ие болған және ірі инвестициялық мүмкіндіктері бар мұсылман әлемімен өзара қарым-қатынастарымызды нығайта түседі.

Күллі Азия құрлығындағы тұрақтылықты нығайтуға ұмтыла отырып, Қазақстан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақырудың бастамашысы болды, бұл Кеңес әлемнің орасан зор өңіріндегі алдын ала сақтық дипломатиясының әмбебап институты болуы тиіс.

АҚШ-пен, Еуропаның және Азияның жетекші елдерімен қарым-қатынасымыз ойдағыдай дамып келеді.

Осылайша, тарихи өлшемдер бойынша қысқа кезеңнің ішінде сыртқы саясаттағы күш-жігеріміздің арқасында орасан зор тарихи маңызы бар міндет орындалды – біздің шекарамыздың өн бойында берік халықаралық-құқықтық негізге сүйенетін қауіпсіздік, тату көршілік және достық белдеуі жасалды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасын дүниенің 117 мемлекеті таныды, олардың 105-імен дипломатиялық қатынас орнатылды. Шетелде Қазақстанның 26 елшілігі ашылды. Алматыда шетелдердің 40 елшілігі мен миссиясы, халықаралық және ұлттық ұйымдардың 16 өкілдігі жұмыс істейді. 800-ден астам мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдер жасалды.

Қазақстан егемен және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты әрі әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі, оның ажырағысыз бөлігі болды деп тұжырым жасауға болады.

Мемлекеттілікті нығайту – тұрақтылық пен прогрестің басты факторы

Бұл кезеңде еліміз үшін мемлекеттік құрылыс мәселелерінің бірінші дәрежелі маңызы болды.

КСРО ыдырағаннан кейін біз мемлекеттілігімізді құруды ескі Конституция мен одақтық заңдардың негізінде бастауға мәжбүр болдық, олар болса, бұрынғы жүйенің қағидаттарын бейнелей отырып, жаңа болмыс шындығына мүлдем үйлеспейтін әрі мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізі бола алмайтын еді.

Осыған орай аса кемелді болмағанмен, дербес актілердің алғашқы буынын қалыптастыру мен егемен Қазақстанның тұңғыш Конституциясын қабылдау жолында алабөтен күш-жігер жұмсалды.

Алайда, уақыт өте келе, сол кезде іргесі қаланған билік жүйесінің үздіксіз туындап жататын проблемаларға, әсіресе экономика проблемаларына әлінің келмейтіні айқын біліне бастады. Экономикалық өмірдің үдерістеріне жіті үн қатып, басқара білетін атқарушы

билікті едәуір күшейте түсудің объективтік қажеттігі пайда болды.

Оның үстіне мемлекеттік құрылыстың үлгісіне әуел бастан-ақ басқарудың жаңа, президенттік түрі мен бойындағы бұрынғы кінәраттардың баршасын жаңа мемлекетке мұра етіп қалдырған ескі Кеңестер жүйесінің арасындағы терең әрі еңсерілмейтін қарама-қайшылық орнатылғаны түсінікті бола бастады.

Бұл тек Қазақстанның ғана проблемасы емес еді. Онымен белгілі бір дәрежеде, белгілі бір кезеңде ТМД-ның барлық мемлекеттері бетпе-бет келіп, әрқайсысы оны өз білгендерімен шешіп жатты.

Оны біз де шештік, алайда бейбіт жолмен – жаңа Конституция қабылдау және Президенттің өкілеттік мерзімін ұзарту жөніндегі бүкілхалықтық референдумдар өткізу жолымен шештік.

Сөйтіп, елде күшті мемлекеттік биліктің тұрлаулы әрі сабақтас институты құрылды, мұның өзі күллі ішкі саяси үдерістерді тұрақтандыруға және күш-жігерді неғұрлым күрделі учаскелерге – экономикалық реформа мен оны заңнамалық қамтамасыз етуге шоғырландыруға мүмкіндік берді. Соңғы бір жарым жыл таңдап алған бағытымыздың тиімді екенін айқын қуаттап отыр. Азаматтық кодекс, жаңа Салық кодексі, жер, мұнай, ипотека, мемлекеттік қызмет туралы заңдар және т. б. – реформаларды сеніммен ілгері бастыруға мүмкіндік беретін іргелі экономикалық заңдардың толық емес тізбесі, міне, осындай.

Бір жылдың ішінде елімізде жаңа Негізгі заңның арқасында жаңа мемлекеттіліктің іргелі негіздері қаланды, қоғамдық дамуды реттеп және бағыттап отыруға қабілетті біртұтас мемлекеттік билік қалыптасты деп тұжырым жасауға болады.

Қоғамның рухани өміріне, оның әлеуметтік көңіл күйіне, ұлттық сананың түлеуіне байланысты салаларда да біршама күрделі үдерістер жүріп жатты.

Біздің бәріміз бейбіт өмірдің, тұрлаулылық пен тұрақтылықтың қаншалықты нәзік екенін айқын сезіне отырып, адамдардың жан-жүрегінің этностық астамшылық, жүгенсіздік, төзімсіздік пен ымырасыздық уытына шалдығуына жол бермедік.

Идеологиялық монополия мен өзгеше ой толғауды тұқырту тетіктерін серпіп тастау, қоғамдық санаға пікір алуандығы, сөз бостандығы қағидаттарын сіңіру халықтың саяси және рухани қуатының орасан зор күшпен бұлқынып шығуына жағдай жасады.

Өкінішке қарай, бұл үдеріс алғашқы кезде әрдайым сындарлы арнаға бағытталып отырмады: оны өркениетті жолға салуға қабілетті мемлекеттік және қоғамдық сайма-сай тетіктер болмаған еді.

Кей-кейде саяси өмір мен ұлтаралық қатынастар салаларында да проблемалар туындап отырды. Бірақ көп ретте қазақстандықтардың байыптылығы мен байсалдылығының, мемлекет тарапынан көрсетілген саяси ерік-жігердің, барлық қоғамдық-саяси күштермен үнқатысуды білгірлікпен жолға қоя білудің нәтижесінде елімізде егесуге жол бермей тепе-теңдік пен тұрақтылықты сақтап қала алдық.

Бұл сабақтарды жақсылап бойға сіңіру керек әрі кез келген ілгері дамудың басты шарты мен бастау алар нүктесі саяси және ұлтаралық тұрақтылық екенін есте ұстау керек. Осы іргетартар негіздерді шайқалту әрекеттерінің алдын алып, қатаң ескертіп, әрі тыйым салып отыру қажет.

Бүгінгі таңда адамның дамуы үшін материалдық қана емес, рухани көтермелеу қай кездегіден де маңызды. Адам өз алдына биік адамгершілік мұраттар қойған кезде жаңа жағдайларға жақсырақ бейімделеді. Біз мәдениетті дамыту, қоғамның рухани ұстындарын нығайту жөніндегі негізгі қамқорлықты мемлекет өз мойнына алуға тиіс деген қағидаға сүйенеміз. Ескі идеологиялық жүйенің күйреуіне, қоғамдық формацияның ауысуы салдарынан құндылықтарды қайта парықтауға байланысты адамгершілік арқауы босаңсыған тұста біздің мәдениет органдарымыздың адам бойына асқақ армандардың нәрін сіңіруге, жас ұрпақты халықтың, бүкіл әлемдік өркениеттің сан ғасырлық рухани және мәдени мұрасының қазыналарынан сусындата білуге қабілетті болуының маңызы ерекше зор.

Біз зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құрудамыз. Бұл қағидаттар біздің Конституциямызда баянды етілген.

Мемлекетті діннен бөле отырып, біз конфессиялар мен діни наным бостандығын шектегелі отырған жоқпыз. Діндердің көпшілігіне тән қуатты рухани бастау мен ешқашан құнын жоймайтын ізгілік қазыналары, конфессиялар арасындағы өзара құрметтеушілік қарым-қатынастар сияқты, қолдау көрсетуге лайық.

Діни тайталастың барлық көріністері, адамдардың имандылығы мен ақыл-есіне қатерлі сектанттық уағызшылық, ақиқөздік пен төзімсіздік белгілерінің қылаң беруі, заң бұзушылық – осының бәрін де мемлекет үздік-кесілді тыйып тастап отыратын болады.

Бізде саяси пікір алуандығына да тыйым салынбаған. Әркім өзінің жанына жақын саяси мұраттарды ұстануға ерікті. Республикадағы саяси алуан түрлілік

ауқымының өзі де қазір мейлінше кең. Сөз және баспасөз бостандығы, соның ішінде сынау құқығы да заң жүзінде бекітілген.

Алайда бұл бостандық атаулы аумақтық тұтастықты, мемлекеттілік негіздерін бұзуға, халық топтары арасында алауыздықты тұтандыруға бағытталуы мүмкін деген сөз емес. Бұл сондай-ақ баспасөз бостандығын қандай да бір адамға жала жабу, оған моральдық жағынан қысым жасау мақсатында ешбір жауапсыздықпен пайдалануға болады деген де сөз емес. Мұның бәрі – мемлекеттіліктің конституциялық негізіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын, заң жолымен қудаланатын құбылыстар.

Тағы бір маңызды тақырыпқа тоқталайын. Азаматтардың бәрін бірдей өз мемлекетін сыйлауға мәжбүр ету мүмкін емес, алайда көптеген елдерде бұл моральдық, ал кейде заңнамалық та норма болып есептеледі.

Ал біздегі көптеген адамдар әлі күнге дейін мемлекетті бұрынғы, тоталитарлық сипатында түсінеді. Көптеген адамдар оны баяғыша қамқоршысына балап, өз проблемалары үшін бар кінәні мемлекетке аударады.

Патриотизмнің болмауы, мемлекеттілік негіздеріне, өз еліне деген құрметтің жоқтығы қоғамның ілгерілеу мүмкіндіктеріне соққы болып тиіп, таяқтың екінші ұшы айналып келіп адамның өзін ұратынын әрдайым есте ұстау керек.

Бұлар тіпті де екінші кезектегі мәселелер емес. Патриотизмге, азаматшылыққа тәрбиелемей, әсіресе жаңа ұрпаққа осындай тәрбие бермей, ілгері дамудың маңызды факторларының бірі – қоғамды топтастыруға жету мүмкін емес. Азаматтық келісімнің негізін әрдайым мемлекет пен халықтың, мемлекет пен жеке

сектордың бірлігі құрайтын болған. Нақ осының арқасында көптеген елдер дағдарыс пен жоқшылықты еңсере білді.

Әлбетте, сенім екі жақты болуға тиіс. Соның ішінде мемлекет тарапынан да сенім болуы қажет. Өкінішімізге қарай, осыған толық мәнінде қол жеткіздік деп әзірге айта алмаймыз. Оған бөгет болып отырған басты нәрсе – азаматтардың алдындағы әрі, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық саладағы өзіміздің тікелей міндеттемелерімізді орындамауымыз немесе уақтылы орындамауымыз.

Осындай жағдайда бюджет пен бюджеттен тыс қорлардан жалақы мен зейнетақыны уақтылы төлемеу дейтін – мүлде төзгісіз нәрсе. Адамдардың басым көпшілігі үшін бұл – бүгінгі күннің басты проблемасы. Сондықтан оны шешу Үкіметтің негізгі басымдығы болуға тиіс. Бүгін таңда бұл – мемлекет саясатының іргелі мәселесі.

Экономикалық реформалардың барысы

Экономика бүкіл қоғамның басты назарында тұр, жалпы алғанда, мұның өзі түсінікті де. Адамдардың өмірі, әлеуметтік сала, мемлекеттің өзінің қуаты – осының баршасы экономиканың жай-күйіне, оның реформалану дәрежесіне байланысты.

Сыртқы және ішкі саяси қызметтің нәтижелерімен салыстырғанда, осы жұмыстың жайы әзірге неғұрлым осал күйінде қалып отыр. Бірқатар бағыттар бойынша қол жеткен оңды экономикалық көрсеткіштерге қарамастан, азаматтардың көпшілігі әзірге өзгерістердің нәтижелерін нақтылы сезіне алған жоқ. Бұл реформаларды құп көрмеу сезімін туғызып, мемлекетке деген сенімге нұқсан келтіріп отыр.

Соған қарамастан, істің шынайы жағдайын түсіну керек, бүгінгі ахуалдың қалай және неліктен осылай қалыптасқанын білу қажет. Көңіл күйге қарамай, дәл әрі байсалды баға бере білуге көп нәрсе байланысты. Әсіресе, өзіміздің бұдан былайғы экономикалық саясатымызды саралау.

Осы жылдардың өн бойында экономика 1970 жылдардың басынан бері тиімсіздік қыспағында болып келген бұрынғы экономикалық жүйе туғызған дағдарыстан арыла алған жоқ.

Бұл ғаламат дағдарыс болды, оның зардаптарын біз әлі ұзақ уақыт бойы – негізгі капитал ауыспайынша, адамдардың психологиясы өзгермейінше – сезіне беретін боламыз.

Дағдарысты ахуалдың шиеленісуіне Қазақстан экономикасының шикізат бейімділігі, басқа мемлекеттердің экономикасымен өзара астасуы да салқынын тигізді. КСРО-ның ыдырауы, экономикалық оқшауланған аймақтардың құрылуы тауар өткізу мен сатып алудың дәстүрлі рыноктарын қайта қарауға мәжбүр етті. Бұл өндірістің құлдырау үдерісін тездетті.

Біртұтас рубль аймағы жағдайында қаржы-кредит саясатын үйлестіру әрекеттері сәтсіз аяқталды. Мемлекеттердің өз мүдделерін көздеуі әрі ақша қаражатының тоқтаусыз эмиссиясы инфляцияны асқындырып жіберді.

Өндірістің құлдырауы, қаржымен нәрлендірудің бұрынғы арналарының жоқтығы бюджеттің кіріс бөлігін күрт тарылтты. Соның салдарынан мемлекет өз шығыстарын күрт қысқартуды қолға алуға мәжбүр болды, мұның өзі инвестициялық және әлеуметтік салаға едәуір ықпал етті. Сөйтіп, айналып келгенде,

адамдардың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне әрі едәуір төмендеуіне әкеліп соқты.

Реформалар бұрынғы экономиканың барлық шетін тұстарын ашып берді және сауығу алдындағы сырқаулы үдерістерді тездете түскен жеделдеткішке айналды.

Сол сияқты батылсыздық пен дәйексіздік орын алды, экономикалық үдерістердің жалпы жай-күйі мен дағдарыстың тереңдеуіне салқыны тимей қалмайтын қателіктерге жол берілді. Мәселен, халықты ауыр тиетін күйзелістен сақтап қалуға деген игі ниетпен ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаны «тежеу» әрекеті ауылды терең дағдарысқа ұшыратты. Осындай жағдай соның ішінде коммуналдық қызмет бағасының төмендігінен де зардап шеккен энергетика саласында да орын алды.

Соған қарамастан, ахуал біртіндеп түзеле бастады. Қарап көріңіздер. Жеті жылдан бері тұңғыш рет өндірістің құлдырауы тоқтатылды, тіпті оның біршама өсуіне қол жетті.

Инфляция 1993 жылғы 2200 % деңгейінен 1995 жылы 60 %-ға дейін (1995 жылдың желтоқсанын 1994 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда) төмендетілді. Ал биыл оның деңгейі шамамен 30 % болады. Инфляцияның төмендеуі мен өндіріс құлдырауының тоқтатылуы басты дағдарыстық құбылыстардың еңсеріле бастағанын білдіреді.

Бүгін таңда біз молыққан тұтыну рыногына қол жеткізіп отырмыз, мұндай жағдай реформаларға дейін болған емес. Кезектер самсап тұратын, сөрелер қаңырап бос жататын 1991 жылды еске алатындар бүгін некен-саяқ. Ал осының бәрі болды ғой.

Реформаға дейінгі кезеңмен салыстырғанда мемлекеттің алтын валюта резервтері өсті, өзіміздің орнықты ұлттық валютамыз, өтімді валюталық рыногымыз бар.

Тұңғыш рет біз оңды сауда балансына шықтық, тұрлаулы төмен бюджет тапшылығына қол жеткіздік.

Алғашқы әлеуметтік нәтижелеріміз де бар. 1995 жылдан бастап орташа жалақы мен зейнетақының нақты өсуі басталды. Елімізді тұтас алғанда соңғы 1,5 жыл ішінде орташа жалақы 3,6 есе, халықтың коммерциялық банктердегі салымдары 3,1 есе өсті.

Қысқасы, экономикалық ахуалда бетбұрыс жасалғаны айқын және ол күллі халық шаруашылығы кешеніне сындарлы серпін беруде. Бұл үрдістің маңызын әсте төмендетуге болмайды.

Алайда, бұл біздің экономикадағы барлық проблемаларымыз артта қалды деген сөз емес. Өкінішке қарай, солай болмай отыр. Кәсіпорындарды реформалау көпе-көрнеу кенжелеп келеді. Салалық ведомстволар мен жергілікті билік орындары осы маңызды міндеттерді шешуге дайын болмай шықты.

Үкіметтің бұрынғы бағдарламасында 1994 жылдың өзінде алға қойылған әлеуметтік объектілерді кәсіпорындардан мемлекетке беру мақсатының орындалуы жеткілікті қаражаттың болмауы себепті ұзаққа созылып кетті, ал мұның өзі кәсіпорындардың онсыз да күрделі қаржылық жағдайын мүлде қиындатып жіберді.

Төлемсіздік дағдарысы көптеген кәсіпорындарды ғана емес, тұтас салаларды жансыздандырып, созылмалы жүйелі сипат алып барады.

Экономика секторында шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындардың 40 %-дан астам болуының өзі мұның

жеке құбылыс емес, қалыпты жағдайға айналғанын айғақтаса керек. Кәсіпорындар мен ұйымдарды, коммуналдық саланы қысқы жағдайда жұмыс істеуге қанағаттанғысыз әзірлеу айықпас кемшілікке айналды.

Бюджет саясатында да олқылықтар көп. Бюджеттік болжамдардың сапасы ойдағыдай емес. Бюджет кірісінің деңгейі мүлде төмен, салық пен кеден алымдарын, бюджеттен тыс қорларға, ең алдымен зейнетақы қорына қаражат жинау жөніндегі жұмыстың жолға қойылуы босаң. Қоғамның дертті проблемасына айналған жұмыссыздықтың өсуі де қатты алаңдатады.

Мұның өзі соңғы жылдардағы елеулі табыстарға қарамастан экономикалық жағдайдың әлі өте күрделі күйде екенін және жетерліктей деңгейде тұрақты бола алмай келе жатқанын, көптеген дағдарыстық құбылыстардың еңсерілмей отырғанын білдіреді.

Талдап жасалған бағытымыздан таймай, экономикалық ахуалды сауықтыруға қуатты серпін беруіміз қажет.

II ТАРАУ

Ішкі және сыртқы саясаттың бағыттары мен басымдықтары

Мемлекеттік-құқықтық құрылыс мәселелері

Мемлекеттің негіздерін қалыптастыру аяқталғаннан кейін бізге басқару тетіктерін жолға қою жөнінде ықтиятты жұмыс істеуге тура келеді. Бұл тетіктерді қозғалысқа келтіретін тек заңдар ғана болуы керек. Олай болмаған жағдайда демократиялық мемлекеттілік туралы сөз қозғаудың қисыны жоқ.

Қазір мемлекет жаңа Конституцияның негізінде өзінің әлеуметтік мақсат-мұратын тұтастай алғанда ойдағыдай орындап отырғанын айтуымыз керек: бір жағынан, Қазақстан қоғамында әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде, екінші жағынан, мемлекеттік-құқықтық реттеу тәсілдерімен бәсекелелі нарықтық ортаны қалыптастыру, құқықтар мен бостандықтардың кең ауқымына кепілдік беру жолымен жеке адамның өзін көрсетуге деген ынталылығын туғызу үшін қажетті жағдайлар жасап отыр.

Конституциялық деңгейде әлеуметтік қайшылықтарды еңсерудің, қоғамдық мәмілеге қол жеткізудің, мемлекеттік билік тармақтарының өзара сындарлы іс-қимылының тетіктері түзіліп, қызмет істей бастады. Сонымен бірге бұл тетіктер өзінің заң жүзінде баянды болуын қажет етеді.

Қазақстанның саяси-құқықтық және басқару жүйесінің әлемдік мемлекеттік-құқықтық реттеу әдістерімен үйлесімсіздігін түпкілікті еңсеру керек, өйткені мемлекеттік-құқықтық құрылымдар мен тетіктердің қызмет істеуінің ортақ заңдылықтары бар.

Сонымен бірге тоталитарлық кезеңнен кейін құқықтық мемлекеттің нормаларына көшуді жүзеге асырып жатқан кез келген ел, осы кезеңнің ортақ заңдылықтарына қарамастан, құқықтық дамудың Конституцияға негізделген және елдің ішкі ерекшеліктерін ескеретін өзіндік үлгісін жасайды.

Қазақстандағы мемлекеттік-құқықтық құрылыстың перспективалары қазіргі кезеңде шешіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық міндеттермен тікелей байланысты. Үшінші мыңжылдықтың табалдырығында Қазақстан экономикасын түбірінен жаңарту мен қайта

құру кезеңіне қадам басады. Сондықтан мемлекеттік-құқықтық тұрғыда орталықта және жергілікті жерлерде атқарушы органдарды реформалау, әкімшілік-аумақтық құрылыстың неғұрлым оңайлатылған және ұтымды, демек, тиімдірек басқарылатын жүйесін жасау мәселелері айрықша маңызды болмақшы. Елде инвестициялық белсенділікті күшейтіп, материалдық өндіріс пен инфрақұрылым салаларын одан әрі дәйекті жаңарту үшін, оған сәйкес келетін заңнамалық шарттар жасау керек болады.

Халықты әлеуметтік қорғау шараларына арналған заңдар жалпы Қазақстан заңнамасының маңызды топтамасы болуы тиіс. Патерналистік көзқарастар өткенде қалғанына қарамастан, мемлекеттің әлеуметтік бернесі бұрынғысынша жетекші орында қала береді. Тіпті мемлекеттік саясаттың әлеуметтік қырлары, соның ішінде оның заңнамалық жақтары неғұрлым жүйелі сипатқа ие болуға тиіс. Конституцияда Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деп тегіннен-тегін жарияланып отырған жоқ.

Заң шығару жүйесінде заңдарды көбейте бермей, олардағы қайшылықтарды жою проблемасы көкейкесті күйінде қалып отыр. Ол жүйе үйлесімді әрі Конституцияға сай болуға тиіс. Бұл проблеманы шешу құқықтың барлық салаларын қамтитын заң жүйесін жетілдіруге кешенді, жүйелі тұрғыдан келуді қажет етеді. Әңгіме елдің заң шығарушы органының күш-жігерін кодекстер түріндегі кешенді, сараланған актілер қабылдауға шоғырландыру туралы болып отыр.

Заңдардың болуы ғана маңызды емес. Құқық қолдану практикасында олардың қалай іске асырылып жүргенінің маңызы одан бір де кем емес, бәлкім, тіпті

артығырақ болуы мүмкін. Сондықтан құқықты іске асырудың түрлерін жетілдіру қажет.

Сайып келгенде, заңнаманы іске асырудың ұйымдық-құқықтық тетігін жасау қажет. Ал әзірге заңдардың орындалуы мемлекеттік-құқықтық тетіктегі неғұрлым осал буын болып қалып отыр. Соның салдарынан құқық қолдану қызметі үдерісінде заңдылық пен лайықтылықтың көңілге қона бермейтін арақатынасы қалыптасуда. Мұның әсіресе атқарушы органдарға қатысы бар, өйткені олар басқару практикасының ерекшеліктеріне байланысты заңдылық пен лайықтылықтың арасында шөре-шөремен жүр.

Осыған байланысты әрбір заң актісін іске асырудың нормативтік белгіленген тетігі болуы керек. Сондай-ақ заңға тәуелді актілер заңдардың мәні мен мазмұнының маңызын жоймауы үшін қажетті жағдайлар жасау керек.

Заңнама бір орында тұрып қалуға тиіс емес, ол қоғамның даму ырғағына сәйкес келуі, тез өзгеріп жататын әлеуметтік-экономикалық ахуалға ілесіп отыруы керек. Бұл міндетті жаңа заң актілерін қабылдау арқылы да, сол сияқты қолданылып жүрген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен де шешу қажет. Осыған байланысты заң шығарушы, атап айтқанда, қолданылып жүрген барлық заңдарды екі жылдың ішінде (яғни 1997 жылдың тамызына дейін) Конституцияға сәйкес келтіру жөніндегі конституциялық талапты орындауы тиіс.

Қазіргі уақытта сапалық жағынан жаңа заңдар жасалу үстінде, олардың мазмұны азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдіктерді күшейте түсуге, құқық бұзушылыққа жол бермеуді ынталандыруға,

қылмыс үшін міндетті түрде жаза тартқызу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Қоғамдық қатынастарды реттеудің неғұрлым тиімді тетіктерін қарастыру керек. Бұл орайда заңдардың әуел бастан-ақ қылмысқа қарсы сипатта болуы шарт. Яғни құқық бұзушылықты тиімсіз ететін құқықтық және экономикалық ахуал жасалуы тиіс.

Қабылдануы жоспарланып отырған заңдар тиімді, инфляцияға қарсы сипатта болуы қажет. Біз таза шығындық негізде болған, ойластырылмаған заң шешімдерінің кесірінен мемлекеттің өзі инфляцияның өсуін ынталандырған өткен жылдардың қателіктерін қайталай алмаймыз.

Құқықтық қызмет тек құқық шығарумен және құқық қолданумен шектеліп қалмайтынын ұмытуға болмайды. Оның үлкен саяси мәні бар. Азаматтардың құқықтық хабардарлығы, сауаттылығы деңгейін арттыру, олардың құқықтық мәдениетін көтеру мақсатында кешенді шаралар белгілеу қажет. Қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын, халық заңдарды неғұрлым жақсырақ білген сайын заңды орындау сатысында проблемалар да солғұрлым аз болатыны жалпыға мәлім.

Сыртқы саясат бағыттары

Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықтың жалпы жұрт таныған тең құқылы мүшесі ретінде орныққан бүгінгі таңда елдің сыртқы байланыстарының құрылымын шетелдік әріптестермен арадағы ынтымақтастықтың нәрлі тіндерімен толықтыру кезеңі туып отыр. Әңгіме, ең алдымен, қолдағы бар уағдаластықтарды

толығымен іске асыру жайында. Мұның өзі қызметтің осы саласына қатыстылардың баршасынан табандылық пен үйлесімді іс-қимыл жасауды, тиянақты жұмыс істеуді талап етеді.

Қазақстанның сыртқы саясаты жүргізіліп жатқан экономикалық реформалардың негізінде елдің серпінді экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Халықаралық аренадағы осы заманғы үрдістер республика үшін қолайлы бағытта дамып келеді және істің шын мәнінде біздің Орталық Азия аймағындағы өзара қарым-қатынасымызды нығайтуға, Қазақстан үшін практикалық ынта-ықылас туғызатын мемлекеттермен, олардың географиялық жағдайына қарамастан, өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндігіміз бар.

Егемендік, аумақтық тұтастық және шекаралардың мызғымастығы, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау қағидаттары негізінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастықты үдете беру сыртқы саясаттың басым стратегиялық міндеттерінің бірі болып қала береді.

Бір жағынан, қолайлы сыртқы орта жасау, өзара тиімді экономикалық ұтымды байланыстарды одан әрі дамыту қажеттігі және, екінші жағынан, бүкіл дүние жүзінде интеграциялық үдерістердің күшеюі біздің республикамыз бен Достастықтың басқа да елдері өздерінің тарихи ерекшеліктеріне қарай көп жақты ынтымақтастықты ұлғайтуға тікелей мүдделі болып отырғанын көрсетеді.

Достастық елдерінің өзара іс-қимылы шеңберінде қазірдің өзінде Ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасы бекітілді, ТМД-ның 1996–1997 жылдардағы интеграци-

ялық дамуының перспективалық жоспары мақұлданды, Кеден, Төлем және Валюта одақтарын қалыптастыру жөніндегі жұмыс жалғасып келеді, Қылмысқа қарсы күрестің бірлескен шараларының мемлекетаралық бағдарламасы қабылданды.

Егер сыртқы саясаттың міндеттері туралы айтатын болсақ, ең алдымен біздің республиканың Ресей Федерациясымен өзара қарым-қатынастарын бөліп атау керек.

Еуразиялық кеңістіктің едәуір бөлігіндегі саяси және экономикалық тұрақтылықтың объективті алғышарты мен аса қуатты факторларының бірі бола отырып, Қазақстан-Ресей қарым-қатынастары жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге сүбелі үлес қосып отырғаны сөзсіз.

Ресейде сайлау, тұтас алғанда, үміт күттірерлік нәтижелер берді: Ресей қоғамының демократия мен батыл реформалар бағытын сақтап қалуға деген бағдары қуатталды. Сондықтан Қазақстан үшін мәні зор тең құқылық қағидаттарының сақталуы сияқты элементтерді қоса алғанда, достық пен ынтымақтастықтың ұзақ мерзімдік қарым-қатынастарын қамтамасыз ету бұрынғысынша Ресей Федерациясымен өзара ынтымақтастықтың басты мақсаты болып қала береді.

Орталық Азия мемлекеттерімен және ең алдымен – Өзбекстанмен және Қырғызстанмен ынтымақтастықты қарқынды дамыту мен одан әрі кеңейтудің біз үшін аймақтық деңгейде стратегиялық маңызы бар. Әңгіме экономика аясындағы өзара іс-қимыл, отын-энергетика және су ресурстарын пайдалану саласында, құрлықтық сипаттағы газ құбырлары, көлік магистральдері мен коммуникациялары құрылыстарын салу мен пайдалануда келісілген саясат жүргізу туралы болып отыр.

Қазақстан екі жақты қарым-қатынастарда ұдайы жаңа түйістіру нүктелерін іздестірумен, біздің елдеріміздің арасындағы тұрақты қарым-қатынастарды нығайтумен және дамытумен болады.

Қазіргі кезде біздің елдеріміздің Орталық Азия аймағында тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау жөніндегі күш-жігерінің ерекше маңызы бар. Ауғанстандағы соңғы оқиғалардың осы елдегі ғана емес, сонымен қатар тұтас аймақтағы жағдайды тұрақсыздандыруы, ТМД-ның оңтүстік шептерінің қауіпсіздігіне ықпал етуі мүмкін екеніне байланысты мұның маңызы арта түседі. Ауғанстандағы ахуалдың шиеленісуі Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан мен Тәжікстан мемлекеттері басшыларының шұғыл кездесуін өткізу қажеттігін туғызды, бұл кездесу жақында ғана Алматыда болып өтті. Салиқалы пікір алмасу арқылы біз Ауғанстанды біртұтас достас ел ретінде сақтап қалудың маңызы, ішкі ауған проблемаларын тек саяси амалдармен шешу қажеттігі жөніндегі тұжырымға келдік. Біздің аймақтық саясатымыз тек осы ұстанымды басшылыққа алып келді және тек соны басшылыққа алатын болады.

Алыс шетелдердегі біздің аса маңызды әріптестеріміздің бірі АҚШ болып отыр. Бастапқыда біздің мемлекеттеріміздің арасындағы байланыстар ядролық фактордың ықпалымен қалыптасты. Алайда қазір қарым-қатынастардың жаңа негізін қалыптастыруды талап ететін кезең туып келеді. Іс жүзінде Қазақстан көп жағынан алғанда бүгін Құрама Штаттармен серіктестік деңгейіне шықты. Қазірдің өзінде сауда-экономикалық қарым-қатынас аясында бірсыпыра шарттар мен келісімдерге, атап айтқанда, Сауда келісіміне қол қойылды, соған сәйкес біздің республикамыз АҚШ-пен

саудада барынша қолайлы жағдайы бар ел мәртебесіне ие болып отыр. Бұдан басқа біз Пұрсаттылықтар бас жүйесінің желісі бойынша жеңілдіктерді пайдаланамыз. Екі жақты қарым-қатынастарды дамыту серпінін сақтай отырып, оларды нақты мазмұнмен толықтыру қажет.

Қазақстанның сыртқы саясатының теңгерімділік сипатын еске алсақ, оның еуропалық бағытының елеулі маңызы бар.

Ұзақ мерзімді болашақта біз үшін Еуропалық Одақ стратегиялық тұрғыдан ықылас туғызып отыр, соңғы уақытта онымен арадағы қарым-қатынас тиісті серпін мен практикалық бағыт ала бастады.

Биылғы жылы Қазақстан – ЕО Бірлескен комитетінің құрылуы үміт күттіреді, өйткені ол біздің сыртқы саясатымыздың осы бағыттағы пәрменді құралына айналуы мүмкін. Сонымен бірге ЕО елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты елеулі түрде арттыруға көбірек ден қоя бастау керек. Әлемдегі айтулылар санатына заңды түрде енетін Германияның экономикалық әлеуеті, Қазақстанда едәуір неміс диаспорасының болуы, республиканың герман капиталының келіп түсуіне мүдделілігі – осының бәрі бізді екі жақты экономикалық байланыстарды ұлғайтуға ықыласты етеді.

Франциямен және Ұлыбританиямен қарым-қатынастардың дамуы жүйелі арнамен жүріп жатыр, бұлар Қазақстанның халықаралық аренадағы, оның ішінде Еуропа мемлекеттері арасындағы жағдайының нығайуына және біздің экономикамыздың өрлеуіне жәрдемін тигізетіні даусыз.

Шығыс Еуропа елдерімен қатым-қатынастарды дамытуда да саяси және экономикалық ынтымақтастықтың үлкен әлеуеті бар.

Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары сапалық жаңа деңгейге шықты, бұларды дамытуға екі мемлекет басшыларының кездесулері, бірсыпыра екі жақты келісімдерге қол қойылуы үлкен үлес болып қосылды. ҚХР төрағасы Цзян Цзэминнің таяуда Алматыға келген бірінші ресми сапары өзара тығыз іс-қимыл мен серіктестік деңгейіне жеткізілген ынтымақтастық сипатына бұдан былайғы ұзақ мерзімді ықпалын тигізеді. ҚХР-мен арадағы достық қарым-қатынастарды тереңдету біздің республикамыздың ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келеді.

Сол сияқты Жапониямен және Корея Республикасымен екі жақты байланыстар да қарқынды дамып келеді. Бүгінде Жапония – еліміздің ең ірі қаржы донорларының бірі. Қазақстан экономикасын жаңарту аясында осы елдерден инвестициялар мен үздік технологиялар алу проблемасы ерекше көкейкесті болып отыр.

АСЕАН-ға мүше елдермен, ең алдымен – Индонезиямен, Малайзиямен және Сингапурмен қарым-қатынастарда оңды ілгерілеушілік байқала бастады. Бұл мемлекеттердің қауырт өркендеуі мен олардың біршама қысқа мерзім ішінде қол жеткен таңданарлық табыстары бүгінгі күннің өзінде-ақ біздің олармен арадағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарымызды кеңейту үшін мықты негіз қалауымызға себепші болып отыр.

Таяу және Орта Шығыс елдерімен, ең алдымен Түркиямен, Иранмен және Сауд Арабиясымен ынтымақтастықты ұлғайту – Қазақстан дипломатиясының маңызды міндеті.

Біздің стратегиялық мақсаттарымыздың бірі – араб дүниесімен арадағы қарым-қатынасты ынтымақтастықтың бай әлеуетіне сай келетін деңгейге жеткізу. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның Ислам конференциясы ұйымына кіруіне байланысты мүмкіндіктерді барынша толық пайдаланған жөн.

Осы айтылғандардан жасалатын қорытынды: біздің сыртқы саясатымыз ұдайы көпбағытты сипат алуға, жекелеген басымдықтарды шиырлап, тұйықталып қалмауға, икемді, сарабдал әрі теңгерімді болуға тиіс.

III ТАРАУ

Экономикалық даму міндеттері

Реформалардың кезеңдері мен дәйектілігі

Экономикалық саясаттың келешекке, соның ішінде 1997 жылға арналған негізгі бағыттарын айқындай отырып, Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың кезеңдері мен дәйектілігін анықтап алудың маңызы өте зор. Тек осындай жағдайда ғана біз дамудың қандай сатысында тұрғанымызды айқындай аламыз, ал ең бастысы – өз күш-жігерімізді негізгі міндеттерді шешуге шоғырландыратын, алға қойылған мақсаттарға жету жөніндегі іс-қимылдардың дәйектілігін қамтамасыз ететін боламыз.

Реформаларды жүзеге асырудың экономиканы ырықтандыру кезеңі деп атауға болатын бірінші сатысы 1993 жылдың аяғы мен 1994 жылдың ортасына дейін созылды, бұл тұста елде өз ұлттық валютамыз енгізідді және қаржы-кредит саясатының жаңа тетіктерін игеру басталды. Осы уақытқа дейін біздің республикамыздың

өздігінен тек институционалдық реформалар жүргізуге ғана мүмкіндігі болып, экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізе алмаған еді.

Ол кезде біз инфляцияның аса жоғары деңгейін, өндірістің құлдырауы мен тұрмыс деңгейі төмендеуінің анағұрлым ауыр қарқынын бастан кешіп жаттық. Инфляцияның өршуі шағын деңгейде мүлде жол беруге болмайтын бұрмаланған мінез-құлық үлгісін туғызып, менеджерлерді қаржы жауапкершілігі мен тәртіп, шығындар мен өзіндік құнды кеміту туралы қамқорлық жасауға тіпті де ықыласты ете қойған жоқ. Арзан кредиттер берудің келеңсіз практикасы белең алды, сондықтан инвестициялық үдерістер туралы сөз қозғаудың өзі қисынсыз еді. Біз ол кезде қандай да бір әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізу туралы қиялдай да алмағанымыз түсінікті. Мәселе ахуалды уыстан шығарып алмай, оны басқарылатын арнаға қалай бұру керек дегенге сайды.

Экономикалық дербестік алуымыз мәселені қабырғасынан қойды: неден бастауымыз керек, қай бағытпен жүруіміз керек?

Экономикалық жаңғыртулар мен дамудың түпкі мақсаты айқын еді, ол – адамдардың тұрмыс деңгейін арттыру болатын. Алайда әлгіндей жағдайда бұған қол жеткізу мүмкін емес еді. Еліміз реформаның бірқатар объективті кезеңдерінен өтуге тиіс болды, – иә, өтуге тиіс еді, себебі бұған дейін одан ешкім де аттап кете алған жоқ-ты.

Бірінші кезекте қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу, яғни инфляцияны ауыздықтау, экономиканың барлық «қабаттарында», оның ішінде шағын деңгейде де қаржы тәртібі мен жауапкершілікті жолға қою қажет

болды. Соның өзінде инфляцияны инвестициялау мен өндіріске кредит беруге, экономиканың әлжуаз секторларын бөліп шығарып, оларды саралауға кедергі келтірмейтін көлемге дейін төмендету қажет еді.

Біздің әлеуеті жағынан өмір сүруге қабілетті, алайда тұралап қалған кәсіпорындарды сауықтыру тетіктері арқылы қалыпты экономикаға қайтаруымыз керек болды. Ал нарықтың қатаң жағдайында өмір сүруге дәрменсіздері таратылуға және банкрот деп жариялануға тиіс еді.

Түбегейлі реформа мен кәсіпорындарды сауықтыру, оларды қарқынды жекешелендіру мен жеке секторды нығайту, әлеуметтік объектілерді кәсіпорындардың иелігінен бюджетке беру, қаржы секторын реформалау және төлемсіздік проблемаларын шешу осы кезеңнің елеулі элементтері болуға тиіс-ті.

Мұндай бағытты ойдағыдай іске асыру дәйекті табысы бар қызметкерлердің тұрмыс деңгейін белгілі бір шамада тұрақтандыру, сондай-ақ өндірістің құлдырауын тоқтату түрінде қосалқы тиімділік те береді. Оған, сонымен бірге, жұмыссыздықтың шапшаң өсуі, бюджеттік шығыстар мен әлеуметтік бағдарламалардың қысқаруы да тән.

Осы жұмыс аяқталғаннан кейін, инфляцияның жылдық дәрежесі ең болмағанда 15–20 % деңгейіне дейін төмендеген соң үшінші – инвестициялық кезең басталады, онда жағдайы түзелген кәсіпорындар мен банктер инвестициялар мен кредиттерге дайын әрі оңтайлы бола түседі, инвесторлар кең ауқымды тұрақтылықтың орныққанын көріп, тәуекелге баруға болатынын сезіне отырып, инвестициялар жасауға, оларды бірінші кезекте неғұрлым тартымды салаларға бөлуге ыңғай береді.

Осы кезеңнің бастауында инвестициялар және, ең алдымен, шетел инвестициялары үшін жақсы жағдайлар туғызу, сондай-ақ іскерлік белсенділікті жандандыру маңызды.

Қазақстан үшін іскерлік белсенділікті жандандырудың оңтайлы сәттері жеке және отбасылық кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытуда, тұрғын үй құрылысын өрістетуде болса керек.

Егер экономика жеткілікті дәрежеде сауыққан болса, макроэкономикалық ахуал барынша тұрақтанып әрі келешегіне болжам жасайтындай күйге жетсе, ал инвестициялар жеткілікті дәрежеде қарқынды сипат алса, онда объективті экономикалық заңдар мен инвестициялық өлшемдерге байланысты экономикалық өркендеу кезеңі басталады.

Бұл кезеңде дамудың алдын-ала әзірленген жоспарларына сәйкес экономиканы мақсатты түрде жаңартуға кірісудің маңызы айрықша зор. Бұл инвестициялардың теңгермелі өсіміне қол жеткізу және олардың барынша тиімділік алуы үшін қажет. Сайып келгенде, экономика сауығып, жақсы экономикалық өсім болған жерде бірден әлеуметтік нәтижелер көріне бастайды: халықтың тұрмыс деңгейі артады, жұмыссыздық кемиді.

Қазақстан экономикасының бүгінгі таңдағы жай-күйіне жасалған талдау біздің екінші кезеңді – қаржы тұрақтылығы кезеңін аяқтауға тақадық деп айтуымызға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтқанымдай, инфляцияның бетін күрт қайтара білдік.

Теңгенің тұрақтылығы нығайып келеді. Егер 1995 жылдың алғашқы жартысында теңгенің долларға бағамы 28,8 % төмендеген болса, биылғы жылдың алғашқы жартысында ол 4,5 % ғана болды. Бұл үрдіс жылдың аяғына дейін сақталады.

Инфляция деңгейінің төмендеуіне сәйкес Ұлттық банктің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі де кеміп келеді: 1995 жылғы маусымда ол жылдық 75 % болса, 1995 жылғы желтоқсанда – 52,5 %, қазір – 30 % болып отыр.

Өндірістің құлдырауы тежелді: ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) биылғы алғашқы жарты жылда 1995 жылдың алғашқы жарты жылындағы деңгейіне 100,1 %, соның ішінде өнеркәсіп өнімі – 100,2 % болды. Салыстыру үшін 1995 жылғы алғашқы жарты жылда ІЖӨ 1994 жылғы алғашқы жарты жылдыққа – 86,2 %, өнеркәсіп өнімі – 91,4 % болғанын атап айтқан жөн. Жыл қорытындысы бойынша ІЖӨ, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімінің өсуі тиісінше 0,5 % 0,5 % және 7 % болады деп күтіліп отыр.

Қысқасы, соңғы жеті жылдың ішінде біз тұңғыш рет өндірістің құлдырауын тоқтатып, аздаған экономикалық өсуге қол жеткіздік.

Сол сияқты біз тұңғыш рет бөлшек-сауда тауар айналымын ұлғайтуға да қол жеткіздік, оның өсу қарқыны жыл қорытындысы бойынша 109 % (1995 жылы – 84,9 %) болады.

Экспорт өнімінің ұлғайғанына екінші жылға айналды: 1995 жылы оның өсімі 154,5 % болды, биыл да едәуір ұлғаяды деп күтілуде.

Қолайсыз экономикалық ахуалға қарамастан, халықты, ең алдымен оның табысы аз жіктері мен тиянақталған табысы бар адамдарды әлеуметтік қорғау мен қолдау үшін көп күш-жігер жұмсалды.

Инфляция деңгейін күрт төмендетуге бағытталған таза экономикалық шаралардың нәтижесінде бірінші кезекте бюджеттегілер мен табысы аз адамдардың

кірістерін жедел құнсызданудан сақтап қалуға мүмкіндік туды.

1994 жылғы қаңтарда Президенттің «Зейнеткерлер мен мүгедектер арасындағы жұмыс істемейтін жалғыздікті азаматтарды әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлығы жарияланып, онда тағам өнімдері түрінде тегін жәрдемақы беру көзделді.

1994 жылғы шілдеде тағы бір Жарлықпен зейнеткерлерді және табысы аз азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі өңірлік қайырымдылық қорлары құрылды.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар үшін бірқатар жеңілдіктер белгіленді. Азаматтардың бұл санаттарының жинақ банктеріндегі салымдары индекстелді, мұның өзі олардың инфляциялық шығындарын өтеді. Қиындықтарға қарамастан, мемлекет бюджет ұйымдарының өткен жылдардағы зейнетақы мен жалақы жөніндегі берешегін өтеді. Осы мақсаттардың баршасына 6 млрд теңгеден аса қаржы жұмсалды. Қазір осы мақсаттарға қаражат бөлуді ұлғайту үшін мүмкіндіктер іздестіріліп жатыр.

Өткен жылдан бері бюджет ұйымдарында жалақыны, сондай-ақ зейнетақыларды көбейту жөнінде шаралар қолданылды.

Азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі күш-жігердің нәтижесінде 1995 жылдан бастап, жоғарыда айтылғандай, нақты өлшемдегі жалақы мен зейнетақылар өсе бастады.

Сөйтіп, реформалардың жоғарыда айтылған екінші кезеңі іс жүзінде аяқталды деп санауға барлық негізіміз бар.

Алайда біз бірсыпыра негізгі міндеттерді қажетті көлемде шеше алмадық, ендігі жерде қысқа мерзімнің ішінде жүзеге асыру керек болып отырған бұл міндеттер мынадай:

– кәсіпорындар мен экономиканың аса маңызды секторларының реформасын негізінен аяқтау, жекешелендіруді ақырына дейін жеткізу;

– қаржы (банк) секторына реформа жүргізу;

– бюджет кірістеріне байланысты ахуалды оңдау және оның шығыс бөлігін ұтымды ету;

– төлемсіздік пен әлеуметтік объектілерді кәсіпорындардан бюджетке беру проблемасын шешу.

Қаржылық тұрақтандырудың қатаң қыспағында қалған экономиканың жабырқаңқылық сатысына қарай ойыса бастауы да алаңдаушылық туғызбай қоймайды. Искерлік белсенділікті жандандыру мен өндірісті одан әрі өсіру жөнінде батыл шаралар қолданбайынша, реформалар мен қаржылық тұрақтандыруды бұдан былайғы аяқтау экономиканы ұзақ мерзімдік тоқырауға ұрындыруы мүмкін.

Ендігі жерде не істеу керек? – деген сауал туады. Шынтуайтына келгенде, істелмей қалған «ұсақ-түйектерді» тазалауға жұмылып, тағы да бірер жыл кәсіпорындарды және қаржы секторын реформалаумен, одан әрі жекешелендірумен, төлемсіздіктерді жоюмен, құнды қағаздардың қайталама нарығын жандандырумен мықтап шұғылдануға болар еді. Назардан тыс қалған мәселелерді сапалы және жан-жақты шешу үшін мұндай жолдың, бәлкім, тиімді болуы да мүмкін.

Бірақ, өкінішке қарай, ішкі және сыртқы проблемалар біздің бұл жолға түсуімізге мүмкіндік бермей тұр.

Адамдар нәтиже күтуден шаршады. Жұмыссыздық, жалақы мен зейнетақының төленбеуі – кезеңнен кезеңге қарай дәйектілікпен жылжу үшін онша жақсы әлеуметтік негіз емес. Ұзақ уақыт бойы жаңартылмаған және жөндеуден өткізілмеген негізгі капитал едәуір тозып кетті. Бірсыпыра секторларда ол апатты жағдайдың аз-ақ алдында тұр, мұның өзі бізді ең қысқа мерзімнің ішінде осы проблеманы шешумен шұғылдануға мәжбүр етеді.

Егер былайғы дүниеге көз салатын болсақ, онда көптеген елдерде, әсіресе азиялық елдерде жақсы экономикалық өсу байқалады.

Біздің кейіндеп қалуға хақымыз жоқ. Ол ол ма, бізге алыстап кеткен әлемдік экономика пойызының соңынан ұмтылу қажет. Елдің өздігінен даму жолына басқа елдерден ондаған жылдар кешеуілдеп түсуі – біздің кінәміз емес, қасіретіміз.

Сондықтан да алдымызға мүмкіндіктің шегінде дерлік, барынша биік міндеттерді қоюдан басқа жол жоқ, бұлар: ХХІ ғасырға толығымен сауықтырылған және реформаланған экономикамен ену; инфляцияны жылына 4–6 % деңгейіне жеткізу; 3–5 % экономикалық өсімге қол жеткізу; жұмыссыздықты төзуге боларлық деңгейге дейін азайту; шетел инвесторлары үшін барынша қолайлы ахуал туғызу; әлеуметтік көрсеткіштердің тұрақты өсуіне қол жеткізу.

Бәлкім, бүгінгі келеңсіздіктерге қарап, көпшіліктің мұны жүзеге асыру мүмкін емес деуі ықтимал. Дегенмен біз істі шындап қолға алатын болсақ, кез келген міндетті орындауға күшіміздің жететінін дәлелдеген болатынбыз. Мәселен, 1994 жылдың басында үш жылда біз инфляцияны 2200 %-дан 30 %-ға дейін төмендетеміз деп айтуға кімнің батылы жетер еді?

Оның үстіне, туындап отырған проблемаларды ойдағыдай шешу үшін біз өзімізге барынша биік деңгейде талаптар қоюға міндеттіміз. Орта мерзімді нысаналардың қуатты жұмылдырушы күші болуы, барлық ресурстар алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруға қосылуы керек. Бұлыңғыр перспективалар мен көмескі нысаналарды басшылыққа алуға хақымыз жоқ.

Алға қойылған міндеттердің орындалуына қол жеткізу үшін не істеу қажет?

Елдің қазіргі жағдайы уақыт талабына сай жауап таба білуді қажет етеді.

Ондай жауап бар: біз барлық кезеңдер бойынша бір мезгілде қатарлас бағытпен дәйекті түрде жүруіміз қажет.

1997 жылы, әрі кеткенде 1998 жылдың бірінші жартысында қаржыны тұрақтандырудың екінші кезеңін толық тәмамдау: жекешелендіруді, кәсіпорындар мен қаржы секторын реформалауды түпкілікті аяқтау, барлық төлемсіздіктерді анықтап алу қажет. Қаншалықты қиынға соғатынына қарамастан, кәсіпорындарды тарату мен олардың банкроттығы жөнінде ең қатаң шаралар қолданбаса болмайды. Парламент пен Үкімет биылғы жылдың өзінде банкроттық туралы жаңа заң қабылдауға тиіс. Инфляцияның деңгейі жыл сайын кемінде екі есе кеміп отыруы керек. Бұл мақсатта, тағы да қаншама күрделі болғанына қарамастан, барлық бюджет шығыстарын кірістерге сәйкес келтіру керек, ал олар келесі жылдан бастап нақты, бірақ қауырт болуға тиіс.

Жұмыссыздықтың қауіпті зардаптарына жол бермеу үшін, Үкімет, барлық атқарушы билік, Парламент кәсіпкерлікті, ең алдымен жеке, отбасылық және шағын бизнесті, қоғамдық жұмыстарды, негізінен, тұрғын үй

мен жол құрылысындағы жұмыстарды ұйымдастыруды жандандырудың толық шаралар кешенін жүзеге асыруы қажет.

Қаржы тұрақтылығының аяқталуын күтпей-ақ инвестициялық кезеңді іске асыру жөніндегі жұмысты жеделдете түскен жөн.

Бірінші кезекте инвестициялық ахуалды, әсіресе шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық ахуалды күрт жақсартып, жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесін әзірлеп, заң жүзінде айқындау қажет.

Салалық және өңірлік басымдықтардың нақтылы жүйесін жасайтын мезгіл жеткен сияқты, ал ол жеңілдіктердің жаңағы жүйесімен тығыз байланысты болуы керек.

Және, ең ақырында, мемлекеттік инвестицияларды, негізінен алғанда – инфрақұрылым мен тұрғын үйге салынатын инвестицияларды ашу керек. Инвестициялық серпін қажет және ол мемлекеттен бастау алуға тиіс.

Сонымен бір мезгілде экономиканы өркендету, адамдардың іскерлік белсенділігін жандандыру мәселелерімен де шұғылдану керек. Әзірге оларды ауқымды шешу туралы айту ертерек, бірақ келесі жылдың өзінде-ақ өсу нүктелері мен белсенділік ошақтарын құру қажет. Тұрғын үй құрылысы, шағын және орта бизнес, санациядан ойдағыдай өткен кәсіпорындар осындай ошақтар болуға тиіс. Мұның өзі біздің ағымдағы міндеттерді шеше отырып, инвестициялық кезеңге де, экономикалық өсу кезеңіне де бір мезгілде кірісуіміз қажет екенін көрсетеді.

Сондықтан біз елдің ұзақ мерзімге арналған даму стратегиясын тұжырымдауды бастауға және дамудың

бес және он жылдық жоспарларын әзірлеуге дереу кірісуіміз керек.

Үкіметтің жұмысында орын алып отырған кемшіліктерге қарамастан, ол соңғы жылдардың ішінде әрі тым ауыр жағдайлардың өзінде көп іс тындырғанын атап көрсеткен жөн.

Таяудағы жылдарда да барынша күш-жігер жұмсауды керек ететін күрделі жұмыс күтіп тұр. Демек, көп нәрсе Үкіметтің құрамы жағынан қаншалықты қауқарлы болатындығына, алға қойылған міндеттерді қандай шамада орындай алатынына байланысты болмақ. Мемлекет басшысы ретінде мен бұл үшін қажетті шараларды қолданып, оған тиісті қолдау көрсететін боламын.

Жекешелендіру

Жекешелендіру экономикалық реформалар саясатының басты бағыттарының бірі болды және болып қала береді.

Бір қарағанға, жекешелендіру саласындағы істің жайы жаман емес сияқты. Соңғы деректерге жүгінсек, республика бойынша жеке кәсіпорындардың үлес салмағы 80 % шамасында, соның ішінде өнеркәсіпте – 86 %, ауыл шаруашылығында – 95 %, құрылыста – 84 %, көлікте – 56 %.

Бүгінде жалпы ұлттық өнім өндірісінің ортақ көлеміндегі жеке сектордың үлесі 50 % шамасында, оның ішінде өнеркәсіпте – 40–45 %, ауыл шаруашылығында – 90 %-ға жуық, құрылыста – 60 %, саудада – 85 % болып отыр.

Сөйтіп, қазірдің өзінде ел экономикасында жеке сектор басымдық алды деп айтуға болады. Өнеркәсіптен,

көлік пен байланыстан басқа барлық салаларда оның ықпалы басым түсіп отыр.

Соған қарамастан, егер үдерістің сапалық жағына көз салатын болсақ, көптеген мәселелер әлі де шешілген жоқ.

Ең алдымен, шағын жекешелендіру мерзімінде аяқталмады. Сауда, қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру, автомобиль көлігі салаларының нысандары бұрынғысынша мемлекеттік меншікте қалып отыр. Бұл үдерісті жергілікті билік орындары да, сондай-ақ халық қолындағы қаражаттың жетіспеушілігі де тежеп келеді.

Сонымен қатар, жекешелендіруді 1991 жылдың өзінде бастағанымызбен, базбіреулеріміз экономикалық жағынан саралана қоймаған «демократиялық» ағымдардың, әлеуметтік әділеттілікті теріс түсінудің ықпалында қалып, жекешелендірудің көпе-көрнеу тиімсіз, тіпті жалған үлгілеріне мойынсұндық.

Мәселен, бұрынғы Жоғарғы Кеңес табандылықпен талап еткендей, меншікті еңбек ұжымдарына бөліп беруге бардық, бірақ одан ешқандай экономикалық тиімділік болған жоқ. Біз өз бойымыздан мұндай жолдан бас тартарлық күш таба білдік. Содан соң, жаңсақ әділеттілік сезіміне еріп, инвестициялық жекешелендіру купондары дейтіндер арқылы меншікті бүкіл халыққа бөліп беруді ұйғардық.

Мұндай бөлістердің тіптен тиімсіз екеніне іс жүзінде көз жеткізіп қана біз, ақыр аяғында, бүкіл дүние жүзінде әлдеқашан сыннан өткен, өзін жақсы жағынан көрсеткен ақшалай жекешелендіруге көштік.

Осы қателіктердің салдарынан көптеген кәсіпорындарда көп өкімет пайда болды. Акциялардың бір бөлігі – еңбек ұжымының, бір бөлігі – инвестициялық

қорлардың, көбінесе осындай әлденеше қордың, тағы бір бөлігі ақшалы инвестордың қолына көшті. Әрбір өндіріске бүгінгі күні жұмыс капиталы да, инвестициялар да керек. Олар болса инвестордың қолында, бірақ ол кәсіпорынға бақылау жасауды қолына алмайынша, оған инвестиция салмайды. Сонда белгілі мысалдағыдай: аққу, шаян және шортан болып – әрқайсысы әр жаққа тартып шыға келеді. Сөйтіп, кәсіпорын енді мемлекеттік емес, жеке меншікте, бірақ нағыз қожайыны жоқ. Бұдан нәтиже шықпайтыны да өзінен өзі түсінікті.

Ақыр аяғында, корпорациялық бағалы қағаздар нарығы да өте әлсіз дамып отыр. Сондықтан да жекешелендіру қарқынын жеделдетіп, оны тереңдету жағдайында мәселе көтерілген кезде, әңгіме мемлекеттік меншікті сату туралы ғана емес, меншікті нағыз қожайынның пайдасына қайта бөлу, жекешелендіруден кейінгі үдерістердің тиімділігі жайында болады.

Биылғы жылдың өзінде мемлекеттік меншікті сату мен меншікке беруді жеделдету керек. Қызықтырмайтын нысандарға келетін болсақ, оларды ақысыз меншікке беруге немесе ең арзан бағасына сатуға дейін бару керек.

Мемлекет алдағы істің қамымен, әлеуметтік саламен, сыртқы саясатпен, жеке сектордың жұмысын жоспарлаумен және үйлестірумен шұғылдануы керек. Шын мәнінде мұндағы жұмыстың шет-шегі жоқ. Ал жекеменшік иесі өндірістік істі мемлекетке қарағанда анағұрлым жақсы атқаратын болады. Бұл – бүкіл әлем таныған ақиқат.

Әлбетте, банкроттық арқылы, кәсіпорындардың мемлекетке берешегін қайыру арқылы нағыз қожа-

йындарды іздестіру керек, олар үшін қосымша қызмет тетіктерін құру керек. Өйткені жекешелендіру үдерістері қарқынының баяулығы мен сапасының нашарлығының астарында төлемсіздік дағдарысының терең себебі жатқаны баршаға мәлім.

Шағын және орта бизнес

1988–1989 жылдары кооперативтік қозғалыс үшін тоспалар ашылған кезде туындаған әбігер бәріміздің де есімізде. Мейлінше қаңырап қалған рынокта жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтар тәрізді әр алуан тауарлар мен мүлде соны қызметтер пайда бола бастады. Барлық салаларда шағын кәсіпорындардың пайда болуымен және өркендеуімен байланысты осы тәріздес серпіліс 1990–1991 жылдары орын алды. Мұның себебі оларды мемлекеттің қолдауы мен оларға жеңілдіктер жүйесінің берілуі болды.

Әрине, қателіктер мен асыра сілтеушілік те болмай қойған жоқ. Бірақ ең бастысы – нарықты толықтыру және осы салаларда жұмыспен қамтудың өсуі жүріп жатты. Қазір ахуал өзгерді, бірақ істің жақсы жағына қарай өзгерді деуге келмейді.

Биылғы жылдың басында шағын бизнес саласындағы кәсіпорындардың саны 21 260 болды, онда жұмыс істейтіндердің саны 147 мың адам немесе 3 %-дай болып отыр.

Өнеркәсіп өнімін шығарумен 2563 кәсіпорын шұғылданады, оларда жалпы саны 33,6 адам жұмыс істейді. Тұтастай алғанда, шағын кәсіпорындардың үлесіне өнеркәсіп өндірісі жалпы көлемінің 4,7–4,8 %-ы тиесілі,

бұларда жұмыспен қамтылған халықтың 3,5 %-ға жуығы еңбек етеді.

Салыстыру үшін айта кетейін, жоғары дамыған елдерде шағын бизнестің үлесі 60–80 %-ды құрайды. Біз, әрине, бірден мұндай деңгейге жете қоймаймыз, бірақ қалыптасқан жағдайдың өзі де бізді қанағаттандыра алмайды.

Бір жағынан, жұмыссыздық, демек, қылмыс та өсіп келеді, сауда мен қызмет көрсету саласы жеткіліксіз дамыған; екінші жағынан, қуаттар мен үй-жайлар текке қарап тұр, жер де босқа жатыр. Тіпті егер біреу өз ісін ашқысы келсе де, оның сан қилы тосқауылдарға тірілетіндігі сонша, тіпті ынта-ықыласынан біржола айрылады. Сонда оған не істе дейсіз? Жұмыс жоқ, отбасын асырау керек, өмір сүру керек. Міне, осылайша жолы болмаған кәсіпкер не астыртын экономикаға немесе одан да жаманы – қылмыстық салаға бой ұрады.

Шағын бизнес жұмыспен қамту мәселесін шешумен ғана байланысты емес. Көптеген елдерде ұсақ бизнесшілер орта таптың негізгі бөлігін құрайды. Олар қоғамды тұрақтандырады, олардың көңіл күйі мемлекеттің экономикалық дамуының көрсеткіші есепті болады.

Сондықтан бүгінгі күн тәртібінде шағын бизнесті қолдау мен оған жан-жақты көмек көрсетудің арнаулы бағдарламасын іске асыру міндеті тұр.

Ең алдымен, тиісті өлшемдерді нақты таңдап алу және заң тұрғысынан нені ұсақ (жеке және отбасылық), нені шағын және орташа бизнес деп санау қажеттігін айқындап алу қажет. Бұл мәселелерді шешуге сарабдалдықпен және құнттылықпен қарау қажет.

Ұсақ кәсіпкерлікке оның алғашқы қадамдарынан бастап-ақ мемлекеттік көмек көрсеткен жөн. Тіркеу рәсімдерін мейлінше жеңіл ету, салық салудың қарапайым және ауыртпалықсыз жүйесін енгізу керек, қағаздарды, анықтамаларды және кабинеттен кабинетке сабылуды азайту қағидаты бойынша іс-қимыл жасау керек. Бастапқы капитал мен кредиттер проблемасын қайткенде де шешу қажет. Ал бізде әзірге ұтымсыз тіршілік жасалуда. Шамамен 9 млрд теңгедей еңбекпен қамту қоры бар, бұл сома негізінен жұмыссыздарға арналған жәрдемақылар үшін пайдаланылады. Яғни біз бұл жәрдемақыны ешбір нәтижесіз төлеп отырмыз.

Бұл қор қаражатты жаңа жұмыс орындарын құруға, жеке кәсіпкерлікті дамытуға мақсатты түрде пайдаланған жағдайда неғұрлым тиімді жұмыс істейтін болар еді. Мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті билік адамдарға консультациялар мен білім беру орталықтары түрінде барша қажетті қолдауды көрсетуге, оларға үй-жайлар мен ақы төлеу жағынан көмектесуге тиіс.

Ал шағын, әсіресе орта бизнеске келсек, қалыптасқан қаржылық-экономикалық ахуалға байланысты оған жеңілдікті жағдай әзірше мемлекет үшін басым болып табылатын қызмет салаларында ғана берілуі мүмкін.

Қазақстанның Азия даму банкінен 100 млн доллар мөлшерінде қарыз алғанын айтпай кетуге болмайды, бұл қаржы нақ осы шағын және орта бизнесті қолдау үшін, атап айтқанда, ауылшаруашылық шикізатын өңдеу саласында пайдаланылатын болады. 50 млн доллар мөлшеріндегі алғашқы траншты игеру басталып та кетті.

Экономиканың осы секторын қолдау жөніндегі қосымша шаралар экономикалық ахуалды тұтастай жақсартуға елеулі ықпал етуге қабілетті.

Тұрғын үй құрылысы

Бұл проблеманың да басымдығы барлық жағынан айқын. Тұрғын үй – адамның басты әлеуметтік игілігі. Оның үстіне, тұрғын үй құрылысы жұмыссыздық проблемасын біршама шешеді. Ақырында, егер біз шын мәнінде оны жолға қоя білсек, күллі экономиканың өсуінің басты бір тетігін жасаймыз, өйткені шаруашылық кешенінің көптеген салалары нақ осы тұрғын үй құрылысында келіп түйіседі.

Біз ақысыз тұрғын үй бөлу қағидатынан, оны мемлекеттің жаппай салуынан бас тарттық. 1993 жылы менің жарлығыммен жаңа тұрғын үй саясаты бекітілді, оны іске асырудан осы саладағы түбірлі бетбұрыс басталды. Қазіргі таңда тұрғын үй құрылысын қаржыландыруда халық қаражатының үлесі ұдайы өсіп келеді. Бірақ, екінші жағынан, құрылыс көлемінің шұғыл қысқаруы да орын алды.

Жаңа тұрғын үй саясатына көше отырып, біз іс жүзінде оны ақша қаражатымен қамтамасыз ете алмадық. Бұған жалпы экономикалық ахуал да, тиісті инфрақұрылымның дамымағандығы да әсер етті. Әйтсе де бағдарламада тұрғын үй салудың жаңа қағидаттарының негізі қаланып, олар қазір жұмыс істеп жатыр. Мұның өлшеусіз мәнінің өзі де осында. Қазір бізге осы бағыттағы іс-қимылдың нақты, мейлінше ұтымды және қаржымен қамтамасыз етілген бағдарламасы қажет. Үкімет оны қарастырып та жатыр.

Оның негізгі мәні неде болуға тиіс?

Бастау алар нүкте: әрбір азамат, табысының деңгейіне қарамастан, тұрғын үйді тек қана өз ақшасына не бірден, не төлеу мерзімін ұзартып сатып алуға немесе салуға тиісті. Тұрғын үй мен ол орналасқан жер, сол сияқты басқа да жеке мүлкі кредиторлар алдында кепіл болуға тиіс.

Бағдарламаның барлық бүге-шігесіне дейін ежіктемей-ақ, есептеулердің мынаны көрсететінін атап өтейін. Егер халықты тұрғын үймен 15 жылдан кейін қамтамасыз ету мақсатын алға қояр болсақ, онда мемлекет кредиттік ресурстарды толықтыруға жыл сайын 70 млрд теңге салуы керек.

Әлбетте, мұндай қаражат әзірге біздің қолымызда жоқ әрі таяу келешекте бола да қоймайды. Сондықтан ең тиімді жол – бағдарламаны, айталық, алдымен бірекі облыстан бастап, бірте-бірте қалғандарына ауыса отырып, қанатқақты жобада іске асыра бастау. Орташа алғанда онжылдық жинақтау кезеңінде бір облысқа жыл сайын шамамен 50 млн доллар қажет болады. Бара-бара мемлекеттік салымдар өзінен-өзі керексіз болып қалады, өйткені құрылыс салушылардың жинақталған қаражаты, сондай-ақ тұрғындар қайтарған кредиттер іске қосылады.

Ал әзірге біздің шамамыз, онда да едәуір қиналыспен, тұрғын үй құрылысына жыл сайын теңге баламасымен 40-тан 50 млн долларға дейін салып отыруға жетеді. Бұл бюджетте көзделуі қажет. Біз осы салаға өз қаражатын салуға даяр шетелдік құрылысшы компанияларды тарту жолын да пайдаланамыз.

Бастапқы кезеңде осы үдеріске серпіліс беру үшін, жеңілдіктерге баруға және мемлекеттің қаражатты қайтару жөнінде белгілі бір тәуекелді мойнына алуына болады. Бірақ бұл құрылыс салу үдерісі кең қанат жаятын алғашқы үш-төрт жылда қажет болмақшы. Бағдарлама халық тарапынан қолдауға да зәру. Біз болсақ, жылдың соңына дейін оны қабылдауға және жыл сайын онда тұжырымдалған қағидаларды іске асыру үшін қажетті ресурстар мен қаражатты іздестіруге, инвестициялық үдерістерді күшейтуге тырысамыз.

Шетелдік инвестицияларды тарту

1997 жылдан бастап біздің жұмысымыздың басты бағыттарының бірі шетелдік инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану болады. Оларды, дамушы мемлекеттерді былай қойғанда, дамыған елдердің өздері де пайдаланатыны белгілі.

Шетелдік инвестициялар нарығындағы ахуал Шығыс Еуропа державаларының, бұрынғы КСРО құрамында болған жаңа елдердің, сондай-ақ коммунистік кезеңнен кейінгі елдердің оларға деген орасан зор сұранысына байланысты елеулі шиеленісіп келеді.

Осының салдарынан капиталды импорттаушылар арасында, оны экспорттаушыларға қарағанда, үлкен бәсеке қалыптасып отыр. Бүгінгі таңда капиталды тарту мәселесінде Қазақстанның әзірше бәсекелестік қабілеті жоқтығын айтуға тиіспін. Біз әлі қызмет көрсету мен инфрақұрылымды дамытудың шетелдік инвестор дағдыланған деңгейіне жеткен жоқпыз. Көптеген заңдарда, нормативтік актілерде, шетелдік салымшылармен жұмыс істеу жүйесінің өзінде әлі айқындық жоқ. Инвестордың жолындағы басты кедергі орталықта да, жер-

гілікті жерлерде де бұрынғысынша төрешілдік болып отыр. Біз әр инвестормен жеке тіл табысуға мүмкіндік беретін жеңілдіктер мен артықшылықтардың икемді жүйесін сөзсіз орнықтыруға тиіспіз.

Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тарту бағдарламасын әзірлеу қажет, ол мынадай қағидаларды қамтуға тиіс:

1. Біздің елімізге шетелдік бизнесшілердің келуіне байланысты барлық әкімшілік рәсімдерді оңайлату. Біз визалар алу, шекара және кеден бақылауынан өту, жұмыс істеу құқығына және ел ішінде жүріп-тұруға рұқсат беру жөніндегі барлық ережелерді және т. б. қайта қарауымыз керек.

Күллі іскер әлем қарым-қатынас жасасатын ағылшын тіліне қазақстандықтарды жаппай оқытуды ұйымдастыру қажет. Бұл бәрінен бұрын мемлекеттік қызметшілер мен қызмет көрсету саласында істейтіндерге қатысты. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, ірі бизнес тілдік кедергілері бар елде нашар бейімделеді. Нақ сондықтан да дамушы елдердің көпшілігі осындай, бір қарағанда, ұсақ мәселеге мейлінше байыпты назар аударады.

Біздің авиажелілеріміздің, әуежайларымыздың, ондағы қызмет көрсетудің қолайлылығына, жоғары сапалы мейманханалардың, телекоммуникациялардың болуына көп нәрсе байланысты. Біздің мақсатымыз шетелдік бизнесменге неғұрлым жеткілікті ықылас көрсету, оның уақытын үнемдеу болуға тиіс. Бұл қызметтердің құны оны, әдетте, екінші кезекте ғана толғандырады.

2. Инвестицияларға немесе кредиттерге салық тыныстамаларын, жеңілдікті мөлшерлемелерді, салық шегерімдерін беруді қоса алғанда, салық жеңілдіктерін, жеделдетілген амортизацияны, жеңілдікті кеден бажын және тағы басқаларды енгізуге тәуекел етуге болады. Олар мемлекеттік басымдықтарды іске асыру барысында жаңа құрылыс салу жайында әңгіме қозғалған жерде және тек қана сонда болулары тиіс.

Тым жан-жаққа шашырай берудің қажеті жоқ, қарапайымнан күрделіге қарай жүріп отыру қажет. Бүгін біз назарды инфрақұрылым объектілеріне – энергетикаға, газ және мұнай құбырларына, әуежайларға, мейманханаларға, байланыс құралдарына, автомобиль және темір жолдарға, су құбырларына аударуымыздың қажеттігі айқын. Бұл міндеттерді шешпейінше, елде қолайлы инвестициялық ахуалдың, экспорт пен саяданың, бизнестің өмір сүруін қамтамасыз етудің күллі жүйесі жақсы жұмыс істеуі мүмкін емес.

Импортты алмастыру және бәрінен бұрын – халық тұтынатын тауарларды, әсіресе азықтық тауарлар мен ауыл шаруашылық шикізатын өңдеу өнімдерін алмастыру жайында байсалды түрде ойлану қажет.

Ақыр соңында, өңірлік басымдықтарды айқындау әрі ең алдымен – халықты жұмыспен қамту тұрғысынан айқындау қажет. Жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесі басымдықтар жүйесімен қатаң ұластырылуға тиіс. Бұл ретте жеңілдіктер беруді мейлінше ұқыпты түрде ойластырып, барлық ықтимал қиянаттарға сенімді тосқауыл қойған жөн.

3. Жер мен жылжымайтын мүлікке берілетін құқық түріндегі гранттар, персоналды оқытуға арналған де-

меуқаржы, әртүрлі алымдарды азайту түріндегі субсидиялар сияқты форманы да пайдалану қажет. Бірақ тағы да басым болып саналатын салаларда ғана.

4. Капиталды сыртқа шығаруға, әртүрлі қызметтер мен жергілікті шикізатты артықшылықты пайдалануға үкімет кепілдіктерін күшейту қажет.

5. Үйлестірілген және жедеғабыл жұмыс жүргізу үшін, тікелей шетелдік инвестициялармен айналысатын арнайы мемлекеттік орган құру қажет.

Шетелдік инвестицияларды тарту бағдарламасын әзірлеумен қазірдің өзінде мамандар айналысып жатыр. Өз уақытында ол жария етіледі.

Қылмысқа қарсы күрес

Елдегі қылмыстық ахуал аса шиеленісті күйде қалып отыр. Өткен жеті ай ішінде 1995 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда қылмыс 4,2 % кем тіркелгенімен, көше қылмысы мен бұзақылық әрекеттерді азайтуға қол жеткенімен, ауыр қылмыстар санының едәуір өсуі байқалады: өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда қылмыстың бұл түрі екі жарым есе көп жасалған. Олардың ашылуы 8 %-ға төмендеді. Құқық қорғау органдарының мүлік ұрлауға қарсы күрес жөніндегі жұмысы жеткілікті жолға қойылмаған, мұның өзі экономикалық қылмыстарға қарсы күрес тиімділігінің төмендеуіне әсер етті. Мәселен, биылғы жылы осы салада 11 мыңға жуық қылмыс анықталған. Бопсалаушылыққа қарсы күрестің нәтижелері төмендеді.

Ахуалды жақсарту жөнінде мемлекет қандай шараларды қолға алмақшы?

Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің жобаларын әзірлеу аяқталу деңгейінде. Үкімет пен Парламент оларды қабылдаған кезде, бір жағынан, жазалау шараларын белгілеуге қатаңырақ қарауға, екінші жағынан, осы актілердің адам құқығын Негізгі заңда тұжырымдалғандай мүлтіксіз қорғауына жетісуі қажет.

Ал құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту орталық және жергілікті биліктің айрықша міндеті болуға тиіс.

Сонымен бірге қылмыс жасаудың жай-күйі жалпы экономикалық ахуалға, халықтың өмір сүру деңгейіне, жұмыссыздыққа, ал оған қарсы күрестің пәрменділігі – құқық қорғау органдарын қаржыландыру деңгейіне тікелей байланысты екенін ұғыну қажет. Сондықтан экономиканы сауықтыруға, жұмыссыздықты азайтуға және адамдардың әл-ауқатын арттыруға ұмтыла отырып, біз қылмыстың өсу әлеуетін кезең-кезеңімен төмендетіп, оның табаны астындағы тірегін ығыстырып шығаратын боламыз.

Біздің келешекке, соның ішінде 1997 жылға арналған экономикалық саясатымыз бен басымдықтарымыздың негізгі бағыттары осындай. 1997 жылдың бюджеті мен бірінші кезектегі заңдар жүйесі де солармен толық сәйкестікте қалыптастырылуға тиіс.

Бюджет саясатының басымдылықтары

Қалыптасқан жағдайларға сүйене отырып, келесі жылдың бюджет саясаты ішкі және сыртқы саясаттың қағидаттары мен басымдықтарын, сондай-ақ қоғамды толғандырып отырған көкейкесті проблемаларды қатаң

түрде ескеруі керек деп санаймын. Біз осылай істей аламыз, керек десеңіз, міндеттің өзін дәл осылай қоюға тиістіміз.

Мен, мемлекет басшысы ретінде, осы басымдылықтарды бюджет саясаты сыртқы және ішкі міндеттерді теңестіре шешетіндей, экономиканың болашағы мен бүгінгі әлеуметтік салаға жұмыс істейтіндей етіп белгілеп беруге міндеттімін.

Бүгін қазақстандықтарды ең алдымен қандай мәселе мазалап отыр? Соңғы әлеуметтік зерттеулерге қарағанда, проблемалар өзінің көкейкесті сипаты бойынша былай түзіледі: бағаның өсуі; жалақы, зейнетақы мен стипендия төлеуді кешеуілдетушілік; қылмыстың өсуі; электр, су, газ бен жылу берудегі іркілістер; жұмыссыздық; айналадағы ортаның жай-күйінің нашарлауы; сыбайлас жемқорлық пен парақорлық; әлеуметтік саланың мүшкіл халі және, ақыр аяғында, ұлтаралық проблемалар.

Көріп отырғанымыздай, жоғары баға мен төмен жалақы экономикалық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан да басты проблемалардың қатарында тұр. Сондықтан бюджет саясатының 1997 жылғы басты міндеті инфляцияны одан әрі төмендету болады.

Келесі бір басымдылық кәсіпорындардағы реформаларды қаржыландыру және инвестициялар, әрі ең алдымен және негізінен инфрақұрылымдар нысанына жасалатын инвестициялар болуға тиіс. Әрине, мұның өзі бүгін мен ертеңгі күннің арасында, өндірістік емес және өндірістік салалар арасында қиын таңдау жасауға әкеліп тірейді. Алайда мұндай таңдауды жасауымыз керек, әсіресе біздің жағдайымызда, адамдарға қатысты және экология проблемаларына байланысты

инфрақұрылым олардың айрықша алаңдаушылығын туғызып отырған жағдайда, олай істемеуге болмайды.

Келесі жылы үкімет бюджеттік ұйымдардағы жалақыны және зейнетақыларды нақтылы төлеу мәселелерін шешу жөнінде қосымша күш-жігер жұмсауы қажет.

Маңыздылығы жөнінен төртінші басымдылық ретінде сыртқы саясат пен қорғанысты қаржымен қамтамасыз ету проблемасын атаған жөн. Әлбетте, бұл қаржылық жүк бүгін қоғам үшін тым ауыр. Алайда біздің қауіпсіздігіміз, шекарамыздың мызғымастығы, мемлекетіміздің аумақтық тұтастығы, әлемдік қоғамдастық тарапынан оның қол сұғылмастығына берілетін кепілдік, сайып келгенде, осы проблемаларды шешуімізге байланысты. Әрі бұл шығындардың елге миллиардтаған инвестициялар түрінде қайтарылуға тиіс екенінің маңызы да бұдан кем емес. Сондықтан да біз сыртқы саясат ведомствосынан оның жұмысының экономикалық қайтарымын анағұрлым көтеруді әрі мемлекет қаржысын үнемді пайдалануды да талап етуге әбден қақылымыз. Барлық дипломаттар мен әскерилер біздің кімдерге және қай салаларға қаражатты кем беруге мәжбүр екенімізді мықтап біліп алуға және түсінуге тиіс.

Бесінші басымдылық – қылмысқа қарсы күрес. Құқық қорғау органдарын ең алдымен материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағынан қаржыландыру деңгейін көтеруіміз керек. Адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету ғана емес, бюджет қаражатын толықтыру мен шығындарды бақылауды ұйымдастыру сияқты маңызды проблемалардың шешімі де осыған байланысты. Милиция мен кеденнің қарусыз қалуына,

прокуратуралар мен соттардың ең қажет нәрселермен қамтамасыз етілмеуіне әсте көнуге болмайды. Осы орайда, айталық, кеденге, соттарға, салық полициясына, басқа да құқық қорғау органдарына жұмсалған салымның экономикалық тұрғыдан да айтарлықтай тиімді екенін естен шығармаған жөн.

Ал бірақ басқаларына қарағанда, нақ осы салада жалақы мен зейнетақыдағы ауытқушылық тым үлкен. Кеден қызметкері өз еңбегі үшін бар болғаны үш-төрт мың теңге алса, зейнет демалысына шыққан прокурор орта есеппен 15 мың теңге алады. Осының бәрін ақылға салып теңестіру қажет.

Алтыншы басымдылық – жұмыссыздыққа қарсы күрес және тұрғын үй құрылысын ұлғайту. Бұл проблемаларға мен жоғарыда мейлінше егжей-тегжейлі тоқталдым.

Жетіншісі – әлеуметтік сала. Әрине, бұл салалардың басымдылығы соншама төмен болып отырғаны өкінішті. Материалдық игілік пен рухани қазына арасында лажсыздан таңдау жасаған адамдар әзірге алдымен алғашқысына артықшылық беруге бейім. Мұндай таңдауды осы әлеуметтік салалардағы реформалау деңгейінің тым төмендігімен ғана түсіндіруге болады. Алайда біз қоғам мен мемлекет үшін олардың стратегиялық маңызы бар екенін және таяу жылдарда олардың басымдығы үздіксіз арта беретінін мықтап есте ұстауға тиіспіз. Ал әзірге біз мұнда ресурстарды қайта топтастыруға және желіні ұтымды етуге мәжбүрміз. Бірақ бұл мемлекеттің осы саладағы жалақыны, әсіресе дәрігерлер мен мұғалімдердің жалақысын көбейтуіне кедергі келтірмеуі тиіс.

Ақыр соңында, басқару мәселесіне тоқталмай өтуге болмайды. Бұл салада басқарудың бір буынында шенеуніктердің көптігіне, екіншісінде – жетіспеушілігіне байланысты толып жатқан қайшылықтар сақталып қалып отыр.

1997 жылдың бюджетімен белгілі бір қайта құру, ең алдымен атқарушы билікте қайта құру жүргізу қажет.

Осы тұрғыдан келгенде, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі басымдықтары мен бағыттарын жүзеге асыра алатынымызға сенімді бола аламыз.

* * *

1997 жылға қадам баса отырып, біз оған шешімін таппаған міндеттер мен жіберілген қателіктер түріндегі өткеннің ауыртпалықтарын, сондай-ақ бұдан былайғы дамудың қисыны айқындайтын жаңа міндеттер жүгін бірге алып барамыз.

Бұл жылдың да оңайға түсетін сыңайы жоқ, қалай дегенде де, мұның бұрынғы жылдардан жеңіл болмайтын түрі бар. Дегенмен бұл енді экономика одан әрі құлдырамайтын жыл болатынын бүгіннің өзінде нық сеніммен айтуға болады, бірақ соның өзіне де қажырлы еңбекпен жетуге тура келеді.

Біз келесі жылға зор мән береміз, өйткені нақ 1997 жылдың ішінде экономикадағы негізгі ауыр шараларды жеріне жеткізіп, оны басты бағыттарда сауықтыруға, ең бастысы – жаңғырту мен дамыту міндеттерін шешуді қолға алуға бел байлап отырмыз.

Қазақстандықтардың білек сыбанып, жұмысқа жұмылудан басқа жолы жоқ. Әркім өзіне де, отбасына да қамқорлық жасап, сол арқылы елдің экономикалық реформалар жолымен тезірек ілгері басуына көмекте-

суі керек. Ақиқаты – осында. Ал басқаша ұрандатудың бәрі мемлекетіміздің жағдайы жақсаруына құлықсыз адамдардан тарайды.

Біз күш-жігерімізді жұмылдырып, асығуға тиіспіз. Олай істемейінше, жедел экономикалық өркендеуге де, реформалардың әлеуметтік нәтижелеріне де қол жеткізе алмаймыз. Адамдар ертеңгі күнге деген сенімді сезініп, экономикалық оқиғаларды болжауға болатынын бағамдауы тиіс. Сонда олардың күш-қуаты мен іскерлігі экономиканы жаңғырту міндеттерін шешуге сүбелі үлес болып қосылады. Ал онсыз біз алдағы уақытта аттап баса алмаймыз.

Әлем шұғыл дамып келеді әрі жаңа мыңжылдыққа нық қадам басқалы отыр. Ал Қазақстан өткізіп алған уақытының орнын толтырып, ілгері кеткен өркениетті қуып жетуіне тура келеді. Бұл, айтары жоқ, аса қиын міндет, алайда, үшінші сортты державаға айналғымыз келмесе, біздің бұдан басқа жолымыз жоқ.

Алға жылжудың негізгі алғышарттары қазірдің өзінде жасалды. Ендігі жерде бастамашылық пен білім, ерік-жігер мен тәртіп, төзімділік пен табандылық, білгірлік пен жауапкершілік болса, қандай да болсын күрделі әрі жауапты міндеттер қолымыздан келетіні кәміл.

Қазақстанның жастарымен кездесуінде СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ақмола қаласы,
1996 жылғы 10 қазан

Қымбатты достар!

Біздің бүгінгі кездесуіміз, бері салғанда, екі себеппен ерекшеленеді. Ең алдымен бұл – біздің мемлекетіміздің болашақ астанасында шақырылып отырған ең алғашқы ірі жиындардың бірі, ал екіншіден, ол аса маңызды тарихи кезең – тәуелсіздігіміздің 5 жылдығы қарсаңында өтіп отыр. Ал ХХІ ғасырда біздің жас мемлекетіміз бен балаң астанамызды көтеріп, сәулеттендіретін нақ сендер боласыңдар, жастар!

Уақытты таңдамайды, онда өмір сүріп, дүниеден өтеді дейтін сөз әзелден-ақ бар. Әр ұрпақтың өз тағдыры өзінде, бірақ сендердің ұрпақтарың туралы айтқанда, біз оның жәй әншейін жастары шамалас адамдар тобы

емес, халық тарихындағы белгілі бір буын екенін есте ұстауымыз керек. Сондықтан мәселе тек жаста емес, сонымен бірге әр ұрпақтың халық тарихындағы, тек экономикалық қана емес, саяси да, мәдени де тарихындағы өз орны болатынында.

Бүгінгі жас ұрпақтың тағдыры күрделі екеніне таласым жоқ. Дегенмен біздің мемлекеттік қайраткерлеріміздің, 1930 жылдардағы интеллигенция өкілдерінің таңғажайып шоғырын – Сәкен Сейфуллинді, Сұлтанбек Қожановты, Тұрар Рысқұловты, Илияс Жансүгіровті, Бейімбет Майлинді, Мағжан Жұмабаевты және басқа да көптеген көл-көсір білімі бар, осы заман тұрпатындағы саяси көсемге лайықты бітімі бар, тіпті, өндірдей жас деуге болатын адамдарды еске алайықшы. Оларға сендерден гөрі жеңілірек болып па еді? Тіпті олар режімді сөзсіз қолдау немесе жан пида етіп, саяси өлімге де бас тігу сияқты екіұдай жағдайға тап болмап па еді.

Ал бүгін сендерде таңдау мүмкіндігі, еркіндік мүмкіндігі бар. Жаңа дәуірдің осы мүмкіндігін бағалай білу керек. Фазиль Искандердің бір кейіпкерінің: «Шіркін, біз тұрған уақыт-ай!» деп тамсанатыны бар еді. Осы тоқтап тұрған уақыттың бейнесі өте әсерлі және ол сендердің естеріңе адамдардың көптеген ұрпақтарының іске аспаған мүмкіндіктерін салуы керек.

Бастан өткеріп жатқан кезеңді сипаттай отырып, саяси тұрғыдан алғанда, ол тоталитаризмнен қазіргі демократиялық және ашық қоғамға өту кезеңі деуге болады және бұл ретте өтудің мәні дамудың дайын тұрған батыстық немесе шығыстық үлгісін алуда емес, дүниежүзілік әмбебаптықтарды ұлттық-тарихи ерекшеліктерге бейімдеуде. Сондықтан мен әңгіме тек қана біздің жағдайларымызға бейімделген жаңғырту туралы болатынына кәміл сенімдімін.

Біздің еліміздің даму ерекшелігі – жеделдетілген экономикалық және саяси реформалармен қатар біз сонымен бір мезгілде өзіміздің ұлттық-мәдени бастауларымызға оралып соғып отырмыз. Барлық – мемлекеттік, мәдени, тілдік – құраштардағы ұлттық даму дүние жүзі халықтарының көбі қалыпты ұлттық құрылыс үдерісін амалсыз емес, тиімді жаңғыртумен ойдағыдай ұштастырар кезеңде үзілді. Сондықтан біздің жас ұрпақтың алдына тарихтың өзі қойған міндеттердің күрделілігін байсалды бағалай білу қажет.

Біздің әлемдік рынокқа енуде мүлдем кешеуілдеп қалғанымызды объективті түрде ескеру керек. Оған қазақстандықтардың қазіргі ұрпағы кінәлі емес. Стратегиялық кешеуілдеу ондаған жылдар бойы қалыптасты, ал қазір халықаралық аренадағы ойынның ережелері бұдан 20–30 жыл бұрынғыға, әлемнің дамыған өнеркәсіпті елдерінің топ жарып шығуы басталған кезге қарағанда, едәуір қатаңданып кетті.

Осы себептерге байланысты барлық қиындықтарды бүгін таңдағы басқарудың субъективті қателіктерінен іздестіру – дұрыстыққа жатпайтынын Қазақстан жастарының ұққанын қалар едім. Ұдайы өзгеру және ашық бәсекелі әлемдік рынок жағдайында қыруар фактілер әсер ететін және бәрі бірдей біздің ырқымызға көне бермейтін экономикалық жүйе қайткен күнде де беріктік сынына тап болады.

Өзгерістер дәуірі дегеніміз – мүмкіндіктер кезеңі, бірақ сонымен қатар ұлан-ғайыр қиыншылықтардың да заманы. Бүгінгі жастардың алдында тұрған проблемалар ауқымын ескергенде, екі бірдей міндетті шешуде нақ солар өздерін көрсетуге тиіс болады, ол міндеттер: тиімді ашық экономика құру және толыққанды тәуелсіз әрі көпұлтты мемлекетті дамыту.

Мұның өзі жастардың санасында түбегейлі өзгерістер болуын қажет етеді. Мемлекеттің қамқоршылығына арқа сүйейтін мінез-құлықтан арылу қажет. Мемлекет қамтамасыз ететін әлеуметтік қолдаудың арқаулық элементтері бар. Олар заңнамада нақты көрсетілген. Сол кепілдіктердің сыртындағы көп нәрсе адамның өзіне байланысты. Жастар прагматизм мен тиімділікке бағдар ұстамайынша, олардың бойында кәсіпкерлік, бәсекелестік рухы өрістемейінше, ешқандай табиғат байлықтары көмек бере алмайды. Өтпелі кезеңді ойдағыдай өткерген елдер оны оп-оңай еңсерген екен деп пайымдаудың қажеті жоқ. Неге десеңіз, нарық мәдениеті қай жерде де көнерген қалыптардың тұтастай бір кедергілері арқылы өткен. Әрине, біз жолымыз айрықша деп, өзімізді-өзіміз алдарқатуымызға болар, бірақ ол тұйыққа тірейтін жол. Сондықтан реформаға саяси ерік-жігерлері жетпеген елдер, өкінішке қарай, түптің түбінде әлемдік дамудан шеткері қалды.

Өз арасынан сөзсіз түрде елдің болашақ жаңа саяси және экономикалық көшбасшылары өсіп шығатын осы залда ашық айтайын дегенім: егер қазір ерік-жігер көрсете алмасақ, біздің бұрынғы қалпымызға қайта түсеріміз анық және одан кейін қайтадан көтерілуге еш мүмкіндігіміз қалмайды. Реформаларды саяси тұрғыдан қолдаудағы өзекті тұтқа бүгінде жастардың қолында.

Қазіргі таңда Қазақстанда жүріп жатқан үдерістерді түсіну үшін, Робинзон Крузоның психологиясынан бас тарту керек. Біз адам аяғы баспаған елсіз аралда емес, қауырт қарыштаған ашық әлемде өмір сүріп отырмыз. Жас мемлекет, оның жаңа ұрпағы қазіргі жүйедегі өзінің орнын айқындап алуға тиісті. Бүгінде біз жаһан-

дану деп атайтын үдерістер, сөз жоқ, Қазақстанның ішкі экономикалық және саяси дамуына әсер етеді. Мұндай үдерістер бірнешеу.

Бұл ең алдымен – халықаралық сауданың күрт қарқындауы. Бұрынғы экономикалық томаға-тұйықтық бүгін тек зиян келтіруі мүмкін екенін түсінетін уақыт жетті.

Бұл – жаңа күрделі технологиялар тез игерілетін, бұрын бізге белгісіз болып келген халықаралық еңбек бөлісі. Бүгінгі дүниеде біз күрделі технологияларды игеруге мүмкіндігі болмаған елдердің бас-аяғы 10–15 жыл ішінде әлемдік рынок, айталық, электроника сияқты күрделі салада алғы шепке шыққанын көріп отырмыз.

Бұл – күллі ұлттық кедергілерді көктей өтетін өндірісті ыңғайластырудың жоғары кеңістігін игерген халықаралық корпорациялардың ықпалын шапшаң өсіру. Халықаралық, оның ішінде тіпті ұлтаралық капитал Қазақстанға ене бастағанына бола базбіреулердің зәресі ұшып жатса, мұның өзі тек Қазақстанға ғана қатысты емес, жалпыәлемдік үдеріс екенін айқын түрде анық түсінуі керек.

Бұл – менеджерлік мәдениеттің бірыңғай өлшемдерін жасау. Осы заманғы кадрларды қалыптастырмайынша, бұл салада біз басқа елдерден сөзсіз артта қаламыз.

Бұл – уақыттың, географияның немесе валюта түрлерінің барлық шектеулерін еңсеріп өтетін қаржы ағымдарының жаһандануы деген сөз.

Бұл – жұмыс іздеушілердің саны ондаған миллиондап саналатын жұмыс күшінің халықаралық ағыны деген сөз.

Біз осы әлемге ондаған жылдар бойғы томаға-тұйықтық пен оқшаулықтан соң аяқ басып отырмыз. Кейде қателесе жүріп те, өз бетімізбен кіріп отырмыз, бірақ қозғалыссыз күйде тұрсақ, мешеу қалпымызда қалатынымыз сөзсіз. Тіпті бұған кешігіңкіреп те қалдық, сондықтан ендігі кідіру дегеніміздің өзі мәңгі кенжелеумен бірдей. Біздің шет елдерде мамандар даярлау бағдарламамыз – келешекке деген кепіліміз, сондықтан біз халықаралық өлшемдер мен қалыптар деңгейінде жұмыс істеуге қабілетті мамандар қатарын қалыптастыру үшін саналы түрде қыруар шығынға барып отырмыз. Қазір жағдайды бүгінгіше бағалау бұдан жарты ғасыр бұрынғы ескірген қалыптарға негізделмей, жалпыға бірдей осы үлгілерге сәйкес келуі керек.

Бүгін таңда Қазақстан жастары кездесіп отырған аса маңызды проблемалардың қатарында жұмыссыздық проблемасы бар. Талдау көрсетіп отырғандай, еңбекке орналасу жөнінен неғұрлым көп қиындық көретіндер – 21 жасқа дейінгі жасөспірімдер екен. Тіпті үш жылдан бес жылға дейінгі болмашы еңбек өтілі болған жағдайда біршама жеңілдік туады. Демек, ең күрделі проблема – еңбек жолын жаңа бастайтын жастарды жұмысқа тұрғызу. Бұл әсіресе кәсіптік-техникалық мектептердің түлектеріне қатысты. Біз осы мәселені шешуге аса байыппен қарауымыз керек. Оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылда түлектерді кезең-кезеңімен қолдау нұсқасын қолдануға да болар, өйткені бұл еңбекке орналасу тұрғысынан ең қиын кезең. Бұл мәселе тиісті жолмен пысықталатын болады. Осы проблеманы оқуын жалғастырмай, еңбек жолын бастағысы келетін 9–11 сынып түлектері үшін де қарастыру қажет.

Мынадай мәліметтерді келтірейін – өткен жылы мемлекеттік жұмыстылық қызметі орындарына жұмысқа тұрғызу жөнінен көмек сұрап жасы 30-ға дейінгі 154 мың азамат жүгініс жасады. Олардың 37,5 мыңы, яғни 24 %-дан астамы жұмысқа тұрғызылды, ал 1994 жылы бұл 34 %-ға жуық болатын. Биылғы жылдың басында республикада 65 мыңдай жұмыссыз жас тіркелді. Олардың негізгі бөлігі – 54 %-дан астамы ауылдық жерлерде тұрады. Экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру ауыл жастарының жаппай қалаға ағылуына әкеліп соғуда. Мұндай жағдайда жастар арандатушылар мен қоғамды қайта құрудың қияли жобаларын малданушыларға қызмет ететін қуатты жарылғыш күшке оңай айналуы мүмкін.

Біз бірқатар мамандықтарды қайта бағдарлау жүйесін іске асырып, жастарды қазіргі жағдайда неғұрлым болашағы зор жаңа мамандықтарға оқытатын боламыз. Мен бұл тұрғыда үкіметпен, министрліктер мен ведомстволардың, ірі кәсіп орындардың басшыларымен жеке әңгімелеспекпін. Қысқасы, жас мамандарды жұмыссыздықтан қорғау жөнінде шаралар жасалуда. Алайда сендер өздерің де қол қусырып қарап отырмауларың керек. Турасын айтайын: жұмыссыздық жөніндегі Батыстағыдай жоғары жәрдемақы болады екен деп күтпеңдер. Осы заманғы мамандықтарды игеріңдер, жаңа жұмыс орындарын іздеуге ұмтылыңдар.

Қазір бізде ашық қоғам құрылуда. Алайда жағдай қалай өзгергенімен, өмірге негіз болатын бірнеше өзгермес құндылықтар әрқашан сақталып қалады. Солардың бірі – білім мен кәсіби шеберліктің үздіксіз әрі тұрақты түрде толығып отыруы.

Сондықтан біздің жастарымыздың арасында оқуды, білімді қастер тұтатын қасиет қалыптастыру қажет деп есептеймін. Бұл жастардың өздері тарапынан білімге деген ықыласы артқан жағдайда ғана мүмкін, өйткені мемлекет ешкімді күштеп оқыта алмайды. Ол тек білім саласындағы саясатты келелі түрде дамытуға жағдай жасайды. Конституциямызда жалпыға бірдей орта білім алу бекітілген. Мемлекет мүмкіндігінше оқушы жастарға қолдан келген жәрдемін көрсетуде. Аспиранттар мен студенттердің стипендиялары өткен жылмен салыстырғанда 14 %-ға көбейтілді. Алыс шет елдердегі әрбір студентті оқыту мемлекетке жыл сайын шамамен 25 мың долларға түсуде. Қаншалықты қиын болғанымен, бұл жұмысты біз одан әрі жалғастыра береміз.

Біздегі мемлекеттік жастар саясаты әлі қалыптасу сатысында болса да, жастарды экономика мен қоғамды реформалау үдерістеріне қосу енді ғана айқындалып келе жатса да, бұл жұмыс бәрібір тәп-тәуір нәтижелерін беруде. Біз ең алдымен жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамытуға ұмтылудамыз.

Мен кадрларды шет елдерде даярлау үшін халықаралық «Болашақ» стипендиясын белгіледім. Осынау мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың үш жылдық тәжірибесі оның өмірлік қажеттілігін де, сондай-ақ шетелдік таңдаулы білім орталықтарында маңдайалды зиялылар даярлаудың қадірі кетпес көкейкестілігін де дәлелдей түсті. Осы және басқа бағдарламалар бойынша соңғы 4 жылда 4 мыңнан астам оқушылар, студенттер, ғылыми педагог қызметкерлер әлемнің дамыған елдерінде толық немесе қосымша білім алып шықты. Қазір АҚШ-та, Ұлыбританияда, Германия мен

Францияда 170-тен астам стипендиат оқып жатыр. Жуырда шет елде оқыту үшін жастардың жаңа легін іріктеу аяқталды.

Біздің студенттеріміз жайында жақсы пікір есту маған қашанда ғанибет. Олардың басым көпшілігі барған жеріне тез бейімделіп, қатарға қосылып кетеді, ал көп ретте білім деңгейі және оны тәжірибеде қолдану жөнінен шетелдік құрбыларынан асып та түсіп жүр. Бұл, әрине, мемлекетіміздің бүкіл әлемдегі беделін көтеруге септеседі.

Сондай-ақ менің шешіміммен отандық оқу орындарында оқып, ғылыми мекемелерде білімін көтеріп жүрген ерекше дарынды жас ғалымдар мен студенттерге арнаулы президенттік стипендиялар тағайындалды. Бүгінде президенттік стипендияларды жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу мекемелерінің аспиранттары мен студенттері алып жүр. Біз сондай-ақ дарынды жастарды қолдау, олардың рухани және шығармашылық мүмкіндіктерін ашу жүйесін жасай алдық. Өнер, мәдениет, ғылым, өндіріс саласындағы табыстар үшін берілетін жастардың мемлекеттік «Дарын» сыйлығы белгіленді. Қазір шығармашыл жастар мәліметтерінің банкі құрылып, ұдайы толықтырылып келеді.

Жас кадрларды даярлауда Қазақстанның менеджмент, экономика және болжау институты, Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебі үлкен рөл атқаруда, олардың түлектері бизнес пен ғылым саласында, мемлекеттік басқару жүйесінде, сонымен бірге Президент Әкімшілігі мен республика Үкіметінің аппаратында белсенді жұмыс істеп жүр.

Жаңа кадрлар даярлау жүйесін қолдау туралы шешім қабылдай отырып, мен прогресті зияткерлік бостандықтан, соның ішінде іс-әрекет бостандығынан ажыратуға болмайтынын басшылыққа аламын. Алайда біздікі сияқты реформациялар тарихы, өкінішке орай, жаңа қатынастар жер-жердің бәрінде орнығып болмағанынша, нарықтың өзін өзі реттеуші жүйесі қалыптаспағанынша, ең алдымен өндірістік емес сала зиян шегіп отырғанын көрсетеді. Бұл жағдай әсіресе мектептерге, институттарға, ғылыми мекемелерге ауыр тиеді. Әрі бұл кезеңнен қиналмай өткен ешкім жоқ. Осыны түсініп, біздің мемлекетіміз оларға барынша көмектесуге тырысады. Біз жалпыға бірдей орта білім беруді сақтап қала алдық. Бүгінде бұл тұрғыдан мемлекетті қанша сынап жатса да, 1991 жылдан бастап, бұрынғы Одақтың барлық басқа елдеріндегіден өзгешелігі, республикамызда орта мектептердің саны қысқармағаны былай тұрсын, қайта көбейді. Қазір республикада 8,5 мыңнан аса жалпы білім беретін мектеп бар, оларда 3 млн-нан астам бала оқиды. Мұның үстіне оларда оқу 7 тілде – қазақша, орысша, ұйғырша, өзбекше, тәжікше, түрікше, немісше жүргізіледі. 3,5 мыңға жуық қазақ тілінде білім беретін мектептер және 2,5 мың дерлік аралас мектептер жұмыс істеуде. Қазақстанның басқалардан бөлекше бір сипаты осы. Елдің көп ұлтты алуандығына деген мұндай құрметті басқа қай жерден көруге болады?

Менің биылғы мамыр айындағы өкіміме сәйкес, ерекше дарынды балаларға арналған оқу орындарының желісі нығайып, кеңейе түсуде. Қазір А. К. Жұбанов атындағы республикалық музыкалық мектеп-интернат, О. А. Жәутіков атындағы республикалық физика-математикалық мектеп-интернат, Қазақ тілі мен әдебиетін

тереңдетіп оқытатын республикалық мектеп-интернат және басқа да сол тектес оқу орындары ойдағыдай жұмыс істеуде. Қазір мектептерді, әсіресе ауылдық жерде компьютерлендіру бағдарламасы жасалуда. Жастарымызды жаппай ағылшынша оқыту бағдарламасының жүзеге асып жатқанын да айрықша маңызды санаймын. Мұнсыз іскерлік дүниесінде ешкім ештеңе тындыра алмайды.

Сөйте тұра, біз білім берудің қолда бар базасын сақтауды ғана дара мақсат санамауымыз керек. Монополизм дегеніңіз кез келген салада, әсіресе білім жүйесінде апатты нәрсе. Бұл жүйе реформалануы керек. Баламалы, соның ішінде жекеменшік білім беру орталықтары пайда бола бастады, мемлекеттік оқу орындарын да оқу үдерісін ұйымдастыру түбірімен өзгеруде. Ол үшін тиісті заңнамалық база құрылды. Республикада рұқсат етілген 25 жекеменшік жоғары оқу орны бар. Нарықтық қатынастар оқу орындарын да аясына алып, білім базарында бәсекелестік шаң берді. Ал бұл, меніңше, пайдалы да ізгілікті бәсеке.

Жастардың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарының және аз ұлттар өкілдерінің жоғары білім алу мүмкіндіктерін кеңейту үшін, жоғары оқу орындарына қабылдауда жеңілдіктер сақталып отыр. Объективті қиыншылықтарға қарамастан, соңғы 5 жылда мемлекет студент жастарға стипендия, қалалық және қалааралық көлікте жүру жеңілдігі, оқу құралдарын сатып алуға бір жолғы төлем, студент әйелдерге бала тууына байланысты төлем және т. б. түрлі қаржылық көмек жүйесін жүзеге асырумен келеді.

Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде де терең өзгерістер жүріп жатыр. Қазір ондағы 400-ден аса

кәсіптік-техникалық училищелерде 142 мың адам білім алып жүр. Кәсіптік-техникалық білім беру мекемелері жұмыссыздардың, жұмыстан босаған қызметкерлердің және қолы бос жұртшылықтың жұмысшы кәсібін арттыру мен оларды қайта даярлауға бейімделген және сол себепті олар жастарды, әсіресе кедей-кепшік отбасыларынан шыққан жастар мен жетім балаларды әлеуметтік қорғаудың маңызды факторы болып отыр. Осыны, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептердің 9-шы сыныптарын бітіріп, жұмыссыз жүргендер санының өсе түскенін ескеріп, КТУ-лерді жаңа мәртебеге көшіру тәсімі жасалды. Олардың едәуір бөлігі жалпы білім беретін жүйеде кәсіптік-техникалық мектеп түрінде жұмыс істеуі тиіс. Республикада 700-дей мектептің жетіспеуі мен жоғары оқу орындарында білім алуын жалғастыруға мүмкіндігі жоқ оқушылардың тым көп болуы жағдайында істі бұлайша жүргізудің екі бірдей тиімділігі бар. КТУ-лердің тағы бір бөлігі жұмысшы кадрларын даярлау мен қайта даярлау мәселелері немесе орталықтары ретінде жұмыс істей алады, ал олардағы оқу меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындармен шарт жасасу негізінде, тек қана жұмысшы кәсіптеріне қысқа мерзімде жүргізілетін болады.

Осы реформаның тағы бір қыры жайында. Қарулы Күштеріміздің кіші командалық құрамын даярлау мақсатымен республикада Кадет корпусы құрылып отыр. Ол кәсіби армияға арнап әскери кадрлардың жаңа ұрпағын даярлауға икемделген. Бұл әрі армиялық реформаның да бір қадамы.

Біздің жастарымызға, қорықпай-ақ айтсам, «мәжбүрлегім» келген тағы бір табынатын нәрсе туралы. Ол – спорт. Бұқаралық спорт қозғалысын дамытуды мен

бірнеше көзқарас тұрғысынан қажет деп санаймын. Сендердің көптеген қатарластарың дене тұрқының әлсіздігіне байланысты дербес өмір сүруге әзір еместігі шындық. Жастардың денсаулығы нашар болуынан өндіріс пен армияға жыл сайын жүздеген мың адам жетіспей жатады. Көптеген елдердің тәжірибесі медицина мен қоғамдық ықпал ету шаралары ең пәрменді шипа емес екенін дәлелдеді. Бізге бұқаралық спорт керек. Сендерге былай айтайын: Батысқа еліктегілерің келе ме – бәрекелді, еліктей беріңдер. Бірақ жақсыны үлгі еткен дұрыс. Кемелденген елдерден қазір темекі тартатын, ішімдікпен әуестенетін адамды көрмейсің десе де болады. Спорт алаңдары жастардың бас қосатын сүйікті орнына айналада. Өз тәжірибемнен білемін: спортпен шұғылданбасам, сан-сапа президенттік міндеттерімді атқару оңайға түспес еді.

Менің тапсыруыммен қазір республикада бұқаралық спортты дамытудың 2000 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы мен республика халқының дене саулығы жағдайын бағалау жөніндегі президенттік сынақтама-ның жобаларын әзірлеу аяқталып келеді.

Спорттың тағы бір, біздің мемлекетіміз үшін айрықша маңызы бар мақсаты туралы. Біздің спорттағы табыстарымыз арқылы Қазақстанды айдай әлем таниды. Біздің спортшыларымыз халықаралық аренада, соның ішінде Атлантадағы соңғы Олимпиадалық ойындарда да зор табыстарға жетті. Оны сендер жақсы білесіңдер.

Бұлардың үстіне, спортпен шұғылдану қылмыстың жолына кедергі болып келген және болып та отыр. Құқық қорғау органдарының күш-жігері арқасында жастардың қылмысы біршама бәсең тартқанымен, ол әлі де болса бүкіл Қазақстан жұртшылығының өктем

проблемасы болып тұр. Ал әлеуетті органдар бұл проблеманы өз беттерінше шеше алмайды. Қылмыс, әсіресе жастардың қылмысы – қоғамдық дерт және оны бүкіл қоғам болып емдеуі тиіс.

Әдетте маскүнемдік, нашақорлық пен уытқұмарлық қылмыспен қатар жүреді. Республикаға еш бақылаусыз қыруар мөлшерде алкоголь әкелінеді, спиртті ішімдіктерді астыртын өндіру де тоқтайтын емес. Алкоголь дертіне шалдыққандар саны 1,5 есе, наркологиялық аурулар саны 1,4 есе өсті. Мен жастарымызды орны толмас зардапқа ұрындырып жүргендерге қарсы күреске тиісті министрліктер мен ведомстволардың назарын талай рет аудардым. Есірткі таратушыларға қатысты тек жазаны күшейту ғана рауа. Ешкімге жеңілдік жасалмайды. Қазақстан есірткіні жаппай тасымалдаудың ықтимал аймағы екенін ұмытпау керек және бұл қатердің болашақтағы ауқымын жете бағаламауға болмайды. Осы тұрғыдағы заңнаманы қатайтып, әсіресе есірткіні әкелу мен тарату үшін ең қатал жазаларды енгізетін уақыт жетті деп есептеймін. Бұл мәселені мамандар жақын арада қолға алатын болады. Қазақстанның келешегі саламатты адамдардың қолында болуы керек.

Бүгін көңіл аудармай кетуге болмайтын тағы бір аса маңызды тақырып бар. Әңгіме патриоттық тәрбие туралы және біздің кездесуімізге бұл мәселенің тікелей қатысы бар. Біз көп ретте: «Отаншылдық ана сүтімен дариды» дейтін қысқа қайырым сөзді қанағат тұтамыз. Солай екені рас, бірақ бір есептен ғана. Әрине, баланың кішкентайынан бастап ұлттық рәміздер мен бейнелердің ортасында өсуінің маңызын кемсітуге болмайды. Балалық шақтың ондай жан тебіренерлік қуатын көптеген адамдар өмірбақи бойларында сақтайды.

Дегенмен жастық шақта бұдан да зор үдеріс болып, адам белгілі бір құндылықтар мен қалыптарға саналы түрде бой алдырады. Қазақстан жастарының бүгін таңда өздерін қалай айқындайтыны, тегінде, елдің ХХІ ғасырдағы тағдырын шешетін болады. Бұл кілең бір космополиттердің немесе, одан да сорақысы, рухани мәңгүрттердің ұрпағы бола ма, жоқ әлде өз елі десе өзегін жұлып беретін осы заманның адамдары болып өсе ме – бұл тіпті де мағынасыз сұрақ емес. Ақыры, ең маңыздысы – жәй ғана көзқарастар мен сезімдер емес, нақты іс-әрекет. Отаныңа сүйіспеншілігіңді сөз жүзінде шексіз қайталап, бірақ оның өркендеуіне сынық сүйем пайда келтірмеуің мүмкін. Осы кездесуге қатысып отырған қыз-жігіттер мойындауы керек: естір құлаққа қаншалықты жағымсыз болса да, айтайын – жастардың жаппай патриоттық қозғалысы дейтін бізде жоқ. Мүмкін, мұнда билік құрылымдарының да кінәсі болар, бірақ мәселенің мәні жастардың өздерінің бұқаралық қозғалысы жоқ екенінде. Әрі бәрін де жоғарыдан реттеп, жолға салып отыруға болмайды. Біздің қоғамға екінші комсомол қажет емес. Әңгіме басқада – жалпықазақстандық патриотизм негізіндегі және жастардың өз мүдделерін қорғау мақсатындағы саналы топтасқандығында.

Бүгінде отаншылдық үшін бағдар тұтар өнеге жоқ, негіз жоқ, үлгі жоқ дейтін сөздер шыға қалса, мен ондай әңгімелерді бірден тыйып тастаймын. Қане, 1986 жылғы желтоқсанды еске алайықшы. Бүгінде, сол бір қасіретті оқиғалардан соң 10 жыл өткенде, жастардың сол демократиялық көтерілісі тотаритарлық саясатқа, біздегі өріп кеткен өтірік пен өктемдікке қарсы бағытталған алғашқы бас көтеруі болғанын пайымдау сезімі

оянып келеді. Менің ойымша, сол оқиғаларды түсіну-дің байыбын өзгерту керек сияқты. Иә, оның қасірет болғаны рас. Бірақ сонымен бірге сол оқиғалар қазақ жастарының өзін дербес әрі елеулі саяси күш ретінде сезінгенін, өзінің ұлттық және мемлекеттік мүддесін парықтағанын бүкіл әлемге әйгіледі. Сол бір қайғылы оқиғаларды еске алу тек қасірет тұрғысынан болмай, тіпті базбірде өздерінің өмірлерін де қиып, ұлттық қадір-қасиетін сақтап қалған қыздар мен жігіттер үшін мақтаныш сезімі бойымызды билеуі керек.

Ол кездегі жастар қазір есейді. 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларын зерттеу, оларды тиісінше бағалау жақын арада жеріне жетер, дегенмен оның тарихи шындығын қалпына келтіру, оған қатысушыларды саяси ақтау тұрғысынан біздің тындырған жұмысымыз да аз емес. Бірақ бүгінде сол оқиғалар нышандық мәнге ие болып бара жатыр. Бүгін, тәуелсіздігіміздің 5 жылдығының табалдырығын аттағалы тұрып, біз мемлекет атынан сол тәуелсіздік үшін үнін қосқан адамдардың еңбегін бағалауымыз керек. Оқиғаны асықтырмай-ақ қояйын, дегенмен мәселенің байыпталып жатқанынан сендерді хабардар еткім келеді.

Мен патриотизмнің жоқтығы туралы әңгімені басқа бір себептерден де қабылдай алмаймын. Бір кезде ел шежіресінен аттары өшірілуге қалған көрнекті қайраткерлерге, қазақ мәдениеті кемеңгерлеріне қатысты тарихи жадынаманы, тарихи әділеттікті қалпына келтіру тұрғысында өткен жылдар ішінде қаншалықты қыруар жұмыс атқарылғанын естеріңе түсіріңдерші. Ондай қиянат тіпті Абай, Жамбыл сияқты және басқа алыптарға да жасалып еді ғой. Ал бұдан тіпті 6–7 жыл ғана бұрын біз 1995 жылды ЮНЕСКО Абай жылы

атайтынын, бұл мерейтой Қазақстанда ғана емес, ТМД-да да, аса ірі әлемдік мәдениет орталықтарында да мерекеленетінін ойлап көріп пе едік? Біз Ордабасы биігінде шын мәніндегі ұлттық бірліктің мерекесін, ұлтымыздың жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беру үшін тастүйін бірігуіне байланысты күнді атап өткен 1993 жылды еске түсіріңдерші. Мерейтойын бәріміз болып жақында ғана атап өткен Жамбылға деген ізет-ықылас туралы да осыны айтуға болады. Мереке ұлы ақынның шығармашылық мұрасы тек аға ұрпақтың ғана емес, жастардың да, болашақтың да игілігі екенін көрсетті.

Осы кезең ішінде біз өзімізге 1920–1930-шы жылдары Қазақстанның мемлекет қайраткерлері берген парасаттылық тәлімін, саяси және азаматтық ерлік тағылымын жаңаша пайымдай алдық.

Қазақстанның қазірдің өзінде жастарымыз білім алып жатқан кәсіби әскери оқу орындарының құрылуы да Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу екенін айтқым келеді. Тіпті Қазақстан Әскери-теңіз күштерінің құрылуы да – қай кезде де құрлықтағы ел болып келген Қазақстан тәуелсіздігінің жаңа нышаны.

Алайда бұл әңгімеден басқа бір салмақты сарын тууы керек. Бір кезде Ф. М. Достоевскийдің смердяковшылдық дейтін қоғамдық құбылысты тап басып танығаны бар-ды. Өз елінен тек кемшіліктерді көріп, өзге елдердің жетістігі мен жегіскенін жер-көкке сыйғызбай мадақтайтын ұлттық смердяковтар бізде де пайда болды. Бұл секілді жаппай жайлаған нигилизмге, яғни көзқамандыққа бір-ақ жауап болуы мүмкін, ол – кінәратсыз отаншылдық. Режімді сынауға болады, реформаларды сынауға болады, Президентті де сынауға болады. Бірақ өз Отаныңды, өз мемлекетіңді ертеңі жоқ

ебелек құрылым етіп көрсетуге тырысу – смердяковшылықтың дәл өзі.

Сын мен ұлттық көзқамандықтың арасында қашанда бір шек бар. Мен ең жаңа саяси тарихтан бір жайды еске салсам деймін. «Шөл даладағы дауыл» операциясы басталғанда, америкалық бұқаралық ақпарат құралдарының бәрі патриоттық дегеннен басқаша айта алмайтын кесімді ұстанымда болды. Мұны әрқалай түсіндіруге болар, бірақ шындықтың аты – шындық.

Тегі, сарыуайымға салынушылардың кез келгені менің есіме ежелгі бір нақылды түсіреді, онда: сарыуайымшыл деп өзі жаңа мекенге көшкен сайын көрбанға хабар беретін адамды айтады делінетін.

Қымбатты достар!

Бүгін мен сендердің алдарыңа бұлжытпай орындалуға тиісті директивалық міндет қоюдан аулақпын. Әйтсе де өздеріңмен тарихи дәуірлер тоғысында тағдырдың жастарға белгілеген рөлі, елді реформалаудағы сендердің орындарың туралы әңгімелесем деп едім. Бүгін қоғамның ілгерінді жағдайына қарай батыл қадам басуға жету үшін туып отырған тарихи мүмкіндікті пайдалана алмау халықтың үміті мен сенімін ысырап ету, елдің әлемдік дамудан шетқақпай қалуына септесу болар еді. Тарихи міндетімізді орындау үшін, біз барлық қазақстандықтардың және ең алдымен сендердің шығармашылық жасампаз әлеуеттеріңді қарқындатуымыз керек. Бүгін біздің үмітіміз жастармен байланысты, нақ осы жастар прогрестің үдеткіші болуы тиіс.

Сондықтан мен жастардың реформалау ісіндегі маңдайалды рөлін қамтамасыз ету мемлекеттің өте

маңызды міндеті деп санаймын. Барлық салада – экономикада, саясатта, ғылымда, мәдениетте, білім беруде осылай болуға тиіс. Біздің әлеуетіміз орасан. Қазақстан – жастар елі. Республикада 16-дан 30 жасқа дейінгі 4,5 млн азамат өмір сүреді, бұл – барлық халықтың 28 %-ға жуығын құрайды. Қазір қазақстандықтардың орта жасы 29-дан сәл ғана асады.

Саяси өмір жастардың үнісіз мүмкін емес. Иә, бізде жеткіншектер мен жастардың қоғамдық ұйымдары бар. Бүгінде республикада осындай 145 бірлестік жұмыс істейді, олардың 30-ы республикалық басқару органдарында. Әрі бұл бірлестіктердің басым бөлігін қайырымдылық қорлары құрайды. Соңғы жылдары жастар қозғалысын біріктіру мен үйлестіру қадамдары жасалды. Жастар ұйымдарының республикалық кеңесі құрылды. Қазақстан Жастар одағы мен Ауғанстандағы соғыс жауынгер-ардагерлері бірлестігінің республиканың барлық облыстарында өкілдіктері мен ұжымдық мүшелері бар.

Дегенмен біздің жастар ұйымдарымыз әзірге жастардың мүдделерін белсенді түрде білдірушілер мен қорғаушыларға айнала алмай отыр. Көп ретте олардың қызметі жадағай ресми сипатта болады, ал жастармен байланысы әсіреұйымдастырушылық шаралармен басталып, солармен аяқталады. Меніңше, мүлдем жаңа жастар ұйымы қажет сияқты. Олардың қызметіндегі негізгі бағыт жастардың реформалардағы рөлін қарқындату, жігіттер мен қыздардың әлеуметтік мүдделерін қорғау, олардың шығармашылық әлеуетін іске асыру болуы тиіс. Содан соң, бізге мемлекеттік жастар саясатын талдамалау, бақылау мен жүзеге асыру мәселелерін өз міндетіне алатындай ұйым керек.

Ондай ұйым көптеген кәсіпорындар мен мекемелердің қызметін бақылауға, жастар бағдарламаларын жүзеге асыруда басымдыққа ие болуға, жастарды жұмысқа тұрғызу үшін квоталар жасауға, жастар мен балалар басылымдарын қаржылық қолдауды ұйымдастырып отыруға тиіс.

Өздерін жастар ұйымы деп немқұрайлы ғана атайтын ұйымдар мемлекетке де, біздің жастарымызға да қажет болмас деп ойлаймын.

Алдымызда жаңа Конституция негізінде мемлекеттік жастар саясатының заңнамалық арқауын дайындауды жүзеге асыру міндеті тұрғанына байланысты жастарды сындарлы түрде біріктіру қажеттігі тіпті арта түседі. Сендердің мүдделеріңді қозғайтын институт болмайынша, мұның пәрменділігі әлдеқайда кем соқпақшы.

**ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің мемлекет және үкімет
басшыларының кездесуінде**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Португалия Республикасы, Лиссабон қаласы,
1996 жылғы 2 желтоқсан

Құрметті мырзалар!

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – қазіргі заманның басты және ең күрделі проблемаларының бірі. Осы проблеманы тиімді шешу жолын іздестіру үшін жүріп келген жолымызды ой елегінен өткізу мен болашаққа арналған жоспарларымызды дәлдей түсу аса маңызды.

Адамдар әрқашан бейбітшілік аңсаумен келген. Солай бола тұрса да, тарих, оның ішінде ең жаңа тарих олардың осы табиғи ұмтылысының тас-талқанын шығарған оқиғаларға толы. Аса ізетті де өркениетті Еуропа талай рет, соның ішінде біздің заманымызда да қантөгіс соғыстардың майдан даласына айналды.

Босния мен Герцеговинадағы осы елдің халқын ұзақ жылдар бойы бас көтертпей келген соғыстың қасіреті ЕҚЫҰ қарамағында бар құралдар жиынтығын, жанжалдардың алдын алу мен оларды реттеу үшін молайту қажеттігін біздің есімізге салуда. Біздің осындай қорытынды шығаруымызға Таулы Қарабақтағы дағдарыс та негіз болады. Минск тобының күш-жігері арқасында мұндағы қантөгіс тоқтатылды. Бірақ, өкінішке қарай, одан көбірек нәтижеге қол жеткізудің сәті түспеді.

Аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымастығының аса маңызды қағидаттары – жанжалдардың алдын алудың берік негізі. Еуропалық қауіпсіздіктің бөлінбейтіндігін мойындаумен, ықпал етудің жаңа өрістерін және қандай да бір меже бөлу шебін жасауды теріске шығарумен қатар осы қағидаттарды жиынтықтау қауіпсіздіктің бірыңғай кеңістігіне қарай ұдайы ілгерілеу қажеттігі туралы қорытындыға жетелейді. ХХІ ғасырдағы Еуропа қауіпсіздігінің үлгісі нақ осы негізде жасалуға тиіс деп ойлаймын.

Қазақстан қауіпсіздіктің біздің көз алдымызда өріс алып келе жатқан сәулеті ЕҚЫҰ-ға қатысушы барлық мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып, ортақ және жан-жақты қамтитын тұрақтылық қағидаттарында құрылуға тиіс деген пікірді ұстануда. Еуразиялық қоғамдастықта қандай да егесу шептерін жою қауіпсіздіктің қазіргі жүйесіне жаңа сапа енгізуге тиіс. Еуропада КСРО-ның ыдырауынан кейін қалыптасқан көптеген дербес мемлекеттердің дүниеге келуі қазір еуропалық қауіпсіздік жүйесін жасау үдерісінің айқындаушы қыры. Бұл мемлекеттер демократиялық даму жолының бастауында ғана тұр, сондықтан осы өзгерістерге қолдау жасаудағы ЕҚЫҰ-ның рөлі баға жеткісіз. Осыған байланысты адамдық өлшем мәсе-

лесі Еуропа кеңістігіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда өзекті болып отыр. Мәселенің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық қырлары қауіпсіздік үлгісінің өзге құрауыштарымен ажырағысыз байланысты болуға тиіс. Осы проблемаларға назардың әлсіреуі апатты зардаптарға соқтыруы және болашақта белгілі бір дәрежеде әскери жанжалдардың шығуына себепші болуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан келешекте ЕҚЫҰ шеңберінде әлеуметтік және экологиялық мәселелер жөніндегі институт құру жөн болар еді деп пайымдайды.

Қазақстан Ядролық қаруды сынауға жаппай тыйым салу туралы шарттың жасалуын қуаттайды. Біздің мемлекетіміз планетада бірінші болып ядролық полигонды – Семей полигонын жапты. Өзінің жойқын күші жөнінен дүние жүзінде төртінші орын алатын зымырандық-ядролық жарағымызды жоюымыз біздің ядролық қаруды таратпау мұратына адалдығымыздың айғағы болды.

Еуропадағы жай қарулы күштер туралы шартқа қатысушы бола отырып, біздің еліміз осы шарт Еуропа қауіпсіздігінің өзекті элементі деген бағаға қосылады және тараптардың оны жаңа жағдайға қарай бейімдеу жөніндегі күш-жігерін қолдайды. Біз сондай-ақ өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықты ғаламдық ауқымда бейбітшілікті нығайту жөніндегі күш-жігердің ажырағысыз бөлігі ретінде қарастырамыз. Бұл мағынада ЕҚЫҰ өзінің өмір сүруімен-ақ географиялық шеңберлер өңірлік ұйымның жауапкершілік аймағын айқындау үшін бөгет бола алмайтынын дәлелдейтін бірегей еуропалық құрылым болып табылады. ЕҚЫҰ-ның осындай ерекшелігі

транскұрлықтық мемлекеттер үшін төтенше маңызды, ал Қазақстан – солардың қатарында.

Бейбітшілікті нығайтуға деген өз ұмтылыстарымызда біз еуразиялық көзқарасты ұстанамыз. Оның өзегіне мемлекеттердің дамып келе жатқан өркениетті интеграциялық үрдістері негізіндегі ынтымақтастық қағидаты алынған. Осы қағидатты жүзеге асыру бірқатар аймақтарда дүмпу қаупі сипатындағы жанжалды әлеуеттің бәсеңдеуіне белсенді ықпал етіп отырғаны табиғи нәрсе.

Нақ сондықтан да біз жалпы қауіпсіздікке қол жеткізу талаптарына сәйкес ЕҚЫҰ мен басқа өңірлердегі осындай құрылымдар арасына жік салудан аулақ болу қажет деп санаймыз. ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздік саласында тек Еуропада ғана емес, сондай-ақ одан шет жерлерде де белгілі бір шеппен оңашаланған аймақтық ұйымдармен қатынас орнату міндеті барған сайын қажетті бола түсуде деп ойлаймын. Біздің еліміз үшін бұл аса маңызды. Оның себебі мынада.

Қазақстан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін (АӨСШК) шақыру үдерісінің бастамашысы болды. Бұл үдеріс планетаның басқа да ірі аймақтарындағы сияқты, Азияда да өріс алатынына сенімдімін. Осы орайда еуропалық ынтымақтастықтың оң тәжірибесі ескерілері сөзсіз. Әйтсе де азиялық мемлекеттер қоғамдастығының айрықша, өзіндік ерекшеліктері де біршама дәрежеде рөл атқарары кәміл. Осыны ескере келіп, ЕҚЫҰ үшін Еуразияның басқа да аймақтық ұйымдарымен ынтымақтасудың пәрменді тетіктерін қазірдің өзінде пысықтай түсу пайдалы болады деп ойлаймын.

Біз планетадағы шынайы қауіпсіздікті барлық қауіпсіздік құрылымдарының үйлесімді өзара іс-қимылы жағдайында ғана қамтамасыз етуге болатынына әбден сенімдіміз. Қауіпсіздік үлгісін жасауды, қауіпсіздік саласындағы басқа ұйымдармен серіктестік қатынастарды жолға қоюды қолдай отырып, біз әйтсе де олардың қызметіндегі қосарланушылыққа жол бермеу қажет деп ойлаймыз. Бұл ең алдымен Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметіне қатысты.

Христостың дүниеге келуінің екінші мыңжылдығы аяқталып келеді. Осы мыңжылдықтың басталуы католиктер мен православиеліктер, христиандар мен мұсылмандар арасындағы діни негіздегі қарулы қақтығыстармен және қанды жанжалдармен айтулы болғанын еске түсірейік. Қасіретімен әйгілі крест жорықтары нақ сол кезде басталған еді, ал оның жаңғырығы әлі күнге дейін сезілуде. Барлық діндар адамдар баршамыз үшін Құдай біреу екенін сезінеді. Алайда сол мыңжылдықтың өн бойында адамдар ауыздарына сол Құдайды алып, бірін-бірі өлтіріп келді. Сонда жекелеген тұжырымдар мен діни қағидалар адам өмірі мен адамдар қауіпсіздігінен маңызды болғаны ма?

Адамзаттың буырқанған тарихының мыңжылдығы аяқталып келеді, бірақ, өкінішке қарай, діни тайталаспен жанжалдардың қаупі жойылып біткен жоқ. Сондықтан осындай тайталасты жайбарлау мен жою тетіктері қауіпсіздік жүйесінің елеулі элементіне айналуға тиіс. Менің елім – Қазақстан Республикасының тәжірибесі мұның қажет әрі мүмкін екеніне көз жеткізуде.

Негізгі діни конфессиялардың өкілдері болып табылатын Қазақстанның христиандары мен мұсылмандары

тыныштық пен өзара құрмет жағдайында өмір сүруде. Біз бүкіл планетада нақ осылай болуын армандаймыз.

Қазақстан ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастығының 5 жылға жуық мерзімі ішінде осы ұйыммен берік байланыстар орнатты. Біз ЕҚЫҰ-ның іс жүзінде барлық институттарымен ынтымақтастықты өрістетіп келеміз. Бұл орайда әсіресе Үштікпен, ЕҚЫҰ Хатшылығымен, Аз ұлттар істері жөніндегі жоғарғы комиссармен, сондай-ақ Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюромен белсенді байланыстарды айрықша атап айту керек. Қазақстан парламентшілерінің ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясымен байланысы дами түсуде. Біз Орталық Азияда ЕҚЫҰ-мен байланыс жөніндегі бюроның құрылуын оң бағалаймыз.

Қазақстан алдағы уақытта да ЕҚЫҰ-мен адал әрі мүдделі серіктестікке ұмтылатын болады деп сендіргім келеді.

**Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің
5 жылдығына арналған салтанатты жиналыста
«Қазақстанның тәуелсіздігі: тарих тағылымдары
және қазіргі заман» атты**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1996 жылғы 16 желтоқсан

**Салтанатты жиналысқа қатысушы
құрметті достар!
Қымбатты қазақстандықтар!**

Баршаңызды – Отанымыздың тәуелсіздігінің 5 жылдығын тойлауға осы залға жиналған Қазақстанымыздың көпұлтты халқының өкілдерін шын жүректен құттықтауға қуаныштымын!

Тәуелсіздіктің 5 жылы – орасан зор баға беріп, қорытынды жасауға тым қысқа мерзім. Бірақ Қазақстан тәуелсіздігі алдағы болашаққа қарай зымырап бара жатқан ғасырдың соңғы онжылдығының бірінші жартысына ғана тіреліп тұрған жоқ.

Бұл күн Отанның тағдырын қасиет тұтатындарға аса қымбат, бұл – еліміздің ең басты мерекесі!

Халқымыздың қатпар-қатпар тарих қойнауларына тамырын жайған, бірде қасіретті, бірде мейірбан тағдыры ұдайы тәуелсіздікке талпынумен өтті. Осы оқиғалардың жанды тізбегін, ата-бабаларымыздың жүздеген ұрпақтарының жанын жай таптырмаған азапты ізденістерін ескермей тұрып бүгінгі Қазақстанның алдында уақыттың өзі қойған міндеттердің ауқымы мен жауапкершілік жүгін бағалау қиын.

Қазақстан тәуелсіздігінің тарихы әппақ парақ бетіне өздігінен түсе қалған жоқ, оның көне дәстүрлері бар. Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну және болашақтың дидарын көзге елестету үшін біз өткенге көз жіберуіміз керек.

Мемлекеттігіміздің тарихи белестері

Осыдан 1,5 мың жылдай бұрын түркілер тұңғыш ұлы мемлекеті – Түркі қағанатын құрды. Еуразиядағы көптеген мемлекеттер, соның ішінде біздің еліміз де – сол қағанаттың мұрагерлері.

Ұланғайыр аумақта әрлі-берлі жөңкіліп күн кешкен Азия көшпенділері тұтас құрлықтардың этностық және мемлекеттік келбетін талай өзгеріске түсірді. Түркілердің көшпелі және жартылай көшпелі тайпалары бүгінгі көптеген халықтардың, ең алдымен түркі тілдес халықтардың қалыптасуын бастап берді. Олар мекендеген аумақтар ұланғайыр – бір шеті Саха елінен бастап, екінші шеті сонау Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы 10 мың шақырым жерді алып жатты.

Арабтардың VII–XIII ғасырлардағы жаулаушы жорықтары кезіндегі және еуропалықтардың ұлы

географиялық жаңалықтардан соң жаңа ашылған құрлықтарды игеруі мен отарлаушылық экспансиясы тұсындағы қоныс аударуларын есептемесек, бірде-бір отырықшы халық немесе тіпті отырықшы халықтар тобы осынша айлапат ауқымда қоныстанып көрмеген екен.

Осыншама ұлан-байтақ аймақты нақ осы көшпенділердің игеру себебі – олар өндірістік қызметтің ерекше табиғи жағдайларға бейімделген малдың белгілі бір түрлеріне негізделген бітімі бөлек мәдени-шаруашылық түрпатын жасақтады. «Жылқы ысырса желдікі, айдаса жаудікі» дейді қазақ. Сондықтан да көшпелілер малшы ғана емес, жауынгер де болды. Даусыз әскери басымдығының арқасында көшпелі халықтар егін өсіретін отырықшы жұрттың жерін басып ала алды.

Түркі көшпенділерінің әлем тарихында алар орны ерекше. Сан ғасырлар бойында түркілер құрған империялар, әу баста жаугершіліктің арқасында дүниеге келгенімен, бара-бара едәуір дәрежеде өркениетті ендіруші рөл атқарды. Сондықтан да көшпелілерге «жабайы ордалар» деп қарау тарихи әділеттілікке жатпайды. Оның үстіне әлемдегі көптеген мемлекеттердің – Қытайдың, Үндістанның, Мысырдың, тағы басқалардың дамуына көшпелі түркілердің қосқан үлесі қомақты.

Шыңғысханның шапқыншылығы Еуразияның келбетін астан-кестен етті. Монғол басқыншылығы Қазақстан аумағында халықтың қалыптасу үдерісін күрт тоқтатып тастады. Ірі тайпалар тобы сапырылысқа түсіп кетті. Қыпшақтардың бір бөлігі Қазақстанның солтүстігі мен Батыс Сібір шегіне көшті, қуғынға түскен наймандар мен керейіттер де солай қарай жөңкілді. Қыпшақтардың талайы Жерорта теңізінен Үнді мұхиты мен Тынық

мұхитқа дейінгі аралықтағы елдерге тарап, сіңіп кетті. Амалсыз қоныс аудару монғол билігі орнағаннан кейін де тоқтай қалған жоқ. Монғол билеушілерінің Шығыс Қазақстан мен Жетісудың шұрайлы жайылымдарын басып алуы сол жерлердегі тұрғылықты халықтың тоз-тозын шығарды, ал монғолдардың өздері жаулаған өлкелерді ұлыс-ұлысқа бөліп тастауы көп ретте туыстас тайпалардың бөлшектеніп кетуіне соқтырды. Басқыншылықтың сол қатыгез заманға тән қатыгездікпен жүргізілгені сөзсіз. Дегенмен басқа жайды да естен шығаруға болмайды. Елді бір орталықтан басқарудың негізі тап сол кезде қаланды. Тап сол ұлыстардың аумақтарында кейіннен батыс, оңтүстік, солтүстік хандықтар құрылды. Сөйтіп, Шыңғысхан бір орталықтан билеп, салық төлету мақсатында көшпелілерді қарудың күшімен біріктірді. Бұл, өз кезегінде, қазақ жерлерінің бірігуіне жағдай жасады.

Монғол империясының қираған жұртында көптеген мемлекеттер пайда болды. Қазақстан жерінде басқыншылық тоқтатып тастаған халықтың, мемлекеттің қалыптасу үдерісі қайта өріс алды.

Қазақ хандығының дүниеге келуі бұрын Қазақстанның барлық аумағында өріс алған әлеуметтік-экономикалық және этносаяси үдерістердің заңды нәтижесі болды. Қазақ мемлекетінің қалыптасуы Жәнібек пен Керей хандардың есімдерімен, ал кейін, 1480 жылдан бастап, Бұрындық ханның атымен байланыстырылады. XV ғасырдың үшінші бөлігінде Жетісудағы тайпалар мен рулардың бірте-бірте Қазақ хандығына қосылу үдерісі жалғасты. Қазақ билеушілерінің қысымы жиілеп, ішкі алауыздық күшейіп, Моғолстан мемлекеті құлады, сөйтіп 1514 жылы моғол билеушілері Шығыс

Түркістанға ығысуға мәжбүр болды. Осы кезеңде қазақ хандары ортаазиялық билеушілермен Сыр бойындағы қалалар үшін күресті өршітті. XVI–XVII ғасырларда Қазақ хандығы нығайып, қазақтардың жер-суларының негізгі бөлігін қамтыған шекаралары кеңейе түсті, Орта Азиямен, Астрахан, Сібір хандықтарымен, Орыс мемлекетімен алыс-беріс, барыс-келіс жиіледі. Туған жерді түгендеуді тездете түскен көрнекті қазақ хандарының бірі Қасым хан болды.

Қазақ мемлекетінің құрылуы оның құқықтық негізін жасақтаумен әйгіленді де, ол заңнамалық жәдігерлікте бейнеленді. Олар – бүгінгі күнге жетпей қалған «Қасым ханның қасқа жолы» мен Тәуке ханның «Жеті жарғысы».

Қазақ даласына қай кезде де дұшпан көздің сұғы көп қадалған. XVIII ғасырдың басынан бері қарай Қазақстанның сыртқы саяси жағдайы күрт шиеленісіп кетті. Батыс жақтан Орал казактары қолтығына су бүріккен Еділ қалмақтары шабуылдай бастады. Жайық бойындағы ен шалғынға башқұрттар таласуын қоймады. Оның үстіне бұлардың бәрі Ресейдің бодандары еді, ал бұл орыс-қазақ қатынастарының шиеленісе түсуіне себепкер болды.

Дегенмен басты қауіп шығыстан, ойраттардың бір орталықтан басқарылатын қуатты көшпелі мемлекеті – Жоңғар хандығы тарапынан төніп тұрды.

Орталық Азия тарихындағы осы бір қиын-қыстау кезеңде қазақ халқы азулы басқыншыға қарсы екі жүз жылдық күрестің ең ауыр жүгін өз мойнымен көтерді. Бұл жолда елім деп еңіреген ерлер мен кемел қолбасшыларды алға шығарды. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Тайлақ, Саңырақ, Малайсары, Есет, Жәнібек сияқты көптеген батырлар сондай тұлғалар болды.

Олардың ерен ерлігін халық жырға қосып, атын аңызға айналдырды. Ер есімі – ел есінде. Еркіндік алған елдің бүгінгі ұрпақтары өздерінің батыр бабаларына тағзым етіп, әзіз аттарын ардақтайтыны әбден әділетті іс.

1726 жылы Түркістанның оңтүстік-шығыс бетіндегі Ордабасы биігінде қазақтың барлық тайпалары мен руларының жақсысы мен жайсаңының басы қосылған ұлы жиыны өтті. Сол жиында бүкіл қазақ қосынының басын біріктіру жөнінде тарихи мәні ерекше шешім қабылданды. Халықтың үш ұлы перзенті Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би елдің бірлікті аңсаған арманын жүзеге асырды. Қазақ әскерінің бас сардары болып өзінің жаужүрек қолбасы екенін талай танытқан Әбілқайыр сайланды.

Жоңғар қолы мен қазақ жасағының алғашқы ірі шайқасы 1727 жылы Бұланты өзенінің бойында болды. Еуразияның жаңа тарихында өзінің ауқымы жөнінен де, кейінгі тарихқа ықпал-әсері жөнінен де кешегі кеңес дәуірінің ғылымы жете бағаламай кеткен сол қан-қасап қырғынға тең келер шайқас болған емес. Ойраттарға ойсырата соққы берілді, ал шайқас даласын халық содан бері «Қалмаққырылған» деп атап кетті.

Шыңғысханның ұлы жорықтарын қайталауды ниет еткен Жоңғар хандығына қарсы күрестің негізгі ауыртпалығы қазақ халқына түсті. Бұланты бойындағы жеңіс ұлтты ұйытып, тастүйін жұмылдырды, жоңғар басқыншыларына қарсы Отан соғысы барысындағы бетбұрыс кезеңнің басы болды. Содан бері қарай стратегиялық басымдық қазақтар қолына көшті. 1730 жылғы Аңырақай шайқасындағы жеңіс соның айқын айғағы еді.

XVIII ғасырдың 20-шы жылдарындағы жоңғар шапқыншылығының Қазақстан мен Орталық Азия

халықтары үшін қасіретті зардабы өте зор болды. Қалалар қирап, сауда мен қолөнер тоқырады, халық мың-мыңдап босқыңдыққа түсті. Көші-қонның дәстүрлі реті мен бағыт-бағдары бұзылды. Көшпелі тұрмыс пен отырықшы өмір арасындағы экономикалық байланыс үзілді. Аймақтағы өндіргіш күштер әлсіреді. Бұл жылдар қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды» атанып, қазақ қоғамының экономикалық, саяси өміріне ұзақ уақыт жазылмайтын жара салды.

Қазақстанның батыс жақ бетінде тыныштық орнату қазақ хандарының басты сыртқы саяси міндетіне айналды. Негізгі жау – Жоңғар хандығымен күреске алаңсыз бет бұру үшін бұл аса қажет еді.

Ресейдің патша самодержавиесі халықтарды бір-біріне айдап салу саясатын жүргізгенін де ұмытпау керек. Атап айтқанда, мұндай әдістер екі халықты да қаусату мақсатымен қазақтар мен ойраттар арасында соғыс өртін тұтату үшін пайдаланылды. XVIII ғасырдағы бұдан кейін болған аса күрделі оқиғалардың алғышарттары осындай еді, ал олар түптің түбінде әуелі батыс, одан кейін басқа да аймақтарды тәуелсіздігінен айырып, ақыр аяғында Қазақстанды Ресей империясының отарына айналдырды.

Осы тұста Қытайдың Орталық Азияға сұғына кіруі де өрістей түсті. Сол кездегі Қазақстанның екі империяның арасында қалған қиын халін Мағжан Жұмабаев былайша сипаттаған болатын:

«Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Арты – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,
Дағдарған Алаш енді қайда бармақ?!»

Ел басына ауыр күн туған XVIII ғасырдың орта тұсында ұлы ханымыз Абылай керемет қолбасы ретінде де, ақылы терең дипломат ретінде де танылды. Бейжіңмен елшілік және сауда байланыстарын үдете дамыта отырып, Абылай Ресеймен немесе Қытаймен бірлескен яки қапталдасқан түрде олардың бірде-біріне қарсы әрекет етудің қай-қайсынан да бойын аулақ салды. Дегенмен тарих доңғалағы тоқтамай алға жылжи берді, ал көшпелі мемлекеттердің біртіндеп басынан бағы тая бастады. Сан түрлі жағдаяттар жинала келіп, Қазақстанның тәуелсіздігінен айырылуына соқтырды.

Қазақстанның Ресейге қосылуы бір жарым ғасырдай уақытқа созылды. Ол бейбіт жолмен де, әскери күшпен де отарлау үдерісі еді. Қазақстанның Ресейге қосылуының әдіс-тәсілдерінің әртүрлі болуына қарамастан, оның мәні айналып келгенде біреу – отарлау.

Бұл бір жағынан Қоқан мен Хиуаның басып кіруіне қарсы күресіп жатқан қазақ халқының табанды қарсылығына тап болды.

Халықтың тәуелсіздік жолындағы күресін бастаған Сырым Датов, Жоламан Тіленшіұлы, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов сынды талай-талай дала көсемдері мен батырлардың ардақты аттары дәл сол жылдарда елдігіміздің тарихына мәңгі-бақи жазылды.

Қазақ даласында тәуелсіздік жолындағы жалпыұлттық қозғалыс басталды. Оның тізгінін атақты Абылай ханның немересі Кенесары Қасымов ұстады. Бет-бетіне босып жүрген қазақ рулары қанқұйлы көршілердің оңай олжасына айналатынын, сондықтан да қоғамның ұйысуы, қазақтың мемлекеттігін қалпына келтіру өмірлік қажеттілік екенін нақ Кенесары айқын түсінді.

Кенесары ханның қазақ даласын біріктіру әрекеті оқиғалардың күллі барысымен дайындалған болатын.

Даланың дәстүрлері мен құқықтық негіздеріне сүйене отырып, ол өзін хан сайлатып алды да, патша әміршілдігі мен Орта Азия хандарының басқыншылық ниеттеріне кесе көлденең тұрды.

Кенесары Қасымовтың қазақ жерін отарлауға қарсы он жыл бойы жүргізген соғысына Қазақстан халқының көпшілігі көтерілді. Ол күрес тарих шежіресіне ең соңғы көшпелі қазақ мемлекетінің қайта дәуірлеген және біржола күйреген кезеңі болып енді. Кенесары хан мерт болған соң, қазақ рулары шын мәнінде отаршылдық басқыншылықпен жеке-жеке қарсыласып жатты.

XIX ғасырдың екінші жартысында Кенесары Қасымовтың, басқа да қазақ сұлтандары мен батырларының отаршылдыққа жан аямай қарсыласқаны Ресей империясының Орталық Азияға қарай жылжуына тосқауыл болып, оның аумағында орналасқан мемлекеттердің еркіндігін тағы бір ғасыр бойы сақтап қалды.

XIX ғасырдың соңына қарай Қазақстан аумағына Ресей империясының еуропалық бөлігінен көшіп келушілер ағыла бастады. XIX ғасырдың алпысыншы жылдарының ортасында патша үкіметі Қазақстанды әскери казактардың қатыгез отарлауынан шаруалардың қолымен отарлауға көшті. Отарлау тұрғылықты халықтың жерлерін жаппай тартып алу арқылы жүргізілді.

Патшалық Ресейдің қоныс аудару саясаты қазақ қоғамының шаруашылық өміріне аяусыз соққы болып тиді. Оның негізгі сипаттары ең шұрайлы, шүйгін жайылымдардың, егін алқаптарын бастау-бұлақтарымен қоса тартып алуы, қазақ елінің мұң-мұқтажын

аяқ асты етудің салдарынан жұрттың атамекенінен айрылып, ежелгі қоныстарынан көз жазып қалуы, қазақ ауылдарының бауыр басқан жерлерінен аластатылып, үй-мүлкі қиратылуы, дайын тұрған суландыру жүйелерін иелену, кейін заңдастыру есебімен босқындарды жаппай күштеп қоныстандыру болды.

Қалыптасқан жағдайда азаттық қозғалысының тізгінін ұлттық тұтасу идеясын ұсынған білімді де білікті асыл азаматтар қолға алды.

Ұлт-азаттық қозғалысының басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпаев, Бақытжан Қаратаев, Халел және Жанша Досмұхамедовтер мен басқалар болды – олардың көпшілігі Санкт-Петербургтің, Мәскеудің, Варшаваның, Қазанның, Омбы мен Орынбордың жоғары оқу орындары мен училищелерін бітіріп шыққан, асқан сауатты адамдар еді.

1905 жылғы желтоқсанда Орал қаласында бірінші жалпықазақтық съезд өтіп, онда ұлттық саяси партия құру міндеті алға қойылды. Съезге қатысушылар патша өкіметінің саясатын, соның ішінде әсіресе жер мәселесіне қатысты саясатын қатты сынға алды.

1906 жылғы ақпан айында, Әлихан Бөкейхановтың қамауға алынғанына қарамастан, екінші бүкілқазақтық съезд болып өтті, оған 150 делегат қатысты. Съезд қазақтарға барлық тартып алынған жерлерін қайтарып беруді, шаруаларды көшіріп әкелуді тоқтатуды, мектептер, медреселер мен университет ашу жөнінде заң қабылдауды талап етті.

Ресей қатысқан Бірінші дүниежүзілік соғыс қазақтарды тіпті титықтаға түсті. 1916 жылы «бұратана» халықтарды тыл жұмыстарына шақыру арқылы үкімет арзан жұмыс күшін пайдаланып қалуды, сонымен қатар

одан босаған орыс жұмысшыларымен, шаруаларымен әскер қатарын толықтыруды көздеді.

1916 жылғы шілденің аяғы мен тамыздың бас шенінде Қазақстан өздігінен құрылып жатқан көтерілісшілер жасақтары мен тұрақты кәсіби әскердің қиян-кескі шайқастарының ұрыс алаңына айналды.

Олардың арасында Торғай төсіндегі көтеріліс басқарынан гөрі ұйымшыл, ұзағырақ болды. Көтерілісті Кенесарының жауынгер серігі Иман батырдың немересі Амангелді Үдербайұлы Иманов басқарды.

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін билік басына келген Уақытша үкімет империялық ұлт саясатының салдарын жоюға, сөйтіп ұлттық бітім-бәтуа саясатын жүзеге асыруға әрекет жасап көрді. 1917 жылғы 20 наурызда ол Ресей азаматтарының дінге, нанымға және ұлтқа қатыстылығына байланысты құқықтық шектеулерінің барлығын алып тастады. 1917 жылғы 7 сәуірде Түркістан комитетін құру туралы үкіметтің қаулысы қабылданды.

Қазақстанды басқаратын органдардың құрамына алғаш рет қазақтың озық ойлы зияткерлері енді. Бұл Алаш қозғалысы қайраткерлерінің өлке саяси өмірінің алдыңғы шептегі орнын мойындаудың көрінісі еді.

Патшаның тақтан түсуі мен елдегі қоғамдық-саяси өмірдің демократиялануы қозғалысты ұйымдық тұрғыда ресімдеп, оның негізінде 1917 жылғы шілдеде Орынбор қаласында өткен жалпықазақтық съезде «Алаш» партиясын құруға мүмкіндік берді. Көп ұзамай партия бағдарламасының 10 тараудан тұратын жобасы да жасалды. Партияның негізгі мақсаты – қазақтың мемлекеттілігін – бастапқыда Ресей Федерациялық

Демократиялық Республикасының құрамындағы автономияны құру болатын.

Қазақ халқы өзінің басты мақсатына жетуге – ұлттық мемлекеттігін қайта құруға мүмкіндік алды. Алайда Ресей қоғамындағы жаңа дағдарыс оқиғалардың одан әрі бейбіт түрде дамуына мүмкіндік бермеді, соның салдарынан большевиктер партиясының диктатурасы орнап, елді азамат соғысының өрті шарпыды.

Ұлттық мемлекеттік идеясын мансұқтаушы большевиктер өздерінің билігін нығайту үшін оянып келе жатқан Ресей халықтарының ұлттық мүдделерін ескеруге, сөйтіп ұлттық-мемлекеттік құрылымдар түзуге көшуге мәжбүр болды. Сөйтіп, 1920 жылы Қазақ АКСР-і құрылды.

1920-шы жылдардың екінші жартысынан бастап большевиктік мемлекет жаңа экономикалық саясат идеологиясынан бірте-бірте аулақтап, өз саясатын Қазан революциясы салып берген дамудың жазалаушы қисынына қарай бұра берді.

Қазақтарды күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, ауылдағы қарама-қайшылықтарды қолдан ушықтыру, қоғамның бір бөлігін екінші бір бөлігіне айдап салу ақыр аяғында ұлттық апатқа ұрындырды. Социалистік утопия идеяларын қазақ ауылында 1920–1930-шы жылдар арасында-ақ жүзеге асырып тастау әрекеттері бұрын-соңды көріп-білмеген қасіретке соқтырды. Дәстүрлі шаруашылық жүргізудің негізі саналатын мал шаруашылығы толықтай күйреді.

Дегенмен демографиялық апаттың аумағы бәрінен де сұмдық болып шықты. 1929–1933 жылдардағы аштықтан, соған байланысты індеттен қайтыс болған, жер ауып кеткен қазақтардың саны туралы мәселе әлі

күнге жабулы қазан қалпында тұр. Сол жылдарда опат болғандар санына қатысты пікірлер қайшылығы 1 млн 750 мың мен 2,2 млн арасында. Демек, ұжымдастыру барысында елдегі негізгі этнос 42 % бен 49 % аралығында құрбан болған.

Аштық жылдарында 1 млн 30 мың адам республикадан шет елдерге көшіп кетті, олардың 161 мыңы қайтпай қалды.

Мемлекеттің зорлықшыл саясаты халықтың ашу-ызаға толы қарсылығын туғызды. Режімге қарсы бас көтергендердің қатары өсе түсті. Қарсыласу қозғалысы бүкіл Қазақстанды қамтыды. 1929–1931 жылдары шаруалардың 380 рет бұрқ ете қалған бүлігі мен көтерілісіне 80 мыңға жуық адам қатысты. Солардың ең ірілері – Созақ, Ырғыз, Ақсу, Абыралы, Адай, Қарақұм және басқа да көтерілістер. Бәрі де Қызыл Армияның тұрақты әскерінің күшімен аяусыз басып-жаншылды.

Бұған сол жылдарда республикада кеңінен қанат жайған сталиндік жаппай жазалауды қосу керек. Оның барысында қазақ мәдениетінің, ғылымы мен білімінің аса көрнекті өкілдері атып-асылды, лагерьлерде көзі жойылды

Бүгінде 1937–1939 жылдардағы жазықсыз жазалаудың құрбаны болған Шәкәрім Құдайбердиевті, Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты, Мұхамеджан Тынышпаевты, Мағжан Жұмабаевты, Санжар Асфендияровты, Ораз Жандосовты, Тұрар Рысқұловты, Сәкен Сейфуллинді, Ілияс Жансүгіровті, Бейімбет Майлинді, Сұлтанбек Қожановты, тағы басқа да мыңдаған адамдарды еске алмау мүмкін емес.

Қазақ халқының социалистік құрғақ қиялды жүзеге асырмақ болған большевиктік тәжірибенің өтеуі үшін

төлеген құқы осындай. Алайда халықтардың тарихындағы сол бір қасіретті, қанды кезең туралы сталиндік режимнің тұсында да, жеке басқа табынушылықты әшкерелеген жылдарда да ешкім тіс жарып айтқан емес.

Тоқырау жылдарында да ләм деген ешкім болмады. Кешегі өткенді боямалап көрсетуге құмарлар қазір де оны ұмытуға тырысады, бірақ ұмыту дегеніміз – қанды режимнің миллиондаған құрбандарының аруағын қорлау деген сөз.

Социализмнің бұдан кейінгі «ұлы» құрылыстары жаһандық ауқымдағы экологиялық апатқа – Арал қасіретіне соқтырды. Әскерилердің әрекеттері Семейдегі, Қазақстанның өзге де көптеген аймақтарындағы қасіретке ұласты.

Қазақ халқы мен жері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ХХ ғасырдың 90-шы жылдарына дейін алдымен Ресейдің, содан кейін кеңес империясының отарлық шылауы болып келді.

Ондаған жылдар бойы айтылмай келген тарихи шындық, қысқартып айтқанда, осындай.

КСРО-ның батыс бөлігі жауда қалған Екінші дүниежүзілік соғыс, «қырғи қабақ соғыстағы» Батыспен текетірес кеңес үкіметін елдің экономикалық әлеуетін бір жерге шоғырландырмай, шығысқа қарай орналастырып, дамытуға мәжбүр етті. Өнеркәсіпті дамыту тиянақтарының бірі орасан зор табиғи ресурстары бар Қазақстан болды. Көбіне-көп шикізат өндіру мен өңдеуші кәсіпорындар салынды.

Қазақстан басқа өңірлерге минералдық шикізат шығарып, жаппай экологиялық зиянды өндіріс республикасына айналды.

Соғыстан кейінгі кезеңде бесжылдықтардың екпінді құрылыстардың қаптап кетуі Компартия басшылығының нақ осы саясатын жүзеге асыруға байланысты болатын.

Біз мемлекеттік тәуелсіздікке көп ұлтты және көп дінді күрделі құрамдағы халықпен жетіп отырмыз. Сондықтан да тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап барлық ұлттардың адамдары арасындағы теңдікті, туысқандықты, достықты және бірлікті өз саясатымыздың өзегі қылып ұстандық. Ол «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деп басталатын біздің Конституциямызға жазылған болашақ дамуымыздың да негізі болып саналады.

Біз өз халқымыздың тарихын шындыққа адалдық тұрғысында айтып отырмыз. Бірақ бұдан қосымша астар іздеудің қажеті жоқ. Қазақстандықтардың бүгінгі ұрпақтары – біздің еліміздің азаматтары. Осымен бәрі айтылған.

Қазіргі Ресей, патшалық самодержавие, Кеңестер режімі – әрқайсысы әр сипатты мемлекеттер. Қазақстан көршілерінің бәрімен де, оның ішінде Ресеймен де, достық және ынтымақтастық жөнінде келісім шарттарға отырды. Оларды бұлжытпастан орындаймыз.

Жаңа Қазақстан, өз мемлекеттігін орната отырып, күллі адамзаттық қауымдастықпен тату-тәтті өмір сүруді және өз ішінде ұлтаралық келісімді нығайтуды көздейді.

Бірақ біз мұны тек тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында ғана емес, бұл істе белгілі бір билік жүйесін жанын сала жақтаушылардың ерік-жігерін атқарушы болып келген қарапайым адамдар-

дың ешқандай кінәсі жоқ болуы себепті де айтамыз. Қазақстан достық пен ынтымақтастық қатынастарын орнатып отырған, демократияға қарай қадам басып бара жатқан бүгінгі Ресейге сол жылдардың қатынастарын ойсыз, бейғам түрде аудара салмауға тиіспіз.

Ол аз десеңіз, қазақтар, тарихтың не бір аумалы-төкпелі бұралаңдарына қарамастан, туысқандық пен сенімнің шынайы байланысында болған орыс халқымен қарым-қатынасты отаршылдық кезеңінің қалыбына салмау керек. Осы қатынастарды қазіргі заманның ақиқат шындықтарын ескере отырып нығайту екі халықтың да түбегейлі мүдделеріне сай келеді.

Біз бүгін тағы бір айтулы күнді – 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының 10 жылдығын да атап өтіп отырмыз. Сол бір жан күйзелтер күндер мен түндерде болған оқиғалардың кездейсоқ еместігі әуел бастан-ақ айдан анық еді. Алайда оқиғалардың ауқымы мен тарихи мән-маңызын біз уақыт өте келе ғана толығырақ пайымдай алдық.

1986 жылғы желтоқсанда Алматы ұлт мәселесін шешудің социалистік доктринасының күлі көкке ұшқанын айдай әлемге әйгіледі. Біз бүгін таптық сезімнің ұлттық сезімнен басымдығына негізделген кез келген доктринаның алысқа бармайтынын айқын ұғынуымыз қажет. Дүрліктірген кеңес халқы дегеннен «аға халықтың» ерекше орны бар дейтінге дейінгі талай аңыздар шынтуайтына келгенде ұлттық сезім мен ұлттық сананы езіп-жаншудың көп жылға созылған жымысқы саясаттың бүркеншігі ғана болатын.

Ұлт мәселесін шешудің тоталитарлық тәсілдері тұңғыш рет Қазақстанда сыр берді. Тіпті Шығыс

Еуропада өз алдына мемлекет құрып отырған Венгриядағы 1956 жылғы, Чехословакиядағы 1968 жылғы ұлттық бой көрсетулер дәрекі күш қолдану арқылы басып тасталған еді. 1986 жылғы оқиғалардан кейін қазақ халқына ұлтшыл деп асығыс тағылған айыпты режімнің өзі алып тастауға мәжбүр болды.

Аңызбен апталып, қалыппен қапталған ұлттық сана-сезім соғыстан кейін алғаш рет саяси іс-қимылға ұласты. Ашықтан-ашық саяси қарсы шығудың мұндай жаңа үлгісі бүкіл Кеңес Одағындағы ұлттық-демократиялық қозғалыстың дамуына орасан серпін берді. Тбилисидегі, Бакудегі, Киевтегі, Вильнюстегі, Мәскеудегі, елдің басқа да қалаларындағы осы тектес оқиғалардың барлығы Алматыдан кейін болған еді.

Ескі саяси жүйенің шеңберінде ырыққа көшу мүмкін болмай қалды.

Әрине, одақтық мемлекетте демократиялық үдерістердің мұндайлық қарқынмен өрістеуінің басқа да сан түрлі себептері бар. Дегенмен бұл істегі негізгі тетіктің бірін өздерін басқаның айтқанынан шықпайтын құлақкесті орындаушылар емес, азаттықсүйгіш ата-бабаларының мұрагерлері деп сезінген қазақ жастары қозғап жібергені даусыз.

Сондықтан да өзінің туған мемлекетін оңды-солды сынап сөйлейтіндердің базбіреулері тәуелсіздік өзі келіп қолымызға қона қалды деп көкіп жүрген бүгінгі күндерде мен тәуелсіздік жолында халқымыздың сан ғасырлар бойы күресіп келгенін, осыдан дәл он жыл бұрын өрімдей жастар тәуелсіз Қазақстан үшін қан төккенін арамыздан шыққан мәңгүрттердің есіне әдейі сала кетпекпін.

Бүкіл қазақ халқының ұлттық қадір-қасиетін аспандатқан азаматтардың әруағын, ең алдымен жастары-

мыздың батыл да қалтқысыз іс-әрекеттерін ардақтай отырып, мен қыршынынан қиылған есіл ер Қайрат Рысқұлбековке еліміздің ең жоғары наградасы – «Халық қаһарманы» атағын беру туралы жарлыққа қол қойдым.

Бүгін 5 жылдығын тойлап отырған біздің тәуелсіздігіміз қазақ халқының талай ғасырлар бойғы тарихында миллиондаған ата-бабаларымыздың еркіндік жолындағы күресі мен төгілген қанының өтеуі. Біз екінші дүниежүзілік соғыста Отан үшін жан тапсырған жүздеген мың отандастарымызды ұмыта алмаймыз! Солардың әруағын бір минут үнсіздікпен еске алайық.

1997 жылы сталиндік жазалаулардың ең құтырған шағына 60 жыл толады. Осы қайғылы датаны тоталитарлық жүйенің бейкүнә құрбандарын тағы бір еске алып, халқымызды бұрынғыдан әрі топтастыра түсу үшін атап өтсек жөн болар деймін.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің саяси және экономикалық негіздері

XX ғасырдағы француз тарихшысы Марк Блок былай деп жазған еді: «Империяларға, корольдерге немесе саяси режімдерге бөліну немен қызықтырғанын түсіну оңай. Мұның астарында билік көріністеріне баяғы дәстүрлер бойынша берілер бедел ғана тұрған жоқ. Уақыт өлшемінде белгілі бір оқиғаның бір жылға, тіпті бір күнге дейінгі дәлдікпен белгіленген орны бар... Бірақ жалған дәлдікті пір тұтып, бас имей-ақ қояйық. Әлеуметтік құрылымның, экономиканың, наным-сенімнің, ойлау қалпының өзгеруін хронологиялық тар шеңберге қаз-қалпында сыйғыза қою мүмкін емес».

КСРО-ның құлауы – бір күнде, бір айда жүзеге асты деп кесіп айта қоятындай оқиғалар санатынан емес.

Мен ол кезеңге өз бағамды мұнан бұрын айтқан болатынмын.

Уақыт – әділ қазы, сондықтан қазір ол ерекше қуатты державалардың бірінің экономикалық, геосаяси, идеологиялық тұрғыдан стратегиялық жеңілісі болғандығы айдан анық. Әрине, КСРО-ның құлауының себептерін сөз еткенде, онда геосаяси бәсекелестің қатаң қысымы да болғанын байқамау үшін барып тұрған идеалист болу керек шығар, дегенмен оны ешкім жасырған емес. Әйтсе де негізгі себеп – жүйенің іштей ірігені еді.

Бұл арада ең алдымен экономиканың бүгінгі заман талаптарына сай болмағанын айту шарт. Кеңестік жүйенің ақтық қирауы алдындағы экономикалық ахуалды көзге елестету үшін ұзыннан-ұзақ шұбытылып жататын кезектерді, талон-кәртішкенің үстемдігін, құны кетіп, қадірі қашқан ақшаны еске алсақ та болады.

Экономиканың әбден тұралауы жаппай зат алмасуға соқтырды. Кешегі Одақтың көптеген аймақтарында азаматтық және ұлттық қақтығыстар жүріп жатқан сол тұстағы аса қиын саяси жағдайды еске алсақ, Қазақстан аяғы немен тынары белгісіз экономикалық құзға құлап кетудің аз-ақ алдында тұрған еді.

1993 жылдың аяғына дейін біздің дербес экономикалық саясатымыз болған жоқ. Бюджетті жоспарласақ та, инфляцияға қарсы шараларды, әлеуметтік қолдау бағдарламаларын ойластырсақ та, біз күннен-күнге «көрер көзге семіп» бара жатқан сол баяғы сомға қарайлайтынбыз. Оның үстіне бір «қаржы қайығына» мінгесіп алғаннан кейін жеріне жете ойластырылмаған ырықтандыру бағдарламасына амалсыздан қосылдық. Енді бүгін біздің жас мемлекетімізге апат қаупі анық төніп тұр еді деп ашық айтуға болады. Сол апаттан бізді

КСРО құламай тұрып бірқатар өзекті өндіріс салаларын дербес жұмыс істеуге бейімдеп алғанымыз ғана сақтап қалғанын атап айтқым келеді. Президенттік билік институтын енгізу жөніндегі шешіміміздің маңызы да бұдан кем болған жоқ. Біз сондайлық күрделі жағдайда биліктің орнықтылығы мен мемлекеттің басқарылуын қамтамасыз ете алдық.

Тарихи таңдаудағы еркіндік аясы қашанда үстірт теориялардың болжалды кеңістіктерінен тарлау болады. Осы онжылдықтың екінші бөлігінде: шын мәнінде нарықтық реформалар стратегиясына балама жол болмады ма деп артынан сәуегейситіндер көбейе бастады.

Әрине, болды. Бұл алдымен баяғы «бұйрық соқпағына» түсіп алып, шаруашылықты басқара беру жолы еді, бірақ онда біз талон-кәртішке жүйесіне біржола тұрақтап, жұртшылықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық ынталылығын біржола жоятын едік. Бұл баламаңыз бейберекеттік пен мемлекеттің күйреуінің баламасы еді.

Дегенмен бейберекеттігі мұнан кем соқпайтын тағы бір жол бар болатын. Ол жол – экономиканы 100, 200, 500 күн ішінде ерекше бір революциялықпен ырықтандыру еді. Қазақстан жағдайында бұл өндірісті басқарудан толықтай айрылып қалуға апаратын қауіпті жол болатын. Бұғанасы қатпаған мемлекетіміз мұндай сілкілеуді көтере алмайтын еді.

Революцияны алып-ұшпа сезімге бай, ал реформаны ойлампаз адамдар жүзеге асырады. Біз елімізді эволюциялық даму арнасына салып, дәйекті институционалдық реформаларды табанды түрде жүргізе алдық.

Бүгін әлемде «нарықтық велосипедті» ойлап табудың қажеті жоқ – біздің стратегиямыз экономикалық

өзгерісті ойдағыдай жүзеге асырған елдердің классикалық тәжірибесіне арқа сүйейді. Дегенмен өзгенің істегенін айнытпай қайталауға да болмайды.

Ал жаңғыртудың Түркия мен Оңтүстік Кореядан бастап Қытай мен Мексикаға дейінгі талай үлгілері қатаң қалыпқа салмай, бейімдеп жүргізілген жаңғыртудың қажеттігін дәлелдейді.

Бүгінгі әлемге біз ондаған жылдар бойы өзімізбен өзіміз болып, томаға-тұйық күй кешкен күннен келіп отырмыз, өз бетімізбен, талай жерде сүріне-қабына жетіп отырмыз. Бірақ осылай етпесек, онда біржола тоқырап, артта қаламыз. Біз онсыз да бұл істі кешігіңкіреп қолға алдық. Сондықтан енді баяуласақ, осы қалғанымыз – қалған.

Қазіргі хал-ахуалымызға баға бергенде, біз кешегі күннің қараң қалыптарынан шығып, жалпы жұрт қабылдаған өлшемдер бойынша ой түюге тиіспіз.

Алайда экономикалық даму үлгісін таңдау өткен бесжылдықтың басқа бір маңызды құбылысын – ХХ ғасырдың соңындағы ұғымдарға сай төл мемлекетімізді құруды қалқаламауы тиіс.

ХVІІІ ғасырдың жасыны жарқылдаған қазақ сахарасында Абылай армандап өткен, мұң-шерге толы ХІХ ғасырда Кенесарыны мерт еткен, жаппай қырып-жюдың қарсаңында Ә. Бөкейханов межелеп кеткен асыл мұраттар өлген жоқ, келмеске кеткен жоқ.

Ол арман-аңсардың барлығы да «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи күнде – 1991 жылғы желтоқсанның 16-сында жүзеге асты.

Осы бес жылда біз толыққанды тәуелсіз мемлекеттің барлық нышандарына ие болып үлгердік. Азаматтық

институтының маңызын ескере отырып, тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейін төрт-ақ күн өткен соң «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заң қабылдадық.

1992 жылдың өзінде мемлекеттің төл күш құрылымдары – Қарулы Күштер, Республикалық ұлан, ішкі және шекара әскерлері құрылды.

1993 жылдың сәуір айынан бастап біз ұлттық тарихымызда тұңғыш рет өзіміздің Әскери-теңіз күштерімізді құруға кірістік. Сөйтіп, жас мемлекеттің қорғаныс және қауіпсіздік жүйесін құру ісі аяқталды. Елдің жаңа мемлекеттік рәміздері қабылданып, төл наградаларымыз тағайындалды.

Бұл істің нүктесі 1993 жылғы қарашаның 11-інде Қазақстанның өзінің ұлттық валютасы – теңге енгізілген күні қойылды.

Осынау 5 жылда елдегі саяси-құқықтық жағдаят түбегейлі өзгерді. Мемлекеттілікті қалыптастырудың мән-маңызы айрықша белесі артта қалды.

Қазақстан әлемдік қоғамдастық түгел таныған мемлекетке айналды. Президенттік басқару түрі біржола қалыптасты. Демократиялық институттар мен қағидаттарды бекіткен жаңа Конституциямыз қабылданды. Негізінен алғанда, елдің жаңа құқықтық жүйесі қалыптасты. Мемлекет өмірінде билікті бөлісу қағидаты нақты жүзеге асты, соның арқасында билік құрылымдарының өзара ықпалдастық мәселелері өркениетті жолмен шешім тапты.

Мемлекеттің біртұтастығы және оны басқарудың тиісті деңгейі қамтамасыз етілді. Мемлекет құру тәжірибесі мемлекеттік институттардың өміршеңді-

гіне, Қазақстандағы реформалардың жедел жүруіне кепілдік беретін іргетас – елдің біртұтастығы екендігін көрсетіп берді. Бір себептен, жергілікті өзін-өзі басқару мәселелерін мемлекеттің біртұтастығына нұқсан келтірмейтіндей етіп жөнімен шешудің де жолы табылды.

Осы 5 жыл бойында біз көптеген мәселелер бойынша ымыра жолымен жүріп отырдық. Конституциялық құрылыс мәселелерінде де ымыраға келу болды. Мұның өзі түсінікті де: өйткені үлкен саясат дегеніміз «ұлы мәртебелі ымыра» мен батыл саяси шешімдердің кейде адам айтса нанғысыз, кейде қисынға келе бермейтіндей қорытпасы болып келеді.

Алайда ымыраның да ымырасы бар. Мемлекеттік құрылыс мәселелерінде жөнсіз көңілжықпастық пен жұмсақтық мемлекеттік билік тетіктерінің іркілісіне соқтырса, тілдердің мәртебесі, қазақстандық мемлекеттілік табиғаты мен Қазақстанда жерге жеке меншіктің болу мүмкіндігі мәселелерінде қоғамдық ымыраға келу ауадай қажет болды. Осы іргелі мәселелер біздің тәуелсіздігіміз жарияланған соң 5 жыл өткеннен кейін лайықты конституциялық шешімін тапты.

Соңғы 5 жыл ішінде жүргізіліп жатқан реформалардың құқықтық негізі жалпы алғанда қалыптасып үлгергенімен, бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, отандық тауар өндірушіні қолдауға, шетел инвестицияларын тартудың неғұрлым қолайлы жағдайларын жасауға, қылмысты ауыздықтауға, заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға бағытталған айқын да әділетті заңдарды қабылдау қажеттігін күн тәртібінен түсірмек емес. Елдің құқықтық және экономикалық

жүйесінің даму келешегінің дәл осындай болжамы менің Қазақстан халқына Жолдауымда баяндалған.

Неміс философы Лейбниц туралы жұрт: «оның берген дәлме-дәл анықтамалары өзін реті келгенде сөзбен ойнау ләззатынан айырады» дейді екен. Сыртқы саясат та анықтаманы дәл беруді қажет ететін сала.

Бұдан 5 жыл бұрын Қазақстан дербес сыртқы саясат жүргізуді тақыр жерден бастаған болатын. Иә, КСРО-ның тұсында да бізде Сыртқы істер министрлігі болған, бірақ республиканың сол министрлігін нағыз сыртқы саясат мекемесі деп атау тым адасқандық болар еді. Осы жылдарда халықаралық ынтымақтастықтың толық келісім-құқықтық негізі жасалды, шет елдермен және халықаралық ұйымдармен барлығы 800-ден астам құжатқа қол қойылды. Сыртқы саясат саласындағы ең жаңа тарихымызда Қазақстан аумағындағы ядролық қару-жарақтың тағдырын шешкен «ақиқат сәті» де болды. Шешім оңайлықпен қабылданған жоқ – сол бір күндердің шиеленісті жағдайы тарихшыларға мол мағлұмат береді.

Алайда, неше түрлі қиял жетпес қисындарға, солардың ішінде отандық «геосаясатшылардың» шалағай ұсыныстарына қарамастан, біз бірден-бір дұрыс шешімді таба алдық, мұның өзі, сөз жоқ, еліміздің халықаралық беделінің артуына септігін тигізді.

Біз қазір Қазақстанның қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығына әлемдегі ең ірі державалардың кепілдігін алып, АҚШ-пен демократиялық серіктестік туралы хартияға, Ресей Федерациясымен келісімдердің тұтас топтамасына ие болып отырмыз. Осы жылдарда біз Қытаймен арадағы шекара мәселесін шешуге қол жеткіздік, ал кеңестік дипломатия ондаған жылдар бойы бұл міндеттің үдесінен шыға алмай-ақ кетіп еді.

Бауырлас үш халықты байланыстырған Орталық Азия елдерімен ерекше қарым-қатынас қалыптасты. Кейінгі жылдарда түркі мемлекеттерінің тоталитарлық томаға-тұйық үзіп тастаған экономикалық, саяси үнқатысуы қалпына келтірілді. Бұл – әлемдік саясаттағы өскелең фактор, Қазақстан осы бағыттағы біріктіруші байланыстардың нығая түсуін белсенді түрде жақтайды. Біз сондай-ақ араб әлемімен мәдени, іскерлік ынтымақтастықты кеңейтуді де қолдаймыз.

Республикаға ірі көлемде шетел капиталы келе бастады. Алайда бізде өз егемендігімізді шет ел инвестицияларына сатып жатырмыз деп пайымдайтын сарыуайымшылар бар. Ал бұл жекешелендіру үдерістерін жандандыру мен экономиканы көтеру мақсатында жасалып жатқан жоқ па.

Мынадай қарапайым жайды түсіну қиын ба: өзінің қаржысын Қазақстанға салған инвестор ұзақ уақытқа деп есеп жасайды, сондықтан бұл, басқа жақтарын айтпағанның өзінде, біздің тәуелсіздігіміз бен ынтымақтастығымызға берілетін қосымша кепілдік емес пе. Осы соңғы жылдар ішінде жан-жағымызда қолайлы сыртқы саяси орта қалыптасқаны – ішкі реформаларды жүзеге асырудың аса маңызды факторларының бірі.

Біз әу бастан-ақ Қазақстанның сыртқы саясатына көпбағытты сипат берген болатынбыз. Өткен 5 жылдың тәжірибесі мұның өзі Қазақстанның геосаяси жағдайына әбден сәйкес келетінін көрсетті.

1990-шы жылдардың алғашқы жартысы кейбір жылдар кәдуілгі тарихтың ондаған жылына татиды деген ежелгі ойдың әділ екенін дәлелдеді. Уақыттың жүрдек ағымы «интеграция» терминінің мазмұнын да өзгертіп жіберді. Алғашқы кезде Қазақстан кеңес дәуірінен ке-

йінгі кеңістікте бұрыннан қалыптасып қалған экономикалық, саяси, сондай-ақ кәдімгі адами байланыстарды сақтап қалу қажеттігін басшылыққа алатын.

Өкінішке орай, көптеген қайраткерлердің ақыл-есі саяси аужайға сәйкес кейде кіресілі, кейде шығасылы болып тұратыны бар, бірақ ТМД-ны құру идеясы ең алдымен Қазақстанның сындарлы бағытының арқасында аман қалғанын еске сала кетейін.

Алайда алғашқы кезеңнің өзінде-ақ біз жаңа интеграциялық құрылымдарды құруға қатыстық, олардың арасында Экономикалық ынтымақтастық ұйымы мен Орталықазиялық Одақ сияқты құрылымдар бар.

Қазақстан Еуропаның қайта құру және даму банкінің, Азия даму банкінің мүшелігіне өтті, НАТО-мен, Еуропалық Одақпен, сондай-ақ Ислам конференциясы ұйымымен қарым-қатынасын жолға қойды.

ТМД құрылғаннан соң 3 жыл өткеннен кейін осы құрылымның жалаң сөзге бейімделіп бара жатқанын байқап, оған тың серпін беру қажеттілігі туды. Қазақстан Еуразиялық Одақты құру жөнінде үлгілі бастама көтеріп, ұсыныс жасады. «Қалғып» бара жатқан Достастықты бір сілкінткен жай осы болды. Біздің үлгілік жобамызда көзделген идеялардың көпшілігі кейіннен екіжақты, көпжақты шарттар түрінде жүзеге асты, бұл экономикалық салада, Кеден одағын құруда, азаматтық мәселелерін шешуде нақты нәтижелерге жеткізді.

Ғасыр соңындағы жағдай бізге «интеграция» ұғымының мәнін байыпты түрде қайта пайымдап алуды міндеттейді.

Біріншіден, біз ешқандай идеологиялық, діни немесе өркениеттік аңыздар мен өлшемдердің

артықшылығын қабылдамаймыз. Басты өлшем – тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасының ұлттық-мемлекеттік мүддесі.

Екіншіден, біз прагматизмді ұстанамыз. Иә, тарихтың ұлы ұстаз екені рас, дегенмен мәңгі-бақи оның тасасында қалып қоюға болмайды. Біз өткенді көксей бермей, Еуразия кеңістігіндегі тарихи байланыстарымызды жаңаша сипатқа көшіруіміз керек.

Үшіншіден, әртүрлі интеграция құрылымдарында болғандағы тәжірибеміз бүгінгі таңдағы интеграцияның әмбебап қағидаттарының пайдасына қосымша дәлел болып отыр. Бұл – теңдік пен еріктілік қағидаттары. Күштеп біріктіру деген «империяларды құрастырушылардың» асқынған қиялында ғана қалған.

Төртіншіден, интеграциялық үдерістің эволюциялығы – оның сенімділігінің кепілі. Революциялық оқыс сілкіністер мен бірігулер, байыбына бармай жатып бірлестіктер құра салу сияқты қадамдар қалыпты және табиғи дамып келе жатқан үдеріске залал келтіруі мүмкін.

Ақыр аяғында, бір бағыттағы интеграция қадамдары басқа бір бағыттағы қадамдардан бас тартуға соқтырмауы тиіс.

Бүгін әлем өңірлік одақтардың институционалдық алуантүрлілігін көрсетіп отыр. Мұның өзі Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік мүдделерімен табиғи түрде қабысады.

Рас, реформа қазірше өзінің артықшылығын барлық қазақстандықтарға дәлелдеп үлгерген жоқ. Бізге бюджеттік салаларды қаржыландыруға, тұрмысы нашар адамдарды, мүгедектерді, зейнеткерлерді қолдауға,

ескірген өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуға, қорғаныс қабілетін қисынды деңгейде ұстауға қыруар қаражат керек. Бізге жер қойнауындағы қазыналарымызды сыртқа шығарып, мемлекет мүддесіне жарату, жаңа, экологиялық таза және ғылымдарлы өндіріс жасау үшін орасан күш-қуат жұмсау керек.

Дегенмен біздегі өзгерістердің стратегиялық бағытын айқындап келген және алда да айқындай беретін ортақ қағидалар бар. Сол қағидаларды берік ұстана білу – реформаны бүкіл халықтың мүддесіне жұмыс істетудің кепілі.

Ең алдымен реформалар саяси тұрғыдан қолдауды қажет етеді. Басқаша айтқанда, реформалар экономикалық жағынан орынды болып қана қоймай, саяси жағынан қорғалуы да шарт.

Бұған қоса реформаларды тез жүргізу керек. Онда халыққа онша жаға бермейтін шаралар болмай қоймайды, бірақ реформаларды баяу жүргізу – адамдардың тұрмысын жақсартуды баяулатумен бірдей, яғни ондай жайбасарлықтың әлеуметтік құны арта түседі деген сөз.

Адамдар реформалардың жақсы жемісін татып көруге тиіс. Қоғамның үміті үзілмеуі қажет. Иә, бүгін таңда көптеген қазақстандықтар жаңа саяси және экономикалық жағдайларға әлеуметтік бейімделу кезеңінен ойдағыдай өтті. Көптеген адамдардың өз кәсібі бар, өнеркәсіп орындарының бірқатары шаруашылық жүргізудің жаңа, тиімді түрлерін тауып үлгерді, ендігі жерде сонда жұмыс істейтін адамдар реформаларды тежеп, кешегі күнге қайтып оралуды әсте де қаламайды. Алайда, тәуелсіздігіміздің жаңа бесжылдығына және

өзіміздің қаржы-ақша жүйеміз жұмыс істей бастағалы бергі төртінші жылға аяқ баса отырып, біз нарықтық өзгерістердің әлеуметтік әсері қалың жұртшылықтың көпшілігіне тиетіндей болуын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Ақырында реформаларды жүзеге асыру принципті мәселелер бойынша келісімпаздыққа салынуды қаламайды. Келісімпаздық саясаты реформаны жүргізушілердің өздерімен келісімге келуші саяси күштердің қолдауына да, тіпті бейтарап қалуына да кепілдік бере алмайды. Өзгерістердің ең басты өлшемдерінің бірі деп біз саяси өлшемді айтуымыз керек. Қазіргі таңда ол өлшем өзгерістердің жүзеге аспай қоймайтыны болуға тиіс. Нағыз оппозиция болуы керек, оның болғанының өзі жақсы да. Оппозиция – демократияның міндетті бір белгісі.

Сондықтан да біз барлық саяси күштерді сындарлы үнқатысуға шақырамыз, бірақ сонымен бірге мұндай үнқатысудың шарты заң шеңберінде саяси іс-әрекет жасау болуы тиіс. Бұған қоса, Конституцияға қарсы іс-қимыл жасауға шақыратындарға байланысты ұстанатын біздің бағытымыз да айнымақ емес – мемлекет заңды саналы түрде бұзып, саяси және материалдық ұпай жинап қалғысы келетін, қоғамның іргесін ырғап көрмек болған арандатушыларға төзіп отыра бермейді.

«Бүгінгі күн дегеніміз – ертеңгі күні түсінетін нәрсе» дейтін сөздің мәніне зер салатын уақыт жеткен сияқты. Қазір болып жатқан өзгерістердің және алдымызда тұрған мәселелердің ауқымын бағамдау үшін алдағы таяу күндерден ойша көз тастап көру қажет. Жалақы мен зейнетақының уақтылы төленбеуі, коммуналдық саладағы қиындықтар, бюджетке қарайтын әлеуметтік салалардың проблемалары, тағы басқа бүгінгі күннің

проблемалары таяу жылдарда шешімін табады. Сонда бүгін біз негізін қалап жатқан нәрселердің арасынан маңызды ерекше болатын не?

Келешек дегеніміз келеңсіздіктерден мұқият түрде арылған бүгінгі күн дейтін сөз бар. Осы мағынада бүгін не істесек те, соның бәрі болашақ дамуымыз үшін негіз жасауға арналады. Біз басым бағыттарымызды айқындап алып, болашақ туралы телеэкранға немесе газет бетіне үңіле қалған білігі кемшін кейбіреулердей емес, сол басым бағыттар биігінен ой толғауымыз керек.

Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтап қалудан маңызды міндет болмақ емес. Мемлекеттің қазіргідей күрделі жағдайда өзінің қорғаныс құрылысын жүргізіп, ол істі барлық қиындықтарға қарамастан жалғастырып отырғаны әлдебіреулердің ойына түсе қалған нәрсе емес, мәнін болашақ ұрпақтарымыз бағалайтын қажеттілік.

Соңғы жылдардың бәрінде Қазақстан қолданып келген саяси құралдардың бай арсеналы да идеалистік әсершілдіктен ада екенін айқын сезінуіміз керек. Мұның барлығы да тәуелсіздік пен аумақтық тұтастықты нығайтудың құралы. Интеграциялық үдерістерді де нақ осы тұрғыда қарастырамыз.

Осы кезеңдегі біздің басымдығымыз – экономиканы кең көлемде нарық жағдайына көшіру. Нарықтың өзі, әрине, өзіндік бір аясы тар мақсат емес, ол бізді дерт біткеннің, әлеуметтік мұқтаждық атаулының бәрінен құтқара да қоятын дауа да емес, бірақ дәл бүгін тиімді экономика қалыптастырудың бұдан басқа жолы жоқ. Мұндай экономикасыз Қазақстанның нағыз тәуелсіздігі де болмайды, адамдарымыздың тұрмыс-тіршілігі де оңала қалмайды.

Осы арада мына бір тақырыпта ой қозғасам деймін. Кешегі даңқты күндерімізге қайтып оралуға шақырып жүргендерді, нарық ұлттық дамуымызға қауіп төндіреді-міс дейтіндерді, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарды бәз-баяғы қалпында сақтап, сол күйінде ұстауды талап ететіндерді нағыз отаншылдар деп әспеттеу, меніңше, соны айтатын адамдардың өздерін де жалықтыра бастаған сияқты.

Ұлттың, мемлекеттің мүддесін қыздырмалы қызыл сөзге айналдырмай, сол іспен күнбе-күн білек сыбана айналысатын адамдар, егер біз әлемдік нарықтың қатаң талаптарына бейімделе алмасақ, Қазақстанның тәуелсіз экономикасы да болмайтынын әлдеқашан түсінгендей көрінеді.

Демократиясы дамығалы, нарықтық институттары орнағалы бір жарым ғасыр өткен дәулетті елдерде халық еркінірек, жағдайы бізден гөрі жақсырақ, әлеуметтік бағдарламалары жомарттау екен деп қырық қайталап айта бергеннен ештеңе шықпайды. Оған біз де жетеміз. Бірақ бүгін де, ертең де емес. Оған қол жеткізу үшін бұдан бес жыл бұрын ешкім де көзге нақты елестете алмайтындай қағидаттарға негізделген толыққанды экономиканы қалыптастыруымыз керек. Әркім өзінің игілігіне еңбек етсін, сонда мемлекеттің де игілігі артады. Сондай-ақ әркім осы күрделі кезеңде өз еліне қол ұшын беруге ұмтылуға тиіс. Бүгін таңда масылдыққа еш жерде орын болмауға тиіс. Игілікке кенелу туралы айтпас бұрын алдымен нақты бір нәрселерді жасап алу керек.

Біздің стратегиялық мәні бар басым бағыттарымыздың бірі – ұлтаралық келісім. Біз ұлт проблемаларын шешуге эволюциялық тұрғыдан келуді жақтаймыз. Осылай еткеніміздің жемісін көріп те отырмыз. Бұл

– жеке адамның пікірі емес. Мұны әлеуметтік, атап айтқанда, көші-қон статистикасы, басқа да көптеген зерттеулер қуаттайды. Экономикадағы елеулі қиындықтар тұсында, саяси-құқықтық салада түбегейлі өзгерістер жасап жатқан кезде бізде ұлтаралық қақтығыстар болмағаны осы жылдардың маңызды нәтижелерінің бірі ғана емес, мұның өзі болашаққа берік негіз қалайтын жай. Кеңестіктен кейінгі кеңістікте ұлт мәселесін күшке салып шешеміз деген әрекеттердің бәрі жүздеген, мыңдаған адамның қанымен боялған-ды. Өкінішке қарай, бұл кездейсоқтық емес, заңдылық. Қит етсе күш көрсетумен үркітіп, ұлт мәселелерін тасалап тұншықтырған тоталитарлық жүйенің шаңырағы ортасына түскен кезде аса күрделі ұлт мәселесін реттеудің жаңа тәсілдеріне үйрену қажеттілігі туды. Бұл ғылымға алаңда алақайлаумен көзге түсіп, билікке ұмтылған талай адамдардың тісі батпай-ақ қойды. Бір халықты бір халыққа айдап салу оп-оңай, ол кез келген жәдігөйдің қолынан келеді. Ал ұлт мәселесін ондаған, тіпті кей тұста жүздеген жылдар бойы қордаланып қалған таптаурын түсініктер мен ұшқары ұғымдардан адамдар санасын арылта алу – көршінің терезесіне тас атқандай таңданарлық іс болмағанымен, ең бір ұсынақты зергердің шеберлігін қажет ететін қиын шаруа.

Біз бір ұстанымға айқын да дәйекті түрде табан тіреуіміз керек, ол бойынша: біздің жаңа тарихымыздың алғашқы бес жылында барлық ұлттық мәселелерді шешудің байыпты түрдегі, күштеусіз стратегиясын жүргізетін болса ғана Қазақстан қуатты да тәуелсіз, аумағы біртұтас, егемен мемлекет бола алады.

Жаңа қоғамға өтудің, қуатты мемлекет құрудың өзекті тетігі – саяси тұрақтылық. Бұл – жәй айта салған

ұран сөзі емес. Бұл ең алдымен осы өткен бес жылдың ішінде өмірге келген жаңа қоғамдық-саяси институттармен – билік тармақтарымен, партиялармен, мемлекеттен тыс бұқаралық ақпарат құралдарымен, тәуелсіз сот жүйесімен қалыпты өзара іс-әрекет етуді білдіреді. Мұндай ықпалдастық салған беттен жемісін бере қалады деп үміт ету дұрыс болмас еді. Дегенмен осы жылдар ішінде жаңа саяси жүйенің құрылымдық әлеуеті жасалды. Ол елдегі тұрақтылық негізгі саяси топтар қызметінің мақсаты мен ұстанар қалыбына айналғанда ғана ойдағыдай дами алады.

Бұл арада қоғамдық дамудың екі түрлі стратегиясын нақты көре білу шарт. Оның біріншісі – нарықтық экономика, құқықтық мемлекет. Дамыған азаматтық қоғам. Тұрақтылық көпэтностық қоғамға және ұлтаралық келісімге арқа сүйейді.

Мұның стратегиялық баламасы қандай? Өміршіл экономика, тоталитарлық мемлекет, ұлтаралық қақтығыс. Келісім мен тұрақтылықты қоғамдық дамудың бірінші үлгісінде ғана құруға болады.

Тұрақтылық сонымен қоса саяси мәселелерді шешудің күшке негізделмеген тәсілдерінің басымдығы да. Осыдан біраз жыл бұрынғы күшке салып өткізілген саяси науқандарды, сондай-ақ кеңестіктен кейінгі мемлекеттердің бірқатарындағы күш көрсету әрекеттерін де біз тез ұмытқандаймыз.

Иә, өздері өмір бойы сеніп өткен мұраттарының күйрегені, туысқандық, достық байланыстарының үзіліп қалғаны, тұрмыс деңгейінің бұрынғыдан нашарлағаны талай адамға оңай тиген жоқ. Одан да ашығырақ айтар болсам, жер-жерде қаулай жөнелген, біздің халқымыз бен мемлекетіміздің ерік-жігерінің арқасында ғана

Қазақстанды шарпымай өткен ұлтаралық қақтығыстардың ғаламат өртіне күйген адамдарға жаңа қоғамдық құрылысты жақсы деп дәлелдеу де оңайға түспейді. Сонда да мен бүгін қазақстандықтарға сіздердің өздеріңіз жасаған таңдаудың дұрыстығына күмән келтіретін арам пиғылды саясаткерлердің сөзіне сенбес бұрын біздің қандай мұрадан бас тартқанымызды және неге қол жеткізгенімізді таразылап көріңіздер дегім келеді. Халықтың ғасырлар бойы тәуелсіздікті аңсаған арманы жүзеге асқаны кімге зиян? Қазақстан бүгінде «КСРО-ның бір бөлігі» емес, жыл өткен сайын әлемдік қоғамдастықта беделі арта түсіп келе жатқан егемен мемлекет болып отырғаны кімге зиян?

Біздің аса бай ресурстарымыз алғаш рет Қазақстан халқына қызмет ете бастағаны кімге зиян? Біздің жерімізді адам өмір сүре алмастай уланған шөл аймаққа айналдырған өлім сепкіш қарудың сыналмайтын болғаны кімге зиян? Біздің жерімізде бейбітшілік пен тыныштық орнағаны, балаларымыздың Ауғанстанда, Таулы Қарабақта, Днестр маңында немесе Шешенстанда ажал құшып жатпағаны кімге зиян? Осының қадір-қасиетін білейік те.

Біз пайда болып жатқан проблемаларда күш көрсетейік демесек, ол біздің әлсіздігімізден емес, одан ешкім дәмеленбей-ақ қойсын. Біздің Конституциямызда мемлекетті және оның демократиялық институттарын қорғаудың барлық жолдары көзделген.

Біз қақтығыстарды күш қолданбай шешуді ұсынсақ, нақ реформалар жүргізіп жатқан күрделі кезеңде бәтуаға келу ерекше қажет еткенін ұғынғанымыздан деп білу керек.

Саяси тұрақтылықты аспаннан түсе қалған сый секілді көруге болмайды. Ол саяси қарым-қатынастар-

дың орнықтылығы мен қоғамдық дамудың дәйектілігіне тікелей байланысты. Сондықтан билік тармақтарының да, саяси қозғалыстардың да мұны есте ұстағаны маңызды. Барлық заңдарды, шешімдер мен іс-әрекеттерді қоғамның тұрақтылығы мақсаттарына сай келетіні тұрғысынан қабылдау керек. Ешкімнің де Конституция талаптарына қайшы әрекет етуге қақысы жоқ. Біз азаматтардың Негізгі заңда айқындалған құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермейміз.

Саяси қарым-қатынастардың орнықтылығы көптеген факторлардың жиынымен қамтамасыз етіледі, солардың ішінде экономикалық тұрақтылық, ұсақ және орташа меншік иелерінің едәуір буыны болуы, заңдардың қатаң орындалуы, әлеуметтік, ұлтаралық, сондай-ақ діни төзімділік өзекті рөлге ие.

Саяси тұрақтылық сақталуының негізгі шарты мықты экономика екенін біз жақсы түсінеміз. Біздің негізгі күш-жігеріміз алуан түрлі саяси қитұрқылыққа емес, дәл осыған бағытталуы тиіс. Реформаларды жақтайтындардың қалың қатарын құру – экономикалық қана емес, идеологиялық та міндет. Бізге қазір жартылай социалистік ұрандардың сыйықсыз қойыртпағы емес, реформашылықтың идеологиясы керек.

Алайда саяси тұрақтылықты тепсе кетпестей ырыс санау дұрыс емес. Шиеленіс шығаратын жерлер, әсіресе әлеуметтік салада аз емес. Жаңа мәселелерді шешудің тетіктерін іске қоспасақ, әр салалардағы реформалардың қарқынын үйлестіре білмесек, жалпақ жұртшылықтың сенімінен шыға алмасақ, онда тұрақтылықтың сақтала қоюы неғайбіл болмақ.

Біз реформаларды күрделі жағдайларда жүзеге асырып жатқан үкіметті қолдаймыз. Бірақ бұл қолдауымыз адамдардың күнбе-күнгі өмірлік мәселелері қалай

шешілетіндігіне тікелей байланысты. Олай болмаған жағдайда үкіметке басқа адамдар келуі керек.

Біз өтпелі кезең туралы көп айтамыз. Бірақ оның қашан аяқталатынын ешкім де нақты айта алмайды. Ал ол кешегі күнге қайта оралуға болмайтындай жағдай жасалғанда аяқталады.

Өтпелі кезеңнің өзі – әртүрлі қоғамдық-саяси күштердің қақтығысы. Әңгіме кез келген мемлекетте кездесе беретін саяси кереғарлықтар туралы болып отырған жоқ. Әңгіме дамудың әртүрлі екі стратегиясы туралы: бірі – әрқилы әдемі ұрандармен боялып, сылап-сипалған болса да өткен кезеңге қайта оралу да, екіншісі – бұрынғы қоғамдық институттарды түбегейлі алмастыру. Осынау екі түрлі мүдденің, екі түрлі стратегияның, екі түрлі идеологияның, екі түрлі көзқарастың қақтығысына біз күнбе-күн куә болып келеміз, сондықтан өзгерістердің осы болғаны – болған, мемлекеттің барлық проблемалары түбегейлі шешілді деп сеніммен айтуға әлі ертерек.

Кез келген өтпелі қоғамдағы әлеуметтік құрылым орнықсыз болады да тез өзгереді. Бұл арадағы мәселе материалдық өзгерістерде ғана емес, барлық әлеуметтік топтардың қоғамдық мәртебесі алмағайып күйге түсетіндігінде.

Осының бәрі бас-аяғы 5 жылдың ішінде болғандықтан, бұқаралық сананың бұл өзгерістерге тиісінше бейімделіп, үлгере алмай қалатынына таңданудың жөні жоқ. Өз кезегінде бұл жанға тиіп, идеологиялық аңсарлық туғызып, кейде тоталитарлық утопия түрінде, ал енді бірде ауыл арасындағы социал-реформизм түрінде көрініс береді.

Осы солшыл немесе солшыл-орташыл ыңғайдағы доктринашылдық сырттай қарағанда тартымды-ақ

болып көрінгенімен, Қазақстанның болашағына сүйеу бола алмайды және ол көбінесе объективті себептерге байланысты.

Біздің қоғамымыз құрылымдық тұрғыдан алғанда таяу жылдардың өзінде бірнеше ірі топтардан тұратын болады. Олар – ұсақ және орта меншік иелері, олар – жалдамалы еңбекпен айналысатындар, олар – ірі ұлттық капитал. Әрине, қоғамды басқаша өлшемдер мен жіктеулер бойынша да қарастыруға болады, дегенмен бұл арада нақты және жаппай әлеуметтік мүдделер осы топтардың іс-әрекеті арқылы білінетіндігін ұғыну өте маңызды. Әлеуметтік серіктестіктің қандай тетіктері іске қосылатынын біздің күнделікті жұмысымыз бен нақты экономикалық мүмкіндіктеріміз айқындайды. Қазақстан қоғамының жаңа жағдайға, жаңа әлеуметтік құрылымға бейімделуі революциялық, ұраншылдық арқылы емес, нақ осы әлеуметтік серіктестік арқылы жүруі керек.

Осы азын-аулақ 5 жылда әлеуметтік институттарға қатысты қандай өзгерістер болды?

Ол – меншік иелерінің тұтас бір буынының дүниеге келуі; ол – баға еркін белгіленетін болуы; ол – тың тұрпатты сот жүйесінің жасалуы; ол – шаруашылық жүргізуші орындардың қалайда жоспар орындауды емес, кіріс табуды көздеуге көшуі; ол – қатаң бәсекенің өрістеуі; ол – қаржы көздерінің мемлекеттен тыс инфрақұрылымы жасақталуы; ол – ашық экономиканың қалыптасуы; ол – қор рыногының құрылуы және т. б. Кейінгі екі жылда еліміздің мәдени өмірінде де елеулі жаңалықтар болды.

Ұлы ақындарымыз Абай мен Жамбылдың бір жарым ғасырлық тойларын лайықты деңгейде өткіздік.

Рас, қазірше нарықтық инфрақұрылымның барлық нышандары бірдей дамып кете қойған жоқ, дегенмен біз бүкіл дүние жүзі жүріп өткен жолға түсу үшін батыл қадам жасай алдық. Бізді сынаушылар бұрынғы мемлекеттік реттеуге қайта көшу керек дегенде, жаңа жағдайларға бейімделіп үлгерген экономиканы біржола құртып тынатынымызды түсінбейді. Міндет қысыр әңгімемен мін тағуда емес, жүзеге асырылған реформалардан әлеуметке мүмкіндігінше көбірек пайда келтіруде.

Қоғамдық институттардың жеріне жете реформаланбауы, әміршіл экономиканың қалдықтары мен нарықтық институттар сипатының араласып келуі – өтпелі қоғамның ең басты сипаттары мен проблемаларының бірі. Қазақстанның ХХІ ғасырға толыққанды жұмыс істейтін нарықтық жүйемен енуін қамтамасыз ету де бүгінгі таңдағы аса іргелі міндеттердің бірі болып отыр.

Сонымен, өз бойына оқиғаларды кейіннен тарих деп аталатындай тығыздыққа дейін жинақтаған осы бесжылдықта біз не нәрсеге қол жеткіздік?

Біріншіден. Біз жаңа мемлекеттіліктің негізін жасадық. Бұдан жүз жыл бұрын үзілген эволюциялық үдеріс қалыпты арнасына қайтып оралды. Ал бүгін таңда қалыптасып жатқан нәрселерді ауқымы жөнінен ұлттың өткен жолының бірде-бір кезеңімен салыстыруға болмайды.

Екіншіден. Біздің нарықтық экономика құруға қарай шешуші ұмтылыс жасауымыздың сәті түсті. Балаң бағалауды былай қойып, шындықтың бетіне тура қарайықшы. Әлемнің нарықтық реформациялар шапшаң

және дәйекті жүргізілген аймақтарында бүгін таңда тұрмыс деңгейі күрт көтерілді, ал табансыздық пен жартыкеш әрекеттер бой көрсеткен жерде бұл қадам тұйыққа апарып тіреді. Біз бес жыл ішінде серпінді ілгері ұмытылуымызға қажетті институттарды құрдық.

Үшіншіден. Бүгін таңда нашар түсінілетін, бірақ құқықтық жүйеде ұзақ мерзімді нәтижелері болатын бетбұрыс жасалды. Біз ілгері қарай алыс кеттік және күні кешегі тоталитаризмнің сүргінге толы құқықтарынан мәңгіге құтылды деп үміттенемін, біз жекедара партияның, сөздің шын мәнінде қалыпты партия бола да алмаған, өктемшіл мемлекеттік аппаратқа айналған партияның өктемдігін талқандадық. Қысқасын айтқанда, азат қоғамның құқықтық негізі жасалды.

Төртіншіден. Біз жас мемлекеттігіміз қалыптасуының мейлінше күрделі жолын қан төгусіз өттік. Бұрынғы мемлекет пен қоғамдық құрылыстың қас-қағым ыдырауы жағдайында көпұлтты және көпдінді мемлекет үшін мұның қаншалықты күшке түскенін тек келесі ғасырдың тарихшылары айтатын болар. Бірақ бұл – біздің даусыз жетістігіміз, онда халықтың кеменгерлігі де, басшылықтың саяси ерік-жігері де анық көрінді.

Бесіншіден. Қазақтың мемлекеттік бірлестіктері ежелгі қытай, араб және еуропалық дерек көздерінде айтылғанымен, Қазақстан ешқашан мемлекет ретінде осылайша дүниеге танылған емес. Бұл соңғы бес жылдың жетістігі, сондықтан Қазақстанның ыдырап кеткен империяның шет аймақтағы түкпірінен дүниежүзілік қоғамдастық құрметтейтін және ядролық қарусыздану сияқты ғаламдық үдерісте орасан рөл атқарған тәуелсіз мемлекетке дейінгі ауқымы жағынан ғаламат жолды

жүріп өткенін есте сақтайық. Егер әлем бізді топтасқан, демократиялық, бір пікірлестердің экономикалық қуатты қоғамы ретінде көретін болса, дүниежүзілік қоғамдастық Қазақстанды осы сапада тани беретінін түсіну маңызды.

Қазақстан тәуелсіздігінің он жылдығын ХХІ ғасырда атап өтетін болады. Ғасырлар тоғысында ұлттар мен мемлекеттердің алдына тарихи таңдаудың проблемалары айрықша өктем қойылатын бір оғаш ақиқат бар. Уақыттың үніне дұрыс жауап қайтаруға тек қазіргі ғана емес, ертеңгі ұрпақтың да өмірі байланысты болады. Біздің басым бағыттарымызды тұжырымдап көрейін.

Бірінші. Мемлекеттік, тәуелсіздік – тарихтың сыйы емес және тек қазіргі ұрпақтың бір өзінің ғана меншігі емес. Бұл – өткеннің алдындағы парыз және болашақтың алдындағы жауапкершілік. Қазіргі ұрпақтың рөлі мынада – ол осы мемлекеттік пен тәуелсіздікті тек нышандармен ғана емес, олар қандай сүйкімді болып көрінсе де, қайта нақты мазмұнмен толықтыруға тиіс. Жай ғана саяси тәуелсіздік пен күшті мемлекет арасын орасан зор қашықтық бөліп жатыр.

Біздің мақсатымыз – Қазақстанның тәуелсіздігін ақиқат шындыққа айналдыру, экономикалық, құқықтық, әскери, ақпараттық өлшемдегі ақиқат шындыққа айналдыру. Бүгінгі мемлекеттің айна-қатесіз ақиқаты осындай.

Екінші. Біз бүгін тарих тағылымдарын жақсырақ түсінеміз. Мәселе тек түсінуде ғана емес, сонымен қатар қорытынды шығара білуде. Ұлттық тарихымыздың ең бір алмағайып сәттерінде халық бірігу үшін әрқашан да күш таба білді, алайда ұлттық ыдырау тетіктерінің соншалық тез іске қосылуы да мәңгілік лағнетке батыра-

тын. Біз ғасырлар бойы шыға алмай келген ескі қақпанға түспес үшін, атам заманғы таптаурындықтардан іргені аулақ салуымыз керек. Сондықтан біздің міндетіміз шынайы ұлттық топтасуға қол жеткізуде болып отыр, онсыз біздің мемлекетіміздің болашағы жоқ.

Үшінші. Ұлтаралық келісім – тәуелсіздігіміздің бірінші және екінші бесжылдығының мәселесі емес және жалаң саяси прагматизмнің де мәселесі емес. Біз қарапайым екі ақиқатты ұғынып, келесі ұрпаққа жеткізуге тиіспіз: Қазақстан әрқашан да көпэтносты мемлекет болады және ешкім, ешқашан қандай да бір ұлттық тазартуды жүргізбейді; біздің көпэтностығымыз – орасан зор мәдени, экономикалық және саяси ресурс. Алдымызда қарапайым міндет тұр – біздің бәріміз азаматтық тұтастығымызды сезінуге тиіспіз. Бірақ осындай қарапайымдылықтың астарында орасан зор күрделіліктер бой тасалауда: өткенді аңсау да, сен ағамсың, сен інімсің деген сияқты жасыңқы жаман әдет те бар. Жаңа саяси болмысты – тәуелсіз Қазақстанды неғұрлым тезірек мойындасақ және әркім оның тағдырына өзінің қатыстылығын тезірек сезінсе, біздің ұлтаралық татулығымыз да солғұрлым бекем бола түседі.

Төртінші. Бостандық пен тәуелсіздік – тек мемлекеттің сөзсіз талабы ғана емес. Миллиондар мемлекеттің тағдырына тікелей қатыспайынша оның келешегі жоқ. Мемлекет саған не беруге тиіс деген сұрақ қисынды да әділетті, бірақ мемлекеттің тарихындағы ең маңызды кезде сен өзің ел үшін не істеп жатырсың деген сұрақ та әділетті болмақ. Біздің ата-бабаларымыз, біздің өр кеуделі өжет халқымыз да қиын-қыстау жылдарда өздеріне осындай сұрақ қойған. Бүгін отаршылдық пен тоталитаризм ғасырларынан кейін мемлекеттің тағдыры әрбір адамның азаматтық өлшеміне айналуға тиіс.

Және, ақыр аяғында, бесінші. Бүгін біз қандай қоғам құрып жатырмыз деген ойға батпауымыз мүмкін емес. Иә, жай ғана құқықтық көзқарас тұрғысынан алғанда, барлығы заңмен тұжырымдалып, нақпа-нақ айқындалған: біз әділетті қоғам құрғымыз келеді.

Бірақ нарықтың әлеуметтік проблемаларды өзінен өзі шеше салмайтыны сияқты, әділетті қоғам да декреттермен құрылмайды. Нарықтық романтизмнің немесе құқықтық абстракциялардың кезекті утопиясына шомып кетпеу үшін, біз халықтың жаппай күтіп отырған нәрселерін парасаттылықпен бағалай білуге тиіспіз. Әрине, әділетті қоғам – қайыршылықтағы теңдік емес, бірақ ақсүйектік сатылары да емес. Нарықтық экономикасы бар еркін тәуелсіз мемлекеттегі әділеттілік – ең алдымен баршаның заң алдындағы теңдігі. Жас мемлекеттердің ежелден белгілі дерттері – жемқорлық, қылмыстың жүгенсіз кетуі мен бюрократтық өктемдік – ең терең реформалардың мәні мен мазмұнын бұрмалап жіберуі мүмкін. Реформалардың әділеттілігіне деген жаппай сенімсіздік қаупі нақ осы арада бой тасалап жатыр, құқықтың нақты жұмыс істейтін тетіктерін жасау – ғасырдың соңындағы ең басты міндеттердің бірі нақ осы.

Біздің буын ту сыртынан тарихтың тынысын сезіп тұр десек, ол қыздырмалы қызыл сөз емес. Ол – миллиондаған ата-бабаларымыздың алдындағы, Даланың ұлы билеушілері мен батырларының алдындағы, осы жүз жылдықтың алғашқы отыз жылындағы керемет дарынды мемлекет қайраткерлерінің алдындағы, бәрінен бұрын талай жылдардан кейін тәуелсіз мемлекеттердің сапында өз орнын қайта тапқан халқымыздың алдындағы ерекше жауапкершілік.

Мұндай тағдыр жер бетіндегі халықтардың бәрінің маңдайына жазыла бермейді, қысқа ғана уақыт аралығында осыншама күрделі міндеттерді шешу де кез келген халықтың талайына бұйырмаған. Өзіміздің қуатты мемлекеттігімізді құра отырып, тиімді экономиканы қалыптастыра отырып, ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтап қалу – ХХІ ғасырдың табалдырығындағы біздің міндетіміз осы тілде тұжырымдалады. Әртүрлі ғасырлар мен әрқилы дәуірлерде тарих біздің халқымыздың алдына қоятын міндеттерін өте қатал, кейде тіпті қатыгез тілмен тұжырымдап отырған, мемлекеттігімізден айрылғанда да біздің халық ретінде сағымыз сынған жоқ. Ғасырлар тоғысында тұрған осы сәтте де біз болмысты боямалаудан аулақпыз.

Алайда ұлттық тарихымыздың қандай бел-белесінде де біз өзіміздің мемлекеттігімізді сан ғасырлар бойы тапжылмай тұратындай етіп құруға дәл осындай мүмкіндік алып көрген емеспіз. Тағдырдың осы сирек сыйын пайдаланып қалу біздің ұрпақтың маңдайына жазылыпты.

Осы бақыт үшін біз баршамыз тәубе дейміз, осы жолда біліміміз бен білігімізді, қайратымыз бен қабілетімізді, қажет болса, жанымыз бен қанымызды аямай жұмсаймыз.

Баршаңызды Тәуелсіздік күнімен тағы да шын жүректен құттықтаймын!

Нұрлы Отанымыз – тәуелсіз Қазақстанның бағы жанып, абыройы арта берсін!

Қазақстан Республикасы
судьяларының I съезінде
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1996 жылғы 19 желтоқсан

Құрметті делегаттар!

Сіздерді сот қоғамдастығының жоғары форумы жұмысының басталуымен шын жүректен құттықтаймын және оның жұмысына табыс тілеймін. Біз Қазақстан тәуелсіздігінің 5 жылдығына байланысты салтанат өткізілгеннен кейін кездесіп отырмыз. Соған байланысты да құттықтауымды қабыл алыңыздар.

Тәуелсіздік бізге өз мемлекеттігімізді құру жөнінде орасан зор міндеттер жүктеп отыр. Бүгін мен сіздермен егжей-тегжейлі әңгімелесіп, сіздерді тыңдамақшы болып келдім, өйткені судьяларға аса жауапты міндеттердің бірі – сот-құқық реформасын жүзеге асыру жүктелген.

Оның негізгі мұраттары өздеріңізге белгілі, ол – биліктің сот тармағын нығайту, соттың беделін арттыру, құқық қорғаушылық мүмкіндіктерін кеңейту. Съезд осы міндеттерді іске асырудың нақты тетіктерін айқындай алатын болар деп ойлаймын. Бірақ ең бастысын, әлбетте, сіздердің нақтылы қызметтеріңіз шешетін болады.

Бағзы замандарда-ақ: «Заң дегеніміз – сөйлемейтін судья, ал судья дегеніміз – сөйлейтін заң» деген екен. Яғни сіздердің заңды қалай қорғайтындарыңыз, заңдылықты қаншалықты бейнелей білетіндеріңіз көбіне-көп біздің мемлекетіміздің құқықтық бейнесін танытатын болады.

Сот әрбір адамның және бүкіл қоғамның алдында жаңа сапада қалай көрінетініне өте көп нәрсе байланысты. Егер тоталитарлық жүйе жағдайында ол алдымен билік жүргізуші топтың мүддесін, тек содан кейін ғана жеке адамның мүддесін қорғаған болса, енді сот қызметіндегі бірінші орынға жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау шығып отыр.

Мен мұндай өзгерістер оп-оңай, өздігінен жүзеге аса қалады деп ойламаймын. Белгілі бір дәрежеде сот корпусының, тіпті тұтас алғанда елдің бүкіл халқының санасында төңкеріс жасау қажет болады.

Біз, ақыр соңында, сот – мемлекеттік аппаратқа бағынатын оның әлдебір шылауы дейтін бұрынғы қасаң көзқарасты санадан сылып тастауымыз керек. Билік бөлісу жағдайында сот, біртұтас мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде, өзі оның сот әділдігін жүргізу кезіндегі тәуелсіз органына айналады. Ол тек қана заңға бағынады.

Біз құқықтық демократиялық мемлекет үшін міндетті саналатын осы даусыз шындықты қоғам өміріне дәйектілікпен, біртіндеп орнықтыра беруіміз керек.

Бұл жолда істелген жұмыс аз емес. Ең бастысы, сот жүйесін реформалау жүргізілді. Ол 1995 жылы Қазақстандағы жаңа сот билігінің негізін салып берген Конституцияның қабылдануымен басталды.

Өткен жылғы желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлықтың қабылдануы елеулі оқиға болды. Ол – сіздердің мәртебелеріңізді айқындайтын, соттардың қызметін ұйымдастыруды реттейтін басты заңнамалық акт.

Өткен жыл да көптеген оқиғаларға бай болды. Елдің Жоғары сот кеңесі, судья кадрларын іріктеу мен орналастыру тетігіндегі маңызды буын – Әділеттің біліктілік алқасы құрылып, жұмыс істей бастады. Ендігі жерде сот корпусын қалыптастыру құпия түрде емес, нағыз демократиялық негізде жүргізіледі, ол ашық, жариялы сипатта.

Біздің тарихымызда тұңғыш рет аттестациялау жүргізіліп, бүкіл сот корпусы соның «елегінен» өтті. Аттестациялық комиссиялардың жұмысында кемшілік болмады дей алмаймыз, дегенмен тұтастай алғанда олардың жұмыстарын оңды бағалауға болады.

Өздеріңіз білесіздер, Жоғары сот кеңесінің соңғы мәжілісінде Жоғарғы соттың құрамы анықталды, облыстық соттардың төрағалары, олардың алқаларының төрағалары мен судьялар қызметтеріне тағайындалды. Одан ертеректе менің жарлығыммен аудандық, қалалық соттардың судьялары тағайындалған болатын. Сөйтіп, бізде сот жүйесінің барлық деңгейінің кадрлық құрамын қалыптастыру аяқталды.

Жүргізілген өзгерістер туралы айтқанда, сіздердің назарларыңызды мына бір жайға аударсам деп едім. Иә, біз бұрынғы сот жүйесінің ғимаратынан ескі-құсқының бәрін лақтырып тастадық та, соттардың қызметінің жаңа формаларын орнаттық. Бірақ бұлар әзірге тек формалар ғана. Олар енді нақты мазмұнмен толықтыруды қалайды. Мен ең әуелі соттардың шын мәніндегі тәуелсіздігіне жетуді, сот әділдігінің өзінің сапасын және сот корпусын даярлаудың деңгейін арттыруды айтып тұрмын.

Қазіргі дүниеде сот әділдігі қатаң риясыздық пен заң ұйғарымын бұлжытпай орындауға сүйенетінін сіздер білесіздер. Тек қазіргі дүниеде ғана емес. Қазылар мен соттардың қандай болуы керекін айтқанда, қазақтар ежелден-ақ «тура би» дейтін сөзді пайдаланған. Адамдардың санасында қашанда өз құқықтары мен заңды мүдделерін сот сенімді түрде қорғайды дейтін үміт сәулесі сөнбейтін болған. Бірақ, амал не, ол үміт әмісе ақтала бермейтін. Қазіргі уақытқа дейін солай болып келді. Бұл құбылыстың себептері бізге түсінікті.

Неге десеңіз, сот шешімдері қалтарыс бизнес алпауыттарының, сыбайлас шенеуніктердің мүдделерін қозғайды. Ал олардың түсінігінде билік деген – солардың өздері. Осыдан келіп судьяларға қысым жасалады, жақын кездерге дейін орасан зор өріс алған «телефон құқығы» араға жүреді. Бұл маскара көріністерге біз заң жүзінде нүкте қойдық. Енді сол нүкте күнделікті өмірде де, сіздердің өз тәжірибелеріңізде де қойылса құба-құп.

Сондықтан мен сіздерге: елдің Президенті ретінде бұлжытпастан судьяларды қорғаймын, олардың тәуелсіз мәртебесінің кепілі боламын деп кәміл сеніммен айтамын. Ал мемлекет елде тәуелсіз және риясыз

сот әділдігін жүзеге асыру үшін қажетті жағдайдың бәрін жасайтын болады. Біз ең бастысын жасап та қойдық – судьялар тәуелсіздігінің конституциялық және заңнамалық кепілдіктерін құрдық. Олар сот әділдігін жүргізудің жіті жол-жосығынан, сот қызметіне қол сұғушылық, оны құрметтемеушілік үшін қылмыстық және басқа да жауапкершіліктен көрінеді. Судьяларды ауыстыруға болмайтындығының, оларды Президент тағайындайтындығының, олардың өкілдігін тоқтату тәртібінің қатаң қағидаттары, сондай-ақ судьяларды материалдық қамтамасыз ету мен әлеуметтік қорғаудың шаралары белгіленді. Соттардың қызметіне қажетті ұйымдық-техникалық жағдайлар жасалуда.

Әрине, сот органдарының проблемалары жетіп артылады. Қаржыландыру мәселелері оңайлықпен шешіле қоймайды, ол тіпті де тұрақты емес.

Мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктері шеңберінде, сөз жоқ, судьяларды және олардың мүлкін қамсыздандыру, медициналық қызмет көрсету мен санаторийлік-курорттық емдеу мәселелері шешілетін болады. Судьяларды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңнаманы жаңарту керек.

Біз сіздерге қажет нәрсенің бәрін берсек дейміз. Біздің судьяларымыз адал да әділ болуы үшін мемлекет тағы не істеуі қажет?

Бұл, былайша айтқанда, істің ұйымдық жағы. Сонымен бірге мені сот әділдігін жүргізудің сапасы алаңдатады. Жазаның бұлтартпастығы қағидатын іс жүзінде қамтамасыз ететін нақ сіздер болуларыңыз керек. Әйтпесе қылмыспен күрестің тектен-текке мәні кетеді. Адам мүддесінің күзетінде нақ сіздер тұруларыңыз керек. Әйтпесе ол, бұрынғысындай, сотты айналып өтетін болады.

Менің бұл тақырыпты талай мәрте көтеруіме тура келген, бірақ түбегейлі өзгеріс бола қойғаны байқалмайды. Сот ісін сүйретпеге салудың шегі-шегі көрінбейді. Азаматтық және шаруашылық істері бойынша тараптардың жылдап соттасатыны үйреншікті болып алған. Ол ол ма, тіпті бұрмалау, істелген іске лайықты емес жаза белгілеу орын алып жүр. Соның салдарынан заңсыз шығарылған үкімдер мен шешімдер бұзылып жатады. Ал шынында сот әділдігінің ең мәнді белгісі – шара өлшемінің заң нормасына қатаң сәйкесуі ғой.

Әңгіме жеке, мемлекеттік емес құрылымдарға келгенде, базбір судьялардың тым қатты құлшынып, қызығушылық танытатынын көріп жүрген жоқпыз ба. Ал мемлекет өзінің заңды мүдделерін қорғау жөнінде мәселе қойса, судьялар тарапынан ондай құлшыныс бола қоймайды. Естеріңізде болсын: судья қоғам мен мемлекет алдында аса жоғары жауапкершілікке ие, ол елдің Конституциясы мен заңдарында жазылған оның саясатын жүргізуші болуы тиіс.

Тағы айтайын дегенім: ешқандай созбұйдаға салмай, тез бітіруге болатын істерді (әрине, дәлелді негізі жеткілікті, айқын іс болса) «андалақ пен мұңдалаққа» салуды доғару керек. Осы мақсатпен, менің тапсыруым бойынша, Қылмыстық істерді жүргізу кодексі мен басқа да біраз заңдарға өзгертулер мен қосымшалар енгізу жөніндегі заң жобасы жасалды, енді ол Парламент депутаттарының қарауына беріледі.

Соның мәнін айтып өтейін. Ол – тергеу тетігінің тиімділігін арттыру, жасаған адамдары белгілі, даусыз қылмыстар мен елеулі қоғамдық қаупі жоқ қылмыстарды тергеу мерзімін қысқарту.

Сонымен бірге, тергеу тетігін алдағы оңайлату қылмыс жасаған деп күдікке ілінген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасаумен әсте байланысты болмайды.

Бүгінде көптеген сот шешімдері меншік иелерінің экономикалық мүдделеріне қатысты. Меншікті қорғау проблемалары сот практикасында, тіпті бүкіл қоғамымыздың өмірінде барған сайын ерекше мәнге ие бола береді деп ойлаймын. Меншік иелерінің заңды мүдделері мен олардың капиталын құқықтық қорғауға бағытталған алаңдатушылық пен нақты іс-әрекеттер – өзіміз бет алып бара жатқан мемлекеттік құрылымның өзекті сипаты. Бұл тұрғыда біз сындарлы өзгерістерді бастан кешудеміз.

Осы жақында ғана соттар жеке кәсіпкерлікпен айналысқаны үшін азаматтарды қатаң қылмыстық жазаға тартатын. Ал бүгін біз оларды қорғау мен қолдауды міндеттейтін заңдарға ие болып отырмыз.

Егер біз жариялы түрде қалыптасып келе жатқан капиталдар мен еңсе көтере бастаған меншікшіл тапты пәрменді құқықтық қорғаумен қамтамасыз ете алмасақ, онда біздің экономикалық реформаларымыз тұйыққа тіреліп, экономикамызды қаржылық жағынан сауықтыруға өте-мөте қажет болып отырған шетелдік инвестицияларды тартуымыз мейлінше қиынға соғады. Инвестор өзінің қауіпсіздігіне сенімді болмаса, қанша тиімді жағдай жасауға уәде еткенімізбен, ол бізге қарай аттап баспайды.

Біз барлық саладағы қарқынды өзгерістер дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Әрине, заң шығарушы көп ретте шапшаң өріс алған экономикалық реформаларға ілесе алмай жатады және ілесе қоюы да қиын. Қолда-

ныстағы заңнамалық актілердің кейде экономикалық сәйкестілікпен қарама-қайшы келетіні бар. Өз шешімдерінде судья тек заңды басшылыққа алуы керек екені сөзсіз, әйтпесе ол судья емес. Дегенмен сіздерге сот практикасын талдау мен қорытындылауға белсене қатысудың барлық мүмкіндіктері бар. Мен заңнамалық нормалар ескірген жағдайларда сіздер заң шығарушының сол нормаларды дер кезінде қайта қарауына түрткі болып, бар назарларыңызды соған аударғандарыңызды қалар едім.

Дегенмен нормаларды қайта қарамас бұрын оларды білу керек.

Ал бүгін базбір судьялардың заңнамада ауа жаппылып, нормативтік-құқықтық қағидаттардың ішінен нақты іске қолданылуы тиіс заңды таба алмай қарманатынын байқап жүрміз. Бұл деген масқара ғой!

Осыған байланысты мен Әділет министрлігінің алдына өзінің күш-жігерін сот корпусының құқықтық білім деңгейі мен сапасын арттыруға жұмылдыру міндетін қоямын. Бұл жұмыс тұрақты негізде жүргізілуі тиіс. Әрбір судьяның Қазақстан Республикасының Конституциясын нақпа-нақ білуі қалыпты жағдайға айналатын болсын.

Конституция тікелей әсерлі акт екені белгілі. Сондықтан сіздер, сот әділдігін атқара отырып, ең алдымен соның нормаларын басшылыққа алуларыңыз керек. Ал сөйте тұра, Конституция нормасына сілтеме жасаған бірде-бір сот шешімін көрмейсің.

Кез келген соттың немесе судьяның жұмысы адами өлшем нормалары бойынша құрылуы керек. Адамдардың әділетке сенуі көбіне-көп сіздерге, судьяларға байланысты. Қазіргі мемлекеттік құрылыс жағдайында

біз әзірге әркімнің экономикалық бақуаттылығына кепілдік бере алмаймыз. Бірақ адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтауды, оны құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге біз міндеттіміз. Бәлкім, бүгінгі күндегі ең бастысы осы болар.

Неге десеніз, азаматтың сезімі ең алдымен кез келген өктемдіктен, заңды мүдделері мен жеке абыройына қол сұғушылықтан мемлекеттің күшімен қорғалатынын сезінуге негізделеді ғой. Біздің қоғамымыздағы түбегейлі өзгерістер тек экономикалық реформалармен ғана емес, осымен де айқындалады.

Әділетке деген сенімін жоғалтқан немесе сот сүйретпесімен әбден сілікпесі шыққан азаматтың, адамның көңіл күйі қандай болуы керек деген сұрақ туады.

Адамдардың сіздерге баруға құлқы болмайтыны өздеріңізді қапаландырмай ма? Әзірге құқықтарының кез келген бұзылуына байланысты олар бірден ең жоғарғы орынға шағымдануға ұмтылады. Бұрын жұрт ханға немесе патшаға, содан соң – Бас хатшыға жүгінсе, бүгін – Президенттен бір-ақ шығатын болды.

Дегенмен бұл проблеманың екінші жағы бар. Оған өздеріңіз де куә болып жүрсіздер. Біздің адамдар, қатардағы азаматтар бір қарағанда ұсақ-түйек, болымсыз көрінгенімен, бірақ өздері үшін аса маңызды проблемаларымен де сот орындарына жүгініске бармайды. Өйткені ұзақ айларға созылатын созбұйдаға немесе жәй ғана енжарлыққа тап келуден қорқады.

Мен сіздердің сол жағдайды еңсеретіндеріңізге, сөйтіп, азаматтардың өз құқықтарына араша сұрап баратын жері сот боларына, тек қана сот болатынына сенгім келеді. Ал ол үшін сіздерге барлық жағдай жасалған ғой. Судьяларды мемлекет басшысының тағайындауы әрі

шексіз мерзімге тағайындауы сот корпусына жергілікті кеңестер сайлайтын кезде ешкімнің ойына да келмеген еркіндік пен тәуелсіздік береді.

Бірақ тәуелсіздік пен ауыстырмаушылық қағида-тының судьялар толық бақылаусыз және ойларына не келсе соны істеуге ерікті дейтін жалған түсінікпен ешқандай байланысы жоқ. Бұл – қауіпті үрдіс және бәріңізді содан сақтандырғым келеді.

Естеріңізде болсын: егер судья заң шеңберінен аттайтын болса, ол содан кейін сол салада ешқашан жұмыс істей алмайтын болады. Бұл әсіресе судья пайдакүнемдікпен заң бұзатын жағдайларға қатысты. Опасыздық дегеннен басқа айтары жоқ мұндай жағдайлар заң тұрғысынан ең қатал бағасын алатын болады.

Моральдық жауапкершілік – сот корпусын жемқорлық пен парақорлықтан аман сақтаудың бірден-бір жолы емес екенін ескеру керек. Құлқынның құлы болған судьялардың істерімен таныссаңыз, имандылық туралы сөздерді олар желдің ызыңы құрлы көрмейтініне көзің жетеді. Судьялардың өз табыстары туралы жыл сайынғы міндетті мәлімдеуін енгізу сот ісін жүргізудегі жағымсыз көріністерге ойдағыдай қарсы тұруы керек. Менің тапсыруым бойынша осы рәсімді көздейтін заң жобасы әзірленді. Жақында оны Парламент қарайтын болады.

Тегінде, сот жүйесі бақылаусыз болмауы керек. Сондықтан сот әділдігінің сапасын арттыру мен заңды бұзушылықты жою проблемаларына мемлекеттің, жеке Президенттің өзінің көңіл бөлуін сот билігінің тәуелсіздігіне қол сұғушылық деп бағалауға болмайды. Әйтпеген жағдайда қоғам өзі күткен тәуелсіз соттың орнына соттардың заңнан тәуелсіздігін алатын болады.

Ал егер мораль тақырыбын жалғастыра берер болсақ, онда сіздердің бірінші міндеттеріңіз – сот әділдігінің беделіне дақ түсіретін немесе судьяның объективтілігі мен риясыздығына күмән келтіретін жайлардың бәрінен бойды аулақ салу. Сіздерді сот үдерісінің биік мәдениетінің кепілі боларлық аса жоғары мәдениеттілік ерекшелендіруі тиіс. Басқаша болуы да мүмкін емес.

Сондықтан мен бүгінгі форумда сот билігіне ие болушы адамдар үшін этикалық нормаларды орнықтыратын Қазақстан Республикасы судьяларының Абырой кодексін қабылдау туралы идеяны қолдаймын. Маған әсіресе риясыздық, өзіңнің мәртебелі борышыңа адалдық, құрметтеушілік, төзімділік пен ұстамдылық, лауазымдық міндеттерің мен абырой-беделіңе дақ түсіретін нәрселердің бәрінен аулақ болушылық сияқты қағидаттар ұнайды.

Сот әділдігі жүйесінің қызметін заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету проблемаларына айрықша тоқталсам деп едім. Сіздерді бұл мәселе қаншалықты толғандыратынын білемін. Бұл салада ескінің сарқыншақтарынан үзілді-кесілді арылу керек. Қолданыстағы заңнаманы Конституция талаптарымен сәйкестендіруге бір жылға да жетпейтін уақыт қалғанын ескеру қажет.

Соттардың бұдан 20–30 жыл бұрын қабылданған кодекстерді пайдаланатыны қисынға келе ме? Осы міндетті шешу шеңберінде алдағы жылдың алғашқы жартысында-ақ Парламентке жаңа Қылмыстық, Әкімгершілік, Қылмыстық іс жүргізу, Азаматтық іс жүргізу кодекстері мен тағы бірсыпыра кодекстерді ұсыну керек. Бұл осы заманғы заңнаманы қабылдаудағы кешеуілдеуді біржолата жоюға мүмкіндік береді, сот әділдігін жүргізуге жаңа құқықтық негіз жасап береді.

Құқық қолдану тәжірибесі «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Жарлық та жетілдіруді қажет ететінін көрсетіп отыр. Осыған байланысты мен заңгерлерге бұл жарлыққа өзгертулер мен қосымшалар енгізу туралы заңның жобасын жасауды тапсырдым.

Сот ісін жүргізудің осал буыны сот шешімдерінің орындалуы екенін мен талай айтқан болатынмын. Соның салдарынан олар жылдап іске асырылмай жатады. Бұл проблеманың шешілмеуі сот билігінің беделіне нұқсан келтіреді. Сот шешімдерінің сөзсіз орындалуының пәрменді тетігін белгілеп, осы мәселені жеріне жеткізетін уақыт болды, соның нәтижесінде сот орындаушысы шын мәнінде сот ісін жүргізу шеңберіндегі елеулі тұлғаға айналады.

Атқару ісін жүргізу туралы заңмен қатар сот жасауылары туралы заңды тұжырымдауды аяқтап, қабылдау керек. Олар тек сот билігінің ғана емес, сонымен бірге күллі мемлекеттік биліктің күшін бейнелеп, соттарда тиісті тәртіпті қамтамасыз етуге, судьялар мен іс жүргізуге қатысушыларды қорғау жөнінде өкілдіктерге ие болып, сот шешімдерін күштеп орындатуда сот орындаушыларына ықпалдасуға міндетті.

Қазіргі жағдайда сот жүйесінің жұмыс істеуінде басқа да бірқатар проблемалар пайда болуда. Ең мәнділерін атап өтейін.

Соттар адамға жақын болуы тиіс. Қазір оны істей қою оңай емес әрі ол көбінесе елдің бірталай қалаларында аудандық бөліністің жойылуына байланысты. Қалалық соттарға үлкен күш түсті, оларды басқару проблемасы қиындап кетті. Бірақ жағдайдан шығудың жолы бар. Жергілікті жерлерде сот әділдігін жүргізу жүйесіне

учаскелік қағидатты неге кіргізбеске? Оның мәні соттарды ведомствоға қарасты аумақтарға, сонда мекендейтін жұртшылыққа барынша жақындату болар еді ғой.

Бұл – Әділет министрлігінің міндеттері. Қаржының жетіспеушілігі мен басқа да толып жатқан қиыншылықтарға қарамастан, осының бәрін шешу керек. Президентке, Парламент пен Үкіметке қатысты нәрсенің бәрі сөзсіз істеледі – оған күмәндарыңыз болмасын.

Жоғарыдағы соттар төменгі соттарға көмек көрсетуден бойларын аулақ салмаулары керек, бұл көбінесе консультация беру, тәжірибе алмасу, заңнаманы қолдану жөнінде жәрдемдесіп, сабақ өткізу мәселелерін қамтуы тиіс. Мұның соңғысы әсіресе Жоғарғы сотқа қатысты.

Оның алдына сот практикасын, әсіресе неғұрлым күрделі азаматтық, шаруашылық және қылмыстық істер бойынша тәжірибені қорытындылаумен айналысу міндетін қоямын. Тек құқықтық жүйеде ғана емес, сонымен бірге экономикада, әлеуметтік салада болып жатқан өзгерістерге сәйкес өзі де өзгеріп отыруға тиісті сот практикасының неғұрлым келелі мәселелерін Жоғарғы соттың пленумында қарай келіп, соттарға түсініктеме беріп отыру керек. Елдің ең жоғары сот органы іс жүзінде құқық жасаушылардың біріне, қоғамдық қатынастарды реттеудің икемді, көпнұсқалы аспабына айналуы тиіс.

Соттардың негізгі мәселелері, соның ішінде кадрлық, ұйымдастырушылық, қаржылық және материалдық-техникалық мәселелер Әділет министрлігінің қарауында болғандықтан, сот жүйесіндегі істің жағдайы үшін жауапкершіліктің негізгі жүгін нақ сол өз міндетіне алуы тиіс. Әсіресе әділет органдарына

сотты сыйламаушылық пен сот шешімдерін орындамаушылық көріністеріне қатысты қылмыстар туралы істер бойынша жауап алу құқығы заңды түрде берілуі жоспарланып отырғанына байланысты мұның маңызы арта түседі. Бұл орындаушылық тәртіпті нығайтып, соттың беделін арттыруға мүмкіндік береді.

Және, әлбетте, кадр саясаты туралы. Искерлік те, кәсіби де, моральдық-адамгершілік те тұрғыдан жаңа сот корпусын қалыптастыру – сот реформасының аса маңызды элементі. Қазірдің өзінде елде өз заңгерлеріміздің жасағын әзірлеу жүріп жатыр. Соттарға жаңаша ойлайтын адамдар келуде. Бірақ олар, ескінің сарқыншағынан арылу керек дегенде, жосықсыз жоққа шығарушылыққа ұрынбау керек. Қазақстанда сот органдарында істейтін заңгерлердің дәстүрлі мықты мектебі қалыптасқан. Олардың тәжірибесін ойланбастан теріске шығару, орныққан әдістерін мансұқтау дұрыс емес. Берік теориялық және практикалық білімсіз, елдің бай заңгерлік мұрасынсыз бірде-бір заң қызметкері судья ретінде қалыптаса алмайды. Соңдықтан сот жүйесінің кадрларын даярлауға, жұмыстағы сабақтастыққа қамқорлық та Әділет министрлігінің ұдайы назарында болуы керек.

Соттар мен әділет органдары мемлекет алға қойған күрделі міндеттерді ойдағыдай атқарып шығады деп үміт артамын. Дүниедегі кемелденген елдердің өнегесі мен үлгісін алған қазақстандық соттар да байсалды мекемелерге, ал біздің судьяларымыз – елдегі ең бір қадірлі, азаматтық борышқа адал, абыройлы тұлғаларға айналады деп сенемін.

Сіздерге қиын да жауапты қызметтеріңізде табыс тілеймін.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының
IV сессиясында «Қазақстан халқының азаматтық
таңдауы – тарихи зерде, ұлттық татулық және
демократиялық реформалар» тақырыбында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ақмола қаласы,
1997 жылғы 6 маусым

**Құрметті Ассамблея делегаттары мен
қонақтары!**

Ежелгі әрі мәңгі жас Ақмола жерінде өздеріңізбен
қауышу мүмкіндігі туғанына шын жүректен қуанышты-
мын.

Сірә, оның тарихында тұңғыш рет осындай басалқалы
бас қосу өткізіліп отырған болар, оған қатысушылар
елімізді мекендеген барлық ұлттардың, демек, көп ұлтты

Қазақстанның күллі халқының мүддесін білдіреді. Осы жайт жаңа астана республиканың қоғамдық-саяси өмірінің шынайы факторына, ал бұл ретте ұлтаралық қатынастарды одан әрі тұрақтандырудың өзіндік құралына айналуының айқын куәсі.

Ең алдымен сіздерге аса маңызды әрі уақтылы бастамаларыңыз үшін алғыс айтуға рұқсат етіңіздер, соған сәйкес Қазақстанда ынтымақтастық туралы келісім жасалды. Осы құжатқа қол қойған барлық партиялар, қоғамдық бірлестіктер мен ұлттық-мәдени орталықтар азаматтық татулықты сақтауға деген кепілшілер рөлін өз міндеттеріне алды, ал Ассамблеяның өзі Қазақстан қоғамында айрықша сындарлы рөл атқарып отырған белсенді қоғамдық институт мәртебесін қуаттап берді.

Ынтымақтастық туралы келісім менің жарлығыммен Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланған тұтас 1997 жылға саяси реңк береді. Бұл әсіресе өзіміз саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске түсірген 31 мамыр күні жарқырап көрінді. Барлық қазақстандықтар тарихымыздың қайғылы беттері қайталанбауға тиіс деген бір тоқтамға келді.

Алайда Жыл идеясын талқылаудың өзі кейде біздің тоталитарлық өткенімізді пайымдау қажеттігін түсінбеушілік бар екенін көрсетті.

Осы орайда тарих тағылымдарын ұдайы, ұрпақтан-ұрпаққа игере беру керек екеніне менің көзім әбден жетеді. Әсіресе бүгінгі біздің Қазақстан басынан кешіп отырған қоғамдық және экономикалық дамудың өтпелі кезеңінде осыны естен шығармау керек.

Тоталитаризм сабақтары

Өткен дәуірдің аса ұлы философтарының бірі Иммануил Кант болмысымыздың кез келген азды-көпті маңызды мәселесінің жақсы, жаман жақтарын мұқият талдап отырғандығымен мәшһүр болған. Біздің Ассамблеямызда да Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени дамуының аса күрделі мәселелерін мейлінше ашық қарайтын жақсы дәстүр қалыптасқаны белгілі. Сол дәстүрді бүгін де бұзбайтын болайық.

Сонымен, Еске алу және келісім жылы жөнінде бір-біріне қарама-қайшы екіұдай пікір бар. Олар мынаған саяды: біріншіден, өткенді шола келгенде, біз кінәлілерді, соның ішінде кінәлі ұлттарды іздей бастауымыз ықтимал; ал екіншіден, біздің артымызда тек сыни көзқарас тұрғысынан ғана саралауға болмайтын даңқты жол жатыр. Осы екі айқындаманың басын ашып алғым келеді.

Әуелі мынадан бастайық: тоталитаризмнің бүлдіргіш әрі, өкінішке қарай, кей ретте орны толмас залалы тимеген бірде-бір ұлт, бірде-бір халық жоқ.

Егер әңгіме біздің көлгір оппоненттеріміз жеріне жеткізе айта алмай жүрген мәселе жайында, атап айтқанда, осы қанқұйлы қуғын-сүргіндегі орыс халқының рөлі жайында болса, онда ХХ ғасырдың ащы шындығының бірі – бұрынғы империяның, яғни КСРО-ның ең саны көп халқы ретінде нақ осы орыс халқы өзінің мыңжылдық тарихындағы аса зор этностық қасіретті басынан кешіргенінде жатыр. Дәл осы сияқты қазақ халқы да тікелей және жанама түрде өзінің тура тең жартысына жуығынан айырылды. Қоныс аударылған халықтарды этностық қырып-жоюдың адам айтқысыз

зор ауқымы мен тағылық сипаты жайындағы мәліметтерді қайталап жатпайын. Осы Жылдың шараларын өткізе келгенде, біз әрнәрсені өз атымен атауға тиіспіз. Сонда ғана күллі тарихи шындық толығымен ашылмақ: өтіп бара жатқан ғасырдың осынау этникалық зобалаңы үшін бірде-бір халық кінәлі емес. Бұл – жүйенің кінәсі.

Екінші жағынан, шаш ал десе бас алуға әзір тұрмау керек. Барлық халықтардың, соның ішінде қазақ халқының да күні кешегі тарихындағы сындарлы сәттерге көз жұма қарау аңғалдық болар еді. Қысқа мерзімде, небәрі жетпіс жылдан ғана асатын уақыт ішінде, экономика мен адамдардың бір кездегі патриархалдық өмір салтында ғаламат жаңғырулар болғаны даусыз. Ал бұл табыстарға өзге планеталықтар жеткізген жоқ, сіз бен біз жеттік, әкелеріміз бен аталарымыз жеткізді. Өткен жолымыз – жеңістері мен жеңілістері, қуанышы мен қасіреті қатар өрілген ортақ кешегіміз. Ал басқа пікірлердегі адам өзінің тарапынан аға ұрпақтың істері мен әрекетін тарихи мәнсіздік пен ұсақтық деп кінәлар болса, мұнысы кісілікке жатпайтынын біліп қойсын.

Менің әрдайым тарихқа деген сарабдал көзқарасты жақтайтынымды өздеріңіз білесіздер. Тарих – жалғандыққа, өңін айналдыруға төзбейтін ғылым. Біз кебекті керектен айыра білу өнері өткендегі қателіктерді қайталамаудың бірден-бір кепілі екенін әрдайым жадымызда ұстауға тиіспіз. Сондықтан Еске алу мен келісім жылын өткенге топырақ шашу жолындағы жарысқа айналдырып жібермеу керек. Оның мүлде өзге мазмұны мен мүлде өзге тағылымы бар. Мен мұны тоталитаризмнің қасіретті сабақтары деп атар едім.

Бірінші сабақ. Біздің бәріміздің бұрын өмір сүрген ұрпақтар алдында адамгершілік парызымыз бар. Саяси

қуғын-сүргіннің сан миллион құрбандарының тағдырын ешкім ойдан шығарған жоқ. Ол – қатал шындық және ол өткенде қалғанмен, қайғы-қасіреті азаймақ емес. Қазақ жері тоталитаризмнің ең бір жантүршіктіретерлік туындыларының бірі – қаптаған концентрациялық лагерьлер орналасқан өлкеге айналды.

Фашистік Германия концлагерьлерінен көп бұрын Қазақстанда, соның ішінде сіздер мен біздер бас қосып отырған облыс аумағында, ауқымы мен қанқұйлылығы жөнінен ондағыдан бір де кем түспейтін «адам материалын сұрыптау» жүргізілгенін ой сарабынан толық өткізіп болдық па? Иә, «көсемдер санатындағы» иі жұмсақтауы саналатын тоталитаризм тіректерінің бірі Бухарин мырза шімірікпестен оны дәл солай атаған болатын.

Осы залда дінге барынша ден қойғандар да, атеистер де отыр. Демократиялық мемлекеттегі ұждан бостандығы – шын мәнінде, адамның жеке өз мәселесі.

Бірақ адам ойының дана ескерткіштерінің бірінде бейнеленген жалпыадамзаттық қағидалар бар. Солардың бірінде: «Тірілер дүниеден озарын біледі, ал өлгендер бәрінен бейхабар, енді оларға тағзым етілмейді, өйткені есімдері естен шыққан», делінеді. Еске алу мен келісім жылының міндеті – осы қайғылы сөздер арқылы біздің парызымызды еске салу. Нақақтан қаны төгілген жандарды еске алып қайғырғанда, біз адамзат заңына да, Киелі жазуға да толық сай келетін қарекет жасаймыз.

Кейбір фактілерді ой елегінен өткізейікші. КСРО-да жеке басы және «кулак отбасылары» делінетіндердің құрамында шамамен 25–27 млн адам қуғын-сүргінге ұшырады. Соның ішінде 20 млн-нан астамын «кулак» деген айдар тағылған, мал-мүлкі тәркіленген, шын

мәнінде «тап ретінде жойылған» шаруалар құрайтын. Революция мен азамат соғысынан кейін КСРО-ны 2 млн-ға жуық адам тастап кетті. 1954 жылдың ақпанында Н. С. Хрущевке 1921 жылдан 1954 жылға дейін «контрреволюциялық қылмыстары» үшін 58-ші бап бойынша сотталғандардың саны жөнінде егжей-тегжейлі анықтама әзірлеп берілді. Сотталғандардың жалпы саны 3 млн 717 мың адам, соның ішінде ауыр жазаға кесілгендер 642 мың 980 адам болды. Қазақстанда осы кезең ішінде саяси себептермен 100 мыңнан аса адам сотталды, ал 25 мыңнан астам адам атылды.

Саяси қырып-жою ауқымы жантүршіктігерлік. Ең бір сорақысы – Қазақстандағы ұжымдастыру салдарынан етек алған алапат ашаршылық жылдары, бір ғана 1931 жылы Орталық Қазақстан аудандарына Ресейдің ішкі аудандарынан келген 150 мыңнан астам арнайы қоныс аударушылар жайғастырылды. Қазақстандағы ашаршылық пен оның іш сүзегі індеті сияқты зардабының тікелей құрбандарының арақатынасын ажырату қиын, алайда осынау зорлық-зомбылықпен жасалған тәжірибе жалпы саны 1 млн 750 мыңдай адамның өмірін қиды, бұл республикадағы сол кездегі халықтың 42 %-ы. 1 млн-нан астам қазақтар елден көшіп кетті.

Адам басына салған қасіреті қисапсыз тағы бір фактіні айта кетейін. 1920 жылдан 1949 жылға дейінгі 30 жылдың ішінде КСРО-да 3,2 млн адам жер аударылды. Бұл қайғы-қасірет жөнінен Қазақстан жері көш басына шықты: зерттеушілердің мәліметі бойынша 1940 жылдары 1 млн 200 мыңнан астам арнайы қоныстанушылар болған.

Белгілі ресейлік тарихшы Рой Медведевтің есебі бойынша 1927 жылмен 1953 жыл аралығында КСРО-да

шамамен 40 млн адам қуғын-сүргінге ұшыраған екен. Өзге зерттеушілердің пікіріне сайсақ, бұл статистика одан да қатерлі. Дегенмен, саны түрліше құбылғанмен, қуғын-сүргіннің дәл мұншалықты ауқымын адамзат тарихы бұрын-соңды білген емес және бұдан былай ешқашан білмейді деп ойлаймын.

Проблема осы қасіреттің орасан зор этникалық зардабына ғана емес, оның аса бір келеңсіз әлеуметтік салдарына тіреледі. Әңгіме тұтас таптар мен әлеуметтік топтардың жойылуы және осы заманғы тепе-тең әлеуметтік құрылымның орнына еңбек пен адам өмірінің мүлдем ұсқынсыз көрсеткіші бар әбден бұрмаланған қоғамдық жүйенің пайда болғанында. Астарында миллиондардың қасіреті тұрғанымен, сандар ғана қорқынышты емес. Одан қорқыныштысы – жалпы тоталитаризмнің сұрқиялылығын түсінбеуде.

Екінші сабақ. Біз тоталитарлық режимнің қандай тарихи таңдауды бұзғанын, егер тарих көшіне аса ауқымды әрі қатыгез әлеуметтік утопия килікпегенде, өзіміздің қандай жолмен дамуымыз мүмкін екенін пайымдауға тиіспіз.

Таяуда ғана Қазақстан азаматтары тәуелсіз мемлекеттілігіміздің бес жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл – халықтың бостандық пен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күрес тарихының нәтижесі ғана емес, сонымен бірге ұлттық зиялы тектілеріміздің ешқашан да толастамаған қызметінің қорытындысы. Ғасырдың басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов пен олардың серіктері «Алаш» партиясын құрды, оның бағдарламасы біздің бүгінгі күні жүзеге асырған ісіміздің көпшілігін көздеген еді. Осыдан 100 жылдай бұрын Оралда 5 облыс делегаттарының

сьезі болып өтті. Онда Конституциялық демократиялық партия құрылды. Іс жүзінде ол сонымен бір мезгілде өзін Ресей Конституциялық-демократиялық партиясының Қазақстандағы филиалы деп жариялады, ал оның басшысы Әлихан Бөкейханов осы партия Орталық комитетінің мүшесі болып сайланды.

Сол кезде кадеттер деп аталған қазақ конституциялық демократтары өз бағдарламасында заң шығару билігін Дума арқылы жүзеге асыруды және елде президенттік институт енгізуді ұсынғанын білгендеріңіз сіздерге, сірә, артық болмас.

Сайлауға қатысу құқығы тегіне, діни нанымына және жынысына қарамастан барлық азаматтарға берілді. Делегаттар сайлау төте, тең және жабық дауыс беру арқылы жүргізілуге тиіс еді.

Ғажайып көрегендік! Бірақ қай жағынан алғанда да, ардақты осынау адамдарға кеңес тарихнамасынан бар бұйырғаны – «ұлтшылдар» деген айдар ғана.

Осы жайдың сырына тереңірек үңілейікші. Қазақстан аумағында жиырмасыншы ғасырдың бірінші ширегінде демократиялық мемлекет құрудың тарихи мүмкіндігі бар еді. Ресейдің де даму бағдары қалыпты эволюциялық дамудың осы жолымен келе жатты. Әртүрлі себептермен осы қалыпты әрі өркениетті жол үзіліп қалды. Демократиялық өзгерістер бағытына бұдан 80–90 жыл бұрын түссек, біз бүгін ең болмағанда Оңтүстік-Шығыс «жолбарыстары» немесе «аждаһалары» аталатындардың соңынан еріп, қуып жетушілердің күйін кешер ме едік – бұл үлкен мәселе.

Осы проблеманың келесі бір астарының маңызы да бұдан кем емес. Егер Ресейде сол кезде қалыпты эволюциялық үдерістер бел алғанда, Еуразия кеңістігінің

барлық елдерінде ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы жарты ғасыр ертерек болатын еді. Өзіміз тап болған тарихи артта қалушылық кезеңі – уысымыздан шығып кеткен ұлттық мүмкіндіктің тікелей салдары екенін біздің айқын түсінуіміз керек. Режімнің кесірінен қолымыздан шығып кеткен мүмкіндік. Бұған кәсіби тарихшылар жақсы қанық. Бірақ осы қарапайым ақиқаттың байыпты бағамы бұқара санасына сіңірілуге тиіс.

Қазақтар да, орыстар да, украиндар да, өзбектер де, қай жағынан болсын, индонезиялықтардан немесе филиппиндіктерден кем емес. Олай болса, күллі Оңтүстік-Шығыс Азияда немесе дәл сол Мексикада орын алған соңғы жылдардың ғажап жетістіктерін немен түсіндіруге болады? Ұлттық психологиясының тылсым сырларына сілтейміз бе? Жоқ, тіпті де олай емес. Ақылды немесе ақымақ халық деген болмайды. Біздің артта қалуымызды тек қана жалғыз коммунистік идеологиясы бар тоталитарлық режімнің саяси және әлеуметтік-экономикалық сипаттарымен түсіндіруге болады.

Осы екінші сабақтың айтары: өткендегі тоталитарлық режім бізді бүгінгі күні өміріміздің барлық салаларын жедел қарқынмен реформалауға мәжбүр етті.

Бұл реформаларды неге шапшаң жүргізу қажет болып отыр? Өйткені өзге елдер ілгері ұмтылуға арналған уақытты тоталитаризм қабілетсіздікпен қолдан шығарып алды. Мұны баршаның түсінетін кезі жетті.

Үшінші сабақ. Өткенді есте ұстау бізге режім құрбандарының алдындағы парызымызды өтеу үшін және жеделдетілген реформа жүргізудің неліктен соншама

күрделі екенін түсіну үшін ғана қажет емес. Бұл қателіктерді қайталамау үшін де қажет.

«Ақиқат маңдайыңа тимей, санаңа сіңбейді» деген сөз бар. Ал бұл ақиқат маңдайымызға тиді. Бүгін саяси басқарудың бұрынғы қатаң әдістеріне қайта оралуға үндеген сөздер де естіліп жатады. Сонда тәртіп мықты болады деседі. Үзілді-кесілді келісе алмаймын. Мұндай топшылаулар жеке басымның түсінігіне сай келмегендіктен ғана емес, жуан жұдырықтың ығытымен тәртіп орнату тарихи тұрғыдан мүлде кері нәтижелер беріп жүргендіктен. Оның үстіне қолына бір тиген бостандығын халық енді ешкімге бермейді де, қолынан шығармайды да.

Қарабайыр шешімдердің жаңсақ келетін кездері жиі. Бір партия, бір идеология, бір ойлау жүйесі тән тоталитарлық саяси машинаның қарапайымдылығы жалған болып шықты, соның арқасында «жарқын болашаққа» бармақ болған әрекет апатқа соқтырды. Бұл қарабайырлық әсіресе ұлттық қатынастар саласында айрықша зұлматты болды. Зорлық-зомбылық пен идеологиялық біріздендіруге негізделген кеңес кезеңінің ұлттық саясаты адамдардың саны мен рухани дүниесінің астан-кестенін шығарды. Әлі күнге дейін кеңестен кейінгі кеңістіктің әртүрлі аймақтарында лаулап жатқан ұлтаралық қақтығыстар мен ағайынаралық қантөгістердің бықсыған ошағын жекелеген халықтардың бойындағы туа біткен егеске құмарлықтан емес, нақ сол қарабайырлық ауруының қайталамасынан іздеу қажет.

«Неліктен тоталитарлық жүйе алдымен зиялылардың көзін жойды?» деген бір ғана қарапайым сауалдың төңірегінде ойлану артық болмас еді. Мұның

да қисыны қарапайым: халықты ұлттық намысы мен ұлттық қадір-қасиетінен айыру үшін оны зердесінен айырып, мәдениетін, парасатын жою керек. Нақ сол Ресейдің өзінде алдымен орыстың зиялылық дәстүрінің даңқын шығарып, халықтың мақтанышына айналған философтар, әдебиетшілер, ойшылдар қуылды. Ал елде қалғандардың тағдыры талқыға түсті. Осы жүйенің Әлихан Бөкейханов пен оның серіктерін өмірінің соңғы сағатына дейін қудалауы кездейсоқ емес, тіпті жүйенің өзі қолдап, өзі өсірген С. Сейфуллиннің, О. Жандосовтың, Қ. Сәтбаевтың, М. Әуезовтің және еуропаша білімдар әрі демократиялық бағдар ұстанған ондаған өзге де қазақ зиялыларының тағдыр тақсіретін тартуы да кездейсоқ емес.

Бүгін бұрынғы Одақта ұлттық мәселенің шешілгендігі жайында айтылғанда белгілі бір дәрежеде солай екенімен келісуге де болады. Бірақ бұл шешілудің мәні ұлттық атаулының бәрі жүйенің саяси мүддесі үшін құрбандыққа шалынуында жатыр. Мұның өзі неден көрініс тапты? Ол біреулердің тыныштығы өзгелерді езгіге салу арқылы қамтамасыз етілуінен, туысқан дейтін республикаларды ресми түрде «үлкен», «кіші» деп бөлуден, тұтас бір халықты бір түн ішінде қарудың күшімен мал таситын вагондарға тоғытып, туған жерінен жыраққа айдап әкетуден көрініс тапты. Әрине, билеушілер үшін мүлде қарапайым нәрсе, ал халық үшін орны толмас қайғы-қасірет.

Міне, сондықтан да ұлттық татулық жайын айтқанда, біз ұлттық мәселені «шешудің» өткеннен өзімізге мәлім жолын қайталауға ешбір жағдайда жол бермеуге болмайтынын жадымызда мықтап түюіміз керек. Ал бұл үшін шындықтың бетіне тура қарау қажет.

Ең маңыздысы – табиғатта бұл проблемаларды реттеудің дайын нұсқалары болмайды және әр ел ұлтаралық қатынастар саласын өзінше дамытады. Мұның өте күрделі проблема екеніне тіпті кемелденген демократиялық жүйесі мен қолайлы экономикалық ахуалы бар елдердің де тәжірибесі айғақ.

Сөйтіп, тоталитаризмнің бізге берген үшінші тағылымы – ұлттық мәселені шешудің тұйыққа тірейтін және мүлде келешегі жоқ тәсілі. Осындай ескі негізде қазіргі заманғы Қазақстанда ұлтаралық келісімге қол жеткізу мүмкін емес.

«Социалистік сырқат сызын» еңсеру: психологиялық астары

Осы сессияда біз тарихи зерде мәселелерін егжей-тегжейлі қарастырып отырғандықтан, құбылыстың психологиялық жағын қарастырған да жөн, мен оны «социалистік сырқат сызы» дер едім. Бір жақсысы әлі де алысқа ұзай қоймаған өткенімізден қалған тағылым талдап-саралауға мол материал береді. Мұның маңызды болатыны – бүгін күнделікті тіршілік барысында халық өмірі үшін қайсысы қалаулырақ – тоталитарлық социализм бе, әлде нарықтық демократия ма деген сұрақ жан-жақты талқыланып жүргендіктен.

Осыдан бірнеше жыл бұрын күйреген кеңестік жүйе құрылысы жетпіс жылдан астам уақыт қаланғанын еске түсірейікші. Ал біздің тәуелсіздігімізге бар болғаны алтыншы жыл. Бірақ бұл, былайша айтқанда, заң жүзінде. Ал істің мән-жайына объективті тұрғыда қарайтын болсақ, шын мәніндегі дербес саясатты біз тек 1993 жылдың соңынан бастап қана жүргізе бастадық.

Жоғарыда еліміздегі тоталитарлық, жоспарлы жүйенің ондаған миллион адамдардың азап шегуі, біздің әкелеріміз бен бабаларымыздың төккен қаны мен тері арқылы құрылғаны айтылып өтті. «Төңкерістің жалынды жаршысы» Владимир Маяковский сталиндік казармалық құрылыстың іргесі қалана бастаған кезде өз қатарластарының арманшыл мұратын – «шайқаста құрылған социализмді» көруді мақсат тұтып жар салған болатын. Бұл ұрыстар жергілікті, жалт етпе сипатта болатындай көрінген-ді. Бірақ олар жетпіс жылдан астам уақытқа созылған ұдайы, бірде-бір минутқа тоқтамаған күреске айналды. Осы уақыт ішінде Кеңес Одағында бірнеше ұрпақ алмасты, бірақ олардың бірде-біріне кәдімгі молшылық көріп өмір сүрудің реті ақыры келмеді. Мен билеуші топ ұдайы жариялап келген, бірақ миллиондаған қарапайым адамдар үшін қол жетпес арман болып қала берген құт-береке жайында, тіпті, сөз етпей-ақ қояйын. 1930-шы жылдары тұрмыс қиын болды, ол кезде Қазақстанның өзінде ғана ашаршылықтан халықтың жартысы қырылды, кейінгі – соғыс және соғыстан соңғы жылдарда да, дүкен сөрелері қаңырап бос қалған, рухани жұтаңдық билеген «кемелденген социализм» делінетін дәуірде де тұрмыс оңай болған жоқ. Орасан зор былыққа батып, жүйенің түпкілікті күйреуіне әкеліп соққан горбачевтік «қайта құру» жылдары да игіліктің ауылы алыс болды. Шын мәнінде, кеңестік дәуірдің күллі тарихының өзі – халықтардың орасан әрі шексіз кезегі болатын. Концентрациялық лагерьлерге және шетелге қоныс аударуға, азық-түлік пен пәтерлерге, машиналар мен басқа да көз аштырмаған, таусылып бітпейтін тапшылыққа кезек.

Көпшілігіміздің есімізде қалған сол жылдардың жағдайында қоғам бәрінен бұрын рухани бостандыққа ұмтылды. Ас үйлер мен «шылым шегетін жерлерде», ең жақын достар арасында біз бүгін «электорат» деген сөзбен атайтын адамдардың баршасы дерлік осы жайында ұдайы, бұқпалап болса да, сөз ететін. Олар «самиздат» қолжазбаларын құныға оқып, цензураның барлық түрлерімен тыйым салынған магнитофон жазбаларын тыңдайтын, шынайы ақпаратты шетелдік «радиодауыстардың» түнгі хабарларынан алатын.

Соңғы онжылдықта шықпа жаным шықпамен әрең шыдап келген әкімшіл-әміршіл жүйе күйреді де, аңсаған бостандық, былайша айтқанда, барлық арналардан саулап қоя берді, ал жариялылық мүмкін болған және ақылға сыйымды шектердің бәрін тез толтырды. Бірақ бостандықтың алғашқы дауылының масайрауы өткен соң, дүдәмалдықтың қысқа кезеңі артта қалған шақта ғана біз болашаққа ұмтылыс жасау үшін мәре межесіне қадам баса алдық. Жаңа қоғам құрылысы, қазіргі заманғы нарықтық экономикасы бар тәуелсіз мемлекетті құру нақ сол кезде басталды.

Әуел бастан-ақ және қазір де бізге саясаттың, экономиканың, қорғаныстың, әлеуметтік саланың, ішкі өмірдің, халықаралық қатынастардың барша қырларында түбегейлі жаңа міндеттер мен проблемалардың орасан зор ауқымын кешенді түрде шеше отырып, бәрін де бір мезгілде игеруге тура келіп отыр.

Бұл – біз ойлап тапқан жол емес, бүгінгі таңда барлық жаңа тәуелсіз мемлекеттер осы жолмен жүріп келеді. Әрі олардың бірде-бірі өткен жүйені сақтап қалуға немесе бұрынғы «социализмді» қалпына келтіруге талпынып отырған жоқ. Өйткені тарих тегершігін ешкім

кері бұра алмақ емес. Біз осы жолды таңдай отырып, алдымызда тосып тұрған сілкіністердің қаншалықты күшті боларын, қаншалықты терең экономикалық және әлеуметтік сынақтың үлесімізге тиерін тек елестете алдық.

Адам зердесі әрдайым аса талғампаз әрі белгілі бір дәрежеде тіпті өзімшіл категория болатын-ды. Әлбетте, әркімнің де тегін білім алу мен денсаулық сақтау мүмкіндігін, тұрақты жалақы алып, зейнеткерлікке дейін отыруға болатын орнықты және жайлы жұмысы болғанын есте тұтқысы келеді. Бірақ осы ретте, егер сіз жоғары білікті маман болсаңыз, сіздің білім-білігіңіз бен қабілетіңіз сол тұста қаншалықты объективті бағаланғанын еске алмайтыныңыз ғажап. Немесе, керісінше: өзіңіз жұмыс істейтін ұйымыңызбен қоса, сіздің еңбегіңіз жалпы біреуге керек болды ма деген сұрақ неге тумады?

Иә, бұрынғы жалған социализмнің көптеген елестері сейілді. Бірақ әлі де өткенді дәріптеуге, теңгермешілікті әлеуметтік әділеттіліктің жоғары көрінісі ретінде аңсауға бейіл адамдар бар. Психологиялық тұрғыда мұның өзі түсінікті де: шіркін, уақыт кері қайтып келер болса, – дегендей. Бірақ оларға іргетасы қираған үйдің қабырғасын сақтаудың мүмкін еместігі беймәлім. Яғни күйреген, шашылып кеткен экономика жағдайында бұрынғы әлеуметтік қондырманы сақтау да мүмкін емес қой.

Негізгі тауарларды бөлудің нақ сол кәртішкелік-талондық жүйесін еске түсірейікші. Сұрапыл соғыс жылдары емес, берекелі делінетін 1960-шы, 1970-ші, 1980-ші жылдары ел барлық заттың тапшылығын басынан кешті. Ең қарапайым заттар, тіпті сабынға,

сіріңкеге, электр шамдарына, тұзға, қантқа, кір жуатын ұнтаққа және күнделікті тұтынылатын көптеген басқа заттарға дейін сатуда болған жоқ. Адамдар жартылай бос тұрған сөрелерде ілуде бір көрінген нәрсенің бәрінен қор жинайтын. Қазақстан астанасында 1988 жылғы маусым айының 3 күнінде ас тұзының жарты жылдық қоры сатылып кетті. Республика үкіметі орасан зор күш-жігер жұмсай отырып, егін орағына қатысатын комбайншылар мен механизаторларды тағам және темекі өнімдермен қамтамасыз етуге қор құру үшін Мәскеудің қисапсыз кабинеттеріне алақан жаятын.

Осының бәрін – жаппай теңгермешілік пен бадырайып тұратын кедейшілік, диктатураның шексіз билігі мен жеке басымыздың қажетсіздігі, насихаттың аярлығы мен өмірімізді жақсы жағына қарай өзгерту мүмкін еместігі туралы еске түсірейікші. Еске түсірейік те, өзімізге сауал қояйықшы: өзінің күллі «сәнімен» келмеске кеткен социализмге өкіну қажет пе?

Ашығын айтайық: Қазақстан бұрынғы «КСРО халық шаруашылығы кешенінің» ықпалынан арыла алмаған тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында да басымыздан көп қиындықтарды кешуге тура келді. Бірақ әңгіме біздің толық экономикалық оқшаулануымыз, қалыптасқан әрі ақылға қонымды, экономикалық жағынан тиімді шаруашылық байланыстарды түпкілікті үзу жайында болған жоқ еді. Қазақстан мәселені ешқашан бұлай қойған емес және ондай бастамаларды көтерген емес. Керісінше, сол кездің өзінде-ақ біз экономикалық интеграцияланудың қажеттігі туралы бар дауыспен жар салдық. Кейіннен өмірдің өзі біздің сол ұстанымымыздың дұрыстығы мен көшелілігін толығымен қуаттады.

Бірақ біз Мәскеу жүргізіп отырған, әлсін-әлсін дағдарыстың кезекті құрылымына итермелеген аласапыран толқынға ілесіп кеттік. Баға бірден босатылып, барлық бұрынғы кеңестік республикалар есеңгірерлік соққы алып, орны толмас күйзеліске ұшыраған 1992 жылдың қаңтарына дейін осылайша созылып келді.

Тек өзіміздің ұлттық валютамызды енгізгеннен кейін ғана біз осы бір қауіпті кеселді өз бетімізбен емдеуді қолға алып, тәуелсіз экономикалық бағыт жүргізе бастадық. Сондықтан инфляцияны ауыздықтауға бізге екі жылдан астам уақыт керек. Тек өткен жылы ғана бізге оның деңгейін қауіпсіз шекке дейін төмендетудің сәті түсті.

Бүгінгі таңда еліміздің қоғамдық және экономикалық өміріне барған сайын сенімдірек қадам басып келе жатқан кешегі мектеп оқушылары, әлбетте, біздің 7–8 жыл бұрынғы болмысымыздың салты мен психологиясын білмейді. Бірақ бұл олардың ата-анасының есінде жақсы сақталған. Олар балаларына сол уақыт туралы шындықты айтып берсін. Жастар – ертеңгі басшылар, менеджерлер, бизнесмендер, мемлекеттік қызметшілер, бір сөзбен айтқанда, еліміздің экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің белсенді қатысушылары болатын, оның өндірістік және рухани әлеуетін дамытатын адамдар өз халқының мешеу күй кешуінің қайталануына жол бермеу үшін тарихтың ешбір боямасы жоқ күллі шындығын білуге тиіс.

Маған: адамдардың бүгінгі өмірінің кешегі немесе алдыңғы күнгіден несі артық деп қарсылық білдірушілер болуы мүмкін. Иә, бізде, әсіресе әлеуметтік салада әлі проблемалардың көп екенін мен білемін. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсаны бойы менің мей-

лінше көкейкесті және толғағы жеткен мәселелерді шешумен тікелей айналысқаным өздеріңізге жақсы мәлім. Жалақы, зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге байланысты берешекті жою, жекешелендіру, шағын және орташа бизнесті дамыту мәселенің басты түйіні болғанын естеріңізге сала кетейін.

Барлық деңгейдегі атқарушы органдардың қызметі жайындағы менің тұжырымдарым мен оларға берген бағам туралы, сондай-ақ қолданылған шаралар мен алғашқы оңды ілгерілеушіліктер туралы да білесіздер. Үкімет пен әкімдердің, министрліктер мен комитеттер басшыларының қызметіне қатаң талаптар қойылды. Олардың алдына экономиканың барлық бағыттарында жұмысты жақсарту, реформалардың тиімділігін арттыру, осы істе тәртіп орнату және әлеуметтік тұрғыдағы шығыстарды азайту жөнінде нақты міндеттер қойылды.

Президенттің қысымымен жасалған іс барлық деңгейлердегі басшылар үшін күнделікті нормаға айналуға тиіс. Әрі мен мұны қатаң қадағалап отырмын. Бұрынырақ бұл жайында айтқан болатынмын, ал қазір әдейі қайталаймын: егер Үкімет белгіленген мерзімде қойылған міндеттерді толық көлемінде атқара алмаса әрі халық реформалардың өз игілігі үшін іске асырылып отырғанын нақты сезінбейтін болса, менің тарапымнан басқа шаралар қолданылатын болады. Бірақ қойылған мақсатқа қалай болғанда да қол жеткізілуге тиіс.

Ал бүгінгі таңда берекесіздікке, қоғамның қарама-қарсы блоктар мен қозғалыстарға бөлшектелуіне жол бермеу және қиындықтарды еңсеру үшін бәріміздің күш-жігерімізді топтастыру қажет. Кей сәтте, дегенмен, төзу де керек.

Уақыт өте келе біздің барлық қателіктеріміз бен кемшіліктеріміз айқын көрінеді. Таяудағы өткенімізге талдау жасай отырып, олардың көпшілігінен айналып өтудің қиын болғанын, алайда алдын алуға болатындары бар екенін түсінесің, сондықтан да кемістіктерімізді түзей отырып, баршамыз жұмыс істеп, реформаларды ілгері қарай жылжыту қажет. Қайткенде де саяси еркімізді сақтап қалу, өзіміз таңдап алған стратегиялық желіні жүзеге асыруда іркілістер мен бұралаңдарға жол бермеу қажет. Сонда халқымыздың біраз бөлігіне күні кешегі өткеніміз тек жақсы жағынан ғана көрінбейтін болады.

Ұлттық келісім – саяси тұрақтылықтың негізі

Ұлттық келісім дегеніміз – теориялық пікірсайыстан гөрі мемлекет күнбе-күн іске асыратын саясаттың практикалық мәселесі, біз Қазақстанда бұл саясат негізінен сындарлы да сарабдал жүргізіліп келеді деп айта аламыз.

Егер В. И. Ленинмен бір нәрсе жөнінде келісуге болады десек, онда практика дегеніміз ақиқаттың шын мәніндегі өлшемі дегенімен келісуіміз керек. Ал ақиқат мынада: біздің ұлттық саясатымыздың нәтижелері көз алдымызда.

Осыдан 3–4 жыл бұрынғы азаматтық мәселесі төңірегінде қатаң пікірсайыстарды немесе Конституция бойынша 1995 жылғы референдум қарсаңындағы тіл туралы пікірсайыстарды естеріңізге түсіріңіздерші. Біз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлтаралық қатынастарда күшті қақтығыстар орын алғанын жасырмаймыз. 1992–1993 жылдары әрбір төртінші қазақстан-

дықты ұлтаралық қатынастардың ушығу қатері қатты мазалаған еді.

Ал бүгін, әртүрлі деректерге қарағанда, осы проблемаға байланысты біршама алаңдаушылық білдіретін қазақстандықтардың саны 5–6 %-ға дейін төмендеді.

Бұқаралық сананың жай-күйі – сезімтал барометр. Ал ол қоғамның ұлтаралық қатынастар ахуалына алаңдаушылығы ұдайы төмендеп келе жатқанын көрсетсе, мұның өзі ұлттық саясат бағдарының дұрыс таңдап алынғанының куәсі. Яғни уақыт өзі бәрін орны-орнына қойып, біздің орын алған проблемаларды шешуге деген көзқарасымыздың дұрыстығын дәлелдеді.

Біздің саясатымыз сындарлы екендігінің басқа, бұдан да гөрі сенімді куәсі бар. Ол – көші-қон деңгейінің едәуір төмендеуі. Айтпақшы, бұл проблема әрдайым бірдей дұрыс қойыла бермейтінін айтайын. Көші-қон туралы айтқанда, кейбір бақылаушылар мен сарапшылар мынадай қарапайым фактіні – 1980 жылдардың өзінде-ақ Қазақстаннан тысқары жерлерге көшудің орын алғанын, әрі көп мөлшерде орын алғанын, көргісі келмейді. Ал оның көптеген себептері бар еді. Ең алдымен бұл адамдардың тұтас бір ұрпағының белгілі бір ғұмыр өрісінің аяқталуына байланысты болды. Тың игеруге және Қазақстанның өнеркәсіп алыптарына ұйымдасқан түрдегі іріктеу бойынша жұмысқа келгендердің көпшілігі мерзімді жұмысын атқарып, үйлеріне қайта оралып жатты. Ал мұның ешқандай саяси астары болған емес. Алайда Одақ ыдырағаннан кейін көші-қон ағысына жиі-жиі саяси мән беріле бастады. Бұл бір жағынан шындыққа сай келеді. Бірақ бір жағынан ғана.

Біріншіден, қоныс аударушылардың елеулі бөлігі бұрынғы жылдардағы санатқа жататын адамдар еді – олар өз отандарына оралып жатты.

Екіншіден, бірталай әскерилер мен олардың отбасы мүшелері сол баяғы қарапайым себеппен көшіп кетті – ыдыраған мемлекеттің әскери инфрақұрылымы мемлекеттің өзі болмаған соң тұрақтап қала алмайтын еді. Сондықтан бұл жерде Қазақстанға ешқандай кінә қойылуға тиіс емес.

Үшіншіден, жаңа бір құбылыс пайда болды – ел ыдыраған соң көптеген адамдар белгілі бір қолайсыздықты сезініп, өз келешегін ойлап қауіптенді, жаңа жағдайда әрбір адамның бойында болатын сенімсіздікті бастан кешірді. Оның үстіне, миллиондаған адамдар, былайша айтқанда, жеке өмірбаяндық сипаты бар өзгерістермен ғана емес, мемлекеттік құрылыстағы, қоғамның әлеуметтік-экономикалық ұйымдастырылуындағы орасан зор жаңғырулар туындатқан әлеуметтік өзгерістерге тап болды.

Мұндай құбылыстар әр кезде планетаның әр бөлігінде бір кездегі тұтас мемлекеттердің биязы түрде ыдыраған сәттерінде де орын алған болатын. Айтпақшы, осындай жағдай қазір Оңтүстік Азияда да, Африка құрлығында да болып жатыр.

Төртіншіден, осыдан он жыл бұрын, мәселен, жүздеген мың немістерге заңды түрде және орасан ауқымда этникалық отанына, онымен қоса дүние жүзінің барынша дамыған әрі орнықты мемлекеттерінің бірі – Германия Федерациялық Республикасына қайтып оралатын мүмкіндік туады-ау деп кім ойлай алар еді? Егер осындай мүмкіндік 1970–1980 жылдары туар болса, онда көші-қон ағынының ауқымы бұдан кем емес, тіпті

ауқымдырақ болар ма еді. Одан әрі. Гректердің Грекияға, поляктардың Польшаға және тағы басқалардың еш кедергісіз еркін қоныс аудару мүмкіндігі болды ма? Жоқ, бұрын ондай мүмкіндік болған жоқ. Кеңес өкіметі тұсында шетелге кетуге, әдетте, тыйым салынды немесе оған саяси астар берілді. Бұл орайда еврейлердің Израильге көшуі кеңес үкіметі мен Батыстың арасында шиеленісті саяси саудаласу туғызғанын еске түсірсек те жеткілікті.

Сондықтан әділ болайық және бұл үдерісте мемлекеттің қайдағы бір кемсіту саясаты емес, тұрғылықты жерді таңдау еркіндігін берген ел заңдарының, күллі саяси саланы ырықтандырудың шешуші рөл атқарғанын мойындайық.

Ақыры, ТМД-ның көптеген халықтарының өз тәуелсіз мемлекеттерін құра отырып, құқық терминдерінің тілімен айтқанда, өз елдерінде титулдық ұлтқа айналуымен де санаспауға болмайды. Сондықтан олардың мемлекеттігін нығайтуға, өз ана тілін, мәдениетін, дәстүрлерін сақтауға, тарихи мұрасын қалпына келтіруге деген ұмтылысы заңды. Бұл қуатты әрі әбден түсінікті сезім.

Қазақстандағы көші-қонның өрлеу сәті 1992–1994 жылдарға дөп келеді. Бүгінде ахуал бірсыдырғы тұрақтанды. Маған берілген статистика мәліметтеріне қарағанда, 1996 жылы елден кетушілердің саны 1994 жылмен салыстырғанда 3,2 есе қысқарған екен. Қазақстаннан қоныс аударумен бірге, кері үдеріс – қайтып оралу, яғни бұрынырақ Қазақстаннан кеткендердің кері қайтып келу үдерісі де жүріп жатыр ғой. Бұл, айтпақшы, халықтың барлық ұлттары мен топтарына қатысты.

Мәселен, Германиядағы Қазақстан елшілігінің хабарлауы бойынша, ұлты неміс біздің бұрынғы мыңдаған азаматтарымыз Қазақстанға қайтып келуге тілек білдіруде. Сөйтіп, қоныс аударудың негізгі себебі не: экономикалық әлде саяси тұрғыдағы факторлар ма деген пікір таласына нүкте қойылған тәрізді. Басқадай болуы мүмкін де емес еді, өйткені ірі өнеркәсіп орындарының жұмыс істей бастауы мұң екен, біз қоныс аудару қарқынының едәуір мөлшерде қысқарғанын байқай бастадық.

Тұтас алғанда, мамандардың есептеулері бойынша, көші-қон үдерісінің айтарлықтай тұрақтанатынын болжауға болады. Статистика қоғамдық үдерістердің, әсіресе көші-қон үдерістерінің бағытын бұлжытпай тіркейді. Бұл ретте ол ұлтаралық қатынастар тұрақтылығының сыртқы көріністерінің бірін тіркеп отыр.

Біз жаңа жағдайларда ұлттық саясатты іске асырудың бірегей қоғамдық институты саналатын Қазақстан халықтары Ассамблеясын құрдық. Бұл институт тоталитарлық қоғам жағдайында мүмкін емес еді, турасын айтсақ, керексіз еді, өйткені ол кезде біз білетін ұлттық саясат өзгеше амалдармен және өзгеше түрде жүзеге асырылатын.

Ассамблея қызметінің нәтижелері тек Қазақстанда ғана танылып қойған жоқ. Бүкіл әлемдегі беделді халықаралық ұйымдардың өкілдері Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды үйлесімді ету тәжірибесін зерделей келіп, оны зейін қоюға лайық екенін атап көрсетті.

Мәселен, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтас-тық ұйымының (ЕҚЫҰ) үш конференциясына қатысушылар, осы ұйымның аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары Ван дер Стул мырза бас болып, осындай қорытындыға келді. Өткен жылдың желтоқ-

сан айында оның төрағалық етуімен Швейцарияда Қазақстандағы ұлттық саясат мәселелері бойынша «дөңгелек үстел» өткізілді. Төрағаның ЕҚЫҰ-да таратылған ресми мәлідемесі: «Қазақстан Республикасының басшылығы елдегі барлық этникалық топтардың мүдделерін іске асыру және этносаралық қатынастарды одан әрі үйлесімді ету үшін қажетті жағдайды қамтамасыз ету саясатын дәйекті түрде жүргізіп жатыр. Азаматтық институттар мен азаматтардың көпшілігінің қолдауы және, ЕҚЫҰ-ны қоса алғанда, халықаралық қоғамдасстықтың жәрдем жасауы жағдайында осындай саясатқа бейімділік елдегі этносаралық қатынастарды әрі қарай тұрақтандыру үшін берік негіз болып табылады», – деп жариялады.

Осынау жоғары халықаралық баға тектен-тек берілмейді, оның астарында ауқымды да тынымсыз жұмыс жатыр. Әрі бұл – осы залда қатысып отырған адамдардың баршасының жұмысы. Осы орайда сіздердің барлығыңызға тағы да өз алғысымызды айтқым келеді.

Ассамблеяның кейбір мүшелерін ЕҚЫҰ ұлтаралық қатынастар проблемалары жөніндегі халықаралық сарапшылар қатарына енгізді. Сіздердің тәжірибенізді ТМД-ның көптеген елдері зерделеуде. Ресей Федерациясының Президенті Б. Н. Ельциннің жарлықтарының бірінде біздің Ассамблеямыз тәрізді институт құру туралы мәселе қарау міндеті қойылған.

Сіздердің қызметіңіз туралы айтқанда, Ассамблея ұлтаралық бірлік пен татулықты сақтауға және нығайтуға үлкен үлес қосып отырғанын мойындаған жөн. Мұның ішінде ұлттық саясат саласында жаңа заң жобаларына қоғамдық сараптама жасауға қатысу да бар. Мұның ішінде ұлт тілдерін, мәдениетін, дәстүрлері

мен салттарын жаңғыртудың басты тетіктері ретінде республикалық және аймақтық мәдени орталықтармен жүргізілетін ауқымды жұмыстар бар. Мұның ішінде этностардың съездерін, фестивальдерін өткізу де, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарын ұйымдастыру да, Қазақстан халықтарының тілдерінде әдебиет шығару да бар. Мұның ішінде шетелдегі қазақ диаспорасымен және біздің этникалық топтарымыз өкілдерінің тарихи отанымен байланыстарын нығайту жөніндегі жұмыс та бар. Мұның ішінде аз ұлттарға білім беру саласындағы оң ілгерілеулер де бар.

Бүгінгі таңда республикада 11 ұлт тілінде газет шығарылады, телестудиялар Қазақстан халықтарының 12 тілінде және радиостанциялар 6 тілінде хабар береді. Бұл – ұлттық толысу мен дамудың ақпараттық кеңістігін құрудың орнықты негізі.

Сондай-ақ ұлттық балабақшалар, мектептер ашылуда. Республикада мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерінде жеті ана тілінде 426 мың, ал жалпы білім беретін мектептерде – 3 млн-нан аса бала оқытылып, тәрбиеленеді. Аз ұлт өкілдерінің 106 мың баласы өз ана тілін дербес пән ретінде оқып-үйренеді. Павлодарлықтардың ізгі де пайдалы бастамасын атап көрсеткім келеді. Мұнда 900 оқушыға арналған Ұлттық жаңғыру мектебі ашылған, онда оқу және тәрбие ісі этникалық топтардың 9 тілінде жүргізіледі.

Жоғары оқу орындарына түсушілер үшін Ассамблея квоталары енгізілді. 1996 жылы қазақстандық студенттердің 9 %-дан астамы немесе 2000-ға жуық адам нақ осындай квотамен оқуға түсті. Жалпы алғанда жоғары оқу орындарының бірінші курстарындағы аз ұлт өкілдерінің үлесі 12-ден 17,7 %-ға дейін артты. 1998 жылдан

бастап республика жоғары оқу орындарына аз ұлттардың 4600 өкілі түсті. Бұл өте-мөте қажетті жұмыс әрі оған уақытша науқан деп қарамау керек.

Осы сессияға әзірлену кезінде мен мемлекеттік органдар қызметшілерінің ұлттық құрамы туралы санақты арнайы іріктеп беруді сұрадым. Деректер өте қызғылықты болып шықты. Мәселен, Президент Әкімшілігінде қазақтар мен орыстар, украиндықтар мен беларустар, корейлер мен ұйғырлар, татарлар мен болгарлар жұмыс істейді екен. Үкімет құрамы бүгінгі таңда мынадай: 8 қазақ, осынша орыс пен украин және 1 татар болып шықты. Әрине, бұл арақатынастың өзгеруі де ықтимал, бірақ ондай өзгерістерге тек адамның іскерлік сапасы ғана негіз болады. Барлық деңгейлердегі сот жүйесінде қазақтар, орыстар, украиндар, татарлар, корейлер, немістер, ингуштар, армяндар, өзбектер, поляктар, беларустар, молдавандар, еврейлер, әзірбайжандар, шешендер, башқұрттар, чуваштар, осетиндер, қырғыздар бар. Айтыңыздаршы, қайда, ТМД-ның қай елінде осындай жағдай бар? Бірақ осыған қарамастан, Рим Папасынан да әулие болып көрінгісі келетін әрқилы қамқоршылар аннан бір, мұннан бір бас көтеріп, Қазақстандағы әлдебір ұлттық қысымшылық жайында топшылау жасауын қояр емес. Бұл жөнінде бір ғана жайды айтайын. Егер өз ағайындарыңның тағдырына шынымен алаңдайды екенсің, олардың мәдениетін, тілін дамытуға нақтылы қаржылай, экономикалық қолдау жаса, өз отандастарыңның арасында бизнестің қалыптасуына көмек көрсет. Күллі әлемде көптеген өркениетті елдер осындай үлгіні паш етеді. Егер тозығы жеткен ұрандардан өзге берер ештеңеңіз жоқ болса, онда өзінің жаңа мемлекетін, жаңа азаматтығын жан жүйесімен

және ақыл-санасымен қабылдаған адамдарды жайына қалдырыңыз. Өйткені шетелдегі өз диаспорасына өркеніетті қолдау көрсетудің нақты тетіктері жоқ мұндай саяси сөзуарлықтың ұлтаралық шиеленісті ушықтырудан өзге ештеңе бермесі анық.

Жаңа қазақстандық азаматтықтың қалыптасуы біздің мемлекеттігіміздің негіздерін қозғайтын көкейкесті саяси проблемалардың біріне айналып отыр.

Біз саяси, азаматтық бірлікке ұмтылып отырмыз және де Қазақстан халқы әлдебір жаңа этникалық қауымдастық ретінде емес, түрлі ұлттар азаматтарының қауымдастығы ретінде көрінуге тиіс.

Ең алдымен мемлекет құраушы этнос ретіндегі қазақтардың рөлі туралы айтуымыз керек. Қазақстанның тәуелсіздігі – қазақтарға тағдырдың тартқан сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңдерді бастан кешу арқылы қолы жеткен өз мемлекеттігін құруға деген заңды құқығы. Бұл даусыз тарихи және саяси фактіге ешкім күмән келтіруге тиіс емес.

Бұрынғы КСРО-да қазақтар саны жағынан бесінші ұлт болғанына қарамастан, олар туған жерінде аз ұлтқа айналды, олардың ана тілі де жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Бұл – тағы сол баяғы жүйенің кінәсі. Қазақ ұлтының өз мәдениеті мен тарихын, ұлттық ерекшелігін жаңғыртуға деген ұмтылысына Қазақстанның әртүрлі ұлттары азаматтарының құрметпен қарауы – елдегі тұрақтылықтың стратегиялық негізі мен адамдар арасындағы сенімнің факторы.

Біріншіден. Қазақстанның қазіргі аумағы – қазақ халқының осы шекарада өз мемлекеттігі жөніндегі сан ғасырлық арманын іске асыруына тарихи және саяси

тұрғыда шынайы мүмкіндік беретін планетамыздағы бірден-бір кеңістік.

Екіншіден, осы мемлекеттілікті құра отырып, қазақтар өздеріне тән даналық пен әділеттілікті тағы да паш етуде. Кеңестік дәуірінен кейінгі кеңістікте ғана емес, біздің көзіміз жетіп отырғандай, ұлттық мемлекеттіктің түлеуіне байланысты өзгерістер кезеңін басынан кешіп отырған барлық мемлекеттердің ішінде бүкіл қоғамдағы татулық пен ауызбіршілікке бастайтын сарабал да дәйекті мұндай ұлттық саясат мысалдары некен-саяқ. Бұл ретте аталған осы санаттағы елдер арасында халқының этникалық құрылымының күрделілігі жөнінен Қазақстанмен салыстыруға келетіндері бірен-саран ғана.

Үшіншіден, өзгеге талап қою үшін ең алдымен өзіңе нақ сондай талаптар қоюың керек. Мыңдаған жылдар өресінде адамдар арасында қалыптасқан: «Өзіңе тілеместі өзгеге істеме» дейтін алтын қағида бар. Мұндай қағида кез келген мәдениетті адамға да, сондай-ақ тұтас халыққа да қатысты. Әсіресе мұның көпұлтты қоғам халықтарына қатысы ерекше.

Қазақ халқының диаспоралары күллі әлемде осы талаптарға сай келеді. Біздің отандастарымыз, ал олар 5 млн адамдай, негізінен Ресейде, Орталық Азияда, ондаған өзге елдерде тұрады.

Олардың бәрі де осы елдердің сан жағынан негізгі саналатын халықтарының тілін тамаша меңгерген, олардың салттары мен дәстүрлерін құрметтейді, басқа ұлт өкілдерімен де тату-тәтті тұрады. Ешбір жерде қазақтың ұлттық факторы саяси реңк беретін қозғалыстар мен партиялар құрылмаған.

Сіздер қазақтардың елден тыс жерлерге негізінен шарасыздан – тоталитарлық жүйенің немесе аштықтың қысымымен көшіп кетуге мәжбүр болғанын жақсы білесіздер. Шетелдерде жүруге амалсыздан мәжбүр болған барлық жылдар ішінде қазақтардың байырғы халыққа қарсы ұлттық, саяси немесе діни себептермен бірде-бір дәлелсіз ірі немесе кішігірім бой көрсетуі болғаны бізге мәлім емес. Сөйте тұра, осы елдердің бәрінде де қазақ тіліне қандай да бір институттық мәртебе берілмесе де, қазақтар бүгін де ұлттық болмысын сақтап қалуға тырысып бағуда.

Шетелде болып, отандастарыммен, қазақ диаспорасының өкілдерімен кездескенімде мен әрқашан оларды өздері тұрып жатқан елдердің мемлекеттігіне, жергілікті мәдениетіне, тіліне, салттарына құрметпен қарауға үндеймін. Мен бұл адамдарды заңды құрметтейтін адамдар болуға, осы елдердің халықтары жасаған саяси, құқықтық таңдауды тануға, олардың егемендігі мен аумақтық тұтастығына құрметпен қарауға шақырамын. Бұл орайда Қазақстан, өз кезегінде, қазақтар тұратын елдермен достық және тату көршілік қарым-қатынас орната отырып, күллі жарамды саяси және экономикалық тәсілдермен бүкіл әлемдегі қазақ диаспораларын қолдайтынын атап көрсетемін.

Қазақстан тарихының едәуір бөлігі – оны мекендейтін халықтардың барлық салада дерлік – тілінде, мінез-құлық дағдысында, дүниетанымында, ділінде терең тамыр тартқан этникалық және мәдени өзара іс-әрекеттерінің тарихы. Сондықтан қазір біздің жас мемлекетіміз тоталитаризмнің жалған қағидаттарын тәрк етіп, шын мәніндегі бірегей қызметті атқаруда – бар-

лық ұлттық мәдениеттердің тең құқылы, толыққанды дамуын қамтамасыз етуде. Олар жалпықазақстандық мәдениеттің жаңа сапасын айқындайды. Басым рөлі оны толық ауқымында әрі ең алдымен мемлекеттік тілді жаңғырту жөніндегі тарихи міндетпен айқындалатын қазақ мәдениеті біздің еліміздің барлық халықтарының мәдениетінің дамуына ешқандай да кедергі келтірмейді.

Біз мәдени қоғамның қазақстандық үлгісі, бір жағынан, өзіміздің ішкі жағдайымызға сәйкес келуіне, екінші жағынан, қазіргі дәуірдің күрделене түскен талаптарына сай келуіне ұмтылып отырмыз. Яғни мемлекет шығармашылық үдерістерге қысым жасаудың кез келген идеологиялық түрлерінен бас тартады. Мәдениеттің дамуы ендігі жерде әлемдік мәдениеттің даму заңдылықтары жүйесіне кірігуімен, бүгінгі әлемнің жаңа мағыналық және сезімдік-пайымдық астарларына бойлап енуімен айқындалады. Шын мәніне келгенде, нақ сол еуразиялық идеяның көрініс беруі.

Біздің мәдениетімізді әлемдік мәдениеттен оқшаулап тұрған «темір перде» енді жоқ. Қазіргі ахуалдың қағидатты жаңа тұрпаты Қазақстанның барлық этникалық топтарының мәдениеттеріндегі мазмұндық өлшемдердің сапалық өзгерісімен айқындалады. Шығармашылық тұрғыдан тоғысу принципті түрдегі ашықтық, басқа да дүниежүзілік мәдениет үрдістеріне үйлесу бағыты олардың негізгі сипаттамаларының біріне айналады. Келешекке көз салсақ, диаспоралар мәдениеттің құрлықтық аймақтарының бөліктері ретінде ғана көрініп қоймайды, бүкіл көпэтносты қазақстандық мәдени өркениет кешенінің «өкілетті өкілдері» болып шығады. Яғни, Қазақстанның басқа

ұлттық-этностық жүйелермен өзара іс-қимылының бір арнасы мен тетігіне айналады.

Сөйтіп, біздің еліміздің ұлттық мәдениетінің бірлігі – аралық Азия кеңістігінде қалыптасып келе жатқан мәдени құбылыстың негізі, сондай-ақ Еуразияның осы заманғы мәдениетінің ерекше және сүбелі бөлігі. Бұл – орасан зор байлық, біз оны сақтап, ұрпақтарымызға табыс етуге тиіспіз.

Кез келген елдің өзінің экономикалық, саяси тәуелсіздігінен және соған сәйкес келетін құқықтық негізінен басқа рухани тәуелсіздігі де болуы керек. Ал бұл осы мемлекет азаматтарының өз мәдени-өркеніет саласымен сәйкестігін сақтау мен дамыту жөніндегі талаптардың күрделі қосындысын қамтиды. Осыдан 5 жыл бұрын ғана дербес мәдениетін құруға мүмкіндік алған біздің еліміз жалпыұлттық мәдени кеңістік қалыптастырудың бастапқы кезеңінде тұр. Бұл – ұзақ мерзімдік әрі өзінің мәні жағынан стратегиялық міндет.

Біздің мемлекетіміздің саясаты болып жатқан өзгерістерді ескеруге және алдағы ғасыр құндылықтарының талаптары аясында сенімді стратегия сомдауға тиіс. Ал мұндағы ең бастысы – өзінің бірегейлігін сақтау. Әңгіме, шын мәнінде, мынау шапшаң өзгеріп отырған дүниеде халықтың өзін сақтап қалу қабілеті төңірегінде болып отыр. Ендігі жерде біз, барша қазақстандықтар, бір әлеуметтік, саяси, экономикалық, құқықтық және, сайып келгенде, бір мәдени кеңістікте тұрғанымызды түсінуіміз қажет. Біз – тарихқа айналған кеңестік мәдениеттің мұрагерлері ғана емес, дәл сол тарихи қажеттілік тұрғысынан алғанда – сапалық жаңа мәдени қауымдастықты құрушылармыз. Қазірдің өзінде бұл біздің өміріміздің ішкі мәні, мазмұны болып отыр.

Қазақстан кез келген ұлттық мәдениет үшін жалпы мемлекеттік, азаматтық-саяси ғана емес, сонымен бірдей мағынада мәдени-өркениет «үйі».

Тұтастай алғанда, Қазақстанда ұлтаралық қатынастарды реттеу принципті түрде өзгеріп отырған мынадай жағдаяттарды мұқият түсінуге негізделуі керек.

Біріншіден, саяси демократияландыру мен экономикалық ырықтандыру адамдардың мінез-құлқына жаңа сарын енгізеді және олардың арасында жаңаша қарым-қатынастар орнықтырады. Бұл өзгеру ұлтаралық қарым-қатынастарға да әсерін тигізеді. Егер осы ықпалдың негізгі бағытын айқындайтын болсақ, саяси және экономикалық ырықтандыру тұтастай алғанда Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынастарға оңды әсерін тигізді деп айтуға негіз бар (әйтсе де барлық жерде бірдей болмағанын мойындау керек).

Екіншіден, біз ашық қоғам орнатып жатырмыз. Президенттік басқару түрі, азаматтардың ерік-жігерін еркін білдіруі негізінде қалыптасқан кәсіби Парламенті бар қоғам. Іс жүзінде сөз бостандығын жүзеге асырып отырғанда, ұлттық қарым-қатынастарды жабық қоғамның үрдісі бойынша реттеуге болмайды. Иә, жабық қоғамда кез келген ұлттық проблеманы «адам жоқ болса – проблема да болмайды» дейтін қағидатпен шеше беруге болады, бұл ретте тіпті ең қатал деген әрекеттің өзі ақпараттық тұрғыдан әйгіленбейді немесе бір ғана көзқарас тұрғысынан түсіндіріледі. Мен Қылмыстық кодекске бұқаралық ақпарат құралдарын қорғауға бағытталған баптың енгізілуін саналы түрде талап еттім. Ал бұл жай ғана мінез көрсету емес, табанды ұстаным, өйткені тәуелсіз БАҚ болмайынша, ашық қоғам орнатуға болмайды.

Ұлтаралық қарым-қатынастардағы проблемалар жария талқылануға тиіс, әрі жабық және сапер күректерінің көмегімен жасалатын қанды «қажасудың» арқауы емес, қоғамдық татулықтың негізі болуы керек.

Үшіншіден, XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы Қазақстанның дамуы ұлттық шиеленістердің батпағына бататындай ешқандай да тақсіретті әрі тізгін бермес қажеттілік жоқ екенін көрсетіп берді. Босния мен Таулы Қарабақтың, Днестр маңы мен Абхазияның, Тәжікстан мен Шешенстанның ащы тәжірибесі басқаша пайымдауға негіз бола алмайды. Неге десеңіз, Қазақстан да аса күрделі жағдайды бастан кешіріп отыр ғой, бірақ біз ұлттық қарым-қатынастарды реттеудің белгілі бір практикалық тәжірибесін жинақтай отырып, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап қала алдық. Бүгінгі таңда бізде өткеннің, қалтарыс-қатпары көп қанды өткеннің проблемаларына байланысты мәселелерді шешуден, ғасырлар бойы қордаланып қалған келеңсіз таптаурыннан сапалық басқа, өзекті міндетті – осы заманғы Қазақстанның барлық ұлттық топтарының жаңа азаматтық сәйкестенуін шешуге ойысатын мүмкіндік бар. Саяси тұрақтылық та, экономикалық серпіліс пен мәдениеттің жай-күйі де біздің осы міндетті қалай шеше алатындығымызға байланысты болады. Біздің балаларымыздың болашағы да соған байланысты болмақ.

Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы

Әлеуметтік-экономикалық даму тақырыбына ойыса келе, реформаның Қазақстанның таяудағы 20–30 жылдарға арналған даму бағдарламасын жасау үшін нақты

мүмкіндік туған кезеңіне аяқ басқанымызды бірден атап көрсеткім келеді. Менің тапсырмам бойынша аса тәжірибелі мамандарды қатыстыру, оның ішінде түрлі елдердің мамандарын да тарту арқылы осы құжатты әзірлеу жұмысы қызу басталып та кетті. Бұл жұмыспен менің жарлығым бойынша құрылған Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттік шұғылдануда. Мен бұл жайында халыққа кейінірек егжей-тегжейлі айтатын боламын. Қазір оған қысқаша тоқтала кетейін.

Өздеріңіз білесіздер, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу үшін кешегі кезеңнің басымдығы болды. Инфляция үдеп тұрған және экономиканың үнемі есеңгіреген жағдайында қандай да бір тұрлаулы болжамдар жасау туралы сөз қозғау мүмкін болмағаны белгілі. Арқаулық көрсеткіштер тым солқылдақ болды да, солардың негізінде қандай да бір нақты ұзақ мерзімді жоспарлар жасай алмадық. Сондықтан барлық күш пен қайрат экономиканы құлдырау жағдайынан шығаруға бағытталды.

Өзірге біздің барлық қиғаштықтардан арылдық деуімізге ертерек, себебі қол жеткен тепе-теңдік әлі тым әлжуаз. Алайда 1993 жылы ұлттық валютаны енгізу сәтінен басталған реформалар, сондай-ақ макротұрақтылықтың батыл және мүлтіксіз жүргізіліп жатқан саясаты еліміз «қайтып оралу нүктесінен» өтті, енді біз шаруашылық организмінің тұрақты дамуын және экономикалық көрсеткіштердің өсуін еселеумен мықтап шұғылдана аламыз деп пайымдауға мүмкіндік береді.

Бүгін таңда біздің қолымызда не бар? Жеткілікті түрде тұрақтанып келе жатқан экономикамыз бар. Біз экономикалық құлдырау үдерісін, былайша айтқанда,

«кері бұруға» мүмкіндік алдық – аздаған өсуге қол жеткіздік, ал оны келесі 2–3 жылдың ішінде 2–3 % деңгейінде ұстап тұруды көздеп отырмыз.

Мемлекеттік шығыстар мен кірістердің қатаң саясаты бюджет тапшылығын бірнеше жыл бойы ІЖӨ-нің оңтайлы 2–4 % деңгейінде ұстап тұруға мүмкіндік береді. Айта кеткен жөн, бюджет тапшылығының 3 % деңгейі Батыс Еуропаның дамыған елдері үшін ЕО-ға кірудің шарты ретінде қабылданған.

Сыртқы берешегінің деңгейі жағынан Қазақстан бұл жөніндегі көрсеткіштері біртоға елдер қатарына жатады. Республиканың орасан зор экспорт әлеуетін ескергенде, ол тіпті жақсара түсуге тиіс, мұның өзі елдің жалпы кредиттік қабілетіне игі ықпалын тигізбек.

Жан басына шаққанда шетелдік тікелей инвестицияларды тарту деңгейі жағынан Қазақстан Орталық және Шығыс Еуропа, сондай-ақ ТМД елдерінің алғашқы бестігіне сенімді түрде кіреді. Тұтас алғанда бізде макроэкономикалық көрсеткіштер қалыпты, әрине, қолымызда оларды жақсартудың үлкен әлеуеті де бар.

Тағы бір фактор – ұлттық нарықты дамытуға жәрдемдесетін құрылымдық реформалар. Әу баста кідіріп қалғанымызбен біз өзгерістердің бара-бара жүруін қамтамасыз ететін қарқын таба білдік. Біздің жоспарларымыз бойынша барлық реформалар таяудағы екі жылдың ішінде аяқталуға тиіс. Қазақстан экономикасының әкімшілдіктен нарыққа қарай ойысқан өткіншілік мәртебесі анағұрлым тұрақтай түседі. Бұған барлық жағдай бар.

Бірақ ең бастысы – Қазақстанның қуатты әлеуеті бар, ал бұл, біздің қолымыз жеткен экономикалық

тиянағымызбен қоса, болашаққа сеніммен қарауға және ең батыл деген жоспарларды сөзсіз іске асыруға мүмкіндік береді.

Ал бұл әлеует неден құралады?

Біріншіден, біздің мемлекетіміз мұнайдың, газдың, көмір мен уран кендерінің дүниежүзілік қорларын иеленушілер ішінде алдыңғылардың бірі болып отыр. Бұл салаларды дамыту және оларды басқарудың тиімділігін арттыру мәселесі мемлекеттің ерекше назарын аударуын қажет етеді.

Дүниежүзілік қоғамдастықтың Қазақстанды ХХІ ғасырдағы негізгі энергия көздерін берушілердің бірі деп білуі орынды. Сондықтан біздің алдымызда келесі он-он бес жылдың бедерінде ірі мұнай экспорттаушылардың біріне айналу міндеті тұр.

Басқа да көптеген пайдалы қазбалардың қолдағы қорлары кәсіпорындардың қалыпты дамуын қамтамасыз етеді. Қазақстанда мыстың қоры әлемдік мыс қорының 10 %-ын, қорғасынның – 19, мырыштың – 13, темірдің – 10, марганецтің – 25, хромит кендерінің 30 %-ын құрайды. Барит пен вольфрамның анықталған қорлары да дүниежүзілік өндірілетін қордан асып түседі. Осының бәрі біздің металл өндіретін елдердің арасында лайықты орынға шығуымызға мүмкіндік береді.

Республика қойнауындағы ықтимал өндірілетін минералдық шикізаттың құндылығы 8,7 трлн доллармен, соның ішінде барланған қорлар 3,3 трлн доллармен, болжанған ресурс – 5,4 трлн доллармен бағаланады. Республика үшін минералдық шикізат кешенінде қатты қазба байлықтар жөнінен темір, марганец, хром, уран, полиметалдар, мыс, алтын – басым бағыттар. Осы

кешенді реформалау тиісті заңдар, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануды және қорғауды басқару мен реттеу тұжырымдамасы негізінде жүргізіледі.

Екіншіден, Қазақстан орасан зор ауылшаруашылық жеріне ие. Қазірдің өзінде біз ауылшаруашылық өнімдерімен өзімізді толығымен қамтамасыз етіп, оның өндірілген бүкіл көлемінің үштен біріне жуығын экспортқа шығарып отырмыз. Алдағы уақытта да стратегиялық мақсат агроөнеркәсіп кешені өнімдерін және ең алдымен дәнді дақылдарды Орталық Азия өткізу рыногына шығару үлесін осы деңгейде ұстап, ұлғайта беру керек.

Бұл орайда таяу жылдары ҚХР мен Үндістанда тамақ өнімдерін тұтынудың өсе түсетіні жөніндегі болжам ескеріліп отыр. Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдерін негізгі және жақын жердегі өткізу рыногы қатарына Ресей де жатады. Осыдан-ақ экспортқа деген әлеуеттің орасан зор екені түсінікті.

Үшіншіден, қазір республиканың дүниежүзілік сауда легінен жырақ жатқанына қарамастан, біздің транзит әлеуетімізді пайдаланушы салалар елдің болашақ дамуының қуатты қайнарына айналатын болады. Бұл әлеуеттің стратегиялық бағыттар қатарына енгізілуі бірнеше объективті жағдайларға байланысты болып отыр. Олардың ең бастысы – шапшаң дамып келе жатқан Оңтүстік-Шығыс Азия, Қытай, Үндістан мен Ежелгі Құрлық елдерінің бұдан былайғы дүниежүзілік сауда алмасуы барысында көлік шығындарын төмендету қажеттігі. Содан соң таяу келешектегі Қазақстанның дүниежүзілік мұнай өндірудегі үлесінің артуына байланысты оның экспорты үшін жаңа көлік қуаттарының қажет болатыны да өте-өте маңызды. Қазақстанның

географиялық жағдайы мен құрлықтағы ұланғайыр аумағы бізге бүгінгі таңда және келешекте кейбір басқа елдердің алдына табиғи артықшылық береді.

Сөйтіп, Қазақстан дамуының ұзақ мерзімді стратегиясының бірі көлік инфрақұрылымын дамыту болуы керек. Ол – мұнай құбырлары, магистралдық даңғылдар, темір жолдар, айлақтар мен өзен терминалдары, әуежайлар құрылысы. Дамыған коммуникациялар жүйесін сала отырып, біз экспорттық әлеуетті едәуір арттырып қана қоймай, Қазақстан арқылы бұдан былайғы транзиттік тасымалдың дамуына да жол ашамыз.

Проблема мынада: коммуникациялық жобалар өте қымбатқа түседі және өзін-өзі ақтау мерзімі ұзаққа созылады. Басқа елдердің тәжірибесі нарық тетіктері инфрақұрылымның дамуына ықпал етпейтінін көрсетіп отыр, демек, бұл жерде негізгі рөлді мемлекет өз қолына алуы керек. Біз Ақмола мен Қарағандыдағы аса ірі әуежайлар, Трансазия темір жолындағы «Достық» бекеті, Каспийдегі Ақтау кемежайы, «Алматы-Ақмола» автодаңғылы, телекоммуникацияларымыз және т. б. құрылысы кезінде осылай істедік. Алдағы уақытта да солай істемекпіз.

Айтпақшы, өндірістік инфрақұрылым туралы сөз қозғағанда, Қазақстанға біздің экспорттық мүмкіндіктерімізді елеулі түрде арттыруға мүмкіндік беретін алғашқы ірі жоба жайында айтпасқа болмайды. Биыл Каспий құбыр тарту консорциумының (КҚК) құрылысы басталды. 1999 жылға жоспарланған оны пайдалануға беру мұнайдың жыл сайынғы экспортын 67 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда ХХІ ғасырдың басында-ақ Қазақстанда мұнай өндіруді 100 млн

тоннаға, ал 2010–2015 жылдар бедерінде – 170 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Әрине, ол кезде КҚК-нің қуаттары бізді қанағаттандыра алмайтыны аян. Мұның үстіне біз өз алдымызға мұнай экспорттауды 100 және одан да көп млн тоннаға дейін арттыру міндетін қойып отырмыз. Сондықтан қазірдің өзінде маршруттары Қара теңізге ғана емес, басқа бағыттарға да созылатын осындай мұнай орналарының құрылысы туралы ойлануымыз керек. Сонымен бірге біз мұнай өнімдерін темір жол және теңіз көлігімен тасымалдау көлемін арттыруды көздеп отырмыз.

Төртіншіден, егер біз өз адамдарымыздың мүддесін көздеп, қаржы жұмсамайтын болсақ, онда отандық экономиканы өркендету жөніндегі барлық ұмтылысымыздан ештеңе шықпасы анық.

Мен өткен жүйенің ілуде бір артықшылықтарының бірі баршаның қолы жетімді білім алу болғанын айтқанмын. Халқымыздың білімді болуы – орасан зор табысымыз, ондай жағдай Оңтүстік Кореяда да, Малайзияда да, Индонезияда да болған емес. Біздің орта біліміміздің бәсекеге барынша қабілетті екенін көптеген жайлардан байқауға болады. Ал экономикалық құлдыраудың салдарынан алдымен жоғары және орта мектеп оқытушыларының, студенттердің зардап шеккені өкінішті-ақ. Қолға тиген мұрадан айырылып қалу ысырапшылдық болар еді. Бұған біз жол бермейміз. Ол ол ма, біздің өсуімізге қажетті резерв бар, яғни ағылшын тілін, экономика мен қаржы пәндерін, құқықты, информатиканы оқыту деңгейін арттыру керек.

Азия елдерінің экономикалық өсуіне ықпалын тигізген факторлардың бірі АҚШ-тың, Еуропаның дүниежүзілік ғылым мен оқу орталықтарына мыңдаған

студенттерін оқуға жіберуі болды. «Болашақ» бағдарламасын іске асыруда жол берілген белгілі бір іркілістерге қарамастан, біз алдағы уақытта да білім саласына мемлекеттік қолдау көрсетеміз, қазақстандықтардың қазір де, болашақта да қажетті білімі мен машықтарын арттыруға жәрдемдесе береміз. Студенттерімізді шетел университеттерінде оқытуды қаржыландыра отырып, біздің анық білетініміз және Қытайдың, Кореяның, Жапонияның тәжірибесінен көретініміз – тек осылай еткенде ғана күрделі міндеттерді шешетін кадрларды даярлай аламыз.

Ал енді отандық білім беруді дамытуға келсек, мұнда оны компьютерлендіру бағдарламасы шешуші рөл атқарады. Бұл іске әлемдік жетекші оқу орталықтарына жақындастырылған өз білім беру құрылымдарымызды қалыптастыру көмектесетін болады. Ондай жоғары мектеп көшбасшылары қазірдің өзінде бізде бар, олар – Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, Ұлттық мемлекеттік басқару жоғары мектебі және басқалары.

Бесіншіден, кез келген стратегия туа бітті немесе бойға сіңірілген артықшылықтарды дамыту арқылы құрылатынын айтып өттім. Бізде де солай. Алайда бүгінгі әлемде мұнайдың болсын, металл немесе ауылшаруашылық өнімдерінің болсын экспортына толайым иек сүйеп алсақ, онда біз сол артықшылықтарымыздан айырыламыз. Проблеманың шешімі – экспортты әртараптандыруда. Бұл жол әлемдік ахуалдың өзгеруі жағдайында шығысымызды төмендетіп қана қоймай, сонымен бірге өнеркәсіптің технологиялық жағынан одан әрі дамуына жәрдемдеседі. Уақыт өте

келе Қазақстан өңделмеген мұнай мен кенді ғана емес, сонымен бірге мұнай өнімдерін, химия мен машина жасау өнімдерін экспортқа шығарары сөзсіз. Әрине, технологиялық даму кезеңдерінен ешкім «аттап» өткен емес. Біз, тегі, ол жолмен жүрмейміз. Міндет басқада – қазіргі бар салаларды дамытуды көбінесе жаңа, өңдеуші салаларды – мұнай химиясы, машина жасау, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары индустриясы, тамақ өнімдері өндірісін және т. б. салаларды дамытумен дұрыс ұштастыра білуде. Осы міндеттердің бәрін біз басымдықтар санатына қосып отырмыз.

Әлбетте, кез келген стратегияның құндылығы ойластырылуында емес, ойдағыдай жүзеге асырылуында. Ал біздің жағдайымызда белсенді түрде шетел инвестицияларын тарту мен инвесторларға саяси кепілдіктер беру көбіне-көп табыстың өзіне байланысты. Өкінішке қарай, таяу болашақта ішкі ресурстарға арқа сүйей алмаймыз. Көптеген мамандар халық 2 млрд-қа жуық долларды «жамбасына басып» отыр деген пікірде болғанмен, сенімді қаржы жүйесін қалыптастырып, қазақстандықтардың сеніміне қайта ие болғанға дейін уақыт өтетінін мен жақсы түсінемін. Дегенмен қаражатты банктерде сақтау тиімді екенін қазірдің өзінде адамдарға түсіндіру қажет. Басқаша айтқанда, өздері инвестор болсын, елдің экономикасына жәрдемдессін, өзінің игілігіне қызмет етсін.

Ал әзірге отандық өнеркәсіпті аяғынан тік тұрғызу үшін шетел инвесторлары керек. Озық тәжірибе, жаңа технологиялар мен ноу-хау, басқару мен маркетинг дағдылары қажет. Міне, сондықтан да біз елдегі инвестициялық ахуалды жақсартуға көп күш-жігер жұмсап келеміз. Сол үшін Меминвестком құрылды, «Тікелей

инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заң әзірленді. Біздің қазіргі міндетіміз – капитал ағысын реттеудің түсінікті де жалпы жұрт қабылдайтын ережелерін белгілеу, инвесторлар үшін жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесін әзірлеу, әлеуметтік және коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту. Басқаша айтқанда, бүкіл әлемнің іскер топтары үшін Қазақстанның беделін арттыру керек. Сөйтіп, біз қолында елеулі ресурстары, озық технологиясы, өнім бөлудің ғаламдық арналары бар әлемнің аса ірі ұлтаралық корпорацияларының капиталын тарта аламыз.

Бұл күндері Алматыда аса ірі инвестициялық саммит өтіп жатыр, оған әлемдік ірі компаниялардың басшылары қатысуда. Кеше мен сол басқосуда сөз сөйледім, оған қатысушылардың сөздерін тыңдадым, сөйтіп, елімізге шетел капиталының келуін ұлғайту жолдары туралы жемісті де екіжақты мүдделі әңгіме қозғалғанына көзім жетті. Өйткені көптеген бизнесмендердің Қазақстанға «көзін ашу» керек, әлеуетіміздің мүмкіндігінен, даму келешегімізден хабардар ету керек. Бұл саммит біздің әлемдік шаруашылық байланыстарына кірігуімізге қуатты серпін береріне сенімдімін. Ол үшін, басқалармен қоса, экономиканы инвестицияларға бейім тұратындай жағдайда ұстайтындай етіп жұмыс істеу қажет. Демек, экономикалық реформаларды жүзеге асырудың серпінді де қатаң ырғағы керек. Нарықтың өзіне де экономиканы «қыздыратын» бірталай уақыт керек екенін ескеру қажет. Сондықтан бүгінгі таңда нарықтық реформаларды көп ретте мемлекеттің өзі ынталандырып отыр. Мемлекеттің экономикаға бұлайша араласуына сын айтылатыны да бар. Бірақ бұл араласудың әміршілдік-әкімшілдікпен салыстыруға келмейтінін ұмытпайық.

Біз экономикалық реформалардың бағыты нарықтық күштерге астасуы үшін бәрін істеуге ұмтылудамыз. Мұндай шаралар елеулі нәтижелерге жеткізуде. Бұл ретте «Азия жолбарыстары» дейтіндердің тәжірибесі үлгі аларлық.

Бұдан әрі. Қысқа мерзім ішінде жекешелендіру арқылы жеке меншік иелері табын қалыптастырып, ресурстарды барынша тиімді пайдалану үшін оларды бөлу тетіктерін жолға қоюымыз, әлеуметтік-экономикалық дамуды заңдық және реттеушілік негіздермен ұдайы «жетелеп» отыруымыз керек.

Әкімшілік жүйемізді сауықтыруымыз қажет. Шенеу-ніктердің далиған штаты қазірдің өзінде реформалау жолындағы елеулі тежегішке айналып отыр. Кейде тіпті оғаштыққа дейін барады. Мемлекеттік қызметшілер саны бүкіл халыққа шаққанда Қазақстан Батыс Еуропаның неғұрлым дамыған елдерімен бір қатарда тұр. Алайда біздің аппараттың жұмыс сапасы ешқандай сын көтермейді. Еуропалық қалыптың ауылы әлі алыс екенін өздеріңіз білесіздер.

Әлбетте, бюджеттегілердің осындай қалың қолын байлығы шылқи қоймаған мемлекет есебінен ұстау ауыр міндет. Демек, егер біз экономикалық өсуді жеделдетуге бекем бел байлаған екенбіз, онда мемлекеттік басқару органдарының реформасын белсенді іске асыруымыз қажет. Бұл үдерісті біз осы жылдардың наурызында бастап, министрліктер мен ведомстволар санының тең жартысын қысқарттық, аумақтық басқару органдарының құрылымы мен санын оңтайландырдық. Бес облыс пен ондаған ауданның басқару аппараттары қысқартылды. Нәтижесінде біз барынша іскер, икемді басқару органдарына ие болмақшымыз. Жалпы Үкімет-

тің және әр министрдің алдына нақты міндет қойып, оны жүзеге асыру мерзімін белгіледім. Жаңа астанаға жұмысты ұйымшылдықпен, беріле істейтін, осы заманғы өлшемдермен пайымдай білетін кадрларды топтастыруды көздеп отырмын.

Сонымен бірге, миллион бюджеттегілер туралы айтқанда, мемлекеттік қызметте тұратындардың бәрінің 70 %-ы дәрігерлер мен мұғалімдер екенін естен шығармауға тиіспіз. Бір жағынан, қызмет сапасын арттыру үшін, екінші жағынан, республикалық бюджеттен ауыр жүкті алу үшін, біз білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін кең көлемде реформалауды жоспарлап отырмыз.

Мұғалімдер мен дәрігерлердің жүктемесі, мектептер мен ауруханалар саны оңтайландырылуға, ел қажетіне сай болуға, ал қызметшілердің осы санатының еңбегіне төленетін ақы әжептәуір жоғары болуға тиіс. Айтып өткенімдей, мемлекет білім беруді тағдырдың тәлкегіне тастамайтын болады, бірақ бұл саланы қолдау міндетті білім беру жүйесі, гранттар мен шәкіртақылар арқылы жүзеге асырылады. Мен жеке меншік, бірақ лицензияланған және мемлекеттік талаптарға сай келетін мектептердің, университеттердің, ауруханалардың көп болғанын қалаймын. Медициналық қамсыздандыру жүйесіне де баса назар аударылатын болады.

Құрметті Ассамблея делегаттары мен қонақтары!

Соңғы жылдары біз реформалаудың жасампаздық кезеңінен өттік. Мемлекетті нығайту, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі үшін көп іс тындырдық.

Әрине, алдымызда әр жолы ауқымды жаңа міндеттер тұрады және тұратын болады. Бірақ енді олар жан бағуға емес, өсуге қатысты қиындықтар болмақ.

Әйтеуір біз, тоталитаризмнің мұрасы қанша қиын болғанына қарамастан, көпэтникалық мемлекет барлық ұлт адамдарының сенімі мен татулығы, адам құқығына құрметі ахуалында, халықтың барлық топтарының, барлық ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің әлеуметтік әріптестігі мен ынтымақтастығы жағдайында бейбіт жолмен алатынын және дамуы керектігін дәлдеп бердік.

Біздің еліміз алдағы уақытта да ілгерішіл ұлттық саясат жүргізетін, болашақ ұрпақтардың бейбіт өміріне, әр адамның еркін дамуына, барлық этностардың арасындағы үйлесімге кепілдік беретін демократиялық мемлекеттің заңдары бойынша өмір сүреді.

Осындай мемлекет орнатып, біз талай тауқыметті бастан кешкен, бірақ бірегей көп ұлтты Қазақстан халқын асырап-сақтап, баулып-түлеткен мәңгі мейірімді әрі дарқан қазақ жерінің алдындағы, қазақстандықтардың ұрпақтары алдындағы өз парызымызды орындайтын боламыз.

**М. О. Әуезовтің 100 жылдығына арналған
салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1997 жылғы 27 қыркүйек

**Қымбатты достар! Отандастар!
Қадірлі меймандар!**

Бүгін біз осы зәулім шаңырақтың астына еліміздің қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі аса бір айтулы оқиға – қазақтың ұлы жазушысы, ғұлама ғалымы, кемеңгер ойшылы, туған топырағымыздың перзенті Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 100 жыл толу салтанатын атап өтуге жиналып отырмыз.

Абай, Шоқан, Құрманғазы, Жамбыл, Шәкәрім... Қандай жарқын есімдер, даналық жарқылы, дарын жасыны іспетті! Тіпті осы ғажайып шоғырдың ішінде айрықша жарқырап Мұхтар жұлдызы нұр шашып тұр.

Құлашын кеңінен сілтеуге мұрсат бермеген ғұмырының ішінде ол кең құлашты прозалық шығармалармен қатар хас шебердің өміріндей әсем ондаған әңгімелер, пьесалар, либреттолар мен сценарийлерді дүниеге әкелді, оның қаламынан туған тың тынысты әдеби зерттеулер мен терең мазмұнды оқулықтар қаншама, тәржімандық өнердің үлгісіндей әлемдік классиканың үздік туындыларын қазақ тілінде сөйлеткен аудармалары өз алдына біртөбе.

Әңгіме, әлбетте, санда емес, М. Әуезов туындыларының асылдығында, мінсіз сапасында. Ол «Абай жолы» эпопеясынан өзге бір жол жазбаған күннің өзінде осы туындысының өзі-ақ келер ұрпақ көкірегінен мәңгілік орын алуы үшін жетіп жатыр.

М. О. Әуезов шығармашылығының нағыз тереңдігін, оның адамзаттың мәдениет қазынасына қосқан үлесінің қомақтылығын Қазақстанда ғана емес, ТМД елдерінде ғана емес, планетаның барша түкпірінде жақсы түсінеді. Жазушының осы мерейтойының ЮНЕСКО-ның аясында өткізіліп жатқаны да бекер емес. Бұл үшін біздің бәріміз осы халықаралық беделді ұйымның басшылығына, оның бас хатшысы Федерико Майор мырзаға шын көңілден ризамыз.

Алайда оның таза жазушылық еңбектен өзге – мехнат-машақаты мол, күллі күш-қайратыңды беруді талап ететін еңбектен өзге – түркология мен шығыстануды едәуір дамытқан әдебиетшілік еңбегі де болды. Ол әлемдік классиканың бірегей жұлдыздарын қазақ тілінде сөйлеткен біртума аудармалар да жасады. Республика Ғылым академиясының толық мүшесі, Қазақ және Мәскеу мемлекеттік университеттерінің профессоры бола жүріп белсенді ғылыми әрі педагогикалық

қызметпен де айналысты. Республика Парламентінің депутаты, көптеген кәсіби және қоғамдық ұйымдардың мүшесі ретінде белсенді жұмыс атқарды... Денсаулығы керемет мықты бола қоймаған бұл адамның осыншама қыруар жүкті қалай көтергеніне, бәріне де үлгергеніне әрі бәрін өзіне тән ыждағаттылықпен, тамаша талантпен атқарғанына еріксіз қайран қалмасқа амалың жоқ!

Оның бүкіл өмірі тағдырдың тауқыметі мен ауыртпалығына толы болды. Халықтың ар-ожданы, оның ойы мен арманының көрінісі болған «Алаш» ұйымының басшылары қызылдардың құрығына түскен кезде олармен бірге Мұхтар Омарханұлы Әуезов те қуғын-сүргінге ұшырады. Тағдыр оны ең ауыр қатерден аман алып қалды, алайда «буржуазияшыл ұлтшылдығы» үшін тағылған дәлелсіз айыптау өмірінің соңғы күндеріне дейін дерлік қара елестей қалмай қойды. 1930 жылдарда да, 1940, 1950 жылдарда да ол жазалау органдарының жалаң қылышы өзіне талай рет төнгенін бүкіл болмысымен сезіп-біліп отырды.

Бұдан да арғысын айтсам: тіпті Мұхтар Омарханұлы қайтыс болғаннан кейін де режим бұл адамды сүйген және құрмет тұтқан адамдармен есеп айырысуға әрекет жасады. Сол арқылы оның өзін де амалын тауып төмендетпек, күйе жақпақ болды. Осы залда отырғандардың ешқайсысы біле қоймайтын бір мысал келтірейін. Осыдан 10 жыл бұрын біз Әуезовтің туғанына 90 жыл толуын атап өттік. Содан көп уақыт өтпей-ақ республика партия ұйымдарының «штабында» бір назар аударарлық құжат өмірге келді. Шынын айтқанда, бұл Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология бөлімі Мәскеуге жолдаған өсек-аяңға құрылған хат болатын. Хатта осы аталған шараның барысында «партияның

бағытын» жүргізуді қамтамасыз етпеген Жазушылар одағына ашу-ызаға толы шабуыл жасалған еді.

Ондағы айыптаудың ең жеңіл дегені мынадай болатын. Үзінді келтірсем болсам: «тойға жиналғандардың басым көпшілігі қазақ ұлтының адамдары болып, жекелеген билеттер кездейсоқ, онша лайықты емес адамдардың қолына тиді» деген секілді сөздер болды. Мұнан соңғы айыптаулар сол кездегі Жазушылар одағы дайындап ұсынған баяндамаға бағышталды.

Жаланы жеткізушілердің пікірінше, М. О. Әуезовтің шығармашылық және еңбек жолы туралы қайғылы-трагедиялық тұрғыда айтылыпты, Қазақстанның шығармашыл зиялыларының арасында болған қуғын-сүргіннің ауқымы едәуір ұлғайтып көрсетіліпті, республиканың идеологиялық басшылығының жазушыларға қысым жасап отырғаны расталады, жаңа идеялар мен жаңа шығармалардың жолына кедергі қойылады-мыс.

Мен бұл жаланың авторлары кім екенін айтпай-ақ қояйын. Оларға өздерінің ар-ожданы әділ қазы болсын. Мен басқа жәйтті атап өткім келеді: «идеологиялық» астары бар шулы жанжал ұйымдастыру әрекеті тікелей Мұхтар Әуезовтің есімімен байланыстырылды, демек, бұл жанжалдың өзі де ұлы жазушының ар-ожданы мен абыройына нұқсан келтіруге тиіс болды. Сәтін салғанда, сол кезде дайындалып жатқан «қатарды таза-лаудың» жолын кесе алдық. Бірақ содан қалған өкініш пен жиіркеніш сезім, шынымды айтсам, әлі күнге дейін кетер емес.

Шүкір, ол уақыт келмеске кетті. Бүгін таңда әдебиет ұстаханасының шеберлеріне қысым көрсетуге, олардың шығармашылық ізденісін шектеуіне және шығармаларын рецензиялауға ешкімнің де қақысы жоқ. Ендеше жауапкершіліктің үлгісі болған Мұхтар Омарханұлы

Әуезовтің жігерлендіруші өнегесін жазушыларымыздың шығармашылық еңбегінде ұстанар адамгершілік бағыты болсын!

Құрметті жиналысқа қатысушылар!

Фирдоуси мен Гомер, Гете мен Бальзак, Шекспир мен Толстой сияқты, біздің Әуезовіміз де бүкіл адамзаттың Әуезовіне айналып отыр. Оны еске алып, аруағына тағзым етуге әлемнің барлық түкпірінен адамдар келуінің өзі де, міне, осыны айғақтайды.

Мен біздің меймандарымызды – халықаралық және аймақтық беделді ұйымдардың, ТМД мемлекеттері мен шалғай шет елдердің жазушылар бірлестіктерінің өкілдерін, мәдениет мәселелерімен кәсіби түрде айналысатын қызметкерлерді, Қазақстанның барлық облыстарының шығармашыл интеллигенциясының өкілдерін құттықтау мүмкіндігіне ие болғанымға қуаныштымын.

Сіздердің осы залда отыруларыңыз мемлекетаралық және аймақаралық деңгейдегі мәдени қарым-қатынастың тоқталмағанын көрсетеді. Демек, мәдениет бұрынғысынша, бейбітшілік елшісі күйінде қалып отыр. Міне, бұл – тамаша нәрсе.

Өз атымнан және Қазақстанның барлық азаматтарының атынан еліміздің өміріндегі осынау дәуірлік оқиғаға қатысқандарыңыз және біздің қуанышымызды бөлісуге әрі Қазақстан мәдениетінің жетістіктеріне тиісті құрмет көрсетуге деген ықыластарыңыз үшін, құрметті меймандар, баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін. Бәріңізге зор денсаулық, баянды бақыт, игілік және барлық шығармашылық ойларыңыздың іске асуына сәттілік тілеймін.

«Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына

ЖОЛДАУЫ

Алматы қаласы,
1997 жылғы 10 қазан

*Жаңа ғасыр табалдырықтан аттайды,
Басқа дәуір туып келеді.*

Вергилий

Әр дәуірдің өз міндеттері бар.

Гейне

КІРІСПЕ

*Өткен күннен алыс жоқ,
Келер күннен жақын жоқ.*

Қазақтың халық мақалы

Қымбатты отандастар!

Мен сіздерге, Қазақстан халқына, қоғамымыздың болашағы мен мемлекетіміздің мұраты хақындағы өзімнің пайымдауымды жолдап отырмын. Мен сіздерге осынау болашаққа қол жеткізіп, өз мұратымызды іске асыруға жәрдемдесе алады-ау деген сенім ұялататын стратегияны ұсынғым келеді.

Мен сіздерге келер ғасырға, жаңа мыңжылдыққа, алыстағы өріске жол тартатын болашақ жайындағы өзімнің ой-толғаныстарымды айтсам деймін. Біз өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келетінін айқындап алатын уақыт жетті.

Бұл бізге не үшін қажет? Менің ойымша, біздің әрқайсымызда ендігі жерде тек бүгінгі күннің қамымен, ағымдағы міндеттерді толассыз шешумен ғана өмір сүруге болмайтынын терең түсіну сезімі пісіп-жетілген болса керек.

Біз ненің іргесін тұрғызғымыз келетінін, таңдап алған мақсатымызға жеткізетін дамуымыздың траекториясы, даңғыл жолы қандай болуға тиіс екенін анық біліп, айқын ұғынуға тиіспіз.

Өзіміздің басым мақсаттарымызды дұрыс айқындап, тиісті стратегияларымызға таңдау жасап, сол жолмен жүру үстінде ерік-жігер мен төзімділік таныта оты-

рып, біз өзімізді бұралаң-бұрылысты сенделістерден, күш-қуатымызды, уақытымыз бен ресурстарымызды жөнсіз ысырап етуден сақтандырамыз.

Мықты стратегияға ие болып әрі табандылық таныта отырып, біз жолымызда кездесер кез келген күрделі кедергілерді абыроймен еңсере аламыз.

Бүгінгі таңда басымыздан кешіп отырған қиын жағдайлар бізді күш-қуатымыз бен үмітімізден айырмауға тиіс. Перспективаларымызды айқын ұғыну, жолымызда тұрған қиындықтар мен қауіп-қатерді бүкпесіз түсіндіру барша азаматтарды осынау ортақ міндетті шешу үшін жұмылдыруға жәрдемдеседі.

Біз бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтынын: әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігі барын күнделікті есте ұстауға тиіспіз.

Біз өз балаларымыз бен немерелеріміздің сонау алыс болашақта, қазіргі біздің жасымызға жеткенде қандай күйде болғанын қалаймыз?

Олар бақуатты өмір сүре ме, қарындары тоқ, дендері сау, білімді де білікті бола ма?

Жақсы әрі азат қоғамда өмір сүре ме?

Бір-бірімен тату-тәтті бола ма?

Өз қауіпсіздігі мен балаларының қауіпсіздігі үшін алаңсыз бола алар ма, көшелермен емін-еркін жүріп, өз дүние-мүлкі үшін қауіптенбес болар ма?

Біз оларға қуатты мемлекеттігімізді және өзіміздің алыс-жақын көршілерімізбен достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыра аламыз ба?

Осынау қарапайым, бірақ маңызды сұрақтарға біз бүгіннің өзінде жауап беруге тиіспіз.

Бір данагөй: егер сіз қайда бет алып бара жатқаныңызды білмейтін болсаңыз, онда сізді ол жерге кез келген жол алып баруы мүмкін деген екен. Осыны естен шығармай, болашақтың тұрпатын жалпы түрінде де, қысқа мерзімдік нақты мақсаттар түрінде де ұдайы бағдар етіп ұстауға тиіспіз, ал бұл қандай да болсын бір іске кіріскенде: біз дұрыс бағытпен жүріп келеміз бе, әлде бағдардан ауытқыдық па, ілгері оздық па, әлде шабандап келеміз бе деп, әрекетімізді ұдайы таразылап отыру үшін қажет.

Бүгінгі күнді ертеңгі күнмен ойша салыстырып, оны сан рет қайталап отырсаң, проблемалардың ауқымы мен маңызын өзгеше қабылдайсың. Ал өзімізді әлем мен бүкіл планетаның бір бөлігі ретінде түйсіне отырып, біз жаңа дәуір мен жаңа уақыттың тынысын және олардың жуықтай түскенін сезінеміз.

Қазақстан жаңа мемлекет ретінде көптеген империялардың: Оттоман, Австро-Венгрия, ал тіпті таяуда – Кеңес Одағы империяларының жан тәсілім сәттерін көрген дәуірде дүниеге келді.

Біз жаңа мемлекетті, жаңа нарықтық экономика мен жаңа демократияны көптеген өзге тәуелсіз мемлекеттер осы тәрізді жолды басынан кешіріп те үлгерген уақытта құрып жатырмыз.

Біз қуатты сыртқы күштер келешегімізді айқындауда сөзсіз елеулі рөл атқаратын күннен-күнге өсе түскен жаһандану мен күшейіп келе жатқан өзара тәуелділік дәуірінде өмір сүріп отырмыз.

Егер біздің ой-ниетіміз байыпты, өзіміз пайымды да парасатты болсақ, дамуымыздың ішкі және сыртқы

факторларын бүкпесіз талдап-таразылауға қабілетті болсақ, онда біздің жалпы топтасу, өз тарихымыз бен ерекше жағдайларымыздың негізінде дұрыс жолды таңдап алу мүмкіндігіміз де бар.

Біз басқа елдердің тәжірибесін зерделей алсақ әрі солай етуге тиісті болсақ та, халықаралық қоғамдастықтағы қолайлы үрдістерді пайдалана алсақ та, біздің жасымызға жеткенде балаларымыз бен немерелеріміз мақтан ете алатындай Қазақстанды құру жөніндегі үмітіміз бен арманымызды іске асыруға қажетті осынау орасан зор жұмысты өзге ешкім де емес, тек біздің өзіміз ғана игере аламыз.

Неліктен нақ бүгінгі таңда алдымызда осы міндет тұр?

Өйткені кеше біз бұған даяр емес едік, тәжірибеміз бен білігіміз жетіспеді, жағдай, ересен тұрақсыздық пен тұрлаусыздық мүмкіндік бермеді. Міндеттің өзі де басқа болатын. Алдыңғы кезеңнің күллі мәні басталып кеткен аласапыран өтпелі кезеңнің буырқанған жағдайында дербес мемлекет ретінде аман қалуға келіп сайды. Көптеген көріпкелдер біздің сәтсіздікке ұшырайтынымызға, мемлекет құрылысының, қоғамдық және экономикалық қайта құрудың бұрын-соңды болмаған міндеттерін игере алмайтынымызға сәуегейлік айтумен болды.

Бірақ біздің алғашқы сынға лайықты төтеп бере алғанымыз – еңсемізді тік ұстап, абыроймен шыққанымыз бүгін айқын болып отыр. Барлық қиындықтарға қарамастан, біз бейберекетсіздік пен ретсіздік шыңырауынан шыға білдік.

Қазір біз тұрақтану кезеңіне аяқ бастық. Ең өзекті және маңызды міндеттерімізді шешуде қол жеткізген табысымыз бізге жан-жағымызға байыпты зер салып,

өткен жолымызды таразылауға әрі болашаққа батылырақ көз тастауға, алдағы дамуымыз туралы ойлауға, өз жоспарларымызды түзуге мүмкіндік береді.

Аса ауыр жағдайларда жинақталған мемлекеттілік құру, саяси және экономикалық реформалар жүргізу тәжірибесі, әлем және оның дамуы туралы білім-білігіміз, қазақстандықтардың төзімділігі мен түсінушілігі бізге қосымша күш-қуат пен сенімділік үстейді.

Бұл міндетті шешуді ертеңге қалдыруға да болмайды, өйткені біз өз реформаларымызды толық аяқтағанша күтіп те отыра алмаймыз.

Басқаша айтқанда, кеше әлі ерте болатын-ды, ал ертең кеш болып қалуы мүмкін. Жақсы жасалған стратегиялық жоспар жұмылдырады, ширатады және септеседі.

Ол мемлекет назарын басымдықтардың аса қысқа тізбесіне жұмылдырады, ол тәртіпке жұмылдырады әрі Үкіметті осы міндеттер мен стратегияларды күнделікті шешіп отыруға талпындырады. Ақыр аяғында, ол біздің мақсаттарымыздың іске асуына жеткізетін күн сайынғы және жыл сайынғы шешімдерді қабылдауымызға септеседі.

Бірақ бұл әлі жеткіліксіз. Осы мақсаттарды іске асырудың, жобаланған жоспарларды орындаудың маңызы да бір кем емес. Сондықтан әрбір министрлік пен ведомство өз жұмысын біз күн сайын, ай мен жыл сайын ілгері қадам басып, қойылған мақсаттарымызға қарай ілгерілей беретіндей етіп ұйымдастыратын жүйені құру қажет.

Мемлекеттік қызметкерлер күн сайын алдарындағы стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды көріп отыруы, екінші кезектегі және күнделікті міндеттерді шешуге алаңдамастан оларды іске асыруы қажет.

Қабылданатын заңдар мен шешімдер біздің стратегиямыздың арнасында, жұмыс – жинақы әрі үйлесімді болуға тиіс.

Келесі жылдан бастап біздің жыл сайынғы жоспарларымыз ұзақ мерзімді басымдықтарымызға сәйкес болуға тиіс. Оның үстіне, мониторинг жүйесі қойылған мақсаттарымызға қол жеткізуде біз қаншалықты ілгеріледік деген сұраққа жауап беруі керек. Сондықтан бізге стратегиялық жоспарлау мен стратегиялық бақылаудың, есептілік пен жауапкершіліктің жүйесі қажет.

Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты – қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы. Егер біз қоғам мен халықтың түрлі топтарының қажеттіктерін дұрыс ескеруге, басымдықтарды дәл айқындап, олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге қабілетті болсақ, онда бұл ақиқатқа айналады. Мұны халықтың жекелеген топтарымен және жеке сектормен мемлекеттің ынтымақтастығы негізінде атқару керек.

Осы Жолдау менің Қазақстан халқына ішкі және сыртқы саясатымыздың негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнап сөз сөйлеу жөніндегі Конституциялық міндеттеріміздің шеңберінде әзірленді. Бірақ, жоғарыда атап өткенімдей, біздің мемлекетіміз, тұтас алғанда қоғамымыз координаттар жүйесі болып табылатын, соның шеңберінде жыл сайынғы іс-қимыл жоспарларымызды жасай алатын неғұрлым ауқымды болжам мен стратегияны қажет етеді. Сол себепті Жолдауда осы мәселелерге ерекше орын беріліп отыр.

Президенттің Қазақстан халқына ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы бұдан кейінгі жыл сайынғы Жолдаулары ұзақ мерзімді стратегияның іске асырылуына берілетін бағаны қамтитын, сондай-ақ алдағы жылға арналған нақты міндеттерді айқындайтын болады.

I. БІЗ БҮГІН ҚАЙ ЖЕРДЕ ТҮРМЫЗ

*Адамдардың өмірінде шарықтау сәті бар,
дұрыс пайдалана білсе, ол табысқа жеткізер.
Егер оны қолдан шығарып алса, одан кейінгі
жол тайғақ кешуге ұласар.*

Шекспир

*Ұланғайыр мүмкіндіктер баршаға беріледі, бірақ
көп жандар олармен ұшырасқанын сезбейді де.*

Даннинг

Соңғы 6 жыл ішінде біз басты стратегиялық екі мақсатты көздедік.

Біріншіден, Қазақстан егемен тәуелсіз мемлекет болса екен дедік. Көптеген адамдар қазір мұны тиісті нәрсе ретінде қабылдауға әзір, бірақ қазақстандықтар оның біздің тарихымызда қаншалықты сирек әрі қиындықпен болғанын ұмытпауға тиіс.

Екіншіден, біз кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформаларды жүргізе бастадық. Аталған мақсаттарға әлі жете қойғамыз жоқ, дегенмен жекелеген бағыттарда көзге түсер нәтижелеріміз де бар.

Енді ахуалды терең таразылау, дамуымызды әлемдік тәжірибе тұрғысынан талдау және реформаларымызды іске асыру мен жаңа институттарымыздың қалыптасу дәрежесін әлемдік үздік тәжірибемен салыстыру маңызды. Өзіміздің бекем және босаң тұстарымызды байыпты тұрғыдан саралап, тек содан кейін ғана дербес төл стратегиямызды талдап жасаудың маңызы бұдан бір де кем емес.

Біздің ішкі бекем тұстарымыз бен Қазақстанның қолындағы сыртқы мүмкіндіктерді, өзімізге тән босаң тұстарымыз бен сыртқы қатерлерді талдаудан бастайын. Еліміздің қолында 8 артықшылық бар.

Біріншісі. Біз өзіміздің тәуелсіз егемен мемлекетіміздің негізін қаладық. Барлық қажетті мемлекеттік институттар қазірдің өзінде бар әрі ай сайын тәжірибесі мен біліктілігін ширата түсуде. Бірақ мемлекетіміздің құрылысы аяқталатын күн әлі алыс.

Екіншісі. Біз жетпіс жыл бойы өзіміз өмір сүрген ескі саяси және экономикалық жүйеден іргемізді түбегейлі аулақ салдық. Бүгін мүлде жаңа мемлекет өмір сүріп отыр, мүлде өзге саяси және экономикалық жүйе жұмыс істеуде.

Үшіншісі. Қоғамымыздағы өзгерістер ықпалымен, өзіміз көбіне оны түйсіне де бермей, құндылықтардың сапалық тұрғыдағы өзге жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, өзіміз де түгел өзгердік. Қысқасы, біз азат болдық. Мемлекеттік-ұжымдық дүниетанымның жекешіл-дербес дүниетаныммен алмасуы біздің өміріміздің әрбір қырын өзгертті. Әрине, ескі жүйе неғұрлым сенімді әлеуметтік игіліктер беріп келді, әрі бірсыпыра сала-

ларда жетістіксіз де болған жоқ. Алайда, экономикалық тұрғыдан бәсекеге қабілетсіз болғандықтан, ол жүйенің күйреп тынғанын да ұмытпауға тиіспіз. Ол әлеуметтік жағынан осал болып шықты, өйткені адамдардың көпшілігінің тұрмыс деңгейі шетелдегі тұрмыс деңгейінен төмен болды. Ол, сондай-ақ, жеке адам хақында да осалдық танытты, өйткені еркіндік бермеді. Нарықтық экономика мен демократиялық жолмен таңдап алынған мемлекет Қазақстанға қандай шамада өркендеу мен босандық бере алатынын уақыт өте келе біздің өз тәжірибеміз көрсетуге тиіс. Өтпелі кезең уақытында біздің азаматтарымыздың көпшілігі қилы істі бастан кешірді әрі көп нәрсені құрбан етті. Бірақ біз мұны тек сіздер мен біздің игілігіміз үшін ғана емес, ең алдымен, балаларымыз бен немерелеріміздің игілігі үшін жасап отырмыз.

Төртіншісі. Біздің басты оң игіліктеріміздің ішінде халқымыздың немесе, былайша айтқанда, адам ресурстарының сапасы тұр. Біздің ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары, білім өресі биік халқымыз бар. Көптеген елдерде бұл жоқ, сондықтан олар осындай сапаға жетуді өздерінің стратегиялық мақсаттарының бірі санайды. Бұл өзі – біздің халқымыз бен бұрынғы жүйенің аса ірі жетістігі. Біз қолымыздағы осындай баға жетпес капиталды жан-жақты дамыта беруге және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі неғұрлым өркениетті жағдай туғызуға тиіспіз.

Бесіншісі. Біздің табиғи ресурстарымыз – орасан зор байлық. Алайда, бұл өзі қанша кереғар көрінгенімен, табиғи байлығы бар көптеген елдердің оны дұрыс пайдалана білмегендіктен ақыры кедейлер қатарынан шыға

алмай қалғанын әлемдік тәжірибе көрсетеді. Ал Шығыс Азияның табиғи ресурстары жоқ елдері неғұрлым серпінді дамыған елдер қатарына қосылды. Осының бәрі жетекші фактор – адамдардың өздері, олардың ерік-жігері, күш-қуаты, табандылығы, білім-білігі екенін тағы да дәлелдей түседі. Бұл — бізге өркендеу мен тәуелсіздік есігін айқара ашуға мүмкіндік беретін баяғы «алтын кілттің» нақ өзі.

Әлемнің келеңсіз тәжірибесінен де үйрену қажет. Ол даму стратегиясының жоқтығы немесе оны іске асыру қабілетінің болмауы табиғи байлықтар әлеуетінен басым түсетінін айқын көрсетіп отыр. Сондықтан бұдан біз шығаратын басты қорытынды – ойластырылған стратегия жасап, оны барлық қиындықтарға қарамастан жүзеге асыру қажет. Жер қойнауының байлығы – барша келер ұрпақтың игілігі. Бұған қарап босаңсымауымыз керек. Керісінше, Үкіметті қоса, біздің бәріміз ондай байлық қолымызда болмағандағыдай өмір сүріп, жұмыс істеуге тиіспіз.

Алтыншысы. Біздің ұлан-байтақ алқаптарымыз, ауылшаруашылық жерлеріміз – орасан зор әлеуетіміз. Көптеген өлшемдер бойынша біз Канада мен Австралияға ұқсаспыз, тек бір кемістігіміз – бізге олардың өнімділігі мен экспорттық әлеуеті жетіспейді. Бұл жерде де ең бастысы – нақты және тиімді стратегия, адамдар мен капитал.

Жетінші бекем тұсымыз – қоғамымыздың саяси тұрақтылығы мен бірлігінде жатыр. Біз қоғам ішіндегі тікелей тайталасқа жол бермей, ахуалды тұрақтандыра білгенімізді мақтан етеміз, өкінішке қарай, көптеген дамушы және коммунистіктен кейінгі елдердің бұған қолы жеткен жоқ. Алайда толық тұрақтылықтың,

керек десеніз, топтасу мен бірліктің ауылы әлі алыс жатыр, сондықтан біздің баршамыз өзімізді біртұтас отбасымыз деп сезіну, мақсаттарымызды айқын біліп, оларға қарай бір сапта қадам басу үшін әлі көп жұмыс тындыруымызға тура келеді.

Бұл кедейшілік пен жоқшылық жағынан теңесу, теңгермешіліктің жаңа жүйесін орнату емес. Сондай-ақ базбір этникалық немесе діни топтарға басқалармен салыстырғанда басымдықтар беру жөнінде де әңгіме болуы мүмкін емес. Біздің стратегиялық міндетіміз – халықтың көптеген топтарының бірлігі, жекелік және қоғамдық негіздерді байыпты үйлестіру, ал бұл біздің қоғамымыздың пәтуалық сатылы дәстүрлерін толықтыра түседі.

Байлардың ат төбеліндей шағын тобы жарлы адамдардың үлкен тобынан қатты алшақтап кеткен жерде қоғам еш уақытта еңсесін көтеріп, өркендей алмайды. Түрлі этникалық және діни топтардың құқықтары әртүрлі болып келетін, біреулерге мүмкіндіктер беріліп, өзгелер құр қалатын, саяси партиялар мен қозғалыстар тікелей қарама-қарсы тараптарға «бұра тартатын», бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен жауапкершілігі, либерализм мен демократияның және мемлекет күшінің арасында орасан зор сәйкессіздіктер бар елдің де болашағы жоқ. Біз шектен шығудың бір парасын бастан кешірдік, енді тек екіншісінен сақтасын. Менің ойымша, осы бір ақылға сыйымды дүниелерді ұғыну қоғамдық санада нық орын тепкен болар.

Сергізіншісі. Мен қазақстандықтардың байсалдылығы мен төзімділігін, олардың кеңпейілділігі мен ақжарқын-

дығын ерекше атап айтқым келеді. Мұны шетелдіктердің баршасы дерлік айтып жүр. Мен өтпелі кезеңнің ауыртпалықтарын түсініп, оған төзіп отырғаны үшін отандастарыма ризамын және осы қасиеттер — біздің табысқа жетуіміздің, қоғамымыздың топтасуының, шетелдік инвестицияларды тартудың және халықаралық қоғамдастықты біздің проблемаларымызды шешуге қатыстырудың елеулі кепілі деп санаймын.

Осындай күшті жақтарымызбен бірге біздің сыртқы сипаттағы бірқатар мүмкіндіктеріміз бар. Біздің сыртқы мүмкіндіктеріміз ең алдымен еліміздің географиялық, геосаяси және геэкономикалық жағдайымен айқындалады. Қазақстан үшін негізгі үш мүмкіндікті бөліп айтуға тұрарлық.

Бірінші мүмкіндік біздің Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен торабында орналасқан географиялық жағдайымыздан туады. Әлемдік экономикалық және саяси үдерістердің жаһандану үдерісі мұны өзекті факторлар қатарына қосады. Біздің бабаларымыз түркі халықтарының біртұтас тобы құрамында осы маңызды стратегиялық факторды өздері үшін тиімді пайдалана білді: атақты Жібек жолы бойымен Еуропа мен Азия елдері арасында кең ауқымды сауда арнасы ұйымдастырылды. Бүгін біз аймақтағы басқа елдермен ынтымақтаса отырып және әлемдік қоғамдастықтың қолдауымен осы арнаны қалпына келтіре бастадық. Сөз жоқ, келешекте Еуропа мен Азия арасында сауда, қаржы тасқыны және адамдардың көші-қон жүйесі ұлғая түседі.

Көптеген саяси тұрақтандырушы факторлар туралы айтпағанның өзінде, мен нақ осы себептен Еуразия

идеясын ұсындым және өзім стратегиялық болашағына кәміл сенетін осы идеяны дамыта бермекпін.

Бізбен іргелес кез келген ел тәрізді, Қазақстанның да жеке өзі тиімді транзиттік әлеуетін іске асыра алмайды. Мұны бірлесе отырып, тығыз әрі өзара тиімді ынтымақтастықта атқару қажет.

Осындай тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан, біз шекараларымыздың өн бойында өз өнімімізді өткізудің аса ірі рыноктарының орасан зор әлеуетіне ие болып отырмыз. Таяудағы сыйымдылығы 2 млрд адамға жуық рыноктар, әредік қана болмаса, кез келген Қазақстан өнімін қабылдай алады, тек ол, әлбетте, өнімнің бәсекеге қабілетті болуы мен көлік арналарының дамуына талап қояды. Ол көршілер – тарихи тұрғыда маңызды әлемдік орталықтар саналатын Ресей, Қытай және ислам мен орталық Азия мемлекеттерінің тобы, Таяу және Орта Шығыс елдері. Күллі Еуразия материгінде бейбітшілік пен тату көршілік, өзара сенім қарым-қатынастарын орнықтыру – табысты дамудың қажетті шарты. Соғыстарға, бақталастыққа, бәсекеге және егеске киліккен елдер ресурстарын, уақыты мен күш-қуатын орынсыз шығындап, өздерін тоқырау мен кенжелеуге душар етеді.

Екіншісі. Мемлекет құрылысы мен реформаларды жүргізудің ауыр үдерістеріне шетелдік мемлекеттер мен донорлық ұйымдар тарапынан қолдау көрсетілуі бізге қосымша мүмкіндіктер береді. Бұл тұрғыда көптеген елдердің бізге қарағанда оншалықты жолы болмады. Осы фактор, әсіресе өтпелі кезеңнің бастапқы сатыларында өте маңызды, өйткені бізге сырттың қаржы ресурстары мен білім-білігі қажет.

Үшіншісі. Жаһандану мен ғылыми-техникалық прогресс үдерісі, әсіресе жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың дамуында біздің ұланғайыр, бірақ аз қоныстанған еліміз үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Бірақ біздің осы үдерістермен қатар адымдайтынымызға ешкім кепілдік бере алмайды. Демек, бұл технологияларды ұғыну, біздің қоғамымызға олардың толық кірігуіне қол жеткізу, ғылыми-техникалық кадрларды қолдау маңызды.

Бүгінгі дамуымыздың келеңсіз жақтары туралы айта отырып, олардың көпшілігінің уақытша және өтпелі сипаты барын, әрі олар кеңестік мұра мен өтпелі кезең қиындықтарының салдары екенін атап өту қажет.

Бірінші. Коммунистік қағидаттар рухында тәрбиеленген адамдардың бірнеше ұрпақтары қалыптастырған біздің діліміз. Кейбіреулер жақында болған өзгерістерді ынта-жігерімен пайдаланды, бірақ басым бөлігі олай істеген жоқ. Адамдарға субъективтік және объективтік факторлар ықпал етеді, олар болып жатқан өзгерістерге баяу бейімделіп, өз проблемаларын шешуде бұрынғысынша мемлекеттің көмегіне иек артады. Мұндай философия мен әрнеге көзқарас олардың жаңа қиындықтарға төтеп беруіне бөгет болады, күш-қуатынан және өзінше іс-әрекет жасау талабынан айырады.

Мемлекеттің ендігі жердегі жаңа міндеті адамдар үшін шешімдер қабылдауда емес екенін көптеген шенеуніктердің әлі түсіне бермейтіні құпия емес. Керісінше, ол бәрінен бұрын еркін азаматтар мен жеке сектор өздері және өз отбасылары үшін тиімді шаралар қолдана алатын жағдайларды қалыптастыруда болып отыр. Біз бұл ретте жаңа құндылықтар жүйесіне

тезірек бейімделіп алған, болашаққа жаңаша көзқарасы бар жас ұрпаққа сүйене отырып, бұқаралық сананы төзімділікпен өзгерте беруге тиіспіз.

Адамның ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Бірақ мемлекет объективті үдерістерді түсіндіру, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу және, ең бастысы, дербестікке бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен өзгерістер үдерісін жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымы қалыптасқанша ондаған жылдар қажет болады.

Екінші. Экономикалық реформаларды жүзеге асыру, КСРО-ның ыдырауы және Қазақстан экономикасының әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіне кіруі объективті түрде өндіріс көлемінің елеулі төмендеуіне әрі осының салдары ретінде – әлеуметтік ахуалдың нашарлауына соқтырмай қоймады. Технологиялық жағынан кенже қалған және қуатты мол қажет ететін өндірістердің басым бөлігі, шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларына дайын емес әрі оны игере алмаған менеджмент – бәсекеге қабілетсіздікке және көптеген кәсіпорындардың тұрып қалуына, дәстүрлі өткізу рыноктарын жоғалтуға, төлемсіздіктер мен өндірістің құлдырауына соқтырған факторлар, міне, осылар. Осының салдарынан біздің елімізде соңғы сегіз жылда өндіріс деңгейі екі еседен артық қысқарды, ал бюджеттік түсімдердің қысқаруы одан да басым болды. Мұның өзі көптеген дамушы елдердегі экономикалық өсудің жоғары қарқынымен бір мезгілде болғандықтан, біздің экономикамыз шартты түрде алғанда үш еседен астам артта қалып қойды. Осы жай бізді бұрынғыдан да жіті, ширақ қимылдауға мәжбүр етіп отыр.

Үшінші. Экономикалық құлдырауымыздың салдарынан азаматтарымыздың көпшілігінің табысы мен өмір сүру деңгейі нашарлап кетті. Теңгермешілікті жою мен жұмыс істейтін еңбек рыногын құру байлар мен жарлылар арасындағы елеулі айырмашылықтың пайда болуына соқтырды. Әрі бұл ретте мемлекеттің басты тірегі және қоғамның негізгі тұрақтандырушы факторы – орта таптың әлеуметтік тобы мардымсыз.

Төртінші. Экономиканың қозғаушы күші болуға тиіс ұлттық жинақ қаржының ұлғаюы мен капиталдың қорлануы баяу. Ішкі капитал мен жинақ қаржының жеткіліксіздігінен Қазақстан шетелдік капиталға – жеке капиталға да, халықаралық қаржы институттарына да одан әрі тәуелді бола түсті. Экономиканы әрі қарай сауықтыру инвестициялардың жаппай келіп құйылуына байланысты, мұның өзі инвестициялық ахуал едәуір жақсарса ғана мүмкін болады.

Бесінші. Әміршілдік экономикадан нарықтық экономикаға өтудің ауыртпалығы бұған дейін мұншама ауқымда бізге беймәлім болған кедейлік пен жұмыссыздық проблемаларын туғызды. Бұлар қылмысқа, нашақорлыққа құнарлы негіз қалап, қоғамдық түңілушілікті туғызады және қоғамдық тұрақсыздық мүмкіндігін арттырады. Зейнетақылар мен еңбекақылардың уақтылы төленбеуімен ұштасқан жұмыссыздықтың жоғары деңгейі көбіне-көп экономикалық проблемалардан, қаржылық капиталдың болмауынан және оларды шешу стратегиясының дәрменсіздігінен туындады. Аграрлық және әлеуметтік секторларды (денсаулық сақтау, білім беру, ғылым және т. б.) реформалаудың тиімді бағдарламаларының жоқтығы және өтпелі

кезеңнің қысылшаң жағдайларында бюджет қаражатын бөлуді қысқарту осы бір өмірлік маңызы бар салалардың нашарлауы мен тұралап қалуына соқтырды.

Осы үдерістер біздің алтыншы осалдығымызды – кез келген тұрғыдан қауіпті демографиялық өсімсіздігімізді де айқындайды. 1992 жылдан бастап, соғыстан кейінгі 50 жыл ішінде тұңғыш рет біздің халқымыздың саны қысқара бастады.

Біздің босаң тұстарымыздың қатарына жетінші осалдығымызды – жете даярланбаған және нашар ұйымдас-тырылған мемлекеттік басқаруды қосқан жөн. Мұның өзі, тағы да, тек қазақстандық проблема емес. Бұл құбылыспен отаршылдықтан кейінгі барлық дамушы елдер мен коммунистік кезеңнен кейінгі елдер түгел бетпе-бет келді. Бүгінгі таңда көптеген проблемалардың шешімі осы факторға келіп тіреледі және оны тез еңсеру де мүмкін емес. Әзірше бізде стратегиялық міндеттерді жоғары кәсіби деңгейде, отансүйгіштікпен және адал шешуге қабілетті адамдар мүлде аз.

Барлық істерге жөн-жосықсыз араласу әдеті, ақпаратты қоғамнан жасыруға жетелейтін құпияшылдықтың қажетсіз әрі зиянды дәрегейі, ведомствошылдық пен жершілдік, жекжатшылдық пен топшылдық, ұжымдық жауапсыздық, сүреңсіздік пен бойкүйездік, сәйкессіз және көп сатылы құрылым, сыбайлас жемқорлық – міне біздің бюрократияның бұрынғы режим тәрбиелеп кеткен әрі соңғы жылдары анық көрініс берген, жасырын түрден ашық күйге ауысқан «қадір-қасиеттерінің» әлі де толық емес жиынтығы осы.

Бұл проблеманың екінші бөлігі – кәсіпорындардағы менеджерлер жасағының мүлде төмен сапасы.

Жағдайды оңалту үшін көп іс істелді, соның ішінде кей сәтте «оташылық» әдістерін де қолдандық. Бірақ бұл проблеманың басымдығы бар екені айқын.

Мемлекет басшысы ретінде мен бір нәрсені айтуға тиіспін. Шенеуніктердің жаңа жағдайға бейімделуіне берілген уақыт өтіп кетті. Ендігі жерде өзге адамдардың есебінен жалпақшешей болуға, елдің дамуына нұқсан келтіруге болмайды. Осы зиянды әдеттердің қаулап өсу әлеуетіне түбірінен балта шауып, үкімет аппараты мен мемлекеттік қызметті реформалауды жеделдету қажет.

Ақыр соңында, заңдарымыздың жартыкештігі мен тұрлаусыздығына көңіл бөлу керек. Үйдің іргетасын қалау жеткіліксіз – оның қабаттары, қабырғалары мен шатыры болуы қажет. Бұл – инвестициялық ахуалды жақсартуға, кедейшілікті қысқартуға, қылмыс біткенді жоюға және әлеуметтік саланы дамытуға қатысты маңызды мәселе.

Мен ұлттық стратегиямызды іске асыру үстінде өзіміз ұшырасуға тура келетін міндеттерді белгілеу үшін оң факторлармен қатар теріс факторларды да санамалап өттім. Мықты тұстарымыз бен мүмкіндіктерімізді, сондай-ақ әлсіз тұстарымыз бен елімізге келер қауіп-қатерді бөліп атай отырып, олардың уақыт кеңістігінде серпінді әрі диалектикалық тұрғыда өзара байланысты екенін ұмытпау керек. Мүмкіндік қатерге ұласуы да, керісінше болуы да ықтимал. Бүгінгі мықты тұстарымыз әлсіз тұстарымызға айналуы және керісінше болуы да мүмкін.

Біз қандай шамада мүмкіндіктерімізді пайдаланып, қауіп-қатердің алдын аламыз, оңымызды еселеп, терісімізді азайтамыз – бұл біздің өзімізге, мақсаттар

мен басымдықтарды дәл қоя білуімізге, оларды уақтылы әрі оралымды іске асыруымызға байланысты.

II. ҚАЗАҚСТАН МҰРАТЫ

*Алдыңда не тұр – әуелі соны бағамда,
Мақсатың тапқан ізгілік болсын
аманда.*

Фирдоуси

*Қай кемежайға бет алғанын білмей-
тін кемеңің желі де оңынан тұрмайды.*

Сенека

Бүгін біз зор мүмкіндіктер табалдырығында тұрмыз. Азияның ең кедей елдерінің кейбірінің 30 жыл ішінде қайыршылықтан қалай оңалып, индустриялы мемлекеттерге айналғанын сіздердің көпшілігіңіз білесіздер. Алғашқылары Корея, Тайвань және Сингапур болса, қазір оларға Малайзия, Индонезия және Таиланд қосылды. Біздің ұлы көршіміз – Қытай жоғары қарқын танытып отыр. Үндістан мен Бразилия өз қуатын еселей түсіп келеді. Бізге достас Ресей де жуық арада ұлы елдің жаңа келбетіне ие болады деп шынайы үміт артамыз және оған сенімдіміз.

Осыдан 40 жыл бұрын Сингапур өз тәуелсіздігін алған кезде жылына жан басына шаққанда 200 долларға жетпес табысы бар әлемдегі ең кедей елдердің бірі еді. Бүгінде сингапурлықтардың жан басына 20 мың доллардан асатын табысы бар. Өзінің халқы, этностық

құрамы және басқа да көптеген параметрлері бойынша бізге ұқсас ел Малайзия да 20 жылға жетпейтін уақыт ішінде өз азаматтарының өмір сүру деңгейін он есе арттыруға қол жеткізді. Осындай табыстарының нәтижесінде бұл елдер күллі әлемде Азия жолбарыстары ретінде танылып отыр.

Қазақстан өзінің күллі мүмкіндіктерімен нақ осыған жете алмайды дейтін себептер бар ма? Ондай себептер жоқ. 2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенемін.

Бізде жолбарыс дейтін жоқ, ал тауларымызда тіршілік ететін қар барысы дүниежүзілік қоғамдастыққа онша таныс емес.

Жануарлар әлемінде жолбарыс туыстас болғанымен барыстың өзіндік ерекшеліктері де бар.

Бұл өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланатын қазақстандық барыс болмақшы.

Ол ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды әрі тікелей соқтығыстардан бойын тарта жүреді. Бірақ өзінің еркіндігі мен мекеніне, ұрпағына қатер төнген жағдайда ол бұларды басын тігіп, бойындағы барын салып қорғайтын болады.

Ол сыптай әрі серпінді болуға және семіздік пен жалқаулыққа бой алдырмауға тиіс: әйтпеген күнде ол қатаң табиғи ортада өмір сүре алмайды.

Ол жаңа асулар мен шыңдарды бағындыруда, мақсатына жетелейтін елеусіз, бірақ сенімді соқпақтарды іздестіруде табанды да бірбеткей болуға тиіс.

Оны қауіп-қатердің аязы да, мүмкіншіліктің аптабы да қорқытпауы тиіс.

Ол өз ұрпағын баулығанда асқан кемелділік танытады: оны баса-көктей келген қонақтардан қорғай отырып, аузындағы дәмдісін соның аузына тосуға, оның саулығына, өресі мен пайымына нәр беруге тиіс, сөйтіп кез келген ортадағы қатаң бәсекелестік жағдайында ерте сақайтып, өз бетінше дербес өмір сүруге жетелеп, көрегендік танытады. Ол өзі ішетін тұнық судың лайланбауын, ал өз аясында тіршілік ететін табиғат пен тыныстайтын ауасының жақсаруын қатаң қадағалап отыратын болады.

Қазақстандық барыстың бойына дамудың алдыңғы қатарлы үздік деңгейіне үстелген батыстың талғампаздығы да, шығыстың кемеңгерлігі мен төзімділігі де тән болады.

Ол өзінің талпыныс-ұмтылыстарында, жеңістері мен сәтсіздіктерінде бір ананың сүтін тел емген бауырлары – Өзбек, Қырғыз және басқа да Орталық Азия барыстарымен дайым бірлікте болып, олардың жетілуі мен жетістіктерін мақтаныш тұтатын болады.

Дегенмен 2030 жылғы осындай Қазақстан өзінен-өзі пайда болмайды. Оны біз өз қалауымызбен және табысқа жетуге талпынған ерік-жігеріміз арқылы тұрғызамыз. Егер біз осы мүмкіндікті сәтімен пайдалана алмасақ, егер біз болашағымызға жоспар құрмай және бүгінгі күні нақты іс-қимылдарды іске асырмай, күндер мен апталарды уысымыздан шығарып алсақ, онда өзімізден басқа ешкімге кінә арта алмаймыз.

Еш нәрсе бірден бола қалмайды. Табысты әрі тұрақты дамуға объективті түрде бір секіргеннен аттап өтуге болмайтын белгілі сатылар тән.

Кінәратсыз әрі өркендеген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен Қарулы Күштер құра алмаймыз, демографиялық, экологиялық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз.

Экономикалық өсудің жоғары қарқынына жету өз кезегінде саяси дәйектілікті, қуатты әрі мақсаткерлі реформаларды талап етеді. Ал бұл үшін Президенттің саясатын іске асыруға, ескінің қарсылығын еңсеруге, әрі күмәнданушыларды соңынан ерте білуге қабілетті кәсіпқой, зерделі, батыл және отансүйгіш Үкімет қажет.

Бұл жұмыста табысқа жету Қазақстан азаматтарының қолдауына байланысты. Ал ондай қолдауды адамдар істің оңалуға бет алғаны мен әділеттікке көздері жеткен жағдайда ғана көрсетеді. Нақ сондықтан адамдардың әл-ауқатының өсуі біздің бүкіл күнделікті жұмысымыздың күретамыры болуға, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес батыл жүргізілуге тиіс.

Осындай болашақтың іргесін қалап, алған бағытымыздан ауытқымас үшін біз өзіміздің нені қалайтындығымызды білуге тиіспіз. Сондықтан ұзақ мерзімді кезең жайында айтқанда мен, мемлекет басшысы ретінде, еліміздің мұраты – ұлттық біртұтастық пен әлеуметтік әділеттілік тән әрі күллі халқының экономикалық әл-ауқаты артқан тәуелсіз, өркендеген және саяси тұрақты Қазақстан деп санаймын.

Барша қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы – өзіміз орнатсақ дейтін Қазақстанды сипаттайтын өзекті сөздер, міне, осылар. Біздің ілгері жылжуымызға қарай бұл анықтама сөздер әрдайым біздің бағдаршамымыз болып қалуға тиіс.

Мен 33 жыл өткеннен кейінгі Қазақстанды көз алдыма қалай елестетемін? Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге жетіледі. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады. Олар, бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге сайма-сай болады. Олар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей еркін сөйлейтін болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі, күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы елдерінің патриоттары болады.

Біздің балаларымыз білігі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, магазиндердің иелері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен фабрикалардың иелері, биржа делдалдары және спортшылар болады. Олар мұнай, газ бен электр қуатын, тамақ өнімдерін өндіріп, әрі олармен әлемдік экономиканы қамтамасыз етеді. Көпшілігі халық тұтынатын жоғары технологиялық тауарларды және әлемдік рынокта өзінің арзан бағасы мен үздік сапасына орай жоғары сұранысқа ие болатын өнімнің көптеген басқа да түрлерін өндіреді.

Біздің жас ұрпақтың кейбір өкілдері мемлекеттік қызметке тұрады. Олар жоғары ақы төленетін, жақсы оқып-үйренген, Қазақстанның және оның халқының мүдделерін өздерінің жеке мүдделерінен жоғары қоятын мамандар бола отырып, жаңа дәуір жағдайында жұмыс істейтін болады.

2030 жылдың азаматтары мемлекет өздерінің құқықтарын қорғайтынына және мүдделерін биік ұстайтынына сенімді болады. Бұл ретте олар қолайсыз

жағдайлар себебімен өмірден өз орнын таба алмай, мемлекетке әлеуметтік көмек сұрап жүгінуге мәжбүр болған аз ғана адамдарға да мемлекеттің қамқорлық жасайтынын білетін болады.

2030 жылғы Қазақстан ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті елге айналуға тиіс. Өндіріс қалдықтары мен радиация бұдан былай біздің үйлеріміз бен бақтарымызға енбейтін болады. Біздің балаларымыз бен балаларымыздың балалары кінәратсыз жағдайда толыққанды өмір сүретін болады.

2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады. Олардың Қазақстаны Еуразияның орталығы бола отырып, жедел өркендеп келе жатқан үш аймақтың – Қытайдың, Ресейдің және мұсылман әлемінің арасындағы экономика мен мәдениетті байланыстырушы буын рөлін атқаратын болады.

Оны барлық ұлттар үшін тең мүмкіндіктер барына сенімді, бірақ бәрінен бұрын өздерін Қазақстанның азаматтарымыз деп санайтын көптеген ұлттардың өкілдері мекендейтін болады.

2030 жылғы Қазақстан әлі де барынша кемелдене алмайды. Ол әлі әлемдегі ең бай, ең білімді, ең дамыған ел бола қоймайды, бірақ ол күрделі жолдан ойдағыдай өткен және дамудың келесі кезеңіне нық қадаммен аяқ басқан ел болады.

Әрине, мұның бәрі – болашақты ой көзімен көру, оның үлгісі, асқақ мұрат, арман ғана. Сіздердің көпшілігіңіз бұл мұратты кей кезде ең қарапайым нәрсенің өзі жетіспей жататын бүгінгі тіршілікпен салыстырып, мұны қиялға балап, ащы мысқылмен езу тартуларыңыз да мүмкін.

Бірақ олай емес. Мұның бәріне де қол жеткізуге болады әрі әлемдік тәжірибе мұндай жоспарлардың ақиқаттығын қуаттап отыр. Иә, бүгін бәрімізге қиыншылық түсуде. Оңай болған кез бар ма? Біздің аталарымыз бен әкелеріміз осы жүз жылда қандай жеңіл кезді бастан кешірген екен – азамат соғысы, аштық пен жұт, жаппай қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы немесе соғыстан кейінгі күйзеліс жылдары оларға оңай тиді дейсіз бе?

Откен ғасыр мен оның алдындағы ғасыр жеңіл болып па? Әрине, ол – тарих. Тіпті бүгінгі күні де жер бетінде 800 млн адам жыл сайын асқа жарымай, аштықты бастан кешіруде, талай жүздеген миллион адамдардың баспанасы жоқ. Миллиондар қанды соғыстарда қаза тауып жатыр.

Ендеше, біз неге ішкі қуатымызды қысыр сөз бен күңкілге жұмсап, аһылап-уһілей береміз?

Кез келген сыннан бірлігіміздің, күш-жігеріміздің және болашаққа деген сеніміміздің арқасында абыроймен шыққанымызды ұмытатындай зердеміз сонша қысқа ма еді? Тәулік бойы тыным таппай жұмыс істеп, аш құрсақ жүрсек те, аузымыздағыны балаларымызға жырып беріп, олардың ертең жақсы өмір сүретініне сенген едік қой.

Бүгін және ертең дәл осылай істеуімізге не кедергі? Неге біз сарыуайымға салынып, еңсемізді түсіріп жібердік? Еліміздің алдында, әрқайсымыздың алдымызда орасан зор мүмкіндіктер ашылған осындай кезде, ең бастысы – бұрын ешқашан еншімізге тимей келген еркіндікке қолымыз жеткен кезде мұнымызға не жорық! Барлығы тек өзімізге, біздің сенімімізге, ерік-жігерімізге,

бірлігіміз бен еңбегімізге байланысты. «Ел мен үшін не істей алады деп сұрамаңыз, ел үшін өзім не істей аламын деп сұраңыз».

Джон Кеннедидің американ халқына арнаған осы бір сөздері біз үшін бұрынғы қай кездегіден де келелі.

III. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМ МАҚСАТТАР МЕН ОЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

*Бұл әлемде ең бастысы – біздің қай жерде
тұрғанымыз емес, қандай бағытта
жылжып бара жатқанымыз.*

Холмз

Біздің еліміз мен айтқан перспективаларға қол жеткізуі үшін мынадай ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру қажет:

1. Ұлттық қауіпсіздік. Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.

2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы. Қазақстанның қазіргі онжылдық пен алдағы онжылдықтар ішінде ұлттық стратегиясын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру.

3. Шетел инвестициялары мен ішкі сақтық қордың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу. Экономикалық өсудің нақтылы, тұрлаулы және барған сайын арта түсетін қарқынына қол жеткізу.

4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты. Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту.

5. Энергетикалық ресурстар. Мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында жедел арттыру жолымен Қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану.

6. Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс. Осы шешуші секторларды ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетіндей етіп дамыту.

7. Кәсіби мемлекет. Ісіне адал әрі біздің басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің ықпалды және осы заманғы корпусын жасақтау.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтардың әрқайсысы үшін біз бір жылдық, үш, ал кейіннен бес жылдық жоспарларда белгіленген нақты іс-қимылдарға күш-жігерімізді жұмылдыра отырып, стратегиямызды талдап жасауға және оны дәйекті түрде іске асыруға тиіспіз.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтар мемлекет пен азаматтарымыздың күш-жігерін жұмылдыру үшін қызмет етуге, еліміздің бюджеті мен кадр саясатын қалыптастыру кезінде өлшемдер негізіне алынуға тиіс.

Ұлттық қауіпсіздік

Сақтықта қорлық жоқ.

Халық даналығы

Адамзат өркениеті дамуының бүкіл тарихи тәжірибесі мемлекеттің үдемелі және тұрақты өсуі жүзеге асырылатын қажетті шарттардың бастауында оның ұлтының қауіпсіздігі мен мемлекеттілігінің сақталуы тұратынын көрсетеді. Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғап, баянды етіп, ұрпақтарымызға қалдыруымыз қажет. Біздің ұрпақ еңсере алмай, өздеріне қалдырған ауыртпалықтар, қиыншылықтар мен проблемалар үшін болашақ ұрпақ бізді кешірер. Бірақ біз өз мемлекеттілігімізден айрылып, егемендігіміздің стратегиялық негіздерін, жерлеріміз бен ресурстарымызды қолымыздан шығарып алсақ, бізге кешірім жоқ. Әрине, болашақты бағамдаудың мұндай қисыны кез келген ішкі және сыртқы жағдайларда ұзақ мерзімді кезеңге арналған Қазақстан саясатының стратегиялық бағыты үшін уақыты жағынан үздіксіз болуы керек. Бұл – Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының бірінші стратегиялық басымдығы.

Қауіпсіздіктің басымдығы анық: егер еліміз оны сақтай алмаса, онда тұрақты даму жоспарлары туралы сөз қозғаудың мүмкіндігі де болмайды. Бабаларымыздың мемлекетінің қалай туып, дамығанын шолып шығудан олардың өз мемлекеттігін сақтап қалу үшін тарихи ауыр және қатал күрес жүргізгенін айқын

көруге болады. Осы стратегиялық міндеттің шешімін үнемі іздестіру қажеттігі бізден қалыптасып отырған жағдайды геостратегиялық күштермен және олардың өзгеру серпінімен теңдестіре отырып байсалды әрі барабар бағалауды талап етеді.

Қазіргі кездегі және жақын болашақтағы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне ықтимал қауіптің тікелей әскери басып кіру және мемлекеттің аумақтық тұтастығына қатер төндіру сипатында болмайтынын біз түсінеміз. Ресейдің де, Қытайдың да, Батыстың да және мұсылман елдерінің де бізге шабуыл жасауға итермелейтін сылтауы жоқ екені айдан анық. Сондықтан тыныштық пен тұрақтылықтың осы болжамды арақашықтығы Қазақстанның экономикалық әлеуетін тиімді нығайту үшін пайдаланылуға тиіс, ал біз соның негізінде ұлттық қауіпсіздіктің сенімді жүйесін құра аламыз.

Қауіпсіздігіміз бен аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету үшін біз күшті мемлекет болуға әрі көршілерімізбен сенімде және достық қарым-қатынаста тұруға тиіспіз. Сондықтан ең жақын және тарихи достас көршіміз Ресеймен арадағы сенімді әрі тең құқықты қарым-қатынасымызды дамытып, нығайта береміз. ҚХР-мен де өзара тиімді негіздегі осындай сенім мен тату көршілік қатынастарымызды жалғастыра түсеміз. Қазақстан Қытайдың гегемонизмге қарсы, көршілес елдермен достыққа бағытталған саясатын құптайды.

Біздің Орталық Азия мемлекеттерімен байланыстарымыз бен интеграциялық үдерістеріміз күшейе береді.

Таяу және Орта Шығыс елдерімен де қарым-қатынастарымыз тиісті деңгейде нығая береді.

Біздің стратегиямыздың екінші құрамдасы – АҚШ-ты қоса алғанда, демократияшыл, индустриясы дамыған басты мемлекеттермен байланысты күшейту. Бұл елдер тәуелсіз және өркендеген Қазақстанды құру өздерінің ұлттық мүдделеріне сай келетінін ұғына бастады.

Үшіншіден, біз БҰҰ, ХВҚ, Дүниежүзілік банк, Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия және Ислам даму банктері сияқты халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен қолдауын барынша пайдаланамыз, бұл Қазақстанға халықаралық қоғамдастық тарапынан қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Біздің стратегиямыздың төртінші элементі – еліміздің ұлттық егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау үшін сенімді негіз бола алатын бай табиғи ресурстарды игеру.

Бесінші – біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз. Халық пен мемлекет арасындағы ескі, бір кездегі тығыз байланыс едәуір босаңсып кетті, ал жеке мен мемлекет мүддесі арасындағы жаңа байланыс әлі қалыптаса қойған жоқ. Бақытымызға орай, бұқаралық санада адамдар мен мемлекет мүдделерінің ортақтығын түсіну пісіп-жетіліп келеді. Адамдар тұрмысының жақсаруына орай бұл сезімнің нығая беретініне күмәнім жоқ. Бұл әр азаматтың жақсы тұрмысының өзі ол тұрып жатқан мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігіне байланысты екені сияқты, бір қарағанға, қарапайым ақиқатты пайымдауды жеделдетеді.

Біздің ұжымдық қауіпсіздігіміз қамтамасыз етілгенде, әрбір адам, өзінің жеке мүдделері ғана қамтамасыз етіліп, ал қоғам қауіпсіздігі қыл ұшында тұрғандағыға қарағанда, әлдеқайда көп нәрсе ұтады. Егер еліне қауіп

төніп тұрса, жеке адам, қанша жерден салымды болса да, бәрібір қорғансыздың күнін кешеді. Мұны әсіресе, қоғамдық мүдденің жекеменшік мүддеден басым екенін көрсете отырып, біздің ұлттық капиталымыздың өкілдері терең пайымдауға тиіс.

Бізге деген ниеті теріс кез келген күш иесі өзінің қоқан-лоқысы мен жаулық әрекеті лайықты тойтарысқа тап келетінін біліп жүруі үшін, біз бірлігіміз бен тәуелсіздікке деген ерік-жігерімізді, азаматтығымыз бен отансүйгіштігімізді әлемге паш етуге тиіспіз. Айқын азаматтық ұстанымымыз болмайынша, тәуелсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған стратегияның басқа элементтерін ойдағыдай іске асыру өте қиынға түседі.

Қорғаныс саясатымызға келетін болсақ, біздің бейбітшілік сүйгіш халық екеніміз және ешкімнің жеріне, ресурстарына, байлығына көз тікпейтініміз баршаға аян болуға тиіс. Жеріміз де, мол қазынамыз да өзімізде жеткілікті, ал дәулетті өз еңбегімізбен еселей береміз.

Бірақ біз басқа елдермен өзіміз қандай қарым-қатынаста болсақ, Қазақстанға да дәл сондай қарым-қатынас болуын талап етеміз және кез келген тосын жағдайларға әзір тұрамыз.

Біздің дәуірімізде, әлем әскери егестен алыстаған сайын бәсекелестік әскери саладан саяси және экономикалық салаға ойыса бастады. Біз бұл үрдіс бел ала түсіп, барлық күші мен амалдары арқылы бейбітшілікті қалыптастыруға және тату көршілікті дамытуға септесетін болады деп сенеміз. Сонымен қатар, біз Қазақстанның экономикалық дамуына орай біртіндеп дүниежүзілік экономикаға қосылуы елді, қаласын-қаламасын, әскери-саяси, экономикалық және конфессиялық сипаттағы әртүрлі аймақтық қақтығыстардың

тосын иірімдеріне тартып әкетуі мүмкін екенін де түсінуге тиіспіз.

Міне, сондықтан да қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысында сөзсіз басымдық біздің сыртқы саяси қызметімізге және Қазақстанның өз көршілерімен, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерімен өзара тиімді қарым-қатынасының берік тінін қалыптастыруға беріледі.

Тіпті бүгін де, жиырмамыншы ғасырдың аяқ шенінің өзінде, Екінші дүниежүзілік соғыс пен қырғи қабақ соғыстан алынған сабақтан кейін де, әлемнің блоктар мен одақтарға бөліну қаупі жойылған жоқ. Бірақ бес элементті стратегиясы бар Қазақстан үшін бұл жол қолайлы емес. Еліміздің этникалық құрамы соншама алуан түрлі, мүдделеріміз соншама маңызды, келешегіміз де сондайлық ғажайып бола тұрып, біз қандай да бір жеке елмен арадағы қарым-қатынасқа тәуелді болып қалуға немесе соған ғана иек артуға жол бере алмаймыз.

Қазақстан халқы мен Қазақстан Үкіметі бар күш-жігерін ірі ұлтаралық капитал үшін төзімді және оңтайлы экономикалық өріс құру, елімізге ұзақ мерзімді инвестициялар тарту мақсатымен «ықыласты рай» туғызуды көтермелеу үшін жұмсауға тиіс. Біз қандай да болсын тайталасты әскери жолмен шешуге барынша қарсы тұрып, «жақсы араздықтан жаман татулық игі» дейтін қағиданы уағыздауға тиіспіз. Жақын және алыс болашақтағы ұлттық мүдделерді қорғау мен күштердің теңдестігін қамтамасыз етудегі біздің мықты құралымыз интеграциялық саясат және ең алдымен, Қазақстан, Қырғызстан мен Өзбекстан арасындағы Орталықазиялық Одақты нығайтып дамыту, басқа мемлекеттердің ісіне араласпау, қарсы тұрудан гөрі татулық ахуалын басым ұстау саясаты болуға тиіс.

Әскери қақтығыстардың жосықсыз екенін барша әлемнің ұғынғанына зор сенім артсақ та, парасатты держава басқа мемлекеттердің уәдесіне сеніп қана қоймай, өз елінің қуатына да сүйенетінін ұмытпағанымыз жөн.

Сондықтан Қарулы Күштерімізді құру мен жаңғыртуға, олардың кәсіби даярлығы мен жауынгерлік әзірлігінің деңгейіне және оларды қарудың осы заманғы құралдарымен жарақтандыруға бірінші кезекте көңіл бөлінетіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының осы заманғы әрі пәрменді армиясын, Әскери-әуе және Әскери-теңіз күштерін құру үшін бізге материалдық бөлімді, жеке құрамды және оны оқыту жөніндегі жұмысты нығайту керек. Мұның өзі Қарулы Күштерге бөлінген және бұдан былай да бөлінетін бюджет қаражатын үнемді және тиімді жұмсауды ұдайы талап етеді. Бұған қоса аймақтық қорғаныс жүгін бөлісу үшін еліміз өз көршілерімен ынтымақтасатын болады.

Қауіпсіздік пен тұтастық мәселелерінде біз үнемі қырағы болуға тиіспіз. Біздің көрсетіп отырған және болашақта да көрсете беретін ізеттілігіміз бен меймандостығымыз тіпті де аңқаулық пен кіріптарлықтың көрінісі емес.

Ұлттық қауіпсіздік басымдықтарының деңгейіне мықты демографиялық және көші-қон саясаты шығарылуға тиіс. Егер біздің мемлекеттік органдарымыз бұған бұрынғысынша немқұрайдылықпен қарайтын болса, онда біз ХХІ ғасырдың қарсаңында Ресейдің артынан адам саны сыртқы көші-қон үдерістерінен ғана емес, табиғи жолмен де кеми беретін «демографиялық оппа» жағдайына тап боламыз. Бұл үрдіс дереу тоқтатылуға тиіс.

ЕКІНШІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ

Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы

Бірлік жоқ жерде – тірлік жоқ.

Төле би

Тату көршілік бірінші кезектегі міндет, алайда елді ішкі алауыздықтар жайласа, ол шешілмейді. Егер саяси, идеологиялық, діни, этникалық немесе таптық мүдделердің біріктіретініне қарамастан, әртүрлі топтар қарама-қарсылық күйде болса, бұл халықты ортақ игілікке қол жеткізу мен өзінің ұлттық мүдделерін іске асыру мақсатынан жаңылыстыратын қауіпті жағдайға әкеп соғады. Әрі бұл жерде әңгіме тікелей қарсыластық немесе соғыс жағдайы туралы да болып отырған жоқ. Солтүстік Ирландия, бұрынғы Югославия, Перу, Ауғанстан, Камбоджа мен Руанда және басқа да елдер ешбір өркениет, ешбір мәдениет алауыздықтың ауыр салдарынан сақтандырылмағанын дәлелдеп отыр.

Біздің міндетіміз – бірлікке апаратын жолдағы бұрынғы кедергілерді жойып, әдетке, құштарлыққа, ерекше мүдделерге, біржақты көзқарасқа, дінге, жас қарайластығына немесе басқа факторлардың қайсысына негізделгеніне қарамастан, жаңа кедергілерді болдырмау. Үнқатысудың барлық ықтимал түрлерін көтермелеу, сондай-ақ адамдар арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынасты күшейту арқылы біз біртіндеп ұлттық ынтымағымызды нығайтып, ұлттық әлеуетімізді ұлғайтамыз.

Қоғамды құрастырушы бұл басымдықты жүзеге асырудағы біздің стратегиямыздың мынадай құрамдас бөліктері бар:

– еліміздің барлық азаматтары үшін мүмкіндіктердің теңдігіне негізделген бірыңғай азаматтығымызды дамытатынымызға кепілдік беру;

– этникалық түсініспеушілік себептерінің жойылуын, барлық этникалық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз ету;

– қоғамымыздағы дәулеттілер мен жарлылардың арасындағы айырмашылықты азайту және ауыл проблемасына үнемі ерекше көңіл бөлу;

– өтпелі және одан кейінгі кезеңдерде пайда болатын әлеуметтік проблемаларды ұдайы шешіп отыру;

– ұзақ мерзімді болашақта саяси тұрақтылықты да, қоғамның топтасуын да қамтамасыз ететін бай Қазақстанды барынша жігерлі түрде қалыптастыру;

– адамдар арасындағы қарым-қатынас пен коммуникациялық байланыстардың барлық түрлерін дамыту;

– әртүрлі діндер арасындағы өзара құрмет, төзімділік пен сенімді қарым-қатынастарды нығайту.

Бүгін «Осы біз – қазақстандықтар, кімдерміз?» дейтін қарапайым сияқтанған сауалға кез келген адам бірден жауап бере алмайды. Өзіндік бірегейлену проблемасын шешу үшін, уақыт пен белгілі бір тарихи даму кезеңі қажет болады.

Коммунистік режим 70 жылдан астам уақытта бірыңғай кеңес халқын ақыры қалыптастыра алмады.

Отарлықтан шыққан көп ұлтты елдердің көпшілігі ондаған жылдар өткеннен кейін де бұл үдерісті аяқтай

алмады. Бізде де бұл сезім қалыптасып, орныққанға дейін бірнеше ондаған жылдар өтеді.

Бірақ қазірдің өзінде бізді біріктіретін бірқатар факторлар бар. Бұл – өз шекарамыздың шегіндегі жеріміз, оны көркейткен ата-аналарымыз, сәтсіздіктердің ауыртпалығын бірге көтеріп, жетістіктеріміздің қуанышын бірге бөліскен ортақ тарихымыз. Бұл – келешекте осы жерде бірге тұрып, бірге жұмыс істейтін біздің балаларымыз. Сондықтан біздің әрқайсымызды өз ата-анамыздың алдындағы борышымызды ұғыну мен балаларымыздың өмірін одан әрі жақсартуға түсуге деген құлшынысымыз біріктіреді. Бүгін ол – осы айқын мақсаттар үшін бірлесу мен топтасудың нақты тұғыры.

Тәуелсіздік пен реформалардың алғашқы жылдарында біз коммунистік-ұжымдық бастаулардан жеке-дарашылдыққа қарай қарқынды түрде қадам бастық. Жекеменшік дарашылдықтың жедел дамуы құндылықтар бағдарын ауыстырып қана қоймай, этникааралық қарама-қайшылықтардың терең тамырларын қиып, тез арада олардың әлеуетін кемітуге ықпал етті.

Алайда шовинизм мен ұлтшылдық әлі толық ұмытыла қойған жоқ. Мұндай үдерістерді қыздыра түсу әрекеттері халықтың көпшілігін қызықтырмайды, керісінше, олардың наразылығын тудырады. Русофобия күрт кеміп, қазақ дәстүрлері мен тілінің қайта өрлеу үдерісі табиғи құбылыс деп қабылданатын болды. Қоғам этникалық проблемаларды бұрынғы жылдарға қарағанда анағұрлым байыппен, сындарлы және ашық талқылайтын болды.

Біздің космополиттік және интернационалдық нарыққа қарай басқан қадамымыз этносаралық қарама-қайшылықтарды әлсіретіп, зор қызмет атқарып

отыр. Бірақ еркін нарық та мемлекеттің барабар рөлінсіз тіпті де кіршіксіз емес. Ол, маятник сияқты, құндылықтардың бір жүйесінен екінші жүйесіне ауысу жылдамдығын алғаннан кейін бізге қажетті тепе-теңдік нүктесінен аттап кеткен тәрізді. Бүгін текетірестің жаңа полюстері — кедейлер мен байлар арасындағы, басқарылатындар мен басқарушылар арасындағы, ауыл мен қала арасындағы кереғарлықтар ашылды.

Қоғамда бұл алшақтық жалпы қабылданған өлшемдерден асып кетті дейтін түсінік пісіп-жетілді. Егер Қазақстан бай адамдардың болмашы ғана тобы бар мемлекетке айналса, онда ол, өміршеңдіктің өте төмендігі мен ішкі-сыртқы тұрақсыздық салдарынан, ең жақсы дегенде, өлмешінің күнін көреді. Біз кедейлер мемлекеті болып көргенбіз. Мемлекет ең алдымен орта таптың – фермерлердің, «ақ жаға-көк жағалылардың», интеллигенцияның, ұсақ буржуазияның мүддесін білдіруге тиіс. Кезінде большевиктердің осы топтарға өлердей шүйліккені тегін емес. Олар капитализмнен коммунизмге өту үшін басты соққыны қайда бағыттау керек екенін білді. Олар капиталистік мемлекеттің тірегіне соққы берді. Бізді кулактарға, «шірік интеллигенцияға», жұмысшы ақсүйектеріне, ұсақ саудагерлерге қарсы қалай тәрбиелегенін еске түсірейік. Көпшілігіміз оларды ит етінен жек көретініміз содан емес пе екен?

Ішкі саяси тұрақтылық пен даму үш тапқа да: байларға, орташаларға және кедейлерге сүйенеді. Олардың бәрі де қоғамға керек, бірақ, әрине, қалыпты өркениетті шамада болуға тиіс.

Кереғарлану қала мен ауыл арасындағы қарым-қатынаста айқын көрінді. Мұнда жіктелудің терең үдерісі жүріп жатыр және бұл ретте алшақтық үнемі ұлғая

түсуде. Нарықтық өзгерістерге қосымша серпін беру және әлеуметтік проблемаларды шешуге баса көңіл бөлу, инфрақұрылымды дамыту тұрғысынан ауыл таяудағы он жылда басым салаға айналуы тиіс.

Біз ауылдағы жұмыс күшінің көптеп босауына, ауыл тұрғындарының қалаға көшуі ұлғайып, кенттену үдерісінің өрлеуіне әзір болуға тиіспіз. Ауыл бүгін жалақының, зейнетақының төленбей, артта қалушылық, кедейлік пен жұмыссыздық, әлсіз инфрақұрылымның, білім беру мен денсаулық сақтаудың әлсіздігі, экологиялық апат сынды барлық негізгі әлеуметтік проблемалардың түйініне айналды. Әйтсе де ең жоғары демографиялық әлеует те осында.

Орталық деңгейде қиындықпен «жиналған» қажетті ресурстар қалаларда қалып қойып, ауылға жетпейді. Мұндай жайылма саясатты доғару керек. Қысқа мерзімде ауылдағы барлық өзгерістерді жеріне жеткізу керек, олар қуатты және басым әлеуметтік саясатпен қатар жүргізілуге тиіс.

Мұндағы біздің мақсаттарымыз айқын – біз шаруалар мен ауыл тұрғындарына өз өмірін көбірек қадағалауға мүмкіндік беруге, сондай-ақ осындай бақылауды жүзеге асыруы үшін оларды құралдармен қамтамасыз етуге тиіспіз.

Бұл проблемаларды стратегиялық тұрғыдан, негізінен экономикалық ілгерілеу арқылы шешуге болады. Неғұрлым дәулетті Қазақстан әр адамға барынша көп мүмкіндік береді. Әлемге әйгілі ұлы басшы айтқандай, «судың лықсуы қайраңдағы кемелерді көтереді». Біздің стратегиямыз ұлғайып келе жатқан ұлттық байлықтан әр адамның үлес алуына мүмкіндік беретіндей болуға тиіс.

Ал әзірге өтпелі кезеңде адамдардың көпшілігіне оңай болмайды, Үкіметтің де барлық адамдарға бірдей көмектесетіндей қаражаты жоқ. Бұл саладағы біздің стратегиямыз мемлекеттік көмекті халықтың ең мұқтаж топтарына, тек соларға ғана тікелей жіберу болмақшы. Бірақ бүгін біз өз қиындықтарын өзі жеңе алатын адамдардың санын көбейтуге мұқтаж болып отырмыз.

Балаларымыздың болашағы мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың қандай болатыны туралы сөз қозғағанда, біз өзіміз құратын қоғамның – біздің болашақ өркениетіміздің үлгісін алдын ала білуге тиіспіз. Тоталитарлық және либералдық қоғам арасындағы дау тоқтаған бүгін таңда либералдық қоғам үлгілерінің өзі әртүрлі және әр елдің өзіндік ерекшеліктері болатыны анықталды. Негізгі айырмашылықтар екі тұрпатты үлгінің: ағылшын-саксон үлгісі мен «азиялық жолбарыстар» көрсеткен азиялық үлгілердің арасында болып отыр. Ортақ сипаттары бола тұра, бірқатар бағыттарда олардың арасында үлкен айырмашылықтар бар екені байқалады. Бірінші үлгіге көбіне даралық, екіншісіне – ортақтық тән. Бірінші жағдайда мемлекеттің шектеулі рөлі уағыздалса, екіншісінде оны жоспарлаумен белсенді түрде айналысып, жеке сектор мен бүкіл қоғамға жетекшілік етуге тиіс күшейтілген рөлі уағыздалады. Бірінші үлгіде көңіл макроэкономикаға, екіншісінде – микроэкономикаға бөлінеді және т. б.

Бұдан бұрын айтып өткенімдей, бұрынғы жылдары біз алдымызға жедел өзгерістерді мақсат етіп қойып, белсенді түрде ағылшын-саксон нұсқасы бойынша жүрдік. Бірақ бүгін бұдан әрі қай жолмен жүру керек деген стратегиялық таңдау алдында тұрмыз. Қоғамда бұған қатысты белгілі бір пәтуа жоқ. Қазақстан Еуро-

паның кішкентай болса да бір бөлігі, тарихи тұрғыдан да біз Батыс өркениетіне бейімбіз, дейді біреулер. Біз көбінше азиялық елміз, сондықтан «жолбарыстардың»: Жапонияның, Кореяның тәжірибесін ұстануға тиіспіз, дейді екінші біреулер. Біз ресейлік діл мен ұжымшылық қағидаттарын терең сіңірдік, сондықтан біздің таңдауымыз Ресейдің таңдауына сай болуға тиіс, деседі үшіншілер. Төртінші біреулер біздегі халықтың басым көпшілігі мұсылмандар, сондықтан біз жаңа түркі үлгісін негізге алуға тиіспіз деп уәж айтады.

Ғажабы, бұлардың барлығының айтқаны дұрыс және сонымен бір мезгілде бәрі де қателеседі. Біз – өзіміздің белгілі тарихымыз бен өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің үлгіміз басқа ешкімнің үлгісіне ұқсамайтын болады. Ол өз бойына әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді.

Алдымызға екінің бірін таңдап алу керек деген мәселені қоймаймыз. Біз диалектикалы боламыз-дағы, іс жүзінде өзінің тиімділігін дәлелдеген барлық өркениеттердің ең соны жетістіктерін пайдаланамыз.

Біздің үлгіміз қоғам дамуының әртүрлі үлгілерінің түйісуін бейнелейтін болады. Қазақстан Конституциясына сәйкес біз әлеуметтік-нарықтық экономика құрудамыз. Бізге керегі нақ осы. Біздің үлгіміз өз бойында басқа үлгілердің элементтерін ұштастырып, бірақ негізінен өзіміздің айрықша жағдайларымызға, тарихымызға, азаматтығымыз бен құлшыныстарымызға сүйеніп, даму кезеңдерінің нақтылығын ескере отырып, өз даму жолымызды айқындайтын болады.

ҮШІНШІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ

Шетел инвестицияларының деңгейі басым кемелді нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу

*Экономика негұрлым еркін болса,
соғұрлым әлеуметтік болады.*

Эрхард

Біздің саламатты экономикалық өрлеу стратегиямыз мықты нарықтық экономикаға, мемлекеттің белсенді рөліне және айтарлықтай шетел инвестицияларын тартуға негізделеді. Ол негізгі 10 қағидаттан тұрады.

Мемлекеттің белсенді рөлі жағдайында экономикаға араласуының шектеулі болуы. Экономикалық реформалардың табысы мен олардың жекелеген учаскелерде тежелуі мемлекеттің рөлін қайта қарастыруды талап етеді.

Орталықтағы және жергілікті жерлердегі билік экономикаға араласудың барлық түрімен, дән себумен, егін жинаумен және басқалармен айналысуды тоқтатуға тиіс. Мемлекет жекеше сектор басты рөл атқаратын нарықтың заңды шеңберлерін құра отырып, экономикада маңызды, бірақ шектеулі рөл атқаруға тиіс. Яғни меншік құқықтарын ресімдеуге, бәсекелес рыноктар мен монополияға қарсы реттеудің сенімді амалдарын құруға, қазыналық және монетарлық саясатты қолдауға, әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуға, қажетті инфрақұрылымды, білім беруді, денсаулық сақтауды

дамытуды қамтамасыз етуге және мықты экологиялық саясат жүргізуге бағытталған құқықтық және нормативтік база жасауды аяқтау көзделіп отыр.

Бірақ нарық әлі дамымаған, нарықтық кеңістік әкімшілік жүйенің қалдықтарына толған жерлерде мемлекет нарықты дамыту мен сол кеңістікті тазарту үшін іске араласуға тиіс. Экономиканың өзі тұрақсыз дамудың аралық кезеңінде тұрғанда, мемлекеттің реттеуші рөлі мен араласуы баламалы болуға тиіс.

Жаңа әлемдік экономикалық үлгілерге сай болу үшін, біз мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасын бір саты көтеруге, жекеше сектор мен ұлттық капиталға жәрдемдесуге, оларды ынталандыруға және олардың белсенділігін арттыруға тиіспіз.

Сонымен бірге мемлекеттің өзі еркін экономиканың кепілі болуы керек. Оның міндеті нарық ережелерін белгілеу, содан соң әділ әрі риясыз іс-қимыл арқылы олардың орындалуын қамтамасыз ету болуы тиіс.

Біз – саналы да жігерлі халықпыз. Егер ойын ережелері айқын белгіленіп, олардың орындалуы объективті негізде қамтамасыз етілсе, онда Қазақстан азаматтарының нарықтық экономикаға тез бейімделетініне мен күмәнданбаймын.

Дамыған рыноктарда мемлекет рөлінің шектеулі болатынына қарап, ол еркі мен жігерінен айрылып, енжар байқаушыға айналады деген түсінік тұмауға тиіс. Керісінше, ол заңдардың орындалуы үшін өте күшті, аужайдың өзгерістеріне даяр болу үшін құзыретті әрі әлемдік және отандық рыноктарда білікті, босаң және берекесіз болмау үшін өз жұмысын белсенді жоспарлай білетін болуға тиіс. Ол халықтың әртүрлі топтарының

мүдделерін анықтап, даму басымдықтарын айқындап, жекеше сектормен тығыз ынтымақтастықта болуға және сол арқылы қоғамды біріктіре, жұмылдыра түсуге тиіс.

Ал бүгін мемлекет қажетсіз жерінде зор әкімшілік билікке ие болып, керісінше, рөлі жоғары болуға тиісті жерлерде енжар қалып отырады. Алайда істің мұндай күйі біздің дамуымызға кедергі болатыны барған сайын айқын көрініп келеді.

Екінші жағынан алып қарағанда, салықтар мен баждарды толық ала алмай, жалақы мен зейнетақыны уақытында төлей алмай, заңдар мен жарлықтар көбінесе орындалмай отырғанда, өзімізді күшті мемлекет деп санай аламыз ба? Осыған байланысты саналы салық төлеушілер мен кәсіпорындардың адал иелері, сондай-ақ халықтың аз қорғалған жіктері үнемі зиян шегіп отырады. Ал кәсіпорындардың ұятсыз басшылары мен салық төлемейтіндер аяқтарын алаң басады.

Бұл проблемаларды шешудің стратегиясы белгілі. Біз:

– Үкіметтің сауда мен өндіріске әлі де орын алып отырған әкімгершілік араласуын жоюға;

– жылжымайтын мүлікті, қалған ұсақ және орта кәсіпорындар мен агроөнеркәсіп кешенін қоса алғанда, жекешелендіру үдерісін аяқтауға;

– орталық үкімет пен жергілікті билік орындарын дұрыс ұйымдастыруға және оңтайландыруға, олардың рөлін, өкілеттігі мен жауапкершілігін байсалды ой елегінен өткізуге;

– сот билігі мен құқық қорғау органдарын реформалауды жігерлі түрде жалғастыра беруге;

– заңның шексіз ұлықтығын орнықтыруға және заңға құлықты азаматтарды қылмыстан қорғауға тиіспіз. Бұған керісінше, заңсыз жолмен, шалқып өмір сүретіндерге қарсы билік пен заңның бар күшін қолдану керек.

Соңғы 3 жылдың ішінде біздің экономикалық стратегиямыз макроэкономиканы тұрақтандыру болды, бұл мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қысқарту мен қатаң монетарлық және кредит саясатын дәйекті жүргізуді білдіреді. Бүгін біз осы мәселені шешуге бұрынғы қай кездегіден де жақын тұрмыз. Бірақ бүгінгі табыстарымыз тоқмейілсуімізге негіз болмауы тиіс.

Егер елдегі инфляция шектен асып кетсе, ұлттық валютаның бағамы экономиканың жалпы жағдайы мен біздің стратегиялық ұмтылыстарымызға сай келмесе, ал өсім мөлшерлемелері нақты сектор үшін жоғары болып, оған қол жеткізу мүмкін болмаса немесе нақты көрінісінде теріс болып отырса, біз алға қойған мақсаттарды іске асыра алмаймыз.

Халықаралық тәжірибенің берер сабақтары даусыз. Экономикалық жоғары табыстарға қол жеткізген кез келген ел жедел экономикалық өрлеудің алдындағы кезеңде жоғары инфляцияны қатаң түрде жою жөніндегі барлық шараларды міндетті түрде қолданған және кейін макроэкономикалық көрсеткіштерді белгіленген шекте ұстап тұруды мұқият қадағалаған. Бұл жолдан ауытқығандар сәтсіздікке ұшырады.

Бірінші Азиялық барыс болу үшін біздің басымдықтарымыздың қатарында макроэкономикалық көрсеткіштер саласындағы таңдаулы халықаралық тәжірибе болуы тиіс. Ол – инфляция мен бюджет тапшылығының төмен болуын, ұлттық валютаның

күшеюін, жинақтау нормасының жоғары болуын көздейді. Бұл Жапонияда, Кореяда, Индонезияда, Тайвань мен Чилиде іске асты. Қазақстанда да іске асады.

Біздің алдымызға не инфляция, не экономикалық өрлеу деген таңдау ешуақытта қойылған емес және қойылмайды да. Біз түпкілікті мақсат экономикалық өрлеу екенін және макротұрақтандыру осы мақсатқа жетудің құралы ғана екенін назардан шығармауымыз керек. Әрине, басқа үдерістерге қарағанда, қаржылық тұрақтану тым қатты көптеген әлеуметтік топтардың жағдайын қиындатқаны белгілі. Бірақ жүйелі және құрылымдық қайта құру жағдайында басқаша болуы мүмкін де емес еді. Нарық – қатаң қаржылық жауапкершілікке сүйенген демократия. Халықтың көпшілігі мұны енді түсінді. Әрине, макротұрақтандыру ауыр тоқыраумен және ақшаның жетіспеуімен ілесе жүрді. Бірақ нақты секторды құрылымдық қайта құру жүріп жатыр, енді таяу арада ақша және тауар массасы қажетті сәйкестікке жетеді.

Уақыты келгенде, өмір мен жұмыстың қиын кезеңінде шыныққан адамдар бұл дағдарыстан шығады. «Таршылықты көрмеген кеңшіліктің парқын білмейді» дейді қазақ мақалы.

Инфляцияны қолайлы деңгейге түсіре отырып, біз стратегиялық басымдықты экономикалық ілгерілеуге бағыттаймыз. Бірақ экономикалық, тіпті жалпымемлекеттік стратегия монетарлық саясатпен тіпті де бір мағыналы емес, сондықтан біз бүгін неғұрлым кең және барабар мүмкіндікке иеміз. Бұл орайда, таяудағы жылдарда біз назарымызды экономиканың нақты секторына, оны сауықтыруға, қазыналық және моне-

тарлық қатаң шектеулер жағдайындағы өсу мен күшті әлеуметтік саясатқа аударамыз. Ұзақ мерзімді болашақтағы макротұрақтандыру туралы әңгіме болғанда, біз осы салада пайда болатын қауіпті тойтаруға әзір болуға тиіспіз. Пайдалы қазбаларымызды игеруге және экономиканың жекелеген секторларында болады деп үміт артып отырған экспорттың ұлғаюына байланысты елге келуге тиісті қолма-қол ақша ағымы біздің валютамыздың бағамын едәуір қиындыққа ұшыратып, оны көтеріп жіберуі мүмкін. Ал мұның өзі басқа салаларды, ең алдымен экспорт пен қайта өңдеуші салаларды жоғалту қаупін төндіреді.

Сондықтан валюталық қолма-қол ақша ағымының бір бөлігін импортты кең қолданбастан игере алатындай болуымыз керек. Бірақ адам санының аздығына және қазірше халықтың сатып алу қабілетінің төмен болуына байланысты Қазақстанның ішкі рыногы өте шағын. Сондықтан дүниежүзілік тәжірибені және инвестициялар нарығындағы жұмыс істеп тұрған тетіктерді мұқият зерттеп алып, шетелдегі қаржы инвестицияларының стратегиясын алдын ала әзірлеу керек.

Біз аяқтаған бағаны ырықтандыруға енді күмән келтірілмейді және өзгеріс болмайды.

Жеке меншік институттары жерге деген меншіктің, сондай-ақ меншік құқықтары мен келісім-шарттардың орындалуын қорғайтын заң жүйесін құрудың есебінен нығайтылады.

Кәсіпорындарды жекешелендіру негізінен аяқталды. Енді оны, ең алдымен аграрлық кешен мен әлеуметтік салада, түпкілікті пысықтау және акциялардың

айналымы үдерісін дәл реттеу керек. Ал стратегиялық сипаттағы кәсіпорындардағы акциялардың мемлекеттік пакеттері орынды пайдаланылатын болады.

Ырықтандыру жолында біз үлкен жетістіктерге жеттік, бірақ ауыл шаруашылығында, өндірістің бірқатар салалары мен әлеуметтік секторда нарықтық қатынастар әлі де болса төмен деңгейде қалып отыр. Өндірістік сектор бүгіндей дерлік меншік иелері алдында есеп бермейтін немесе есеп бергенситін олақ әрі жемқор басшылардың іс-әрекетінен туған төлем жүйесі дағдарысынан зардап шегіп отыр.

Ашық экономика мен еркін сауда құруды біздің көптеген ірі рыноктар арасындағы байланыстырушы буын ретіндегі жағдайымыз талап етеді.

Мұндай саясат елдер мен құрлықтарды тұйықтану және өз рыногын оқшаулау әрекетінен гөрі әлдеқайда жылдам жалғайды.

Біздің ұлттық капиталымыз әуел бастан шынығып, өз рыноктарында күресуге даяр болуға тиіс. Бұл өте қатап міндет, бірақ онсыз ол ертең сыртқы рыноктарда жеңіске жете алмайды. Дегенмен әрі жас, әрі әлсіз, жаңадан тәй-тәй басып келе жатқан қорғансыз шағында оны мемлекет қанатының астына алып, тез арада нық тұрып кетуіне көмектеседі.

Ішкі рыноктары шағын бола тұрып аса жоғары экономикалық нәтижелерге жеткен елдерді өзін-өзі оқшаулау жолын таңдап алған елдермен салыстыру жабық рыноктар, шектен тыс мемлекеттік реттеу, сондай-ақ шаруашылық жағынан даралану әрекеттері қысқа мерзімді экономикалық табыстарға жеткізгенімен, түбінде сәтсіздікке ұрындырарына сабақ боларлық.

Өзіміздің энергетикалық және өзге де табиғи ресурстарымызды игеру жалғаса береді. Оның мақсаты – экспорттан экономикалық өрлеумен қатар елдің саяси тұрақтылығына, сондай-ақ оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесетін табыс алу.

Шетел инвестицияларын тиісінше қорғау және пайданы кері қайтарып алу мүмкіндіктері бұрынғысынша біздің басты назарымызда болады. Еліміз үшін тұрақты маңызы өзгермейтін экономиканың бірнеше секторы бар, олар – табиғи ресурстарды игеру, инфрақұрылым, коммуникациялар және ақпарат. Осы салаларды дамыту экономикалық өрлеуге ғана емес, әлеуметтік салаға да, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа кірігуіне де ықпал етеді. Бұлар – капиталды көп қажет ететін салалар, оларды дамыту үшін шетел капиталымен қатар мемлекеттің қатаң стратегиялық бақылауы қажет. Бірақ тіпті Адам Смиттің де мойындағанындай, жекеше секторды қызықтыра қоймайтын кейбір қоғамдық мұқтаждықтар да бар. Мұндай жағдайда және соңғы шара ретінде бұл мұқтаждықтарды қамтамасыз етуді мемлекет өз мойнына алады.

Аймақаралық ірі көлік орталығы ретіндегі біздің ұстанымымыз шетел инвестициялары үшін неғұрлым ықтиярлы тәртіптеме орнатуды талап етеді. Бұл біздің қаржы мен білімнің қажетті ағынын тартып, өз мүмкіндіктерімізді және шетелдермен тұрақты сауда айырбасын дамытуымызға жағдай жасайды.

Риясыз әкімшілік бұлжытпай орындайтын, анық, тиімді және қатаң ұстанатын заңдары бар ашық әрі бәтуалы инвестициялық саясат – шетел инвестицияларын тартудың неғұрлым қуатты ынталандырушысы.

Мұндай саясатты талдап жасау біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болуға тиіс, өйткені шетел капиталы, технологиясы мен тәжірибесі болмайынша, Қазақстанның жедел экономикалық өрлеу мен жаңаруға қалай жететінін көз алдымызға келтіру қиын.

Біздің инвестициялық ахуалымыз неғұрлым жағымды болып, тартылған шетел инвестицияларының көлемі мен сапасы бойынша Қазақстан басты орынға шығуы үшін, бізге саяси ерік-жігер мен нақты іс-қимыл қажет. Дүниеге белгілі инвесторларды мүмкіндігінше көптеп тарту үшін, біз қажетті тетіктерді пайдалануда асқан шеберлік танытуға да тиіспіз.

Нақ осы себепті мен өз жарлығыммен Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетті құрып, оған тікелей инвестицияларды қорғаудағы саясатымызды іске асыру құқығы бар Қазақстандағы бірден-бір мемлекеттік орган мәртебесін бердім. Шетелдік күрделі салымдардың ізіне түсу ұзаққа созылатынын әрі, керек десеңіз, ешқашан бітпейтінін есте ұстау қажет. Бұл бәйгеде біздің артта қалуға хақымыз жоқ.

Қазақстан үшін индустриялық технологиялық стратегияны қалыптастыру қажеттігі дүниежүзілік тәжірибеден туындап отыр. Дамушы елдердің барлығы дерлік еңбекті көп қажет ететін өндірістен капиталды, технологияны және ғылымды көп қажет ететін өндірістерге дейінгі жолдан өтті. Өндірістің инерциялық және зілмауыр құрылымын құлашты бір-ақ сермеп түзетуге болмайды. Дүниежүзілік тәжірибе жалпыұлттық өнімде ауыл шаруашылығының, өндіруші өнеркәсіптің үлесін ұдайы кеміту және, керісінше, өңдеуші өндірістің, ең алдымен – ғылымды көп қажет ететін, қосылған құны

жоғары өндірістердің, сондай-ақ қызмет көрсету саласының үлесін ұлғайтуға саятын белгілі бір дәйектіліктің қажеттігін көрсетіп отыр.

Қолайлы жағдайда еліміздің тірек саласы саналатын мұнай-газ өндіру секторының, сондай-ақ бүкіл өндіруші өнеркәсіптің көлемі айтарлықтай артады деп санауға жеткілікті негізіміз бар. Бұл өз құрылымдық саясатымызды құруда басшылыққа алуымызға тиісті бағдарымыз болады. Бұл ретте біздің индустриялық стратегиямыздың жекелеген кәсіпорындарға қатысы болмайды. Біз мемлекеттік саясат тетіктерін Қазақстанға қолайлы салаларды дамытуға ықпалдасатындай етіп пайдаланатын боламыз.

Бір ғана шикізатқа бағдарланған ел болып қалмау үшін, біз жеңіл және тамақ өнеркәсібін, инфрақұрылымды, мұнай мен газ өңдеуді, химия мен мұнай-химиясын, машина жасаудың жекелеген шағын салаларын, ғылымдарлы түпкілікті өндірістерді, қызмет көрсету саласын, туризмді бұрынғыдан да ілгері қарқынмен дамытуға тиіспіз.

Бізге тұрақты өрлеуді қамтамасыз етуге өндірісті әртараптандыру көмектесетін болады. Қазіргі бәтуалы импорт кезіндегі қатаң бәсекелестік жағдайында өндірістер мен бүтіндей салалардың нарыққа бейімделу үдерісі жүріп жатқан кезде, біздің шикізаттан басқа өнімдеріміз бәсекеге түсе алмайтын кезде біз өндірістің зілмауыр шикізаттық құрылымына қарай құлдырай түсудеміз, ал бүкіл өркениетті және дамушы әлем бұған тікелей қарама-қарсы бағытта жүріп барады. Өндірістің құлдырауы мен оның кертартпа құрылымы – бұдан

былай есепке алмауға болмайтын екі есе қауіпті фактор. Егер еркін нарық шын мәнінде еркін болса, ол елде жаңа өндірістер туғызады. Біздің міндетіміз Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастық алдында инвестициялар үшін тартымды жер ретінде көрсетіп, неғұрлым маңызды салаларға инвесторларды белсенді түрде тарта беру болуы тиіс.

Бірақ әзірге тек нарықтың күшіне ғана сенуге болмайды. Үкімет белсенді индустриялық әртараптандыру саясатына кірісіп, назарды макродеңгейден микродеңгейге аударуға тиіс.

2010 жылға дейінгі бастапқы кезеңде біз мүмкіндіктері мен бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар еңбекті көп қажет ететін салаларға көңіл бөлуіміз керек. Бұл – басымдық ретімен, ауыл шаруашылығы, орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, туризм, тұрғын үй құрылысы және инфрақұрылым жасау. Осы салаларды дамыту арқылы біз экономиканың құрылымдық мәселелерін ғана емес, қазір аса маңызды сипат алып отырған жұмыстылық пен кедейлік мәселелерін де шешеміз.

Еліміздің дамуы үшін экономикалық өрлеудің қаншалықты маңызды екенін баршамыз түсінеміз. Қарқынды экономика болмайынша, біз мектептер мен ауруханаларды қаржыландыра алмаймыз, қоғамды жемқорлық пен қылмыскерліктен қорғай алмаймыз. Сондықтан бұл бүгін де, ертең де және алдағы 30 жыл бойы да ең маңызды басымдықтардың бірі болып қала береді.

ТӨРТІНШІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ

Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты

*Тазалық – саулық негізі,
саулық – байлық негізі.*

Қазақтың халық мақалы

Экономикалық өсу біздің азаматтарымыздың игілігіне өздігінен кепілдік бере алмайды. Өркендеген экономика жағдайында-ақ өз денсаулығын дұрыс күтпеуі және қоршаған ортаның ластануы салдарынан науқас адамдардың саны жылдан-жылға өсіп отырғанын көзге елестету қиын емес. Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыздың өмір бойы есен-сау және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш-жігерді еселей түсуіміз керек.

Бұл мақсатты іске асырудағы біздің стратегиямыз мынадай құрамдас бөліктерден тұрады.

Ауруларды болдырмау және саламатты өмір салтын ынталандыру. Мемлекеттің, бір жағынан, ауруды болдырмау, екінші жағынан, саламатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі қадамдары халықтың денсаулығына әсер ететін маңызды фактор екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Аурулардың алдын алу дегеніміз таза су мен кенеулі асты пайдалануды, тазарту жүйелерінің болуын, қоршаған ортаны ластайтын және экологиялық зиян келтіретін объектілерді қысқартуды, басқа да қауіпті факторларды азайту жөніндегі осы тектес шараларды білдіреді.

Ал саламатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және т. б. бағытталған.

Қаржының жеткіліксіздігі жағдайында ауруларға қарсы күрес пен денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз азаматтарымызды саламатты өмір салтына әзірлеуден басталады. Саламатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды, тазалық пен санитария ережелерін насихаттайтын пәрменді ақпараттық іс-шаралар жүргізілуі қажет. Ол мыналарды қамтуға тиіс:

Нашақорлық пен наркобизнеске қарсы күрес. Есірткіні әкелу мен таратуға қолданылатын жазаны қатайту және осыған байланысты бірқатар елдердегідей, оның ішінде Малайзия мен Сингапурдағыдай өлім жазасын енгізу керек пе деген мәселені қоғамның талқысына шығару қажет. Есірткі – өте ерекше және түпке жететін сала, сондықтан бұл жерде адамгершілік қағидаттарын сақтау яки сақтамау – үлкен мәселе. Таразының бір басында оны әкеліп, тарататын адамның өмірі тұрса, екінші басында соның «көмегімен» қор болған есірткі тұтынушылардың өмірі тұр.

Алкоголь мен темекіні тұтынуды қысқарту. Алкоголь мен темекінің адам өміріне зиянды екені дәлелдеуді қажет етпейді. Халықаралық тәжірибе бұл салада алкоголь мен темекі өнімдеріне салық енгізу, сондай-ақ маскүнемдіктен емделуге арнайы салық салудан бастап, мемлекеттік саясатты жүргізудің бірнеше сабағын ұсынады. Біз бұл мәселеде дәйектілік саясатын жүргізуіміз керек. Өткешіліктің ағыны мен қылмыскерліктің өсуі

сияқты кері нәтижеге душар болмас үшін, бұл арада барлығын салмақтап, бірнеше қайтара есептеп алу керек. Бастапқы кезде алкоголь мен темекіні жарнамалауға барлық жерде және түпкілікті тыйым салынуға тиіс. Шылым шегу терең ойластырылып, асыра сілтеушілікке ұрынбай, біртіндеп отырып, қоғамдық орындардан ығыстырылуы қажет. Басқаларға үлгі болу үшін, мұны мемлекеттік ғимараттар мен мекемелерден бастау керек. Тегі, адамдар неліктен өз денсаулықтарын құртып, оны улайтындарға төзіммен қарауға тиіс?

Мен барлықтарыңызды шылым шегушілерге ымырасыз болуға шақырамын.

Қоғамдық сана мен мораль алкогольге барынша төзімсіз болуға тиіс. Бұл сезімді мемлекет тәрбиелеу керек. Кеңес өкіметі жылдарында арақ біздің тұрмысымызға, әдетімізге, дәстүрімізге тереңдеп енді. Ол ауылдық жерлерде де адам өмірінің ажырамас бөлігі болып алды. Көпшілік қиыншылыққа тап боп, күйзеліске түскен бүгінгі таңда ішкілікке салыну арта түсіп отыр.

Көптеген елдер бұл кеселге тыйым салуға әрекеттенгенімен, табысқа жете алмады. Әйтсе де кейбір елдер ұтымды ақпараттық және түсіндіру саясатын жүргізу, мәдениет пен білім арқылы едәуір табыстарға қол жеткізді. Өнеркәсібі дамыған елдерде ішімдікті пайдаланушылар мен темекі тартушылардың саны кеми түсуде, өйткені кәсіпкерлік – денсаулығы мықты жандардың ісі. Пәрменді жолдардың бірі – өмір салтын теріс әдеттерден спортқа қарай бейімдеу.

Әйелдер мен балалардың денсаулығын жақсарту. Ана мен баланың денсаулығын қорғау біздің мемлекетіміздің, денсаулық сақтау органдарының, жұрт-

шылықтың басты назарында болуға тиіс. Уақыт өтіп, қазына кірісі өскенде, мемлекет үшін де, отбасын қолдауға тиімді демографиялық саясат үшін де қолайлы түрде аналар мен балаларға мемлекеттік қолдау көрсетуге қаражат табамыз. Біз бұрын да және, қиындықтарға қарамастан, бүгін де осындай көмек көрсетіп келеміз. Мен балалы болғысы келмейтіндерге салық енгізіп, одан түскен қаржыны көп балалы отбасыларды қолдауға жұмсауды көпшіліктің талқысына салуды ұсынамын.

Бізге жергілікті деңгейде де отбасына, екіқабат әйелдерге көмек көрсетудің және балаларды тәрбиелеудің жаңа жолдарын табу керек. Неке мен отбасы институтын нығайтуды, жалғыз басты аналар проблемасын шешуді мұқият ойластыру қажет. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз. Ата-аналар балаларына, ал есейген балалар өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болса, әйел отбасы мен қоғамда құрметке бөленсе – еліміз үшін алаңдамауға да болады. Бұл қағидаттар Қазақстан халқына қашанда тән болған, оларды жандандыру қажет. Бұл ретте жұртшылық дұрыс шешімді көрсетіп, ол отбасы туралы заңда бейнеленуге тиіс.

Саламатты тұрмыс құрып, сол арқылы балаларына үлгі көрсетіп отырған ата-аналарды айрықша атап отыру қажет. Мен компаниялар мен жұмыс берушілерге оларды көтермелеудің тиісті формалардың табуды ұсынар едім.

Елімізде жыл сайын 200 мың түсік жасалады. Қоғамда түсікке тыйым салу керек пе, жоқ па деген мәселе бо-

йынша пікір таласы өріс алуы керек. Мұндай шетін мәселеде де мен әдеттегідей көпшілікті қолдаймын. Қалай болғанда да, әйелдің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін отбасын жоспарлаудың өркениетті жолына түсуіміз керек.

Жас шамасына қатысты саясатта біз жастар мен жеткіншек ұрпаққа, сондай-ақ жас отбасыларға көңіл бөлуді күшейтуге тиіспіз.

Тамақтануды, қоршаған орта мен экологияның тазалығын жақсарту.

Экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің 20 %-на себеп болып отыр, ал кейбір өңірлерде жағдай бұдан да қиын. Отандастарымыздың үштен бірі сапасыз ауыз суды пайдаланады. Жеткілікті және дұрыс тамақтанбау да жағымсыз демографиялық салдарға апарып соғады.

Сондықтан біздің әрқайсымыз тамақтану мен ауыз суға ерекше көңіл бөлуге тиіспіз. Біздің мамандарымыз қалай дұрыс тамақтану керектігін, табыс дәрежесіне қарай өз рационын қалай құру керек екенін, осы заманғы жеке бастың тазалығы ережелерін орындауды, сапасы төмен ауыз судың зиянынан қалай сақтануды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіруден жалықпауы керек. Экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер мен стандарттау органдары алға қойылған мақсаттардың басымдығына сәйкес жұмыс жүргізуге тиіс. Кез келген сапасыз тамақ өнімдерін жеткізушілер мен өндірушілерге, табиғи ортаны ластаушылардың бәріне қуатты әрі қат-қабат тосқауыл қойылуы қажет.

Мемлекеттік ведомстволардың басшылары осының бәрінде үлгі көрсетуге тиіс. Сонымен қатар дінбасшылар мен қоғамның басқа да құрметті адамдарын осы үдеріске қосылуға шақырамын. Бұл – маңызы зор мәселелер. Бұл шаралардың астарында адамдардың денсаулығы мен он мыңдаған отандастарымыздың өмірі жатыр.

БЕСІНШІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ

Энергетикалық ресурстар

*Байлық – байлыққа ие болуда емес,
оны ұқсата білуде.*

Сервантес

Қазақстан табиғи және әсіресе энергетикалық ресурстардың орасан зор қорына ие. Біздің еліміздің аумағындағы мұнай мен газ кен орындары бізді мұнайлы елдердің алғашқы ондығына қосады. Сонымен қатар Қазақстанда көмірдің, уранның, алтынның және басқа да бағалы минералдардың мол қоры бар.

Соған қарамастан, біз көп жылдар бойы өзіміздің ішкі қажетімізді қамтамасыз ете алмай келеміз. Бұл – кеңестер кезеңінде жасалған бөліс жүйесінің, сондай-ақ өзімізде қажетті инфрақұрылым болмауының салдары.

Дәл осылайша, халықаралық рынокқа мұнай мен газ экспорттау үшін қажетті коммуникациялардың болмауы даму жоспарларымызды жүзеге асыруға керекті қаражат алатын мүмкіндікті барынша шектеп отыр.

Энергетикалық ресурстарды пайдалану стратегиясы мынадай элементтерді қамтитын болады.

Бірінші. Біз өз қорларымызды жедел әрі тиімді пайдалану үшін үздік халықаралық технологияларды, ноу-хау мен ірі капиталдарды тарту мақсатымен басты халықаралық мұнай компанияларымен ұзақ мерзімді серіктестік құрамыз.

Қазірдің өзінде бірсыпыра ірі өзара шарттарға қол қойдық, ал басқа шарттар әзірлену үстінде.

Біз ұзақ мерзімді келешекке міндеттері өзімізге сәйкес келетін серіктестер іздейміз. Өзара шарттарда біз Қазақстанның мүддесін, экологиясын, өз адамдарымыздың жұмыстылығы мен даярлануын, бірсыпыра әлеуметтік міндеттерді шешу қажеттігін қатаң әрі парасат тұрғысынан көздестіретін боламыз.

Өзіміздің табиғи ресурстарды пайдалануда біз үздік әлемдік практикаға сәйкес келетін және Қазақстанның мүдделеріне жауап беретін орнықты келісімдерге мүдделіміз.

Біздің кірістеріміздің тұрақтылығы мен өзара шарттарымыздың әділеттілігі, сондай-ақ әлемдік қауымдастықтың қолдауының кепілдігі, міне, осында.

Біздің стратегиямыздың екінші бөлігі – мұнай мен газ экспорты үшін құбырлар жүйесін құру. Тәуелсіз экспорт арналары көп болғанда ғана біз көршіміздің біріне тәуелді болудан және бір тұтынушыға баға жөнінен кіріптарлықтан құтыламыз.

Үшінші. Отын ресурстарын пайдалану жөніндегі біздің стратегиямыз әлемдік қоғамдастықтың ірі елдерінің мүддесін Қазақстанға тартуға, оның әлемдік

отын жеткізуші ретіндегі рөліне бағытталған. Бұл ретте біздің мұнай-газ бизнесімізді дамытуға инвестиция салуға тиіс компаниялар мен елдер АҚШ-ты, Ресейді, Қытайды, Жапонияны және Батыс Еуропаның мемлекеттерін қамтиды. Бұл елдер мен компаниялардың біздің ресурстарымызды үздіксіз және тұрақты негізде экспорттауға деген экономикалық мүдделері тәуелсіз және гүлденген Қазақстанның дамуына жәрдемдесетін болады.

Төртіншіден, тағы да сол шетел инвестицияларын тарту арқылы біз ішкі энергетикалық инфрақұрылымымызды құру мен дамытуды жеделдетіп, дербестігіміз бен бәсекелі тәуелсіздігіміздің проблемаларын шешетін боламыз.

Ақыр соңында, бесіншіден, стратегия осы ресурстардан түсетін келешек кірістерді барынша үнемшілдікпен пайдалануды көздейді.

Біз өзіміздің стратегиялық ресурстарымызға қатаң бақылау қойып, үнемшіл болуға әрі қаражатты ұқыпты жұмсап, олардың бір бөлігін өзіміздің болашақ ұрпақтарымыз үшін сақтауға тиіспіз.

Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс

*Адамға абырой әперетін үш іс бар:
құмда қазылған құдық, өзенге салынған
көпір, жол жағасына отырғызылған саялы ағаш*

Шығыс мақалы

Тарихи тұрғыдан алғанда, еліміздің аумағы арқылы шығыстан батысқа және кері қарай көлік легі тоқтаусыз өтіп жатты, ал олардың жылжу жиілігі бүгінгі күні де саябырситын емес. Қазақстанның міндеті отандық көлік-коммуникация кешенінің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету мен өз аумағымыз арқылы өтетін сауда легінің ұлғайтылуын қамтамасыз етуде жатыр.

Белгілі бір дәрежеде бұл сала біршама дамыған, ал ұзақ мерзімдік келешекте шоғырландырылған өсу стратегиясына ілесуге тиіс, мұның өзі ұлттық рынокты әртараптандыруға әрі біздің көлік және коммуникациялық қызметімізді пайдалануға қабілетті жаңа рыноктар іздеуге саяды. Бұл стратегия автомобиль жасау, туризм, қызмет жүйесі, жол құрылысы мен күрделі құрылыс салаларын барған сайын дамыта беруге және отандық өнімнің өзіндік құнындағы көлік үлесін кемітуге жәрдемдесетін болады.

Теміржол көлігі

Аумағымыздың ауқымын және экономикамыздың шикізат бағыттылығын ескерсек, Қазақстанда жүк тасы-

малының негізгі көлемі темір жол арқылы жүзеге асырылатын болады. Көліктің осы түрінің алдында тұрған стратегиялық міндеттерді іске асыру үшін басымдықтар ретінде мыналарды атау керек:

– Халықаралық көлік және сауда байланыстарын, сондай-ақ Трансазия магистралі бойынша транзиттік жүк тасқынын қамтамасыз ететін негізгі теміржол бағыттарын жаңарту.

– «Достық» бекетін дамыту мен «Достық – Ақтоғай» учаскесін нығайтуды аяқтап, өткізім қабілетін жылына 10 млн тонна жүк тасымалына дейін жеткізу.

– Жүк жинақталатын аудандарда көп модульды терминалдар ұйымдастыруға кірісу, сол арқылы көліктің сан түрлерінің технологиялық бірлігін қамтамасыз ететін контейнерлік және бумалық тасымалды қолдана бастау.

– Барлық көліктік-коммуникациялық монополияларды батыл қайта құрылымдауды жүзеге асыру, оларды бейіні сәйкес келмейтін кәсіпорындардан арылту.

Автомобиль жолдары және автокөлік

– Автомобиль жолдарын шапшаң аралықтар құру арқылы халықаралық тасымалды қамтамасыз ететін бағыттарда дамыту. Жеке меншік автомагистральдар салу, қазіргі барларын жекешелендіру мен концессияға беру жөніндегі жұмыстарды бастау. Оларды осы заманғы халықаралық талаптар деңгейіндегі қызметпен қамтамасыз ету.

– Ауылдық жерлердегі автожолдардың желісін басымдық тәртібімен дамыту және ұзақ мерзімді келешекте олардың тығыз табанды жолға көшірілуіне жету,

автомагистральдар мен көпір конструкцияларының өткізім қабілетін жақсарту.

Әуе көлігі

– Авиацияда тәртіп орнату және ұшақтар паркін лизинг пен жоғары сыныпты ұшақтардың белгілі бір көлемін сатып алу есебінен толықтыру.

– Әуежайларды жаңғыртуды қолға алу, қызмет көрсету мен сервисті қамтамасыз ету деңгейін халықаралық стандарттарға дейін жеткізу.

– Қазақстан арқылы өтетін транзиттік әуе желілерін дамыту мақсатында әуе қозғалысын басқару жүйесін қайта ұйымдастыру.

Су көлігі

– «Ақтау» кемежайын жаңғырту және флотты «өзен-теңіз» түріндегі кемелермен толықтыру үшін шетел инвестицияларын тарту.

– Өзен кеме жүзуінің жұмысын, әсіресе жүк және жолаушы тасымалының өзіндік құны төмен кемелерді іске қосып, олардың жұмысын жандандыру.

Байланыс және телекоммуникация желілері

Телекоммуникациялар ақпарат алуды кеңейту мен олардың берілуін жүзеге асыру арқылы нарықтық тетіктер қызметіне қолдау жасап отырады.

Телефондар, факстар мен электрондық пошта – осы заманғы бизнесті дамытудың өмірлік маңызды әрі объективті тұрғыдан қажетті шарты.

Ақпараттық технологиялар, оның басқа түрлерімен салыстырғанда, өз мәні жағынан неғұрлым

«интернационалды» әрі икемді бола отырып, көбіне-көп бизнесті, экспорттық қызметті дамытуға және экономиканы орталықсыздандыруға барынша жәрдемдеседі. Олар ұлттық экономикаларды шоғырландырады және аймақтың ауқымын кеңейте отырып, әлемдік экономикалық байланыстарды нығайтады.

Сонымен қатар телекоммуникациялар жаңа жұмыс орындарын беру, ауылдық және қалалық аймақтардың арасындағы экономикалық көші-қонды азайту арқылы әлеуметтік салалардағы кереғарлықтар мен келеңсіз құбылыстарды азайтуға барынша жағдай жасай алады. Денсаулық сақтау мен білім беру салалары үшін, сондай-ақ айналадағы ортаны жақсарту үшін ақпараттық технологиялардың маңызына баға жеткісіз.

Оңай қолжетімді әрі толығымен іске қосылған телекоммуникациялық жүйенің тағы бір артықшылығы жолдың ауырлығына, жекелеген аймақтардың алыстығына және жолаушы тасымалы бағасының қымбаттығына қарамастан, күллі жұртқа ақпарат алуға мүмкіндік беретін кепілдігінде жатыр.

Біздің Үкіметіміз шалғайдағы әлсіз дамыған аудандарға тіпті болмағанда байланыс қызметінің ең төмен деңгейін беретін болады. Айталық, балалар мен жастарға арналған аймақтық оқыту бағдарламаларын таратып отырады. Мұның өзіндік құны өте арзан, әрі алдағы уақытта едәуір пайда келтіреді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының алдында, ең алдымен, болашақта әлемнің дамыған елдерінің осындай инфрақұрылымдарымен бәсекелесуге қабілетті дербес тәуелсіз және тиімді телекоммуникациялық қызмет көрсету жүйесін құру міндеті тұр.

Қазақстан телекоммуникацияларының қазіргі жай-күйі, өз желілерінің басқа елдермен салыстырғандағы

жетерліктей тығыздығына қарамастан, елеулі экономикалық проблемаға айналып отыр.

ЖЕТІНШІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ

Негізгі міндеттеріне дейін шектелген кәсіпқой мемлекет

Бастығы көп ел заңнан таяды.

Сүлеймен

Қазір мемлекеттік аппаратты қайта құру мен жетілдіру қолға алынды, алайда бұл үдеріске неғұрлым қуатты қарқын беру қажет. Менің биылғы жылдың басынан бері Үкіметіміз бен оның дербес құрамын түбегейлі реформалау стратегиясын іске асыруға кірісуім де сондықтан. Үкімет орталық және аймақтық деңгейлерде қысқартыла бастады және бұл үдеріс жалғаса береді.

Біздің міндет – Қазақстанда нарықтық экономика үшін оңтайлы болатын мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымының осы заманғы, тиімді жүйесін жасау; басым мақсаттарды іске асыруға қабілетті Үкімет қалыптастыру; ұлттық мүдделердің сақшысы бола алатын мемлекет құру.

Кеңестік әміршілдік экономика дәуірінде мемлекет бастан-аяқ бәрін бақылауға тырысты. Соның салдарынан ол көптеген қайшылас қызмет буындары бар ебедейсіз құрылымға айналды. Қалыпты дамыған елдерде кеңес мемлекеті бақылауына алуға әрекеттенген міндеттердің

80 %-дан астамы тіпті мемлекеттің қызмет аясына кірмейді. КСРО ыдырағаннан кейін мемлекеттік құрылыс пен басқару мәселелерінің көбін жаңадан шешуге тура келді. Ең алдымен бұл тәуелсіз жаңа мемлекеттің өмір сүруінің заңдық-құқықтық негізін қамтамасыз етуге, әлеуметтік-саяси тұрақтылықты дәйектілікпен сақтауға қатысты болды.

Қазір қоғамның және экономиканың күрделі жүйелік қайта жаңғыруларын мемлекеттік басқарудың өзі жүйелік сипатта болуы керектігі күн тәртібіне өктем түрде қойылып отыр. Әрине, бұған сатылап, соның өзінде мемлекеттің бернелерін ұзақ мерзімді реформалаудың үйлестірілген, дәйекті жоспарын алдын ала әзірлеген жағдайда ғана жетуге болады.

Үкімет пен жергілікті билікті түпкілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін стратегияның негізгі 7 қағидаты мынаған саяды:

1. Неғұрлым маңызды бірнеше міндеттерді ғана орындауға жұмылдырылған ықшам әрі кәсіпқой Үкімет.
2. Стратегиялар негізіндегі іс-қимыл бағдарламалары бойынша жұмыс істеу.
3. Нақты жолға қойылған ведомствоаралық үйлестіру.
4. Министрлердің өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін арттыру, олардың есеп берушілігі және қызметтеріне стратегиялық бақылау.
5. Министрліктердің ішінде орталықтан – аймақтарға және мемлекеттен – жекеше секторға дейін орталықсыздандыру.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл да ымырасыз күрес.

7. Кадрларды жалдау, даярлау және жоғарылату жүйесін жақсарту.

Табысқа жеткен үкіметтер ықшам келеді әрі мемлекет қана атқара алатын ең басты бірнеше міндеттерге жұмылады. Оның үстіне, пәрменді үкіметтер өз қызметін аз санды басымдықтарға және сол мақсаттарға жету жолындағы стратегияларды іске асыруға жұмылдырады.

Үкіметтің тиімділігі өзара байланысты үш факторға: оның құрылымдық ұйымына, стратегиялық үйлесімділігіне, кадрлар даярлығының дәрежесіне негізделеді. Біздің таяу болашақтағы міндетіміз қабілетті әрі адал кадрлардан тұратын, стратегиялық жоспарлау әдістерін меңгерген шағын, оңтайлы аппарат құру болмақшы.

Әлеуметтік-экономикалық өмірдегі дағдарысты құбылыстардың негізгі себептерінің бірі – министрліктер мен ведомстволар, аймақтар арасында үйлесімділіктің болмауында екенін айтып жату артық. Нақтылы міндеттерді шешудегі жауапкершілік көлемінің бір-біріне сәйкес келмеуі, міндеттердің қайталануы мен сыбайластық сөзбұйдалық пен төрешілдік өзара қақтығыстарға, сырғытпалық пен ұжымдық жауапсыздыққа апарып соғады. Бүгінгі мемлекеттік басқарудың мәні де, көрінісі де осындай.

Бұл проблеманың тамыры – стратегиялық жоспарлардың жоқтығында.

Әрбір министрліктің, ведомствоның, әкімшіліктің жұмысы, аймақтық дамудың өзі де мақсаты айқын, міндеттері нақты жалпымемлекеттік стратегияға бағындырылуға тиіс.

Мұның тың көзқарас пен жаңаша әдістемені талап ететіні даусыз. Стратегиялық жоспарлау, қаржылық бағдарламалау мен жобалық менеджмент таяу болашақта мемлекеттік басқарудағы жаңалық атаулының өзегіне айналуға тиіс.

Ведомствоаралық және аймақаралық үйлестіру басым мақсаттарға жедел жетуге деген саяси ерік-жігердің көрінісі ретінде ауадай қажет.

Ведомстволардың стратегиялық міндеттерді іске асыру жөніндегі қызметі мен күш-жігерін бақылайтын біртұтас ықпалды үйлестіруші орган құру қажет.

Мемлекеттік үйлестіру жүйесі тиімді әрі жариялы болуға тиіс. Оның жұмысының нәтижелері барлық есепті органдар үшін ашық болуы қажет.

Министрліктер мен ведомстволардағы бүгінгі қалыптасқан ахуалға келетін болсақ, жауапкершілік деңгейі өкілеттілік көлемінен асып түсіп отыр. Өкілеттілік пен жауапкершілік арасалмағының бір жағына қарай ауытқуы басқару тиімділігін күрт төмендетеді. Әлемдік тәжірибе мекеме басшысына ішкі басқару жөнінен кең өкілеттіктер беру сол билікті асыра пайдалану ықтималдығынан келетін залалдан гөрі әлдеқайда пайдалы болатынын дәлелдеп отыр.

Министр мен әкімнің кең өкілеттіктері болуға тиіс және солай болады да, алайда олардың қызметі жоғары тұрған органдарға есепті болуы қажет, әрі жаппай бақылауға емес, үздіксіз стратегиялық бақылауға алынуы керек.

Бір қолға барынша кең өкілеттіктерді шоғырландыру қабылданған міндеттемелердің орындалмай қалғаны

үшін жеке жауапкершіліктің де соған сай болғанын қалайды.

Менің айтып өткенімдей, әр министрлік пен ведомство өзіне тән емес міндеттерден арылып, оларды орталықтан – аймақтарға, мемлекеттен – жекеше секторға қарай барынша ойыстырып отырулары қажет. Сатылар мен аралық буындар аз болған сайын, өкілеттіктердің аражігі де айқын ашылады.

Билікті орталықтан алу мен өкілеттіктерді өздері шұғылданатын объектілерге қатысты неғұрлым төменгі деңгейлерге ойыстырудың айқындығы сонша, тіпті уақыт өте келе орталық және өзге де мемлекеттік органдар өздерінің керектігі мен пайдалылығын ұдайы дәлелдеуге мәжбүр болады.

Нарықтың көмегімен біз аймақтар арасында: тұрмыс жағдайы жоғары аймақ – таңдаулы аймақ қағидаты бойынша бәсекелестік туғызып, оны күшейте беруге тиіспіз. Өндіргіш күштер неғұрлым қолайлы жағдай жасалған аймақтарға шоғырландырылуға тиіс.

Аймақтардың бәсекелестігі көбінесе олардың дербестігіне сүйенуі тиіс, бұл әсіресе шектен тыс орталықтандырылған бюджет мәселесіне қатысты болуы керек.

Бет-жүзіне, лауазымына қарамай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізу қажет. Басқару корпусы батыл түрде тазаруға және жаңаруға тиіс.

Жаңа тұрпатты шенеунік – өз ұлтының отаншыл әрі әділ, ісіне адал және кәсіби білікті қызметшісі болуға тиіс. Мемлекеттік қызметтің беделін биік көтеру және қолдап отыру – біздің таяу жылдарда шешуге тиісті стратегиялық міндетіміз.

Күні кешегі өткенімізден бойымызда қалған ескі діліміз бен пайымымыз, кейде идеологиялық кертартпалығымыз, нарықтық шаруашылықтың жаңа жағдайында жұмыс істеуге қабілетсіздігіміз бен білместігіміз – әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы кедергі. Жалт еткен жағымды көрініс бар. Бірақ, тұтасынан алғанда, жаңа тұрпатты басқарушылар даярлау – таяу болашақтың кезек күттірмес міндеті. Басқаруға білек сыбана іс тындыруға әзір, басым мақсаттар мен міндеттерге жетуге қабілетті білімдарлар келуге тиіс.

Кәсіпқойлық, отаншылдық, ұзақ мерзімді міндеттер қоюға қабілеттілік, оларды жаңа жағдайда шеше алатын білімділік пен жігерлілік – кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың басты өлшемдері.

Республикада кәсіпқой мемлекеттік қызмет негіздері қазірдің өзінде қаланды. Алайда әлі де көп іс тындыру керек.

Кадрларды басқарудың жалпымемлекеттік жүйесін құру қажет және онда оларды елімізде және сырт жерлерде пәрменді әрі тиімді даярлау, қызмет бабында жоғарылатудың әділетті тәртібі, бірыңғай ақпарат жүйесі, әлеуметтік қорғаудың кепілді жүйесі, басқарудың ең іргеқалаушы ресурсы – адамға деген сергек көзқарас басшылыққа алынуы тиіс.

Сонымен бірге бұл мемлекеттік жүйенің біліксіз, кәсіби даярлығы төмен қызметкерлерді ығыстыра алатын қабілеті де болуы керек. Әр қызметкер іс жүзінде өзінің пайдалы және қажет екенін ұдайы дәлелдеп отыруға тиіс.

IV. КҮН ТӘРТІБІ: 1998–2000

Бүгінгі біреу ертеңгі екеуге татиды.

Франклин

Егер біз ХХІ жүзжылдықтың басына дейін келесі үш жылға арналған қысқа мерзімді міндеттерімізді белгілеп, оларды орындай алмасақ, осы айтқанымыздың бәрінің де құрғақ қиял, жел сөз болып қалу қаупі бар.

Біздің көптеген азаматтарымызды дәл бүгін алыс келешек онша алаңдата қоймайды: қазіргі проблемалардың өзі еңсе көтертпей тұр.

Адамдардың көпшілігі таяу уақытта аздап болса да нақты нәтижелерді сезінбейінше, олар ұзақ мерзімді мақсаттар мен асқақ уағдаларға сенімсіздікпен қарары анық.

Біздің стратегиялық жолымыздағы алғашқы қадамдар мен алғашқы нәтижелерді неғұрлым тереңірек аңдау мен қадағалау мүмкіндігі бар. Солардың негізінде таңдап алған жолымыздың дұрыстығын пайымдайтын боламыз, мемлекетке деген сенім артады, ортақтық және отаншылдық сезім беки түседі. Біздің азаматтарымыз парасатты. Бірталай жылдардың ішінде экономика сауығып, қарқын алмайынша, барлық әлеуметтік өктем проблемаларды шеше алмайтынымызды олар жақсы түсінеді.

Таяудағы бірнеше жылдың ішінде ұзақ мерзімді басымдықтарды іске асыру және ұзақ мерзімді стратегияның шеңберінде қысқа мерзімді нақтылы іс-қимыл

жоспарларын орындау үшін мемлекет ресурстарының шектеулі екенін де олар түсінеді.

Соған қарамастан, адамдар ғасыр аяқталғанға дейін азды-көпті жақсылықтар күтуге қақылы, сондықтан да мен бұл жерде Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының негізінде 1998–2000 жылдарға арналған неғұрлым маңызды міндеттерді ұсынамын.

Басым мақсаттар былайша түзіледі:

– ілгері елдермен белсенді қарым-қатынас жасау, Қазақстанның энергетикалық секторына капитал тарту және еліміздің әскери доктринасын әзірлеу арқылы ұлттық қауіпсіздікті нығайту;

– ауылдың неғұрлым өткір проблемаларын шешу;

– кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес;

– ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірлігін нығайту арқылы экономикалық өркендеуге жету;

– барлық әлеуметтік-экономикалық реформаларды, ең алдымен бюджет саласындағы реформаларды аяқтау, соның нәтижесінде зейнетақыларды, жалақыны және әлеуметтік жәрдемақыларды толық көлемінде уақтылы төлеу;

– қолайлы инвестициялық ахуал туғызу;

– Үкімет пен мемлекеттік қызметті реформалауды жеделдету, сыбайлас жемқорлық пен қиянатқа қарсы күресті күшейту.

Ұлттық қауіпсіздік

2000 жылға қарай:

– Қазақстанның төңірегінде қалыптасып келе жатқан еліміздің геосаяси тұрғыдағы ұзақ мерзімді мүдделеріне

сай келетін стратегиялық тұрақтылықты мемлекеттің сыртқы саяси институттары арқылы көтермелеу;

– біз Ресеймен және Қытаймен, Орталық Азиядағы көршілерімізбен, ислам мемлекеттерімен және Батыспен қарым-қатынастарымызды нығайтуда едәуір алға жылжитын боламыз;

– Каспий қайраңы мен Қарашығанақ кен орындарын игеруге АҚШ-тың, Ресейдің, Қытайдың, Ұлыбританияның және басқа да ілгері мемлекеттердің ірі компаниялары мен капиталы тартылады, сөйтіп ол алдыңғы қатарлы державалардың біздің тәуелсіздігімізге деген мүдделілігін күшейтеді. Ал бұл әлемдік рыноктарға отын шығарып тұрудың тұрлаулылығын қамтамасыз етеді;

– сыртқы саяси және барлау органдарының күш-жігері мемлекеттің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуге жұмылдырылады;

– Қазақстанның әскери доктринасы тұжырымдалады, ол қалыптасқан жағдайға қарай әлсін-әлі дәлденіп тұратын болады;

– демографиялық стратегияны іске асыру, қаражаттың жетіспеуі себепті, негізінен оның жоғарыда аталған шығынсыз элементтерінен басталады. Дегенмен Үкімет балаларды және көп балалы аналарды қолдауға арналған жәрдемақыларды одан әрі төлеп тұратын болады.

Ауыл проблемалары

Ауылдың ең бір елеулі проблемаларын шешуге келетін болсақ, біз 2000 жылға қарай:

– жергілікті әкімшілікті нарықтық қатынастарға араласудан шеттететін боламыз;

– жеке меншігі мен үлесі заттай айқын дербестелген жалған жеке шаруашылықтарға жекешелендіру жүргіземіз;

– банкроттық тетіктері арқылы ауыл экономикасын сауықтыратын боламыз;

– ең алдымен фермерлер мен нақты жеке шаруашылықтар үшін кредиттерді арзандатамыз;

– Азия даму банкі мен Еуропа қайта құру және даму банкінің заемдары, басқа да ұйымдар мен қолдаушы елдердің көмегі есебінен ауылдағы шағын және орта бизнесті дамытамыз;

– 25–30 мың теңге көлемінде шағын кредиттер үлестіреміз. Үкімет 3 жыл ішінде өте қиын жағдайда қалған 150 мың ауыл тұрғынын, мал мен мүлік сатып алуы үшін, заңда тыйым салынбаған кез келген бизнеспен айналысуы үшін, жан бағып, өздерінің іскерлік дағдыларын ұштауы үшін, осындай қаражатпен қамтамасыз етуге міндетті;

– тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды тартатын боламыз;

– фермерлерге өнімдерін өткізуге жәрдем көрсетеміз;

– сумен қамтамасыз ету және суландыру проблемаларын шешетін боламыз;

– барлық министрліктер мен қорлар желісі арқылы ауыл проблемаларының басымдықпен қаржыландырылуын қамтамасыз етеміз.

Кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес

Осы жылдардың ішінде кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес стратегиясы:

- кіші кредиттер жүйесін енгізуге;
- шағын және орта бизнесті дамытуға;
- еңбекті көп қажет ететін салаларды басымдықпен дамытуға және бұларға шетел инвестициялары мен ұлттық капиталды белсенді тартуға;
- шарттар мен келісім-шарттар және бюджеттік сатып алулар кезінде жұмыспен қамту проблемаларына қатаң тұрғыдан келуге;
- қоғамдық жұмыстарды, ең алдымен жол құрылысы мен ағаш егуді дамытуға;
- жеке кәсіпкерлікті дамыту жолындағы қажетсіз әкімшілік кедергілердің бәрін жоюға;
- қызмет көрсету саласын және әсіресе туризмді белсенді дамытуға негізделеді.

Экономикалық өсу

Өзіміздің осы бағыттағы ұзақ мерзімді басымдықтырымызды іске асыру мақсатында келесі 3 жылдың ішінде:

- қатаң монетарлық саясат бұлжытпай жүргізіледі;
- жекешелендіру аяқталатын болады;
- заң шығару жетілдіріледі, еліміздегі инвестициялық ахуал барлық жерде бірдей жақсара түседі;
- шетел инвестицияларын тарту бұрынғыдан да белсенді жүргізілетін болады, олардың көлемі мен нәтижелері жайында халыққа егжей-тегжейлі ақпарат беріліп тұруға тиіс.

Энергетикалық ресурстарға келетін болсақ:

– Қазақстан Каспий құбыр тарту консорциумының (КҚК) құрылысын аяқтау және 2000 жылы оны іске қосу, ал 2004 жылы Қытай Халық Республикасына басқа бір құбыр арнасын жеткізу үшін қолынан келгеннің бәрін істейді;

– Жерорта теңізіне, Парсы шығанағына, Арабия теңізіне балама құбыр арналарын тартуды қаржыландыру мен салу мәселесін пысықтайтын боламыз. Қазақстан өнеркәсібі мен тұрғын үйлерге, сондай-ақ халықаралық рыноктарға отын жеткізу үшін газ құбыры арналары тартылады;

– Каспий қайраңындағы мұнай мен газды барлау және өндіру, Қарашығанақ мұнай-газ кен орнында газ конденсатын өндіру, тасымалдау және өңдеу жөніндегі келісімдерге қол қоямыз.

Инфрақұрылымды дамыту жоспарында мыналар қарастырылған:

– 2000 жылдың соңында «Достық» және «Ақтоғай» бекеттері арасындағы теміржол инфрақұрылымын жақсарту, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы теміржол көлігінің қуатын ұлғайту;

– 1999 жылдың соңына қарай Ақтау қаласындағы теңіз кемежайын жаңғыртудың бірінші кезегін жүзеге асыру;

– 2000 жылдың соңына қарай «Алматы – Ақмола – Бурабай» жолын жаңғырту;

– 2002 жылдың соңына қарай Семей қаласында Ертістен өтетін көпір мен оның кірме жолдарының құрылысын аяқтау;

– 2000 жылы Ақмола қаласындағы әуежайды жаңғырту.

Экономикалық және әлеуметтік реформалар

2000 жылға қарай:

Жалақы мен зейнетақы төлемеу деген болмайды – бұл өткен уақыт құбылысына айналады.

Қоғамымыздың барынша мұқтаж топтары, соның ішінде 150 мың адам мемлекеттен шағын кредиттер арқылы және 3,5 млн-нан аса адам (зейнеткерлерді қоса) – әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі арқылы көмек алады.

Өнімділігі төмен және шығынмен жұмыс істейтін зауыттардың барлығы банкроттық жосығынан өткізіледі.

Ұзақ мерзімді басымдықтарымызды қолдауға бағытталған бюджет реформаларын батыл жүргіземіз, қолда бар қаражатқа қарай өмір сүру қағидатын ұстанатын боламыз.

Қазақстандықтар үшін салық төлеу үйреншікті іс болып, отаншылдық парызға айналады.

Зейнетақы реформасын мақсатты түрде жүргізе береміз.

Өз қаржы секторымыздың реформасын тәмамдап, құнды қағаздар нарығын іске қосамыз.

Кәсіби үкімет

2000 жылға қарай:

Үкімет пен мемлекеттік қызмет реформасы аяқталатын болады.

Біліктілігі таяз шенеуніктерден арылуға және мемлекеттік қызметшілер тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық пен билікті асыра пайдалануға қарсы күреске бірінші кезекті мән беріледі.

V. ҮКІМЕТКЕ 1998 ЖЫЛҒА 8 НАҚТЫ ТАПСЫРМА

*Қол қусырып қарап отыратын
болсаңыз, түзу жолдың үстінде де
табан астында қаласыз.*

Годфрей

Мен өзіміздің ұзақ мерзімді басымдықтарымыз шеңберінде келесі үш жылдағы міндеттерімізді айқындап бердім, бірақ сонымен бірге келесі жылдың өзінде шешуіміз қажет бірсыпыра міндеттер бар. Сондықтан мен Үкіметке 1998 жылға мынадай 8 нақты тапсырма беремін:

1. Бюджеттік ұйымдарда зейнетақыны, жәрдем-ақыны және жалақыны толық әрі уақтылы төлеуді қамтамасыз ету.

2. 1 жыл ішінде ең алдымен ауылды жерлерде жұмыс орындарын құру үшін кем дегенде аз қамсыздандырылған 30 мың азаматқа 400 долларға барабар сомада 3 жыл мерзімге шағын кредит беру.

3. Осы жылдан бастап шағын және орта бизнесті, фермер қожалықтарын дамытуға, жұмыс орындарын құруға кемінде 100 млн доллар сомасында кредит берілуін қамтамасыз ету.

4. Мектептерді, ең алдымен ауылдық жерлердегі мектептерді, компьютерлендірудің кең ауқымды бағдарламасын іске асыруға кірісу, бұл мақсатқа 1998 жылдың өзінде кемінде 22 млн доллар бөлу.

5. Шаруа және фермер қожалықтарына берілетін кредиттердің кемінде 2,5 млрд теңгеге арзандатылуын қамтамасыз ету.

6. Саламатты өмір салты жолындағы қоғамдық науқанды бастау.

7. Тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға кірісіп, бұл мақсатқа кемінде 40 млн долларды бөлу, 1998 жылғы сәуірде осы бағдарламаны жүзеге асырудың қағидаттары мен одан күтілетін нәтижелер жайында жұртшылыққа баян ету.

8. Балалардың мектепке толық баруын қамтамасыз ету.

ҚОРЫТЫНДЫ

*Күштімін деген сенімнің
өзінде күш жатыр.*

Боуви

Ұзақ мерзімді басымдықтарды таңдап алу, 1998–2000 жылдарға арналған міндеттерді белгілеу және келесі жылдың іс-қимыл жоспарын әзірлеу – аса күрделі шаруа. Алдын ала бәрін болжау мүмкін емес, бұл жолда бізді қандай қиындықтардың тосып тұрғанын білу де екіталай. Алайда осынау ұзақ мерзімді басым-

дықтарды әзірлеу бірден-ақ бәріміздің қажырымызды жанып, іске жұмылдырары анық, ал бұл бізге жетіспей жүрген қасиет.

Бүгінгі адамдардың бірталайы, осы стратегияның іске асқан кезіне жетпес те. Оның нақтылығы мен дұрыстығын таразылау біздің балаларымыздың еншісіне тимек. Біздің күнбе-күнгі мақсаткерлігіміз бен табандылығымызға баға бере отырып, оны әлем жұртшылығы да саралайтын болады.

Осынау ұзақ-сонар жолда бізді орасан зор ішкі және сыртқы қиындықтар тосып тұр. Дүние өз дамуының стратегиясын әзірлеуге қауқары жетпеген көптеген елдерді де көрген. Өз жоспарларын іске асыра алмаған мемлекеттердің мысалы одан да көп. Жағдаяттардың ыңғайы, көшбастаушыларының саяси ерік-жігері мен қабілегінің әлсіздігі оларды мұратына жеткізбеді.

Егер күн сайын енжарлығымызды еңсеріп, бойымыздағы барша күш-қуатымызды басты бағыттарға жұмылдыра алмасақ, табандылық пен икемділік, тәртіп пен шығармашылық қарым таныта алмасақ, біздің де сондай күйге ұшырауымыз кәдік.

Күнбе-күнгі қам-қаракет пен ағымдағы істердің ыңғайына жығылып, басты нысанамызды біртіндеп естен шығару, жеңіл, тіпті кейде керексіз жұмыстармен айналысып, ауырын, бірақ стратегиялық тұрғыдан маңыздысын «ертеңге» қалдыру әбден сіңісті болған ежелгі дертіміз. Сондықтан да күн сайын алдымызда тұрған басымдықтарды бажайлау, әр күн ертеңгілік алдағы мақсатымызға қарай алға жылжудың аз да болса қамын ойлау және әр кеш сайын уақытымызды қаншама тиімді пайдаланғанымызды бағамдап отыру абзал.

Жыл соңына дейін барлық жеті басымдығымыздың әрқайсысы бойынша оларды іске асырудың үш жылдық және жылдық нақтылы жоспарлары әзірленіп, олар кейіннен даму жоспарлары мен бюджеттердің негізіне алынады.

Үкіметтің құрылымы біздің стратегиялық басымдықтарымыз бен жоспарларымызға сәйкестендіріледі.

Биылдың өзінен бастап Президенттің, Үкіметтің, Парламенттің және жергілікті биліктің қызметі өзіміздің ортақ стратегиямызды іске асыруға бағындырылады.

Қазақстан Үкіметінің әрбір министрінің қолында стратегиялық жұмыс жоспары болады, әрі ол өз ведомствосының сол жоспардың әрбір нақтылы тармақтарын орындау жөніндегі қызметі жайында тоқсан сайын есеп беріп отырады.

Жыл сайын мен сіздердің, еліміздің азаматтарының алдында не істегеніміз, нені істемегеніміз және неліктен істемегеніміз жайында есеп беріп отырамын. Әрбір жыл сайынғы Жолдауда мен біздің стратегиялық мақсаттарға қарай ілгерілей түсуіміз үшін келесі жылға жаңа міндеттер қоятын боламын.

Алдымызда тұрған қиындықтардың көптігіне байланысты бұл жоспарларды қисынсыз санайтын көптеген күмәншілдер де табылар. Базбіреулер біздің мұратымыз бен стратегиямызды бос сөзге балар. Енді біреулері орталықазиялықтар, оның ішінде қазақстандықтар Барыс болуға қабілетсіз дер.

Қазақтың халық мақалы «Шапшаң жүргенге шаң жұқпас» дейді. Сондықтан да бізге уақыт төреші. Мұратына жүрген жетеді.

**Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары
бірінші шақырылымының бірлескен отырысында
«Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының
астанасы етіп жариялау туралы» Қазақстан
Республикасы Президентінің Жарлығына
байланысты**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1997 жылғы 20 қазан

Құрметті депутаттар!

Астананы көшіру – теңдесі жоқ әрі елеулі түрде ой елегінен өткізуді қажет ететін оқиға. Бұл тіпті де кездейсоқ құбылыс емес немесе әлдебіреудің жеке-дара ықыласы да емес, ХХІ ғасыр стратегиясының бір көрінісі. Мен астананы көшірудің себептері мен факторлары туралы бұрын да айтқанмын, дегенмен бүгін мұның одан да елеулі салмақты себептері бар екеніне көзіміз

жетіп отыр. Егер бұдан екі-үш жыл бұрынғы қисындарды еске алар болсақ, олар мынаған саятын.

Біріншіден, әңгіме астананы мемлекетіміздің географиялық орталығына бейім орналастыру қажеттігі туралы болған-ды. Егер бірқатар еуропалық немесе азиялық мемлекеттер үшін олардың аумағы аздығына яки тікелей мұхит коммуникацияларына шыға алатынына байланысты бұл елеулі қиыншылық саналмайтын болса, ұлан-байтақ құрлыққа орналасқан Қазақстанның астанасын көшіру қажеттігі жыл сайын арта түсіп келеді. Бұл – уақыт талабы, ал ондай уақыт бізде, өкінішке қарай, көп те емес.

Екіншіден, Алматының жоғары сейсмикалығына бола ондағы құрылыс құны тым қымбат екені және айқын. Мәселенің мәні өте қарапайым. Астаналық міндеттерді сайма-сай орындау үшін Алматыны одан әрі дамыта беру мемлекетке тым қымбатқа түседі. Мен сіздерге мысал келтірген болатынмын: мұндағы мен ондағы әр шаршы метрдің айырмашылығы – 2,5 есе.

Үшіншіден, қаланы батыс, шығыс және оңтүстік бағытта дамытудың табиғи шектеулері астаналық қаланың құрылыстық мүмкіндіктерін күрт төмендетеді. Жақын болашақтың өзінде-ақ бұл шектеулер қандай болып, қаншалықты рөл атқаратынын көзге айқын елестету қажет. Мәселен, негізгі екі әуежайға байланысты жағдайы ширыққан Лондон қаласының маңайындағы тұрғындардың тағы бір әуежай салынған күнде дабыра-шулы проблемаға тап келеміз деп келісім бермей жатуы тегіннен-тегін емес. Ал бізде әуежай қаланың шегінде тұр десе де болады. Әрі толып жатқан өнеркәсіп нысандары мен инженерлік коммуникацияларды кейде тіпті Алматының орталығынан көресіз. Бұлар – бізге

өткен заманнан қалған сарқыншақтар. Ал мұның осы күнгі қала құрылысына деген ыңғаймен қаншалықты сәйкеспейтінін мамандар біледі.

Төртіншіден, Алматының экологиялық жағдайы қыл үстінде әрі оны өзіміз күн сайын, әсіресе қыс кезінде қатты сезінеміз. Астаналық міндеттерін бұдан былай да атқара беретін болса, Алматы экологиялық жағынан дүниедегі ең қолайсыз астаналардың біріне айналуы мүмкін дейтін қауіп бар. Қала агломерациясын шектен тыс жүктемеден шұғыл түрде арылту керек. Жүктеменің біраз бөлігін Ақмолаға аудару және сол жағдайда Алматыны тиімді дамытудың мүмкіндігі қаладағы экологиялық қарбаласты біртіндеп жайбарлауға жағдай жасайды. Бұл ең алдымен алматылықтардың өз мүддесі үшін керек. Әрине, технологиялық дамудың қатаң үрдісіне байланысты бұдан 40 жылдай бұрынғы жаннат қаланы қалпына келтіру енді қиын болар, бірақ Қазақстанның аса ірі қаласы үшін лайықты экологиялық орта жасауға біз қалайда міндеттіміз. Болжамдар бойынша, Алматы елдің аса ірі қаласы және миллионнан астам отандастарымыздың өмірлік мекені болып қала береді – бұл астананы көшіру туралы шешімді қабылдарда басты назарда болған өте маңызды мәселе.

Дегенмен ең бастысы – жағымсыз факторлардың жиынтығында емес, астананы Ақмолаға көшірумен байланысты болатын жағымды қисындарда. Бүгінде соншама көзге көрініп тұрмаса да, тарихи тұрғыдан өте-мөте орынды қисындарда.

Бұл – ең алдымен Ақмоланың ел ортасындағы ірі көлік торабы ретіндегі артықшылық жағдайы. Тарихтың кеңестік кезеңінің өн бойында астананы Ақмолаға көшіру туралы мәселе қойылғаны белгілі, тек режимнің

саяси мүдделері мен саяси аужайға байланысты ол оң шешімін таба алмай қалған болатын. Сірә, Қазақстанның астанасын Ақмолаға көшіру туралы мәселенің қойылуының өзі, ең алдымен, осы қаланың көліктік-географиялық артықшылығына байланысты туған болар.

Дүниедегі көптеген астаналарды көшіру тәжірибесі қаланы дамытудың табиғи-географиялық шектеуіші санатындағы бөгетсіз еркін мүмкіндік факторының айрықша маңызды болатынын көрсетеді. Бұл оңтайлы жоспарлаушылық және сәулетшілік шешім жасау мүмкіндіктерін беріп қана қоймайды. Сондай-ақ бұл инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді ұтымды жүргізіп, шығынды елеулі түрде арзандатуға да жағдай жасайды. Сонымен бірге астананы көшіру қала салудың отандық та, шетелдік те жинақталған тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырылатынын да ұмытпау керек.

Қазақстанның даму стратегиясы тек бірнеше өңірлік өсу белдеулерін жасау арқылы іске асуы мүмкін. Сондықтан елдің солтүстік өңірлерінде экономикалық өсудің қуатты орталығын құру тек тактикалық мәнімен шектелмейді. Өңірлік дамудағы көрінеу қиғаштық пен сәйкессіздіктің өзі-ақ жас өркен мемлекет үшін басты әлеуметтік-экономикалық сын-қатерлердің бірі болмақшы. Дүниедегі көптеген мемлекеттер осы қиыншылықпен бетпе-бет келіп, кейде шешімін таба алмай жатады. Қазақстанның оңтүстігі мен орталығында өсудің қуатты екі орталығын құру, сөз жоқ, біздің құрылымдық мүмкіндіктерімізді кеңейте түседі.

Құрылыс индустриясын қарқындату сияқты фактор жайында да айту қажет. Астана өткіні секілді пәрменді фактор экономиканың құрылыстық қана емес, тұтастай секторының жандануына ұдайы қарқын береді. Оны бүгін өздеріңіз де көріп отырсыздар.

Ақмоладағы нысандардың құрылысында 17 ірі құрылыс ұйымдары, соның ішінде 12 отандық және 5 шетелдік ұйымдар жұмыс істейді. Біздің құрылысшыларымыздың дүние жүзіндегі ең таңдаулы фирмалармен бәсекеге түсуіне тура келуде. Бұл оларды қатты ширатты. Қазақстандық құрылыс ұйымдары республиканың 21 қаласынан тартылған және олар онда құрылысты тым тәуір салуда. Құрылыс материалдары мен конструкциялары құрылыс индустриясының 60-тан астам кәсіпорындарында дайындалады. Металл конструкциялары зауыттары, жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары іске қосылған. Айтпақшы, біздің бұқаралық ақпарат құралдарымыз нақты цифрларды білулері керек – құрылыс-монтаж жұмыстарында істейтіндердің 75 %-ы – қазақстандықтар, қалғандары – шетелдік құрылысшылар. Бұл табиғи түрде бюджетке түсетін салық базасын ұлғайтты. Мыңдаған қазақстандықтарға жұмыс берді.

Дегенмен біз бүгін астананы көшірудің белгілі бір геозкономикалық себептері бар екенін де ойлауымыз керек.

Жаһандық экономикалық дамудың стратегиялық бағыты минералдық және органикалық шикізаттың дәстүрлі көздерінің сарқылуымен, климаттық параметрлердің дүркіндік өзгерулерімен, демографиялық дамудың әркелкі сипатымен және толып жатқан басқа да кең құлашты өзгерістермен айқындалатын болады. Келесі ғасырдың саяси инфрақұрылымы астам державалардың «өмірлік мүдделер» институтын қамтамасыз етуден бастап халықаралық өндірістік-экономикалық және коммуникациялық байланыстарға дейінгі географиялық тұрғыдағы дәйекті өзгерістерге түседі. Халық-

аралық капитал дүниенің белгілі бір жерлеріндегі итіліктерді саяси мұрат-мүдделерден гөрі экономикалық өлшемдер мен мақсаттарды басшылыққа ала отырып айқындайтын болады.

Ауған аумағынан Батыс Сібірдің солтүстік қиырына дейін, Каспийден Монғолияға дейін жайылып жатқан Орталық Азия ауқымында Ақмоланың орналасуы Еуразияның қисапсыз кең көлеміндегі инвестициялар көз тігуі мүмкін өркенді ауданның нақ орталығына келеді. Географиялық жағынан Тынық мұхит жағалауынан Еуропаға дейінгі коммуникациялық желілердің тоғысар жерінде жатқан Ақмола болашақта аса ірі транзит асуына айналуы мүмкін. Сондықтан біз сол сәтті өткізіп алмауымыз керек, өйткені бұл орынды иеленіп қалуға өзгелер де құлшынататын болады. Алдағы ғасырдың көліктік-коммуникациялық ескертулеріне сергек құлақ асып, бұл көшуді дер кезінде жүзеге асыруымыз керек.

Қазақстанның бас қаласын меридиан бойынша жоғары көшіру болашақта елдің этнодемографиялық әркелкілігін еңсерумен байланысты маңызы бұлардан бір де кем түспейтін ішкі міндетті шешуі тиіс. Қазақстанның жас мемлекеттігі үшін бұл міндеттің түбегейлі маңызы бар.

Мәселе мынада: Қазақстанның дамуының өзі ұзақ уақыттан бері республика мен оның тұрғындарының мүддесімен емес, сырттан таңылған пайымдаулармен айқындалып келді. Бұл ахуал метрополия белгілі бір функцияларды өзіне қатысты аумақта географиялық орналастырудың тиімділігін өз білуімен айқындаған жағдайдағы елдердің экономикалық және саяси өмірінің барлық жағына бірдей ортақ болды. Мұндай айлапат империялар өмір сүрген көптеген ғасырлар

бойында бұл даусыз шындыққа айналған-ды. Этно-демографиялық тұрғыдан Қазақстан аумағы барған сайын жіктелуге ұшырай түскені ешкімнің қаперіне де кірген жоқ. Бірақ бұл бізді алаңдатпауы мүмкін емес, өйткені біздің мемлекеттігіміздің тағдырын әлдебір бөгде күштер емес, біздің өзіміз айқындаймыз. Сондықтан қабылданған шешімдер үшін тарих алдында өзіміз жауап береміз. Айтпақшы, біздің істегеніміз үшін ғана емес, істемегеніміз үшін де болашақ ұрпақтар алдында жауап беруімізге тура келеді. Бүгін қабылданған шешімнің сайма-сай бағасын тек уақыт өте келе біздің ұрпақтарымыз ғана бере алады. Таудың биіктігі алыстағанда білінеді деген бар ғой. Біз атқарған ұлы істердің қадірі уақыт өткенде білінеді, сондықтан олардың нақты бір тарихи міндетті орындамағанымыз үшін жазғыратындай жөні бола қоймас деймін.

Міне осы жағдайдың – өз мемлекетіміздің мүддесін ойлап, өзіміздің ұлттық-мемлекеттік тарихымызда тұңғыш рет астанамыз туралы шешім қабылдап отырғанымыздың орасан зор саяси және ұлттық мәні бар.

Мен Ақмоланы қайта құру мен жаңадан салуды қолға алу туралы шешімді, экономикалық, саяси пайымдарды еске ала отырып, өткен жылдың қазан айында қабылдаған болатынымын. Нақты құрылыс пен қайта құру ісі ақпанда, бәлкім, наурызда басталды да, содан бергі қысқа мерзімде қыруар жұмыс атқарылды. Сірә, бұрын Қазақстан мұндай мерзімде дәл осынша ауқымды міндеттерді атқарып көрмеген болар. Жұмыс орындалды, бәрі дайын болды. Бүгін мен БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннан мырзаның жаңа астанаға байланысты құттықтауын да алдым.

Біз бір мезгілде басқа мәселелерді де шешумен болдық. Бүгіннен бастап жаңа компания «Боинг-737» ұшағымен күн сайын әрі-бері екі рейс жасайтын болады. Екінші компания құрылып жатыр, алдағы айда екінші ұшақ келеді, сөйтіп барлық облыс орталықтары ақысы қалыпты осы заманғы ұшақтармен байланыстырылатын болады.

Әуежай салынып бітті. Ақмола барлық үлгідегі ұшақтарды қабылдай алады. Біз барғанша әуежайдағы VIP әзір тұратын болады. Бәріңіз сонда болып, сыртқы келбетін көрдіңіздер.

Осыған байланысты мен бүгін «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлыққа қол қойдым. Оның мазмұны мынау:

«Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі Заң күші бар Жарлығына, «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 6 шілдедегі № 106 қаулысына сәйкес қаулы етемін:

1. Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жариялансын.

2. Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретіндегі ресми тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өткізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі мемлекеттік комиссия осы Жарлықтың орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

4. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді».

Осымен шектелсем де болар еді, бірақ бұл сәттің біздің еліміз бен халқымыз үшін тарихи маңызды екендігі сонша, осы Жарлық сіздердің шешімдеріңізбен мақұлдануы үшін мен екі палатаның да жетекшілерінен өздеріңіздің бастарыңызды қосуды өтіндім. Мұны істемесе де болар еді, бірақ мен халқымыз бен мемлекетіміздің тарихындағы осынау абыройлы іске Президенттің ғана емес, Парламенттің де, Үкіметтің де тарихи қатыстылығы болуы керек деп ойлаймын.

Қазақстан халқына

ҮНДЕУІ

Ақмола қаласы,
1997 жылғы 10 желтоқсан

Құрметті қазақстандықтар!

Бүгін біз, Қазақстан Республикасының жоғары өкімет органдары, Ақмола қаласының 1997 жылғы желтоқсанның 10-ынан бастап мемлекетіміздің астанасы болып табылатыны жөнінде салтанатты түрде мәлімдейміз. Бұдан былай және ғасырдан ғасырға осында, ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өмірлік маңызы бар шешімдер қабылданатын болады. Отанымыздың жүрегі енді осы жерде соғады. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады.

Біз өз мақсатымыз бен негізгі қағидаттарымыздың сабақтастығын қуаттаймыз. Ежелгі қазақ жеріндегі бар-

лық ұлттық топтардың мәдени және тарихи өзектестігінің терең тамырлары – Қазақстанның көпұлтты халқының азаматтық және мәдени бірлігі арна тартар бастау бұлақ. Аумақтық тұтастық дегеніміз – тек құқықтық норма ғана емес. Мұның өзі әрбір қазақстандық үшін киелі қағидат. Оны сақтау біз үшін жоғары басымдық болып қала береді, өйткені бабаларымыз ғасырлар бедерінде білектің күшімен, найзаның ұшымен жан сала қорғап қалған Орталық Азияның Каспийден Алтайға дейін құлаш кере жазылып жатқан орасан зор кеңістігі – бүгінгі ғана емес, келер ұрпақтың да игілігі.

Қазақстан – еуразиялық ел. Ақмола – Еуразия құрлығының географиялық кіндіктерінің бірі. Біздің таңдауымыз уақыт өте келе бұл қаланың осынау ұланғайыр алып құрлықтың қуатты коммуникациялық орталықтарының біріне айналатындығымен де айқындалады. Ілгерілеп даму үстіндегі еуразиялық кеңістіктің экономикалық, технологиялық және ақпарат ағындары ХХІ ғасырда біздің жаңа астанамыз арқылы да көктеп өтетін болады. Астананы Ақмолаға көшіру біздің бейбіт әрі сан бағдарлы сыртқы саясатымызға кері әсер етпейді. Ол – біздің Шығысқа да, Батысқа да, сол сияқты Оңтүстікке де, Солтүстікке де ашықтығымыздың нышанды көрінісі де.

Қазақстан өз тарихында тұңғыш рет бірегей маңызы бар құжатқа – елдің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына ие болды. Біздің өз болашағымыз туралы бұрынғыдай қиял-елестер түрінде емес, байсалды әрі дәл тұжырымдалған болжам түріндегі топшылауымыз бар. Қазақстан өзінің барлық азаматтары азат қана емес, ауқатты да болып, ертеңгі күніне сенімділікпен қарай алған жағдайда ғана өркениетті мемлекетке айналады. «Қазақстан – 2030» стратегиясы экономикалық құжат

кана емес, бұл – Қазақстанның барша халқының мүдделерін ұштастырып-үйлестіру жолы. Біздің баршамыздың ортақ игілігіміз соның іске асырылуына тікелей байланысты.

Өтпелі уақыттың қиындықтарына көзжұмбайлық жасауға болмайды. Бүгінгі таңда, ұлттық тарихымыздың бетбұрысты кезеңінде, отандастарымыздың елеулі бөлігі мұқтаждық пен жоқшылыққа душар болып отырған сәтте, әрбір қазақстандық ағайынның күйзелісінен тыс қала алмайды. Кедейлік жеке азаматтың да, тұтас елдің де еңсесін түсіреді. Осы бір шапағатты күні біз тұрмысы төмен азаматтарға қолдау жасау жөнінде жалпыұлттық қор құру туралы шешім қабылдадық. Ал Президенттің, Парламент депутаттарының, Үкімет мүшелерінің жеке жарналары осыған қосылған алғашқы үлес болсын. Осы залда қатысып отырған баршаңызды, барлық билік құрылымдарын, Қазақстанның күллі бизнесмендерін, ірі шетел компаниялары мен бірлескен кәсіпорындардың, елдің өнеркәсіп алыптарының өкілдерін осы ізгі өнегені қолдап, атсалысуға шақырамыз. Біздің туған Қазақстанымыз байлар мен кедейлердің арасын өткел бермес шыңырау бөлген әлемнің көптеген елдерінің нарыққа ену тарихының неғұрлым қасіретті беттерін қайталамауға тиіс. Біз әлеуметтік әріптестікке ғана емес, әлеуметтік өзара көмекке де шақырамыз. Мұндай өзара қолдау біздің халқымыздың салт-дәстүрінде әрқашан орын алып келген.

XX ғасыр Қазақстан үшін қатыгездігі мен ұлттық зұлмат жөнінен атышулы ғасыр болды. Біздің демократиялық таңдауға деген бейілділігіміз либералдық қисынға жасалған ілтипат емес, бүкіл халқымыз ой тезінен өткізген, тайғақ кешулер сынында шыңдалған

таңдау. Адамдар еңсесін тіктеді, енді ешқандай да саяси бұралаң-бұрылыс оларды тоталитаризм торына кері қайтуға түсуге мәжбүр ете алмайды. Біз мейлінше қырағы болып, ұлттық және әлеуметтік араздыққа, бір партияның немесе жеке тұлғаның шексіз билікті иеленуіне шақырушыларға сөзімізбен де, ісімізбен де қатаң тыйым салуға тиіспіз.

XX ғасырдың шиеленісті тарихында біз тұңғыш рет өз мемлекетіміздің астанасы туралы дербес шешім қабылдадық. Қайда өмір сүріп, кіммен достасып, кіммен араздасарымызды біз үшін әлдебіреулер айқындаған уақыт келмекке кетті. Бәлкім, ұлттық тарихымызда біз өз балаларымыздың болашағына алаңдамай, азаттық ауасымен тұңғыш рет тыныстап отырған шығармыз. Сондықтан XXI ғасыр табалдырығында біз өз таңдауымыз – көне Сарыарқаның киелі аспаны астыңда қоныс тепкен жаңа астанамыз туралы мәлімдейміз. Бұл таңдау астарында еліміздің қазіргі басшылығының ұстанымы ғана тұрған жоқ. Бұл таңдауда Тәукенің көрегендігі мен Абылайдың ұлылығы, есімдері аңызға айналған билердің даналығы мен 1986 жылдың желтоқсанында ұлттық қадір-қасиет дегеннің не екенін күллі әлемге паш еткен сол бір жас жүректердің қаһармандығы тоғысып жатыр. Бұл таңдауда өз тағдырының қожасы болу құқы үшін өмірін қиған миллиондаған қандастарымыздың ерік-жігері бар. Осы таңдауға дәйім лайықты болайық!

Тәуелсіздік күніне және Ақмола қаласын
Қазақстан Республикасының астанасы етіп
жариялауға арналған салтанатты жиналыста
«Тоталитарлықтан – саяси тұрақты және
демократиялық Қазақстанға» атты

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ақмола қаласы,
1997 жылғы 13 желтоқсан

Құрметті жиналысқа қатысушылар!

Қымбатты қазақстандықтар!

Қазақстанның Тәуелсіздік күні мен Ақмола қаласын еліміздің астанасы етіп жариялауға арналған салтанатты жиналысқа қатысушыларды шын жүректен құттықтаймын!

Сіздердің тебіренген жүздеріңізді көріп, залдың мерекелік ауанын сезіп, осы шат-шадыман көңіл күйлеріңіз өзімнің де бүгінгі сезіміме дөп келді-ау деген

ойда тұрмын. Несі бар, әділін айтсақ, солай болуы керек те: Тәуелсіздік күнін тойлау тұңғыш рет жаңа астанамыз – Ақмолада өтіп отыр. Осы арқылы егемен Қазақстанның әзірге қысқа тарихына жаңа бет жазылуда. Әрі ол сіздердің тікелей қатысуларыңызбен жазылып жатыр. Неге десеңіз, сіздердің барлығыңыз, қымбатты достар, астананы көшіру туралы идеяны толық қолдадыңыздар, осындай жағдайда болмай қоймайтын қиындықтарды бастан кешіруге келістіңіздер, сөйтіп, енді міне, әрбір қазақстандық сияқты, осынау қиын да болса ел үшін аса қажетті шешімді ортақ ісімізге қосылар еңбектегі лайықты үлестеріңізбен дәйектеуге құлшынып отырсыздар. Осының өзі-ақ мерекеге лайық емес пе!

Бүгін астананың көшуімен мемлекеттілігіміздің қалыптасуындағы, ел тәуелсіздігінің нығаюындағы аса маңызды кезең аяқталды деп айтуымызға толық негіз бар.

Өте қысқа тарихи мерзімде, небәрі 6 жыл ішінде, орасан зор ауқымды жұмыс атқарылды. Елдің жаңа Конституциясы жасалды, биліктің президенттік пішініне байсалдылықпен өту орындалды, мемлекеттің өмір сүруі үшін аса маңызды қағидат – биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының арасында өкілеттіктерді бөлісу қағидаты іске асырылды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін заңнамалық арқау негізінен қалыптастырылды. Мемлекет пен қоғам мүддесі үшін реформалардың таңдап алынған бағытын іске асыруды қамтамасыз етуге бағдарланған ұлттық қауіпсіздік жүйесі жасалды. Мемлекеттік рәміздер – Елтаңбамыз, Туымыз, Әнұра-

нымыз өмірімізге еніп, отаншылдық мақтанышымызға айналды. Ұлттық валютамыз еркін айналыста. Дербес Қарулы Күштеріміз құрылды. Дүниежүзілік қауымдас-тық Қазақстанды терезесі тең серіктестік ретінде қабыл-дады.

Жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар-дың пәрменділігінің арқасында бізде елдің тұрақты дамуын, экономиканың одан әрі өсуін, халықтың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ететін тұғырдың іргесі қаланды. Өз практикамызда тұңғыш рет Қазақстанды дамытудың жан-жақты негізделген ұзақ мерзімді бағдарламасын – «Қазақстан – 2030» стратегиясын тал-дап жасай алдық. Біздің экономиканы сенімді түрде тұрақтандыруымыз және тіпті оның көрсеткіштерінің біржола өсуі осы стратегияның негізіне алынды. Бюд-жет тапшылығы мен мемлекеттік берешек деңгейі бо-йынша Қазақстан Еуропалық қоғамдастықтың дамыған елдерінде қабылданған шептерге шықты. Біздің елеулі жеңістеріміздің бірі – тартылған шетелдік инвестици-ялар көлемі. Қазірдің өзінде-ақ Қазақстанға 6 млрд доллардан аса шетелдік капитал салынды. Жасалған келісім-шарттар бойынша ұзақ мерзімді инвестиция-лар қоржыны 60 млрд доллардан асады. Бұл ТМД мен Шығыс Еуропа елдерінің бәріне болжалған орташа шаманың 40 %-ына жуық.

Бұл ретте әлеуметтік саланы дамытуға басым назар аударылуда. Елде халықтың, әсіресе оның кедей топ-тарының әл-ауқатын көтеруге бағытталған көптеген әлеуметтік бағдарламалар ойдағыдай іске асырылуда.

І. Жаңа астана – Қазақстан тәуелсіздігінің стратегиялық таңдауы

Астананы көшіру туралы сөз еткенде, бұл мәселе мемлекеттің өзекті мүдделерінен ғана туып отырмағанын, сонымен қатар ХХІ ғасыр стратегиясының элементі екендігін де айтпақпын. Мен осындай шешімнің дұрыстығына әртүрлі ортада ондаған мәрте дәлелдер келтіргенмін. Соларды тағы қайталайын, бәлкім, бұл соңғы қайталауым болар, өйткені болар іс болып та қойды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң көп кешікпей тәуелсіз мемлекеттің астанасы толып жатқан жаңа өлшемдерге сай келуі керектігі айдан анық болды. Бір жағынан, мемлекетаралық қатынастардың барған сайын қарқын алуы, елдің іші мен сыртындағы қаржылық, өндірістік, коммерциялық және басқа байланыстардың кеңеюі, басқарушылық міндеттердің күрделенуі сөзсіз түрде астаналық қызмет санының күрт өсуіне себепші болып, олардың атқарылу сапасына қойылар талапты арттырды.

Екінші жағынан, қазіргі дүниедегі астана мәртебесі ең басты мемлекеттік нышандардың бірі бола отырып, оның геосаяси талаптарына сай болуды қажет етеді. Яғни ол дүниежүзілік қоғамдастыққа экономикалық өсудің, халықтың әл-ауқатын арттырудың және елдің қауіпсіздігін нығайтудың мүмкіндіктерін танытып, ұдайы дами беруі тиіс.

Осыларды ойластыра келіп, мен 1994 жылдың басында-ақ арнаулы комиссияға Қазақстан астанасын орналастырудың әртүрлі оңтайлы нұсқаларын зерделеуді тапсырған болатынмын. Сөйтіп, астана сәйкес келуге тиіс 32 өлшем айқындалды. Олардың арасында

әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, ауа райы, жер бедері, сейсмикалық жағдай, қоршаған орта, инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының, коммуникациялардың болуы мен даму перспективалары, құрылыс, еңбек ресурстары және басқалар бар. Әрине, елдің алыс болашақтағы стратегиялық мүдделері де есепке алынуы тиіс болды.

Бәрінің ішінде Ақмола нұсқасы неғұрлым қолайлы болып шықты. Тактикалық сипаттағы артықшылықтардың ішінде мыналарды атап айтуға болады.

Біріншіден, Ақмола Қазақстанның географиялық орталығында жатыр деуге болады, ол өзге өңірлерден бірдей қашықтықта, ал мұның басқарушылық міндеттерді шешу, нарықтық инфрақұрылымды дамыту тұрғысынан экономикалық тиімділігі жоғары.

Екіншіден, қаланың жай-күйі, аумағы сәулетшілік-құрылыс міндеттерін икемді шешуге, елдің өзге өңірлеріне қарағанда экономикалық жағынан әлдеқайда тиімді жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оған біз іс жүзінде көз жеткіздік те.

Үшіншіден, қаланың қазіргі тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін қайта құру шығынды көп қажет етпейді және аса қиынға түспейді.

Төртіншіден, Ақмолада қазірдің өзінде қалыптасқан көліктік-коммуникациялық инфрақұрылымның одан әрі даму мүмкіндіктері жақсы.

Және, ақыр соңында, мұнда қалыпты экологиялық жағдай бар және ол бәріміздің күш-жігеріміз арқылы сақталатын болады.

Неғұрлым ауқымды тұрғыдан айтсам, астананы көшірумен бір мезгілде біз өндіргіш күштерді сы-

ңаржақ орналастыруды еңсеру, елдің оңтүстігінде халықтың тым тығыз орналасуына байланысты туған астыртын жұмыссыздықты жою жөніндегі кең құлашты жұмысты бастаймыз. Бұл өңірде инновациялық, ғылыми қамтымды, жоғары технологиялы өндірістерді дамыту, ауылшаруашылық машиналарын жасау және, әсіресе маңыздысы, өңдеуші ауыл индустриясының жүйесін одан әрі кеңейту неғұрлым табиғи түрде жүретін болады. Ал бұл, сайып келгенде, жаңа жұмыс орындары, еңбек ресурстарын тиімді пайдалану, бүкіл елдің экономикалық белсенділігін арттыру деген сөз.

Астананы көшіру Алматыны дамытуға сапалық тұрғыдан жаңа көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бейнелеп айтсақ, біз осы қадамымыз арқылы қаланың екінші рет түлеуіне мүмкіндік береміз. Орталық Азияда аса көркем және бірегей мегаполисті тұрғызған көрнекті сәулетшілер мен жобалаушыларға, алматылықтардың өздеріне тағзым етуге тиіспіз. Алайда жер бедері бойынша шектеулі және биоресурстық өзін өзі реттеу мүмкіндіктерінен едәуір асып кеткен біржарым миллиондық халқы бар қала адам саны жөнінен жеңілдетуге, экологиялық жағынан сауықтыруға, тіршілігін қамтамасыз ету тұрғысынан тұжырымдамалық жаңа шешімдерге зәру екендігін әлдеқашан-ақ ойластыруымыз керек еді.

Жақында алматылық активпен болған кездесуімде мен осының бәрін әңгіме еттім. Тек өзекті ойымды ғана қайталайын – Алматы әлі ұзақ жылдар бойы басымдығы бар іскерлік, қаржылық, ғылыми және мәдени орталық болып қала береді де елдің күллі экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне белсенді ықпал ететін болады, халықтың санасына сіңіп те үлгергеніндей, оңтүстік астана болады.

Дегенмен баршаға айқын осы уәждерден басқа, стратегиялық мәндегі факторларды да есте ұстау керек.

Жақында Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда мен елдің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының негізгі қағидаларын тұжырымды түрде баяндап бердім. Онда, атап айтқанда, қазіргі дүние дамуының өзекті көрсеткіштерінің бірі жаһандану болып бара жатқанына назар аударылған. Басқаша айтқанда, ұлттық-мемлекеттік жүйелердің дүниежүзілік саяси, экономикалық және ақпараттық үрдістер ықпалына барған сайын ашық бола түсуі деген сөз.

Ауғанстаннан Батыс Сібірдің солтүстік шегіне дейін, Каспийден Монғолияға дейін созылған Орталық Азия ауқымында Ақмола тұп-тура орасан зор инвестициялық ағыстар лап қоюы мүмкін өркенді ауданның ортасында жатыр. Тынық мұхит жағалауынан Еуропаға дейін созылған коммуникациялық желілердің қиылысына орналасқандықтан ол келешекте аса ірі транзиттік асу болып, алдағы жүзжылдықтың көліктік-коммуникациялық сигналдарына сергек жауап қатып отыра алады.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы тек бірнеше аймақтық өсу белдеулері болғанда ғана жүзеге асуы мүмкін. Сондықтан елдің солтүстік өңірлерінде экономикалық өсудің аса қуатты орталығын құрудың маңызы оның тактикалық мәнімен ғана шектелмейді. Аймақтық дамудағы көрінеу ауытқулар мен сәйкессіздіктердің өздері-ақ біздің жас мемлекетімізге бағытталған басты әлеуметтік-экономикалық сын-қатерлердің бірі. Бұл проблемаға дүниеден көптеген мемлекеттер тап келіп жүргенімен көбінесе оның шешімін таба алмайды. Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігінде өсудің қуатты екі орталығын жасау біздің құрылымдық мүмкіндіктерімізді елеулі түрде кеңейтетіні сөзсіз.

Стратегиялық міндеттер қатарына сондай-ақ елді біркелкі этнодемографиялық дамыту да жататынына ешбір күмән жоқ. XX ғасырдың өн бойында Қазақстан экономикалық тәжірибелер алаңы болып қана қоймай, сонымен бірге ең ірі деуге келетін этникалық жер аударудың аумағына да айналды. Этникалық тұрғыдан алғанда Дала ұзақ уақыт бойы біртекті болып келді де тек осы өтіп бара жатқан ғасырда күрт өзгерді: жер ауғандардың бірінен соң бірі лықсыған мың-мыңдаған толқындары осында кеп құйылды. Бұл ретте Қазақстанның даму тұрақтылығы тоталитаризм көсемдерінің қаперіне де кірген жоқ – олар тек астам державаның мүддесін ойлаумен болды. Дегенмен жағдай түбірінен өзгерді, енді біз этнодемографиялық жағдайды өзіміздің егемен еліміздің қажеттігі тұрғысынан қарап, реттейтін боламыз. Өз дамуымыздың кем дегенде алдағы жүзжылдықтың алғашқы үштен бірінің соңына дейінгі болашағын айқындай отырып, біз Қазақстан мемлекеттігі тұрақтылығының қосымша тетіктерін жасауға тиіспіз.

Егер XX ғасырдың тарихын байыптап шолар болсақ, республиканың әкімшілік орталығын көшіру проблемасының көтерілгені бір бұл емес. Орталық езгідегі Қазақстанның ұзақ уақыт бойы біртұтас астанасының болмағаны белгілі. Оның аумағы орталықтары өлке шегінен сырт жатқан, мәселен, Омбыда орналасқан генерал-губернаторлықтарға бөлшектенген болатын. Ортақ астанасы бар ұлттық мемлекеттілік құру жөніндегі мәселені «Алаш» партиясы көтерген-ді. II Бүкілодақтық съезд негізінен қазақ тұрғындары басым облыстардың ұлттық-аумақтық автономиясын құру туралы бірауыздан қаулы қабылдады. Оның орталығын

Семейде орналастыру көзделді. Алайда большевиктердің либерал-демократ зиялыларымызға қарсы жүргізген саяси қуғын-сүргіні бұл идеяның басына су құйды.

Қазақ АКСР-нің құрылуына байланысты өлкенің орталығын айқындап алу туралы мәселе қайтадан күн тәртібіне қойылды. Мүлде қитұрқы шешім қабылданды: ұлттық мүддені ескермеген және жергілікті билік орындарының ұсыныстарын құлағына да қыстырмаған Мәскеу Қазақстанның астанасы етіп Орынбор қаласын белгіледі. Шын мәнінде, мұның өзі республикада Кеңес өкіметін нығайту үшін Орынбор жұмысшыларын пайдалануды көздейтін пиғыл еді. Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің қаулысымен Орынбор Қазақстанның құрамына енгізілді, бірақ бөтеннің бөтендігі ұстап, ол ақыры өлкені топтастырушы орталыққа айнала алмады.

Қазақстанда орын алған аумақтық-демографиялық өзгерістер өздеріне сәйкес жаңа шешім қабылдау қажеттігін өктем талап етті. Сол кездің өзінде-ақ астананы Ақмолаға, Шымкентке, Әулиеатаға, Қызылордаға көшіру нұсқалары ұсынылды. Көріп отырсыздар, бұдан 72 жыл бұрын-ақ Ақмоланың Қазақстанның басты қаласы болу мүмкіндігі аталған екен! Алайда ақтық шешім тағы да республикадан тыс жерде қабылданып, 1925 жылы астана Қызылордаға ауыстырылды. Бірақ – небәрі 2 жылға ғана. Түркісіб құрылысы астананы Алматыға ауыстырудың негізгі себебі болды. Бұл шешім заң жүзінде 1927 жылғы 3 сәуірде қабылданғанмен, іс жүзінде көшу 1929 жылы ғана жүзеге асырылды.

Осылайша, республика астанасын бұған дейінгі көшірудің барлығы әлде бір «төңкерістік», әлде бір «таптық» қажеттілік дейтін топшылаулармен ұштастырыла

жүргізілгенмен, Қазақстанның өз мүддесін ешқашан ескерген емес. Сондықтан да біздің өз тарихымызда тұңғыш рет ұлттық мүдделерімізге негіздей отырып, астанамыз жөнінде өзіміз шешім қабылдап отырғанымыздың орасан зор саяси және адамгершілік мәні бар.

Егер ежелгі және осы заман зерттеушілерінің жазбаларын байыптап оқитын болсақ, Ақмола даласының әркезде сан алуан этностар мен мәдениеттер өзара қоян-қолтық біте қайнасқан қарым-қатынас аумағы болып келгеніне көз жеткізу қиын емес. Біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықтың ортасында-ақ осы кең жазираның төсінде көне грек тарихшысы Геродот аузына алған Дала жолы жатқан екен. Кейіннен ол кеңінен әйгілі болған Ұлы Жібек жолына айналды. Сан тарау керуен сүрлеулерінде орналасқан қалаларда сауда мен кәсіпшілік өркендеді, ал ауыл тұрғындары дәстүрлі мал шаруашылығына қоса жер өңдеумен айналысты, әрі сол дәуір үшін алдыңғы қатарлы агротәсілдерді кеңінен қолданды. Тегінде, бұл өз уақытынан едәуір ілгері кеткен өркениет ошақтары еді.

Иә, Жібек жолының жұлдызды сәттерімен қоса құлдырау кезеңдері де болды, бірақ ол қашанда тек сауда жолы болып қана қалмай, аса маңызды мәдени-коммуникациялық жүйе рөлін де атқарды.

Ақмола ХІХ ғасырда-ақ даланың ірі сауда-экономикалық орталығы болған. Ғасырдың екінші жартысындағы оның аса ірі аграрлық орталық ретіндегі рөлі де дау туғызбаса керек. Осынау өңірдің мәдениеті – жалпыұлттық мәдени игілігіміздің орасан зор бөлігі.

Астананы көшіру идеясына таяу және алыс шетелдің көптеген көрнекті мемлекет қайраткерлері орасан зор рухани қолдау көрсеткенін айта кетуге тиіспін.

Олар біздің жаңа астанаға көшуімізге байланысты құттықтаған лебіздерін білдіруде. Атап айтқанда, осында қатысып отырған Қырғызстан Президенті Асқар Ақаев пен Өзбекстан Президенті Ислам Каримов маған өте көп көмек көрсетті. Нақ осы ақпейілділік пен күрделі проблемалардың күрмеуін шешуге жәрдем жасауға деген ынта-ықылас Орталықазиялық Одаққа мүше мемлекеттер арасында қалыптасқан достық пен шынайы қарым-қатынастарды айқындайды деп ойлаймын.

II. Тоталитарлық өткеніміз қайталанбауға тиіс

Біздің ең жаңа тарихымыздың сирек кезеңі ғана Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланған 1997 жылмен теңесе алады.

Іс жүзінде саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұлттық мәдени орталықтардың баршасы осындай Жылды өткізу идеясын қуаттап, ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Миллиондаған азаматтар 31 мамырда нақақтан құрбан болған қазақстандықтарды жалпы қауым болып еске алып, Аза тұту күніне қатысты. Республикалық телемарафон іс жүзінде әрбір қазақстандықтың жалпыхалықтық акцияға қатысушы болуына мүмкіндік берді. Діни қағидаларға сәйкес саяси қуғын-сүргін құрбандарының рухына бағыштап, бүкіл еліміздің аумағындағы мешіттер мен шіркеулерде еске алу шараларын өткізген негізгі діни қауымдастықтар өкілдерінің тындырған істерін ерекше атағым келеді.

Қазақстанда қазанның ортасында Рухани татулық күні атап өтілді. Өзінің бүкіл бітімі мен мазмұны

жағынан өте тамаша бұл акция жан-жақты қолдау көрсетуге лайық.

Республиканың барлық аймақтарында бірқатар ірі ғылыми-теориялық конференциялар өткізілді, жазықсыз жапа шеккендерге арналған болашақ ескерткіштер мен ескерткіш белгілерінің іргесі қаланды. Жазалауға ұшыраған поляк ұлтының азаматтарына Павлодарда, жазалауға ұшыраған корейлерге Атырауда ескерткіштер орнатылды. Балқашта, Қарағанды, Маңғыстау және Қызылорда облыстарының елді мекендерінде әртүрлі ескерткіш ғимараттар тұрғызылды. Алматыда қала көшелеріне қуғын-сүргін құрбаны болған Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейханов, Анна Никольская және басқа қоғамдық қайраткерлер есімдерін беру рәсімдері өткізілді.

Оралда, Қостанайда, Қарағандыда, Павлодарда жергілікті материалға негізделген мемориалдық жұмыстар жарық көріп жатыр. Менің білуімше, «Қазақстан этностары» кітаптарының тұтас сериясы жарыққа шығарылмақ. Аймақтарда Аза кітаптары баспаға әзірленді.

Тамыздың соңында Алматыда соғыс жылдарында еңбек міндеттілігін темір тордың ішінде өтеген Еділ бойы немістерінің II съезі болып өтті. Бұл адамдар аса ауыр тағдыр тауқыметін бастан кешірді, оларға тоталитарлық режимнің соққысы тым қатты тиді. Сондықтан тарихи шындықты қалпына келтіру – біздің адамгершілік парызымыз.

Таяуда тағы бір датаға – Ресей корейлерін Приморьеден біздің республикамызға күштеп қоныс аударуға 60 жыл толды. Ал оның қаралы оқиға ретінде емес, Қазақстанға келген корей диаспорасының екінші отанын табуының 60 жылдығы ретінде аталып өтуі есте қаларлық.

Биылғы жылы сталиндік режімнің құрбандары болған Мирзоянның, Розыбақиевтің, Аммосовтың мүшелтойлары аталып өтеді.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заң шыққан күннен бастап республика прокуратурасы 7,5 мыңнан астам қылмыстық іс қарады, бұлар бойынша жазықсыз жапа шеккен 11 мыңдай адам ақталды. Соның ішінде үстіміздегі жылы ғана ақталған адамдар саны 2,5 мыңға жуық.

Арнайы қоныстандырылғандарды ақтау жөнінде жұмыс жүргізіліп жатыр, бүгінгі күнге «сенімсіз адамдар» саналған 160 мыңнан астам адамдардан жазықсыз айыптаулар алынды. Бұл есімдердің бәрін жұртшылық бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлары арқылы білуі өте қажет. Өкінішке қарай, көбінесе барша жұрт хабардар 20–30 есімдер туралы ғана сөз қозғалып жүр. Ал жазықсыз жапа шеккендердің саны көптеген нөлдері бар цифрлармен есептеледі ғой. Әлі күнге дейін 9 мыңнан астам мұрағаттық істердің қозғаусыз қаралмай жатқанының өзі-ақ соны көрсетеді. Қулақтар деп аталатын ондаған мың адамның істері де өз кезегін күтіп тұр.

Техникалық түрдегі қиыншылықтарды алып тастап, ақтау тетігін оңайлату үшін Қазақстан халықтары Ассамблеясының ұсынысы бойынша мен «Жаппай саяси жазалаулардың құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен қосымшалар енгізу туралы» Жарлық шығардым. Бұл жұмысқа пайдасын тигізді, бірақ кейбір өңірлерде осы нормативтік актінің талаптары орындалмайтыны туралы дабылдар түсуде. Осынау маңызды мемлекеттік істе жол берілген енжарлық пен ұқыпсыздық түбірінен

жойылатынын, ал сүйретпеге жол берген лауазымды адамдарға қатаң шаралар қолданылатынын бар жауапкершілікпен мәлімдеймін.

Қазір өмір сүріп отырған ұрпақтардың адамгершілік борышы мен қасиетті міңдегі – біздің әкелеріміз бен аталарымыз тоталитаризм режімінің тезі астында өмір сүрген сол бір жылдарды зерделеу. Ол осы тарихи нәубет ешқашан қайталанбау үшін біздің бәрімізге қажет нәрсе.

Тоталитарлық жүйе әсіресе ұлттық сана мен дара ерекшеліктің кез келген көрінісін мейлінше күйретіп бақты. Біздің тарихымыздың тұп-тұтас жүздеген жылдары, оның аса бір нәзік әрі шетін өрімдері қаныпезер оташының өткір қандауырының жүзіне ілікті. Өткен кезеңдерді аяусыз бұрмалаған тоталитаризм қазақ ұлтының тарихын таптар арасындағы бос мылжың күреске тели салуға тырысты. Ол ұлттың игі жақсыларының бәрі шетінен сатқын әрі бейшара болған дейтін пасық, бірақ сонымен бірге аса күйдіргі ойды бұқараның санасына тықпалаумен болды. Соның бәрі елдің өз тарихын сыйламаушылығы мен жосықсыз жоққа шығарушылығын туғызып, соншалықты оғаштықпен күні бүгінге дейін салқынын тигізіп келеді. Кейде біздің дамуымыздың қазіргі кезеңінің күрделілігін түсінбеушіліктің қылаң беріп қалатын көріністері билік өкілдері істегеннің бәрін ресми тарихнама қарғап-сілейтін өткен күндердің оңай танылатын қайтамалары емес пе.

Парасат бәсекесінен өлердей қорқатын жансебіл өзінің этникалық тәжірибелерін ұлттық элитаны жоюдан бастайтыны да сондықтан.

Тоталитаризмнің тағы бір әмбебап және тіпті ұтылыссыз деуге болатын әрекеті – ұлттық сананы әлеу-

меттік-топтық санамен алмастыру. Ұлтты ұйыстырушы дегдарларды қалай қарусыздандыруға болады? Оның жолы оп-оңай: ұлттық бірегейліктің орнына топтық бірегейлікті қоя салса жетіп жатыр. Сол арқылы бүтін бір халықтың аса маңызды оқиғаларға толы, өзіндік ерекшелігі бар тарихын оңдырмай бұрмалауға болады.

Тоталитаризмнің санаға салған зардаптарын жоя отырып, біз екі бірдей міндетті шешеміз – өзіміздің өткенімізді объективті тұрғыдан саралаймыз әрі өз болашағымыздың үлгісін жасаймыз.

Дегенмен тоталитаризмнің өз мұрасын саралаудың маңызы да бұдан ешбір кем емес. Бүгін біз тоталитарлық идеологияның пәрменділігін айқын түсінуіміз керек. Кез келген мемлекеттік идеологияларды оңайлатылған түрде түсіндіре салудан әбден былыққан бұл тақырып өз зерттеушілерін күтіп тұр.

Қазақстан қоғамдағы бір идеологияның үстемдігінен бас тартуды не себепті конституциялық жолмен жариялады – бүгінде сәнге айналған, бірақ тым алмағайып босандық формуласына байланысты ма, әлде басқа бір себебі бар ма? Ұлттық идея мен мемлекеттік идеологияның арасалмағы қандай? Белгілі бір идеологиялық ұстанымды күштеп енгізу жолымен жүруге болмайтыны қалай?

Иә, сәнді әрі жұмылдырушы үлгідегі бірыңғай идеологияны құруға әбден болады. Идеологиялық таптаурын тұжырымдарды адамдардың санасына тақтайға шеге қаққандай сыналап енгізіп, басқаша ойлайтын барша әлеуметті елден ақырындап ығыстырып жіберуге де болады. Ал мұның ауылы күштеп оқшаулаудан, тіпті шындықты өздерінің ғана еншісіне айналдырғандарға қарсы келген жандардың көзін құртудан онша алыс емес.

Миллиондаған адамдардың тағдырларын қанға батырып, аяусыз жаныштаған XX ғасырдағы тоталитарлық идеологиялық жүйелердің тағдыры кешегі күнді өлердей аңсап жүрген жандарды шынымен-ақ ешнәрсеге үйретпегені ме?!

Ұлттық идеяға келетін болсақ, оның іргетасы мүлде бөлек әрі ол ең алдымен адамдардың өздерінің ұлттық бірегейлігін айқын парықтауына негізделген. Мұндай идея ешкімге де күштеп таңылмайды – ол қоғамның өз бойында пісіп жетіледі және ол – идеология абыздары ашқан жаналық емес, миллиондаған адамдардың өздерінің ұлттық міндеттерін терең пайымдауының жемісі.

Ұлттық идеяны төл тарихымызды жаңаша түйсіну негізінде ғана қалыптастыруға болады. Әйтпеген жағдайда істің бәрі тағы бір кезекті идеологиялық қойыртпақты ойлап табуға соғады да белгілі жайлармен аяқталады. Өйткені күні кешегі тарихтан идеологиялық дүниенің қос сілемі – ресми идеология әлемі мен қарапайым адамдардың көңіл күйінің әлемі қосамжарласып өмір сүргені баршаның есінде. Миллиондаған ел азаматтарының орасан зор саналы әрекетінсіз, өз халқының мыңдаған жылдық тарихын терең пайымдауынсыз және бүгінгі өмірдегі өзінің жеке рөлін түсінуінсіз ұлттық идеяны құра алмайсың. XXI ғасыр өрістерінде өзіңнің өткеніңді әділ таразылау – соған қол жеткізу жолындағы алғашқы қадам, тіпті де керісінше емес.

Сөйтіп, ұлттық идея қағидасы ұлттық тарих кеңістігінде жатыр. Оны басқа өрістерден іздеу – мейлі ол либералдық немесе тоталитарлық утопия болсын, – кезекті әмбебап құрылымға қарай сөзсіз құлдырау деген сөз.

III. Қоғамдағы саяси тұрақтылық – «Қазақстан – 2030» стратегиясын іске асырудың шарты

Елдің дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын іске асырудың қажеттігі туралы менің осыдан 2 ай бұрын өзімнің Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда айтылған болатын, онда мен еліміздің 2030 жылға дейінгі дамуының Стратегиясын баяндаған едім.

33 жылдан кейінгі Қазақстанды қалай елестететінімді естеріңізге сала кетейін. Біздің жас мемлекетіміз өсіп, кемелдене түседі, онымен бірге біздің балаларымыз бен немерелеріміз есейеді. Олар өз замандастарының жауапкершілігі жоғары, жігерлі де қайратты өкілдері болып жетіледі, денсаулығы жақсы, парасаты биік азаматтар болады. Осы заманғы нарықтық экономика жағдайында істей жүріп, жігіттер мен қыздар әлем азаматтары болады, сөйте тұра олар өздерінің жедел дамып келе жатқан, күллі әлемге әйгілі де қадірлі бейбіт елдерінің патриоттары болып қалады.

2030 жылдың азаматтары өз құқықтарын мемлекеттің қорғайтынына, мүдделерін жақтайтынына, жағдаяттардың ығытымен өмірден өз орнын таба алмай қалған бірен-саран адамдарға қол ұшын беретініне сенетін болады.

2030 жылғы Қазақстан, Еуразияның орталығы бола отырып, жедел дамып келе жатқан Қытай, Ресей және мұсылман әлемі сияқты үш аймақтың арасындағы экономикалық және мәдени ынтымақтың дәнекеріне айналады.

Елімізде, дәл бүгінгі күні сияқты, көптеген ұлттардың баршамен бірдей мүмкіндігі бар, ертеңгі күніне сенімді,

өздерін Қазақстанның тең құқылы азаматтары санайтын өкілдері өмір сүретін болады.

Әрине, 33 жылдан кейін мемлекетіміз әлі де әлемдегі ең бай, ең білімді, ең дамыған ел бола қоймайды. Әйткенмен жаңғыртулардың ауыр жолынан абыроймен өтіп, дамудың келесі кезеңіне нық сеніммен қадам басады. Сөйтіп, азиялық «жолбарыстар» мен «айдаһарлардың» қатарында серпінді дамып келе жатқан жаңа ел пайда болады, оны мен Азиялық барыс деп атар едім.

Осындай келешектің шындыққа айналуы үшін, меніңше, біраз ұзақ мерзімді басымдықтарды іске асыру керек. Олар: ұлттық қауіпсіздікті, ішкі саяси тұрақтылықты және қоғамның топтасуын қамтамасыз ету, деңгейі жоғары шетел инвестициялары мен ішкі жинақтаулары мол ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өрлеуге қол жеткізу, азаматтардың денсаулығын жақсарту, білімін көтеру, дәулетін арттыру, қолда бар энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, инфрақұрылымды дамыту, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіптік білігі биік осы заманға лайық жасағын қалыптастыру.

Ал бұл мақсатқа жету үшін, әрбір қазақстандық алға қойған мақсаттарының маңыздылығын терең пайымдауы, оның нақты екеніне және оған жетуге болатынына илануы, көзделген мақсатқа жету нақ өзінің ортақ іске қосатын үлесіне байланысты болатынын түсінуі керек.

Дамудың барлық ықтимал бағыттары тек саяси тұрақтылықты сақтаудың іргелік жағдайларына ғана байланысты екенін атап көрсеткім келеді. Егжей-тегжейлі екшеліп жасалған стратегияның құмдағы ізге айналып кетпеуі үшін Қазақстан өз дамуының күрделі

өтпелі кезеңінен азаматтық сілкіністерге жол бермей өтуге тиіс.

Біз ішкі саяси ахуалға, татулық пен келісімді қамтамасыз етуге әрқашан баса көңіл бөліп келдік. Әрине, елдегі жағдайды тұрақсыз деуге болмайды және, әсіресе, оның шектен шыққан көрінісі – азамат соғысынан аманбыз. Керісінше, осы жылдар ішінде біз шиеленіс әлеуетін едәуір төмендеттік. Бірақ жайлануға болмайды. Әлемнің түрлі аймақтарындағы ахуалды талдау өтпелі кезеңде тұрған әрбір мемлекетте, соның ішінде Қазақстанда да қоғамдық тұрақсыздықтың нақты қатері бар екенін көрсетіп отыр. Демек, біздің бүгінгі таңдағы басты міндетіміз қол жеткен табыстарға тоқмейілу-сушілікке жол бермей, келеңсіз үрдістерге байыпты баға беріп, олардың алдын алып отыруға саяды.

Осы тұрғыдан келгенде, біз ішкі саяси тұрақтылықтың аса маңызды шарты ретінде ұлтаралық келісімді одан әрі нығайтуымыз, демек, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты барынша күшейтуіміз керек.

Қазақстанның ерекшелігі тіпті де көпэтностығында емес. Тіпті, керек десеңіз, қазіргі дүниеде іс жүзінде мейлінше таза түрдегі бірэтностық ел жоқ. Біздің ерекшелігіміз – көп реттен қос этностық мемлекет екенімізде. Сондықтан көз жетер келешекте бізде бірұлттық мемлекет құруға деген әрекеттердің бәрі сәтсіздікке ұшырамақшы. Бұл тақырыпқа қаншама жорамалды ой-пікірлер ұсынылғанымен, бұл – даусыз шындық.

Бұдан шығатын қорытынды: біздің стратегиялық бағытымыз бізмәнді, ол – Қазақстанның барлық азаматтарының саяси тұтастығының басымдығы, біздің ортақ азаматтығымыздың бірегейліктің барлық басқа

түрлерінен басымдығы. Айталық, өзімнің таяудағы АҚШ-қа, ГФР мен Польшаға ресми сапарларымның кезінде мен оларда да мәселенің дәл осылайша қойылып отырғанына тағы да көз жеткіздім.

Үстіміздегі ғасырдың екінші жартысында тұңғыш рет 1997 жылы жалпы саны жағынан басым түсіп, елдің бүкіл халқының жартысынан астамын құрап отырған қазақ этносы ендігі жерде саяси топтасудың ұйытқысы міндетін өз қолына алуы тиіс. Бұл ретте оған эволюциялық жолмен, ықтиярлы түрде қол жеткізіледі. Сондықтан да Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында барлық қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының жақсаруы біздің басым мақсаттарымыз ретінде алға қойылуы тегіннен-тегін емес.

Таяудағы болашақта біздің зор стратегиялық маңызы бар бірқатар практикалық міндеттерді шешуіміз қажет.

Біріншіден, әңгіме халықты толық паспорттандыру бағдарламасын аяқтау туралы болып отыр. Бірегейлік тұрғысындағы жалпылама әңгімелер нақты істермен толыққанда ғана мәні болады. Адамдардың азаматтық қатыстылығын түпкілікті айқындап алатын мезгілі жетті. Ендігі жерде бұл мәселе Президенттің тікелей бақылауында болады, сондықтан осынау маңызды жұмыстағы бюрократтық созбұйдаға салушылықтың қандайы да елеулі жазаға соқтыруы мүмкін.

Екіншіден, біздің тіл саясатымызды оңтайландыру қажет. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі байсалды да дәйекті түрде енгізілуге тиіс. Бұл тұста басты рөлді мемлекеттік билік органдары атқарады, ал олар болса, өкінішке қарай, тиісті заңды іс жүзінде қолдануды, әсіресе мемлекеттік тіл атқарар қызметтерін іске асыру

жөнінен төзгісіз кешеуілдетіп келеді. Сонымен қатар, ақпараттық-технологиялық ілгерілеу жағынан кешігіп қалмауды да ойластыру қажет. Мен осы заманғы талаптарға барабар стандарттарға, нышандар мен қаріптерге көшуді айтып тұрмын.

Орыс тілін оқытуға арналған мектеп сағаттарын күрт қысқарту жөніндегі ұсыныстардың ешбір қисынға келмейтінін айрықша атап көрсеткім келеді. Қазақтардың баршасының қос тілділігі – осы заманғы ақпарат легін игеруге жол ашатын өзіндік бір тамаша құбылыс. Сонымен қатар замананың беталысы халыққа білім беру жүйесінің алдына ендігі жерде үш тілділік мәселесін қойып жатыр. Әңгіме жастарға қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жаппай оқыту жайында екені түсінікті.

Сонымен бірге Қазақстанда барлық этностық топтардың тілі мен мәдениетін дамыту үшін жағдай жасалатын болады. Анығын айтсақ, қазірдің өзінде мектептерде оқу 15 тілде жүргізіледі, ал республиканың театрлары өз қойылымдарын 5 ұлттық тілде жүргізеді, біздің ақпараттық кеңістігімізде 11 тіл қолданылып жүр.

Қазір дүниедегі елдердің көпшілігі көпэтностылыққа қоғамдық дамудың сындарлы факторы ретінде тиімді қолдануда. Біз де осы арнамен ілгері жүретін боламыз, сөйтіп келер жүзжылдықта ұлттық мәселені ойдағыдай шешудің үлгісін де көрсетеміз деген ойдамын.

Біздің топтасу үшін берік тұғырнамамыз бар. Ол – біздің бүгінгі шекарасындағы жеріміз, оны абаттандырған ата-аналарымыз, жеңістерде де, жеңілістерде де болған ортақ тарихымыз, Қазақстан жерінде өмір сүріп, еңбек етуге тиіс болашақ ұрпақтар.

Кешегі күнсіз келешек жоқ. Бұл қағиданың әділдігіне күн сайын көзіміз жетіп жүр. Өзіміздің ұлттық

санамыздың ерекшеліктерін, әдет-ғұрыптарымыз бен дағдыларымызды білмесек, енді 25–30 жылдан кейін біздің қай жерге жетерімізді түсіну қиын. Менің ойымша, саяси тарихтың күнтізбесіне Қоғамдық келісім мен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып енген 1997 жыл біздің әрқайсымызға қазақстандықтар деп аталатын адамдар қауымдастығымен қанымыздың да, жанымыздың да бір екенін терең де дәйекті сездірген сияқты.

Иә, біздің тарихымыз өтіп бара жатқан ХХ ғасырға карағанда әлдеқайда бай әрі көпқырлы. Бірақ бұл ғасыр толып жатқан ащы сабақтарға тым жомарт болды. Соларды түсінгенде барып біз халықтың бірлігін сақтау мен өткен ұрпақтарды есте ұстаудан артық абыройлы мақсат жоқ екенін ұқтық. Осы міндеттерді – адамдардың бойында өздерінің ұлттық тарихына деген терең құрмет сезімін тәрбиелеу мен олардың ой-ниетін жалпықазақстандық патриотизмге жеткізуге бағыттау міндетін шешуді бір арнаға тоғыстыруға бола ма? Әрине, болады. Менің ойымша, бұл – қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық үйлесімге жетудің бірден-бір жолы.

Сондықтан да бүгінгі күні жаңа астанада, көне де мәңгі жас Есіл даласында мен келесі жылдың басты идеясы – халықтың бірлігі мен ұлттық тарих идеясы болуға тиіс деп айтқым келеді.

Сөзімнің соңында, қымбатты достар, сіздерді, сіздер арқылы күллі қазақстандықтарды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймын. Біздің ортақ Отанымызды арман-мүддеміз іске асқан, үмітіміз орындалған өлкеге айналдыру үшін қолдан келгеннің бәрін де істейміз деп сенемін.

Дүниежүзілік экономикалық форумның
Каспий өңірінің көмірсутек шикізатын өндіру
және тасымалдау мәселелері бойынша арнайы
сессиясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Швейцария Конфедерациясы, Давос қаласы,
1998 жылғы 30 қаңтар

Қадірлі төраға!

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Бүгін сессияда қаралып жатқан мәселе тек Каспий маңы елдері, Орталық Азия мен Кавказ үшін ғана емес, сонымен бірге тұтастай дүние үшін ХХІ ғасырдың күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі.

Каспий өңірі қуат ресурстары қорының мөлшері бойынша дүние жүзінде екінші шептегі орынға шыға бастағанына байланысты дүниедегі көптеген елдердің мүдделері сонда тоғысатын болды.

Сондықтан дүниенің осы өңір арқылы жалпыәлемдік өркендеу мен қауіпсіздіктің қосымша көзіне ие болары немесе оның тағы бір жанжал ошағына айналары Каспий маңы елдерінің дәйекті, қауіпсіз әрі тұрлаулы дамуының қамтамасыз етілуіне, қуат ресурстарын дүниежүзілік тұтыну рыноктарына тұрақты түрде жеткізудің жолға қойылуына байланысты.

Басқаларға қарағанда, әсіресе Каспий өңірі кең қарымды әрі мықты өңірлік ынтымақтастыққа зәру. Мұнда текегірес дейтіндер болмауы тиіс, ал даулы мәселелер келіссөздер мен өзара бәтуалы шарттар жолымен шешілуі керек.

Менің ойымша, Каспий маңайы мемлекеттері мен дүние жүзіндегі жетекші елдердің басшылары жауапкершілікпен қарайтын болса, бұл – нақты сол мемлекеттер халықтарының да арман-тілектеріне сай келетін, орындалуы әбден мүмкін міндет.

Қазір біз қуат ресурстарын ел ішінде және халықаралық рыноктарға тасымалдаудың Ұлттық стратегиялық жоспарын жасап жатырмыз.

Осында тұрған проблемалардың ауқымын түсіну үшін, мен сіздердің назарларыңызға кейбір деректер мен есептерді ұсынайын.

Бүгінде Қазақстандағы дәлелденген мұнай шығару қоры 22 млрд баррельге, ал газ – 67 трлн текше футқа тең.

Ал егер ықтималды шығару қорлары туралы айтсақ, онда халықаралық сарапшылардың геологиялық және сейсмикалық мәліметтерге негізделген есептеулері бойынша, мұнай 110 млрд баррель және газ – 117 трлн текше фут болады екен.

Каспий маңайы елдерінің ресурстарын қоссаңыз, планетаның болашақ энергетикасында осы өңірдің қандайлық рөл атқаратынын білесіз.

Тек Қазақстанның үлесі ғана әлемдік кен шығару деңгейінің 5 %-ға жуығын құрайтын болады деген болжам бар.

Бұл – кен барлау мен шығаруға қатысты қысқа қайырым сөз. Ал енді осындай аста-төк ресурстарды дүниежүзілік тұтыну рыноктарына жеткізу үшін де күрделілігі бұдан асып түспесе кем соқпайтын мәселелерді шешу міндеті алда тұр.

Бүгінге дейін мұнай мен газды тасымалдаудың ықтималды және болжалды 7 желісі белең алып келеді.

1. Бірінші желі – Ресейге тартылған қолданыстағы мұнай құбырларын дамыту.

2. Екінші желі – Қара теңіз (Каспий құбыр тарту консорциумы). Құбырдың ұзындығы 1500 шақырым болады, ал оның есептік құны – 5 млрд доллар шамасында. Құрылыстың есептелген мерзімі – алғашқы кезеңіне 3 жыл және ақтық кезеңі үшін 18 жыл. Сонымен бірге, бұл желі үшін рыноктар Жерорта теңізімен шектелетінін ескеру керек, өйткені супертанкерлер Қара теңіз бұғаздары арқылы өте алмайды.

3. Қара теңіз – Кавказ арқылы Жерорта теңізі. Құбырдың ұзындығы 2700 шақырым, ал оның есептік құны шамамен 6 млрд доллар болады.

Құрылыс 5 жылға созылады әрі онымен Қазақстанның да, түрікменнің де мұнайын тасымалдауға болады. Мұнай құбырымен бір мезгілде есептік құны 5,5 млрд доллар болатын газ құбырын да жүргізу мүмкіндігі бар. Қазақстан сияқты АҚШ, Түрікменстан, Әзірбай-

жан, Грузия мен Түркия да Жерорта теңізіне дейінгі транскаспий құбырының жобасын қолдап отырғаны бізге белгілі.

4. Батыс Қазақстан – Батыс Қытай кен құбыры. Құбырдың ұзындығы шамамен 2700 шақырым, ал есептік құны – 2,7 млрд доллар болады.

5. Иран арқылы Парсы шығанағына өтетін желі. Есептік құны 3,3 млрд доллар болғандағы құбырдың ұзындығы – 1900 шақырым.

6. Ауғанстан арқылы Пәкстанға апаратын желі. Құбырдың ұзындығы 3 мың шақырымнан астам, ал есептік құны 8,5 млрд доллар шамасында.

7. Ресей арқылы Украинаға өтетін желі. Бұл құбырдың ұзындығы 1700 шақырым, есептік құны 4,7 млрд доллар шамасында.

Осы келтірілген есептер 2015 жылға қарай тек Қазақстанға ғана жылдық көлемі 250 млн тоннадан аса мұнай және 50 млрд текше метр газ болатын құбыр қуаты қажет болатынын көрсетеді, ал бұл кемінде 6–7 әртүрлі желілерді қажет етеді деген сөз. Каспийдің басқа елдеріндегі жағдай да осындай.

Мұның бәрі осы елдердің тасымалдау тұрғысындағы кооперациясы айрықша ынтымақты әрі ылғалсыз болуы керек дейтін даусыз шындықты тағы да дәлелдей түседі, өйткені мұндай ынтымақтастықтың экономикалық та, саяси да пайдасы айдан анық.

Каспий маңайы өңірі ірі державалардың – негізгі қуат пайдаланушылардың стратегиялық мүдделерін қозғайтыны сөзсіз. Сондықтан бұл өңірдің стратегиялық ынтымақтастық орнына айналып, қуат ресурстарын дүниежүзілік рынокқа шығарудың тұрақтылығын қамтамасыз ететіндей болуы – баршаның мүддесі.

Халық бірлігі және ұлттық тарихы жылының өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның кеңейтілген отырысында «Зиялы қауымның адамгершілік және саяси таңдауы» атты

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1998 жылғы 17 наурыз

Құрметті мәжіліске қатысушылар!

Бүгін мен қазір кеңестіктен кейінгі кеңістікте жүріп жатқан күрделі үдерістердегі интеллигенцияның орны мен рөлі дейтін, өз ойымша, маңызды да негізді мәселеге тоқталсам деймін.

Шынында, ғасырдың және мыңжылдықтың қан сасыған соңғы он жылында бүкіл Еуразия төсінде жүріп өткен ұлттық жанжалдар тасқынына тереңірек ой жүгіртсек, бір нәрсе айқын көрінеді. Объективті себептер деп аталатындардан басқа, ұлттық интеллигенцияның ұстанымы орасан зор рөл атқарған екен.

Көптеген елдердегі осындай жанжалдардың бәрінің ушыққан ұшында нақ осы интеллигенция тұрып, өршіген жанжалға жаңа күштерді үсті-үстіне итермелеп, «өз» адамдарын «өзге» адамдарға өршелене айдап салумен болды. Соның бәрі қызыл қан қырғынмен аяқталды. Газет бетіндегі пікірталастардан басталып, автомат оғының қарша борауымен аяқталған ымырасыз ұлттық шайқастардың көбіне нақ сол зияткер топтар кінәлі.

Бүгін біз турасын айтуымыз керек: қазақ интеллигенциясының абыройына қарай, осы жылдардың өн бойында ол сабырлылық пен салиқалылық сақтап, лепірген көңілдердің қарулануға ұласуына жол бермеді. Сондықтан Қазақстан аумағындағы қанды қақтығыстар жайында сәуегейлік айтқан базбір сарыуайымшыл сарапшылардың таңданысында шек болмауы түсінікті. Олар осы жайды – тағдырдың тәлкегімен ғасыр соңында кемелділігіне жасалған сыннан сүрінбей өткен қазақ интеллигенциясының тарихи және әлеуметтік жауапкершілігін ескермеген еді.

Өтіп бара жатқан ғасырдың соңғы онжылдығындағы қазақ интеллигенциясы таптық мүдделерден жоғары тұра біліп, о жар популизм үлгісінен бас тартуын Қазақстандағы тұрақтылықтың басты факторларының бірі деуге болатын шығар.

Белгілі грузин философы Мераб Мамардашвилидің 1990 жылдардың басында егер өзінің халқы қате істеген болып шықса, онда ол қате істеген халқымен бірге бола алмайтынын айтқаны бар-ды. Қазақ интеллигенттері мұндай жайдан әрі-сәрі болған жоқ, өйткені Қазақстан мемлекетінде көбінесе өздерінің арқасында ешқандай саяси тайталастар мен қанды қақтығыстарсыз, қалыпты даму жолында нақты түрде көрінген халықтың парасат-

тылық пен саяси таңдауын жүзеге асырған дәл солар болды. Өз кезегінде, болашақ ұрпақтар да біздің жаңа тарихымыздың алғашқы, ең күрделі кезеңінде тәуелсіз мемлекеттігіміздің қалыптасуына қазақ интеллигенциясы қосқан әмісе көзге көріне бермейтін, бірақ айрықша маңызды үлесті дұрыс бағалай білулері керек.

Бұл шынында да біздің ең жаңа ұлттық тарихымыздың мейлінше күрделі кезеңі болды. Біз одан көп қиыншылықтармен өттік. Бірақ абыроймен өттік. Ұлттық аумағымыздың бір метрін де жоғалтқан жоқпыз. Бірде-бір ұлтаралық және ұлтішілік шатаққа да араласпадық. Небір сепаратистік әрекеттерді жөргегінде жойдық. Біз биліктің біртұтастығын сақтап қалдық. Өз тәуелсіздігіміз үшін теңдесі жоқ кепілдіктер алдық. Дегенмен ең бастысы – Қазақстан саяси-құқықтық шындықтан қазақстандықтардың өз санасындағы шындыққа айналды.

Тәуелсіздіктің барлық жылдарында, 1991 жылдан бастап, мен бір көрсеткішті әдейі қадағалаумен келемін, ол – бір қарағанға өте қарапайым, бірақ елде болып жатқан жайлардың мән-мағынасын түсіну үшін өте маңызды: Қазақстанның қанша тұрғыны өздерін Қазақстан азаматымыз деп санайды дейтін көрсеткіш. Сонымен, 1990 жылдардың басында ел тұрғындарының шамамен жартысы өздерін Қазақстан азаматтығымен байланыстырмайтын болса, 1990 жылдардың ортасында ел тұрғындарының $\frac{2}{3}$ бөлігі өздерін оның азаматы санайтын болды, ал 1998 жылғы мәліметтер бойынша, ел тұрғындарының 85 %-ы Қазақстанды ғана өз Отаны деп санайды және өзінің келешек тағдырын Отанының даму болашағымен ғана байланыстырады. Миллиондаған адамдардың санасындағы осы ғаламат алға

басушылық – ұлттық-мемлекеттік құрылыстың басты міндеті шешілгендігінің ең маңызды кепілі, өйткені ел тұрғындары өз тағдырларын мемлекеттің тағдырымен сәйкестендіргенде ғана мемлекетті қалыптасты деп санауға болады.

Ұлттық интеллигенцияның көрнекті өкілдері ХХ ғасырдың өн бойында алға тартқан мақсат осы емес пе еді? Әрі билік пен интеллигенцияны біртұтас ұйыстыратын ұштасу нүктесі де осы емес пе?

Дегенмен бүгін интеллигенция мен тұтас қоғамның арақатынасындағы басқа бір құрауыш туралы да айтатын кез келді. Амал не, екі құрлықтың орасан зор бөлігіндегі күллі тарихты талай рет сұмдық апаттарға соқтырған қатерлі ерекшеліктерден біздің интеллигенциямыз да қашып құтыла алмады.

Кезінде орыстың бірқатар көрнекті ойшылдары әйгілі «Вехи» басылымында интеллигенцияның қателігі бұқараға саяси тәрбие беруді саяси қоздырумен шатастырып алуында екенін жазған болатын. Оның озбырлыққа бейімділігі мен өзгелерді сыйламаушылығын әшкере танытуы да таңғаларлық еді. Ал билікпен арақатынасы – бірде тәкаппар кісәпірлік, бірде – дембе-дем мүсәпірлік.

Интеллигенцияның мінез-құлқында тағы екі түрлі ерекшелік бар. Кез келген билікке деген өшпенділік және революциялық сабырсыздық.

Кез келген билікке дейтін өшпенділікті айтар болсақ, біздің жағдайымызда ол даланың билеушілеріне қатысты ұзақ жылдар бойы орныққан жек көрушілікпен үстемеленді. Бұл ұлттық өкімет билігін құрметтеу сезімін өшірудің амалы еді. Дегенмен қарапайым жайларға ой жіберіп қарайықшы.

Қазақстанды дүниедегі ең ірі он мемлекеттің қатарына қосатын ұланғайыр аумақты сақтап қалу – қатардағы батырлар ерлігінің жемісі ғана емес, ол сонымен бірге қазақ хандары мен сұлтандарының да қолтумасы ғой. Арғы-бергі ғасырлардағы құдіретті илтериалардың өктемдігі мен ішкі алауыздықтар жағдайында дала билеушілері ең бастысы – ұлттық бірегейлік пен ұлттық аумақты сақтап қалды. Олар, бәлкім, осындай жаңа терминдер ауқымында ойланбаған да шығар, бірақ ішкі түйсігімен тарихтағы өз орындарын қапысыз білді. Бүгін, арада аласапыран ғасырлар өткенде, сол ұлы бабалардың ұрпақтары – біз олардың ұлттық мәндегі ғаламат, жағымды рөл атқарғанын ешқандай бүкпесіз ашық айта аламыз.

Бір өкініштісі, қазақтың игі жақсыларының бәрі қуыс кеуде, сатқын болды дейтін өте қарабайыр, бірақ ойып түсердей әсерлі ой қалың қазақтың санасын жаппай жайлап үлгерді. Бұл ұран ұлттық көзқамандықтың орнығуына ықпал етті, сөйтіп өткендегі ұлы есімдерді қадірлемеушілік қисынсыздықпен әлі де қылаң беріп жүр. Ұлттық тарихымыздың қазіргі кезеңіндегі қиыншылықтарды түсінбеудің әредік мысалдары дегеніміз – жоғарыда істелгеннің бәрін тек қарғап-сілейтін өткен күндер сарқыншағының көзге таныс көріністері. Қазақ интеллигенциясы осы таптаурын көріністі санасынан өшіре алмай-ақ келеді. Жалпы ұлтқа ортақ қиыншылықтарды осылайша мысық тілеумен пайдалану және ол үшін ешқандай саяси жаза көрмейтініне кәміл сенімді болу дейтін адами мәндегі арам қылықтар біздің интеллигенциямыздың тарапынан ешқандай моральдық тойтарыс көрмейді. Ал айтылар сөздің уақыты өтіп барады.

Мінез-құлық сипатындағы революциялық сабырсыздыққа келетін болсақ, мұның тамыры едәуір тереңде. Мұндағы проблема базбір үстірт ойлаушыларға көрінетінінен әлдеқайда күрделі әрі терең.

Ұлттық интеллигенция, соның ішінде қазақ интеллигенциясы өздерінің іс-әрекетімен бұрынғы мемлекеттілікті және бұрынғы саяси режимді күйреткен негізгі күштердің бірі болды. Бұл – жалпы жұрт таныған шындық. Бірақ интеллигенция бұл әрекеттерге болашақ туралы қандай түсінікпен барды, ойында қоғамдық құрылымның қандай жобасы болды, сол жаңа қоғамдағы интеллигенцияның рөлі қандай болмақшы еді? Алғашқы жылдардың алақайы өтті де, саясатпен экономикада, табиғаттағы сияқты, кереметтердің болмайтынына көз жетті. Еркіндіктің сыны тоталитаризмнің сынынан еш кем түспейтіні айқын болды. Нарықтық жүйеде және ашық қоғамда тоталитарлық мемлекеттің интеллигенция тарапынан қолдау күтіп, дәмелендіретініндей идеологиялық тауашасы мен демеуқаржысы жоқ. Сөйтіп, ескі заманды, кепілді қаламақыны, бір кезде қорғалған диссертациядан соң алаңсыз өмір сүру мүмкіндігін, шығармашылық үйлеріне мемлекет бөлетін аста-төк қаржыны және режимнің интеллигенцияны сатып алуының басқа да түрлерін аңсау пайда болды. Бұл аңсарлықты пендешілік тұрғыдан түсінуге болар, бірақ оның болашағы жоқ. Сөйте тұра интеллигенцияның елеулі бөлігі тарапынан реформаларға берілген соншама қатал бағаның бір себебі болған сабырсыздықтың түп тамыры осында жатыр. Шылқымай болашақты күтіп жүргендер өздерінің қоғамға пайдалы екенін күн сайын дәлелдеп отыратын жағдайға душар болды. Әрі бұл сабырсыздық тындырылған істі

көруге де мұрша бермеді. Ал осынша қысқа мерзімде тыңдырылған шаруаның көптігі сонша, оны тек көрмес түйені көрместер ғана көрмеуі мүмкін.

Міне осы арада Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мысалында талай тексерілген оғаш қисынсыздық іске қосылады. Жұрт басқа ұлттардың адамдарымен өз қатынастарын тұтастай қоғамдағы ұлтаралық қатынастардың жай-күйінен әлдеқайда жақсы бағалайды: «Біздің ауылдағы, қаладағы, облыстағы қатынастардан айналасың ғой, басқа бір жерлерде жағдай мәз емес көрінеді», деседі. Бұл – бұқаралық ақпарат құралдары ықпалының тікелей бейнеленуі. Адамдардың әлеуметтік жағдайды түсінуінде де жағдай осындай. Кейде газеттерді оқып отырсаң, жағаңды ұстайсың: жұрт аштықтан қынадай қырылып жатады, балалар мектепке баруды қойған, ғылым қожыраған, көліктің жұмысы тура азамат соғысы жылдарындағыдай.

Иә, жан түршігерлік адами қасіреттер бар екені рас, жақын-жуықтар мен қоршаған ортаның мейрімсіздігіне бола ол кез келген қоғамнан табылады, бірақ аш-жалаңаш дүние жайында адам шошырлық ертегілерді қисындату жеткілікті болған шығар. Қайраткерлеріміздің бірі тіпті ұжымдастыру жылдарында да осылай болып еді деп соқты. Біздің заманымыз бен қазақтардың үштен бірінен астамы аштық пен қуғын-сүргіннен қырылған кезең туралы осылай деуге дені дұрыс адамның қалай аузы баруы мүмкін. Қазақстанда балалар мектепке барып жүр және бұл мәселеде біз іс жүзінде тәртіп орнаттық. Кейбір аудандарда қиыншылықтар бар екені рас, бірақ олар ерекше бақылауға алынған. Ғылым баспа өнімінің санымен өлшенбейді. Ғылым әлемдік ақыл-ойға жаңа сөзбен

үлес қосатын бәсекеге қабілетті ғылыми талдамалармен және іргелі зерттеулермен өлшенеді. Біз ғылыми талдамаларға жобалардың нақты бәсеке қабілеттігіне қарай қаржы бөлудің жаңа ұстанымдарына көштік. Ғылыммен нақты айналысатындар бүгін де сонымен айналысуда, ал тәубе дерлігі, ғылыми мекерліктің шын ғылымға қатысы періштелердің қай жынысты екендігі туралы ежелгі схоластикадағы бос даурықпадай ғана. Ал көліктің, мәселен, теміржол көлігінің қызметіне келетін болсақ, кеңестік жүйенің дәуірлеген жылдарында да ондай тәртіп болмайтын.

Бір кездегі қырғи қабақ соғыс жылдарында Вашингтонда кеңестік халықаралық саясат журналистері үшін батпан құйрық есепті доктор Хайдер дейтін болған. Тура Ақ үйдің алдында қарсылық көрсетуші жұмыссыз доктордан сұхбат алып, капитализмнің мерезін қарғап-сілеу сәнге айналған болатын. Ақ үйдің қарсысындағы Ұлттық галерея мен Табиғи тарих мұражайы беттегі бу шарбағында отырған жұмыссыздарды бүгін де көруге болады. Бірақ жұрт мерез жайын ұмытқан және американың қоғамы өзінің бейшара отандастарымен емес, ең әуелі жеткен табыстарымен сипатталатынын түсінген. Біздің интеллигенциямыз Батыс десе тек батпақты көретін кеңестік журналистерге ұқсамай-ақ қойса игі еді. Әсіресе атышулы батпақты өз Отаныңнан іздеу – абырой әперетін тірлік емес.

Мен ешуақытта, соның ішінде көптеген саясаткерлер алтыннан тау тұрғызбақшы болған 1991 жылы да, аса маңызды референдумдар өткен 1995 жылы да, Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі Стратегиясы тұжырымдалған 1997 жылы да қияли болжалдарға елтіп, жарқын болашақ жақында орнай қояды деме-

генімді осында отырғандардың есіне салғым келеді. Уәде беру қиын емес. Бірақ оны орындау қиын.

Өзімнің басты борышым үш міндетті орындау деп білемін.

Біріншісі – Қазақстанның саяси тәуелсіздігін сақтау. Қай жағынан қарасаңыз да, алдағы ғасырдың оңай болмасы анық, сондықтан біз тарихтың кез келген тосындығына дайын болуымыз керек.

Екінші – елдің дамуы тек қана демократиялық өрісте болуы мүмкін. Қазақстанда ешқандай диктатура мен қысқаштай қысатын қол болмайды. Ондай қанды қол қаталдықты біз жиырмасыншы ғасырда көрудей-ақ көргенбіз.

Үшінші – біз ұлтаралық қана емес, өз еліміздегі ішкі ұлттық татулықты да сақтауымыз керек. Біздің жеңілістеріміздің бәрі ұлтішілік алауыздығымызға, жеңістеріміздің бәрі ұлттық бірлігімізге байланысты.

Ал осы үш міндеттің бәрін шешудегі басты тірек – ұлттық интеллигенция. Мен сіздердің барлығыңызды бүгінгі болмысымыздың осындай сөзсіз талаптарын жете түсінуге шақырамын.

**ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің
отырысында «Қарапайым адамдарға қарай
қарапайым он қадам» бағдарламасы туралы**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы,
1998 жылғы 29 сәуір

Құрметті мемлекет басшылары!

Біздің кездесуіміз Достастық тарихының бетбұрысты, қиын-қыстау кезеңінде өтіп жатыр. Кишинев саммитінде біздің бәріміз дерлік күні осы уақытқа дейін ТМД шеңберінде ілгері басуымыз жарытымды бола қоймағанын бірауыздан мойындаған едік. Тегінде, біздің ынтымақтастығымызға кедергі болып келе жатқан проблемалар айқын. Олар:

- Достастық органдарын реформалау қажеттігі;
- бірқатар ТМД елдерінің аумақтарындағы қарулы қақтығыстар;

- ТМД шеңберіндегі шарттар мен келісімдердің пәрменсіздігі;
- интеграция қарқынының әркелкілігі туралы нақты шындықты объективті қабылдаудың болмауы;
- еркін сауда аймағы туралы келіссөздердің бейберекет созылып кетуі;
- ТМД Мемлекет басшылары кеңесі отырыстарының регламентіндегі ақаулар.

Сөйтіп, ТМД өмір сүргелі бері біздің мемлекеттеріміздің арасындағы қарым-қатынаста елеулі жүк боларлық проблемалар қалыптасып қалды деп айтуға болады. Әрі оларды жалма-жан шешу керек.

Сөйте тұра Кишинев кездесуінде ТМД мемлекеттерінің бірде-бір басшысы Достастықтың күні өтті деп мәлімдемегені өте-мөте маңызды.

Осыған байланысты Достастықтың алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттерге қатысты негізді пайымдауларымды айтсам деймін. Шаруашылық, өндірістік байланыстар арқылы интеграция жолымен неғұрлым байыпты ілгері басу үшін ең алдымен экономикалық ынтымақтастық саласындағы күш-жігерімізді шоғырландыруды ұсынамын. Экономикалық мүдделер интеграцияның басқа да салаларындағы неғұрлым белсенді ықпалдастыққа түрткі болады.

Достастық өмірінің өн бойындағы интеграциялық үдерістердің айрықша белгісі игі ниеттерді жариялаудағы әсіре белсенділік болып келгені құпия емес. Біз жақындасудың бір кезеңін аяқтамай жатып екіншісіне жармасамыз, 1993 жылғы қыркүйекте Достастық мемлекеттері Экономикалық одақ құру туралы Шартқа қол қойды да соның шеңберінде ТМД-ға қатысушы мемле-

кеттер еркін сауда аймағы – Кеден одағы – Төлем және Валюта одақтары және, ақыр соңында – тауарлардың, қызметтер мен капиталдардың ортақ рыногы арқылы интеграцияның бір сатысынан екіншісіне қарай дәйекті түрде, нарықтық негізде экономикалық интеграцияны тереңдете береді деп көзделген болатын.

Экономикалық одақ құру туралы Шарт ережелерін дамыту мақсатымен бірқатар көпжақты келісімдер әзірленіп, қабылданды, солардың қатарында ТМД елдеріндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық ілгерілеушілігіне оңтайлы нормативтік-құқықтық жағдай жасайтын өндірістік кооперацияны қолдау, мемлекетаралық өндірістік, коммерциялық және қаржылық құрылымдар құру, инвестициялық саладағы ынтымақтастық, еркін сауда аймағы, Төлем одағы туралы уағдаластықтар бар.

Саяси немесе ұлттық басымдықтар шеңберімен шырмалмаған кәсіпкерлік субъектілері серіктестіктерімен қарым-қатынастарын шаруашылық тиімділік пен өзара пайда қағидаттары жағдайында құратын болса, нарықтық өзін өзі реттеудің әсерімен ТМД-ға ортақ экономикалық кеңістік қалыптасады деп көзделді. Бірақ шындап келгенде бұл болжам расқа шықпады. ТМД елдеріндегі экономикалық дамудың айқындаушы үрдісі өндірістің құлдырауы мен біздің елдеріміз арасындағы сауда көлемінің кемуі болып отыр.

Бұл үрдіс ТМД елдерінің сыртқы саудасын алыс шетел дейтінге қайта бағдарлау сияқты тағы бір жағымсыз факторды туғызды.

Біздің елдеріміздің экспорты негізінен отын-энергетикалық және минералдық-шикізаттық секілді ресурс өндіруші салалардың өнімдеріне негізделген.

Дүниежүзілік рынокта біз оларды тамақ, жеңіл, химия және машина жасау өнеркәсібінің дайын өнімдеріне айырбастаймыз.

ТМД елдерінің өндіруші салалары дүние жүзінің шаруашылық байланыстарына неғұрлым қарқынды түрде «кіріге» түскен сайын олардың өңдеуші салаларындағы өндірістің құлдырауы солғұрлым тереңдей беретіні дәлелдеуді қажет етпейді. Соған сәйкес басқа да әлеуметтік-экономикалық салалардағы дағдарыс құбылыстары жалғаса беретін болады.

Соның салдарынан ТМД елдері экономикасының құрылымдық бұзылуы да тереңдей түседі. Біздің елдерімізге дүниежүзілік рыноктың ресурстық сегментіне айналу қаупі төніп тұр. Мемлекеттеріміздің экономикалық жүйелері өзара тәуелділік пен бірінбірі өзара толықтыру сияқты маңызды қасиеттерінен айрылуда, ал бұл Достастықтағы интеграцияны дамытуға объективті түрде кедергіге айналуда. ТМД ішіндегі бағаның дүниежүзілік деңгейге сөзсіз жақындауы жағымсыз үдерістерді одан әрі күшейте түседі.

Алға қойылған мақсатқа бір дегеннен жете қою мүмкін емес екені айдан анық. Кезең-кезеңімен алға жылжу жөн болар еді. Осыған байланысты еркін сауда аймағын құру идеясына қайта айналып соғу қажет деп санаймын.

ТМД елдері басшыларының өткен жолғы кездесуінде сөйлегендердің барлығы дерлік еркін сауда аймағы болмайынша, Достастыққа қатысушы елдердің экономикалық қатынастары интеграция негізінде одан әрі дами қоюы неғайбіл деген сыңайда пікір айтқан еді. Сондықтан 1994 жылғы 15 сәуірде қол қойылған, еркін сауда аймағын құру туралы Келісім-шартты қайта тірілту қажеттігі туып отыр. Бұл құжатқа ТМД-ның

барлық 12 мемлекетінің басшылары қол қойғаны белгілі, ал оны бекіткен тек Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан және Өзбекстан секілді 6 ел ғана болды.

Келісім-шартқа қол қойғаннан бергі 4 жыл ішінде Достастықтағы және біздің елдеріміздегі жағдай өзгерді. Қазір экономикадағы басымдыққа жеке сектор ие болып келеді. Мәселен, Қазақстандағы мемлекеттік емес сектор қазірдің өзінде 70 %-ға жетті. Сондықтан бүгін еркін сауда аймағы туралы Келісім-шартқа өзгерістер енгізу жөніндегі жұмысты бастау жайында шешім қабылдауды ұсынамын. Бұл ретте біздің нарықтық жағдайымызға сәйкес Еуропалық Одақтың тәжірибесін, әсіресе оның интеграциялық үдерістерді реттеу мен сауданың бірыңғай тетіктерін құруға қатысты бөлігін пайдаланған жөн болар еді.

Бұл мәселеде жұмысты мына бағыттарда жүргізу тиімді болатын сияқты:

Бірінші. Тариф саясатын келісу. Әңгіме әкелім және әкетілім кеден баждары туралы.

Екінші. Өзара саудада бейтарифтік реттеудің сандық шектеулері мен басқа да шараларын жою.

Үшінші. Өзара сауда операцияларында ҚҚС мен акциздер өндіріп алудың симметриялы жүйесі.

Төртінші. Достастық мемлекеттері аумағында өндірілген тауарлар транзиті кезіндегі кедергілер мен шектеулерді жою.

Бесінші. Қаржы қызметі рыноктарына өзара кіру жағдайын жасау. Төлем-есеп айырысу қатынастарының, биржаларда ұлттық және өзге валюталарды емін-еркін сатып алу мен сатудың, ұлттық банктердің Достастық

елдеріндегі филиалдары жұмысының пәрменді тетігін жасау қажет.

Және, ақырында, алтыншы. Мемлекеттік немесе басқа аумақтық органдардың араласуымен бәсекеге қойылған шектеулерді өзара саудаға ықпал ететіндей дәрежеде жою.

Осы бағыттарды ескере отырып, біздің алдымызда тұрған басты міндеттерді атап көрсетуге болады. Олар – еркін сауда аймағы қызметінің бірыңғай тетігін жасау, банк саласындағы өзара іс-әрекет, ортақ аграрлық рынок құру, бірінші кезекте энергетикалық және көлік салаларында коммуникациялық жүйелердің бірлескен инфрақұрылымын жасау.

Құрметті әріптестер!

Мен Достастық алдында бірінші кезекте тұрған экономикалық және әлеуметтік-саяси проблемалардың тек бір парасын ғана әдейілеп бадырайта айтып өттім. Менің баяндамам – мемлекеттер интеграциясында табысқа жеткен елдердің, ең алдымен ЕО елдерінің тәжірибесін зерттеп-зерделеудің, сондай-ақ өзіміз ТМД-ның қалыптасу шеңберінде сіздермен бірге өткен жолды талдап, саралаудың жемісі. ТМД-ның Достастықты дамыту жөніндегі барлық ұсыныстар табиғи түрде кіретіндей ортақ экономикалық кеңістігін құру туралы кең ауқымды шартқа қол қоятын уақыт жеткеніне кәміл сенімдімін. Ортақ экономикалық кеңістік туралы шарттың Қазақстан әзірлеген жобасы менің өтінішім бойынша ТМД мемлекеттерінің басшыларына жіберілген болатын, енді сіздердің мақұлдауыңызбен оны сарапшылар деңгейінде қарай бастау мүмкіндігі бар.

Мемлекеттердің бәрі бірдей интеграцияның мұндай етене түріне әлі дайын болмауы мүмкін екенін түсінемін. Бірақ ондай жағдайда шартқа әзірше бақылаушы ретінде қосылуға болады. Нақ осындай шешім интеграцияның, ынтымақтастық пен біздің ықпалдастығымыздың ісін өлі нүктесінен ілгері жылжытуға шын мәнінде мүмкіндік берген болар еді.

«4+N» тобы елдері Мемлекетаралық кеңесінің кешегі мәжілісінде мен «Қарапайым адамдарға қарай қарапайым он қадам» бағдарламасын ұсындым. Істің шын мәнінде, әңгіме Достастық елдері халықтарының күнделікті өмірін жеңілдету, ең болмағанда олардың елден елге ауысуы, азаматтық алуы, басқа да құқықтарын жүзеге асыруы кезінде қиыншылықтар туғызбау шараларын қабылдау туралы болып отыр. Тек ортақ экономикалық қана емес, ортақ гуманитарлық және ақпараттық кеңістік құру керек. Яғни адамның күнделікті өміріне байланысты нәрсенің бәрін жасау керек.

Мұның жүзеге асуына «төрттік» елдерінің ғана емес, барлық Достастық елдерінің халықтары мүдделі болар деймін. Сондықтан құрметті Президенттерден осы мәселені қарап, ұсынылған бағдарламаны толықтыруды немесе қалайда бір өзгеріс енгізуді сұраймын. Мейлі, бұл 10 емес, айталық, 8 немесе 15 қадам болсын, бірақ олар Достастық елдері азаматтарының мұқтаждары мен арман-мүдделеріне сай келуі тиіс. Бұл интеграция проблемасын билік басындағылардың бітіп болмайтын көк мылжыңынан жұлып алып, практикалық арнаға салуға – әрбір қарапайым адамға жақын әрі түсінікті етуге мүмкіндік берер еді. Сонда интеграцияшылардың қатары сирек және, өкінішке қарай, әзірге томаға-тұйық қауымы миллиондаған жаңа еріктілермен толығына сенімдімін.

Қатысушы мемлекеттердің өздері құрған ұйымдардың рөлін арттырмайынша, Достастықтың әлеуетін күшейтіп, ынтымақтастықтан нақты пайда көру мүмкін емес. ТМД-ның өмір сүрген жылдарында қалыптасқан жағымды негіздерді бұзбастан оның атқарушы органдарын елеулі түрде реформалайтын уақыт жетті. ТМД құрылымдары ғана емес, біздің Достастығымыз ірге тепкен қағидағтардың өздері де жаңғыртуды қажет етеді. Сондықтан мен Мемлекет басшылары кеңесінің назарын интеграцияның түбегейлі проблемаларына жұмылдыру үшін Үкімет басшылары кеңесінің, Сыртқы істер министрлер кеңесінің өкілдіктерін кеңейту туралы ұсынысты қолдаймын.

ТМД институттарының қызметін жетілдіру қажеттігі туып отыр. Бұл ең алдымен Мемлекетаралық экономикалық комитет пен ТМД-ның Атқарушы хатшылығына қатысты.

Мемлекетаралық экономикалық комитет біздің елдеріміздің қазіргі қиын-қыстау жағдайдан шығуы жөнінде ақыл-кеңесін айтып отыратын экономикалық интеграцияның үдеткіші ретінде ойластырылған болатын. Ал шындап келгенде бұл ұйғарым нақты өмірде расталған жоқ. Мемлекетаралық экономикалық комитет одақтық Мемлекеттік жоспарлау комитетін еске түсіретін, бірақ бұрынғы ресурстық және инвестициялық ықпал тетігінсіз төрешіл ведомствоның кебін киіп шыға келді.

Мұның сыртында, ТМД-да салалық ынтымақтастықтың 50-ден аса органдары құрылған, олардың жартысында жалпы саны 1,5 мың адамдық жұмысшы аппараттары бар. Тым көп емес пе? Және бұл аппараттар немен айналысады? Олар өз міндеттеріне лайық

емес, жұмыста ойлағандай тиімділікке жеткен жоқ деп есептеймін. Мен тіпті олардың қызметіндегі үйлесімсіздіктер, күні ертең қарама-қарсылыққа айналып, Достастықтың онсыз да әлсіз тиянақтарын шайқалтуы мүмкін қарама-қайшылықтар туралы айтып тұрған жоқпын. Осындай төрешілдік «қойыртпақтың» орнына сол елдердің бұл істі қандай да болсын бір нақты нәтижеге жетер-жетпесін білдіретін интеграциясының ықшам әрі кәсіби дәйекті құрылымын айқындап алған дұрыс болар еді.

Мемлекетаралық экономикалық комитет пен Атқарушы хатшылықтың орнына ТМД-ның нақты өкілдіктері болатын бірыңғай Атқару комитетін құруды ұсынамын. Ол Достастықтың сыртқы саяси ведомствосы емес, таза атқарушы және тиімді жұмыс істеуші органы болуы керек деп ойлаймын. Әрі барлық басқа органдар департаменттер ретінде осы комитеттің шеңберінде болуы қажет. Беларусь Президенті А. Г. Лукашенконың тарапынан қарсылық болмаса, комитет Минскіде орналасуы тиіс.

Сөйте тұра ТМД-ның болашағы туралы пікір таласын тек оның жарғылық органдарының тағдырына апарып тіреу елеулі қателескендік болар еді. Реформалау – өзіндік дара мақсат емес, өйткені түбегейлі мақсат елдің экономикалық жағдайын жақсартуға саяды.

Бүгін біз Достастықтың тиімділігін нысанаға ұстап, оны реформалаудың кең ауқымды бағдарламасын әзірлеу жөнінде уағдаласуымыз керек деп ойлаймын. Осыған байланысты Достастыққа қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік шекараларын межелеу мен орнату мәселесі бойынша ТМД елдерінің мемлекетаралық комиссиясын құруды ұсынамын. Олардың бәрі – БҰҰ

таныған мемлекеттер. Осыған байланысты аталған комиссияның өзіндік қамқорлығымен екіжақты деңгейде осынау маңызды шаруаны қолға алатын уақыт болды.

Шекараларды межелеу, ал одан кейін орнату елдер арасындағы сенімділікті жаңа деңгейге көтеріп, Достастықтағы тұрақтылықты сақтау мен нығайтуға игілікті ықпал ететіні сөзсіз.

Сөзімді қорытындылай келіп, өз ойымша, бүгінгі кездесуде біз қандай шешімдер қабылдауымыз қажет екенін айтсам деймін.

Біріншіден, біз қатысушы мемлекеттердің әрқайсының дайындық деңгейіне қарай ТМД-ның бірыңғай экономикалық кеңістігін құру жөніндегі кең ауқымды шарт әзірлеу туралы шешім қабылдауымыз керек.

Екіншіден, осы аталған шартқа байланысты жұмыстың алғашқы кезеңі ретінде еркін сауда аймағын құру туралы келісім-шартты пысықтауға кірісуді ұсынамын.

Үшіншіден, «Қарапайым адамдарға қарай қарапайым он қадам» бағдарламасын тағы бір мәрте талқылап, шешім қабылдауды ұсынамын. Ол біздің кездесуіміздің нақты нәтижесі болар еді.

Осыған орай оның мазмұнын еске сала кетсем деймін. Бағдарлама, атап айтқанда, мынадай шараларды бірлесіп іске асыруды көздейді:

1. Азаматтық алудың оңайлатылған тәртібін енгізу. Бір мемлекеттің басқа мемлекет аумағын тұрақты мекендейтін азаматтарына елде тұрудың барынша қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету.

2. Азаматтардың төрт мемлекеттің шекарасынан, бақылаудың шекаралық, кедендік және басқа да түр-

лерінен емін-еркін әрі тең құқықты өтуін қамтамасыз ету.

3. Бір мемлекеттің басқа мемлекет аумағындағы азаматтарының шұғыл медициналық көмек алуына бірдей жағдай жасау.

4. Келісілген сомадағы шетел валютасының төрт мемлекеттің шекаралары арқылы бөгетсіз өтуіне рұқсат ету.

5. Азаматтардың өндірістік немесе басқа да коммерциялық қызметке арналмаған жүгін келісілген тәртіппен бөгетсіз алып өту мүмкіндігін кеңейту.

6. «Төрттіктің» әр елінің газеттерін, журналдарын және басқа да мерзімдік басылымдарын басқа үш мемлекеттің аумағына еркін жаздырып алуды немесе жеткізуді қамтамасыз ету.

7. Барлық төрт мемлекеттің телевизия бағдарламалары мен радио хабарларын бір-бірінің аумағына тарату үшін қолайлы жағдайлар жасау.

8. Жоғары білім туралы дипломдарды, жоғары, орта және арнаулы білім туралы аттестаттарды, ғылыми атақтар мен ғылыми дәрежелерді өзара мойындау. Тиісті даярлық деңгейі болғанда төрт мемлекеттік оқу орындарына тең құқық жағдайында түсу мүмкіндігі.

9. «Төрттік» мемлекеттері арасында ақша аударымдарын және пошта жөнелтілімдерін жүзеге асыру рәсімін жеңілдету.

10. «Төрттік» мемлекеттерінде шағын және орта бизнеспен айналысу үшін барынша жеңілдік жағдайларын жасау.

Төртіншіден, ҚХР шекарасы бойынша бесжақты комиссияның жұмыс тәжірибесіне сүйеніп, Достастыққа қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік шекараларын орнату мәселесі жөніндегі ТМД елдерінің

мемлекетаралық комиссиясын құру туралы шешім әзірлеу қажет.

Және, ақыр соңында, бесіншіден, Достастықты реформалау бағдарламасы мен ТМД атқарушы органдарының жаңа құрылымын олардың тиімділігін арттыру тұрғысынан іске асыру мерзімі бойынша түбегейлі бәтуаға келген жөн болар еді.

Сөзімнің соңын сіздерге арнасам деймін, құрметті мемлекет басшылары. Кишинев кездесуінде біздің ТМД шеңберіндегі қызметіміздің нәтижелілігін сын тұрғысынан бағалағанда бәріміз ортақ пікірде болып едік. Ол сындарлы бағалау болатын. Ендеше Достастығымызға жан бітіруге деген құлшынысымызда да бірге болып, халықтарымыздың сенімін ақтайық.

Түркі тілдес мемлекеттердің
V саммитінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
1998 жылғы 9 маусым

**Құрметті түркі тілдес
мемлекеттердің басшылары!
Құрметті делегациялар мүшелері!
Ханымдар мен мырзалар!**

Біздің саммитіміз Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылатын болады – оған еш күмән жоқ. Ол біздің қоғамдастығымыздың 5 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келгендігімен ғана осылай емес. Біз үшін оның айрықша мәнділігі, тегінде Қазақстанның жаңа астанасында ресми түрде өткізіліп отырған осыншама өкілетті халықаралық шара болғандығында.

Мен өзім екі тарихи оқиғаның – мерейтойлық кездесу мен Астананың халықаралық тұсаукесерінің бұлайша

орайлы әрі кездейсоқ деуге келмейтіндей сәйкесуінен терең мағыналы келісімді көремін. Біздің кездесуіміз түркі тілдес мемлекеттердің бәтуалы жұмысының жаңа кезеңін ашатыны сияқты, жаңа Астана да тәуелсіз Қазақстанның келісті келешегінің нышанындай көрінеді.

Осы заманғы түркі дүниесінің алтын арқауын Алтай тауларынан Жерорта теңізіне дейін көсіліп жатқан 6 мемлекет құрайтыны белгілі.

Сонымен бірге тарихтың таңдауы бойынша түркі әлемі, бір жағынан, ислам мен шығысеуропалық өркениеттердің арасындағы дәнекер есепті пайда болып, өркен жайды да, екінші жағынан, ислам дүниесі Қытаймен және будда өркениетімен ықпалдасты. Әрі орта ғасырлар дәуірінде түркі мемлекеттері көрші және шектес халықтарға өзінше құрылымдастырушылық ықпал еткен болса, соңғы жүзжылдықтарда түркілердің өздері түрлі себептермен батыс үлгісінде жаңғыруға түсті. Бұл белгілі бір дәрежеде біздің елдеріміздің осы заманғы мемлекеттік құрылымында, халықтарымыздың ділінде, шаруашылық үлгісі мен өмір сүру салтында бейнесін тапты.

Бірақ ХХ ғасырдың бастырмалатқан, кейде тіпті мейірімсіз жадағайлаған ықпал-әсерінің өзінде де біз біржолата араласып, сіңіп кеткен жоқпыз, қайта қатал сындарда өз тілімізді, дінімізді, негізгі этникалық аумағымызды, ақыр соңында, бет-бейнеміз бен абыройымызды сақтап қалдық. Сондықтан қазір біздің айырмашылығымыздан ортақтығымыз басым.

Бірақ уақыт күтпейді, ол біздің ортақтығымызды кезекті тарихи сындарға салуда. Біз саяси және экономикалық тәуелсіздігімізді нығайту, жаңа геосаяси және

мәдени шындықтардың қуатты ықпалынан өзіміздің даралық ерекшелігімізді сақтап қалу, ресурстық мүмкіндіктерімізді ұқыпты пайдалану, дәйекті даму мен болашақтағы өркендеуіміздің негізін қалыптастыру қажеттігі алдында тұрмыз.

Ал өзіміздің ынтымақтастығымыздың бірінші және ең басты шарты деп біз әртарапты мәдени-ақпараттық алмасуларымызды айқындадық, енді көп жылдарғы идеологиялық полицейшілдіктен соң сол арналарда өзіміздің түбі бір туыстығымызды қалпына келтіріп, ортақ руханиятымыздың нәрлі бастауларына бас қойып жатырмыз.

Түркілердің руна жазуы, монументті өнері, фольклоры мен музыкасы, өткеннің барлық бай мұрасы, түркі тайпаларының тарихы мен мәдениеті туралы баға жеткісіз ақпаратты сақтаған материалдар мен деректер ғалымдардың игілігіне айналды. Қоршаған дүние Ұлы Жібек жолының трасса құрлықтарды жалғап жатқан сорабын және тарихи Тұран аймағындағы егіншілік пен қала мәдениетінің жазираларын бұрынғыдан асқан таңданыспен қызықтап, танитын болып жүр.

Ерекше төл мәдениетін жасаған қайталанбас көшпелі өркениет бүгінде әлемдік өркениеттердің қастерлі төрінен лайықты орнын алған. Түркі тілді мемлекеттердің қазіргі рухани өмірі көбінесе бір жарым мың жылдық түркі мәдениетінің іргетасында тұр – тарихтың өзі де бабалар жолының үзіліссіз жалғасы ғой.

Өмірді қабылдау мен ұйымдастырудың түркілік үлгісі атам заманнан-ақ ашық жүйелер санатында саналған – әрқашан-ақ ілгерінділігімен, гуманизімімен, өткеннің мұрасына ұқыптылықпен қарай отырып, сындарлы және жаңа атаулының бәріне ілкімді қабыл-

дағыштығымен ерекшеленген. Ата-бабаларымыз бізге туымызды биік, жүрегімізді таза, ал дастарқанымызды молшылықта ұстауды және сол жолда өз қолымыздағы, өзімізге пайдалы ештеңеден бас тартпауды мирас еткен. Міне, сондықтан да біз бүгін, қашанғымыздай, өзіміздің ашықтығымызды және ғаламдық әлеуметтік-экономикалық даму мен өркендеудің мүддесі үшін барлық халықтармен ынтымақтасуға әзір екендігімізді мәлімдейміз.

Біз түркі әлемінің жалпыадамзаттық өркениетке қосқан үлесін мақтан етеміз. Дүниенің барлық жолдары түркілердің жерінде тоғысады, сондықтан өзінің Еуразиялық материктің орталығына орналасуына қарай түркі әлемі жаһандық тарихта маңызды рөл атқарды деп сеніммен айтудың барлық негізі бар. Түркі халықтарының «Шығыс – Батыс» үнқатысуын реттеудегі, тек өңірлік қана емес, ғаламдық деңгейде рухани құндылықтарды таратудағы рөлі әмбеге аян. Әйгілі ғалымдар мен ақындар Әбу Насыр әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағұнның, Махмұд Қашғаридің, Қожа Ахмет Яссауидің, Мұхаммед Хайдар Дулатидің, Әлішер Науаидің рухани байланыстарды нығайту мен мәдениеттерді өзара байытуға сіңірген еңбектері баға жеткісіз. Бұл дәстүр бүгін де жалғасын тауып келе жатқаны қуантады. Біздің рухани ұдайы өсу саласындағы өзара байланыстарымыз мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен ықпалдастығына мүмкіндік жасайды.

Қазақстанда осындай шаралар өткізу қоғамды нығайту мен топтастыруға септеседі. Сондықтан Қазақстандағы Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жарияланған биылғы 1998 жылы біздің өз тамырларымыз бен рухани ұстаздарымызға жүгінетініміз әбден табиғи.

Қазақта «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген мақал бар. Бірақ ондай кепілдік орнату үшін біздің қатар өмір сүруіміздің экономикалық негізінің өзін құру керек. Ал бұл біздің күн тәртібімізде экономикалық интеграция мен іскерлік ынтымақтастықтың алуан проблемалары бар деген сөз.

Өңірдің мән-маңызы мен рөлін одан әрі арттыру болмай қоймайтыныны мен алдын ала айқындалуы тек оның геостратегиялық орналасу мен орасан зор табиғи ресурстарына ғана емес, сонымен бірге өңірлік ынтымақтастықты нығайтудың жалпыәлемдік үрдісінің қисынына да байланысты. Біздің өзара ықпалдастығымызды тереңдету үдерісінде елдеріміздің арасындағы ынтымақтастықтың екіжақты деңгейде болсын, көпжақты пішімде болсын үдемелі өсуінің зор мәні бар.

Түркі аймағы отын-энергетикалық ресурстарға бай екені құпия емес. Ол – біздің басты табиғи байлықтарымыздың бірі. Ал біздің бәріміздің ең басты және ортақ проблемамыз – кен орындарын ауқымды түрде игерудің толып жатқан техникалық және геοэкономикалық факторлармен, олардың соңынан ілескен геостратегиялық фактормен іркілуі.

Дегенмен осы сияқты жекелеген уәждемелердің сыртында біз қалайда бір объективтік шындықты ұмытпауымыз керек: жинала келгенде түркі мемлекеттері біртұтас ресурстық-көліктік құрылым ретінде көріне алады және онда энергетикалық ресурстар мен пайдалы қазбаларға бай елдер бір-бірімен серіктесіп, өзге мемлекеттер арқылы транзиттің мүмкіндіктерін пайдаланады.

Сауда – біздің ынтымақтастығымыздың дәстүрлі түрдегі басты бағыттарының бірі. Сондықтан Қазақстан-

ның басқа түркі тілдес елдермен өзара ықпалдастығындағы сауда-экономикалық көрсеткіштердің өсу үрдісі Қазақстандағы бізді қуантпай қоймайды, оның үстіне бұл тұрғыдағы өз әлеуетіміз әсте сарқылмағанына біз кәміл сенімдіміз.

Біздің ауыл шаруашылығы, ғылым мен мәдениет, экология және денсаулық сақтау, есірткі және есуастандырғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күресіміз бен басқа да салалардағы ынтымақтастығымыз үдемелі қарқынмен дамып келеді. Ол біздің елдеріміздің экономикалық инфрақұрылымына да, қазіргі өзара байланысты дүниеде барлық адамдар игілігінің мүдделеріне де үйлеседі.

Қымбатты достар!

Қазақстанның жаңа астанасындағы кездесу біздің жемісті ынтымақтастығымызға жаңа серпін береді деп сенгім келеді. Біздің алдымыздан даланың кең байтағындай болып әртүрлі салалардағы ынтымақтастықтың жаңа көкжиектері мен зор мүмкіндіктері ашыла берсін.

**Қазақстанның жаңа елордасы – Астана қаласының
тұсаукесер рәсімі салтанатында «Жаңа астана –
жаңа мемлекет – жаңа қоғам» атты**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
1998 жылғы 10 маусым

**Қымбатты достар!
Қадірменді меймандар!**

Қазақстан Республикасының жаңа елордасы – Астана қаласының салтанатты тұсаукесер рәсінде сіздерге шын жүректен сәлем беремін!

Шын мәнінде достарды игі іс біріктіреді. Бүкіл қазақ халқының атынан, Қазақстанды мекендейтін көптеген халықтардың өкілдері атынан және жеке өз атымнан бізге деген құрметі, ілтипаты, ынтымақтастығы мен достығы үшін мемлекеттерге, ұйымдар мен мәрте-

белі меймандарға тағы да шын ниетті терең ризашылығымды білдіремін.

Біздің бүгінгі салтанатымыз – ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтары бар өмірлерін сарп етіп жүргізген қан-қасап шайқастар мен жарқын үміттерінің, жан берісіп, жан алысқан күрестері мен азаттықты аңсаған армандарының жеңісті қорытындысынан басқа ештеңе емес. Бұл сондай-ақ тұтас дүниедегі саяси күштердің жаңаша орналасуының да нәтижесі.

Біздің ұрпақ бұл дүниеде ештеңенің де мәңгілік еместігінің куәсі. Көз алдымызда тарих өзгеріп, дүние дүрлігіп жатыр, солармен бірге қоғам да жаңаруда. Қоғам мен мемлекет қилы-қилы кезеңдерді бастан кешуде. Оған себеп – біздің соңғы кезге дейін ондаған жылдар бойы оқшау дүниеде өмір сүруіміз. Оның қоғамдық-саяси құрылысына сөзсіз бағынуымыз.

Тек тәуелсіздік алғаннан кейінгі аздаған жылдардың ішінде ғана көзіміз ашылып, сол қоғамдық құрылыстың халықтар мен мемлекеттерді қалай бір-бірінен оқшаулап ұстағанын түсіне бастадық. Әрі біз бірқатар мемлекеттердің XX ғасырда ірге көтерген жаңа астаналары дүние картасының бетіне жаңа геостратегиялық қисынның арқасында шыққанына да көз жеткіздік. Толып жатқан факторлар біздің де соларға мұқият назар аударуымыз керектігін айтады.

Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы. Әлемдік ауқымда Қазақстан жер көлемі жөнінен аса ірі елдің санатына кіреді. Миллиондаған шаршы километрлермен өлшенетін оның аумағында бірнеше сағат белдеулері кездеседі. Сондықтан, әрине, осыншама алапат аумақтың басқару орталығын реттеп, географиялық орталықпен

үйлестіру қажет болғанын бәріңіз де түсінетін шығарсыздар деп ойлаймын.

Тоғыз жолдың торабында, қай тараппен байланыс жасауға да ең төте бағытта тұрған Астана ішкі қарым-қатынасты да, өзіміз үшін сыртқы қарым-қатынасты да жетілдіруге қолайлы жағдай жасайды. Оның үстіне жаңа астанамыз сәулетшілік қиялға мол мүмкіндік береді. Ол таза экологиялық аймаққа орналасқан. Табиғи апат қаупі де аз. Құрылыс жүргізу, ескі астанаға қарағанда, 2 есе арзанға түседі. Сондықтан, әрине, жаңа астанаға орын таңдағанда, оның осы артықшылықтары да ескерілді. Оларға бүгінгі біз түгіл ежелгі бабаларымыз да артықша мән берген. Археологиялық зерттеулер адамзат қоғамының күллі планетамызды мекендеуімен байланысты ең шешуші оқиғалары нақ осы далаларда өткенін дәлелдейді.

Екі құрлық тоғысындағы бұл кеңістік тек жаһангерлік жойқын жорықтардың ғана емес, діндерді, мәдениеттер мен халықтарды біріктірудің де ортасы болды. Атақты Жібек жолына дейін көп жылдар бұрын, біздің дәуірімізге дейінгі мың жылдықтарда ежелгі Эллданы Қиыр Шығыс халықтарымен жалғастырған даңқты Дала жолы тап осы өлкенің үстімен өтті. Ежелгі Геродоттың өзіне де мәлім болған мұндай тарихи деректерді кейінгі ғасырлардың геосаяси ақыл-ойы аттап өте алмады. Бұл осы кеңістіктегі мемлекеттілік тарихының ең шешуші сәттеріңде қайта-қайта еске алынып, талқыға түсті.

Сірә, аңызда айтылған Олжай хан (Нұхтың түптұлғасы) мен Оғұз хан туралы әпсаналардың да осы өңірлермен байланысты болуы тегін емес шығар. Бұл өлкенің тек кейбір жерлерін ғана атап өтейін: Ортақ пен Кертақ, Ұлытау мен Кішітау, Ордатау мен

Әскер. Ал бұларда әр кездері Жошы, Бату, Орда-Ежен, Тайбұға, Көшім, Орыс, Әбілқайыр, Шайбанилар хан болып сайланған.

Ұлттық тұтастығымыздың мәселесі ең өктем қойылған арғы Тоқтамыс пен Едіге, бергі Тәуке мен Абылай замандарында билік ордасының бұл маңайға қайта-қайта көшіп келіп, көшіп кетуінде де көп сыр бар.

Үстіміздегі ғасыр басында алғашқы қазақ либералдары – «Алаш» қозғалысының көсемдері де бұл аумақтың зор стратегиялық маңызын ескеріп, саяси орталықты Сарыарқаға көшіріп әкелуге күш салды. 1960 жылдары Қазақстан экономикасының дамуында шешуші маңызға ие бола бастаған бұл өлкенің саяси маңызы қайтадан талқылана бастады. Бірақ әртүрлі себептерге байланысты бұл тарихи мүмкіндік тағы да қолдан шығып кетті. Сөйтіп ежелгі өркениеттің осынау сайын даласы, әлемдік ақпаратқа ашықтығы мен қолжетімділігіне қарамастан ұзақ уақыт тылсым құпияға толы жабық өлке саналып келді. Біресе саяси жер аударылғандардың концлагерьлеріне, біресе қырып-жойған қарулардың аса құпия сынақ алаңдарына айналған Сарыарқа планетамыздың адам шошырлық қиян түкпіріне айналды. Сол кездегі билік иелерінің мүддесі үшін бұл аумақ атам заманнан бері-ақ жан баспаған жапан түз болған дейтін қисын кеңінен пайдаланылды. Сан ғасырлар бойғы табиғат көркін, өткен ұрпақтардың рухани мұрасын, ғасырлар қойнауындағы тарихи шындықты жаңа өмірге жарқырата жаңғыртып, ХХІ ғасыр табалдырығын осынау көп жапа шеккен өлке туралы бүкпесіз шындықпен кірудің ұлы жауапкершілігі енді тек біздің ұрпаққа, біздің замандастарымызға тиіп отыр.

Сондықтан біз осындай тарихи мүмкіндік үшін тағдырымызға мың мәрте риза болуымыз керек.

Қысқасы, тәуелсіз мемлекетіміздің саяси орталығын Астана қаласына ауыстыру туралы шешім – бір адамның немесе бір топтың ырқымен кездейсоқ қабылдана салған ұйғарым емес. Терең ойластырылған және тарихи дәлелді, болашаққа көзделген бұл шешім сан ғасырлық ізденістердің, ұзақ толғаныстар мен қызу айтыстардың қорытындысы болды. Былайша айтқанда, бұл қырық өлшеп, қырық пішілген байламның нәтижесі.

1994 жылы ел Парламенті астананы көшіру туралы шешім қабылдағалы бері мемлекеттік билік органдары кең құлашты, жан-жақты әзірлік жұмыстарын жүргізді. Оның кейбір қорытындылары мынадай: астананы көшіруді реттейтін негізгі нормативтік құқықтық база жасақталды; бюджеттен тыс «Жаңа астана» арнайы қоры мен оны дамытудың экономикалық қоры құрылды; еркін экономикалық аймақ жұмыс істей бастады.

Бірнеше жылдан бері бізде астананы жаңа орынға көшіруді әзірлеу жөніндегі Мемлекеттік комиссия жұмыс істеп, ұйымдастыру шаралары жүргізді. Бұған қосып айтарым: мұндай кең ауқымды іс қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдай тым күрделі тұста жүзеге асты. Одан да арғысын айтсам: тіпті биліктің шешіміне деген жұртшылық сенімін шындап бәске тігуге тура келді десе де болады. Өтпелі кезеңнің қиыншылықтары мен халықты материалдық қамтамасыз ету проблемаларын сылтауратсақ та болар еді, бірақ онда біз тәуелсіздігіміздің іргетасын бекемдеуге соншама қажетті уақытты өткізіп алар едік. Ондай бейғамдықты бізге кейінгі ұрпақ кешпес еді.

Әртүрлі пікірлердің болғанына қарамастан, отандастарымыздың басым көпшілігі астананы көшіру туралы шешімді түсіністікпен қабыл алды. Халықаралық қоғамдастық тарапынан да тиісті қолдау таптық.

Міне, сөйтіп сіздер мен біздер Қазақстан жерінде өтіп жатқан естен кетпес оқиғалардың куәсі болып отырмыз. Және осындай салтанатты сәтте біз сан ғасырлық тарихымыздың әр кезеңдерінде мемлекеттігіміздің жалауы көтерілген, халқымыздың есінен кетпес қасиетті орындарды атамай тұра алмаймыз. Олар – батыстағы Сарайшық, Байтақ, Орынбор; оңтүстіктегі Сұяб, Баласағұн, Тараз, Сайрам, Созақ, Түркістан, Сығанақ, Сауран, Жанкент, Қозыбасы, Ақмешіт; Сарыарқадағы Ұлытау, Ордатау, Көкшетау және Алаш. Ақырында, әрине, көз тартарлық Алматы. Біздің руханиятымыздың, саяси өркендеуіміздің бесігі, қайта тапқан тәуелсіздігіміздің ыстық ұясы болған Алматы.

Біздің тарихымызда және біздің ұрпақтың жүрегінде, соның ішінде астананы көшіру туралы шешім қабылдап, қазір соны жүзеге асырумен айналысып жүрген адамдардың жүрегінде Алматы ерекше орын алатынын айтып жатудың қажеті бола қояр ма екен. Көпшілігіміздің жастық дәуіріміз, қалыптасуымыз, кемелімізге келуіміз сол қаламен байланысты. Жаңаша дәурендеуіміздің дәл бір осы шырайлы шағында, шапағатты сәтінде біз азаматтығымыздың ақ құсын өз бауырынан аспандата самғатқан аялы Алматы мен әзіз Алатауға басымызды иіп, тағзым етуіміз керек.

Бүгін біз өндірдей жас елордамыз – Астанаға ілтипат көрсетіп отырмыз. Оның тұсаукесері – бір жағынан барша әлемге өзіміздің тәуелсіз жас мемлекетіміздің өзіндік бір беташарындай болып отыр. Сондықтан,

орайлы сәтін пайдаланып, Астананың құрылысына және оны абаттандыруға өлшеусіз үлес қосқан, сөйтіп біздің отандастарымыз бен болашақ ұрпақтарымызға жаңа елордамыз сияқты тамаша сыйлық берген барлық құрылысшылар мен сәулетшілерге, шетелдік компанияларға, инвесторларға, Астана қаласының барлық тұрғындарына алғыс айтқым келеді.

Біз тек жас астананың қалыптасуындағы алғашқы кезеңнен ғана өттік, бірақ, соған қарамастан, ежелгі қазақ жерінде шын мәнінде жаңа, осы заманға лайық қала бой көтерді, оған өздеріңіз де көз жеткіздіңіздер. Енді біз мұның екінші кезеңін аяқтауымыз керек. Осындай биік мәртебелі қалаға қажетті инженерлік инфрақұрылым нық негізгі элементтерін жасау жөніндегі жұмыстар аяқталып келеді. Алдағы жақын болашақта үшінші кезеңнің барысында әлеуметтік, мәдени және әкімшілік инфрақұрылым қалыптастырылатын болады. Қазірдің өзінде-ақ іскерлік топтар бұл үдеріске қатысуға ниет білдіріп отыр.

Заманға лайық қаланы қысқа мерзімде салып бітіру, сөз жоқ, біздің реформаларымыздың өміршеңдігі мен болашағына деген қазақстандықтардың сенімін нығайта түседі.

Осының бәрі, егер жұмыла кіріссе, қандай да болсын қиыншылықтар мен кедергілерді еңсеруге болатынын көрсетеді.

Ханымдар мен мырзалар!

Қымбатты меймандар!

Жаңа ғасыр алдымызға жаңа міндеттер қойып отыр. Біз жаңа мемлекет құруымыз керек, ал биікке самғау

үшін бізге жаңа кеңістіктер, уақыттың жаңаша есебі қажет. Біз барша адамзатпен қатар жүруге тиіспіз.

Астананы ауыстыру – ішкі есептер мен ниеттердің ғана шаруасы емес, Қазақстан – еуразиялық ел, сондықтан мемлекетіміздің ортасына қарай ығысуымыз біздің сыртқы саясатымыздың көпбағыттылығының, ықпалдастық жайындағы өз көзқарасымыздың көрінісі. Ол біздің сыртқы саясаттағы стратегиямызды тіпті де өзгертпейді. Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі жасалған Стратегиясы бойынша, біз шектес жақын көршілеріміз – жаңару, демократиялану үстіндегі Ресеймен, осы заманғы жаңғыру жолындағы шығыс көршіміз Қытаймен, Қазақстандағы сияқты өзгерістерді өздері де бастан кешіріп жатқан Орталық Азиядағы бауырластарымызбен қарым-қатынасымызға бұрынғысынша басым мән береміз. Бірақ жаңаша даму, ынтымақтастығымызды дәстүрлі серіктестерімізбен шектеп қоймай, оның аясын мейлінше кеңейте беруді талап етеді. Бүкіл дүниемен достық қарым-қатынас орнатып, есігімізді ашық, пейілімізді кең ұстау – біздің мұратымыз.

Бабаларымыз, дүниеде қадір-құрметке бөлену үшін, өздері басқа елдер мен халықтарға құрмет көрсете білген. Қатаң тоталитарлық жүйе бізді өзге елдерден оқшаулап, темір перденің қалқасында ұстаумен келді. Енді біз өз бабаларымыздың өсиетін орындап, жақынмен де, алыспен де достық қатынастарымызды қалпына келтіріп, жаңа елордамыз – Астанадан көпбағытты сыртқы саясат жүргізуіміз керек. Уақыт талабы осындай.

Жолың ашық, болашағың жарқын болсын, жаңа елордамыз – Астана!

**Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің
I отырысында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1998 жылғы 25 қыркүйек

Құрметті Кеңес мүшелері!

Шетелдік инвесторлар кеңесінің бірінші мәжілісін ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Бүгінде сіздерде, бүкіл дүниеге белгілі корпорациялардың, банктердің, заң фирмаларының, қаржы ұйымдарының басшыларында, планетаның толып жатқан нүктелері бойынша қыруар жұмыстарыңыз көп екенін білемін, өйткені сіздердің қызметтеріңіздің жаһандық сипаты бар. Соған қарамай, сіздер уақыт тауып, Алматыға келіп отырсыздар. Менің шақыруыма үн қосып, біздің Кеңестің алғашқы мәжілісіне келгендеріңіз үшін сіздерге алғысымды айтамын.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдері мен Ресейде болып жатқан оқиғалар аясында осы кездесуіміздің өзі біздің елге және оның мемлекеттік саясатына деген жоғары сенім бар екенін білдіреді.

Біз, әрине, қиялдан аулақпыз және рахат өмір суретін салғымыз келмейді. Дүниедегі қолайсыз экономикалық жағдайдың салқынын біз де сезудеміз. Бірақ бізде түбегейлі өзгерістер қарқынын сақтап, экономикамызды нығайту үшін мүмкін нәрсенің бәрі істелді. Сондықтан біз, өздеріңіз көріп отырғандай, белгілі бір экономикалық тұрақтылыққа жеттік деп сендіре аламын. Біздің инвестициялық мүмкіндіктеріміз бен перспективаларымыздың, айталық, ресейліктердегіден айырмашылығы қандай екенін өздеріңіз объективті түрде бағалай аласыздар.

Атқарылған ісімізді үстірт қана сипаттап өтсем деп едім. Менің қамқоршылығыммен кедей-кепшік азаматтарға жәрдем жасау қоры құрылды. Тұрғын халыққа шағын несие беру бағдарламасы ойдағыдай өріс алып барады, ол адамдарды шағын кәсіпкерлік аясына тартуға бағытталған. Қаржылық тұрақтылықты нығайту мақсатында бюджет дәйекті және нысаналы түрде реформалануда, атап айтқанда, Үкіметтің шығындары мен мемлекеттік қызметшілердің саны үздіксіз қысқаруда. Жемқорлықпен күресті күшейтудің заңнамалық негізі құрылды. Экономиканың нақты секторына мемлекеттік инвестициялар салуды жоспарлы түрде ұлғайту қолға алынды, ол жұмыс орындарын сақтауға және тіпті арттыруға мүмкіндік береді. Ұлттық валютаны нығайту жөнінде шаралар қабылдануда.

Қазақстанның инвестициялық ахуалын тұтастай сипаттай келе ең алдымен басты жағымды ерекшелік

ретінде жалпы әлеуметтік-саяси тұрақтылықтың сақталғанын атап көрсету керек. Осы фактордың маңызы аз болмас деп ойлаймын.

Мемлекетіміз қалыптасуының қиын-қыстау кезеңінде шетел инвесторлары Қазақстан экономикасының дамуына қосып отырған үлесі үшін шын ниетпен ризамын. Мен сіздердің аса ірі қазақстандық жобаларға қатысуларыңызды жоғары бағалаймын.

Талдау көрсеткеніндей, шетелдік тікелей инвестициялардың негізгі тасқыны мұнай-газ секторына, қара және түсті металлургияға келген. Соңғы 1,5–2 жылда нақ осы салалардағы экономикалық өсім Қазақстан экономикасындағы жаппай жанданудың негізі болуы тегін емес.

Біз өтпелі кезеңде аса күрделі жағдайда қалған Қазақстанның көптеген ірі кәсіпорындарын жан бітіре алдық және оны, бір есептен, сіздердің көмектеріңізбен істедік. Бұрынғы өндірісті қалпына келтіріп қана қоймай, қысқа мерзім ішінде оны жаңа технологиялық негізге қоюға, көп жағдайда өндірілетін өнімнің номенклатурасын кеңейтуге мүмкіндік туды.

Қазақстанда 2–3 жылдан аса жұмыс істеген шетелдік инвесторлар нақты қиындықтарды асыра бағалай қоймас және өздеріне қазақстандық нарық беріп отырған артықшылықтарды жете бағаламаудан аулақ болар деп сенемін.

Ұлтаралық корпорацияларды жаңа қалыптасып келе жатқан рыноктарды инвестициялауға ынталандыратын негізгі 3 алғышарт бар: біріншіден, шикізат ресурстарына кіру мүмкіндігі; екіншіден, өнім өткізудің жаңа рыноктарына ие болу мүмкіндігі және, ақыр соңында, өндірістің қолайлы факторларының болуы, неғайбіл-

діктің жоқтығы, нарықтық ортаның болжамдылығы, білікті және арзан жұмысшы күшінің болуы, өндірістік инфрақұрылымның біршама дамығандығы және т. б.

Қазақстаннан осы негізгі шарттар толықтай табылады. Біздің еліміз мұнай мен газ қорына ғана емес, табиғи ресурстардың басқа да түрлеріне бай. Тұтыну рыногы республиканың шекараларымен шектелмейді. Біз көрші елдермен бірлесіп, Орталық Азияның ортақ рыногын құру жөніндегі мәселені қарастырып жатырмыз, ол ұлтаралық компаниялар үшін инвестициялық белсенділік шеңберін кеңейтуге жағдай жасайды.

Біздің, белгілі бір қиындықтарға қарамастан, реформаларға, елде ашық нарықтық экономика құруға бейілділігімізді сақтап отырғанымыз – маңызды фактор.

Өзіміздің ұзақ мерзімді келешекке арналған экономикалық саясатымызды біз осы арнада құрудамыз. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі ретінде мен жоғары деңгейдегі шетелдік инвестициялы ашық нарықтық экономика мен ішкі жинақ ақшаға негізделген экономикалық өсуді қамтамасыз ету міндетін алға қойдым.

Осыған байланысты Қазақстанда жұмыс істейтін барлық шетелдік инвесторларға инвестициялаудың жаңа кезеңіне көшуді ұсынғым келеді. Әңгіме сіздердің Қазақстандағы инвестициялық қызметтеріңіздің шоғырын кеңейту туралы. Сіздердің қолдауларыңызбен біз мұнай мен газ, металдар мен басқа да табиғи ресурстар өндіріп, дүниежүзілік рыноктарға жіберіп қана қоймай, дайын өнімді, әсіресе Қазақстанның экономикалық жағдайына неғұрлым сай келетін өнімдерді шығарсақ дейміз.

Қазақстанның географиялық орналасуы біздің республикамызда және көрші елдерде бірыңғай құрлықаралық көпір арқылы ақпараттың, жүктердің, жолаушылардың зор тасқындарының жүруіне қажетті осы заманғы инфрақұрылымды дамытудың нақты алғышарттарын жасайды. Мұнда да ірі шетелдік инвестицияларды іске қосудың жаңа өрісі ашылар еді деп ойлаймын. Оның үстіне, бұл бағытта қыруар жұмыс атқарылып та жатыр.

Қазақстан шетелдік инвестицияларды ірі ауқымда тарту жөніндегі үлкен жолдың бастауында ғана тұр. Әйтсе де бүгін біздің елімізде инвесторларға кездесетін бірсыпыра проблемалар да бар екенін айта кетпесе болмайды. Оларды шешу заңнамалық арқауды одан әрі жетілдірудің бағыттарын белгілеуді, құқықтық нормалар мен келісім-шарттарын сақтауға пәрменді бақылау жасауды, кедендік бақылау мен салықтық әкімшілік жүргізуді жақсартуды, инвестициялық жобаларды іске асыру үшін шетелдік жұмысшы күшін әкелу ісін реттеуді және басқа да көптеген жайларды қажет етеді.

Проблемаларды айқын түсіну мен білу оларды барлық мүдделі тараптардың пайдасы үшін неғұрлым оңтайлы шешудің жолдары мен әдістерін табуға мүмкіндік беретіні белгілі. Нақ осы себепті мен бүгінгі мәжіліске қатысушылардың бәрін қызу айтысқа, ашық пікір алмасуға шақырамын. Әрқайсыңыздың құнды идеяларыңыз бен нақты ұсыныстарыңызға риза болар едім. Тегінде, Кеңестің өзі сол үшін құрылған.

Бәріміз бірге жемісті жұмыс атқарып, Қазақстан экономикасын дамытуға қосымша тікелей инвестициялар тарту ісіндегі кезек күттірмес міндеттерді айқындайтын

және инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған нақты қадамдарды белгілейтін болармыз деп сенемін. Сондай-ақ осында отырғандардың әрқайсысы бұл отырыстан маңызды практикалық идеялар алып шығады деген үмітім бар.

«Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа» атты Қазақстан халқына

ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
1998 жылғы 30 қыркүйек

**Құрметті депутаттар, қымбатты меймандар,
отандастар!**

Мен сіздерге бұл сөзімді тарихтың бетбұрыс белесінде арнағалы тұрмын. Кейінгі 1 жылда дүние шиеленіскен өзгеріске түсті және алда күтіп тұрған ауыртпашылықтар одан да зор болуы мүмкін. Соңғы айларда Ресей алапат сілкіністі бастан кешті. Азия нарықтарындағы елеулі дағдарыс сол аймақтың өсіп-өркендеуіне қатер төндіріп, одан әрі бүкіл дүни-

еге таралу үрдісін сездіруде. Оңтүстіктегі ядролық державалар қатарына жаңадан қосылған Үндістан мен Пәкстанның арасындағы Кашмир дауы тығырыққа тіреліп тұр. ТМД-ның оңтүстік шебіндегі жағдай да мәз емес. Аймақтағы тұрақсыздық, көршілеріміздің қиын-қыстау жағдайы Қазақстандағы ахуалға да әсер етуде. Жаһандық және аймақтық ауқымдағы дағдарыстар тұсында біз тұрақтылық пен тыныштық орнаған аралдай оқшау тұрғанымызбен, әрбір қазақстандық қалыптасқан жағдайдың күрделі екендігін түсінуге тиіс. Қазақстанның таңдап алған жолы айқын. Біз бойдағы бар күшіміз бен жігерімізді экономикамызды, халқымыздың әл-ауқатын қорғауға жұмсауымыз керек және біз дәл солай етеміз де.

Біз болашағымыз үшін шешуші шақта, бетбұрыс белесте, жол айырығында бас қосып отырмыз. Біздің бас қосып отырған бұл шағымыз – болашақтан үміт етер шақ, сонымен қатар қорқынышты да шақ; бұл – қатерлі шақ, сонымен қатар бізге ғажайып мүмкіндіктер ашып беретін шақ; бұл – біздің ұлт ретіндегі, халық ретіндегі, Орталық Азияның кеуде тұсында келе жатқан қуатты күш иесі ретіндегі қайрат-қабілетіміз сыналатын шақ. Біздің бүгін қабылдайтын шешімдеріміз қазіргі тіршілігіміздің тынысын ғана емес, сонымен қатар біздің балаларымыз бен немерелеріміздің өмір сипатын да айқындайтын болады. Бүгін шешіп жатқан мәселелеріміз сіздер мен біздердің ғана емес, аймақтағы көршілеріміздің тағдырын да, бүкіл әлемдік экономиканы да қоса қамтиды. Еліміздің болашағы мен бар тағдыры біздің қолымызда тұр.

Отандастарым!

Біз мынаны мақтанышпен айта аламыз: бас-аяғы 7 жылда еліміз еркін де тәуелсіз Қазақстанды қалыптастырудың орасан жолын жүріп өтті. Алғашқы күндерден-ақ ұлттық қауіпсіздігімізді нығайту біздің басым бағытымыз болды. Кешегі қырғи қабақ соғыстан кейін елдің қуаты оның әскерінің санымен емес, экономикасының өнімділігімен және бәсекеге қабілеттілігімен, сондай-ақ дипломатиясының жасампаздығымен және табыстарымен өлшенетін болды. Осы екі өлшем тұрғысынан алып қарағанда, Қазақстан шынында да мықты мемлекетке айналды. Еліміздің барлық шекараларында бейбітшілік қалқанын жасадық. Сөйтіп өзіндік бір «қауіпсіздік белбеуін» тағындық. Әлемдегі бірде-бір ел – бірде-біреуі – бізге дұшпандық ниетте емес. Көпжақты дипломатиямыз бен сыртқы саясатымыз біздің егемендігімізді де, аумақтық тұтастығымызды да ойдағыдай дәйектеп берді, сөйтіп әлемдік қауымдастықпен тығыз қарым-қатынас орнатуға жол ашты.

Өткен жылы «Қазақстан – 2030» кешенді бағдарламасында біз бүгінгі Қазақстанды қалай пайымдайтынымызды, балаларымызға, балаларымыздың балаларына елімізді қандай күйде қалдырғымыз келетіні туралы ойымызды жинақтап айтқан болатынбыз. Бұл бағдарлама болашақта бүкіл Қазақстан халқының «өсіп-өркендеуіне, қауіпсіздігіне және әл-ауқатының артуына» жеткізер жолды айқын да анық нұсқайды. Біз бүгін де, күнбе-күн де сол жолмен жүріп келеміз.

Бұл жолда біздің уақытша бекеттерге аялдауымызға да тура келеді, кейде айналма соқпақпен тартуға да мәжбүр боламыз, жолай экономиканың жекелеген буындарында туындап жататын дағдарыстарды да жоя-

мыз, жалпыұлттық ауқымдағы төтенше жағдайлармен де бетпе-бет келеміз. Алайда біз алған бетімізден қайтпаймыз, асудан асуға өрлей отырып, түптеп келгенде, өзіміз арман еткен қоғамымызды құрмай қоймаймыз.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі 50 жылдай уақыт ішінде демократия табанға тапталып келген елдерде бұрынғы демократиялық саяси институттарды тез арада қалпына келтіруге болады. Ал бұрын-соңды дәл бүгінгі мағынасындағы демократиялық институттар болмаған Қазақстанда бұл үдерісті тақыр жерден бастауға тура келді. Сондықтан біз жұртшылықтың демократиялық мәдениетін қалыптастыра отырып, бұл жолды кезең-кезеңімен жүріп өттік. Сондықтан да біздің жолымыз ұзақ әрі ауыр болды. Екінші жағынан алғанда, жаңадан қалыптасып жатқандықтан, біздің институттарымыз бен инфрақұрылымымыз өткен кезеңнің қателіктерімен, саяси бағытымен шырмалмаған. Басқаша айтқанда, біздің артықшылығымыз – мәселеге тың тұрғыдан қарай алатынымызда. Қазір біз алға қойған мақсатымызға адал екенімізді растауға тиіспіз. Осы түскен жолымыздан тайқып кетпеуге, жаңа Қазақстанды саяси әділеттілік пен экономикалық еркіндіктің берік іргетасына негіздеп тұрғызуға күшіміз де, көрегендігіміз де, ерлігіміз де жететінін дәлелдеуге тиіспіз. Ақылды адам алыстан болжайды деген сөз бар.

Жаңа Қазақстанға дәл осындай, алыс болашаққа көз тігетін данагөйлік керек. «Қазақстан – 2030» бағдарламасында болашаққа осылайша қиядан көз тігу бар. Қандай таңдау жасауымызға тура келетінін біз анық білеміз: не реформаны таңдаймыз, не артқа шегінеміз; не алға ұмтыламыз, не тоқырауға ұшыраймыз; не демократия жолына түсеміз, не іріп-шіруге ұрынамыз.

Біз жаңа уақытқа сай Қазақстанды қалыптастыруды жалғастырамыз немесе құрдымға кетеміз. Мен бүгін сіздерге баршаның жүрегіне жақын салиқалы құндылықтарға арқа сүйейтін ХХІ ғасырдағы Қазақстанды таңдап алуды ұсынамын. Мен бүгін сіздерге жаңа экономикаға негізделген Қазақстанды таңдап алуды ұсынамын. Мен бүгін сіздерге демократиялық қағидаттарға құрылған Қазақстанды таңдап алуды ұсынамын. Мен бүгін сіздерге мемлекетті тиімді де әділ басқаруға негізделген жаңаша құрылымдар мен жаңаша тәртіпті таңдап алуды ұсынамын. Мен әлемде өзінің бөлекше орны болатын, қуатты да сенімді Қазақстанды құру ісін жалғастыра беруді ұсынамын. Мен мұндай Қазақстанды біздің балаларымыздың мүддесі үшін ұсынамын. Бұл Қазақстанда діни экстремизмге орын болмайды. Бұл Қазақстанда ұлттық әпербақандыққа орын болмайды. Және, ақырында, бұл Қазақстан саяси әпербақандықты ашықтан-ашық, біржолата серпіп тастайтын болады. Биліктің күші, біздің заңдарымыз әпербақандықтың кез келген көрінісімен аяусыз күресетін болады. Солай еткенде ғана біз өзіміздің демократиялық институттарымызды сақтап қалып, дамыта аламыз. Алға қарайтын кез келді. Іске кірісетін кез келді. Ерік-жігерімізді танытатын кез келді. Өмірді өзгертетін кез келді.

Біздің алдымызда Қазақстан экономикасының ұштаған міндеттері тұр:

– біріншіден, аймақтағы аса ауыр қаржы дағдарысы кезеңінен ел экономикасын аман-есен алып шығуымыз керек;

– екіншіден, оны қалпына келу мен өсудің даңғыл жолына түсіруіміз керек;

– үшіншіден, тәуелсіз, ашық әрі еркін нарықтық экономикаға барар жолдағы көп үміт күттірерлік

бағытымызды жалғастырып, кінәратсыз экономиканың табыстары адамдардың өміріне тікелей ықпал жасайтын болуын қамтамасыз етуіміз керек.

Біздің бүгінгі таңдағы басты шаруамыз – еліміздің экономикалық жүйесі мен халқымыздың экономикалық саулығын қорғаудың кең ауқымды, қуатты жүйесін құру. Бұл іске біз сырттан жау тигендей шұғыл кірісіп, мемлекеттің ресурстарын түгел жұмылдыруымыз, жан-жақты жоспар жасауымыз және істің тұтқасын пәрменді де батыл басшылықтың қолына беруіміз керек.

Мен бүгін сіздерге жария ететін бағдарлама осы міндеттерді шешетін болады. Мен Премьер-министрге Экономикалық саясат жөнінде кеңес құруды тапсырдым, оның құрамына Үкіметтің ең жоғары экономикалық басшылығының өкілдері кіруге тиіс. Ұлттық банктің төрағасын да қамтитын Кеңес дағдарыс оты шарпыған шет елдер мен біздің елдегі кез келген тосын оқиғаға байланысты саяси шараларды келісу мен шұғыл әрекет ету және банк жүйесін, шаруашылық жүргізуші субъектілерді, тұтынушылар мен жалпы алғанда экономиканы зардаптан қорғау мақсатымен тұрақты негізде жұмыс істейтін болады.

Екіншіден, Ұлттық банк Қазақстанның өнеркәсібіне әлемдік өнім өткізу рыногында басқалармен бәсекелесе алатындай мүмкіндік беретін айырбас бағамын белгілеудің және ақша айналымына бақылау жасаудың икемді жүйесін алдағы кезде де пайдаланатын болуын қамтамасыз ету керек. Оған қоса банк шет елдердегі сан түрлі, болжап болмайтын қаржы қитұрқысы кезінде және оған қоса, капитал қозғалысына бақылау қатайтылған жағдайда да теңгені қорғап қалудың бағдарламасын әзірледі.

Үшіншіден, Ресей экономикасында болып жатқан рубльдің құнсыздануы мен басқа да өзгерістер біздегі көптеген шаруашылық жүргізуші субъектілерге жайсыз тиетіндіктен мен Ұлттық банк пен Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне біздің банктеріміз бен кәсіпорындарымыздың осы қиын кезеңдегі жай-күйіне жан-жақты талдау жасауды және ішкі экономикамызды қорғау жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеуді тапсырдым. Министрлік экспортты, импорт өнімдерінің орнын толтыруды, сұранымға ие өнімдер шығара алатын кәсіпорындарды жандандыруды ынталандыратын жаңа өнеркәсіп саясатын жасап шықты. Сондай-ақ Үкімет менің тапсырмам бойынша бюджет саласы мен кәсіпкерлік сектордың аражігін анықтауға, бағдарламалар бойынша әлдеқайда айқын бюджетті жасақтап, ұсынуға, әлеуметтік қорғау тетіктерін реформалауға тың тұрғыдан көзқарас қалыптастырды, жоғары білім беру мен денсаулық сақтауды қаржыландырудың жаңа сұлбаларын жасап шықты.

Осындай бағдарлама жасау арқылы Қазақстан өзінің кәсіпкерлер топтарына, сыртқы саудадағы серіктестеріне, әлемдік қаржы құрылымдарына және талдаушыларға біздің батылдығымызды, экономикалық дағдарыстар кезеңінде белсенді де пәрменді шаралар қолдана алатынымызды көрсететін болады. Жан-жағымызда экономикалық сүргін дауылы жүріп жатқанда, біз алысты болжай алатын, күшті үкіметтің қалай жұмыс істеуі керекті үлгісін көрсетеміз. Алайда өз экономикаңды қорғап қалу, оған сыртқы факторлардан келер залалды барынша азайту – бір басқа да, экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету – бір басқа.

Біз ақша-кредит және бюджет-салық саласында бірқыдыру қатқыл шараларды табысты жүзеге асырдық, мұның өзі инфляцияны ауыздықтауға, экономиканы тұрақтандыруға септесті. Сонымен қатар, еліміз біздің экспортқа шығарылатын өнімдеріміздің бағасы төмендеп кетуінен асқына түскен әлемдегі экономикалық құлдыраудан, жалақы төлеудің елеулі кідірістерінен қатты зардап шегуде.

Бұрыннан бар кәсіпорындарды қалпына келтіруді, шағын және орта бизнестен жаңа кәсіпорындар құруды тежеп келген құрылымдық кедергілерді жою арқылы біз кейінгі 7 жылда қалыптасқан нарықтық экономикамыздың дамуына тың серпін беретіндей шараларды жүзеге асыруға тиіспіз. Бұл шаралар біздің экономикамызды қайтадан өрлету үшін, одан әрі дамудың даңғыл жолына түсу үшін ауадай қажет.

Мыналарды істеу керек:

– шаруашылық жүргізуші субъектілердің банктен несие алу мүмкіндігін молайту;

– мемлекет тарапынан қарыздарды бірте-бірте жоюға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру, сондай-ақ экономикадағы берешек мәселесін шешу үшін мақсатты топ құру;

– және, ақырында, мемлекет қаржысын экономиканың өрлеуін, қазынаға ақша түсуін молайтуды ынталандыратын, азаматтарға тікелей шарапаты болатын бағдарламаларға жұмсау. Мен көлік, сумен және энергиямен жабдықтау, денсаулық сақтау, білім беру және кәсіптік оқыту жайларын айтып тұрмын.

Бұрын Үкімет нақты экономикамен айналысқан жоқ, оны мүлдем ұмытты десе де болады. Экономикамызды одан әрі түбегейлі реформалау шеңберінде бірқатар

ірі қадамдар ұсынғалы отырмын, оларды жүзеге асыру үшін біз мынандай бағдарламаларды жасап шығуға тиіспіз:

– жерге меншік құқығын заңды түрде бекітудің және сол құқықтарды нақты қамтамасыз етудің бағдарламасы;

– шетелдік инвестицияны жеделдете әкелудің тегеурінді бағдарламасы;

– салықтың жиналуын жақсарту мен салық тәртібін нығайтудың бағдарламасы. Бұл заңды және жеке тұлғалардың жағдайын неғұрлым әділеттендіре түседі, бизнес пен инвестицияның өсуіне кедергілерді жояды, сөйтіп мемлекеттің қаржылық ахуалын тұрақтандырады, ол жөнінде мен сәл кейіндеу толығырақ тоқталамын.

Тұтастай алғанда, бұл экономикалық шаралардың бәрі бізді таяу болашақта артық шығынға батудан сақтайды, экономикалық дамуымызға септігін тигізіп, ұзақ мерзімді болашақта экономикамыздың тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуіне негіз қалайды. «Қазақстан – 2030» бағдарламасында елдің, халықтың алдына қойылған мақсаттарға жетуімізді жақындата түсетін экономикалық реформаның өзегі де міне осы шаралар.

Қазақстанның дарқан да көркем даласының қай қиырына барсам да, жеріміздің бойында бұғып жатқан күш-қуатқа, қыруар қазынаға, еліміздің ұлы болашағының кепіліндей таланттарға қаншалықты бай екендігіне қайран қала жүріп, мен сонымен бірге әр қалада, әр ауылда дәл қазір мұқтаждықтың зардабын тартып отырған адамдардың тым көп екенін, күйініш пен реніштің де аз еместігін байқаймын. Олар біз ойластырған ұзақ мерзімді жоспарлардың өз жемісін беретін кезін күтіп

отыра алмайды. Осынау қиын кезеңде еліміздің тұрғындары Үкіметтің демеуін сезінетіндей болуы үшін, біз не қажеттің бәрін де істейміз. Біз халыққа оның өзі бізден артық етіп жасай алатын шаруаны жасап бермекші емеспіз. Бірақ қиын-қыстау кезде халыққа көмек қолын созу – Үкіметтің қасиетті парызы. Сондықтан да мен Үкіметке кез келген қаланың, ауылдың мүддесіне қатысты төрт саладағы қиын жағдайды түзетуге дереу кірісуге нақты тапсырма беремін. Ол бағыттар мыналар:

Біріншіден, қыс кезінде жылу мен жарық берудегі іркілістерді жоюға тиіспіз. Бұған түзуге болмайды. Адамдарымыздың отбасылары, тұтастай елді мекендер, тіпті жұрт ақысын ұқыпты төлеп тұрса да, жылу, жарық, газ сияқты ең қарапайым нәрселерге зәру болып жататынына тезу мүмкін емес. Бұлар төрешілдік парықсыздықтың, жекеменшік құрылымдардағы істің бетімен жіберілгенінің, мемлекеттік мекеменің табалдырығын тоздыру қажеттігінің немесе кімнің не үшін жауап беретінін білмеудің кесірінен болып жатады. Халқымыздың ең қарапайым қажеттіліктерін өтеудің жауапкершілігін Үкімет өз мойнына алып, сол үшін жауап беруі керек.

Екіншіден, бюджеттік ұйымдардың жалақы мен зейнетақыны төлеуді кешіктіруі азаматтарымызды табан ақы, маңдай терімен тапқан ақшасынан айырады, олардың отбасыларын өздеріне заңды жолмен тиесілі тауарлар мен көрсетілер қызметтен қағады. Мемлекет өз азаматтарының алдындағы міндетін орындауға тиіс және оны орындайды да. Сол себепті мен 1 қазаннан бастап зейнетақыны қайта есептету жөнінде жарлық шығардым. Оған қоса, Үкімет пен әкімдер жылдың соңына дейін жалақы жөніндегі қарызды жоюға тиіс.

Жекеменшік сектордағы қарыздарға Үкімет жауап бермейді. Сонда да біз өздерінің заңды міндеттерін орындамайтын, қызметкерлері мен зейнеткерлері адал еңбекпен тапқан, соншалықты қат қаражатынан айыратын заңды және жеке тұлғаларға мүмкін болған шараның бәрін, соның ішінде заң күшін де мейлінше қатаң қолдануға тиіспіз. Біз ондай шараларды қолданатын боламыз.

Үшіншіден, жұмыс орындарының жетіспеушілігі еңбек етуге ықтиярлы және соған қабілетті азаматтарымызды өзін, отбасын асырау мүмкіндігінен айырып отыр. Күндердің күнінде, келешекте біздің қарқынды дамып келе жатқан халық шаруашылығымызда жұрттың бәріне және әркімге жұмыс орны табылатын болады. Алайда адамдар оны күтіп отыра алмайды. Қазір жұмыссыз қалған мыңдаған азаматтарымыздың еңбек етуіне мүмкіндік беру мақсатымен біз қоғамдық жұмыстардың кең ауқымды бағдарламасын қолға аламыз, сөйтіп олар еліміз өте-мөте мұқтаж болып отырған шаруаларды – жол төсеуді, мектеп, тұрғын үй, медицина мекемелерін салуды аяқтауға атсалысатын болады. Біз бұрын жабылып қалған бірсыпыра кәсіпорындардағы жұмысты қалпына келтірудің шараларын қолданамыз. Экономикалық дағдарыс пен құлдырау кезеңінде мемлекет жұмыс іздегендерге мүмкіндік туғызуы тиіс және ол соны істейді.

Төртіншіден, биыл ауыл үшін ауа райы жайсыз болды. Тіпті өндірілген астықтың өзі арзан бағамен сатылып кетуі мүмкін. Сондықтан мен үкіметке ауыл тұрғындарынан мөлшері 1 млн тоннаға дейін астықты әділ бағамен сатып алуды тапсырдым. Мен Премьер-министрге көпке созбай ең жоғары деңгейде мақсатты төрт

топ құрып, оларға әлгі аталған төрт бағыттағы шараларды жүзеге асыруды тапсыру жөнінде нұсқау бердім. Әрбір топтың өзінің бағдарламасын жүргізу аясында кең өкілеттігі бар, күллі мемлекеттік құрылымдардың толық қолдауын иеленген жоғары деңгейдегі үкімет қызметкері басқарады. Бір ай шамасында әрбір мақсатты топ төтенше шаралар жоспарын ұсынады. Мен Премьер-министрге бұл жұмысты өзінің басты міндеті деп санауды өкім етемін, осы төрт бағдарламаның орындалуына жауапкершілікті оның жеке өзіне тікелей жүктеймін. Оған мақсатты топтардың төрағаларымен апта сайын кездесіп, атқарылған жұмыс жөнінде маған мәлімдеп тұруды тапсырдым.

Сондай-ақ бұл бағдарламаларды жүзеге асыру үшін қосымша қаржы қажет болады, ал әлемдік рыноктардағы жағдай барған сайын нашарлай түскен қазіргі кезде оны таба қою да оңай емес. Сонда да мен елдің апатқа апарып соғар қаупі бар аудандарындағы жағдайды жедел жөндеуге осы төрт топтың мүмкіндігі мен қаражаты болуы үшін олардың жұмысына 25 млрд теңге табуды Үкіметке міндеттеймін. Біз қыста тоңып қалатындарға, еңбекпен тапқан ақшасын ала алмай, отбасын асырауға және мемлекетке өнім сатып, ауылға көмектесу үшін жұмыс таба алмай жүргендерге жәрдем қолын созуға міндеттіміз.

Мұнымен қатар біз мемлекеттік құрылымдарымыздың жұмыс жүйесін түбегейлі реформалау ісінде тоқтатпауға тиіспіз. Менің өзімді қосқанда, елдегі бірде-бір адамды біздің Үкіметтің жұмысы қанағаттандырмайды. Бұл арада мәселе белгілі бір лауазым иесінің немесе министрліктің жұмысындағы қателіктерге яки жаңсақтықтарға ғана тіреліп тұрған жоқ.

Ниетіміз, жоспарларымыз бен кадрларымыз қанша жерден жақсы десек те, біз Үкіметтің жұмысы тым сылбыр жүретінін, орынсыз төрешілдікке салынып, әбден бытысып кеткенін, жауапкершілік жетіспейтінін көріп отырмыз. Біз істің дәл бұлайша бетімен жіберілгеніне ендігі жерде төзіп отыра алмаймыз. Үкіметтің жұмысын оның қайтарымы, тиімділігі, ширақтығы көрінетіндей етіп қайта құруымыз керек. Бұл мақсатқа жету үшін, мен үкіметті реформалаудың мынандай бағдарламасын ұсынамын:

Бірінші. Біз барлық деңгейлерде сыбайлас жемқорлықпен күрестің қуатты науқанын өрістететін боламыз. Кәсіпкерліктің қадамын тұсайтын да, инвесторларды секем алдыратын да, азаматтардың бойындағы сенімді азайтатын да кез келген өкімет билігінің барлық шешімдері сатылып кеткен дейтін сенімнің болуы. Жақында Парламент сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңдар кешенін қабылдады, ол үшін мен екі палатаның да депутаттарына дән ризамын. Енді қағаз бетіне түскен сол маңызды сөздерді әрбір қаладағы, әрбір ауылдағы барлық мемлекеттік органдар мен ведомстволардың күнбе-күнгі өмірінде жүзеге асыру керек. Мен сіздер қабылдаған заң табанды түрде әрі толық көлемінде қолданылатын болады деп тағы да мәлімдеймін. Бұл арада ерекшелік жасалатын ешкім болмауы керек.

Мен жаңадан құрылған, заң бойынша өте кең өкілеттілік алып отырған сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі арнаулы орган таяу арада іске кірісіп кетуі үшін не қажеттің бәрін де жасаймын. Оның тұтқасын танымал, жұрттың сеніміне ие, сыбайлас жемқорлықты мемлекет көлемінде түбірімен құрту науқанын бастай алатындай адам ұстауға тиіс. Бұл істе заң күшін қатаң қолдануға тура келеді. Біз оны қамтамасыз етеміз.

Екінші. Біз елдегі салық жинау жүйесін күшейтеміз. Мемлекет халыққа міндетті нәрсені төлеуге тиіс, бірақ халық та мемлекетке, өзінің жергілікті билік орындарына заңға сай нәрсені төлеп тұруға міндетті. Біздің салық жинау жүйеміздің босандығы мемлекеттің материалдық негізін әлсіретеді, рыноктағы жайсыз құбылыстарға себепкер болады, шетел инвесторларын секем алдырады, елдің басшылығына деген азаматтардың сенімін шайқалтады. Салық салу жүйесі дұрыс жолға қойылмаған жерде бүкіл елдің экономикасы күйрейдінін біз талайлардың тәжірибесінен көргенбіз. Сол қателіктерді қайталамауымыз керек. Біздің міндетіміз – ақылға қонымды, әділетті әрі сындарлы салық жүйесін құру. Мұндай шаруа әп-сәтте бола қалмайды. Оған талай жылдар қажет болуы да мүмкін. Солай болса да, біз бұл істі қазірден қолға алып, жұмысты бастауға және қайтымсыз етіп жүргізуге тиіспіз.

Таяу күндерде бүкіл елдің аумағында салық төлеу жүйесін жақсарту жөнінде барынша белсенді қимылдай алатындай кең өкілеттілік берілетін және тиісті қаржы бөлінетін Мемлекеттік кірістер жөніндегі агенттік құрылады. Біз оның барлық қадамдарын тұтастай және толық қолдап отыратын боламыз.

Осы бағыттардағы шаруаны басқаратын адамдардың қолына ықпал етудің сенімді тетіктерін, өкілеттіктер мен ресурстар беруге және тиісті міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін қажет болатын қолдауды көрсетуге тиіспіз – бейне бір ел шетіне жау тиіп, қолбасшыларымызды қан майданға атқандырып жатқандай санайтын боламыз. Қарсылық көрсетілетінін білеміз. Қылмыскерлер өздерімен күресушілерге қарсы шауып, пәле-жаланы үйіп-төгетін болады. Біз оған дайынбыз.

Осы күннен бастап жұрттың бәрі мынаны анық ұғынып, естерінде сақтаса дейміз: кімде-кім сыбайлас жемқорлыққа былғанған болса, кімде-кім заң бойынша төлеуге тиісті салығын қасарысып бермей жүрген болса, ондай адамдарды еліміз өзінің жауы деп санайды, ондайлардың соңынан шам алып түседі, кінәлі деп табылғандарын барынша қатаң жазалайды. Мұндай істің бәрі төзгісіз деп танылуға, аласталуға тиіс, бұл заңнан ешкім жалтарып кете алмайтын болады. Сөздің турасын айтайын: парақорлығы мен салық жүйесіндегі айлашарғысы үшін заңда көзделген әділ жазадан адамды қолындағы саяси билік те, байлығы да, жеке басының таныстығы да құтқарып қала алмайды.

Үшінші. Біз Үкіметтің жұмысын кімнің не нәрсеге жауап беретіні, кімнен нені талап етуге болатыны айқын көрінетіндей етіп құрамыз. Ол алға қойған мақсатымызға әлдеқайда тиімді жолмен жетуді, өзіміз қабылдаған бағдарламаларды неғұрлым ұйымшылдықпен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін болады. Ұжымдасып жүріп жауап беру жауапкершіліктің жоқтығын білдіреді. Ұжымдық жауапкершілік – есеп берудің жауы. Сондықтан да Үкіметтің жұмысын жетілдіру жөніндегі шаралар бағдарламасы жасалмақшы. Атап айтқанда, онда мынадай шаралар көзделеді:

– Премьер-министрге министрлердің жұмысы үшін тікелей жауапкершілік жүктеледі; оның министрлерді қызметке тағайындау мен орнынан босатудағы өкілеттігі кеңейтіледі, бұл оларды тапсырылған іске анағұрлым жауапты қарауға мәжбүр етуге тиіс;

– жекелеген министрлердің жауап беретін аясы бұрынғыдан нақтылана түседі, біздің саяси бағытымызды жүргізу мәселелерінде Үкіметтің біртұтастығының

қатаң саясаты енгізіледі, министрлердің өз міндетін атқарудағы өкілеттігі кеңейтіліп, жұмысты ақсатқаны, әрекетсіздігі немесе Үкіметтің саяси бағытынан ауытқығаны үшін жеке жауапкершілігі арттырылады:

– стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың тұтастығына қол жеткізіледі, мұның өзі Үкіметтің «Қазақстан – 2030» бағдарламасы бойынша көзделген жылдық қорытынды көрсеткіштер мен алдағы болашаққа қойылған мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі нақты жұмысын бағалауға мүмкіндік жасайды:

– мемлекеттің басқару жүйесінің әрбір деңгейінің, яғни республикалық, облыстық және жергілікті әкімшілік органдарының жүргізетін салалары мен өкілеттіктері нақпа-нақ белгіленетін болады. Бұл Үкімет мүшелерінің, әкімдердің және басқа да лауазым иелерінің бір-бірінің міндеттерін үстемелеуін, қайталауын, шатастыруын болдырмайды, жеке жауапкершілігін күшейтеді, сөйтіп мемлекеттік қызметтің жұмыс сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметке неғұрлым дайындығы мол, Отанын шын сүйетін, адал азаматтар іріктеледі. Бұл міндет жақында менің жарлығым бойынша құрылған Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне жүктеледі. Агенттік сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерді объективті өлшемдер негізінде әділдікпен жоғарылатуды қамтамасыз ететін жүйені жасап, жолға қоюға тиіс. Өздерінің міндеттерін орындауға және біздің бағдарламамызды жүзеге асыруға қабілетсіз болып шыққан үкімет шенеуніктері орындарынан тайдырылады.

Осындай өзгерістерді ескере отырып, мен Премьер-министр бастаған үкімет біздің саясатымыздың мақсаттары үдесінен шыға алады деп сенемін. Адамдар

ел Үкіметіне сенбейінше, Үкімет халықтың қолдауына ие боламын деп үміт ете алмайды.

Осы жақында ғана Азияның кейбір елдерінің мысалынан халықтан қол үзген, беделге ғана бас иген авторитариялық үкімет билік тізгінін қолдан қалай шығарып алғанын бәріміз көрдік. Бұл бізге тіпті дәл қазіргідей өте күрделі экономикалық қиындықтар тұсында да Қазақстанды демократияландыру жұмысын кейінге ысырып қоюға болмайтынын ерекше ескертеді.

Тарихтың даму жолы елдің экономикалық және саяси дамуы қоян-қолтық қатар жүруі, ішекті аспаптар дуэтин орындайтын скрипка мен виолончель сияқты бір үндес болуы керектігін тарих бізге үсті-үстіне дәлелдеуде. Қазақстан үшін экономикасы дамыған ел болу аздық етеді. Ол демократия мен адам құқықтарының табанды жақтаушысы әрі сенімді символы болуға тиіс. Бұл айтқаным болашаққа тілек қана емес, бұл бүгінгі күннің келелі міндеті екеніне сіздерді сендіргім келеді.

Бүгінгідей тарихи күнде мен сіздерге қоғамды демократияландыру мен саяси реформалардың бағдарламасын ұсынамын, бізді ұлттық тарихымыздағы жаңа белеске алып шығатын шешім осы болмақшы. Қазақстандағы саяси реформалардың өзегін демократияландыру мен саяси ырықтандырудың негізгі 7 буыны құрайтын болады.

Біріншіден, сайлау үдерісі адал, кең ауқымды болуы және кандидаттар мен сайлаушылардың оған белсене қатысуына жағдай жасауы тиіс. Кез келген демократия атаулының өзегі еркін де әділ сайлау. Бұлар біздің демократиямызда да дәл осы міндетті атқаруы керек. Айтпақшы, біздің халықтық даналығымыздағы «Халық айтса, қалп айтпайды» деген бір ауыз сөз осының мәнін

дәл ашады. Халықтың өз пікірін айтып қалатын тұсы да – осы сайлау кезеңі. Біздің мақсатымыз айқын: алда келе жатқан ұлттық сайлауды еркін де әділ сайлаудың үлгісі етіп өткізу.

Демократия қашанда даму үстінде болады. Тіпті ең кемеліне келді деген Батыс демократияларының өзі де елдеріндегі азшылықты саяси үдеріске толық тарта алған емес. Оны біз де толық мәнінде істей алған жоқпыз. Әйтсе де біз аса бір қиын жағдайда жүрсек те, ұлттық және діни топтардың арасында тұрақтылықты сақтай алғанымызды мақтанышпен айтсақ, әбден жарасады, кейінгі онжылдықтарда әлемнің көптеген елдері бұған қол жеткізе алмай келеді.

Осы мақсатқа жету үшін, біз өзіміздің сайлау туралы заңдарымызды оңтайландыруға тиіспіз. Сонда адамдардың саяси бәсекеге түсуі жеңілдейді де, депутаттық орындар іс жүзінде сайлаушылардың көбі қолдайтын кандидаттарға, тек соларға ғана бұйырады.

Сөйтіп, мен жасы заңдағы мөлшерге сыятын кез келген Қазақстан азаматы, өзінің дәулетіне де, әулетіне де қарамастан, Мәжіліс депутаттығына сайлану құқығы жолында емін-еркін таласқа түсе алатындай болуы үшін, Парламент депутаттығына кандидат ретінде тіркелу жарнасын азайтуды немесе тіпті атымен алып тастауды ұсынамын.

Бұған қосымша ретінде, дауыс берудің өзі өкілетті билікті заңды деп танып, соған сенім көрсету екендігін толық пайымдай келіп, біз неғұрлым көп дауыс алған кандидаттар, дауыс беруге келген адамдардың санына қарамастан, депутаттыққа заңды түрде сайланатындай жағдай жасауымыз керек. Егер өзі қаламаса, адамдардың дауыс бермеуге құқығы бар, сондай-ақ дауыс беруге

де құқы бар. Тіпті Америка Құрама Штаттары сияқты әбден қалыптасқан демократиялардың өзінде берілген дауыстың саны тіркелген сайлаушылардың 50 %-ынан кем болып жатуы мүмкін нәрсе. Дауыс бергендердің қалауын дауыс бермегендер жоққа шығаруға тиіс емес. Бұл президенттік сайлауға да қатысты. Басқаша айтқанда, дауыс берушілердің саны сайлаушылардың 50 %-ынан кем болмауы керек деген талап алып тасталады.

Ал еліміздегі сайлау шын мәнінде еркін де әділ болсын десек, онда біз сайлаудың барысын бақылауға қазақстандық және халықаралық жұртшылық өкілдерінің қатысуына жағдай жасауға, оны барынша қолдауға тиіспіз. Сондықтан да мен елдің Президенті ретінде біздің мемлекетіміздегі кез келген сайлау адал да ашық өтеді деп нық сеніммен мәлімдеймін.

Ақыр аяғында, біз барлық деңгейдегі басшыларды сайлаудың кең ауқымды және кезең-кезеңге бөлінген бағдарламасын жасап шығуға тиіспіз. Бұл істе кейбір елдерді басқару тізгінінен айырып, берекесіздікке соқтырған әпербақан төзімсіздік қажет емес, сонымен қатар бұл мәселені жасырып-жабуға да болмайды. Кезеңдері мен деңгейлерін нақпа-нақ белгілеп алып, таяу уақытта сол бағдарламаны жасауға кірісіп кету керек деп санаймын. Оның үстіне, жергілікті өзін-өзі басқару үлгілері жетілдіруді қажет ететінін де ұмытпау керек. Бұл тұрғыдан қарағанда да, реформа жасауымызға тура келеді.

Қоғам өмірін саяси демократияландырудағы шаралар кешенінің тағы бір маңызды құрауышы – біздің саяси жүйеміздегі партиялардың рөлін күшейту. Демократия ғимаратын тұрғызатын негізгі «құрылыс

материалы» да сол саяси партиялар, демек, біз олардың өсуі, бұғанасы бекуі үшін, құқықтық тұрғыдан да, басқа тұрғыдан да қолдан келгеннің бәрін жасап, қоғамдағы орнын бекіте түсуге тиіспіз.

Президенттің сайлау туралы заң күші бар жарлығы партиялардың саяси үдерістегі рөлін нақты анықтап беруі керек. Орталық сайлау комиссиясы сайлау алдында саяси партиялардың ұйымдастырылуы мен құрылымы жөнінде семинарлар өткізеді, ол семинарларға біздің еліміздің ресми тіркелген саяси партияларының барлығының белсенділері қалауы бойынша қатыса алады. Бұл мақсат үшін Орталық сайлау комиссиясына қаржы бөлінетін болады. Біз Қазақстанға келіп, біздің саяси партияларымыздың кадрларын оқыту мен даярлауға атсалыссақ деген ниеттегі үкіметтік емес ұйымдар деп аталатын шетелдік топтарды қолдауға тиіспіз.

Біздің мақсатымыз 1999 жылғы Мәжіліс сайлауына Қазақстанның саяси партияларының жан-жақты қатысуын қамтамасыз ету болуы тиіс. Бұл сайлаушыға өзінің саяси ықыласын дәлірек анықтауға көмектеседі, азаматтардың саяси үдерістің толыққанды қатысушысы болуына, Мәжілістің жаңа құрамына саяси партиялар өкілдерін енгізуге, сөйтіп парламент көшбасшыларын тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады. Парламентімізде әралуан көзқарас иелері барынша молырақ болуы үшін, Мәжіліске қосымша 10 орын қосуды ұсынамын, олар партиялық тізімдер бойынша мөлшерлес орын бөлу тегігі арқылы толығытын болады. Біз бұл шешімге ойланып-толғанып барып келдік және демократияны дамытуға бағытталған қуатты серпіліс болады деп санаймыз. Еліміздің саяси күштері бұл бастаманы еліміздің игілігі

үшін пайдалана біледі және мемлекетімізді нығайту мәселесінде жауаптылық танытады деп сенемін.

Мен саяси бағыттары қандай екендігіне қарамастан, барлық партияларды өз қызметінде біздің еліміздегі саяси және ұлтаралық тұрақтылықты құрметтеуге және сақтауға шақырамын. Біздің мемлекеттігіміздің де, еліміздегі демократияның да болашағы осыған байланысты.

Үшіншіден. Біз Сенат пен Мәжілістің барынша нығаюына, олардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, Қазақстандағы биліктің орнықтылығы мен сабақтас-тығына ұмтылуымыз керек. Бұл үшін мынаны ұсына-мын: республика Президенті мерзімінен бұрын қыз-метінен босатылған немесе лауазымынан бас тартқан, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда оның өкілеттігінің қалған мерзімінде Президенттің міндетін атқару Парламент Сенатының Төрағасына ауысады. Сенат Төрағасының Президент міндетін өзіне қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда бұл міндеттер Парламент Мәжілісінің Төрағасына ауысады. Мәжіліс Төрағасының Президент міндеттерін өзіне қабылдауы мүмкін бол-маған жағдайда бұл міндеттер Премьер-министрге ауы-сады. Сенат пен Мәжілістің комиссияларында үкіметтің жекелеген мүшелері мен елшілердің кандидатуралары талқыланатын болуға тиіс.

Еліміз өмір сүріп келе жатқан алғашқы 7 жылда біздегі мемлекеттік басқару ісінде Парламент қыз-метінің өзіндік дәстүрі қалыптасып үлгірді. Бүгін сіз-дердің алдарыңызда Қазақстандағы Парламенттің рөлі қаншалықты зор екендігінің көзі тірі куәгері ретінде тұруымның өзін мен мақтан етемін. Сонымен бірге мен алдағы жылдарда Парламент өзінің Үкімет жұмысы

жұртшылық мұқтажына сай келуінің кепілі ретіндегі рөлін күшейте беретініне сенемін.

Саяси партиялардың өкілдігі олардың мүшелерінің санына қарай мөлшерлес болу тетігін қабылдай отырып, біз Мәжілістің құрамын Қазақстандағы халық кеңінен қолдайтын сан алуан саяси көзқарастардың анағұрлым дәл әрі әділ айнасы ете аламыз.

Оған қоса, Парламенттің жұмысына ұлттық және діни азшылықтың өкілеттігін кеңінен қатыстыруды ұсынамын: бұл үшін Парламентке Президент тағайындайтын сенаторлардың бір бөлігі Қазақстан халықтары Ассамблеясы ұсынған кандидаттардың арасынан іріктелуге тиіс. Парламент әр палатасындағы дауыстың 80 %-мен Конституцияға өзгеріс енгізе алады, ол үшін бұл өзгерістер референдумда халықтың қолдауына ие болуы қажет, бұл ретте референдумға азаматтардың кемінде 50 %-ы қатысып, жақтап дауыс беруі шарт.

Ел басшылығының жауапкершілігін арттыру және мемлекеттік биліктің алдына дербес әрі мейлінше ерекше тармағы ретінде Парламенттің рөлін күшейту мақсатымен Премьер-министр мен оның кабинетінің мүшелері Парламенттің алдында жауапты болуы, депутаттар мен Парламент комиссияларының алдында тұрақты түрде сөз сөйлеп тұрулары керек.

Демократияландырудың төртінші өзекті буыны – үкіметтік емес ұйымдардың азаматтық қоғам құрудағы рөлін күшейту.

Демократиялық құрылым өзінен өзі қоғамның демократиялық екендігіне кепілдік бере алмайды. Демократия өз еркімен қалыптасқан жеке институттардың күрделі тетігіне арқа сүйейді, солардың көмегімен азаматтар саяси өмірге араласады, басқалардың, өз елінің

игілігі үшін еңбек етеді, өздерінің келіспейтінін білдіріп жатады, өз мүдделерін қорғайды.

Азаматтық бірлестіктердің шын мәнінде еркін қимылдауын қамтамасыз ету үшін, Әділет министрлігі қазақстандық және бізде жұмыс істегісі келетін шетелдік үкіметтік емес ұйымдарды тіркеу мен олардың қызметін бақылау тәртібін оңайлатуға, мұндай ұйымдардың құрылуы мен белсенді қызмет етуін қолдап отыруға тиіс.

Бесіншіден, тәуелсіз сот – демократиялық қоғамның іргетасы. Бізге барлық мәселелерді риясыз шешетін, абырой-беделін сатпайтын сот жүйесінің кәсіби биік деңгейін және дербестігін қамтамасыз ету керек. Судьяларды даярлаудың дәрежесін арттыру жөнінде көп іс тындыруымызға тура келеді. Жақында қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңды барынша қатал қолдануымыз керек. Президент Жоғары сот кеңесін басқаруға тиіс емес.

Алтыншыдан, еркін, цензурадан азат, тәуелсіз баспасөзді қалыптастыру ісінде қол жеткізгенімізді барынша дамыта түсуге тиіспіз. Үкімет журналистердің ақпаратқа еркін ие болуын оларға жасап тастаған жақсылыққа баламай, өзінің қоғамдық пікір алдындағы парызы деп қарағаны жөн. Еліміздегі еркін баспасөздің жолында әлі де көлденең тұрған кедергілерді жою жөнінде жұмыс істеуіміз керек. Сондықтан да бірқатар мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын жеке-шелендіруге бару қажет. Көптеген мемлекеттік кітап баспаларын жекешелендіре бастайтын боламыз. Елде тәуелсіз БАҚ-тардың болуы, қаншама қиыншылықтары болса да, олардың саны көбейе түсуі қоғамдағы ашықтықтың арта түскенін көрсетеді.

Ақыры, жетіншіден. Қоғамның өркениеттілігі оның әйелге қарым-қатынасынан көрінеді. Біз адамзаттың пәкиза бөлігіне деген көзқарасымыз қатты ойландыратынын ашық айтуымыз керек. Көп нәрсені өзгертуге тура келеді. Бұл проблеманың күрделілігін түсіне отырып, мен қазіргі Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат мәселелері жөніндегі кеңестің рөлін күрт көтеруге немесе оның орнына әйелдер мәселелері бойынша арнаулы комиссия құруға бекініп отырмын. Ол осы саладағы көкейкесті мәселелерді шешуде Президенттің де, Үкіметтің де басты кеңесшісі болуға тиіс.

Салған жерден бәрін шеше алмаймыз, алайда кейбір нақты істерді таяудағы жылда-ақ тыңдыруға болады.

Бірінші. Биліктің барлық органдарында әйелдердің өкілеттігін арттыру қажет. Керек десеңіз, бұл – әлеуметтік теңдік мәселесі.

Екінші. Тұрмыста әйелге зорлық-зомбылық жасаумен аяусыз күрес ашу керек. Мен Әділет министрлігіне әйелге зорлық-зомбылық жасау сияқты қылмыс түрлеріне жазаның мөлшерін қайта қарауды тапсырдым. Бұл шаралар бұрынғысынан әлдеқайда қатаң болады.

Үшінші. Саяси тәуелсіздік пен экономикалық тәуелсіздіктің ажырағысыз байланысты екенін түсіне отырып, Үкімет бизнеспен шұғылданғысы келетін әйелдерге несие беретін банк құруды қолдауы керек.

Құрметті отандастар!

Мен бүгін сіздерге баяндап берген бағдарлама бір-ақ күнде және кездейсоқ дүниеге келе қалған жоқ. Бұл – әлдеқайда ашық, бәсекеге қабілетті және әділ қоғамға ауысудың басы. Бұл – менің талайдан бергі ой-толғаны-

сымның, елімізде және әлемде болып жатқан құбылыстарды бақылауымның нәтижесі. Бұл – менімен пікірлес адамдардың да ортақ көзқарасы. Мені бұранданы қаттырақ бұрауға, беделге салып, белден басуға итермелеген күштер де болғанын жасырмай айтайын. Олар нағыз демократсып, бет пердесін қоғамдық пікірден бүркеп жүретіндердің арасынан да табылды.

Әділін айтар болсам, мені биліктің, жасыратыны жоқ, едәуір күшті биліктің ұшар басында тұрған адам ретінде мұндай демократияландыру қадамдарын жасауға, сөйтіп өз билігімді өзім шектеуге мәжбүр ететін ешқандай сыртқы себеп жоқ. Мәселе менің Қазақстандағы кез келген беделге бағынған билік, яғни авторитаризм түптің түбінде құрдымға апарды деген шынайы сенімімде. Тек еркін де демократиялық қоғам ғана біздің таяу болашақтағы тұрақтылығымыз бен бақытты өміріміздің кепілі бола алады. Мені демократия мен адам құқығына қарай қадам жасауға итермелеп отырған осы ой ғана. Осынау қорқынышты да қан-қасап ғасырда менің халқым шынында да еркіндікке азапты жолмен жетті. Мен осы халықтың қаны мен жанынан жаралған перзентпін, сондықтан да қилы ғасырдың соңында өзімнің пешенеме жазылған жүкті мойымай көтеруге тиіспін.

Алдымызда ауыр асу тұрғанын білемін. Саяси құрылымды өзгерту ешқашан оңайға түсіп көрген емес. Ол әсіресе осы өзгерістерді жүргізіп, оның үдерісіне жетекшілік еткен жандарға қиын. Өзгеріс десе өре тұра келетіндер қайда да табылады. Бәрі сол бәз-баяғы күйінде қалғанын қалайтындар оны жаратпайды. Жылы жерге әбден бауыр басып алғандар, еріншектер, бәріне қол сілтей салатындар, жаңалыққа жаны қастар мұн-

дай өзгерісті жаратпайды. Оны өткен күннің өктемдері жаратпайды.

Шығыста «Жол ақысы жүрсе өтеледі» дейтін ежелгі сөз бар. Ең бір қиын жылдарда жан тербейтін ұлы арманға, ата-бабаларымызға қанат берген арманға, онсыз болашақтың өзі де болмайтын арманға жету үшін, біз тек ілгері басуымыз керек.

Қымбатты қазақстандықтар!

Адам баласы ғарышқа көтеріліп, техникалық жаңа дәуірге есік ашып берген самғау сапарын нақ осы біздің қасиетті даламыздан бастаған болатын.

Бірақ біздің болашаққа самғауымыз әлі аяқталған жоқ. Бұл самғау жаңа ғана басталды. Енді небәрі 457 күннен соң әлем жаңа онжылдыққа, жаңа жүзжылдыққа, жаңа мыңжылдыққа аяқ басады.

Таяу қалған сол күнде Алматыдан Астанаға дейінгі, Қостанайдан Таразға дейінгі, Каспийден Балқашқа дейінгі, Ертістің жағалауынан Жайықтың жағалауына дейінгі жерде Қазақстан халқы өзінің болашағына қадам басады. Ал Қазақстанның қандай болмағы, оның әлемде қандай орын алмағы тек сіз бен бізге байланысты. Қауіп-қатер орасан. Бірақ мүмкіндігіміз одан да керемет. Халқымызда: «Қиындыққа мойымай, ұмтыл-дағы іспен жең, мақсатсыз жан өмірде қанаты жоқ құспен тең» деген аталы сөз бар. Бізді тарих таразылайтын болады. Бізге балаларымыз бен немерелеріміз көз тігіп отыр. Солар үшін, өзіміз үшін болашақ жолындағы осы айқаста мерейіміз үстем болмағы керек.

**Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары
бірінші шақырылымының бірлескен отырысында
«Қазақстан Республикасының Конституциясына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
Заңның жобасы туралы**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
1998 жылғы 7 қазан

Құрметті депутаттар!

Соңғы 7 күнде біздің небір шиеленіскен минуттар мен сағаттарды басымыздан өткізуімізге тура келді. Бүгін таңертеңгі мәжілісте сіздер мен ұсынған конституциялық өзгертулердің жобасын қабылдамай тастағанда, бұл шиеленіс өзінің шырқау шегіне жетті.

Қазақстанды дүр сілкіндірмесе де бір елең еткізген осы 7 күн, ең бері салғанда, маған оңай тиген жоқ. Шынымды айтсам, мен осынша маңызды бастамалар

бойынша Парламенттің қолдауын күткен едім. Бірақ басқаша болып шықты да, менің ұсыныстарым қабыл алынбады. Ол ол ма, сіздер бюджеттің орындалуына парламенттік бақылауды күшейту, әкімдерді кезең-кезеңімен сайлау мүмкіндігін енгізу, Парламенттің екі палатасы қызметінің мерзімін ұзарту сияқты қадау-қадау мәселелермен байланысты бірқатар қарсылай ұсыныстарды үзілді-кесілді түрде алға тарттыңыздар.

Оқиғалардың текетірес нұсқада дамуына жол бермеу үшін, біз мәмілегерлік комиссия құрдық. Оның қызметінің нәтижелері қабылданған ортақ қорытынды құжатта келтіріліп отыр.

Ашығын айтайын: мені бұл құжаттағының бәрі бірдей қанағаттандырмайды. Әйтсе де мен табылған ымыра үшін ел Парламентіне ризамын. Қазақстан саяси жүйені ырықтандыруға, күрделі жағдайда, әсіресе дүниежүзілік экономикалық дағдарысты есептегенде, қиын жағдайда қадам басып отыр. Дегенмен бұл – осы жылдар ішінде жасалған беріктік қорының тағы бір дәлелі.

Құрметті депутаттар!

Осынау қызуы мол аптаның қорытындысы бойынша жасауға болатын тұжырым біздің саяси институттарымыздың кемелдігі мен өркениетті парламент пікірсайысының салтанатына саяды. Тіпті ең күрделі пәтуаның өзі жанжалдан артық. Біз, тегі, тікелей көше қақтығыстары мен митингілік тайталастар кезеңінен өтіп, саяси үнқатысу өнеріне жаттыққан болармыз деген үміттемін.

Жұрттың көбі дамудың солшыл немесе солшыл-орталықшыл нұсқасы туралы даурығысып жатқанда, Қазақстан табанды да айқын түрде саясатты ырықтандыру мен нарықтық экономиканы жақтайды. Біз тағы

қайталап тәжірибе жасаудан аулақпыз. Біздің бағытымыз айқын да дәйекті.

Бүгін болған жағдайдың өзіндік қисыны бар және шығыстың бір көне тәмсіліне мейлінше үйлеседі. Біреу жолда келе жатып шұңқыр қазған адамға кездесіпті дейді. Оның артынан тағы біреу әлгі шұңқырларды көміп бара жатса керек. «Оу, бұларың не?» – деп сұрапты таңданған жолаушы. Сонда әлгі шұңқырларды көміп бара жатқан адам: «Екеуіміздің ортамызда тағы біреу болып, ағаш отырғызып бара жатуы керек еді», – деп түсіндірсе керек. Сол айтпақшы, Президенттің бастамашылығы мен халықтың демократиялық реформаларды қабыл алуға әзірлігінің арасында ағаш отырғызушы, дәлірек айтқанда – заң шығарушы керек. Ол – либералдық реформаның осы ағашын отырғызған Парламент, ал оның нәтижесі әлі көптеген жылдар бойы сезілетін болады.

Бүгінгі күн қаншама күрделі және алуан қырлы болса да, мен мұны ешбір әсірелемей-ақ тарихи күн деп атай аламын. Сірә, ірі оқиғалардың бәрі де өзінің мәні бойынша таптаурын болмайтын сияқты.

Сіздерді қоғам мен мемлекет өміріндегі осынау тарихи оқиғамен құттықтаймын.

Бәлкім, біздің бүгінгі шешіміміз түрліше бағаланатын да болар. Бұл біреулерге ұнар, біреулерге ұнамас, бірақ біз бүгін өз халқымыз үшін, Қазақстанымыз үшін шешім қабылдадық.

Алда болатын президенттік сайлауға қатысуға
шешім қабылдауы туралы

МӘЛІМДЕМЕСІ

Астана қаласы,
1998 жылғы 22 қазан

**Құрметті қазақстандықтар,
менің отандастарым!**

Менің саяси тағдырым мен өмірімде өте жауапты сәт туды. Біздің Парламентіміз 1999 жылғы 10 қаңтарға президент сайлауын тағайындағанын сіздер білесіздер. Мен осы алдағы сайлауда Президенттікке кандидат болып дауысқа түсуге шешім қабылдағанымды мәлімдеймін.

Сайлауға қатысуға ә дегеннен шешім қабылдамауымның себебі ең алдымен өзімнің аса зор жұмысбастылығыма байланысты болды. Баршамыз болып, қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын іздеген осынау аса күрделі жылдардың өн бойында менің қандай

тәртіптемеде және қалай жұмыс істегенімді сіздер білесіздер. Дегенмен Қазақстанның кейбір өңірлерінде болып, жұмысшылармен, инженерлермен, студенттермен, ардагерлермен кездескеннен кейін мен осы шешімге келдім. Күні бүгінге дейін мен Қазақстан азаматтарынан аса көп жеделхаттар мен өтініштер алдым. Халық бірлігі партиясы, Демократиялық партия, «Жастар Қазақстанның болашағы үшін» қозғалысы және басқа да көптеген саяси партиялар мен қозғалыстар өз съездерінде шешім қабылдап, менің дауысқа түсуіме, өз кандидатурамды ұсынуыма өтініш жасады.

Сіздер жақында Қазақстанның белгілі адамдары, интеллигенцияның, ғылым мен мәдениеттің өкілдері, ардагерлер маған өтініш жасағанын білесіздер. 19 қазанда еліміз ардагерлерінің кезектен тыс съезі өтіп, онда да менен өз кандидатурамды Президент сайлауына ұсынуымды сұрап, бірауызды шешім қабылданды.

Біріншіден, мен жасы үлкенді сыйлап өскенмін. Бала кезімнен солай тәрбиелендім.

Екіншіден, мені бүгін ардагер жасына жеткен адамдар тәрбиеледі, мен солармен бірге жұмыс істедім, олар мені өз араларынан өсіріп шығарды десем де болады. Сондай-ақ менің жұмысшылар ұжымдарына алғысым шексіз, өзім де солардың ортасынан шықтым: талай жыл бойы металлургия комбинатының қайнаған цехтарында жұмыс істедім, кәсіпорынға, қалаға, облысқа, республикаға басшылық еттім. Өзіме осындай өтініш арнаған Қазақстан ауыр индустриясы кәсіпорындарының жұмысшыларына алғысымды білдіремін.

Нақ өздерінің өмірін жақсарту үшін біздің «Қазақстан – 2030» стратегиямыз арналған жастарымызға ризашылық айтамын.

Сол кездесулердің бәрінде мен халықтың Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын, менің жақындағы Жолдауымды қолдайтынын сездім. Сондықтан мен еліміздің тәуелсіздігін нығайту үшін, ортақ шаңырағымыз – Қазақстандағы достықты, ұлтаралық келісімді одан әрі нығайта беру үшін, жұрттың бәрі тыныш өмір сүріп, аналар өз балалары үшін алаң болмауы, отбасылары да жайбарақат өмір сүріп, өркендей беруі және бақытты-бақуатты болуы үшін, не керектің бәрін істеуге кепілдік беремін.

Және, үшіншіден, қазір біздің айналамызда үлкен дағдарыс өршіп келеді. Біздің алып көршіміз – Ресей экономикалық қана емес, саяси да дағдарысты басынан кешіруде. Осындай жағдайда тұтас елді, оның экономикасын, қаржысы мен халқын осы дағдарыстан аман сақтау үшін, Қазақстанға айрықша шаралар қажет. Егер осы соққылар бізге де тиетін болса, оларға қарсы тұрып, зардабын азайту үшін, мен шұғыл шаралар қолданып жатырмын, оны өздеріңіз білесіздер.

Және, ақыр соңында, менің халыққа арнаған Жолдауым елді экономикалық дамытуды ғана емес, сонымен бірге біздің қоғамымызды демократияландыру туралы да айтады. Мен соны үзілді-кесілді түрде жүзеге асырмақшымын. Мен өз таңдауымды жасадым. Қазақстан ерікті демократиялық мемлекет ретінде дамып, XXI ғасырға, дүниежүзілік қоғамдастыққа тең құқықты түрде кіруі керек.

Осының бәрі мені өзімнің келісімімді беріп, барлық қазақстандықтардан кандидатурамды қолдауды өтінуге итермелейді. Мен сіздердің алдарыңызда ант-су ішіп, қайдағы бір болмасты айтуды қажет деп санамаймын. Сіздер мені биыл ғана көріп-біліп отырған жоқсыз-

дар. 1991 жылы айтқанымның бәрін: мемлекеттілікті, саяси тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді сақтауды, Қазақстанның дүниедегі беделін көтеруді, барлық көршілермен достасуды, біздің өміріміздің әлеуметтік-экономикалық, нарықтық жағдайларын құру үшін бәрін жасауды – мен орындап шықтым.

Қазір мен уәделі сөзімді орындаумен: адамдардың қыстан қысылмай шығуын қамтамасыз етумен, шаруалардан астық сатып алумен, мұғалімдерге, дәрігерлерге жалақысын төлеумен, төмен ақы алатын зейнеткерлердің зейнетақысын көтерумен айналысудамын. Өзіме ең алдымен осыны істеуім керек деп ойлаймын. Сіздер мені білетін шығарсыздар деп ойлаймын, маған сенетіндеріңізге күмәнданбаймын. Менің уәде ететін және кепілдік беретін бір-ақ нәрсем: сіздердің үміттеріңізді, арман-тілектеріңізді алдамаймын.

Иә, жұрттың бәріне қиын, кімге қиын емес дейсіз? Айналаға қараңыздаршы: қай елдің, әсіресе кеңестіктен кейінгі кеңістікте кімнің шекесі шылқып отыр екен? Әсіресе қатты қиналған самайларын ақ қырау басқан, соғыстың от-жалынынан өткен, Қазақстан бүгін қандай болса, сол үшін бәрін сарп еткен: өздерінің денсаулығын, өмірін, жан-жүрегін берген ардагерлер болды. Міне, өзгерістерден ең көп зардап шеккен солар болды және, соған қарамастан, өздеріңіз көріп отырсыздар ғой, мен еліміздің 2,5 млн ардагерлерінің атынан аманат алып отырмын. Басымды иіп, алғыс айтамын!

Мен келесі жылды Ардагерлер жылы деп жариялағым келеді, ондағы мақсат – олардың өміріне, тұрмысына бүкіл ұлттың, барша қазақстандықтардың назарын аудару, оларды жалғыздықта қалдырмау, оларға көмек көрсету.

Біз өз назарымызды әйелдер проблемасына аударамыз. Ол – халқымыздың тең жартысы. Оларды қолдау – отбасыларын қолдау деген сөз: шағын несиелеу соған бағытталған, әйелдер банкіні құру, әйелдерді жауапты қызметтерге көтеру ойда бар – біздің жұмысымыз сол болмақшы.

Жастар – біздің болашағымыз. Біз жастардың арасынан дарынды адамдарды елдің, министрліктер мен ведомстволардың басшылығына көтерудеміз. Бұл жұмыс жалғаса береді. Қазақстанды ХХІ ғасырға бастап апаратын жас өркендер өсуі тиіс. Біздің еліміздің зор болашағы бар және тағдыр бізге ХХІ ғасырға өркениетті халық болып кірудің ұлы мүмкіндігін беріп отыр, біз содан айрылып қалмауымыз керек.

Біз – демократиялық қоғамбыз. Мен әлі де баламалы кандидатуралар, өзін-өзі ұсынушылар болады деп ойлаймын және бұл қалыпты жағдай. Олар – Қазақстанның азаматтары, сондықтан мен олардың да құқықтарын қорғауға міндеттімін. Тек өз атымнан және қазақ халқының атынан сұрайтын бір-ақ нәрсем – күрестің қызды-қыздысында үнемі есте болсын: еліміздегі саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім бұзылмасын, мемлекетте берекесіздік тумасын, халқымыздың алтынға бергісіз игілігі – адамдардың достығын сақтап, нығайта берейік. Дүниежүзілік қоғамдастықтың алдында өз еліміздің абыройын түсірмейік. Алауыздық болмасын. Сонда біз өзіміздің бірлігімізді, мемлекеттігімізді нығайта білетін, дүниежүзілік қауымдастықтың терезесі тең бір мүшесі болатын қабілетімізді бүкіл әлемге паш етеміз деп ойлаймын.

**Құрманғазы Сағырбаевтың 175 жылдығына
арналған салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1998 жылғы 27 қараша

**Құрметті отандастар!
Қымбатты қонақтар!**

Әдетте әр елдің өзіне ұлттық мақтаныш ететін ұлы тұлғалары болады.

Қазақ халқының ұлттық әуенін әлемдік деңгейге көтерген осындай алып тұлғалардың бірі және бірегейі – бүгін 175 жылдық мерейтойы аталып отырған данышпан композитор Құрманғазы Сағырбайұлы. Құрманғазының күдіретті күйлері әлемнің әр түкпірінде сан елдің құлағының құрышын қандырып, жүрегін тербеп, рухани шөлін басты. Еліміздің даңқын асырды.

Қазақ деген халықтың бар екенін дүние жүзіне танытты, мойындатты.

Тарихқа тәуелсіздік тұрғысынан қарай алатын шақта Құрманғазы бабамыздан қалған асыл мұра бізге жаңа қырымен, жаңа мағынасымен бой көрсетеді. Ол мағына – ұлы күйшінің кемеңгерлігі, оның шығармашылық мұрасы біздің бүгінгі ең қымбат қазынамыз – тәуелсіздігімізбен тікелей байланысты екендігі. Шынында Құрманғазы өнер әлеміндегі біртуар тұлға ғана емес, ол еліміздің тәуелсіздігі үшін отаршыл, озбыр күшке қаймықпай қарсы күрескен қоғамдық-саяси тұлға. Оның азаттық ұранындай болған әйгілі «Сарыарқа», «Серпер», «Кішкентай», «Кісен ашқан», «Көбік шашқан», «Төремұрат» күйлері – қазақ халқының ең ауыр күндерінде сағын сындырмай, еңсесін түсірмей, тағдырына тура қарауға жәрдем берген. Жігерін жанып, сілкіндірген, дәтке қуат, жанға медет болған өмірсерік, бойтұмар күйлер. Бұл күйлерде ұлтымыздың рухы, оның жан сыры, мұңы, шаттығы, арманы мен тілегі, қайыспас қайсар жүрегінің лүпілі жатыр.

Енді, міне, көк байрағымыз желбіреген шақта осы қазына рухани әлемімізде қайралған алдаспаңдай азаттық нұрына шағылысып, бұрынғыдан да жарқырай түседі. Енді ұлттық мәдениетіміздің алтын өзегі – осы мұраны көздің қарашығындай сақтап кәдеге асыру бар, одан әрі жалғастыру бар, әлі де тани түсу, әлі де таныта түсу бар.

Осы тұста ұлы күйшінің өмірі мен шығармашылығын жарыққа шығарып, зерттеп, елге танытуда ерен еңбек сіңірген халқымыздың әйгілі күйшісі Дина Нұрпейісовадан бастап, ғұлама зерттеуші Затаевичтің, аса

көрнекті композитор, академик Ахмет Жұбановтың, ақиық ақын Хамит Ерғалиевтің есімдерін еске алудың артықшылығы болмас деп ойлаймын. Біз әрқайсымыз кемеңгер бабамыздың күреске толы өмірінен, ойға, сезімге толы шығармашылығынан туындайтын елдік, адамгершілік мұраттарды жүзеге асыруды азаматтық, перзенттік парызымыз деп түсінуіміз керек.

Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты
жиналыста «Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан!» атты

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
1998 жылғы 15 желтоқсан

Құрметті жиналысқа қатысушылар!
Құрметті қазақстандықтар!

Тәуелсіздігімізге 7 жыл толды. «Жеті» саны жер бетіндегі талай халықтың ұғымында бөлекше мәнді. Жеті атасын жатқа айтатын, жеті атаға дейін қан араластырмайтын, жеті ықылымның сырына зер салып, жеті қат аспанға қарайтын, жеті қазынаны қастерлейтін, азаматы өмірден озса жетісін атап, жеті нан беретін, жеті жұртпен жалғасса мұратына жететін біздің қазақ үшін «жеті» деген ұғым тіпті де қасиетті.

Сол жетіге жеткен Ұлы мерекеміз құтты болсын, халайық!

Бүгінгідей торқалы тойымыздың биігінен жүріп өткен жолымызға ой көзімен шолу жасар болсақ, әуелде сөзбен жарияланған тәуелсіздігімізді кейіннен іспен баянды ете білгенімізді, осы 7 жылда бері қойғанда 70 жылға барабар сапар шегіп тастағанымызды бағамдаймыз.

Халқымыздың сан ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы осы айналасы 7 жылдың жүзінде жүзеге асты. Тәуелсіздігіміздің берік негізін қаладық. Саяси және экономикалық жүйемізді түбегейлі өзгерттік. Өзіміз де өзгердік, жанымыз да жаңарды, санамыз да сараланды.

Басқаға жалтақтайтын күннен кеттік. Бар байлығымыз өзімізге бұйыратын еттік. Қоғамның саяси тұрақтылығы мен бірлігіне жеттік. Қысқасы, егемен ел болудың ең ауыр белесінен өттік.

Қазақстан осы 7 жылда тұлпарын баптап, ер-тұрманын сайлап, айыл-таргпасын байлап алды. Енді біздің ел атқа қонады! Дүйім дүниенің қандай дүбірлі додасына да тайсалмай түсетін болады, кім-кіммен де жалтақсыз жарысатын болады.

Сол жарыста тұлпарымыз бәйгеден келсін, ағайын!

Алғашқыда біздің бір-біріне ұқсамайтын сан салалы мәселелерді бір мезгілде шешуімізге тура келді. Мемлекеттілікті орнату, экономиканы реформалау, мүлде жаңа дүниетанымды қалыптастыру қажет болды. Әрі мұның бәрін де тарихи қысқа мерзім ішінде атқару керек еді. Әйтсе де біз бәріне шыдап шықтық және мұны мақтан етеміз.

Реформалардың дені саяси құрылысымыз бен қоғам өміріне қатысты болды. Іс жүзінде тәуелсіз мемлекеттің барлық негізгі саяси институттарын жаңадан құруға тура келді. Ел Конституциясы қабылданды, пікір алуандығы көппартиялылыққа негізделген осы заманғы саяси жүйе қалыптасты. Еркін сайлау негізінде сайланған екі палаталы Парламент ойдағыдай жұмыс істеп отыр. Азаматтық бостандықтар қамтамасыз етілді, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары қадағалаусыз, жоғарыдан берілетін пәрменсіз жұмыс істей бастады, мәдениет пен ғылымның еңсесін жаныштап келген идеологиялық қысым алынды. Билікпен үндесуі барған сайын тартымды болып келе жатқан қоғамдық ұйымдардың қатары толығып, көбейе түсуде.

Билік сатысы елеулі реформалауға ұшырады. Басқару міндеттері төменге – аймақтарға берілді немесе мемлекет қызметінің аясынан ығыстырыла бастады. Мемлекеттік аппарат едәуір қысқартылды, дегенмен кәсіби білігі жағынан биіктеді.

1992 жылдан бері республиканың өз Қарулы Күштері бар. Жауынгерлік даярлығы жоғары, оралымды да оңтайлы армия жасақтау мақсатымен қазіргі кезде оларды жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жеті жылдық тәуелсіздігіміздің басты жемісі – азаматтық бейбіт өмір мен ұлтаралық татулық – мемлекеттің барлық әлеуметтік және этникалық топтардың мүдделерін жарастыруға бағытталған байсалды саясатына қоғамның қайтарған жауабы осындай. Қазіргі кезде мемлекеттік мәртебе алған ұлттық тілімізді түлету үдерісі де ойдағыдай жүріп жатыр. Сонымен бір мез-

гілде ұлттық-мәдени орталықтарға көмек көрсетілуде, Қазақстан топырағында тұрып жатқан басқа халықтардың тілдерінде кітаптар мен газеттер шығарылады, елдің барлық тұрғындарының толық құқықтық теңдігі заң жүзінде бекітілген. Республикада газеттер 11 тілде шықса, теледидар 12 тілде хабар таратады, радионы жұрт 6 тілде тыңдайды. Елімізде ұлттардың мүддесін үйлестірудің бірегей құралы – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылып, республикада өмір сүріп жатқан барлық ұлттардың мәдениетін дамыту жолында сан салалы қызмет жүргізіп келеді. Қазақстан күллі ТМД-да орыс тіліне ресми мәртебе берген бірден-бір ел. Біздің тұрақтылығымыз – осындай күш-жігеріміздің заңды нәтижесі.

Экономикалық салада да үлкен өзгерістер бар. Біздің жолымыздың бастауында, ең алдымен, біртұтас мемлекеттің ыдырауы мен басқарудың директивалық жүйесінің күйреуі себепті экономиканың жағдайы жан түршігерліктей еді.

Біздің барлық күш-жігеріміз нарықтық қатынастардың осы заманғы жүйесін құруға, экономиканың қуатты жеке меншік секторын дамытуға бағытталды. Оның негізін кең ауқымды жекешелендіру құрады, экономика ғимаратының барлық қабаттарында терең реформалар жүргізілді.

Осының нәтижесінде қазір Қазақстан өндіретін ішкі жалпы өнімнің шамамен 75 %-ы жеке меншік сектордың үлесіне тиеді. Барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің 80 %-ға жуығы жеке меншік түріне негізделген.

1993 жылдың күзінде теңгені енгізу тәуелсіз қаржы-несие жүйесінің іргесін қалауға мүмкіндік берді.

Елге капитал тарту үшін барынша қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастырылуда. Атап айтқанда, инвесторлар қызметінің заңдық және нормативтік базасы әзірленді, құнды қағаздар нарығының инфрақұрылымы қалыптасты. Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет құрылды. Сөйтіп, 1997 жылдың өзінде инвестициялық салымдар өсімі 11 %-дан асып түсті.

Ал 1993–1997 жылдар аралығындағы кезеңде 6,6 млрд доллардан аса тікелей шетел инвестициялары тартылды. Бір ғана 1997 жылы олардың көлемі 2 млрд доллардан асса, биылғы тоғыз айдың өзінде 780 млн долларға жетті. Ал соңғы кезде Каспий қайраңының мұнай байлығын игеру жөнінде жасалған келісімдер таяу жылдары республика экономикасына 2 млрд доллар құйылуын қамтамасыз етпек.

Жүргізілген экономикалық реформалар нәтижесінде біз тұтыну рыногын молықтыруға қол жеткіздік. Айталық, биылғы қаңтар-қазан айлары аралығында бөлшек саудадағы тауар айналымының қарқыны өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 120 %-ға жуық өсті.

Шағын және орта кәсіпкерлікті ойдағыдай дамыту – шаруашылық жүргізудің тиімділігі жоғары жаңа тетігін жолға қоюдың, орта таптың негізін қалыптастырудың қажетті шарты. Мен шағын және орта бизнесті әрдайым қолдаумен келемін. Бұл тұрғыда істелген іс те көп, тұшымды нәтижелер де бар.

Ауылда меншіктің мемлекеттік түрінен мемлекеттік емес түріне көшу жүзеге асырылды. Қазір республикада 74 мыңнан астам шаруа (фермер) қожалықтары, 2,7 мың шамасында өндірістік кооперативтер, 2 мыңнан астам шаруашылық серіктестер бар. Шаруа қожалықтарының жалпы өнімінің мөлшері, 1996 жылға қарағанда, екі есе өсті. Ауылда нақты меншік иелері пайда болды: жерді меншіктеу құқығына 2,4 млн мемлекеттік акт берілді.

Биыл ауылдағы отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында мемлекет әділ бағасына 1 млн тоннаға дейін астық сатып алу үшін қаражат бөлді. Мұндай тәжірибе алдағы жылдары да жалғасатын болады.

Сөйтіп, нарық бастаулары мен ақыл-парасатқа негізделген жаңа экономика – егемен Қазақстанның берік іргетасы.

Дүниежүзілік қаржы дағдарысы біздің экономикамыздың беріктігіне елеулі сын болуы ықтимал. Сондықтан дағдарысқа қарсы шаралар дестесі жасалып, оларды іске асыру қазірдің өзінде қолға алынып отыр. Мен Экономикалық саясат жөніндегі кеңес құрып, ол жұмыс істей бастады. Кеңестің міндеті – жағдайды бақылауға алу және оның өзгеруіне орай дер кезінде шаралар қолдану.

Алайда базбіреулердің: біз де сайлаудан кейін Ресейдің тамыз айында басынан кешкен кебін киетін боламыз деп қауіптенетіні бар. Онда бір сәттің ішінде халықтың орасан көп бөлігі қайыршылыққа ұшырады. Күнбе-күнгі қажет тауарлардың бағасы 4–5 есе өсіп, доллар 3 есе қымбаттап шыға келді де, зейнетақы мен

жалақы өзгермеген күйінде қалып қойды. Оған қоса банк жүйесі банкротқа ұшырап, халықтың жиған-тергені тағы да құнсызданып кетті.

Бізде олай болмайды, оның ешқандай экономикалық алғышарттары жоқ, ал халықтың арасына үрей туғызып жүргендер – экономикадан хабары жоқ шала сауаттылар. Егер халық маған сайлауда сенім көрсететін болса, біздің бағытымызды батыл қолдайды деп білемін. Ол – жекешелеңдіруді, зейнетақы реформасын одан әрі жалғастыру бағыты. Ол – ең төмен инфляция мен жаңа инвестициялар тарту деген сөз. Нақ бүгінгі Үкімет, соның негізгі арқауы реформаларды одан әрі жалғастыратын болады.

Мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі – әлеуметтік сала болып келді және бола береді. Әлеуметтік қажеттерге жыл сайын ДЖӨ-нің шамамен 15 %-ы немесе мемлекеттік бюджеттің барлық шығыстарының 50 %-дан астамы жұмсалады.

Қазіргі кезде зейнетақы, сондай-ақ мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысы бойынша берешек негізінен өтелді. Еліміз қысты жылумен және электр жарығымен қарсы алып отыр.

Менің тапсырмам бойынша республикада нашар қамтамасыз етілген азаматтарға шағын несие беру бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Қазірдің өзінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорынан 9 мыңнан астам азаматқа 307 млн теңгеге жуық шағын несиелер берілді. Өз кезегінде нашар қамтамасыз етілген азаматтарды қолдау жөніндегі жалпыұлттық

қор мұқтаж адамдарға 60 млн теңгедей сомада 2 мыңдай несие берді.

Жұмыссыздарға көмек көрсету үшін, мемлекет қоғамдық жұмыстар ұйымдастырып отыр, оған биылғы жылдың басынан бері республика бойынша 27 мың адам қатысты. Бұлар – әлеуметтік нысандарының құрылысын аяқтау, жолдарды жөндеу, көгалдандыру сияқты жұмыстар. Келесі жылы қоғамдық жұмыстарға 80 мың бос жүрген адамды тарту көзделіп отыр.

Біздің үлкен істеріміздің тағы бірі – білім беру жүйесінің барлық сатыларын реформалау. Білім беру жүйесін әрі сапалы, әрі қолжетімді ету керек. Парламенттің қарауында «Білім беру туралы» Заң жатыр. Ол алдағы көптеген жылдарға жаңартылған білім жүйесінің негізін қалайтын болады.

Жұртшылыққа арналған медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасы арттырылды және бұл ең алдымен бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету жүйесін нығайту есебінен жүргізілді. Менің тапсырмам бойынша «Халықтың денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Оны іске асыру барысында туберкулезбен ауырғандарды емдеудің экономикалық әдістемесі енгізіледі.

Қазақстан өзінің барлық көршілерімен бейбіт қарым-қатынаста, өйткені біздің арамызда қандай да бір елеулі қайшылықтар мен проблемалар жоқ. Бізге дұшпандық көзқарастағы бірде-бір ел жоқ.

Қазақстанның аумағынан ядролық қару мен оны жеткізетін құралдарды әкетудің есесіне ядролық державалар оған қауіпсіздік кепілдігін берді.

Қазақстан Республикасы өзі үшін нақтылы мүдделілік туғызатын елдердің бәрімен де достық қарым-қатынастарын дамытып келеді. Бұлар ең алдымен біздің көршілеріміз. Ресей Федерациясымен Каспий теңізінің мәртебесі, өзара қаржылық талаптар, «Байқоңыр» ғарыш айлағын жалдау ақысы сияқты бірқатар мәселелер бойынша ортақ келісім таба алдық. Қытаймен арадағы ынтымақтастық та ойдағыдай дамып келеді, саудамыз өсіп, саяси байланыстарымыз нығая түсуде.

Шекара шегін айқындаудың ҚХР-мен арадағы тату-көршілік қатынастарымыздың қосымша кепілдігіне Орталық Азия аймағындағы тұрақты қарым-қатынастарымыздың берік іргетасы қаланып отыр. Үш мемлекет: Қазақстан, Өзбекстан мен Қырғызстан арасындағы Мәңгі достық туралы шартқа қол қойылды.

Сыртқы саясаттағы басқа да белсенді бағыттар бойынша қарым-қатынастарымыз серпінді дамып келеді.

Сөйтіп, егемен Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі болып, әлемнің барлық елдерімен тең құқылы әріптестікті ойдағыдай дамытып келеді.

Қазақстанның жаңа елордасы – Астана біздің егемендігіміздің жүзжылдық тәмәмдалар тұстағы, ғасырлар қиылысындағы жарқын нышанына айналды.

Астананы ауыстыру қажеттігін географиялық, көліктік, басқарушылық, коммуникациялық, геосаяси факторлар талап етті.

Мемлекетіміздің тарихында тұңғыш рет ортақ ұлттық мүддемізді ескере келіп, өз астанамыз жөнінде өзіміз дербес шешім қабылдадық.

Жаңа астанамыздың орналасқан өңірі мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыруға мүмкіндік туғызып отыр. Орталық биліктің аймақтық проблемаларға жақындай түсуі елдің ішкі проблемаларын мемлекеттің геосаяси мүддесі тұрғысынан шешуге мүмкіндіктер ашып берді.

Бүгін, араға бір жыл салып, Астана келбеті құлпырып шыға келді. Астана көшіріле бастаған кезден бері 45 млрд теңгеден астам қаржы, соның ішінде биылдың өзінде ғана 27 млрд теңге игерілді. Сонымен қатар бюджет шығыны барынша азайтылды.

Астанадағы құрылыс дүмпуі бүкіл ел экономикасының өрісін кеңейте түседі. Жаңа елордада орта және шағын бизнес өркендеп келеді, онда 6 мыңдай адам жұмыс істеп жүр. Олар 1,5 млрд теңгенің жұмысын атқарып, қызметін көрсетті. Астана көптеген қазақстандықтар үшін жұмыстылық мәселесін шешіп берді. Бір жылдың ішінде мұнда 12 мыңдай жұмыс орны құрылды.

Қазір осы заманғы ғылыми және мәдени база қаланып жатыр. Қала ірі-ірі ғылыми және мәдени шаралар – халықаралық ғылыми симпозиумдар мен конференциялар, фестивальдар мен көрмелер ұйымдастыратын орынға айналды. Ал 1999 жылы барлық мәдени шаралар Алматыда емес, осында өткізілетін болады. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті таңдаулы оқу орнына айналып келеді.

Төлтума сәулетшілік шешімдер Қазақстанның жаста бас қаласына қайталанбас ажар бітіретін күн де алыс

емес. Астананың Еуразиялық өркениет орталықтарының біріне айналатынына да сенімім кәміл, бұл бағытта тынымсыз жұмыс істеле бермекші.

Сөйтіп, біз тарих өлшеміне салғанда өте қысқа мерзімнің ішінде жалпы қазақстандық үйімізді тұрғызып алдық. Оңайға түспеген бұл жеңіс – ұлы еліміздің жүрер жолын өзі қалап алған сан миллион халқының қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Тәуелсіздікті жариялау ең алдымен ұлттық құндылықтардың жырымдалуына тосқауыл қойды, тілі, мәдениеті мен дәстүрлері ортақ қауымдастық ретіндегі ұлтымызды сақтап қалуға мүмкіндік берді. Ұлттық бірегейлігіміздің жойылу қаупі сейілді. Бүгін Қазақстан жерінде ұлттық астамшылық қағидатынан бас тартуға негізделген көпэтностық жарасымы орныққан.

Қазақстан халқы мемлекеттік басқарудың өңірлік оқшаулану жолына тосқауыл қойған оңтайлы жолын өзі таңдап алды да небір қантөгістерден аман қалды. Бұл – оның елдік даналығының көрінісі.

Ендігі жерде ешқашан және ешкімге Қазақстан жерінен ядролық қатер төнбек емес. Біздің ядролық тажалды еліміздің аумағынан аластау жөніндегі ұйғарымымыз күллі әлемнің тағдырына оңды ықпал жасап, оның басындағы қауіптің бұлтын сейілтті. Жаппай қырып-жоятын қаруды сынау полигондарын жабу да – нақ осы бағыттағы әлемдік мәні бар қадам.

Оған қоса интеграциялық бастамалардың тұтас бір түйдегін де Қазақстан көтерген болатын. Ерте ме, кеш пе, ол да ТМД топырағындағы қазіргі қатқыл

тоңды жібітіп, өзіндік арна тартарына сенімім мол. Маңыздысы сол – біздің даусымызды естіп, оған құлақ түретіндер бар. Өйткені біздің үнімізден сабырлылық пен қайрат-күштің лебі еседі, әлемдік тарихтың субьектісіне айналған елдің ерік-жігері сезіледі.

Тарихын ұмытқан немесе жоғалтқан халық – бағыт-бағдарынан айырылған, нысаналы әрекетке қауқарсыз халық. Мұндай жағдайда өмір уақытты тек тіршілік сағаты ғана қайырып тұрған құмырсқаның илеуіндегідей күйбеңге көшеді. Ал тарихтың сағаты мәңгіге тоқтап, өткеннің мәйегі жоқ, келешегінің тамыр тартар дәйегі жоқ тіршілік қана қалады.

Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жарияланған Қазақстан тәуелсіздігінің жетінші жылының басты ұраны тарихымызды өзіміз үшін де, ұрпақта-рымыз үшін де сақтау болып отырғаны осыдан келіп шығады.

Даму барысының өзі бізді бабаларымыздың өмірі мен ісіне байыптап үңіліп, олардың жеңістерін бағалап, жеңілістерінен сабақ алу, даналығын бағамдап, олар ашқан ақиқатты пайымдау қажеттігіне әкеліп тіреді. Осының бәрі де, қосып алғанда, еліміздің тарихы аталады, жұлынып тасталған немесе ақ қалпында қалып қойған парақтарын биыл өзіміз зор сүйіспеншілікпен ізерлеп жиыстырып, қалпына келтірген тарих атты киелі кітап делінеді. Тарихи жадымызды қалпына келтірмейінше, өзімізді халық ретінде ұғынуымыз, кім екенімізді, қайдан шыққанымызды анықтау, болашаққа жол тартып, оны жас мемлекеттің ақ парақтан емес,

ұлт кешкен орасан зор жолды ескеріп, терең пайымдап барып бастаған өмір шежіресіне айналдыру мүмкін емес. Отанымызды өзімізге мирас еткен бабаларымыз осыдан артық марапатты қаламас еді деп ойлаймын.

Халқымыздың тарихы әлі де жазыла, нақтылана береді. Дегенмен уақыт қойнауына салиқалы сапар жасатқан 1998 жыл сәтті болды деуге толық негіз бар.

Ғалымдарымыз бен мамандарымыздың ұлттық тарихымызды қалпына келтіру жөніндегі атқарған жұмысы шын мәнінде керемет.

Ең алдымен, тарихи әдебиет шығару аса зор қарқын алды. Қазақстанда тарих, этнография мен мәдениет жөніндегі кітаптар бұрын-соңды мұндай көлемде шығып көрген емес. Биылдың өзінде ғана ондаған академиялық еңбектер мен энциклопедиялар басылып шықты. Қазақстанның ХХ ғасырдағы тарихының тауқыметті беттеріне – саяси қуғын-сүргін мен тұтас халықтарды Қазақстанға айдап әкелу баянына арналған іргелі еңбектер жарық көрді. Үстіміздегі жылы ғана тарихтың алуан қырын зерттейтін 40 шақты еңбек басылды.

Қожа Ахмет Яссауидің мұрасы – «Диуани хикмет» тұңғыш рет жеке кітап болып жарық көрді. Тарих және этнология институтының ұжымы Өзбекстан ғалымдарымен ынтымақтаса жүзеге асырған исі түркі тарихы жөніндегі аса құнды еңбек – Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» кітабын орыс тіліне тәржімалау аяқталды.

«Отан тарихы – Отечественная история» атты жаңа ғылыми журналды шығару қолға алынды. Сөйтіп, тарихшы ғалымдарымыз оның беттерінде өткен күндердің оқиғалары жайында ой бөлісуге, ашқан жаңалықтары мен күмән-күдіктері жайында әріптестерімен пікірлесуге мүмкіндік алды.

Қазақстан тарихындағы көне заманнан бүгінгі күндерге дейінгі ең бір елеулі оқиғалар туралы тұжырымды да қысқаша тұрғыда баяндайтын, 75 желіден тұратын «Ұлттық тарих» телехабарлар циклы да ықыласпен тамашалауға тұрарлық.

Тарих жылының ендігі бір келелі белгісі – ірі-ірі конференциялардың өткізілуі. Айталық, Алматыда Ұлттық ғылым академиясы ғалымдары жалпы жиналысының «Отан тарихының сабақтары және Қазақстан қоғамының қайта жандануы» тақырыбына арналған сессиясы өткізілді. Бұл – отандық академиямыздың шежіресіндегі ұлттық тарихқа арнайы бағышталған тұңғыш сессия. Оған Ресейдің, Өзбекстанның, Түркияның, Қытайдың, АҚШ пен Жапонияның ғалымдары қатысты. Жыл ауқымында түрлі тақырыптарға арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар Өскеменде, Семейде, Қостанайда, Қарағандыда және Таразда өткенін айту керек. «Ұлы Жібек жолы және Қазақстан» халықаралық ғылыми форумы өткізілді.

«Тарих» ұғымы мен «мұрағат» ұғымы қашанда бір-бірімен сабақтас. Тарих жылының барысында Қазақстанда мұрағат ісін ретке келтіру жөнінде орасан зор жұмыс жүргізіліп, тарихи құжаттардың талай

жинақтары жарық көрді. Ресейдің, Өзбекстанның, Қытай мен Түркияның архивтерінен Қазақстанның тарихына қатысты құжаттар табылып, зерделеніп жатыр, олар көп ұзамай жарияланатын болады.

Маңызы орасан зор тағы бір жұмыс жүргізіліп жатыр: Қазақстан архивтері жазықсыз қуғындалған азаматтар хақындағы тарихи әділеттілікті қалпына келтіру ісімен шұғылдану үстінде. 1993 жылдан бастап бүгінге дейін қуғын-сүргін жылдары жапа шеккен 17 мыңдай азамат пен еріксіз қоныс аударылған 200 мыңдай адам ақталып отыр.

Нақақтан сотталған және жазықсыз жазаланған бір азамат ақтаусыз қалғанға дейін біз тоталитаризмнің қанды таңбасынан арыла да алмаймыз. Сондықтан жазықсыз жандарды ақтау ісі одан әрі жалғастырыла береді. Талай ғылыми жаңалықтарды ашқан 30-ға жуық археологиялық және этнографиялық экспедициялардың жұмысы Отанымыздың тарихына терең үңілу болды.

Қазақстанның барлық облыстарын жан-жақты этномәдени тұрғыдан зерделеу жүргізілді. Сөйтіп ол қазақ халқының салттарын, дәстүрлерін, ділін зерделеуге зор үлес болып қосылды, орасан зор мөлшерде бағалы этнографиялық және тарихи материалдар берді. Бұл қазақ халқының өмір тарихындағы ең ауқымды этномәдени зерттеу болды. Ал оны біз ХХІ ғасырдың табалдырығында жүзеге асыра алдық. Бұл да тәуелсіздіктің нышаны.

Тарих жылының ауқымында бірегей тарихи ескерткіштер – Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі, Алаша хан мен Жошы ханның мазарлары, Бекет ата мешіті мен басқа да көптеген ескерткіштер жаңғыртылды.

Қазақстанда Құрманғазының 175 жылдық және Ахмет Байтұрсынұлының 125 жылдық мерейтойлары кеңінен аталып өтті. Тараздың 2000 жылдығына, Түркістанның 1500 жылдығына және Қорқыт бабаның 1300 жылдығына әзірлікке байланысты мерейтойлық шаралар одан әрі жалғасын тапты.

Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылының шаралары еліміздің ішінде ғана емес, одан тысқары жерлерде де орасан зор қоғамдық желпініс туғызды. Қазақстан туралы көрмелер ұйымдастырылып, кітаптардың шығарылуы, деректі және көркем фильмдердің көрсетілуі Италия мен Францияда, Бельгия мен Австрияда, Түркия мен Қытайда жұртшылықтың біздің елімізге деген ынта-ықыласын туғызды.

Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жөніндегі экспонаттардың Италиядағы көрмесі таңданарлық табыспен өткеніне өзім куә болдым. Палаццо тарихи сарайында қойылған 560-тан астам экспонатты 3 айдың ішінде 65 мың адам келіп тамашалаған екен.

Францияның Сен-э-Марн департаментінде біздің еліміз мәдениетінің «Қазақстанға көзқарас» күндері өткізілді. ҚХР-да биыл ғана жергілікті мұрағат материалдарының негізінде қазақтардың мемлекеттілігінің тарихы жағдайында жазылған үш кітап жарыққа шықты. Түрік тарих қоғамы «Қазақстан тарихының»

бір томдығын тәржімелеуге кірісті. Түркияда тұрып жатқан қазақ шығайлары материалдарының негізінде «Қазақ шығайларының тарихи тағдыры. Пайда болуы мен дамуы» атты кітап жазылып, жарыққа шығарылды.

Әр оқиганың, әр тарихи тың жаңалықтың, жазылған монографиялардың, рефераттар мен мақалалардың әр жолының астарында ғалымдарымыздың, мұрағатшыларымыздың, әдебиетшілеріміздің, мәдениет қайраткерлеріміздің орасан зор, тіпті жанкешті еңбегі жатыр.

Бүгін Қазақстанның ойдан өрілген артығы мен ақтаңдағы жоқ жаңа тарихының авторлар ұжымы болған осы жандардың бәріне де өзімнің айрықша ілтипатым мен ризашылығымды білдіргім келеді.

Алда тұрған істер әлі көп. Бұл «геродоттық» қажыр-қайрат пен ыждағаттылықты талап ететін қиын да қайырлы жұмыс және мен қазақстандықтардың келер ұрпағы бұл еңбекті лайықты бағаларына кәміл сенемін.

Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Неге десеңіз, адам тағдырының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана көріп, оның рухын сезінеміз.

Біз халық жадында қалған ұлы тарихи қайраткерлерді соншама қастерлейтініміз неліктен? Сірә, олардың бәрі өздерінің іс-әрекеттерінен көрінген, тіпті керек десеңіз, сол әрекеттеріне түрткі болған қасиеттерімен ерекшеленетіндігінен шығар. Олардың бәрі белгілі бір дәрежеде тарихтың барысын тездетіп, оның жайбарақат жүрісіне қамшы болған, белгілі бір тарихи үдерісті

жеріне жеткізген немесе жаңа бір үдерісті бастап беріп отырған.

Біздің ұлы қандастарымыздың бәрі өмірлерімен, шабытты қызметтерімен бүгінгі тәуелсіздігімізді жақындатумен болды. Сондықтан халықтың ілтипатты зердесі олардың есімдерін мәңгі сақтап қалды.

Олардың бәрін біріктіретін екінші қасиет – абзал азаматтық. Халқы мен елінің алдындағы өз борышын анық және айқын сезінген және өздері қай дәуірде өмір сүрсе де, ең бір ауыр жағдайларға да қарамастан, сол борышын орындаудан жалтармайтын нақ сондай адамдар – елдің нағыз азаматтары солар. Олар ұлт тарихының барлық кезеңдерінде оның сәні мен мақтанышы болған. Ол ол ма, тіпті бір есептен өздері де оның бір-бір кезеңі, халқымызды тәуелсіздікке бастар бағдарламасы, тарихының жолын нұрландырар манар шамы болды десе де артық емес.

Халқымызда «азамат» деген сөз бар, адамға берілетін бағаның үлкені сол. «Азамат бол» деп тілек айтады. «Азамат екен» деп сүйсініп жатады. Ойлап отырсаңыз, біздің бүкіл тарихымыз ата-бабаларымыздың осы азаматтық жолындағы тыныс-тіршілігіне құрылатын сияқты. Негізінен көшпелі өмір салтын ұстанған елде артық дүние-мүлік жинаудың қажеті шамалы еді. Мыңғырған малы бар адам да кейде бір жұттан кейін қолына қу таяғын ұстап қала беретін. Соны білгеннен де қамшының сабындай мына қысқа ғұмырда біздің бабаларымыз алдымен кісілікті, адамдықты ойлапты, ұрпаққа ұлы ұран болатындай «Малым – жанымның

садағасы, жаным – арымның садағасы» деген теңдессіз терең сөз қалдырыпты. Сонау Ұлы Түркі қағанатының батырларынан кешегі қанды желтоқсанда қарға алау жаққан жалын жүрек жастарымызға дейінгі аралықтағы мың-мыңдаған асылдардың бәрі де алдымен азамат болуды ойлаған. Ордабасы биігінде бар қазақтың басын қосып, тірі қалу үшін ірі болу керектігін, ірі болу үшін бір болу керектігін ұрпақтан ұрпаққа ұқтырып кеткен үш ұлы биіміз – Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би де алдымен қазақтың бар баласының азаматтықты мұрат тұтуын армандапты.

Сәуір айында ғылыми және шығармашылық интеллигенциямен болған кездесуімде мен, «ел байлығы» және жер қазынасы ұғымдарымен қоса, «ер байлығы» дейтін ұғымның да өмір сүруге қақысы бар деген едім. Нақ осы «ер байлығының» басты өлшемі мен өлшеуіші – еліміздің азаматтары. Ондай адамдардың дәл санын айту қиын, тіпті мүмкін емес. Бірақ бір білетініміз: олар аз емес, біз соған шүкіршілік етеміз. Егер олар көп болмаса, біз бүгінгі күнге қандай күйде жетер едік? Ал Қазақстанның көпұлтты, көптілді, көпдінді халқы өз жүректерінің түкпірінен толық өзара түсіністік тауып отырғаны – сол азаматтардың ерен еңбегі. Біздің тәуелсіздік туын асқақ көтеріп, қоршаған дүниені өзімізбен санасатындай етіп отырғанымыз да – көп реттен солардың арқасы. Әбубәкір Кердері бабамыз: «Жігітке елдік те оңай, ерлік те оңай. Әгерки қабырғалы болса халқы» деп тегін айтпаған. Шынында, артыңда Алатаудың ақбас шыңдарындай, Сарыарқаның сайын даласындай және Атыраудың ақ айдынындай болып Алаштың ардақты

азаматтары тұрса, ал сенің асыл арманыңды, ауыр жүгің мен ақ ниетіңді бірге көтерісіп көптеген туысқан халықтардың даңқты перзенттері және бәрінен бұрын ежелгі одақтастарымыз әрі достарымыз – орыс халқының өкілдері тұрса, қандай да болса кедергілерден не деп сескенеңсің, мақсатыңа жетуден қалай күдіктенеңсің! Демек, біздің жолымыз осы және біз одан еш-уақытта таймаймыз!

Отпен ойнауды өз бизнестеріне айналдырып алған кейбір саясат саудагерлері Қазақстанға тәуелсіздік көктен түсе қалды деп сандырақтауларын қоймайды. Бұл барып тұрған жала әрі надандық.

Тәуелсіздіктің қалпына келтірілуі – біздің тарихи ізашарларымыз сан ғасырлар бойы жүргізген күрес пен қарсылықтың заңды нәтижесі. Бұл – ұшан-теңіз аумақты ақ найзаның ұшымен қорғап қалған ата-бабаларымыздың ерлігі. Өйткені мұндай аумақсыз мұндай мемлекет те болмас еді. Бұл – Жаратушының мейірімімен орнаған әділдік. Тәуелсіздіктен айрылғаннан кейінгі екі жарым ғасырға созылған бодандықта халықтың барлық ойы мен арманы, әні мен жыры бостандыққа үндеумен болғаны тегін емес қой. Сол шақта төгілген қан мен сөгілген өмірде қисап жоқ.

Ата-бабаларымыз жағып, әкелеріміздің қолымен бізге табыс етілген, тарихтың алағайы мен бұлағайында да сөнбеген азаттық жолындағы күрестің алауын енді балаларымызға табыс ету – елде аяқталғалы келе жатқан Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылының басты және негізгі тағылымы мен мақсаты осы болатын. Ата-бабаның жарқын өсиеттеріне адал болайық!

Тәуелсіздікке жетуіміздің жылдығын атап өте отырып, біз, Қазақстанның көпұлтты халқы, еліміздің жарқын болашағы үшін жандарын қиып, еселі еңбегімен, азаматтық ерлігімен осы күнді жақындата түскен ардагерлеріміздің әруақтары алдында басымызды иеміз.

Осыдан 7 жыл бұрын біздің халқымыз үшін тәуелсіздік сынағы басталды. Бұған сенімсіздік білдіргендер де, тіпті ашықтан-ашық мысқылдай қарағандар да аз болған жоқ. Қазір соның бәрі артта қалды. Қазақстан дербес мемлекет ретінде орнықты. Әрі ол бұдан өзінің болмысынан айырылмағаны былай тұрсын, қайта, дүниежүзілік қоғамдастыққа ашық шырайын танытып, баршаның ықыласына бөленіп, тәнті қылып отыр. Ақырында, біз дүниенің толайым әрі сөзсіз мойындауына ие болдық. Бұл – біздің ортақ бақытымыз және оны өзіміз бағалай білуіміз керек.

Тәуелсіздігіміздің іске асуы – көбінесе Қазақстан халқының, оның тәуелсіздікке әзірлігінің, сол жүкті қабыл алып, көтере білуінің, ортақ іске жұмыла кірісіп, құлшына атқаруының арқасы.

Халқымыздың азаматтығы мен жауапкершілігіне сын болатын алдағы сайлауда да қазақстандықтар бірлік пен тұтасқандықтың үлгісін көрсететініне сенімдімін.

Осыған орай менің ойыма Астананың тұсаукесері үстінде алғашқы қойылымы болған «Хан Абылай» спектаклінің бас кейіпкері айтқан: «Азаттық жол – азапты, тәуелсіздік жолы – тәуекел» деген тамаша сөздер орала береді. Сол сөздер баршамыздың ортақ ойымыз бен уайым-қайғымызды дөп басқандай.

Қазір халқымыздың алдында тұрған қиындық көп. Шешілмеген мәселе де жеткілікті. Біз оны жасырмаймыз. Сондықтан да күн демей, түн демей еңбек етудеміз.

Алдымызда асу-асу белдер бар, сын сағатта ұйытқи соғар желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне көну керек, бәріне төзу керек. Тәуекелге тұратындардың ғана қолы жетпесе тәуелсіздік бола ма? Арпалыспен келмесе шынайы азаттық бола ма?

Бізге азаттық азаппен, арпалыспен келген, тәуелсіздік тәуекелге түскен. Сондықтан да біз осы ұлы ұғымдардың қадірін де, қасиетін де білеміз, бағалаймыз. Сондықтан да бұл бақытымыз баянды болады, ұзағынан сүйіндіреді деп сенеміз.

Біздің арманымыз – еркін әрі тәуелсіз Қазақстанның дәулетті де сәулетті елге тезірек айналуы.

Сол жолда елім деген, жерім деген әрбір азамат бойындағы бар күш-жігерін, білімі мен білігін аямай жұмсайтындығына сенеміз.

Осы қайырлы жолға қатарымызды нықтап бірге түсейік, бауырларым! Тәуелсіз Қазақстан мәңгі жасасын!

Қабылданған қысқартулар

ТІЗБЕСІ

- АКСР Автономиялық Кеңестік Социалистік
Республика
- АӨШК Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары
кеңесі
- АСЕАН Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің
қауымдастығы
- ӘӨК әскери-өнеркәсіптік кешен
- БАҚ бұқаралық ақпарат құралдары
- БОАК Бүкілресейлік орталық атқару комитеті
- БҰҰ Біріккен Ұлттар Ұйымы
- БҰҰДБ БҰҰ Даму бағдарламасы
- ҒЗТҚЖ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-
конструкторлық жұмыстар
- ДДСҰ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
- ЕАО Еуразиялық Одақ
- ЕҚДБ Еуропа қайта құру және даму банкі
- ЕҚЫҰ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық
ұйымы
- ЕО Еуропалық Одақ
- ЖЭС Жаңа экономикалық саясат
- ИКУ Ислам конференциясы ұйымы

- КҚК** Каспий құбыр тарту консорциумы
- КСРО** Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
- КТУ** кәсіптік-техникалық училище
- Қазақстан К (б) П ОК**.....Қазақстан Коммунистік большевиктер партиясының Орталық Комитеті
- НАТО** Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы
- ОАО**..... Орталықазиялық Одақ
- ОК** Орталық Комитет
- РКФСР** Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы
- СШҚ**..... стратегиялық шабуыл құралдары
- ТМД**..... Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
- ХВҚ**..... Халықаралық валюта қоры
- ІЖӨ** ішкі жалпы өнім
- ЭӨКК (СЭВ)** Экономикалық өзара көмек кеңесі
- ЭСКАТО**..... БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы
- ЭЫҰ** Экономикалық ынтымақтастық ұйымы
- ЮНЕП**..... БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы
- ЮНЕСКО**..... БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы

Географиялық атаулар

КӨРСЕТКІШІ

Абхазия.....	375
Австралия.....	404
Австрия.....	97, 613
Австро-Венгрия империясы (1867–1918 жж.).....	396
Азия құрлығы	26, 31, 47, 50, 70, 104, 105, 113, 142, 210, 212, 247, 283, 285, 287, 372, 406, 414, 554, 570
Азия-Тынық мұхит өңірі.....	69, 103, 117, 141, 152
Ақмешіт қаласы.....	545
<i>(1925 жылдан – Қызылорда қ.)</i>	
Ақмола қаласы (Ақмола обл.)	13, 14, 133, 260, 343, 380, 468, 474, 476–481, 483, 484, 487, 488, 491, 493, 495, 496
<i>(1997 жылдан – Қазақстанның астанасы, 1998 жылдан – Астана қ.)</i>	
Ақтау қаласы (Маңғыстау обл.)	468
Ақтоғай кенті (Семей обл., Аягөз ауд.).....	454, 467
<i>(1997 жылдан – Шығыс Қазақстан обл., Аягөз ауд.)</i>	
Ақтөбе қаласы (Ақтөбе обл.).....	75
Ақ үй, АҚШ Президентінің резиденциясы (АҚШ, Вашингтон қ.).....	520
Алатау тау жүйесі	545, 608
Алаш қаласы	292, 545, 608
Алтай өңірі	484
Алтай тау жүйесі.....	535

Арабия теңізі.....	467
Арал теңізі	27, 33, 129, 272
Астана қаласы (Қазақстан астанасы).....	534, 535, 540, 542, 544–547, 554, 579, 580, 583, 591, 599, 600, 610
Астрахан хандығы (1459–1556 жж.).....	290
Атланта қаласы (АҚШ).....	272
Атырау қаласы (Атырау обл.).....	498, 608
Ауғанстан	140, 229, 278, 319, 428, 493, 512
Африка құрлығы.....	363
Ашғабад қаласы (Түрікменстан астанасы).....	137
Әзірбайжан.....	511, 526
Әулие Вознесенский кафедралы соборы (Алматы қ.).....	65
Әулиеата қаласы.....	495
<i>(1938 жылдан – Жамбыл қ., 1997 жылдан – Тараз қ., Жамбыл обл.)</i>	
Байтақ ортағасырлық қаласы (Ақтөбе обл.).....	545
Баку қаласы (Әзірбайжан астанасы).....	302
Баласағұн ортағасырлық қаласы (Қырғызстан).....	545
Балқаш көлі	579
Балқаш қаласы (Қарағанды обл.).....	498
Балтық маңы өңірі	51
Батыс Еуропа өңірі	25, 376, 385, 452
Батыс Қазақстан өңірі	512
Батыс Қытай өңірі	512
Батыс Сібір өңірі	288, 479, 493
Бейжің қаласы (Қытай астанасы).....	50, 293
Беларусь.....	11, 55, 64, 74, 98, 114, 134, 211, 530
Бельгия.....	605

Болгария.....	51
Босния мен Герцеговина.....	281, 374
Бразилия.....	413
Бурабай қаласы (Ақмола обл.).....	468
Бұланты өзені.....	291
Варшава қаласы (Польша астанасы).....	295
Ватикан.....	66
Вашингтон қаласы (АҚШ астанасы).....	520
Венгрия.....	51, 301, 396
Вильнюс қаласы (Литва астанасы).....	302
Германия (ГФР).....	26, 51, 162, 230, 267, 347, 363, 364, 506
Германия империясы (1871–1933 жж.).....	97, 98
Грекия.....	363
Грузия.....	170, 512
Давос қаласы (Швейцария астанасы).....	509
Днестр маңы өңірі.....	319, 375
Достық теміржол бекеті (Талдықорған обл., Алакөл ауд.).....	380, 454, 467
<i>(1997 жылдан – Алматы обл., Алакөл ауд.)</i>	
ЕАО.....	11, 26, 32, 53–56, 114, 211, 311
<i>(Еуразиялық Одақ)</i>	
Еділ бойы өңірі.....	498
ЕО.....	31, 51, 140, 141, 230, 311, 376, 526, 527
<i>(Еуроналық Одақ)</i>	
Ертіс өзені.....	468, 579
Есіл маңы өңірі.....	508
Еуразия материгі.....	210, 406

Еуропа құрлығы	282
Жайық өзені	290, 579
Жамбыл қаласы	71, 133
Жанкент ортағасырлық қаласы (Қызылорда обл.).....	545
Жапония.....	26, 146, 231, 381, 433, 438, 452, 603
Жер планетасы	32
Жерорта теңізі	287, 289, 467, 511, 512, 535
Жетісу өңірі	164, 289
Жоңғар хандығы (1635–1755 жж.).....	290–292
Израиль	51, 364
Индонезия.....	231, 321, 381, 413, 438
Иран	51, 140, 231, 512
Италия	97, 605
Камбоджа.....	428
Канада	404
Каспий қайраңы.....	464, 467, 595
Каспий өңірі.....	116, 509, 510
Каспий теңізі.....	142, 380, 579, 598
Киев қаласы (Украина астанасы).....	144, 302
Корея (Оңтүстік Корея).....	51, 231, 306, 381, 413, 433, 438
Көкшетау қаласы (Көкшетау обл.)	133, 545
(1997 жылдан – Солтүстік Қазақстан обл., 1999 жылдан – Ақмола обл.)	
Көкшетау облысы	134
(1997 жылы таратылып, Солтүстік Қазақстан обл. құрамына қосылды, 1999 жылдан біраз аумағы Ақмола обл. құрамына кірді)	

КСРО.....	10, 54, 78, 108, 114, 115, 118, 119, 121, 122, 124, 144, 192, 206, 209, 213, 219, 250, 281, 299, 303, 304, 309, 319, 345, 347, 348, 369, 396, 409, 458
<i>(Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, 1922–1991 жж.)</i>	
Қазақ АКСР	495
<i>(Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы, 1925–1936 жж.)</i>	
Қазақ КСР	78, 184
<i>(Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы, 1936–1941 жж.)</i>	
Қазақ хандығы (1465–1847 жж.).....	289, 290
Қазан қаласы (Ресей).....	295
Қара теңіз	380, 511
Қарағанды қаласы (Қарағанды обл.).....	380, 498, 603
Қарағанды облысы.....	498
Қарашығанақ, мұнай-газ кен орны (Батыс Қазақстан обл.).....	464, 467
Қиыр Шығыс өңірі.....	542
Қозыбасы ортағасырлық қаласы (Жамбыл обл.).....	545
Қоқан қаласы (Өзбекстан).....	293
Қоқан хандығы (1709–1876 жж.)	169
Қостанай қаласы (Қостанай обл.).....	498, 579, 603
Қызылорда қаласы (Қызылорда обл.).....	495
Қызылорда облысы.....	498
Қырғызстан	10, 47, 50, 56, 103, 114, 117, 134, 179, 211, 212, 228, 229, 426, 497, 526, 598
Қытай (ҚХР).....	10, 47, 50, 70, 103, 104, 117, 181, 209, 211, 212, 231, 288, 292, 293, 306, 309, 379, 381, 407, 413, 418, 422, 423, 452, 464, 468, 503, 512, 532, 535, 547, 598, 603, 605
Латын Америкасы өңірі.....	32

Ленинград қаласы	144, 169, 170, 176, 177
<i>(1991 жылдан – Санкт-Петербург қ., Ресей)</i>	
Лиссабон қаласы (Португалия астанасы).....	280
Лондон қаласы (Ұлыбритания астанасы).....	475
Малайзия	152, 231, 381, 413, 446
Маңғыстау облысы.....	498
Мәскеу қаласы (Ресей астанасы).....	295, 302, 358, 389, 390, 495, 522
Мекке қаласы (Сауд Арабиясы).....	66
Мексика	306, 351
Минск қаласы (Беларусь астанасы)	281, 530
Моғолстан (1346–1514 жж.).....	281
Молдова.....	526
Монғол империясы (1206–1368 жж.).....	288, 289
Монғолия	479, 493
Мысыр.....	288
Нью-Йорк қаласы (АҚШ).....	24
ОАО.....	152, 426
<i>(Орталықазиялық Одақ)</i>	
Омбы қаласы (Ресей).....	295, 494
Оңтүстік-Шығыс Азия өңірі	25, 32, 351, 379, 549
Орал қаласы (Батыс Қазақстан обл.).....	295, 349, 498
Ордабасы төбесі (Оңтүстік Қазақстан обл.)	275, 291, 607
Орта Азия өңірі.....	290
Орталық Азия өңірі.....	9, 26, 47, 50, 56, 64, 70, 71, 74, 114, 117, 211, 227–229, 285, 290–292, 294, 309, 311, 370, 378, 407, 414, 415, 423, 464, 479, 484, 492, 493, 497, 509, 547, 551, 555, 598
Орталық Қазақстан өңірі	348
Орта Шығыс өңірі	231, 407, 423

Орынбор қаласы (Ресей)	295, 296, 495, 545
Оттоман (Осман) империясы (1299–1923 жж.)	396
Өзбекстан	47, 50, 56, 64, 71, 179, 228, 229, 426, 497, 526, 598, 602, 603
Өскемен қаласы (Шығыс Қазақстан обл.)	133, 603
Павлодар қаласы (Павлодар обл.)	133, 367, 498
Палаццо сарайы (Италия, Рим қ.)	605
Париж қаласы (Франция астанасы)	29, 58
Парсы шығанағы	467, 512
Пәкстан	51, 140, 512, 555
Перу	428
Петропавл қаласы (Солтүстік Қазақстан обл.)	133
Польша	51, 363, 506
Португалия	280
Приморье өңірі	498
Ресей	9–11, 47, 49, 55, 59, 64, 70, 74, 96, 98, 103, 107, 111, 114–117, 119, 120, 134, 143, 153, 162, 167, 173, 182, 209, 211, 212, 228, 229, 290, 292, 293, 294–297, 299–301, 309, 348, 350, 353, 366, 370, 379, 407, 413, 418, 422, 423, 427, 433, 452, 464, 498, 503, 511, 512, 522, 547, 549, 554, 560, 585, 596, 598, 603,
Ресей империясы (1721–1917 жж.)	292, 294
РКФСР	183
<i>(Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы, 1917–1991 жж.)</i>	
Руанда	428
Сайрам ортағасырлық қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.)	545
Санкт-Петербург қаласы (Ресей)	295
Сарайшық ортағасырлық қаласы (Батыс Қазақстан обл.)	545

Сарыарқа өңірі	486, 543, 545, 608
Сауд Арабиясы	231
Сауран ортағасырлық қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	545
Саха (Якутия) Республикасы (Ресей)	287
Семей қаласы	65, 133, 299, 468, 495, 603
<i>(1997 жылдан – Шығыс Қазақстан обл.)</i>	
Сен-э-Марн департаменті (Франция)	605
Сингапур	152, 231, 413, 446
Созақ ортағасырлық қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	298, 545
Солтүстік Америка материгі.....	25
Солтүстік Ирландия.....	428
Сұяб ортағасырлық қаласы (Қырғызстан).....	545
Сырдария өзені	290
Сібір хандығы (1495–1598 жж.).....	290
Таиланд.....	413
Тайвань.....	413, 438
Тараз қаласы (Жамбыл обл.)	545, 579, 603, 604
Ташкент қаласы (Өзбекстан астанасы).....	64, 71
Таулы Қарабақ өңірі.....	281, 319, 374
Таяу Шығыс өңірі	32
Тәжікстан.....	10, 48, 71, 103, 117, 140, 212, 229, 375, 526,
Тбилиси қаласы (Грузия астанасы)	302
ТМД.....	9, 21, 26, 35, 53–57, 71, 74, 82, 83, 110, 111, 114, 117,
	122, 130, 140, 152, 211, 214, 227, 229, 275, 311, 364, 366, 368, 377, 389,
	392, 489, 522–525, 527, 529–533, 594, 601
<i>(Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)</i>	
Торғай өзені.....	296
Тұран.....	536
Түркия.....	51, 179, 231, 306, 512, 603, 605
Түркі қағанаты (551–603 жж.).....	287, 607

Түркістан қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.)	290, 291, 296, 604
Түркістан ортағасырлық қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.)	545
Түрікменстан	137, 511
Украина	64, 98, 120, 134, 512
Ұлытау тау сілемі	542, 545
Франция	47, 51, 70, 146, 211, 230, 267, 605
Халхин-Гол өзені	169
Хиуа қаласы (Өзбекстан)	293
Чехословакия (1918–1990 жж.)	301
Чили	438
Шанхай қаласы (Қытай)	10, 103, 117, 212
Швейцария	365, 509
Шешенстан Республикасы (Ресей)	58, 319, 375
Шығыс Еуропа өңірі	51
Шымкент қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.)	495
Элада	542
Югославия (1918–1990 жж.)	25, 428

Есімдер

КӨРСЕТКІШІ

Абай (Құнанбаев А.).....	32, 61–63, 160, 162, 275, 322, 388, 389
Абылай хан	169, 293, 306, 486, 543, 610
Ақаев А. А.	71, 497
Ақтамберді	165
Алаша хан	604
Александров А. П.	144
Алексий П.....	66
Алтайский К. Н.....	172
Аманжолов Қ.	171
Аммосов М. К.	499
Аннан К.....	480
Асан Қайғы	165, 169
Асфендияров С. Д.	298
Әбдіқадыров Қ.....	171
Әбілқайыр хан	291, 543
Әзірбаев К.	166, 171
Әйтеке би	291, 607
Әл-Фараби Әбу Насыр.....	537
Әлімбаев Д.....	166
Әміре.....	165

Әуезов М. О.....	11, 171, 174, 353, 388–390, 392
Бажан М. П.	171
Байсейітова Қ. Ж.....	171
Байтұрсынов А.....	295, 298, 349
Баласағұн Ж.....	537
Бальзак.....	392
Бардин И. П.	144
Бату хан.....	543
Бекежанов Н.....	166
Бекет ата.....	604
Блок М.....	303
Боуви К.	471
Бөгенбай батыр.....	290
Бөкейханов Ә. Н.....	295, 306, 349, 350, 353, 498
Брежнев Л. И.	118
Бутрос-Гали Б.....	58
Бухарин Н. И.	347
Бұқар жырау.....	165
Бұрындық хан.....	289
Быховский Б. Е.	144
Ван дер Стул М.	365
Вергилий.....	393
Виноградов А. П.	144
Вишневский В. В.	176
Гейне Г.....	393
Геродот.....	496, 542

Гете И. В.	392
Годфрей Р.	469
Гомер	176, 392
Гумилев Л. Н.	13, 600
Гұлам Ғ.	171
Даннинг Г.	401
Датов С.	293
Досмұхамедов Ж.	295
Досмұхамедов Х.	295
Доспамбет	165
Достоевский Ф. М.	276
Дулат	162, 165
Дулати М. Х.	537, 602
Дулатов М.	295, 298, 349
Едіге хан	543
Ельцин Б. Н.	366
Ерғалиев Х.	590
Есет батыр	290
Жамбыл (Жабаев Ж.)	11, 160–179, 275, 322, 388
Жандосов О. А.	298, 353
Жансүгіров І.	261, 298
Жароков Т.	171
Жәнібек батыр	290
Жәнібек хан	289
Жәутіков О. А.	269

Жошы хан.....	543, 604
Жұбанов А. Қ.....	269, 590
Жұмабаев М. Б.	261, 292, 298
Затаевич А. В.	589
Иманов А. Ү.	296
Искандер Ф. А.....	261
Камю А.	67
Кант И.....	345
Каримов И. А.	71, 497
Кәрібаев Ү.	166
Келдыш М. В.....	144
Кенесары хан (Қасымов К.).....	293, 294, 296, 306
Кеннеди Дж.	419
Керей хан.....	289
Керімбеков С.....	166
Косыгин А. Н.....	118
Крузо Робинзон.....	263
Кузнецов П. В.	171, 172
Көшім хан.....	543
Қабанбай батыр.....	290
Қазтуған.....	165
Қазыбек би.....	291, 607
Қаратаев Б.....	295
Қасым хан.....	171, 290
Қашғари М.....	537

Қожанов С.....	261, 298
Қожантай	165
Қорқыт.....	169, 604
Қуандық.....	165
Қуанышбаев Қ.....	171
Құлмамбет	163–165
Құрманғазы (Сағырбаев Қ.).....	11, 162, 388, 588, 589, 604
Лейбниц Г. В.	308
Ленин В. И.....	177, 361
Ломоносов М. В.....	153
Лукашенко А. Г.	530
Майлин Б. Ж.....	261, 298
Майор Ф.....	32, 33, 60, 389
Малайсары батыр	290
Мамардашвили М. К.....	514
Масанчи М.	133
Махамбет.....	162, 165, 293
Маяковский В. В.....	355
Медведев Р.	348
Мещанинов И. И.	144
Милль Дж. С.....	131
Мирзоян Л. И.....	133, 499
Молда Т. (Әбдірахманов Б.).....	171
Мұқанов С. М.	171
Мұрат	162, 165
Мүсірепов Ғ. М.....	171

Науаи Ә.....	537
Наурызбай батыр.....	290
Неру Дж.....	37
Никольская А. Б.....	498
Нүрпейісова Д.	171, 589
Нұх.....	542
Нысанбай.....	165
Обручев В. А.	144
Овчинников Ю. А.	144
Оғұз хан.....	542
Орда-Ежен хан.....	543
Орманов Ғали.....	171
Орыс хан.....	542
Өтеген батыр.....	164, 169
Өтемісов М.....	293
Пейн Т.	185
Прокофьев А. А.....	169
Розыбақиев А. А.	499
Руставели Ш.	170
Рысқұлбеков Қ.	302
Рысқұлов Т. Р.....	261, 298
Саңырақ батыр.....	290
Сарбас.....	165
Саурық батыр.....	169

Сәтбаев Қ. И.	353
Сейфуллин С.	261, 298, 353
Сельвинский И. Л.	172
Сенека	413
Сервантес М.	450
Серкебаев Е. Б.	63
Смит А.	157, 441
Снегин Д. Ф.	172
Сұраншы батыр	164, 169
Сүйінбай	162, 164, 165
Сүлеймен	457
Сыпыра жырау	165
Тайбұға хан	543
Тайлақ батыр	290
Тайманов И.	293
Тарловский М.	166
Тәжібаев Ә.	171
Тәуке хан	290, 486, 543
Тоғыззақов Қ.	171
Толстой А. Н.	171
Толстой Л. Н.	392
Төле би	291, 427, 607
Турен А.	42
Тынышпаев М. Т.	295, 298
Тычина П. Г.	171
Тіленшіұлы Ж.	293

Үмбетей	165
Фирдоуси Ә.	392, 413
Франклин Б.	462
Хайдер Ч.	520
Хакімжанова М.	171
Холмз О.	420
Хрущев Н. С.	118, 348
Цзян Цзэминь	231
Шайбани хан	543
Шал	165
Шалкиіз	165
Шәкәрім (Құдайбердиев Ш.)	298, 388
Шекспир У.	392, 401
Шоқай М.	295, 498
Шоқан	162, 388
Шортанбай	162, 165
Шыңғысхан	288, 289, 291
Эрхард Л.	434
Яссауи Қ. А.	537, 602, 604

Мекемелер мен ұйымдар

КӨРСЕТКІШІ

Азаматтық авиация академиясы.....	75
Азия даму банкі.....	247, 311, 423, 465
«Ақиқат».....	135
Ақтөбе азаматтық авиация жоғары ұшқыштар училищесі	75
«Алаш».....	182, 296, 349, 390, 494, 543
АӨСПК.....	47, 142, 152, 283
<i>(Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі)</i>	
АСЕАН.....	51, 140, 231
<i>(Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы)</i>	
Ауғанстандағы соғыс жауынгер-ардагерлері республикалық бірлестігі.....	278
«Байқоңыр» ғарыш айлағы.....	116, 598
БОАК.....	495
<i>(Бүкілресейлік орталық атқару комитеті)</i>	
БҰҰ.....	11, 24–26, 28–30, 41, 48, 58, 69–71, 141, 210, 284, 423, 480, 530
<i>(Біріккен Ұлттар Ұйымы)</i>	
БҰҰ Бас Ассамблеясы.....	24, 30
БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі.....	24
БҰҰДБ (БҰҰ Даму бағдарламасы)	48

Валюта одағы.....	228
«Вехи».....	516
Германия империясының Рейхстагы.....	97, 98
Гумилев Л. Н. атындағы Еуразия ұлттық университеті	13, 600
ДДСҰ	48
<i>(Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы)</i>	
Дүниежүзілік банк.....	423
ЕҚДБ (Еуропа қайта құру және даму банкі)	423, 466
ЕҚЫҰ	135, 280–283, 285, 365, 366
<i>(Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы)</i>	
ЕҚЫҰ Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросы	285
ЕҚЫҰ Орталық Азиядағы байланыстар жөніндегі бюросы	285
ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясы	285
ЕҚЫҰ Хатшылығы	285
«Жастар Қазақстанның болашағы үшін».....	584
Жәутіков О. атындағы Республикалық физика-математикалық мектеп-интернат	269
Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола каласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссия.....	544
Жұбанов А. Қ. атындағы Республикалық музыкалық мектеп-интернат	269
ИКҰ.....	141, 212, 232, 311
<i>(Ислам конференциясы ұйымы)</i>	
Ислам даму банкі	423

Ислам мәдени орталығы	65
Кеден одағы	56, 114, 311, 524
Кеңес Одағының Маршалы И. С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпыәскери командалық училищесі	75
КҚК.....	380, 467
<i>(Каспий құбыр тарту консорциумы)</i>	
КСРО Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасы	113
КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті	113
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі.....	78
Қазақстан Демократиялық партиясы.....	584
Қазақстан Жазушылар одағы.....	391
Қазақстан Жастар одағы.....	278
Қазақстан Жастар ұйымдарының республикалық кеңесі	278
Қазақстан К (б) П ОК.....	120
<i>(Қазақстан Коммунистік большевиктер партиясының Орталық Комитеті)</i>	
Қазақстан Коммунистік партиясы.....	390
Қазақстан Компартиясының ОК.....	390
Қазақстан Халық бірлігі партиясы	584
Қазақстан халықтары Ассамблеясы	57, 132, 135, 575, 594
Қазақ тілі мен әдебиетін дендей оқытатын республикалық мектеп-интернат	269
ҚР Ауыл шаруашылығын қолдаудың мемлекеттік қоры	84
ҚР Әділет министрлігі.....	336, 341, 342, 576, 577
ҚР Әділет біліктілік комиссиясы	92, 331
ҚР Әскери-әуе күштері.....	72, 426
ҚР Әскери-теңіз күштері.....	276, 307, 426

ҚР Әуе шабуылынан қорғану әскерлері.....	72
ҚР Бас прокуратурасы	87
ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі.....	135
ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы.....	150, 152, 153
ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты	602
ҚР Жоғарғы Кеңесі.....	44, 78, 185, 187, 196, 243, 481
ҚР Жоғарғы соты.....	100, 331, 341
ҚР Жоғары сот кеңесі.....	99, 200, 331, 576
ҚР Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	442, 594
ҚР Конституциялық кеңесі.....	8, 100, 200, 201
ҚР Конституциялық соты.....	79, 100, 185, 200
ҚР Қарулы Күштері	68, 71–73, 75, 76, 271, 307, 415, 426, 427, 489, 593
ҚР Қарулы Күштерінің Кадет корпусы.....	271
ҚР, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының мемлекетаралық кеңесі	56
ҚР Мемлекеттік азық-түлік өзара шарт комиссиясы	84
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі.....	569
ҚР Мемлекеттік тергеу комитеті.....	82, 200
ҚР Орталық сайлау комиссиясы.....	573
ҚР Парламенті.....	8, 14, 15, 46, 77, 78, 80, 81, 91–101, 107, 131, 194–197, 208, 240, 253, 285, 334, 338, 339, 341, 374, 390, 472, 474, 482, 485, 544, 566, 571, 573–575, 580–583, 593, 597
ҚР Парламентінің Мәжілісі.....	8, 15, 46, 99, 571, 573–575
ҚР Парламентінің Сенаты	8, 15, 46, 100, 574
ҚР Президентінің Әкімшілігі.....	87, 268, 368
ҚР Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңес	157

ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты	268, 382
ҚР Президентінің жанындағы Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат проблемалары жөніндегі кеңес.....	577
ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық мемлекеттік басқару жоғары мектебі.....	382
ҚР Президентінің жанындағы Шетел инвесторларының кеңесі.....	548
ҚР Президентінің Іс басқармасы.....	481
ҚР Республикалық ұланы	307
ҚР Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі	375
ҚР Ұлттық банкі.....	81, 86, 194, 236, 559, 560
ҚР Ұлттық ғылым академиясы	11, 143, 145, 159, 389, 603
ҚР Үкіметі	8, 13–15, 81, 85–92, 94, 96, 98–100, 111, 127, 131, 150, 151, 154, 178, 195–197, 200, 208, 218, 221, 240, 242, 248, 253, 268, 341, 360, 368, 385, 398, 404, 416, 426, 432, 437, 444, 456–459, 464, 465, 469, 472, 481, 482, 485, 549, 559, 560, 561, 563–566, 568–570, 574, 576, 577, 596
ҚР Ішкі істер министрлігі	121
ҚР Экономикалық саясат жөніндегі кеңесі.....	559, 596
ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі.....	560
Ломоносов М. В. атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті	153
«Мысль».....	135
НАТО.....	71, 311
<i>(Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы)</i>	
Орталық Азия ынтымақтастық банкі	56

Орыс православиелік шіркеуінің Алматы және Семей епархиясы	65
«Отан»	135
«Отан тарихы – Отечественная история»	603
Ресей империясының Мемлекеттік думасы	96–98, 182
Ресей Конституциялық-демократиялық партиясы	350
Ресей Федерациясының Мемлекеттік думасы	108
<i>(Ресей Федерациясы Федералды жиналысының Мемлекеттік думасы)</i>	
Табиғи тарихтың ұлттық мұражайы (АҚШ, Вашингтон қ.)	520
ТМД Атқару комитеті	530
ТМД Атқарушы хатшылығы	529
ТМД Мемлекет басшыларының кеңесі	522, 523, 529
ТМД Мемлекетаралық экономикалық комитеті	529, 530
ТМД мемлекеттерінің Сыртқы істер министрлерінің кеңесі	529
ТМД мемлекеттерінің Үкімет басшыларының кеңесі	529
ТМД Экономикалық одағы	55, 523, 524
ТМД Экономикалық одағының Мемлекетаралық экономикалық комитеті	55
Төлем одағы	55, 524
Түркісіб	495
Ұлттық жаңғыру мектебі	367
Ұлттар лигасы	24
ХВҚ	423
<i>(Халықаралық валюта қоры)</i>	

«Шанхай бестігі».....	10
ЭӨКК (СЭВ).....	51
<i>(Экономикалық өзара көмек кеңесі)</i>	
ЭСКАТО	48, 141
<i>(БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы)</i>	
ЭҰҰ.....	137-142
<i>(Экономикалық ынтымақтастық ұйымы)</i>	
ЮНЕП	48
<i>(БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы)</i>	
ЮНЕСКО.....	11, 29, 30, 32-34, 36, 37, 48, 60, 62, 275, 389
<i>(БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы)</i>	

МАЗМҰНЫ

III ТОМ (1995–1998)

Реформалар жолымен.....	7
Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын ресми таныстыру салтанатты рәсiмiнде сөйлеген сөзi	17
<i>(Алматы қаласы, 1995 жылғы 6 қыркүйек)</i>	
БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші мерейтойлық сессиясында сөйлеген сөзi	24
<i>(АҚШ, Нью-Йорк қаласы, 1995 жылғы 22 қазан)</i>	
ЮНЕСКО-ның 50 жылдығына арналған Бас конференциясының XXVIII сессиясында сөйлеген сөзi	29
<i>(Франция Республикасы, Париж қаласы, 1995 жылғы 15 қараша)</i>	
Қазақстан Республикасының Тәуелсiздiгi күнiне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзi	38
<i>(Алматы қаласы, 1995 жылғы 16 желтоқсан)</i>	
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерi басшылық құрамының алдында сөйлеген сөзi	68
<i>(Алматы қаласы, 1995 жылғы 21 желтоқсан)</i>	
Қазақстан Республикасы Парламентi бiрiншi шақырылымы I сессиясының ашылуында сөйлеген сөзi	77
<i>(Алматы қаласы, 1996 жылғы 30 қаңтар)</i>	
Ресей, Қытай, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжiкстан арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенiмдi нығайту туралы келiсiмге қол қойылуына байланысты мәлiмдеме	103
<i>(Қытай Халық Республикасы, Шанхай қаласы, 1996 жылғы 26 сәуiр)</i>	

- Қазақстан халықтары Ассамблеясының III сессиясында
«Қоғамдық келісім – Қазақстанның демократиялық
дамуының негізі» тақырыбында сөйлеген сөзі106
(Алматы қаласы, 1996 жылғы 29 сәуір)
- Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше
мемлекеттер басшыларының IV кездесуінде
сөйлеген сөзі137
*(Түрікменстан, Ашгабад қаласы,
1996 жылғы 14 мамыр)*
- Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының 50 жылдығына арналған мерейтойлық
сессиясында «Ғылым және қоғамдық даму»
тақырыбында сөйлеген сөзі143
(Алматы қаласы, 1996 жылғы 7 маусым)
- Жамбыл Жабаеттың 150 жылдығына арналған
салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі160
(Алматы қаласы, 1996 жылғы 23 тамыз)
- Қазақстан Республикасы Конституциясының
1 жылдығына арналған салтанатты жиналыста
сөйлеген сөзі180
(Алматы қаласы, 1996 жылғы 29 тамыз)
- Қазақстан халқына Жолдауы205
(Алматы қаласы, 1996 жылғы 7 қазан)
- Қазақстанның жастарымен кездесуінде
сөйлеген сөзі260
(Ақмола қаласы, 1996 жылғы 10 қазан)
- ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің мемлекет және үкімет
басшыларының кездесуінде сөйлеген сөзі280
*(Португалия Республикасы, Лиссабон қаласы, 1996
жылғы 2 желтоқсан)*
- Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 5 жылдығына
арналған салтанатты жиналыста «Қазақстанның
тәуелсіздігі: тарих тағылымдары және қазіргі заман»
атты сөйлеген сөзі286
(Алматы қаласы, 1996 жылғы 16 желтоқсан)

- Қазақстан Республикасы судьяларының I съезінде
сөйлеген сөзі329
(Алматы қаласы, 1996 жылғы 19 желтоқсан)
- Қазақстан халықтары Ассамблеясының IV сессиясында
«Қазақстан халқының азаматтық таңдауы – тарихи
зерде, ұлттық татулық және демократиялық
реформалар» тақырыбында сөйлеген сөзі.....343
(Ақмола қаласы, 1997 жылғы 6 маусым)
- М. О. Әуезовтің 100 жылдығына арналған салтанатты
жиналыста сөйлеген сөзі388
(Алматы қаласы, 1997 жылғы 27 қыркүйек)
- «Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-
өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы»
атты Қазақстан халқына Жолдауы393
(Алматы қаласы, 1997 жылғы 10 қазан)
- Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары бірінші
шақырылымының бірлескен отырысында «Ақмола
қаласын Қазақстан Республикасының
астанасы етіп жариялау туралы» Қазақстан
Республикасы Президентінің Жарлығына
байланысты сөйлеген сөзі474
(Алматы қаласы, 1997 жылғы 20 қазан)
- Қазақстан халқына үндеуі483
(Ақмола қаласы, 1997 жылғы 10 желтоқсан)
- Тәуелсіздік күніне және Ақмола қаласын Қазақстан
Республикасының астанасы етіп жариялауға арналған
салтанатты жиналыста «Тоталитарлықтан – саяси
тұрақты және демократиялық Қазақстанға» атты
сөйлеген сөзі487
(Ақмола қаласы, 1997 жылғы 13 желтоқсан)
- Дүниежүзілік экономикалық форумның Каспий
өңірінің көмірсутек шикізатын өндіру және тасымалдау
мәселелері бойынша арнайы сессиясында
сөйлеген сөзі509
*(Швейцария Конфедерациясы, Давос қаласы,
1998 жылғы 30 қаңтар)*

- Халық бірлігі және ұлттық тарихы жылының өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның кеңейтілген отырысында «Зиялы қауымның адамгершілік және саяси таңдауы» атты сөйлеген сөзі513
(Алматы қаласы, 1998 жылғы 17 наурыз)
- ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысында «Қарапайым адамдарға қарай қарапайым он қадам» бағдарламасы туралы сөйлеген сөзі522
(Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, 1998 жылғы 29 сәуір)
- Түркі тілдес мемлекеттердің V саммитінде сөйлеген сөзі534
(Астана қаласы, 1998 жылғы 9 маусым)
- Қазақстанның жаңа елордасы – Астана қаласының тұсаукесер рәсімі салтанатында «Жаңа астана – жаңа мемлекет – жаңа қоғам» атты сөйлеген сөзі540
(Астана қаласы, 1998 жылғы 10 маусым)
- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің I отырысында сөйлеген сөзі548
(Алматы қаласы, 1998 жылғы 25 қыркүйек)
- «Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа» атты Қазақстан халқына Жолдауы554
(Астана қаласы, 1998 жылғы 30 қыркүйек)
- Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары бірінші шақырылымының бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасы туралы сөйлеген сөзі580
(Астана қаласы, 1998 жылғы 7 қазан)
- Алда болатын президенттік сайлауға қатысуға шешім қабылдауы туралы мәлімдемесі583
(Астана қаласы, 1998 жылғы 22 қазан)

Құрманғазы Сағырбаевтың 175 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі	588
<i>(Алматы қаласы, 1998 жылғы 27 қараша)</i>	
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста «Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан!» атты сөйлеген сөзі	591
<i>(Астана қаласы, 1998 жылғы 15 желтоқсан)</i>	
Қабылданған қысқартулар тізбесі.....	613
Географиялық атаулар көрсеткіші	615
Есімдер көрсеткіші	624
Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші.....	632

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР

ІІІ ТОМ

1995–1998

Жобаның жетекшісі –
саяси ғылымдардың докторы, профессор
М. Б. Қасымбеков

Арнаулы редактор –
филология ғылымдарының докторы, профессор
С. Абдрахманов

ISBN 978-601-277-189-3



«Сарыарқа» баспасында беттеліп, басылды.

Бас директор – Әлиев Қ. Ә.

Тех. редактор – Бектыбаева Г. Т.

Редактор, корректор – Раушанова Ф. Қ.

Беттеуші – Степанец Н. П.

Басуға 17.10.2014 ж. қол қойылды. Қалыбы 60x84 $\frac{1}{16}$. Есептік баспа табағы 37,43.
Гарнитура Palatino Linotype. Таралымы – 2000 дана. Талсырыс № 43/9737.



Қазақстан Республикасы, Астана қ-сы,
Алматы а-ны, Кокарал к-сі, 2,
тел. (7172) 527462, 527411, факс: 527489
e-mail: izdat_saryarka@mail.ru